

Том 5

ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА при ЦК КПСС

В. И. ЛЕНИН

ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

ИЗДАНИЕ ПЯТОЕ

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
МОСКВА • 1972

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ОРЫСША БЕСІНШІ БАСЫЛУЫНАН АУДАРЫЛДЫ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1974

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

5 ТОМ

Май-декабрь 1901

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1974

3 К2
Л 40

Л $\frac{0112-282}{М\ 401(07)-74}$ 7—73

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалар толық жинағының бесінші томына оның 1901 жылғы май мен декабрь аралығындағы кезеңде жазған шығармалары кіреді.

Россиядағы бұл кезеңнің жағдайы патша өкіметіне, елдің экономикалық және саяси дамуын тежеп келген крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың күшеюімен сипатталады. Етек алған дүние жүзілік экономикалық дағдарыс осы қарсаңда Россияны да қамтыды. Капитализмнің шапшаң дамуы крепостниктік тәртіптің сансыз көп қалдықтарымен сыйысып кеткен Россия экономикасының ерекшеліктеріне байланысты бірқатар губернияларда астықтың шықпай қалуымен және ашаршылықпен қабат келген дағдарыстың зардабы ерекше күшті болды. Ұсақ және орташа кәсіпорындар күйзеліске ұшырап, ығыстырылып шығарылды. Өнеркәсіптің шоғырлануы күшейіп, капиталистердің монополистік бірлестіктері пайда бола бастады. Россиядағы капитализм империалистік бола бастады.

Дағдарыс халық бұқарасының революциялық пиғылының артуына және тап күресінің шиеленісе түсуіне түрткі болды. Жұмысшылардың бой көрсетулері барған сайын бұқаралық, саяси сипат ала бастады. Жұмысшылар экономикалық стачкалар мен еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту жолындағы күрестен патша өкіметіне қарсы ашық саяси күреске — саяси стачкалар,

демонстрациялар жасауға көшті. Жұмысшы қозғалысы неғұрлым жоғары сатыға көтерілді.

Жұмысшылардың революциялық күресінің ықпалымен деревняда тап күресі шиеленісе түсті. Шаруалардың толқуы, олардың помещиктерге қарсы бой көрсетулері жиілеп, барған сайын бұқаралық сипат алды. Студенттер арасындағы қозғалыс күшейді, земстволық-либералдық қозғалыс жанданды. Россияда революция пісіп жетіліп келе жатты.

Осы қарсаңда социал-демократиялық қозғалыс кең қанат жайды. Бірқатар ірі қалаларда (Петербург, Москва, Тула, Иваново-Вознесенск, Одесса, Харьков, Баку, Тифлис және т. б.) комитеттер мен топтар болды. Бірақ бұл ұйымдардың бәрі бір-бірімен байланысты болмады және бұқараның стихиялық өрлеуінен артта қалып отырды. Революциялық социал-демократиялық күштердің бәрін біріктіру, майдагерлікпен, идеялық ауытқулармен, «экономизммен» күресті өрістету қажет болды. Социал-демократияның алдына болашақтағы революцияда жұмысшы табының күресін басқара алатын пролетарлық партия құру міндеті барған сайын зор қажеттілікпен қойылды.

Жақындап келе жатқан революция жағдайында Россияда жауынгер, бір орталыққа бағындырылған маркстік жұмысшы партиясын құру, партияның ұйымдық құрылымының принциптерін, оның программасын, оның саясаты мен тактикасын талдап жасау жөнінде Ленин ұсынған идеяны онан әрі дамытуға арналған шығармалар томның негізгі мазмұнын құрайды. Бұл шығармаларда В. И. Лениннің «экономистер» мен ревизионистерге қарсы марксизмнің революциялық теориясы жолындағы күресі, оның революциялық социал-демократияны топтастыру және Россиядағы революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі қызметі бейнеленеді.

Том 1901 жылдың майында «Искраның» 4-номерінде жарияланған «Неден бастау керек?» деген мақаламен ашылады, бұл мақалада социал-демократияның аса маңызды міндеттері түсіндіріліп, жалпы россиялық маркстік партияны құрудың жоспары баяндалады. Ленин са-

модержавиелік тәртіп пен полицейлік қудалау жағдайларында партия құруды бастайтын негізгі буын жалпы россиялық маркстік құпия газет болуы керек деп есептеді. «Біздің ойымызша,— деп жазды ол,— істің басталар жері, тілегімізге сай ұйым құрудың практикалық тұңғыш қадамы, ақырында, бұл ұйымды үнемі дамыта, тереңдете, кеңейте беруімізге мүмкіндік беретін негізгі арқау — жалпы орыстық саяси газетті жолға қою болуға тиіс» (осы том, 9-бет).

Мақалада жүйелі түрде, принциптік ұстамды, жан-жақты насихат пен үгітті жолға қою және жүргізу ісінде, социал-демократияның бұқараға саяси білім, идеялық тәрбие беру және оны ұйымдастыру жөніндегі жұмысын ұйымдастыруда газеттің маңызы зор екені атап айтылады. Ленин газет тек коллективтік насихатшы және коллективтік үгітші ғана емес, сонымен бірге коллективтік ұйымдастырушы да болуға тиіс деп көрсетті. Ол газеттің социал-демократияның барлық комитеттерін идеялық және ұйымдық жағынан топтастырудың басты құралы ретінде атқаратын ролін ерекше атап көрсетті. Газетті материалдармен қамтамасыз етіп, жергілікті жерлерде тарату мақсатында газет жанынан құрылатын жергілікті агенттер жүйесі «нақ бізге керек ұйымның тұлғасы болады,— деп жазды Ленин,— ал бізге керегі: бүкіл елді қамтитындай барынша ірі ұйым; қатаң және егжей-тегжейлі еңбек бөлінісін іске асыратындай барынша кең және жан-жақты ұйым; қандай жағдайда болса да, қандай «бұрылыстар» мен қапылыстарда болса да *өзінің* жұмысын бұлтармай жүргізе алатындай барынша ұстамды ұйым; бір жағынан, күші басым дұшпан өзінің барлық күшін бір жерге жинағанда, онымен ашық майданда соғысудан бұлтара білерліктей, ал екінші жағынан, бұл дұшпанның оралымсыздығын пайдаланып, шабуыл жасалады деп күтпеген жерде, күтпеген кезде оған шабуыл жасай білерліктей барынша икемді ұйым» (12-бет).

«Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген мақалада Ленин «экономистердің» оппортунистік көзқарастарын, қозғалыстың стихиялық «материалдық» элементтері мен сапалы идеологиялық элементтерінің арасын-

дағы өзара қатынастары туралы мәселені олардың түсіне алмайтынын әшкерелейді. Ленин жұмысшы табының партиясы үшін революциялық маркстік идеологияның маңызын, алдыңғы қатарлы теориямен қаруланған және қозғалысқа басшылық ете алатын, бұқараның саяси басшысы, идеологы, көсемі ретіндегі партияның жұмысшы қозғалысындағы ролін ерекше күшпен атап көрсетеді. ««Идеолог» стихиялы қозғалысқа жол көрсетіп, соның *алдында* жүріп отыратып болса ғана, қозғалыстың «материалдық элементтері» стихиялы түрде кездесіп отыратын барлық теориялық, саяси, тактикалық және ұйымдық мәселелерін басқалардан бұрын шеше алған кезде ғана,— деп жазды Ленин,— міне, сонда ғана идеолог деген атақты ақтай алатынын» «экономистер» «түсінбейді» (395-бет).

Ленин «экономизмнің» оппортунистік мәнін терең ашып берді. Бағыт ретіндегі «экономизмнің» сипаты: принцип жағынан — марксизмнің қадірін кетіру, оппортунизмнің бір түрі болып отырған қазіргі заманғы «сынның» алдындағы дәрменсіздік; саяси жағынан — саяси үгіт пен саяси күрестің өрісін тарылтуға тырысу, жалпы демократиялық қозғалысқа басшылықты өз қолына алмайынша социал-демократияның самодержавиені құлата алмайтынын түсінбеу; тактика жағынан — мүлдем тұрақсыздық; ұйымдық жағынан — қозғалыстың жаппай сипат алуы социал-демократияның «әзірлік күресіне де, ойламаған жерден болатын кез келген дүмпуге де және, ақырында, ең соңғы шешуші шабуылға да басшылық ете алатын революционерлердің берік, бір орталыққа бағынған ұйымын құру» (397-бет) міндетін әлсіретпейтіні былай тұрсын, қайта оны күшейте түсетінін түсінбеушілік, деп көрсетті Ленин.

В. И. Лениннің томда басылып отырған РСДРП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезінде сөйлеген сөздері, ««Бірігу» съезінің документтері» деген кітапшаға алғы сөз», «С.-Петербург комитетіне жауап» деген заметка және басқалары В. И. Ленин мен революцияшыл социал-демократтардың «экономистер» көзқарастарын уағыздаушы «Орыс социал-демократтары одағына» қарсы искралық идеялар мен тактика жолындағы күресін көр-

сетеді. Бұларда Ленин «Одақ» өзінің «экономизм» мен бернштейншілдікке қылымсуынан толық бас тартып, революциялық социал-демократияның принциптері мен тактикасын мойындағанда ғана онымен бірігуге мүмкін болатынын түсіндіреді. «Шетелдік істер» деген заметкада «Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымдарының және «Социал-демократ» революциялық ұйымының «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» бірігуі туралы хабарланады.

Аграрлық мәселенің маркстік теориясын қорғауға және одан әрі талдап жасауға арналған «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген шығарма томда елеулі орын алады. Бұл шығармада Ленин орыс ревизионистері Булгаковты, Черновты және неміс ревизионистері Давидті, Герцті және басқаларын жан-жақты сынға алды; бұл ревизионистер марксизмнің революциялық іліміне «сын» айтып, маркстік теорияны ауыл шаруашылығына қолдануға болмайды деп дәлелдеуге әрекеттенді, ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясын теріске шығарды.

Ленин сәнге айналған «марксизмді сынаудың» ғылыми жағынан негізсіздігін көрсетті, реакцияшыл буржуазиялық экономистердің әбден сілікпесі шыққан дәлелдерін дәрменсіздікпен қайталап жүрген ревизионистердің теориялық көзқарастарының түпкі мәнін ашып берді. Ленин ревизионистердің егіншіліктегі ұсақ және орта шаруашылықтардың тұрақтылығы туралы жалған өтіріктерін тас-талқан етті, олардың аграрлық мәселенің мәні болып саналатын аса маңызды әлеуметтік проблемаларды аттап өтпек болған, ауыл шаруашылығының артта қалуы мен шаруалар бұқарасы қайыршылануының шын себептерін бүркемелемек болған әрекеттерін әшкереледі, ал бұл себептердің түп тамыры крепостниктік тәртіптің қалдықтарында, жерге жеке меншіктің болуында, капиталистік қатынастар системасында жатқан еді. «Буржуазияшыл апологеттің,— деп жазды ол,— кінәны «табиғат күштерінің консервативтілігіне» және «топырақ құнарлылығының кеми беру заңына» аудара салып, егіншіліктің артта қалуының қоғамдық және тарихи себептерін елеусіз қалдыруға тырысатындығы та-

биғи нәрсе. Бұл атышулы заңда апологетика мен топас ойлылықтан басқа ештеңе де жоқ» (252-бет).

Россия, Германия, Дания ауыл шаруашылығының экономикалық мәліметтерін терең маркстік талдаудың негізінде Ленин капитализмнің Маркс ашқан экономикалық заңдылықтарының ауыл шаруашылығында да әрекет ететінін көз жеткізе дәлелдеді. Ауыл шаруашылығында да өзіне тән барлық қайшылықтарымен қоса капиталистік даму процесі жүріп жатады. Өндірістің шоғырлануы, шаруалардың жіктелуі, орта шаруалар шаруашылығының ығыстырылып шығарылуы мен күйзеліске ұшырауы, азғана байлар санының өсуі, село халқы көпшілігінің пролетарлануы, деревняда тап күресінің шиеленісуі күшейіп отыр. «...Егіншіліктегі *барлық* халықтың статистикасы,— деп жазды Ленин,— пролетариатқа айналудың нақ сол екі процесін — ортодокстік марксизм әрқашан көрсетіп келген және оппортунист сыншылар олардан сондай құрғақ сөздермен жалтаруға тырысатын екі процесін — бізге толық айқып көрсетеді,— бір жағынан, шаруалардың жерсізденуінің күшейе беруін, село халқының экспроприациялануын, оның қалаға шұбыруын немесе жері бар жұмысшыдан жері жоқ жұмысшыға айналуын; — екінші жағынан, шаруалардың «қосалқы табыстарының» дамуын, яғни, пролетариатқа айналудың бірінші сатысы болып табылатын және әрқашан да мұқтаждықтың мықтап күшеюіне (жұмыс күнінің ұзаруы, ішіп-жемнің нашарлауы және басқалар) апарып соғатын — егіншілік пен өнеркәсіптің бірігуін көрсетеді» (238—239-беттер). Ленин деревнядағы барлық қайшылықтардың шиеленісуі шаруалар бұқарасы наразылығының өсуіне сөзсіз әкеп соғады, сөйтіп еңбекші шаруалар алдағы революцияда пролетариаттың сенімді одақтасы бола алады деп көрсетті.

Ленин марксизмнің аграрлық мәселе жөніндегі революциялық ілімін одан әрі дамытты. Ол ауыл шаруашылығындағы бәсеке туралы; онда екі монополияның: жерге жеке меншік монополиясы мен жердегі капиталистік шаруашылық монополиясының бар екені туралы қағиданы талдап жасады; дифференциалдық және абсо-

люттік рента туралы маркстік ілімді қалпына келтіріп, дамытты. В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде тұжырымдаған идеялары мен қағидаларын дамытқан «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген шығарма оның өзі жасаған РСДРП аграрлық программасының және партияның шаруаларға көзқарас жөніндегі тактикасының негізі болды.

Томға енгізілген «Анархизм және социализм» деген тезистерінде Ленин анархизмнің әлеуметтік мәні мен саяси мазмұнын ашып береді. Ол жұмысшы табының мүдделерін білдіруші ролін атқаруға дәмеленіп отырған анархизмнің іс жүзінде «өмірден соққы көрген интеллигенттің немесе жалаң аяқтың» психологиясын білдіретін ұсақ буржуазиялық ағым, «өңі айналдырылған буржуазиялық *индивидуализм»* екенін көрсетеді. Анархизмнің дүниені тануы қапаудың себептерін, қоғамның дамуындағы ірі өндірістің ролін және социализмнің капитализмді сөзсіз алмастыратынын түсінбеушілікке; пролетариаттың тап күресін, мемлекеттің ролін түсінбеушілікке негізделеді. Анархизм ұсақ меншікшілерді, жердегі ұсақ шаруашылықты қорғау позициясын ұстайды, жұмысшыларды ұйымдастыру мен тәрбиелеудің қажеттігін теріске шығарады және «саясатты моййындамағансып, жұмысшы табын *буржуазиялық* саясатқа бағындыруға» бастайды.

«Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақалада Ленин маркстік партияның либерал буржуазия жөніндегі тактикасын жасайды. Финанс министрі Виттенің құпия «Жазбасының» материалдары мен оған Р. Н. С. (Струве) жазған алғы сөз негізінде Ленин патша үкіметі земствоны 60-жылдардағы революциялық қозғалысқа жеңілдік жасау деп қарап, оның ролін шектеуге тырысып отырғанын көрсетеді. Мақалада либералдардың нақты өмір шындығымен санаспай және земствоның мәнін түсінбей, оны конституциялық өзін өзі басқарудың ұрығы деп қараған алдамшы үміттері әшкереленеді. Ленин либерализмнің саяси мәнін, орыс либералдарының жалған революцияшылдығын, олардың тіпті болмашы демократиялық талаптардың

өзін қорғағысы келмейтінін және қорғауға қабілетсіздігін ашып көрсетті. Ленин орыс либерализмінің барлық ынтасы бұқараның революциялық пиғылдарын патша өкіметін революциямен қорқытуға пайдаланып, одан буржуазия мен буржуазияланған помещиктерге тиімді болмашы реформаларды жұлып алуға келіп саятынын көрсетеді. Ленин былай деп санады: социал-демократия самодержавиеге қарсы бағытталған қозғалыс атаулыны қолдай отырып, орыс либерализмінің алдамшы үмітін, оның «даурықпа сөзуарлығы мен масқара дәрменсіздіктен шыққан саясатын» әшкерелеуге тиіс, революциялық қозғалыс үшін либерализмнің алдамшы үміттерінің зияндылығын түсіндіруге тиіс.

««Свобода» журналы туралы» деген заметкада Ленин журналды шығарушы «Свобода» тобының оппортунистік позициясын әшкерелейді. Ленин журналдың социалистік идеяларды бұрмалап, тұрпайыландырып отырғанын сынайды. Ол жұмысшылар үшін шын мәнінде қалай ұғымды әрі түсінікті етіп жазу керек екенін, олардың марксизмнің терең теориялық ілімінің күрделі қорытындылары мен қағидаларын қоғам өмірінен алынған ең қарапайым мысалдар арқылы түсінуіне көмектесуді үйретеді.

Томға енгізілген бірқатар мақалалар Лениннің революциялық публицистикасының үлгісі болып табылады. Оларда патша өкіметінің полицейлік езгісі әшкереленіп, революциялық пиғылдың сөзсіз күшеюінің әлеуметтік-экономикалық және саяси себептері ашып көрсетіледі, Россиядағы революциялық қозғалыстың перспективасы белгіленеді. «Дағдарыстың сабақтары» деген мақалада Ленин капитализмнің дамуына байланысты капиталистік системаның барған сайын өндірістің қоғамдық сипат алуы мен жеке иемденудің болуы арасындағы негізгі қайшылықтың шиеленісуі дүркін-дүркін қайталанып отыратын, капитализмнің бүкіл системасын шайқалтатын экономикалық дағдарыстарды болғызбай қоймайтынын көрсетеді. «Орасан зор күйреудің мүмкін болуы және болмай қоймайтыны да,— деп көрсетеді Ленин,— қуатты *қоғамдық* өндіргіш күштер тек баюды көздеген қарақшы байлардың қарамағында болғандығы-

нан еді» (88-бет). Капиталистік өндіріс әдісінің ажырамас серігі болып табылатын дағдарыстар капитализмнің құрып кетуіне әкеп соғатын жаңа, бұрынғыдан да терең дағдарыстарға негіз дайындайды.

Ленин буржуазиялық апологеттер мен ревизионистердің дағдарысты капитализм үшін кездейсоқ құбылыс деп көрсетпек болған әрекеттерін әшкерелейді. Ол ревизионистер дәлелдерінің негізсіздігін ашып көрсетеді. «Осыдан екі жыл бұрын енді күйреу болмауы да ықтимал деп лепіріп жүрген социалистердің (сірә, өздерінің буржуазияшыл экономистердің ілімін талғамай ала беретініне сүйенгендіктен болса керек, өздерін «сыншылар» деп атайтындардың),— деп жазды ол,— ертеңін қаншалықты болжай алмайтынын дағдарыс көрсетіп отыр» (90-бет).

Мақалада социалистік пролетариат армиясы капитал мен жеке меншік үстемдігін құлатқанға дейін дағдарыстардың бола беретіні атап көрсетіледі. Ерекше күшті әрі қатты байқалған дағдарыстың қиратқыш әрекеттері жұмысшыларды өздерінің таптық мүдделерін сезінуге, капитализмге қарсы батыл қимыл жасау үшін тығыз топтасуға және ұйымдасуға қалай үйрететіні Россияның мысалы арқылы көрсетіледі.

«Жаңа қырғын», «Демонстрациялардың басталуы», «Бағалы мойындау» деген және басқа мақалаларда революциялық жұмысшы қозғалысының өрлеуі, жұмысшылардың экономикалық стачкалардан саяси стачкалар мен демонстрацияларға, патша самодержавиесіне қарсы ашық күреске шығуға көшуі сипатталады. Ленин жұмысшы табының саяси саналылығы мен революциялық белсенділігінің өскенін атап айтады, социал-демократияның жұмысшы қозғалысына басшылық ету, пролетариаттың гегемондығы үшін күресу, «бүкіл халықтың бостандығы жолында» күресудің қажеттігін түсіндіру міндетін атап көрсетеді.

Бірқатар мақалаларда дағдарыс пен ашаршылықтың салдарынан күйзеліске және құрып бітуге душар болған Россия шаруаларының қайыршылық жағдайы баяндалады; шаруалар бұқарасының ғасырлар бойғы көнбістік пен езгіден помещиктерге қарсы революциялық

күреске оянғаны көрсетіледі. «Заря» журналында жарияланғанда «Ішкі жағдайға шолу» деген жалпы тақырыпқа біріктірілген «Аштық», «Дағдарыс пен аштыққа көзқарас» деген мақалаларда, сондай-ақ «Ашығушылармен күрес» деген және басқа мақалаларда помещиктердің мүдделерін қорғап, аштыққа ұшыраған шаруалардың ауыр жағдайын жасыруға тырысқан және ашығушыларға жәрдемдескені үшін жекелеген ізгі ниетті адамдарды жазалаған патша үкіметінің крепостниктік саясаты әшкереленеді. Ленин патша өкіметінің шаруалар көтерілісінен қорқатынын, шаруалардың революциялық бас көтеруін оның күшпен басуға немесе түрліше айла-шарғымен болдырмай тастауға тырысатынын көрсетеді. Ол былай деп түсіндірді: ашығушыларға көмек көрсету туралы үкіметтің нұсқауы шынына келгенде «ашығушыларға қарсы соғыс» жариялау, оларға көмек көрсетушілерге қарсы соғыс жариялау; ашығушылар үшін жұмыс ұйымдастыру туралы уақытша ережелер — шаруаларды қыспаққа салып, кіріптар ететін «каторгалық ережелер» болып табылады. «Крепостниктер әрекет жасауда» деген мақалада Ленин үкіметтің Сибирьде жеке адамдарға қазына жерінен жер бөліп беру туралы заңының крепостниктік, реакциялық мәнін ашып көрсетеді; бұл заңда крепостниктердің тілегін қанағаттандыру және Сибирьде самодержавиеге сенімді тірек жасау мақсаты көзделген болатын. Бұл шығармаларда шаруалар наразылығының өскені атап айтылып, алда болатын революциядағы жұмысшылар мен шаруалардың ортақ мүдделері атап көрсетіледі; ал жұмысшылар мен шаруаларды «жұмыссыздық пен аштық қана емес, сондай-ақ жұмысшыларды бірігу, қорғану мүмкіндігінен айырып отырған, шаруаларды өздеріне ізгі ниетті қайыр-садақа берушілерден келетін жәрдемнен де айырып отырған полициялық езгі де жақындастырып отыр. Күнкөріс құралдарының бәрінен айрылған миллиондаған халыққа полицияның қанды шеңгелі жүз есе ауыр тиеді» (91-бет).

«Дайындық материалдар» бөлімінде «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Крепостниктер әрекет жасауда», «Жаңа қырғын» және басқа ма-

қалалардың жоспарлары, конспектілері, бастапқы нұсқалары және басқа дайындық материалдар (алғашқы мақалаға қатыстысы бірінші рет) басылып отыр.

«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік ұйымы уставының жобасына жасалған түзетулер мен ескертулер» (бірінші рет басылып отыр) өзінің мазмұны жағынан «Шетелдік істер» деген заметкаға жақын. Олар В. И. Лениннің Россия революциялық социал-демократиясының шетелдік ұйымдарын біріктіру жөніндегі жұмысын, оның бұл бірігудегі «Искраның» басшылық ролін қорғау жолындағы, оның қызметіндегі искралық принциптер мен тактика жолындағы күресін көрсетеді.

«Искраға» арналып жазылған «Рязановтың «Екі шындық» деген мақаласына ескертулер» (бірінші рет басылып отыр) В. И. Лениннің «Искрадағы» редакциялық жұмысын сипаттайды. Ленин автордың субъективистік көзқарастарын, оның жағдайды түсіне білмейтінін, Н. К. Михайловскийдің азаттық қозғалысындағы ролін автордың асыра бағалағанын сынға алады.

«Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбекке арналған орасан көп дайындық материалдар жеке том болады.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК? [1]

1901 ж. майда жазылған

1901 ж. майда «Искра» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ

ИСКРА

„Изъ искры возгорится пламя!“... Отвѣтъ декабристовъ Пушкину

№ 4. МАЙ 1901 ГОДА № 4.

СЪ ЧЕГО НАЧАТЬ?

САМОДЕРЖАВІЕ И ФИНАНСЫ.

В. И. Лениннің «Неден бастау керек?» деген мақаласы басылған «Искра» газетінің 4-номерінің бірінші беті.— 1901 ж.

Кішірейтілген

«Не істеу керек?» деген мәселе соңғы жылдарда орыс социал-демократтарының алдына айрықша қатты қойылып отыр. Әңгіме (80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басындағыдай) жол таңдау туралы емес, белгілі жолда қандай практикалық қадам жасауымыз керек және қалай жасауымыз керек екендігі туралы болып отыр. Әңгіме практикалық қызметтің жүйесі мен жоспары жайында. Сондықтан нақты іспен айналысатын партия үшін күрестің сипаты мен әдістері туралы бұл негізгі мәселе бізде әлі де шешімін таппай, ой-пікірдің кісі қынжыларлық тұрақсыздығы мен ауытқуын көрсететін елеулі алауыздықтарды әлі де болса қоздырып отырғанын мойындау керек. Бір жағынан, саяси ұйымдастыру және үгіт жұмысының құнын кетіріп, өрісін тарылтуға тырысатын «экономикалық» бағыт [2] әлі де әбден өле қойған жоқ. Екінші жағынан, әрбір жаңа «лепке» бейімделе қоятын, тұтас алғанда қозғалыстың негізгі міндеттері мен тұрақты мұқтаждарынан минуттық тілектерді айыра білмейтін принципсіз эклектизм бағыты бұрынғыша тәкаппарлана бас көтеріп отыр. Мұндай бағыт «Рабочее Делода» [3] өзіне ұя салып отырғаны мәлім. Оның соңғы «программалық» мәлімдемесі — «Тарихи бетбұрыс» деген көптірме тақырып қойылған көптірме мақала («Листок «Рабочего Деланың»» [4] 6-номері) — жоғарыда берілген сипаттаманы өте-мөте айқын дәлелдейді. Күні кеше ғана біз «экономизмге» іш тартып келгенбіз, «Рабочая Мысльді» [5] батыл айыптауға наразы

болғанбыз, самодержавиемен күрес туралы мәселені плехановша қоюды «жұмсартып» келген едік,— ал енді бүгін Либкнехттің: «Егер жағдай 24 сағаттың ішінде өзгерсе, онда тактиканы да 24 сағаттың ішінде өзгерту керек» деген сөзін цитатқа келтіріп жүрміз, енді біз самодержавиеге қарсы тура аттануға, шабуыл жасауға керекті «берік айбынды ұйым» туралы, «бұқара арасында кең көлемде революциялық саяси үгіт (қаншалықты жігерлі екенін көрдіңіздер ме: әрі революциялық, әрі саяси үгіт!) жүргізу» туралы, «көшеде қарсылық білдіруге қажырлылықпен шақыру» туралы, «көшеде айқын (sic! *) саяси сипатты манифестациялар ұйымдастыру» туралы, т. т. және т. с. туралы айтып жүрміз.

Жеке жеңілдіктер алуға ғана емес, самодержавие қамалының өзін жеңіп алуға бағытталған берік ұйымдасқан партия құру жайында «Искраның» [6] бірінші номерінде-ақ біз ұсынған программаны «Раб. Делоның» тым тез ұғынғанына біз, бәлкім, сүйсінгендік сезім білдіре алар да едік, бірақ бұл ұғынушылардың ешқандай берік көзқарасының болмауы бүкіл сүйінішті бүлдіре алады.

Либкнехттің есімін «Раб. Дело», әрине, бекер пайдаланады. Белгілі бір арнаулы мәселе жөніндегі үгіт тактикасын, партия ұйымының белгілі бір уақ-түйек істерін жүргізу тактикасын 24 сағаттың ішінде өзгертуге болады, ал айбынды ұйым мен бұқара арасындағы саяси үгіт, жалпы алғанда, барлық уақытта және сөзсіз керек пе, жоқ па деген мәселе жөнінде өзінің көзқарасын 24 сағат былай тұрсын, 24 айдың ішінде де мүлдем тұрақсыз адамдардың ғана өзгертуі мүмкін. Жағдайдың бірдей болмауын, кезеңдердің өзгеруін тілге тиек ету — кісі күлерлік нәрсе: айбынды ұйым құру, саяси үгіт жүргізу жолында жұмыс істеу — қандай «жайбарақат, бейбіт» жағдайда болса да, «революциялық рух түскен» қандай кезеңде болса да міндетті іс,— ол ол ма: жоғарыда көрсетілген жұмыстар, әсіресе, нақ осындай жағдайлар мен нақ осындай кезеңдерде жүргізілуі қажет, өйткені дүмпу, тұтану кездерінде ұйым құруға кеш

* — солай! *Ред.*

болып қалады; ол ұйым өз қызметін дереу өрістетуге күн ілгері дайын тұруға тиіс. «Тактиканы 24 сағаттың ішінде өзгерту»! Иә, тактиканы өзгерту үшін ең алдымен тактиканың болуы керек қой, ал қандай жағдайда, қандай кезеңде болса да саяси күрес жүргізуге ысылған берік ұйым болмаса, онда жүйелі түрде қолданылатын, берік принциптермен айқындалған, бұлжымастан жүзеге асырылатын, тек бір өзін ғана тактика деп атауға жарайтын қызмет жоспары туралы сөз болуы да мүмкін емес. Шынында да, қараңыздаршы: қазірдің өзінде-ақ бізге «тарихи кезең» партиямыздың алдына «мүлде жаңа» мәселені — террор туралы мәселені қойып отыр деседі. Кеше ғана «мүлде жаңа» мәселе — саяси ұйым мен үгіт туралы мәселе еді, ал бүгін — террор туралы мәселе болыпты. Кешегісін бүгін осыншалықты ұмытқан адамдардың тактиканы түбегейлі өзгерту туралы пайымдап отырғанын есітудің өзі оғаш емес пе?

Бақытымызға қарай, «Раб. Делоның» мұнысы теріс. Террор туралы мәселе мүлдем жаңа мәселе емес, сондықтан бізге орыс социал-демократиясының қалыптасқан көзқарастарын қысқаша еске салып өтудің өзі де жеткілікті.

Принцип жағынан біз ешқашан террордан бас тартқан емеспіз және бас тарта да алмаймыз. Бұл — шайқастың белгілі бір кезеңінде, әскердің белгілі бір күйге түскенінде және белгілі бір жағдайларда әбден жарамды, тіпті қажет болатын әскери қимылдардың бірі. Бірақ істің мәні нақ мынада: қазіргі уақытта террор соғыстағы армия операцияларының бірі ретінде, күрестің бүкіл жүйесімен тығыз байланыстырылған, орайластырылған операциясы ретінде қойылмай, бір-бірлеп шабуыл жасаудың дербес, ешбір армияға тәуелді емес құралы ретінде қойылып отыр. Иә, орталық революцияшыл ұйым болмай, жергілікті революциялық ұйымдар әлсіз болса, террор бұдан басқа ештеңе де бола алмайды. Күрестің мұндай құралын қазіргі жағдайда қолданылатын кезі келмеген, қолайсыз құрал, неғұрлым белсенді күрескерлердің назарын өздерінің бүкіл қозғалыс мүдделері үшін ең маңызды, нағыз міндетінен басқа жаққа аударатын, үкімет күштерінің емес, революция-

лық күштердің берекесін кетіретін құрал деп біздің батыл айтатынымыз да, міне, сондықтан. Соңғы оқиғаларды еске түсіріңіздерші: біздің көз алдымызда қаладағы жұмысшылар мен қаладағы «қарапайым халықтың» қалың бұқарасы күреске құлшынып отыр, ал революционерлерде басшылар мен ұйымдастырушылардың штабы жоқ болып шығып отыр. Мұндай жағдайда нағыз жігерлі революционерлердің террор жолына түсіп кетуі тек үлкен үміт артуға болатын айбынды отрядтарды әлсірету қаупін туғызбай ма? Мұның өзі революцияшыл ұйымдар мен бұқараның арасындағы, бұқара болғанда — наразы болып, қарсылық жасап жатқан, күреске әзір тұрған бытыраңқы бұқараның, нақ сол бытыраңқылығынан әлсіз болып отырған бұқараның арасындағы байланыстың үзілу қаупін туғызбай ма? Ал біздің табысқа жетуіміздің бірден-бір кепілі — осы байланыс қой. Біз жекелеген ерлік соққылардың маңызын бүтіндей теріске шығару пікірінен аулақпыз, бірақ біздің борышымыз — терроргa әуестенуден, террорды күрестің басты, негізгі құралы деп танудан бар күш-жігерімізді салып сақтандыру; ал қазіргі уақытта көптеген адамдар террорды осылай тануға қатты бой ұрып жүр. Террор ешқашан да әдеттегі соғыс қимылы бола алмайды: ең тәуір дегенде ол батыл шабуыл жасау тәсілдерінің бірі ғана болуға жарайды. Ал біз қазіргі кезеңде осындай шабуылға *шақыра* аламыз ба? — деген сұрақ туады. Шамасы, «Раб. Дело» шақыра аламыз деп ойлайтын тәрізді. Ең болмағанда, ол: «Шабуыл колонналарына сап түзеңдер!» — деп жар салады. Бірақ бұл да бәз-баяғы ақылға сыймайтын бос талпыныс. Біздің әскери күштеріміздің басым көпшілігі — еріктілер мен көтерілісшілер. Тұрақты әскерден бізде шағын-шағын бірнеше отряд қана бар, олардың өзі де әлі мобилизацияланбаған, бірімен-бірінің байланысы жоқ, шабуыл колоннасы былай тұрсын, тіпті ешбір әскери колоннаға да сап түзеп дағдыланбаған. Мұндай жағдайда күресіміздің жалпы жағдайларын зер сала қадағалап, оқиғалардың тарихи барысының әрбір «кезеңінде» сол жағдайларды ескеріп отыратын адамдардың бәріне де қазіргі кездегі біздің ұранымыз «шабуылға аттану»

емес, «дұшпанның қамалын дұрыстап қоршауды ұйымдастыру» болуға тиіс екені аян болуға тиіс. Басқаша айтқанда: біздің партиямыздың тікелей міндеті — қолда бар күштердің бәрін қазірден бастап шабуылға шақыру емес, барлық күштерді біріктіре алатын және қозғалыс басшысы деген атаққа ғана ие болмай, шынында да қозғалысқа басшылық ете алатын, яғни қандай қарсылықты болса да, қандай дүмпуді болса да қолдап, шешуші шайқасқа жарамды әскери күштерді көбейту, нығайту үшін осыларды пайдалануға әрдайым әзір тұра алатын революцияшыл ұйым құруға шақыру болуға тиіс.

Февраль, март оқиғалары [7] сабағының күшті болғаны соншалық, енді мұндай қорытындыға принципті қарсылық кездесе қоймайтын да шығар. Бірақ қазіргі уақытта бізден мәселені принциптік тұрғыда емес, практикалық тұрғыда шешу талап етіліп отыр. Дәл қандай ұйым керек екенін, оның дәл қандай жұмысқа керек екенін анықтап алуымыз ғана талап етілмейді,— ұйым құруға барлық жағынан кірісе алатын болуымыз үшін белгілі бір ұйымдастыру *жоспарын* жасау талап етіледі. Мәселенің кезек күттірмейтін маңызына байланысты біз, өз тарапымыздан, жоспардың жалпы нобайын жолдастардың назарына ұсына аламыз: бұл жоспар баспаға дайындалып жатқан кітапшамызда [8] егжей-тегжейлі дамытылатын болады.

Біздің ойымызша, істің басталар жері, тілегімізге сай ұйым құрудың практикалық тұңғыш қадамы, ақырында, бұл ұйымды үнемі дамыта, тереңдете, кеңейте беруімізге мүмкіндік беретін негізгі арқау — жалпы орыстық саяси газетті жолға қою болуға тиіс. Бізге ең алдымен газет керек,— онсыз принцип жүзінде сыннан өткен, жан-жақты насихат пен үгітті жүйелі түрде жүргізу мүмкін емес, ал оны жүйелі түрде жүргізу жалпы алғанда социал-демократияның түпкілікті де басты міндеті, әсіресе халықтың неғұрлым қалың топтарының саясатқа, социализм мәселелеріне ынтасы артып отырған қазіргі кезеңдегі көкейтесті міндеті болып табылады. Шынында да, бытыраңқы үгітті тікелей әсер ету арқылы, жергілікті листоктар, кітапшалар, т. б. арқылы,

мерзімді баспасөздің жәрдемімен ғана жүргізуге болатын, жинақтап қорытылған, үздіксіз үгітпен толықтырудың керектігі еш уақытта да нақ қазіргідей қатты сезілген емес. Газеттің қаншалықты үздіксіз және жиі шығуы (және таратылуы) — бізде әскери ісіміздің осы ең бастапқы, ең көкейтесті саласының қаншалықты жақсы жолға қойылғанына мейлінше дәлме-дәл өлшеуіш болады десек, асырып айтқандық бола қоймас. Сонан соң, бізге нақ жалпы орыстық газет керек. Егер біз баспасөз пікірі арқылы халық пен үкіметке жасайтын ықпалымызды біріктіре алмасақ және оны әзірше біріктіре де алмай отырсақ,— ықпал жасаудың басқа, неғұрлым күрделі, қиын, бірақ оның есесіне неғұрлым батыл әдістерін біріктіреміз деп ойлау бос қиял болады. Біздің қозғалысымыз идеялық жағынан да, практикалық, ұйымдық жағынан да бәрінен гөрі өзінің бытыраңқылығынан ақсап отыр, социал-демократтардың орасан көпшілігінің өздерінің ой өрісін де, қызмет ауқымын да, астыртын жұмысқа ысылуы мен дайындығын да тарылтатын бірбеткей жергілікті жұмысқа бүтіндей дерлік беріліп кетуінен ақсап отыр. Жоғарыда біз айтқан тұрақсыздық пен ауытқудың ең терең жатқан тамырларын нақ осы бытыраңқылықтан іздеу керек. Ал бұл кемшіліктен құтылу жолындағы, бірнеше жергілікті қозғалысты жалпы орыстық біртұтас қозғалысқа айналдыру жолындағы *бірінші* қадам жалпы орыстық газетті жолға қою болуға тиіс. Ақырында, бізге қалай да *саяси* газет керек. Қазіргі Европада саяси органсыз саяси қозғалыс деп атауға сыятын қозғалыс болуы мүмкін емес. Мұнсыз саяси наразылық пен қарсылық элементтерінің бәрін бір жерге жинау, солар арқылы пролетариаттың революциялық қозғалысын дамыту жөніндегі міндетіміз мүлде орындалмақ емес. Біз бірінші қадам жасадық, біз жұмысшы табының «экономикалық», фабрикалық тәртіптерді әшкерелеуге ынтасын ояттық. Біз келесі қадамды жасауға тиіспіз: халықтың азды-көпті саналы топтарының бәрін *саяси* тәртіптерді әшкерелеуге ынталандыруымыз керек. Қазіргі уақытта саяси әшкерелеу үнінің тым бәсең, сирек және жасқана шығуынан абыржымаған жөн. Бұған полициялық зорлық-зомбылыққа

жаппай мойынсұну мүлдем себеп болып отырған жоқ. Мұның себебі — әшкерелей алатын, әшкерелеуге дайын тұрған адамдардың шығып сөйлейтін трибунасы жоқ,— шешендерді құмарта тыңдап, дем беріп отыратын аудитория жоқ,— ол адамдар «құдіретті» орыс үкіметінің үстінен шағым етуге болатын күштерді халық ішінде еш жерден көре алмай жүр. Ал қазір осының бәрі орасан тез өзгеріп келеді. Ондай күш бар, ол — революцияшыл пролетариат, ол саяси күреске шақырған үндеуді тыңдау, қолдау былай тұрсын, тіпті батыл түрде күреске шығуға өзінің әзір екенін қазірдің өзінде-ақ дәлелдеп берді. Патша үкіметін бүкіл халық болып әшкерелеу үшін трибуна құру қазір біздің қолымыздап келеді және біз оны құруға міндеттіміз де; — социал-демократиялық газет осындай трибуна болуға тиіс. Орыс қоғамының басқа таптары мен топтарына қарағанда орыс жұмысшы табы саяси білімге үнемі ынта қойып, астыртын әдебиетке әрқашан да (ерекше қызулы кезеңдерде ғана емес) орасан зор сұраным көрсетіп отырады. Сұраным осындай бұқаралық сипат алғанда, революцияшыл тәжірибелі басшылар даярлап шығару ісі әлден-ақ басталып отырғанда, жұмысшы табы үлкен қалалардың жұмысшылар тұратын кварталдарында, завод поселкесінде, фабрикалы жерде іс жүзінде қожайындық ететін дәрежеде шоғырланып отырғанда,— саяси газетті жолға қою — пролетариаттың қолынан әбден келетін іс. Ал пролетариат арқылы газет қала мещандарының, село майдагерлері мен шаруаларының арасына тарайды, сөйтіп нағыз халықтық саяси газетке айналады.

Алайда газеттің ролі тек идеяларды таратумен, тек саяси тәрбие берумен және саяси одақтастар тартумен ғана шектелмейді. Газет — коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы да. Осы соңғы мағынасында алғанда газетті салынып жатқан үйді айналдыра қағылатын, құрылыстың жалпы тұрқын белгілейтін, құрылысшылардың бір-бірімен қатынасын жеңілдететін, олардың жұмысты бөлісуіне, ұйымдасқан еңбекпен қол жеткен жалпы нәтижелерді шолуына жәрдемдесетін ағаштармен салыстыруға болады. Газеттің көмегімен

және газетпен байланысты тұрақты ұйым өзінен өзі қалыптаса береді, бұл ұйым жергілікті жұмыспен ғана шектелмей, жалпы жұмыспен де жүйелі түрде шұғылданады, өзінің мүшелерін саяси оқиғаларды зер сала қадағалап отыруға, ол оқиғалардың маңызын және халықтың түрлі топтарына жасайтын ықпалын бағалай білуге, ол оқиғаларға революцияшыл партия тарапынан әсер етудің дұрыс әдістерін жасауға үйретеді. Газетке материалдарды дұрыс жеткізуді және газеттің дұрыс таратылуын қамтамасыз ету — осы техникалық міндеттің өзі-ақ біртұтас партияның жергілікті агенттер жүйесін, бірімен-бірі тікелей қатынас жасап тұратын, істің жалпы жағдайын білетін, жалпы орыстық жұмыстың бөлшек-бөлшек қызметтерін әрдайым атқаруға дағдыланатын, белгілі бір революциялық қимылдар ұйымдастыруда өзінің күшін сынайтын агенттер жүйесін құруға мәжбүр етеді. Бұл агенттер * жүйесі нақ бізге керек ұйымның тұлғасы болады, ал бізге керегі: бүкіл елді қамтитындай барынша ірі ұйым; қатаң және егжей-тегжейлі еңбек бөлінісін іске асыратындай барынша кең және жан-жақты ұйым; қандай жағдайда болса да, қандай «бұрылыстар» мен қапылыстарда болса да *өзінің* жұмысын бұлтармай жүргізе алатындай барынша ұстамды ұйым; бір жағынан, күші басым дұшпан өзінің барлық күшін бір жерге жинағанда, онымен ашық майданда соғысудан бұлтара білерліктей, ал екінші жағынан, бұл дұшпанның оралымсыздығын пайдаланып, шабуыл жасалады деп күтпеген жерде, күтпеген кезде оған шабуыл жасай білерліктей барынша икемді ұйым. Бүгін біздің алдымызда үлкен қалалардың көшелерінде демонстрация жасап жатқан студенттерді қолдау жөніндегі біршама жеңіл міндет тұр. Ертең біздің алдымызда, мүмкін, қиынырақ міндет, мәселен, белгілі бір ауданда жұмыссыздардың қозғалысын қолдау міндеті тұрар. Ал арғы күні шаруалар бүлігіне революциялық

* Мұндай агенттердің партиямыздың жергілікті комитеттеріне (топтарына, үйірмелеріне) толық жақын болған күнде ғана ойдағыдай жұмыс істей алатыны өзінен өзі түсінікті. Тегінде, біздің белгілеп отырған жоспарымыздың бәрі, әрине, комитеттер барынша белсеніп қолдаған күнде ғана орындалмақ, ал ол комитеттер партияны біріктіруге талай әрекет жасады және олардың бұл біріктіру ісіне бүгін болмаса ертең, бір формада болмаса екінші формада қолы жететініне біз кәміл сенеміз.

жолмен қатысу үшін, өз орнымыздан табылуымыз керек болар. Бүгін біз үкіметтің земствоға жорық жасауынан туған саяси жағдайдың шиеленісуін пайдаланып қалуға тиіспіз. Ертең біз патшаның қайсыбір жүгенсіз кеткен баскесерлеріне қарсы халықтың ашынуын қолдауға тиіспіз, сөйтіп ол баскесерлерді — бойкот жариялау, қуғындау, манифестация жасау, т. с. арқылы — ашықтан-ашық шегінуге мәжбүр болатындай етіп үйретіп алуға тиістіміз. Тұрақты әскердің үздіксіз жаттығуы секілді қызмет арқылы ғана осындай дәрежедегі жауынгерлік әзірлікке жетуге болады. Ал егер біз өз күштерімізді ортақ газетті жолға қоюға біріктірсек, онда мұндай жұмыс арамыздан мейлінше шебер насихатшыларды ғана емес, сонымен қатар мейлінше шебер ұйымдастырушыларды, партияның мейлінше талантты саяси көсемдерін, қажет болған сәтте шешуші шайқасқа шақырып ұран тастауға және ол шайқасқа басшылық етуге қабілетті көсемдерін даярлап шығарады.

Қорытындысында — тууы мүмкін таластан аулақ болу үшін бірер сөз айта кетелік. Біз әр дайым тек жүйелі, жоспарлы түрде жасалған дайындық туралы ғана айтып келдік, бірақ біз бұлай дегенде самодержавие тек дұрыс қоршап алудан немесе ұйымдасқан шабуылдан құлауы мүмкін деп айтуды ойға да алғанымыз жоқ. Мұндай көзқарас өрескел доктринерлік болар еді. Қайта, самодержавиенің барлық жақтан үнемі қауіп туғызып отыратын стихиялық дүмпулердің немесе кенеттен асқынатын саяси шиеленістердің бірінің қысымымен құлауы әбден мүмкін және тарихи жағынан әлдеқайда ықтимал. Бірақ авантюризмге түспесе, бірде-бір саяси партия өз қызметін мұндай дүмпулер мен кенеттен асқынатын шиеленістерге сүйеніп құра алмайды. Біз өз жолымызбен жүріп, өзіміздің жүйелі жұмысымызды бұлтармай істей беруге тиіспіз, сөйтіп, біз күтпеген жағдайларға неғұрлым азырақ үміт артсақ, ешқандай «тарихи бұрылыстарда» өзіміздің қапы қалмауымызға деген сеніміміз соғұрлым көбірек болады.

ЖАҢА ҚЫРҒЫН

Сірә, біз қазір біздің жұмысшы қозғалысының тағы да шиеленіскен қақтығыстарға әкеп соқпай қоймайтын кезеңін бастан кешіріп отырған болсақ керек; бұл қақтығыстар үкімет пен дәулетті таптарды соншама үрейлендіреді, социалистерді соншама жігерлендіріп, қуантады. Иә, әскери жазалаудың құрбандықтары орасан көп болуына қарамастан, бұл қақтығыстар бізді жігерлендіріп, қуантып отыр, өйткені өзінің осы қарсылық корсетуі арқылы жұмысшы табы өз жағдайына төзіп отыра алмайтынын, құл болып қалғысы келмейтінін, зорлық-зомбылық пен озбырлыққа үн қатпастан бағынып отырмайтынын дәлелдейді. Қазіргі тәртіп, тіпті істің барысы мейлінше тыныш болғанның өзінде, жұмысшы табына әрдайым және сөзсіз орасан көп ауыртпалық жүктейді. Өмір бойы басқалардың баюы үшін еңбек етіп жүрген мыңдаған және он мыңдаған адамдар аштықтан, үнемі тамаққа жарымаудан қырылуда, еңбек жағдайының, тұрғын үй жағдайының өте нашарлығынан, демалыстың аздығынан туатын аурулардан жасына жетпей өлуде. Сондықтан әбден арыған, шалдығып көтерем болған аттай қиналып өлгеннен, мұндай жексұрын тәртіпті қорғаушылар мен жақтаушыларға қарсы тікелей күресте өлуді артық көретіндерді батыр деп атау жүз есе орынды болады. Біз полициямен қолма-қол ұрысқа шығу күрестің ең жақсы формасы дегенді ауызға да алмақшы емеспіз. Қайта, күресті неғұрлым сабырлы, ұстамды жүргізу, әрбір наразылықты револю-

циялық партияның ұйымдасқан күресін қолдау ісіне бағыттауға тырысу жұмысшылардың нақ өз мүдделеріне сай келетінін біз оларға әрдайым айтып келдік. Бірақ жұмысшылар бұқарасындағы наразылық рухы, атап айтқанда, жұмысшыларды қоршаған езгі, зорлық-зомбылық тұсында оқтын-оқтын лап ететін жалын тәрізді сыртқа теппей тұрмайтын наразылық рухы революцияшыл социал-демократияға пәр беретін басты арна болып табылады. Бұл лап ететін жалындар мұқтаждық пен надандықтан езілген жұмысшылардың ең қалың топтарын оятып, саналы өмірге ұмтылдырады, олардың арасында езушілерге және бостандықтың дұшпандарына қарсы ізгі өшпенділік рухын таратады. Сондықтан да, мысалы, 7 майда Обухов заводында болған секілді қырғын туралы хабар бізді: «Жұмысшылар көтерілісі басылып тасталды, жұмысшылар көтерілісі жасасын!» деп жар салуға мәжбүр етеді.

Бір кезде, мұнан біраз уақыт қана бұрын, жұмысшылардың көтерілістері өте сирек болатын, қайсыбір ерекше жағдайлардан ғана келіп туатын. Қазір ондай емес. Мұнан бірнеше жыл бұрын біз өнеркәсіптің өркендеу кезеңін бастан кешірдік, ол кезде сауда істері қызу жүрді, жұмысшыларға деген сұраным мол болды. Соның өзінде де жұмысшылар бірқатар стачкалар жасап, еңбек жағдайының жақсартылуын талап етті: жұмысшылар қолайлы сәтте қапы қалмау, фабриканттардың пайдасы айрықша көбейіп, оларды жеңілдік жасауға мәжбүр ету оңайырақ болып тұрған уақытты пайдаланып қалу керек екенін түсінді. Бірақ өркендеуден кейін дағдарыс басталды: фабриканттардың товарлары өтпей, пайдасы азая түсті, банкротқа ұшыраушылар саны көбейіп, фабрикалар өндірісті қысқартуда, жұмысшыларды таратуда, ал олар топ-тобымен көшеде бір тілім нансыз қаңғырып қалуда. Жұмысшыларға енді өздерінің жағдайын жақсарту үшін емес, бұрынғы жағдайын сақтау үшін, фабриканттың оларға аудара тастап отырған шығындарын азайту үшін жанталаса күресуге тура келеді. Сонымен, жұмысшы қозғалысы тереңдеп, өрістей түседі: алғашқы кезде күрес жекелеген пекен-саяқ жағдайларда жүрді, одан кейін өнеркәсіп істері жанданып,

сауда қызған кезде табанды және үздіксіз күрес жүрді, ақырында, дағдарыс кезінде нақ сондай үздіксіз әрі табанды күрес жүріп отыр. Ендігі жерде біз жұмысшы қозғалысы өміріміздегі дағдылы құбылысқа айналды, ол қандай жағдайда болса да өсе береді деп айта аламыз.

Бірақ өнеркәсіптің жандануы орнына дағдарыстың келуі жұмысшыларға күш біріктіріп күресу өздерінің тұрақты қажетіне айналғанын үйретіп қана қоймайды. Сонымен бірге жандanудың орнына дағдарыстың келуі өнеркәсіп өркендеген кезде туа бастаған зиянды жалған үміттерді де жояды. Кей жерлерде жұмысшылар стачка жасау арқылы қожайындарды өздерінің талаптарына оңайырақ көндіріп жүрді де, осы «экономикалық» күрестің маңызын асыра бағалай бастады, жұмысшылардың кәсіптік (цехтық) одақтары мен стачкалары, мықтағанда, товарды — жұмыс күшін — сатудың біраз тиімдірек шарттарын ғана қорғап қала алатынын ұмыта бастады. Дағдарыстың салдарынан бұл товарға сұраным жоқ кезде цехтық одақтар мен стачкалардың көмегі болмайды, жұмыс күшін товарға айналдыратын, еңбекшілер бұқарасын ең ауыр мұқтаждыққа, жұмыссыздыққа дұшар ететін жағдайды өзгерте алмайды. Бұл жағдайды өзгерту үшін қазіргі бүкіл қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы революциялық күрес жүргізу қажет, бұл ақиқаттың дұрыстығына өнеркәсіп дағдарысы сансыз көп жұмысшылардың көзін жеткізеді де.

7 май қырғынына қайтып оралайық. Біз төменде Петербург жұмысшыларының май айындағы стачкалары мен толқуы [9] туралы қолымызда бар мәліметтерді келтіреміз. 7 майдағы қырғын туралы полицияның хабарын да талқылаймыз. Үкіметтің (полицияның да) стачкалар, демонстрациялар, әскермен қақтығыстар туралы хабарларына соңғы кезде біздің құлағымыз біраз үйреніп қалды; мұндай хабарлардың қаншама дұрыс екенін ажырату үшін біздің қолымызда қазір едәуір материал бар, біз кейде полиция өтірігінің бықсуынан-ақ халықтың ашу-ызасының жалынын байқай аламыз.

«Осы майдың 7-сі күні,— делінген ресми хабарда,— түскі үзілістен кейін, Шлиссельбург трактысының бо-

йындағы Александровское селосындағы Обухов болат құю заводында, заводтың әр түрлі бөлімшелерінің 200-дей жұмысшысы жұмысты тоқтатты да, завод бастығының көмекшісі подполковник Ивановпен түсініскенде, әр түрлі негізсіз талаптар қойды».

Егер жұмысшылар — жұмыстың тоқтатылуына қожайындар тарапынан өте жиі кездесетін жолсыздық себеп болған жоқ деп есептеп — екі апта бұрын ескертпестен жұмысты тоқтатса, бұл, орыс заңы (соңғы кезде жұмысшыларға қарсы жүйелі түрде толықтырылып, күшейтіліп отырған заңы) бойынша да, бітістіру сотының қарауына жататын жай полициялық айыпты іс. Бірақ орыс үкіметі өзінің қаталдығымен барған сайын жұртқа күлкі болатын жағдайға түсіп отыр: бір жағынан, жаңа қылмыстарды (мәселен, жұмыстан өз еркімен бас тарту немесе басқаның мүлкіне зиян келтіретін, немесе қарулы күшке күшпен қарсылық көрсететін жиындарға қатысу) белгілейтін заңдар шығарылады, стачка және т. с. қатысқаны үшін жаза қолдану күшейтіліп, екінші жағынан, бұл заңдарды қолдануға, заңға сәйкес жаза беруге күш мүмкіндігі де, саяси мүмкіндік те жойылып барады. Жұмыстан бас тартқаны үшін, стачкаға қатысқаны үшін, «жиынға» қатысқаны үшін мыңдаған, он мыңдаған адамды жауапқа тартуға күш жетпейді. Осындай жағдайлардың кез келгенінде сот құруға саяси мүмкіндік жоқ, өйткені сот құрамын қаншама бейімдегенмен, жариялылықты қаншама тұқыртқанмен соттың, әрине, жұмысшыларға емес, үкіметке жасалған «соттың» ең болмағанда көлеңкесі қалады. Міне, сонымен, үкіметтің пролетариатқа қарсы *саяси* күресін жеңілдетуді (сонымен бірге «қоғамдық тәртіп», т. б. туралы «мемлекеттік» мүдде тұрғысынан оның саяси сипатын *бүркеуді*) тікелей көздеп шығарылған қылмыс заңдарын *тікелей* саяси күрес, көшедегі қолма-қол шайқас әрқашан кейінгі қатарға ығыстырып тастап келеді. «Әділ сот» риясыздық, туралық бет пердесін сыпырып тастап, шайқас алаңын жұрт тас жаудырып қарсы алатын полицияға, жандармдар мен казактарға қалдырып қаша бастады.

Шынында да үкімет жұмысшылардың «талаптарын» қалай сылтау ететінін еске түсіріңіздерші. Заң тұрғысынан қарағанда, жұмысшылардың талаптары қандай болса да, жұмысты тоқтату тәртіп бұзғандық болып саналады. Бірақ үкімет жуырда ғана өзі шығарған сол заңға сүйену мүмкіндігінен қазірдің өзінде-ақ айрылып, «өз күш-құралымен» жазалауды жұмысшылардың талаптары дәлелсіз болды деген сөзбен ақтауға тырысады. Ал бұл мәселеде төреші болған кім? Завод бастығының көмекшісі подполковник Иванов, яғни жұмысшылар қай бастықтың үстінен арыз етсе, сол бастықтың өзі төреші болған! Онда дәулеттілер өкіметінің мұндай түсіндірулеріне жұмысшылардың тас жаудырып жауап бергеніне таңдануға болмайды!

Ал енді жұмысшылар ат жегілген вагондардың жүріс-тұрысын тоқтатып, бәрі көшеге шыққаннан кейін нағыз шайқас басталды. Жұмысшылар, сірә, бар күшімен аянбай шайқасса керек, өйткені олар, тастан басқа ешқандай қаруының болмағанына қарамастан, полицияның, жандармдардың, салт атты сақшылардың және заводтың қарулы командасының * шабуылын *екі дүркін* тойтарған. Рас, полицияның хабарына сенетін болсақ, көпшілік арасынан да «бірнеше рет оқ атылған», бірақ онан ешкім жараланбаған. Мұның есесіне тас *«бұршақтай»* боратылған, оның үстіне жұмысшылар табандылықпен қарсылық көрсетіп қана қоймай, тапқырлық та көрсеткен, жағдайға тез бейімделіп, күрестің қолайлы формасын таба білген. Олар көрші аулаларға кіріп алып, патша үкіметінің баскесерлеріне *дуалдың тасасынан* тас жаудырған, тіпті үш дүркін оқ атылып, онан бір жұмысшы өліп (біреу ғана өлгендей-ақ?), сегіз (?) адам жараланғаннан (біреуі келесі күні өлген) *кейін де,* тіпті осыдан кейін де, тобыр қаша бастаса да, ұрыс тоқталмапты, сөйтіп, Омбы жаяу әскер полкінен шақырылған

* Айтқандайын. Үкімет хабарында «заводтың қарулы командасының» «завод ауласында о бастан-ақ даяр тұрғаны», ал жандармдар, салт атты сақшылар, городовойлар тек кейіннен шақырылғаны айтылған. Завод ауласында *қарулы* команданы қай уақыттан бері және не себепті *даяр* ұстап тұрған? Бірінші майдан бастап емес пе екен? Жұмысшылар демонстрациясы болуын күтпеді ме екен? Мұнысын біз білмейміз, бірақ жұмысшылардың наразылығы мен қозғалысы қалай туғаны және қалай күшейгені туралы өзінің қолындағы нақты мәліметтерді үкіметтің әдейі жасырып отырғаны күмәнсіз.

роталар көршi аулаларды «жұмысшылардан тазартуға» тиiстi болыпты.

Үкiмет жеңдi. Бiрақ әрбiр мұндай жеңiс үкiметтiң түпкiлiктi жеңiлуiн барған сайын жақындата түседi. Халыққа қарсы әрбiр шайқас апынған және шайқасқа шығуға даяр жұмысшылар санын көбейте бередi, неғұрлым тәжiрибелi, жақсы қаруланған, неғұрлым батыл қимылдайтын басшылар шығарады. Басшылар қандай жоспар бойынша қимыл жасауға тырысуы керек, бұл туралы бiз мұнан бұрын өз пiкiрiмiздi айтқанбыз. Революцияшыл берiк ұйымның сөзсiз қажеттiгiн бiз мұнан бұрын талай атап көрсеткенбiз. Бiрақ 7 май оқиғасы сияқты оқиғалар жөнiнде төмендегiлердi де естен шығармау керек.

Қазiргi заманғы әскерге қарсы көшеде күрес жүргiзу мүмкiн емес, ондай күреске үмiт артуға болмайды деген сөздер соңғы кезде көп айтылып жүр; мұндай сөздердi әсiресе «сыншыл» ақылгөйлер көп айтады, бұлар буржуазиялық оқымыстылықтың ескi-құсқысын риясыз ғылымның жаңа қорытындылары деп көрсетiп келдi, мұнымен бiрге олар Энгельстiң немiс социал-демократтарының уақытша тактикасы жайында ғана айтқан, онда да ескертулер жасап айтқан сөздерiн бұрмалап келдi [10]. Бұл сөздердiң бәрi мүлде қисынсыз екенiн бiз тiптi жеке шайқастың мысалынан да көрiп отырмыз. Көшеде күрес жүргiзуге болады, күресушiлердiң жағдайы үмiтсiз емес, егер бiр заводтың адамдарымен ғана шайқаспай, онан көппен шайқасуға тура келсе, үкiметтiң жағдайы үмiтсiз. 7 майдағы шайқаста жұмысшылардың тастап басқа каруы болмады, ал қала бастығының тыйым салуы, әрине, жұмысшылардың келер жолы басқа да қарумен құралдануына бөгет бола алмайды ғой. Жұмысшылар даярланбаған едi, олар не бары $3^1/_2$ мың адам болды, бiрақ соның өзiнде де олар бiрнеше жүз салт атты сақшыға, жандармдарға, городовойлар мен жаяу әскерге тойтарыс бере бiлдi. Еске түсiрiңiздершi, Шлиссельбург трактысы бойындағы 63-номерлi *бiр* үйдiң өзiне шабуыл жасау полицияға оңай соқты ма! [11] Ойлап қараңыздаршы, екi-үш аула мен үйдi емес, Петербургтiң тұтас жұмысшы кварталдарын *«жұмысшылардан та-*

зарту» оңай болар ма екен! Іс батыл күреске ұласқанда астананың үйлері мен аулаларын тек жұмысшылардан ғана емес, 4 марттағы жауыздық қырғынды [12] ұмытпаған, полициялық үкіметпен ымыраға келмеген, одан тек жасқанып қалған және өз күшіне әлі сенбейтін адамдардың бәрінен *«тазартуға»* да тура келмес пе екен.

Жолдастар! 7 майда өлтірілген және жараланған барлық адамдардың аты-жөнін біліп алуға тырысыңыздар. Астананың барлық жұмысшылары оларды құрметпен еске түсіріп, халық бостандығы үшін полициялық үкіметке қарсы жаңа батыл күреске даярлансын!

«Искра» № 5, июнь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚҰПИЯ ДОКУМЕНТ

«Заряда» [13] басылған Виттенің жазбасына оқушылардың назарын аударамыз; бұл жазба Штутгарттағы Дитцтің қолында бар. Земствосыз губернияларда земстволарды енгізу туралы бұрынғы ішкі істер министрі Горемыкин ұсынған жобаға қарсы бағытталған бұл «Жазба» біздің билеп-төстеушілеріміздің асқан сұғанақтығын бұлтақсыз әшкерелейтін документ ретінде қызықты. Біз бұл ғажап документ туралы, сондай-ақ оған Р. Н. С. мырза жазған алғы сөз туралы да газетіміздің ең таяудағы номерінде егжей-тегжейлі әңгімелеп бермекшіміз. Авторының орыс жұмысшы қозғалысының саяси маңызын түсінетінін көрсеткенімен, бұл алғы сөз басқа жағынан түгелдей біздің либералдарға тән саяси ой-пікірдің әдеттегі шалалығын аңғартады.

«Искра» № 5, июнь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЗЕМСТВОНЫ ҚУУШЫЛАР МЕН ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ АННИБАЛДАРЫ [14]

1901 ж. июньде жазылған

Бірінші рет 1901 ж.
декабрьде «Заря» журналының
2–3-номерінде басылған
Қол қойған: Т. П.

Журнал тексті бойынша
басылып отыр,
ол мына жинақтың
текстімен салыстырылған:
Вл. Ильин. «12 жыл ішінде»,
1907

№ 2-3

Декабрь

1901-го г.



Die

Morgenröthe

Heft 2-3

Dezember 1901

ЗАРЯ

Соціаль-демократическій научно-политическій журналъ. Издается при ближайшемъ участіи Г. В. Плеханова, В. И. Засуличъ и П. Б. Аксельрода.

Цѣна 3 руб.

Stuttgart

J. H. W. Dietz Nachf. (G. m. b. H.)

1901

В. И. Лениннің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген еңбегі, «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің алғашқы төрт тарауы (««Сыншы» мырзалардың аграрлық мәселе жөніндегі пікірлері» деген тақырыппен басылған) және «Ішкі жағдайға шолу» деген еңбегі басылған «Заря» журналының 1901 жылғы 2—3-номерінің мұқабасы

Егер орыс шаруасы туралы ол көбінесе өзінің кедейлігін мойындауымен кедей делінген болса, орыс тоғышары немесе орыс азаматтығын қабылдаушы туралы айтқанда, ол азаматтық праволар жағынан кедей бола отырып, әсіресе өзінің правосыздығын мойындауымен кедей деуге болады. Мужиктің өзінің титығына жеткен қайыршылық жағдайына еті өліп кеткені, оның себептерін, онан құтылудың мүмкіндіктерін ойламастан тіршілік құруға дағдыланып кеткені сияқты, орыс тоғышарының да үкіметтің өктемдігіне әбден еті өліп кеткен, бұл өктемдік мұнан әрі де қала бере ме, мұнымен қатар тозығы жеткен саяси құрылыстың тамырын кеузеп жатқан құбылыстар болып жатқан жоқ па деп ойламастан тіршілік құруға дағдыланып кеткен. Осы саяси санасыздық пен марғаулыққа кәдімгі «құпия документтер» өте-мөте жақсы «дауа» * болып табылады, өйткені бұл документтер әншейін бір бұзақы баскесерлер немесе үкіметтің қас жаулары ғана емес, үкімет мүшелерінің өздері де, оның ішінде министрлер мен патша да, басқарудың самодержавиелік формасының орнықсыздығын мойындап, өздерін мүлдем қанағаттандырмайтын жағдайларын жақсартудың әр түрлі амалдарын іздестіретінін көрсетеді. Виттенің жазбасы осындай документтерге жатады, ол шет аймақтарда земство мекемелерін құ-

* Мен, әлбетте, баспасөз шығармалары ретіндегі «дауалар» туралы ғана айтып отырмын, ал бұл бірден-бір және ерекше «күшті шипалы» дауа емес.

ру мәселесі жайында ішкі істер министрі Горемыкинмен шекісіп қалғаннан кейін земствоға қарсы айыптау актісін * жазып, өзінің көрегендігі мен самодержавиеге шын берілгендігін ерекше көрсетпек болды.

Земствоны ол самодержавиемен сыйыспайды, өзінің сипаты жағынан конституциялық нәрсе, оның өмір сүруі қоғам мен үкімет өкілдері арасында егестер және қақтығыстар туғызбай қоймайды деп айыптайды. Айыптау актісі өте (біршама) кең және әжептәуір өңделген материал негізінде жасалған, ал енді осы айыптау актісі саяси іс (оның үстіне едәуір ерекше іс) жайында болып отырғандықтан, бір кезде біздің газеттерде басылған саяси процестердің айыптау актілерін қаншалықты қызығып, қаншалықты құмартып оқыса, оны да жұрт соншалықты қызығып, соншалықты құмартып оқитынына сенуге болады.

I

Біздің земствомыз конституциялық нәрсе деген пікір фактілер арқылы растала ма, ал егер расталатын болса, қандай дәрежеде және қай мағынада расталады екен, соны қарап көрейік.

Бұл мәселеде земствоны енгізу заманының маңызы орасан зор. Крепостниктік правоның күйреуі тарихи ірі өзгеріс болды, бұл өзгеріс таптар арасындағы қайшылықтарды бүркемелеген полициялық пердені де жыртпай қоймады. Мейлінше топтасқан, өте білімді және саяси билікке неғұрлым дағдыланған тап — дворяндар — уәкілетті мекемелер құру арқылы самодержавиелік өкіметті тежеуге тырысатынын барынша айқын көрсетті. Виттенің жазбасында бұл факт жайында ескертілуі өте-мөте сабақ боларлық нәрсе. «Жалпы дворяндық «өкілдіктің» қажеттігі туралы, «жоғарғы өкіметке кеңес беру үшін орыс елінің өзінің сайлаулы адамдар ұстауға праволы» болуы туралы мәлімдемелер дворяндардың

* *«Самодержавие мен земство.* Финанс министрі С. Ю. Виттенің құпия жазбасы, алғы сөзі мен ескертуін жазған Р. Н. С.» «Заря» басып шығарды. Stuttgart, Verlag von J. H. W. Dietz Nachf. (Штутгарт, И. Г. В. Дитцтің мұрагерлері басып шығарған. *Ред.*) 1901. XLIV және 212 беттер.

1859—1860 жылдардағы жиналыстарында-ақ жасалып жүрді». «Тіпті «конституция» * деген сөз де айтылып жүрді». «Шаруалар ісі жөніндегі кейбір губерниялық комитеттер де, редакциялық комиссияларға шақырылған комитет мүшелері де жұртшылықты басқару ісіне қатыстыруға шақыру қажеттігін көрсетіп жүрді. Никитенко 1859 жылы өзінің күнделігіне «депутаттар конституцияға ашықтан-ашық ұмтылып отыр» деп жазды».

«1861 жылдың 19 февралындағы Ереже жарияланғаннан кейін, самодержавиеден күткен бұл үміт толық жүзеге асудан әлдеқайда алыс жатқандығы анықталған кезде, оның үстіне әкімшіліктің өзінен неғұрлым «қызыл» элементтер (Н. Милютин сияқты) бұл Ережені орындаудан шеттетілген кезде, «өкілдікті» қуаттайтын қозғалыстың ауызбірлігі күшейе түсті. Дворяндардың 1862 жылғы көптеген жиналыстарында енгізілген ұсыныстардан және Новгородта, Тулада, Смоленскіде, Москвада, Петербургте, Тверьде болған бұл жиналыстар қабылдаған хаттардан осы ауызбірлік аңғарылды. Бұл хаттардың ең тамашасы Москванікі болды, онда жергілікті жердің өзін өзі басқаруы, сот істерінің жария жүргізілуі, шаруалардың жері міндетті түрде сатылып алынуы, бюджеттің жарияланып отыруы, баспасөз бостандығы, реформалардың сындарлы жобасын әзірлеу үшін барлық таптардан Москвада Земство думасын шақыру сұралды. Тверь дворяндарының 2 февральдағы қаулылары мен хаты бәрінен де батыл жазылған, онда бірсыпыра азаматтық және экономикалық реформалар (мәселен, сословиелердің праволарын теңгеру, шаруалар жерінің міндетті түрде сатып алынуы) жасау және «алға қойылған, бірақ 19 февральдағы Ережеде шешілмеген мәселелерді қанағаттанарлық дәрежеде шешудің бірден-бір жолы ретінде, бүкіл орыс елінің сайлаулы өкілдерін шақыру» ** керек деп көрсетілді.

Тверь хатын жазуға мұрындық болғандардың әкімшілік және сот жолымен жазалануына қарамастан *** — дейді одан әрі

---

* Драгоманов. «Россиядағы земстволық либерализм», 4-бет. Жазбаның авторы Витте мырза, басқа бір жерлерінде Драгомановқа сілтеме жасағанымен, онан көшіріп алып отырғанын айтпайды (мысалы, «Жазбаның» 36—37-беттерін жоғарыда аталған мақаланың 55—56-беттерімен салыстырыңыз).

** Драгоманов, 5. «Жазбаның» қысқаша баяндалған нұсқасы, 64-бет, онда Драгомановқа емес, Драгоманов үзінділер келтірген «Колоколдың» [15] 126-номеріне және 1862 ж. 15 июньдегі «Revue des deux Mondes»-ке [16] сілтеме жасалған.

*** Айтқандайын. Жуырда (осы жылы, яғни 1901 жылы 19 апрельде) Тверь губерниясындағы өзінің туған имениесінде, осы хатты жазуға мұрындық болғандардың бірі Николай Александрович Бакунин — атақты М. А. Бакуниннің інісі — қайтыс болды. Н. А. өзінің інісі Алексеймен және басқа келістірушілермен бірге 1862 жылғы хатқа қол қойды. Бұл хат,— дейді Н. А. Бакунин туралы мақаланың авторы біздің бір газетте,— оған қол қойғандарды үкіметтің жазасына ұшыратты. Петропавл қамалында бір жыл қамауда отырғаннан кейін тұтқындар

Драгоманов,— (айтпақшы, хаттың тура өзі үшін емес, бітістіруші төрешілердің коллективті түрде қызметтен шығуып батыл дәлелдегені үшін) дворяндардың 1862 жылғы және 1863 жылдың басындағы әр түрлі жиналыстарында осы рухтағы мәлімдемелер болып жүрді, мұнымен бірге ол жиналыстарда жергілікті жердің өзін өзі басқаруы жөніндегі жобалар да жасалды. Бұл кезде «әр тектілер» арасында да осындай конституциялық қозғалыс жүріп жатты, «Великорусс» (1861 жылғы августан ноябрьге дейін; оның басылымдарына Обручев, т. б. сияқты офицерлер қатысты), «Земство думасы» (1862), «Жер және ерік» (1862—1863 жылдар) сияқты азды-көпті революцияшыл астыртын қоғамдар құрылды, прокламациялар шығарылды... «Великорусс» тұсында, көп адамдардың айтуынша, 1862 жылы августа Россияның 1000 жылдығын мерекелеу алдында патшаға тапсырылуға тиісті хаттың жобасы да шығарылған». Хаттың бұл жобасында, оның бер жағында, былай делінген: «Тақсыр, Россияның конституциясын жасату үшін біздің орыс елі астаналарының біріне, Москваға немесе Петербургке, орыс ұлтының өкілдерін шақыруға рақым етіңіз...» *

Егер біз тағы да «Жас Россия» прокламациясын [18], толып жатқан «саяси» қылмыстылардың (Обручев, Михайлов, т. б.) тұтқынға алынып, аса қатал жазаланғанын, осының бәрі Чернышевскийдің заңсыз, жала жабу жолымен каторгаға кесілуіне әкеп соққанын еске түсірсек, онда земство реформасын тудырған қоғамдық жағдай бізге айқын болады. «Земство мекемелерінің саяси оймен құрылғаны күмәнсыз», ел билеуші топтар қоғамның либералдық, конституцияшылдық пиетімен «санасқаны күмәнсыз» дегенде Виттенің «Жазбасы» шындықтың *жартысын* ғана айтып отыр. «Жазба» авторының барлық жерде байқатып келген қоғамдық құбылыстарға немқұрайды, чиновниктік көзқарасы мұнан да аңғарылып отыр, *революциялық* қозғалысты елемеуінен, революцияшыл «партияның» тегеурінен *қорғанғанда* үкімет қолданған сұрапыл жазалау шараларын бүркемелеуінен көрініп отыр. Рас, 60-жылдардың бас кезіндегі революю-

---

босатылды, олардың ішінде Н. А. мен оның інісі Алексейге кешірім жасалмады (олар кешірім сұраған өтінішке қол қоймады), сол себепті оларға будан былай қарай қоғамдық қызмет атқаруға рұқсат етілмеді. Мұнан кейін Н. А еш уақытта қоғамдық қызметке қатыспады, қатысуы да мүмкін емес еді... Біздің үкімет ең «ұлы реформалар» кезінде де, ашықтан-ашық әрекет жасаған дворян-помещиктерге міне осындай жаза қолданды! 1862 жылы, поляк көтерілісіне [17] дейін, тіпті Катков бүкіл россиялық Земство жиынын шақыруды ұсынған кездің өзінде де осылай болған.

* Салыстырыңыз: В. Бурцевтің «Жүз жылдасы», 39-бет.

циятшыл «партия» және оның тегеуріні туралы сөз ету біздің қазіргі көзқарасымыз тұрғысынан ерсі көрінеді. Қырық жылдық тарихи тәжірибе біздің нені революциялық қозғалыс және революциялық тегеурін деп атауға болады деген мәселеге қоятын талабымызды мықтап күшейтті. Бірақ ол кезде Николайдың отыз жылдық тәртібінен кейін оқиғалардың одан аргы барысын ешкім болжап біле алмағанын, үкіметтің қарсыласуының іс жүзіндегі күшін, халық ызасының іс жүзіндегі күшін ешкім шамалай алмағанын ұмытпау керек. Европада демократиялық қозғалыстың жандануы, Польшадағы толқу, Финляндиядағы наразылық, бүкіл баспасөздің, барлық дворяндардың саяси реформаларды талап етуі, бүкіл Россияда «Колоколдың» таралуы, Чернышевскийдің цензурадан өтетін мақалаларымен де нағыз *революционерлерді* тәрбиелей білген құдіретті уағызы, прокламациялардың пайда болуы, шаруалардың бас көтеруі, шаруаларды тірідей тонайтын «Ережені»[25] оларға «екінің бірінде»* әскердің күшімен, қан төгіспен қабыл-

* *Л. Пантелеев.* «60-жылдар туралы есте қалғандардан», «Дацкты орында»[19] деген жинақтың 315-беті. Бұл кішкене мақалада 1861—1862 жылдардағы революциялық толқу және полициялық реакция туралы өте қызық бірсыпыра фактілер жинақталган... «1862 жылдың басына қарай қоғамдық атмосфера өте-мөте шиеленіскен еді; болмашы жағдайдың өзі өмірдің барысын не ол жаққа, не бұл жаққа кілт бұрып жібере аларлықтай болатын. 1862 жылы майда Петербургте болған өрттер міне осындай роль атқарды». Өрт 16 майда басталды, әсіресе 22 және 23 майда ұлғайды — бұл соңғы күні бес жерде өрт болды, 28 майда Апраксин ауласы отқа оранды, оның төңірегінде көп жер жанып кетті. Халық арасында студенттерді өрт салып жүр деп айыптай бастады, ал газеттер бұл лақаптарды қайталап жатты. Бүкіл қазіргі құрылысқа қарсы қанды күрес жариялаған, бұл жолда қандай амал қолданса да, орынды деп білген «Жас Россия» прокламациясы қасақана өрт салушылар туралы лақапты растайтын айғақ деп танылды. «28 майдан кейін іле-шала Петербургте соғыс жағдайы тәрізді тәртіп жарияланды». Арнаулы комитет құрылып, оған астананы қорғауға *төтенше* шаралар қолдану тапсырылды. Қала үш участкеге бөлінді, участкелерді әскери губернаторлар басқарды. Өрт салу туралы істерді қарайтын әскери-дала соты құрылды. «Современник»[20] пен «Русское Слово»[21] 8 айға тоқтатылды, Аксаковтың «День»[22] газеті жабылды, баспасөз туралы қатаң уақытша ереже (12 майда-ақ, *яғни өрт басталғанға дейін* бекітілген. Демек, Пантелеев мырзаның пікірінше болмай, *«өмірдің барысын»* өртсіз де реакция жағына кілт бұрған), баспаханаларды бақылау туралы ереже жарияланды, саяси айып тағылып көп адам (Чернышевский, Н. Серно-Соловьевич, Рымаренко, т. б.) тұтқынға алынды, жексенбілік мектептер мен халықтық оқу үйлері жабылды, С.-Петербургте көпшілік алдында лекция оқуға рұқсат алу қиындатылды, Әдебиет қоры[23] жанындағы 2-бөлім жабылды, тіпті Шахмат клубы[24] да жабылды.

Тергеу комиссиясы өрт пен саясат арасынан ешқандай байланыс таба алмады. Комиссия мүшесі Столбовский Пантелеев мырзаға «ко-

дауға *мәжбүр етуге* тура келуі, дворяндардың бітістіруші төрешілердің[26] *мұндай* «Ережені» қолданудан коллективті түрде бас тартулары, студенттердің тәртіпке бағынбауы — осындай жағдайда ең сақ, парасатты саясатшы революциялық дүмпудің өзін әбден ықтимал, шаруалар көтерілісін өте елеулі қауіп деп тануға тиіс еді. Бір жағынан, сарай маңындағы сұрқиялардың, қан сорғыш чиновниктер армиясының толық октемдігі мен жауапсыздығын қалай да сақтап қалуды, екінші жағынан, қанаушы таптардың оңбаған өкілдерін қолдауды өзінің ең зор міндеті деп таныған самодержавиелік үкімет,— мұндай үкімет жеке адамдарды, зорлық пен қанаудың саналы, табанды жауларын (яғни, «революцияшыл партияның» «жетекшілерін») рақымсыздықпен қырып-жоюдан, наразы көпшілікті қорқытудан, болмашы жеңілдікпен алдарқатудан *басқа ештеңе істей алмады.* «Ұлы азаттықты» топастықпен немесе екіжүзділікпен дәріптеуден гөрі үндемеуді артық көргендерге — каторга; үкіметтің либерализміне мәз-майрам болып, прогресс заманына шаттанғандарға — реформалар *(самодержавие мен қанаушы таптарға зиянсыз реформалар)* берді.

Билеп-төстеуші топтың барлық мүшелері немесе ең болмағанда тіпті бірнеше мүшесі бұл әдейі орайластырылған полициялық-реакциялық тактиканы айқын түсінді және оны жүйелі түрде қолдануды көздеді деп айтқалы отырғанымыз жоқ. Бұл топтың жекелеген мүшелері, әрине, өздерінің ой-өрісінің тарлығынан тұтас алғанда бұл тактика жөнінде ойланып жатпай, «либерализмге» аңқаулықпен сүйсініп, оның полициялық жамылғысын байқамаған болуы мүмкін. Бірақ жалпы және тұтас алғанда, билеп-төстеушілердің коллективтік тәжірибесі мен коллективтік ақыл-ойы оларды бұл тактиканы үздіксіз қолдануға мәжбүр еткені күмәнсыз. Ақсүйектер мен сановниктердің көпшілігі ұзақ уақыт бойы

миссияда өзінің басты-басты жалған куәларды әшкерелегенін. олар, сірә, полиция агенттерінің қолшоқпарлары болғанын» айтты (325—326). Сөйтіп, *өрт салушы-студенттер деген лақапты полиция таратқан* деп ойлауға толық дәлел бар. Революционерлер мен наразылық білдірушілерге жала жабу үшін халықтың надандығын сұрқиялықпен пайдалану, демек, «ұлы реформалар заманының» ең қызу кезінде де кең қолданылған.

Николайдың қызметінде болып, полициялық өнерді үйренгені, былайша айтқанда, отынан да, суынан да, қыспағынан да өтіп, әбден ысылғаны тегіп кеткен жоқ. Олар монархтардың біресе либерализмді қуаттаған болып, біресе Радищевтердің жендеттері болғанын, сөйтіп шынымен берілгендерге Аракчеевтерді «айтақтап» салғанын олар ұмытқан жоқ; 1825 жылғы 14 декабрь[27] олардың есінде, 1848—1849 жылдарда орыс үкіметі Европа жандармериясының қандай қызметін атқарса,[28] олар да сондай қызмет атқарды. Самодержавиенің тарихи тәжірибесі үкіметті қорқыту, азғындату тактикасын қолдануға мәжбүр етіп қана қоймай, оның үстіне көптеген тәуелсіз либералдарды да үкіметке осы тактиканы ұсынуға итермеледі. Осы соңғы пікірдің дұрыстығына Кошелёв пен Кавелиннің мына пайымдаулары дәлел. «Конституция, самодержавие және Земство думасы» деген кітапшасында (Лейпциг, 1862 ж.) А. Кошелев конституцияға *қарсы* шығып, кеңесші Земство думасын қуаттайды және өзіне қарсы мынадай пікір айтылуын болжап біледі:

«Земство думасын шақыру дегеніміз Россияны революцияға бастау, яғни бізде Etats généraux-тың * қайталануына бастау, өйткені бұлар Конвентке айналған болатып және өзінің әрекетін 1792 жылғы оқиғалармен, проскрипцияларымен, гильотинасымен, noyades **, т. б. аяқтаған болатын». «Жоқ! мырзалар,— дейді жауабында Кошелев,— революцияға жол ашушы, өріс даярлаушы, сіздердің ойлағандарыңыздай, Земство думасын шақыру емес; қайта және дұрысында оны туғызатын үкіметтің бір адым ілгері басса, бір адым кері кететін жалтақ, бір-біріне қайшы істері, орындалмайтын бұйрықтары мен заңдары, ой мен сөзге салатын бұғауы; сословиелер мен жеке адамдардың іс-әрекеттерін полицияның (жария түрде және ең жаманы жасырын) бақылауы, кейбір адамдарды болмашы істер үшін қудалау, қазынаны талан-таражға салу, қаржыны шамадан тыс көп, орынсыз жұмсау және наградтар, мемлекет адамдарының қабілетсіздігі, олардың Россияны жатсынып, оқшау қалуы, т. т. және т. с. Әскери ұрып-соғу жазасы, абақтыға салу, жер аудару көп жылдық езгіден енді ғана көзі ашылған елде (тағы да өздеріңіз ойлайтындай мағынада) революцияға әкеліп соғуы әбден мүмкін: өйткені жаңа жарадан гөрі ушыққан жара жанға өте қатты батады. Бірақ қауіптенбеңіздер: сіздердің ойлағандарыңыз-

* — Бас штаттар. *Ред.*
** — жаппай суға батыру. *Ред.*

дай, журналистердің және басқа жазушылардың Францияда жасаған революциясы бізде болмайды. Сондай-ақ кісі өлтіруді өз мақсаттарына жетудің құралы деп танитын қызу қанды, ұр да жық адамдар қоғамының да Россияда құрылмайтынына (бұған кепіл болу қиын болса да) сенеміз. Бірақ жіктелудің әсерімен земстволық, қалалық және құпия полицияға байқатпай туатын шаруалар мен мещандар арасындағы келісім, оларға жас және ересек адамдардың, «Великоруссты», «Жас Россияны», т. б. шығарушылар мен жақтаушылардың қосылуы анағұрлым ықтимал, анағұрлым қауіпті. Барлығын да құртатын, заң алдындағы теңдікті емес, заңға қарсы теңдікті (қандай теңдесі жоқ либерализм! Біз, әлбетте, теңдікті қуаттаймыз, бірақ заңға — теңдікті бұзатын заңға — *қарсы емес* теңдікті қуаттаймыз!), халықтық, тарихи қауымды емес, оның азғындаған ұрпағын, кейбір мемлекет пысықсымақтары соншама қорқатын ақылға сүйенген өкіметті емес, олардың өздері соншама ынтамен қолданатын, дөрекі күшке сүйенген өкіметті уағыздайтын мұндай келісім — бізде осындай келісім болуы әбден мүмкін деймін, ал бұл келісім үкіметке қарсы ұстамды, игі ойлы, дербес оппозицияға қарағанда, біздің бюрократтар соншама жек көретін және барынша қысып, тұншықтыруға тырысатын оппозициядан әлдеқайда қауіпті болуы мүмкін. Ішкі, жасырын, аты жоқ баспасөздің партиясы сан жағынан аз және әлсіз деп ойламаңыздар, ол партияның тамырлары мен бұтақтарын қолға түсірдік деп санамаңыздар; жоқ! жастардың білімін арттыруына тыйым салумен, түрлі тентектікті мемлекеттік қылмысқа теңеумен, әр қилы ұсақ қудалаумен, бақылаумен сіздер бұл партияның күшін он есе арттырдыңыздар, оны бүкіл империяға таратып, көбейттіңіздер. Мұндай келісімнен дүмпу туған кезде біздің мемлекеттік адамдарымыз қандай шаралар қолданбақ? — Әскери күшті ме? Бірақ оған сене қоюға болар ма екен?» (49—51-беттер).

Бұл тираданың лепірме сөздерінен: «ұр да жық адамдарды» және «шаруалар мен мещандар арасындағы келісімнің» жақтаушыларын қырып-жою, «игі ойлы ұстамды оппозицияны» аз-маз жеңілдіктермен қанағаттандыру және іріту тактикасы айқын көрініп отырған жоқ па? Бірақ үкімет Кошелев мырзалар ойлағандағыдан гөрі ақылдырақ, ептірек болып шықты, сөйтіп «кеңесші» Земство думасын шақырудың орнына болмашы жеңілдіктер жасап құтылды.

Ал К. Д. Кавелиннің 1862 жылы 6 августа Герценге жазған жеке хаты мынау: «...Россиядан келіп жатқан хабарлар, меніңше, оншама жаман емес. Тұтқынға алынған Николай емес, Александр Соловьевич. Тұтқынға алу мені таңдандырмайды, шынымды айтсам, ол ма-

ған өрескел көрінбейді. Революцияшыл партия үкіметті құлату үшін қандай құрал қолданса да орынды деп есептейді, ал үкімет барлық құралымен қорғануда. Оңбаған Николайдың тұсындағы тұтқынға алу мен жер аударудың жөні бір басқа болды. Жұрт өзінің пікірі, сенімі, ұстаған діні, сөзі үшін өліп кетіп жатты. Мен үкіметтің орнында сенің озіңнің болуыңды тілер едім, сонда мен сенің өзіңе қарсы жасырып да, жария да әрекет жасаған партияларға не істегеніңді көрер едім. Мен Чернышевскийді жақсы көрем, тіпті өте жақсы көрем, бірақ ондай brouillon» (сотқар, қазымыр, сыйысуға болмайтын, іріткі салып жүретін адамды), «мұндай әдепсіз, менмен адамды ешқашан көрген емеспін. Жоққа бола, түкке тұрмайтын іске бола өлу! Өрттердің прокламацияларға байланысты болғанына қазір ешбір күмән жоқ»*. Профессорлық-итаршылық терең ойлылықтың үлгісымағы міне осы! Бәріне осы революционерлер кінәлы, олар тым өркөкіректігінен лепірген либералдарды масқаралауға дейін барады, олар өте-мөте қызбалығынан астыртын жолмен де, жария түрде де үкіметке қарсы жұмыс жүргізеді, олар мейлінше әдепсіздігінен Петропавл қамалына отырғызылады. Мұндай адамдарды, егер өкімет билігі қолында болса, либерал профессор, ол да, «барлық құралдарды» қолданып, жазалаған болар еді.

II

Сонымен, земстволық реформа қоғамдық бас көтеру мен революциялық тегеурін толқыны самодержавиелік үкіметтен жеңіп алған жеңілдіктердің бірі болды. Біз «Жазбаның» баяндалуын толықтырып, түзету үшін бұл тегеурінді сипаттауға мейлінше егжей-егжейлі тоқталдық, өйткені ол «Жазбаның» бюрократ авторы осы жеңілдікті тудырған күресті бүркемелеп көрсетті. Бірақ бұл жеңілдіктің жартыкеш, жасқаншақтық сипаты «Жазбаның» өзінде де едәуір айқын суреттелген:

---

* К. Д. Кавелиннің және И. С Тургеневтің А. И. Герценмен жазысқан хаттарының Драгоманов бастырып шығарған немісше аудармасынан алдық: Bibliothek russischer Denkwürdigkeiten, herausgegeben von Th. Schiemann, Bd. 4, S. 65—66. Stuttgart, 1894 (Т. Шиман бастырып шығаратын Орыс әдебиеті мұраларының кітапханасы, 4-том, 65—66-беттер, Штутгарт, 1894. *Ред.)*.

«Алғашқы кезде, земстволық реформаға жаңа ғана кіріскен кезде, уәкілетті мекемелер * құру жолында алғашқы адым жасау көзделгені күмәнсыз; бірақ кейіннен, граф Ланской мен Н. А. Милютиннің орнына граф Валуев отырған кезде, «ымыраласу» рухында, «жұмсақтық және жалтару» рухында қимылдау ниеті өте-мөте айқын көрінді, мұны бұрынғы ішкі істер министрінің өзі де теріске шығарған жоқ. Сол кезде ол: «Үкімет не көздейтінін өзі де анықтаған жоқ» деген болатын. Қысқасы, амал не, мемлекет адамдары өте жиі қайталайтын және әрдайым жұрттың бәрі үшін теріс нәтиже беретін әрекет — қарама-қарсы екі пікір арасында жалтара қимылдауға, либералдықниетті қанағаттандыра отырып, қазіргі тәртіпті сақтауға әрекет жасалды...»

Бұл жерде мына «амал не» деген екіжүзділік тіпті күлкілі! Полициялық үкімет *қолданбай отыра алмайтын* тактиканы, фабрика инспекциясы туралы заңдарды, жұмыс күнін қысқарту туралы заңды (1897 ж. 2 июнь) шығарғанда қолданған, генерал Ванновскийдің «қоғамға» [29] жарамсақтануы арқылы қазірде де (1901 ж.) қолданып отырған тактиканы сол үкіметтің министрі бұл жерде кездейсоқтық деп көрсетеді.

«Бір жағынан, земстволық мекемелер туралы ережеге түсініктеме жазбада: жобаланып отырған заң жергілікті жердің өзін өзі басқаруы негіздерін мүмкіндігінше толық және дәйекті түрде дамытуды көздейді, «земстволық басқарма дегеніміз сол баяғы мемлекеттік өкіметтің ерекше органы ғана» делінді... Ішкі істер министрлігінің сол кездегі органы «Северная Почта» өзінің мақалаларында құрылатын мекемелер уәкілетті мекемелердің мектебі болатынын өте айқын аңғартты.

Екінші жағынан... земстволық мекемелер түсініктеме жазбада жеке қоғамдар мен жай адамдар бағынатын негізде жалпы заңдарға бағынатын жеке және қоғамдық мекемелер деп аталады...

1864 жылғы Ереже қаулыларының өзі де, сол сияқты, әсіресе ішкі істер министрлігінің земстволық мекемелер жөніндегі кейінгі шараларының бәрі де земстволық мекемелердің «дербестігінен» өте-мөте қауіптенгендікті, бұл мекемелердің тиісінше өркендеуіне жол беруден қорыққандықты, *мұның неге әкеп соқтыратынын толық түсінгендікті* мейлінше айқын көрсетеді», (Барлық жерде курсив біздікі.)... «Земстволық реформаны аяқ-

* Леруа-Больенің сөзіне сүйеніп айтып отырған «Жазбаның» авторы әдеттегі бюрократтық бөспеге салынып кетіп отырғаны «күмәнсыз». Ланскойдың да, Милютиннің де шын мәнінде ешқандай айқын мақсаты болмағаны «күмәнсыз», ал Милютиннің жалтарма сөздерін («принципінде конституцияны жақтайды, бірақ оны енгізетін кез жеткен жоқ деп есептейді») «алғашқы адым» деп тану — кісі күлерлік іс.

тап шығуына тура келген адамдар бұл реформаны, түсініктеме жазбада айтылғанындай, «земстволық мекемелердің құрылуына байланысты *әр түрлі сословиелерде* туған, *іске аспайтын үміт пен ерікті ниетке* шек қою» үшін *жұртшылық пікірінің ыңғайына көшуді көздеп қана* жүргізді; мұнымен бірге бұл адамдар оны (? реформаны?) айқын түсініп, *земствоның тиісінше дамуына жол бермеуге*, оған жеке сипат беруге, оның міндеттеріне шек қоюға, т. б. *тырысты*. Алғашқы адым соңғы адым емес деген уәдемен либералдарды алдарқата отырып, земстволық мекемелерге іс жүзінде тәуелсіз билік беру қажет деп немесе, дұрысырағы, либералдық бағытты жақтаушылардың осы айтқандарын қайталай отырып, граф Валуев *1864 жылғы Ережені жасаған кездің өзінде бұл билікке шек қойып, земстволық мекемелерге қатаң әкімшілік бақылау орнатуға тырысты*...

Белгілі бір басшы пікірге негізделмеген, қарама-қарсы екі бағытты ымыраға келтіруші болған земстволық мекемелер 1864 жылғы Ереже бойынша жасалған формасында іске кірісе бастағанда, өздерінің негізі болған өзін өзі басқарудың негізгі идеясына да, оларды беталды өзіне тіркей салған, оның үстіне реформаланбай және тұрмыстың жаңа жағдайына бейімделмей қала берген әкімшілік құрылысына да сай келмейтін болып шықты. 1864 жылғы Ереже үйлеспейтін нәрселерді үйлестіруге, сөйтіп земстволық өзін өзі басқаруды жақтаушыларды да, оған қарсы шығушыларды да қанағаттандыруға тырысты. *Земстволық өзін өзі басқаруды жақтаушыларға өзін өзі басқарудың сыртқы пішінін көрсетіп, келешекке үміт арту ұсынылды, ал оған қарсы шығушылардың тілегіне сай земстволық мекемелердің міндеттері өте-мөте созалаңқы белгіленді».*

Өздерінің қайсыбір әріптесін аяқтан шалып, өзінің терең ойлылығын көрсетпек болғанда біздің министрлердің кейде абайсыздан небір тапқыр сөздер айтатыны бар-ау, жайсаң жанды орыс тоғышарларының бәріне, «ұлы» реформалар алдында бас июшілердің бәріне полициялық данасымақтықтың: «алғашқы адым соңғы адым емес деген уәдемен либералдарды алдарқату», оларға «сыртқы пішінін көрсетіп, келешекке үміт артуды ұсыну»,— деген ұлы өсиеттерін алтын рамкамен қоршап, өздерінің тұсына іліп қойғаны қандай пайдалы болар еді! Генерал Ванновскийдің «шын жүректен жасаған қамқорлығы» туралы әрбір газет мақаласын немесе заметкасын оқығанда бұл өсиеттерді еске түсіріп отыру, әсіресе қазіргі уақытта пайдалы болар еді.

Сонымен, әуел бастан-ақ земствоның маңдайына орыстың мемлекет басқару арбасының бесінші доңғалағы, бюрократия өзінің құдіретіне нұқсан келтірмейтін

болған соң, халықтан сайланған депутаттардың ролі жалаң практикадан, чиновниктер белгілеген міндеттерді жай орындап қана отырудан әрі аспайтын болған соң *рұқсат еткен* доңғалағы болу жазылды. Земстволардың өздерінің атқарушы органдары болмады, олар полиция арқылы жұмыс істеуге тиісті болды, земстволардың бірбірімен байланысы болмады, земстволар бірден-ақ әкімшілік орындарының бақылауына берілді. Сөйтіп, өз басына зиянсыз осындай жеңілдік жасады да, үкімет земствоны енгізген күннің ертеңінде-ақ оған үнемі қысым жасап, шек қоюға кірісті: құдіретті чиновниктер тобы барлық сословиелерден сайланған өкілдермен сыйыса *алмады* және оларды барынша қудалай бастады. Бұл қудалау туралы мәліметтердің жиынтығы, толық еместігі көзге ұрып тұрса да, «Жазбаның» өте қызық бір бөлімі болып табылады.

Либералдар 60-жылдардың бас кезіндегі революциялық қозғалыс жөнінде қандай қорқақтық, қандай парасатсыздық істегенін біз көрдік. «Мещандардың және шаруалардың *«Великоруссты»* жақтаушылармен келісімін» қолдаудың орнына, олар бұл «келісімнен» қорықты, сөйтіп үкіметті қорқытпақ болды. Үкімет қудалаған демократиялық қозғалыстың жетекшілерін қорғауға ұмтылудың орнына, олар екіжүзділікпен бойын аулақ салып, үкіметті ақтамақ болды. Сөйтіп, олар бұл даурықпа сөзуарлығы мен масқара дәрменсіздіктен шыққан сатқындық саясаты үшін сазайын тартты. Тек мылжыңдап қана қоймай, бостандық үшін *күресе де* білетін адамдарды жазалағаннан кейін, либералдарды «бастықтардың рұқсатымен» отырған болмашы, екінші дәрежелі позицияларынан да ығыстырып шығаруға үкімет өз күшінің жететіндігін сезінді. «Мещандар мен шаруалардың» революционерлермен «келісімі» елеулі қауіп болып тұрғанда ішкі істер министрлігінің өзі де «уәкілетті мекемелер мектебі» туралы міңгірледі, ал «әдепсіз және мен-мен» даурықпалар мен «сотқарлар» шеттетілгеннен кейін «шәкірттерді» бет-жүзі шімірікпей қыспаққа алды. Әрі-сәрі дәуір басталды: земство өз праволарының кеңейтілуін өтінеді, ал земствоның праволарын үсті-үстіне *тартып ала береді,* оның өтініште-

ріне «әкелік» ақыл айтып жауап береді. Бірақ мұны ең болмағанда «Жазбада» келтірілген тарихи даталардың өздері-ақ айтсын.

1866 жылы 12 октябрьде ішкі істер министрлігінің нұсқау хаты земство қызметшілерін үкімет мекемелеріне толық бағынышты етті. 1866 жылы 21 ноябрьде земстволардың сауда, өнеркәсіп орындарына алым-салық салу праволарына шек қойылған заң шықты. 1867 жылы Петербургтің земство жиналысында бұл заң қатты сыналады, осы заңда көтерілген мәселелерді «орталық әкімшілік пен земствоның күш біріктіріп, бір мезгілде еңбек етіп» талқылауын үкіметтен өтінуге (граф А. П. Шуваловтың ұсынысы бойынша) шешім қабылдапады. Бұл өтінішке үкімет Петербургтің земстволық мекемелерін жабумен, қысым көрсетумен жауап береді: С.-Петербург земство басқармасының председателі Крузе Оренбургке жер аударылды, граф Шувалов Парижге жіберілді, сенатор Любощинский орнынан түсуге мәжбүр етілді. Ішкі істер министрлігінің органы «Северная Почта» [30] жариялаған мақалада былай делінген: «мұндай қатал жазалау шарасын қолдануға мынандай себептер болды: земство жиналыстары да өз мәжілістерінің ашылуынан бастап-ақ заң бойынша әрекет еткен жоқ» (қандай заң бойынша? онда заңды бұзушыларды не себепті *сот жолымен* қудаламады? шапшаң, әділетті, қайырымды сот жаңа ғана енгізіліп еді ғой?), «сөйтіп, өздеріне сеніп тапсырылған жергілікті земство-шаруашылық мүдделеріне іс жүзінде қамқорлық ету үшін патша низам тарапынан өздеріне сыйға тартылған праволарды пайдаланып, басқа губерниялардың земство жиналыстарын қуаттаудың орнына» (яғни, сөзге келмей бағынып, чиновниктердің «ыңғайына» көшіп отырудың орнына) «үнемі істің жайын бұрмалап түсіндіріп, заңдарды теріс ұғындырып, *үкіметке сенбеу және оны құрметтемеу сезімін қоздыруға* тырысатынын көрсетті». Мұндай ғибраттан кейін, «1866 жылғы 21 ноябрьдегі заң барлық жерде күшті наразылық туғыза тұрса да, көп адамдар оны жиналыстарда земстволарды жоюмен тең нәрсе дей тұрса да, басқа земстволардың Петербург земствосын қолдамағанына» таңдануға болмайды.

1866 жылғы 16 декабрьде сенаттың «түсіндіруі» шықты, онда губернаторларға, егер ол өзі — губернатор — сенімсіз деп таныса, земство жиналысы сайлаған адамның қандайын болса да бекітпеуге право берді. 1867 жылы 4 майда сенаттың басқа бір түсіндіруі шықты: мұнда земство ұйғарымдарын барлық басқа губернияларға білдіру заңға қайшы, өйткені земство мекемелері жергілікті істерді басқаруға тиіс делінген. 1867 жылғы 13 июньде Мемлекеттік советтің патшаның өзі бекіткен ұйғарымы болды, мұнда земстволық, қалалық және сословиелік қоғамдық жиналыстарда қабылданған қаулыларды, мәжілістер туралы есептерді, мәжілістердегі жарыс сөздерді, т. т. жергілікті губерниялық басшылардың рұқсатынсыз бастырып шығаруға тыйым салынды. Сонан соң, осы заңның өзінде земство жиналыстары председательдерінің билігі күшейтілді, оларға жиналыстарды жабуға право берілді және оларға заңға қайшы мәселелер талқылауға қойылатын жиналыстарды жабу міндеттеліп, бұл орындалмаса, *жазаға тартылатын* болды. Бұл шараға жұртшылық өте наразы болды және оны земствоның жұмысына мықтап шек қойғандық деп санады. «Жаңа заң,— деп жазды Никитенко өзінің күнделігінде,— земствоның қол-аяғын бірдей матағанын жұрттың бәрі біледі, бұл заң бойынша, жиналыстардың председательдері мен губарнаторлар земствоға шексіз дерлік билік жүргізетін болды». 1868 жылғы 8 октябрьдегі нұсқау хат земство басқармаларының есептерін бастырудың өзін де губернаторлардың рұқсатына тәуелді етіп қойды, земстволардың өзара қарым-қатынасын шектеді. Земстволарды халық ағарту жұмысына іс жүзінде жетекшілік етуден шеттету көзделіп, 1869 жылы халық училищелерінің инспекторлары тағайындалды. 1869 жылы 19 сентябрьде Министрлер комитетінің патшаның өзі бекіткен ережесі «земстволық мекемелер өздерінің құрамы жағынан да, негізгі бастамалары жағынан да үкімет орындары емес» деп мойындайды. 1870 жылғы 4 июльдегі заң мен 1870 жылғы 22 октябрьдегі нұсқау хат земство қызметшілерінің губернаторларға тәуелділігін нығайтып, күшейте түседі. 1871 жылы халық училищелерінің инспекторларына берілген нұсқау

оларға сенімсіз деп танылған мұғалімдерді қызметтен шығаруға, училище кеңесінің қандай да болса шешімін тоқтатып, істі қамқоршылардың шешуіне жіберуге ерік береді. 1873 жылғы 25 декабрьде II Александр халық ағарту министрінің атына жіберген жоғары дәрежелі жолдамасында *қамқоршылардың бақылауы жеткіліксіз болса,* халық мектебі *«халықты адамгершіліктен аздыратын құралға»* айналдырылуы мүмкін екенін, *«қазірдің өзінде осыған бірсыпыра әрекет жасалғаны байқалып отырғанын»* айтып, мұнан қауіптенетінін білдірді және дворяндардың жетекшілеріне бұл іске қолма-қол қатысып, бұл мектептердің өнегелі әсерінің қамтамасыз етілуіне мүмкіндік жасауға бұйырады. Мұнан кейін 1874 жылы халық училищелері туралы жаңа Ереже шығады, мұнда мектептерді меңгеру билігін түгелдей халық училищелері директорларының қолына береді. Егер земство өкілдерінің қатысуымен заңды қайта қарау туралы өтінішті (Қазан земствосының 1874 жылғы өтініші) шыпымен наразылық деп атауға болса, земство «наразылық білдіреді». Өтініш, әрине, қабылданбайды. Т. т. және т. с.

III

Ішкі істер министрлігі ашқан «уәкілетті мекемелер мектебінде» россиялық азаматтарға үйретілген ғылымның бірінші сабағы осындай болды. Бақытымызға қарай, 60-жылдардағы конституциялық мәлімдемелер жөнінде: «Есуастықты тастап, іске кірісетін уақыт жетті, ал іс қазір земстволық мекемелерде, басқа ешқайда да емес» * деп жазған саяси шәкіртсымақтардан басқа Россияда мұндай «әдептілікке» қанағаттанбаған, халық арасында революциялық уағыз таратқан «сотқарлар» да болды. Олар шын мәнінде революциялық емес теорияның туын көтергеніне қарамастан, бұлардың уағызы білімді жастардың қалың топтары арасында қалай дегенмен наразылық пен қарсылық сезімін оятты. Са-

* Москва дворяндарының «бүкіл мемлекетке ортақ мұң-мұқтажды кеңесу үшін орыс елі адамдарының жалпы жиналысын шақыру» туралы өтініші жөнінде Кавелиннің 1865 жылы туысқандарына жазған хаты.

яси күресті теріске шығаратын утопиялық теория болуына қарамастан, қозғалыс аз ғана батырлар тобының үкіметпен тайсалмастан шайқасуына, саяси бостандық жолындағы күреске әкеліп соқты. Осы күрестің арқасында, тек соның арқасында ғана істің жайы тағы да өзгеріп, үкімет амалсыздан тағы да бір жеңілдік жасауға мәжбүр болды, ал либералдық қоғам өзінің саяси дәрменсіздігін, күрескерлерді қолдауға және үкіметке шындап қысым жасауға шамасы келмейтінін тағы да дәлелдеді. Земствоның конституциялық ниеті айқын көрінді, бірақ мұнысы дәрменсіз «шабыт» болып шықты. Земстволық либерализмнің өзі саяси жағынан едәуір алға басса да, мұның өзі осылай болып шықты. Әсіресе оның астыртын партия ұйымдастыру және өзінің саяси органын шығармақ болған әрекеті тамаша еді. Земство түскен «тайғақ жолды» (98-бет) сипаттау үшін Виттенің «Жазбасында» астыртын жарық көрген бірнеше шығармалардың (Кеннанның, Драгомановтың, Тихомировтың) мәліметтері келтіріледі. 70-жылдардың аяқ шенінде земство либералдарының бірнеше съезі өткізілді. Либералдар «әсіре революцияшыл партияның бүліншілік әрекетін ең болмағанда уақытша тоқтатуға шара қолданбақ» болды, «өйткені земство либералдары егер терроршылар қорқыту, күш жұмсау жолымен үкіметті ызаландырып, мазасын ала берсе, онда бейбіт жолмен ештеңеге қол жетпейтініне сенді» (99-бет). Сонымен, күрес өрісін кеңейтудің, қоғамның азды-көпті қалың тобы болып, жеке революционерлерді қолдаудың, қандай да болса жалпы тегеурін көрсетуді (демонстрация жасау, земстволардың міндетті шығындарды төлеуден бастартуы, т. б. формасында) ұйымдастырудың орнына либералдар тағы да бәз-баяғы «әдептіліктен» бастайды: үкіметті «ызаландырмаңдар»! тілектеріңізге «бейбіт жолмен» жетіңдер дейді, ал бұл бейбіт жол өзінің бейшаралығын 60-жылдары соншалық айқын көрсеткен болатын! * Революционерлер соғыс қимылдарын тоқтату-

* Драгоманов былай деп дұрыс айтқан: «Шынына келгенде Россиядағы либерализмнің толық «бейбіт әдістері» болуы да мүмкін емес, өйткені жоғары басқарманы өзгерту туралы қандай да болса мәлімдеме жасауға бізде заңдар тыйым салған. Земство либералдары мұндай тыйым салуды батыл түрде баса-көктеп, ең болмағанда осынысы ар-

дың немесе кідіртудің қандайына болса да бармағаны түсінікті. Сонан кейін земствошылар «оппозицияшыл элементтер лигасын» құрды, бұл кейіннен «Земство одағы және өзін өзі басқару қоғамына» немесе «Земство одағына» айналды. Земство одағының программасы: 1) сөз және баспасөз бостандығын; 2) адамның жеке басына кепілдікті және 3) құрылтай жиналысының шақырылуын талап етті. Галицияда астыртын кітапшалар шығару әрекеті іске асады (Австрия полициясы қолжазбаларды да қолға түсірді, оларды бастырмақ болған адамдарды да тұтқынға алды), мұнан соң Женевада Драгомановтың (Киев университетінің бұрынғы профессоры) редакциясымен шығып тұрған «Вольное Слово»[31] 1881 жылғы августан бастан «Земство одағының» органы болды. «Сайып келгенде,— деп жазды 1888 жылы Драгомановтың өзі,—... «Вольное Слово» түрінде земство органын шығару тәжірибесін ойдағыдай болды деп тануға болмайды, өйткені, басқасын айтпағанның өзінде, земство материалдары редакцияға тек 1882 жылдың аяғынан бастап дұрыс түсе бастады, ал 1883 жылы майда оның шығуы тоқтатылды» (жоғарыда аталған шығарма, 40-бет). Либералдар органының сәтсіздікке ұшырауы либералдық қозғалыстың әлсіздігінің табиғи нәтижесі болды. 1878 жылы 20 ноябрьде II Александр Москвада сословиелердің өкілдеріне арнап сөз сөйледі, ол сөзінде олар «адасып жүрген жастарды сенімсіз адамдар тартпақ болатын қауіпті жолдан қайтаруға көмектеседі» деп сенім білдірді. Мұнан кейін «Правительственный Вестникте»[32] де (1878 ж., № 186) жұртшылықты көмекке шақырған үндеу жарияланды. Бұған жауап ретінде бес земствоның жиналысы (Харьков, Полтава, Чернигов, Самара және Тверь земстволары) Земство жиынын шақыру қажет екендігі туралы мәлімдеме жасады. «Егер ішкі істер министрлігі»,— деп жазады «Жазбаның» авторы Витте, баспасөзде үшеуі ғана тұтас жарық көрген осы земство хаттарының мазмұнын

қылы үкімет алдында да, террористер алдында да өз күшін көрсетуге тиіс еді. Земство либералдары мұндай күш көрсетпегендіктен, оларға мүлсыз да бар биліктен ада болған земстволық мекемелерді де жоюға үкіметтің ниеттенгенін көруге тура келді» (жоғарыда аталған шығарма, 41—42).

толық баяндай келіп,— «мұндай мәлімдемелерге жол бермеуге дер кезінде шаралар қолданбаған болса, Земство жиынын шақыру туралы земство мәлімдемелері мұнан әлдеқайда көп болар еді деп те ойлауға болады: губерниялық земство жиналыстарында председательдік етуші дворяндар жетекшілеріне жиналыстарда мұндай хаттардың оқылуына да жол берілмесін деп бұйырылып, нұсқау хат жолданды. Кейбір жерлерде земство мүшелері тұтқынға алынып, жер аударылды, ал Черниговта мәжіліс залына тіпті жандармдар кіріп, залдағыларды күшпен қуып шықты» (104).

Либералдық журналдар мен газеттер бұл қозғалысты қолдады, «Москваның 25 әйгілі азаматының» Лорис-Меликовқа жолдаған петициясында земство өкілдерінің тәуелсіз жиналысын шақыру керек деп көрсетілді және бұл жиналысты ұлт басқару ісіне қатыстыру ұсынылды [33]. Ал Лорис-Меликовты ішкі істер министрі етіп тағайындау арқылы үкімет, *сірә,* жеңілдік жасаған болды. Бірақ шынында да, *сірә,* жеңілдік жасаған болса керек, өйткені ешқандай батыл қадам жасалмағаны былай тұрсын, тіпті ешқандай тыңғылықты, бұрмалауға келмейтін мәлімдемелер де болған жоқ. Лорис-Меликов Петербургтегі мерзімді басылымдардың редакторларын шақырып алып, оларға «программаны» баяндады: халықтың тілегін, мұқтажын, т. т. білу, земствоға, т. т. заңды праволарды пайдалануға мүмкіндік беру (либералдық программа земстволардың өздерінің заң бойынша үнемі шектеліп отырған «праволарына» кепілдік береді!) және т. б. «Жазбаның» авторы былай деп жазады:

«Онымен әңгімелескендер арқылы — олардың өзі осы үшін шақырылып еді — министрдің программасы бүкіл Россияға жарияланды. Шын мәнісінде ол тұжырымды уәде берген жоқ. Әркім-ақ онан нені болса да оқи алатын, яғни бәрін оқи алатын немесе түк те оқи алмайтын. Сол кездегі астыртын листоктардың біреуінің бұл программа туралы: онда бұлаңдаған «түлкі құйрығы» да, сақылдаған «қасқырдың азуы» да бар деп бейнелеп айтқаны өзінше дұрыс еді (сөзсіз «кім көрінгенше» емес, тек «өзінше» ғана дұрыс па?) [34]. Программаны

баспасөз өкілдеріне хабарлай отырып, граф олардан «өздерінің буалдыр қиялдарымен қоғамдық ойды құр бекерге абыржытып, азапқа салмауды» қатты талап еткендіктен де программа мен оның авторы жөнінде осылай деу әбден түсінікті». Бірақ либерал земствошылар астыртын листоктың бұл *шындығына* құлақ қоймай, бұландаған «түлкі құйрығын» сенім білдіруге болатын «жаңа бағытқа» балады. «Земство үкіметке сенді, тілектес болды»,— деп Виттенің «Жазбасы» «Россияның қазіргі жағдайы туралы земство жиналыстарының пікірі» деген құпия кітапшаның сөздерін қайталайды,— «алысқа ұмтылудан, оған шамадан тыс өтініштер қоюдан қорқып қалған тәрізді». Өз пікірлерін еркін айтатын земство жақтастарына тән мойындау мынадай: Земство одағы 1880 жылғы съезінде «қалай да бір палата болу және жалпыға бірдей дауыс беру шартымен орталық халық өкілдігіне жетуіміз керек» деп шешкені сол еді,— енді сол *жетуіміз* керек деген шешім *«алысқа ұмтылмау»,* екі ұшты және ешқандай берері жоқ мәлімдемелерге *«сену, тілектес болу»* тактикасымен жүзеге асырылмақ! Земствошылар әлдеқандай кешірімсіз аңқаулықпен: петиция тапсыру дегеніміз мақсатқа «жету» деп ойлады,— сондықтан да петициялар «земстволардан үсті-үстіне жауды». 1881 жылы 28 январьда Лорис-Меликов «ақ патша тарапынан» көрсетілген заң жобаларын жасау үшін земстволардың сайлаулы адамдарынан комиссия — тек кеңесші дауысты комиссия — құру туралы патшаға тағзым еткен баяндама тапсырды. II Александр тағайындаған Арнаулы Кеңес бұл шараны мақұлдады, Кеңестің қорытындысын 1881 жылғы 17 февральда патша бекітті, ол Лорис-Меликов ұсынған үкімет хабарының текстін де мақұлдады.

«Тек бірыңғай кеңесші комиссияның құрылуы,— дейді «Жазбаның» авторы Витте,— әлі конституцияны жасамағаны күмәнсыз еді». Бірақ, дейді автор, мұның өзі конституцияға қарай, басқа еш нәрсеге де емес, алға басқан (60-жылдардағы реформадан кейінгі) адым болғанын теріске шығаруға бола қояр ма екен. Осылай дей келіп, автор Лорис-Меликовтың баяндамасы жөнінде II Александр: «Бұл États généraux [35] қой»... «Біздерге

XVI Людовик тұсындағы нотабльдер жиналысы сияқты бір нәрсені ұсынып отыр ғой»[36] деп айтыпты деген шетел баспасөзінің хабарын қайталайды.

Біздің өз тарапымыздан айта кетеріміз: Лорис-Меликовтың жобасын жүзеге асыру белгілі бір жағдайда конституцияға қарай аттаған адым *болар еді,* бірақ ондай болмауы да мүмкін еді: істің бәрі қайсысының басым болуына — революциялық партия мен либералдық қоғамның қысымы басым бола ма немесе самодержавиені қасарыса жақтаушылардың өте-мөте құдіретті, топтасқан, қандай құралды болса да талғамай қолданатын партиясының қарсы әрекеті басым бола ма деген мәселеге байланысты еді. Егер не болар еді дегенді былай қойып, не болғанын айтсақ, онда үкімет сөзсіз *солқылдақтық* көрсетті деуімізге тура келеді. Біреулер либерализмге қарсы батыл күресуді қуаттады, екіншілері жеңілдік жасауды қостады. Бірақ — мұның ерекше маңызы бар — осы айқын белгіленген программасы болмаған, пысықсымақ бюрократтар дәрежесінен аса алмаған осы соңғылары да солқылдақтық жасады.

«Граф Лорис-Меликов,— дейді «Жазбаның» авторы Витте,— іске тура қараудан қорыққандай, өзінің программасын мейлінше дәл белгілеуден қорыққан тәрізді, мұның орнына — рас, басқа бағытта — бұрынғы жалтақ саясатты, земство мекемелері жөнінде кезінде граф Валуев қабылдаған саясатты, жүргізе берді.

Сол кездегі жария баспасөзде де дұрыс ескертілгені сияқты, Лорис-Меликов мәлімдеген программаның өзінде тұрлаусыздық күшті болды. Бұл тұрлаусыздық графтың онан кейінгі іс-әрекеттері мен сөздерінің бәрінен көрінеді. Ол, бір жағынан, самодержавие «халықтан алыстаған», «қоғамның қолдауын негізгі күш деп қарайды...», жобаланған реформаны «түбегейлі нәрсе деп қарамай, оны алғашқы адым деп біледі», т. б. дейді. Сонымен бірге, екінші жағынан, граф баспасөз өкілдеріне «...қоғамда пайда болған үміт буалдыр қиялдан басқа түк те емес...» деп мәлімдеді, ал патшаға тағзым еткен баяндамасында ол Земство жиыны «өткенге қайтып оралудың қауіпті тәжірибесі...» болар еді, өзі жобалаған шараның самодержавиеге шек қою жөнінде ешқандай маңызы болмайды, өйткені батыстағы конституциялық формаларға мұның уш қайнаса сорпасы қосылмайды деп кесіп айтты. Жалпы, Л. Тихомировтың әділ ескерткеніндей, бұл баяндаманың өзі формасы жағынан керемет былыққан» (117-бет).

Ал бостандық жолындағы *күрескерлерге* көзқарасы жағынан «жүрек диктатурасының» [37] осы атышулы батыры Лорис-Меликов «қаталдықты бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге, басылып шыққан листок қалтасынан табылғаны үшін 17 жастағы баланы өлім жазасына кесу фактілеріне дейін жеткізді. Лорис-Меликов насихат жүргізгені үшін азап шеккен адамдардың халін наштарлату үшін Сибирьдің ең қиыр түкпірлерін де естен шығармады» (В. Засулич, «Социаль-Демократ» [38], № 1, 84-бет). Үкімет осындай табансыз болып отырғанда, тегеуірінді күрес жүргізуге қабілетті күштің ғана конституцияға қолы жетуі мүмкін болатын, ал мұндай күш болмады: революционерлер 1 мартпен [39] тынды, жұмысшы табы ішінде кең қозғалыс та, берік ұйым да болмады, либералдық қоғам бұл жолы да саяси жағынан кемелденбегенін көрсетті, сөйтіп бұл қоғам II Александр өлтірілгеннен кейін де өтініш жасаудан әріге бармады. Земстволар мен қалалар өтініш жасады, либералдық баспасөз («Порядок» [40], «Страна» [41], «Голос» [42]) өтініш жасады, баяндама жазбалардың либерал авторлары да (маркиз Велепольский, профессор Чичерин және профессор Градовский — Виттенің «Жазбасында» бұлардың баяндамаларының мазмұны Лондонда шыққан кітапшадан алынған *: «Граф Лорис-Меликовтың конституциясы», еркті орыс баспасөз қорының басылымы. Лондон, 1893 ж.) айрықша ізгі ниетті, түсініксіз әрі көмескі формада өтініш жасады, олар «монархты, өзі айтқан шектен оның өзі де байқамай қалатындай етіп тапқырлықпен өткізіп жіберудің қисынды әрекеттерін» ойлап шығарды. Бұл сақтықпен айтылған өтініштер мен ойдан шығарылған айлакерліктің бәрі, әлбетте, революциялық күшсіз бос нәрсе болып шықты, сондықтан да самодержавие партиясы жеңіске жетті, жеңгенде 1881 ж. 8 мартта Министрлер советінде көпшіліктің (7 қарсы 5) Лорис-Меликовтың жобасын *жақтағанына* қа-

* «Жазбаның» авторы, жоғарыда көргеніміздей, жасырын кітапшаларды мейлінше мұқият көшіріп, «астыртын баспасөз бен шетел әдебиеті мәселенің жайына өздерінің көзқарасы тұрғысынан біршама дұрыс баға бергенін» (91-бет) мойындайды. «Мемлекет зерттеуші» орыс ғылымының тек кейбір өңделмеген материалы ғана өзінікі болып шықты, ал Россиядағы саяси мәселелерге негізгі көзқарастардың бәрін ол астыртын әдебиеттен алуға тиісті болды.

рамастан жеңді. (Сол кітапшаның өзінде осылай делінген, бірақ оның сөзін мұқият көшірген «Жазбаның» авторы Витте бұл жерде, неге екені белгісіз, былай деп мәлімдейді: «Бұл — 8 марттағы — кеңесте не болғаны, оның қандай тоқтамға келгені оншалықты мәлім емес; ал шетел баспасөзінде шыққан лақаптарға сену сақтық жасамағандық болар еді», 124.) 1881 жылғы 29 апрельде самодержавиені орнықтыру және қорғау туралы манифест шықты, Катков мұны «әуеден жауған құймақ» деп атады [43].

Шаруалар азат етілгеннен кейін революциялық дүмпудің толқыны екінші рет тойтарылды, ал мұнан кейін және осы тойтарыстың салдарынан либералдық қозғалысты екінші рет *реакция* ауыстырды, орыстың прогресшіл қоғамы бұл үшін, әрине, қатты қайғырып жоқтау айта бастады. Біз жоқтауға әбден машықтанып алғанбыз: революционерлер үкіметті жағадап алғанда, біз олардың әдепсіздігін және менмендігін айтып жылаймыз; үкімет өзіне қарсы нағыз қауіпті күштің жоғын көріп, жалған уәде бергенде, бір қолымен бергенін екінші қолымен қайтып алып жатқанда, біз үкіметтің батылсыздығын айтып жылаймыз; үкімет халық қолдамаған революционерлерді жазалап, олқылықтың орнын толтыруға тырысқанда, жаңа күреске шығу үшін күш жинап жатқанда, біз «идеясыз, мұратсыз өткен уақытты» айтып жылаймыз.

IV

Лорис-Меликов министр болған кезең «жүрек диктатурасының» заманы деп аталды; бұл заман біздің либералдарға, егер үкіметті тізе бүгуге мәжбүр ете алатын елеулі қоғамдық күш болмаса, үкімет мейлінше ауытқып, Министрлер советінде көпшілік «реформаға қарай жасалған алғашқы адымды» мақұлдап отырған жағдайда, бір министрдің, тіпті премьер-министрдің «конституционализмінің» өзінен де түк шықпайтынын көрсетті. Сондай-ақ, қызықты бір жағдай — тіпті самодержавиені нығайту туралы манифест жарияланғаннан кейін III Александр үкіметі де өзінің барлық тырнақтарын

бірден батырмай, «қоғамды» біраз уақыт ақымақ етіп байқауды қажет деп тапты. «Ақымақ ету» дегенде біз үкіметтің саясатына белгілі бір министрдің, сановниктің және т. с. қайдағы бір маккиавелишілдік жоспарын [44] телімек емеспіз. Жалған уәделер беру, жұртшылық пікірінің «ыңғайымен» маңызды болып көрінетін кейбір шараларды қолдану жүйесі қазіргі замандағы қандай үкіметтің болсын, оның ішінде орыс үкіметінің де тәні мен қанына әбден сіңген дегенмен айнымай қатып қалуға болмайды, өйткені орыс үкіметі де көп ұрпақтардан бері қарай жұртшылық пікірімен қалай да есептесу қажет екенін мойындады, көп ұрпақтан бері қарай ішкі дипломатия өнеріне әбден жетілген мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеп өсірді. Лорис-Меликовтың орнына тағайындалған ішкі істер министрі граф Игнатьев үкіметтің реакцияға қарай шегінуін бүркемелеуге тиісті осындай дипломат болды. Игнатьев өзінің барып тұрған демагог, өтірікші екенін талай рет көрсетті, сол себепті «Жазбаның» авторы Витте оның министр болған кезеңін «самодержавиелік патша билеген жергілікті өзін өзі басқару орнын құрудың сәтсіз әрекеті» деп атап, барынша «полициялық қайырымдылық» көрсетіп отыр. Рас, сол кезде И. С. Аксаков дәл осындай «формула» ұсынған болатын, жұртты алдарқату үшін үкімет оны пайдалана қойды, жергілікті өзін өзі басқару мен конституция арасында байланыс болу қажеттігін бүге-шігесіне дейін дәлелдеуге тырысқап Катков оны дәріптей түсті. Бірақ полициялық үкіметтің белгілі тактикасын (өзінің табиғатына қарай өзіне тән болуы қажет тактикасын) сол кезде белгілі бір саяси көзқарастың басымдылығынан болды деп *түсіндіру* көз алдындағыдан басқаға көзі жетпегендік болар еді.

Игнатьев нұсқау шығарып, үкімет «ақ патшаның нұсқауларын орындау ісіне жергілікті қайраткерлердің қолма-қол қатысуының неғұрлым табысты болуын қамтамасыз етуге тиісті дұрыс әдістерді белгілеуге шұғыл шаралар қолданады» деп уәде берді. Земстволар бұл «шақыруға» «халық сайлаған адамдардың шақырылуын» (Череповец земствосы мүшесінің жазбасынан; Кириллов земствосы мүшесінің пікірін губернатор бастыру-

ға да рұқсат бермеді) өтінумен жауап берді. Үкімет губернаторларға мұндай өтіністерді «ендігі жерде еске алмауды» ұсынды, «сонымен бірге, сірә, басқа жиналыстарда мұндай өтініштердің берілмеуіне шаралар қолданылған болса керек». Министрлердің қалауы бойынша «кәнігі адамдарды» шақыруға (сатып алу төлемдерін кеміту туралы, қоныс аударуды тәртіпке салу туралы, жергілікті ел басқару ісінде реформа жасау туралы және т. с. мәселені талқылау үшін) атышулы әрекет жасалды. «Сарапшы комиссиялардың жұмыстары қоғам ішінде тілектестік туғызған жоқ, ал земстволар тарапынан, *алдын ала барлық шаралар қолданылғанына қарамастан,* тіпті тікелей қарсылық туғызды. Он екі земство жиналысы заң шығару ісіне земство адамдарының жекелеген жағдайларда және үкіметтің тағайындауы бойынша шақырылмай, үнемі және земстволардың сайлауы бойынша шақырылып тұруын сұрап өтініш жасады». Самара земствосында мұндай ұсынысқа председатель тыйым салды, «мұнан кейін жиналыс наразылық білдіріп, тарап кетті» (Драгоманов, осы жинақ, 29-бет; «Жазба», 131-бет). Граф Игнатьевтің земствошыларды *алдап соққаны,* мәселен, мынадай фактіден көрініп отыр: «1879 жылғы конституциялық хат жобасының авторы, Полтаваның дворяндар жетекшісі Устимович мырза өзінің граф Игнатьевтен, үкімет елдің өкілдерін заң шығару жұмысына қатысуға шақырады деген *сенімді уәде* (sic! *) алғапын дворяндардың губерниялық жиналысында ашық айтты» (Драгоманов, бұл да сонда).

Үкіметтің жаңа бағытқа батыл көшуін Игнатьевтің мұндай әдіс-айламен бүркемелеуі аяқталды, сөйтіп 1882 жылы 30 майда ішкі істер министрі болып тағайындалған Д. А. Толстойдың «күрес министрі» деген атақ алуы тегін болмады. Земстволардың қандай болмасын жекелеген съездер шақыру туралы өтініштерінің өзі де дөрекілікпен қабылданбай тасталды, тіпті губернатордың земство (Череповец земствосы) «үнемі оппозицияда болып отыр» деген шағымы бойынша да, басқарманың орнына үкімет комиссиясын құрып, басқарманың мүшеле-

* — солай! *Ред.*

рін әкімшілік жолмен жер аударған реттер болды. Катковтың сенімді шәкірті және ізбасары Д. А. Толстой «үкіметке қарсы оппозиция земствоға әбден орнығып алды» деген («Жазбаның» 139-беті: земство реформасының алғашқы жобасынан) негізгі ойға (жоғарыда көргеніміздей, тарих шынында растаған) сүйеніп, енді тікелей земство мекемелерінің «реформасын» жасауға бел байлады. Д. А. Толстой земство басқармалары орнына губернаторларға бағынышты мекеме құруға, земство жиналыстарының барлық қаулылары губернатордың бекітуіне жатады деп тануға жоба жасады. Бұл шынында да «батыл» реформа болатын еді, бірақ ең қызығы, Катковтың бұл шәкірті де, «күрес министрі», «Жазба» авторының өзі айтқандай, «ішкі істер министрлігінің земство мекемелері жөніндегі дағдылы саясатынан айнымады. Шын мәнісінде земствоны жоюды көздеген ойын ол өзінің жобасында ашып айтпады; өзін өзі басқару негіздерін дұрыс дамытуды сылтауратып, ол өзін өзі басқарудың сыртқы формасын қалдырып, оны ішкі мазмұн атаулыдан жұрдай етпек болды». Бұл мемлекеттік «бұлаң құйрық» даналық саясат Мемлекеттік советте тағы да толықтырылып, дамытылды, мұның нәтижесінде 1890 жылғы земство ережесі «земство мекемелерінің тарихындағы жаңа жартыкеш шара болып шықты. Ол ереже земствоны жоймады, бірақ оның берекесін алып, маңызын кетірді; барлық сословиелік негізді де жойған жоқ, бірақ оған сословиелік сипат берді; ... земство мекемелерін шын мәніндегі өкімет органдарына айналдырған жоқ, ... бірақ губернаторлардың оларға қамқорсынуын ұлғайтты, ... губернатордың қарсылық білдіру правосын күшейтті». «1890 жылғы 12 июльдегі ереже, оны жасаушының ниетінше, земство мекемелерін жою жолындағы қадам болды, бірақ тіпті де земстволық өзін өзі басқаруды түбегейлі өзгерткендік болмады».

«Жазбада» онан әрі қарай баяндалғанындай, жаңа «жартыкеш шара» үкіметке қарсы оппозицияны жоймады (реакцияшыл үкіметке қарсы оппозицияны бұл реакцияшылдықты күшейту жолымен жою, әлбетте, мүмкін де болмас еді), тек оның *кейбір* көріністерін жа-

сырын көріністерге айналдырды. Оппозиция мыналардан көрінді: біріншіден, егер осылай деп айтуға болса, земствоға қарсы кейбір заңдарға тойтарыс берілді және de facto * жүзеге асырылмады; екіншіден, тағы да конституциялық (немесе қалай да конституционализмнің исі бар) өтініштер жасалуда болды. Мәселен, бірінші түрдегі оппозиция земствоның дәрігерлік ісін ұйымдастыруын толық регламенттеуге бағындырған 1893 жылдың 10 июніндегі заңға тап болды. «Земство мекемелері ішкі істер министрлігіне жұмыла тойтарыс берді, министрлік мұнан шегінді де. Даяр тұрған уставтың іске асырылуын тоқтатуға, заңдарды толық жинап, мүлде қарама-қарсы (яғни, земстволарға тиімдірек) негізде жаңа жоба жасау үшін, уставты кідірте тұруға тура келді». Сонымен бір дәрежеде регламенттеу принципін қолданған, салық салу ісінде земствоның праволарына қысым келтірген 1893 жылдың 8 июніндегі қозғалмайтын мүліктерді бағалау жөніндегі заңға да тілектестік көрсетілмеді және көп ретте «іс жүзінде тіпті қолданылмайды». Земство құрған және халыққа едәуір (әрине, бюрократиямен салыстырғанда) пайда келтірген дәрігерлік және статистикалық мекемелердің күші, Петербург кеңселерінде жасалған уставтарды іске асырмай тастауға жеткілікті болып шықты.

Екінші түрдегі оппозиция 1894 жылы жаңа земстводан да көрінді; бұл жылы земстволар II Николайға жолдаған өтініштерінде өзін өзі басқаруды кеңейту жөніндегі өздерінің талаптарын тағы да мейлінше айқын білдірді және мағынасыз бос қиял деген «атышулы» сөздер туғызды.

Земстволардың «саяси тенденциясы» тыйылмады, мұның өзі министр мырзаларды қатты үрейлендірді. «Жазбаның» авторы Тверь губернаторының: «либералдық бағыттағы адамдардың ауыз бірлігі күшті тобы» губерниялық земстводағы істерді түгелінен өз қолдарына алды деген күйінішті шағымын (оның 1898 ж. есебінен) мысалға келтіреді. «Сол губернатордың 1895 жылғы есебінен земство оппозициясымен күрес жергілікті әкімші-

* — шынында, іс жүзінде. *Ред.*

лік орындарына ауыр міндет жүктейтіні, земство жиналыстарында председательдік етуші дворяндар жетекшілерінен земство мекемелері қатыспауға тиісті мәселелер туралы ішкі істер министрлігінің құпия жарлықтарын орындау үшін кейде тіпті «азаматтық ерлік» (міне, қалай!) талап етілетіні көрінеді». Мұнан әрі губерниялық дворяндар жетекшісі жиналыс алдында өзінің лауазымын уездік (Тверьдегі) жетекшісіне тапсырғаны, Тверьдегі жетекші Новоторжоктағы жетекшіге тапсырғаны, Новоторжоктағы жетекші ауырып, председательдікті Старицкідегі жетекшіге тапсырғаны туралы әңгіме болады. Сонымен, тіпті дворяндар жетекшілері де полициялық міндетті атқарғысы келмей, қашқалақтай бастады! «1890 жылғы заң бойынша,— деп қайғырады «Жазбаның» авторы,— земствоға сословиелік сипат берілді, жиналыстарда үкіметтік элемент күшейтілді, губерниялық земство жиналыстарына барлық уездік дворяндар жетекшілері, земство бастықтары енгізілді, ал егер өз қасиетінен айрылған осындай сословиелік-бюрократтық земство қалай дегенмен де саяси тенденцияны әлі де белгілеп отырса, бұл жөнінде ойланған жөн болар еді»... «Қарсы әрекет жойылған жоқ: наразылық, күдіктіл, үнсіз оппозиция бар екені күмәнсыз және олар барлық сословиелік земство құрығанға дейін бола бермек». Бюрократтық данышпандықтың соңғы сөзі осындай: егер бар биліктен ада болған өкілдік наразылық туғызып отырса, онда өкілдік атаулыны жою — адамның қарапайым логикасы бойынша — осы наразылық пен оппозицияны онан сайын күшейтеді. Витте мырза егер наразылықтың тіпті бір бүртігін аңғартатын мекемелердің біреуін жапса, наразылық жойылады деп ойлайды! Бірақ осынысы арқылы Витте земствоны жою сияқты қандай да болса бір батыл шара қолдануды ұсынды деп ойлайсыз ба? Жоқ, тіпті де олай емес. Бөспе сөз үшін жалтару саясатын дәріптегенде Виттенің өзі сонан басқа ештеңе ұсынбайды, самодержавиелік үкімет министрінің кебенегін тастамаса, ұсына да алмайды. Витте «үшінші жол»: бюрократияның үстемдігі де, өзін өзі басқару да емес,— «қоғамдық элементтердің үкімет мекемелеріне қатысуын» «дұрыс ұйымдастыратын» әкім

шілік реформа туралы тіпті түкке тұрғысыз бірдеңе айтқан болады. Мұндай қисынсыз сөзді айту оңай, бірақ ендігі жерде — «кәнігі адамдармен» әр қилы тәжірибе жасағаннан кейін — бұл өтірікпен ешкімді алдай алмайды: *конституция болмаған* жерде «қоғамдық элементтерді қатыстырудың» қандайы болса да жалған екені, қоғамды (қоғамнан «шақырылғандардың» қайсысын болса да) бюрократияға бағындыру болатыны әбден айқын. Ішкі істер министрлігінің жеке шарасын — шет аймақтарда земство енгізуді — сынай келіп, Витте өзі көтерген жалпы мәселеде ешқандай жаңалық айта алмайды, тек жартыкеш шаралар қолданатын, өтірік икемге келгенситін, әр түрлі игілікті уәде ететін және ешқандай уәдені орындамайтын бұрынғы тәсілдерді қоздыра түседі. «Ішкі саясаттың бағыты» туралы жалпы мәселеге келгенде Витте мен Горемыкиннің ниеті бір деп сеніммен атап көрсетуге болмайды, ал олардың арасындағы айтыс бір шайканың ішіндегі өз адамдарының айтысы, от басының дауы. Бір жағынан, Витте де «мен земство мекемелерін жоюды да, қазіргі тәртіпті қандай түрде болса да қиратуды да ұсынған жоқпын және ұсынып отырғаным да жоқ... қазіргі жағдайда оларды (қазіргі земстволарды) жою туралы сөз бола қояр ма екен» деп мәлімдеуге асығады. Витте, «өз тарапынан, жергілікті жерлерде күшті үкімет билігін орнатқаннан кейін земстволарға зор сеніммен қарауға болады деп ойлайды», т. т. Өзін өзі басқаруға қарама-қарсы күшті бюрократтық өкімет құрғаннан кейін (яғни өзін өзі басқаруды нашарлатқаннан кейін) оған көбірек «сенуге» болады екен. Бұл бәз-баяғы ескі сарып! Витте мырза тек «барлық сословиелік мекемелерден» қорқады, ол «әр түрлі корпорациялардың, қоғамдардың, сословиелердің немесе кәсіподақтардың қызметі жайында тіпті ештеңе айтқан жоқ, оны самодержавиеге қауіпті деп те есептемеді. Мәселен, «селолық қауымдар» жөнінде Витте мырза бұл қауымдардың өзінің «енжарлығы» салдарынан самодержавиеге қауіпсіз екеніне тіпті күмәнданбайды. «Жер жөніндегі қарым-қатынастың және оған байланысты мүдделердің басым болуы село халқында оны өз тұрғысындағы саясат шегінен асатын

істің бәріне селсоқ қарауға дағдыландыратын рухани ерекшеліктер туғызады... Біздің шаруа жиналыстарда алым-салықты бөлумен,... жер учаскелерін бөлісумен, т. б. шұғылданады. Мұның үстіне, ол сауатсыз немесе шала сауатты,— *бұл арада қандай саясат болуы мүмкін?»* Көріп отырсыздар, Витте мырза — өте парасатты адам. Сословиелік одақтар жөнінде ол былай деп мәлімдейді: олардың қауіптілігі жөнінде орталық үкімет үшін «олардың мүдделері алалығының едәуір маңызы бар. Осы алалықты пайдалана отырып, үкімет бір сословиенің саяси талаптарына қарсы басқа сословиелерден барлық уақытта таяныш пен тірек таба алады». Виттенің: «қоғамдық элементтерді үкімет мекемелеріне тәртіппен дұрыс қатыстыру» «программасы» да полициялық мемлекеттің халық арасында «алалық» туғызуды көздеген шетсіз-шексіз әрекеттерінің бірі, одан басқа түк те емес.

Екінші жағынан, Витте мырза соншалықты өршелене айтысатын Горемыкин мырзаның өзі де үнемі сол алалық туғызу, қысым жасау саясатын жүргізеді. Ол (өзінің Витте жауап қайтарған жазбасында) земствоға бақылау жасау үшін чиновниктердің жаңа лауазымдарын белгілеу керек деп дәлелдейді; ол земство қайраткерлерінің жай ғана жергілікті съездерін шақыруға да қарсы; ол 1890 жылғы ережені, земствоны жоюға бастайтын бұл қадамды жан-тәнін сала қолдайды; ол земстволардың нарық белгілеу жұмыстары программасына «бір жақты мәселелерді» енгізуінен қорқады, жалпы земство статистикасынан қорқады; ол халық мектебін земствоның қолынан алып, үкімет мекемелерінің қарамағына беруді қуаттайды; ол земстволар азық-түлік ісін жүргізе алмайды деп дәлелдейді (земство қайраткерлері «апаттың көлемі және егіннің шықпауынан күйзелген халықтың қажеттері туралы асыра түсінік» туғызады— көрдіңіз бе!!); ол «жер иеленуді земство алымдарының шамадан тыс көбейтілуінен қорғау мақсатымен» земство алымына шек қою ережесін жақтады. Сонымен, Виттенің былай деп мәлімдеуі өте дұрыс: «Ішкі істер министрлігінің земство жөніндегі саясатының бәрі земство органдарын ақырындап, бірақ дамылсыз тамырынан қия беруді, олардың маңызын бірте-бірте нашарлата

беруді және бірте-бірте олардың міндеттерін үкімет тағайындаған орындардың қарамағына беруді көздейді. Титтей де асырып айтпай-ақ, былай деуге болады: жазбада (Горемыкиннің жазбасында) көрсетілген «земство шаруашылығының және басқару жұмысының жеке салаларын тәртіпке келтіру мақсатымен соңғы кезде қолданылған шаралар» ойдағыдай аяқталғанда, іс жүзінде бізде ешқандай өзін өзі басқару болмайды,— земство мекемелерінен іске асарлық ешқандай мазмұны жоқ жалаң идея мен сыртқы қабығы қалады». Горемыкиннің саясаты да (Сипягиннің саясаты одан да бетер), Виттенің саясаты да, демек, бір нысанаға бастайды, сондықтан земство және конституционализм туралы мәселе жайындағы егес, қайталап айтайық, тек от басының дауынан басқа түк те емес. Ағайынның азары болса да, безері жоқ. Витте мен Горемыкин мырзалар «күресінің» қорытындысы осындай. Самодержавие мен земство туралы жалпы мәселе жөнінде біздің қорытындымызға келетін болсақ, бұл қорытындыны Р. Н. С. * мырзаның алғы сөзін талдауға байланысты көрсеткеніміз қолайлырақ.

V

Р. Н. С. мырзаның жазған алғы сөзі көп жағынан қызғылықты. Мұнда Россияны саяси жағынан қайта құру туралы, бұл қайта құрудың алуан түрлі әдістері туралы, қайта құрылысқа жеткізетін басқа да күштердің маңызы туралы өте көп мәселелер қозғалған. Екінші жағынан, сірә, жалпы алғанда либералдық топтармен, әсіресе земстволық-либералдық топтармен жақын қатынаста болған Р. Н. С. мырзаның үні біздің «астыртын» әдебиетіміздің хорындағы жаңа әуен болып отырғанына күмән жоқ. Сондықтан земствоның саяси маңызы туралы принципті мәселені анықтау үшін де, либералдарға жақын тұрған топтардың лебімен және... олардың бағыттарымен демеймін, ниет-құлықтарымен танысу үшін де — бұл алғы созге толығырақ тоқталып оту, бұл жаңалықтың жетістік немесе жетімсіз жақтарын қан-

* Бұл бүркеншік атпен Струве мырза қол қойып жүрді. (Автордың 1907 жылғы басылымға ескертуі. *Ред.*)

шалықты дұрыс, қаншалықты теріс және терістігі неде? екенін ашып алу тіпті тұрарлық нәрсе.

Р. Н. С. мырза көзқарасының негізгі ерекшелігі мынада. Оның мақаласының төменде біз цитат келтірген өте көп жерлерінен көрініп отырғанындай, ол бейбіт жолмен, бірте-бірте, тек жария түрде дамуды жақтайды. Екінші жағынан, самодержавиеге бүкіл жан-тәнімен қарсы тұрып, саяси бостандықты аңсайды. Бірақ самодержавиенің самодержавие болуының өзі, оның бостандыққа қарай бет алған «дамудың» *қандайына болсын* тыйым салып, қудалап отырғандығынан. Р. Н. С. мырзаның бүкіл мақаласы осы қайшылықтан аяқ алып жүргізіз, сойтіп, оның пікірін өте тиянақсыз, босаң, солқылдақ етіп отыр. Самодержавиелік үкімет *өзі* түсінеді, жалығады, мәмлеге келеді, т. т. істейді деп жорамалдау немесе ең болмағанда осылай деп ойлау арқылы ғана конституционализмді самодержавиелік Россияның тек жария түрде дамуы жөніндегі қамқорлықпен жымдастыруға болады. Ал Р. Н. С. мырза шынында да өзінің азаматтық наразылығының шыңынан нағыз дамып-жетілмеген либерализмнің осындай тұрпайы көзқарасының дәрежесіне дейін құлдырап отыр. Бұған мысал мынау: Р. Н. С. мырза өзі туралы былай дейді: «... біз, Россияның осы күнгі саналы адамдары үшін саяси бостандық жолындағы күресті Аннибалдың анты деп білушілер, оны қырқыншы жылдардағы адамдар үшін шаруаларды азат ету күресі қандай қасиетті болса, сондай қасиетті ант деп білушілер...» және тағы да: «...бізге, самодержавиемен күресуге «Аннибал антын» берген адамдарға, күрестің қандай ауыр тиетіні белгілі де», т. т. Жақсы айтылған, күшті айтылған! Егер мақаланың өне бойына нақ осы бұлжымас, ымырасыз күрес рухы («Аннибал анты»!) дарыған болса, бұл күшті айтылған сөздер мақалаға әр беріп тұрар еді. Егер күшті айтылған сөздердің жанынан әдейі ымыраластыру мен жұбату әуепі, ымыраластырудың, қандай қиыншылықпен болса да, бейбіт, тек жария түрде даму концепциясын өткізіп жіберу әрекеті бой көрсетсе болғаны, мұндай күшті сөздердің — олар осындай күшті болғандықтан да — әйтеуір бір жерінен жалған екені сезіліп тұрады. Ал мұндай

әуендер, мұндай әрекеттер, амал не, Р. Н. С. мырзада тіпті жетіп-ақ жатыр. Ол, мәселен, «III Александр тұсында II Александрдың реформаларын ат үсті қайта жасауға қарағанда II Николай патшалық еткен кездегі мемлекеттік саясатты адамгершілік және саяси тұрғыдан *онан да бетер* (курсив біздікі) қатаң айыптауға болады» деген ойды егжей-тегжейлі «негіздеуге» тұтас бір жарым бет арнайды. Неліктен *онан да бетер* қатаң айыптауға болады? Бақсақ, мұның себебі, III Александр революцияға қарсы, ал II Николай «орыс қоғамының жария талпыныстарына» қарсы күрескендіктен екен, біріншісі — саяси саналы қоғамдық күштермен, екіншісі — «мейлінше бейбіт және екінің бірінде қандай да бір айқын саяси пікірсіз әрекет ететін қоғамдық күштермен» («өздерінің біле тұра істеген мәдени жұмыстары мемлекеттік құрылысты жегіше жейтінін керек десе дұрыс білмейтіндермен») күрескендіктен екен. Бұл іс жүзінде тым едәуір дәрежеде дұрыс емес,— бұл туралы төменде әңгіме болады. Бірақ, сонымен қатар автордың ой толғауы барысының өзі түсініксіз екенін айтпай кетуге болмайды. Ол самодержавиені мінейді, ал екі самодержецтің біреуін ол бұрынғысынша өзгеріссіз қалған саясатының сипаты үшін емес, оның алдында, «әрине», күшті соққы беруіне лайық «сотқарлардың» болмағаны (жоқтай-ақ) үшін, демек, қуғындауға дәлелдің болмағаны үшін *көбірек* мінейді. Сүйікті адамдарын шақырудан біздің патша ағзамның қорқатын түгі де жоқ, өйткені бұл сүйікті адамдардың бәрі де бейбіт талпыныстар мен мейлінше жария жұмыстың шеңберінен шығып кететіндей еш нәрсе туралы ешқашан да ойлаған емес деген шын құлшылық дәлелмен көрер көзге мәмлеге келгені бұл сияқты дәлелді қолданудың өзінен-ақ байқалмай ма? Өзінің жазбасында: «Саяси партиялар да, революциялар да жоқ жерде, жоғарғы өкіметтің правосына ешкім таласпайтын жерде,— әкімшілікті халыққа немесе қоғамға қарсы қоюға болмайтын сияқты көрінер еді...»* және т. б. деп жазған

* 205-бет. Осы бір жерге арнап жазған ескертуінде Р. Н. С. мырза «мұның өзі тіпті ақылға сыймайды» дейді. Өте дұрыс. Бірақ Р. Н. С. мырза жазған алғы сөздің XI—XII беттеріндегі жоғарыда көрсетілген пайымдаулары нақ сол саздан жасалған жоқ па еді?

Витте мырзадан бұл сияқты «ой толғауының барысын» (немесе өтіріктің осындай барысын) байқайтын болсақ, ол бізді таңдандырмайды. Бізді Чичерин мырзаның осындай пікірі де таңдандырмайды, ол 1881 жылғы 1 марттан кейін граф Милютинге тапсырған жазбасында: «өкімет ең алдымен өзінің қайратын көрсетіп, өзінің қауіп алдында туын жықпағанын дәлелдеуі керек», «еркін мекемелер бейбіт дамудың, жоғарғы өкіметтің өзінің сабырлы инициативасының жемісі болған күнде ғана монархиялық тәртіп олармен сыйыса алады» деп мәлімдеді және «сайланып қойылатын элементпен күшейтіліп, жаңғыртылған заң шығаратын органның» көмегімен әрекет ететін «күшті және либералдық» * өкімет құруға кеңес берді. Міне, осы Чичерин мырза тарапынан да II Николай саясаты барынша мінеуге лайық екені мойындалса, бұл табиғи нәрсе болар еді, *өйткені* II Николай патшалық еткен тұста бейбіт даму және жоғарғы өкіметтің сабырлы инициативасы еркін мекемелердің болуына жеткізе *алар еді*. Бірақ күресуге Аннибалдың антын берген адамның аузынан бұл сияқты пікірдің шығуы табиғи ма, лайықты ма?

Іс жүзінде де Р. Н. С. мырзаның айтқаны дұрыс емес. Қазіргі патшалық құруды мұнан бұрынғы патшалық құрумен салыстыра келіп, ол былай дейді: ««Халық еркі» қайраткерлеріне елестеген күшпен жасалмақшы төңкеріс туралы... қазір ешкім шындап ойланбайды». Parlez pour vous, monsieur! Өз атыңыздан ғана айтыңыз! Бұрынғы патшаның тұсындағыға қарағанда, соңғы патшаның тұсында Россиядағы революциялық қозғалыстың өлмегендігі, әлсіремегендігі былай тұрсын, қайта жанданып, еселеп өскені бізге әбден белгілі. Және де, егер қозғалысқа қатысушылардың бірде-біреуі күшпен төңкеріс жасау туралы шындап ойланбаған болса, ол қандай «революциялық» қозғалыс болмақ? Жоғарыда келтірілген сөздерде Р. Н. С. мырзаның айтып отырғаны жалпы күшпен жасалатын төңкеріс емес, ерекше «Халық ерікшілдік» төңкеріс, яғни бір мезгілде жасалатын әрі саяси, әрі әлеуметтік төңкеріс, самодер-

* Виттенің «Жазбасы», 122—123-беттер. «Граф Лорис-Меликовтың конституциясы», 24-бет.

жавиені құлатуға ғана жеткізіп қоймай, өкіметті басып алуға да жеткізетін төңкеріс еді деп бізге қарсы дау айтылуы мүмкін. Мұндай дау айту негізсіз болар еді, өйткені, біріншіден, мұндай самодержавиеге (яғни, «буржуазияға» немесе «қоғамға» емес, самодержавиелік үкіметке) оны тіпті де не *үшін* құлатуды қалайтыны емес, *әйтеуір бір* құлатуды қалайтыны маңызды. Ал, екіншіден, социал-демократия II Николай алдына: не революциялық күрес болсын, не самодержавиеден безу болсын деп қандай альтернатива қойып отырса, III Александрдың патшалық құруының ең алғашқы кезінде өкіметке «Халық еркінің» қайраткерлері де дәл сондай альтернатива «ұсынған» болатын. (Қараңыз: «Халық еркі» Атқару комитетінің 1881 жылғы 10 мартта III Александрге хаты, бұл хатта екі шарт қойылған: 1. саяси қылмыстардың бәріне жаппай кешірім беру және 2. жалпыға бірдей сайлау правосы, баспасөз, сөз және жиналыс бостандығы арқылы барлық орыс халқының өкілдерін шақыру.) Иә, күшпен жасалатын төңкеріс туралы «шындап ойлап» жүргендер жалғыз интеллигенцияның арасында ғана емес, жұмысшы табының арасында да көп екенін Р. Н. С. мырзаның өзі де өте жақсы біледі: оның мақаласының XXXIX және келесі беттерін қараңыз, онда «бұқаралық негізбен де, ой күштерімен де» қамтамасыз етілген, «саяси табанды күреске», «самодержавиелік-бюрократтық тәртіпке қарсы революциялық Россияның қанды күресіне» (XLI) беттеп келе жатқан «революциялық социал-демократия» туралы айтылады. Сонымен, Р. Н. С. мырзаның «ізгі ниетті сөздері» өзінің (немесе басқаның) сыпайылығына сендіру арқылы үкіметке (немесе «қоғамдық пікірге») әсер етудің тек ерекше тәсілі, әрекеті екеніне ешқандай күмәндануға болмайды.

Айта кетелік, Р. Н. С. мырза күрес деген ұғымды өте кең мағынада ұғынуға болады деп ойлайды. «Земствоны жою,— деп жазады ол,— революциялық насихатқа зор медет болады — әдетте революциялық қызмет деп аталатын нәрсеге ешқандай жиіркеніш көрсетпей-ақ, бірақ саяси және қоғамдық прогресс үшін күрестің осы

формасына (sic!) масаттанып, еліктей-ақ, біз мұны әбден объективті (sic!) түрде айтып отырмыз». Бұл тираданың мәні өте зор. Егер тіпті орынсыз жерде «объективтілігін» тілге тиек ететін quasi*-ғылыми тұжырымның сырын аша түссек (өзіне белгілі бір қызмет формасы немесе белгілі бір күрес формасы ұнайтыны туралы мәселені автордың өзі қойып отырғанда, бұл арада оның көзқарасының объективті екені туралы сөз қозғау екі жердегі екі дегенді май шаммен тексерумен бірдей [45]),— онда ескіден, атам-заманнан бері айтылып келе жатқан: егер мен сіздерді революциямен қорқытатып болсам, сіздер, билеуші мырзалар, маған сене берулеріңізге болады, өйткені революцияны менің жаным сүймейді — деген дәлел болып шығады. Объективтілікке иек сүйеу — революция мен революциялық қызметті субъективті түрде жек көруді жасыратын бет пердеден басқа түк те емес. Ал Р. Н. С. мырзаның бет пердесі керек етуіне күрестің Аннибал антын берудің бұл сияқты жек көрушілікпен еш бір сыйыса алмауы себеп болып отыр.

Бір есептен, біз осы Аннибалдың өзі жөнінде қателесіп отырғанымыз жоқ па? Шынына келгенде Аннибал римдіктермен күресуге ант берді ме немесе, Карфагеннің прогресі, сайып келгенде, әрине, Римге зиян келтіретін прогресі жолында күресуге ғана ант берді ме? Күрес деген сөзді осыншама «тарылтпай» түсінуге болмай ма? Р. Н. С. мырза олай түсінуге болады деп ойлайды. Самодержавиемен күрес — Аннибал антын жоғарыда келтірілген тирада текстімен салыстырғанда осылай болып шығады — әр түрлі «формада» болып отырады: бір формасы — революциялық, астыртын күрес, екінші формасы — жалпы «саяси және қоғамдық прогресс үшін күрес», яғни, басқаша айтқанда, самодержавиенің берген рұқсаты шеңберінде мәдениет орнататын бейбіт, жария қызмет. Россиялық прогресті: кейбір жағдайларда едәуір тез болатын техникалық прогресті, бірен-саран жағдайларда тым мардымсыз болатын қоғамдық прогресті, аса ерекше жағдайларда және мүлде

* — бейне бір. *Ред.*

болмашы мөлшерде болатын саяси прогресті алға бастыратын жария қызметтің самодержавие кезінде де болуы мүмкін екеніне біз ешбір күмәнданбаймыз. Осы болмашы прогрестің қаншалықты зор, қаншалықты мүмкін екені туралы, мұндай прогрестің жекелеген көріністері самодержавиенің барлық жерлерде және үнемі халықты саяси жағынан жаппай аздыруына қаншалықты төтеп бере алатыны туралы таласуға болады. Бірақ бейбіт жария қызметті самодержавиемен күресу деген түсінікке жанамалап болса да тели салу — осы аздырушылыққа жәрдемдескендік, үкіметтің істеп отырған ісінің *бәріне,* азамат ретінде, өзінің жауапкерлігін онсыз да мейлінше нашар түсініп отырған орыс тоғышарының түсінігін онан сайын әлсіреткендік.

Амал не, революциялық күрес пен бейбіт мәдениетшіліктің арасындағы айырманы жоюға тырысып жүрген астыртын жазушылардың ішінде Р. Н. С. мырза жалғыз емес. Оның ізашары әйгілі ««Рабочая Мысльға» жеке қосымшадағы» [46] (1899 ж. сентябрь) «Біздегі өмір шындығы» деген мақаланың авторы Р. М. мырза бар. Социал-демократ-революционерлерге қарсы шығып, ол былай деп жазған: «Земстволық және қалалық қоғамдық өзін өзі басқару жолындағы күрес те, қоғамдық мектеп жолындағы күрес те, қоғамдық сот жолындағы күрес те, аштыққа ұшыраған халыққа қоғамдық көмек көрсету жолындағы күрес те, т. б. самодержавиеге қарсы күрес қой... Жұрт білмейтін түсініксіз бір себептердің салдарынан орыстың революцияшыл жазушыларының көбінің назарын өзіне жөнді аудармай келген осы қоғамдық күресті орыс қоғамы қазірдің өзінде жүргізіп отырғанын және бұл күрестің күні кеше ғана басталмағанын біз көрдік... Нағыз мәселе осы жеке қоғамдық топтардың... самодержавиеге қарсы бұл күресті мүмкіндігі болғанша қайтіп ойдағыдай жүргізуінде болып отыр... Ал біз үшін басты мәселе: біздің революционерлер самодержавиені құлатудың ең жақсы құралы жұмысшы қозғалысы болады деп қарап отырғанда, сол жұмысшыларымыз самодержавиеге қарсы осы қоғамдық күресті қалай жүргізулері керек деген мәселе» (8—9-беттер). Көріп отырсыздар, Р. М. мырза өзінің революционерлер-

ді жек көретінін жасырғысы да келмейді: ол жария оппозиция мен бейбіт жұмысты самодержавиемен күрес деп ашықтан-ашық жариялап отыр және, ол ол ма, *«бұл»* күресті жұмысшылардың қалай жүргізуі керек екенін басты мәселе деп санайды. Р. Н. С. мырза мұндайлық тұрпайы, мұндайлық ашық айтпайды, бірақ біздің либерал мен таза жұмысшы қозғалысының әсіре қошеметшісінің саяси тенденцияларының ағайындас екені әбден айқын көрініп-ақ тұр *.

Р. Н. С. мырзаның «объективизміне» келетін болсақ, кейде мұны ол тура керексіз етіп тастайтынын айта кетуіміз керек. Жұмысшы қозғалысы туралы, оның табиғи түрде өсуі туралы, революцияшыл социал-демократияның самодержавиеге қарсы келешектегі болмай қоймайтын күресі туралы, либералдарды астыртын партияға ұйымдастыру земствоны жоюдың сөзсіз нәтижесі болатыны туралы айтқан кезде Р. Н. С. мырза «объективті» күйінде қалып отырады. Мұның бәрі өте іскерлікпен және өте парасатты баяндалған, парасатты баяндалғаны сонша, либералдық топта Россиядағы жұмысшы қозғалысын дұрыс түсінуді таратқанына қуануға болады. Бірақ Р. Н. С. мырза жаумен күресу туралы сөз қылмай, жауды «жуасыту» мүмкіндігі туралы сөз қыла бастаған кезде,— ол өзінің «объективизмін» бірден жоғалтады да, өзінің сезімін білдіреді, тіпті ашық райдан бұйрық райға көшеді.

«Егер дәулеттілер өкіметі арасынан, тарих алдында бас июге және патшаны тарих алдында бас идіруге жүрегі дауалайтын адамдар табылса ғана іс революциялық Россияның самодержавиелік-бюрократтық тәртіппен ақтық, қан төгіскен күресіне уласпайды... Жоғарғы бюрократияның ішінде реакцияшыл сая-

---

* Р Н. С. мырза басқа бір жерінде былай дейді: «Жұмысшылардың шаруашылық ұйымдары жұмысшылар бұқарасына нақты саяси тәрбие берудің мектебі болып табылады». Біз авторға оппортунизм серілері тозығын жеткізген «нақты» деген сөзсымақты байқаңқырап қолдан деп ақыл айтқан болар едік. Белгілі жағдайларда жұмысшылардың шаруашылық ұйымдары да оларға саяси тәрбие беруге (басқа бір жағдайларда бұл ұйымдардың жұмысшыларды саяси жағынан аздыруға да себеп бола алатынын теріске шығаруға болмайтындығы сияқты) көп пайда келтіретінін теріске шығаруға болмайды. Бірақ саяси және экономикалық құлдықты қорғаушыларға қарсы, көше бойындағы бетпе-бет күреске дейін, азамат соғысына дейін революциялық қозғалысқа жұмысшылардың өздерінің жан-жақты қатысуы ғана жұмысшылар бұқарасына *нақты* саяси тәрбие бере алады.

сатқа тілектес емес адамдардың бар екені күмәнсыз... Олар, тақ иесіне кіріп-шығуға мүмкіндігі бар некен-саяқ адамдар, өздерінің пікірін естіртіп айтуға ешқашан бел байлай алмайды... Алайда, болмай қоймас тарихи кек алудың орасан зор көлеңкесі, ұлы оқиғалардың көлеңкесі үкімет басындағылардың арасында ауытқу тудыруы, сөйтіп реакцияшыл саясаттың темірдей берік құрылысын дер кезінде тас-талқан етуі мүмкін. Мұның үшін енді онша көп нәрсе керек емес... Бәлкім, ол (үкімет) самодержавиелік тәртіпті қолдан келген шараларды қолданып қорғаудың сөзсіз қауіпті екенін онша көп ұзамай-ақ түсінер. Бәлкім, революцияға тап болмай тұрып, үкімет бостандықтың табиғи түрде, тарихи қажетті дамуымен күресуге өзі де жалығып, өзінің «ымырасыз» саясатынан тайсалып шығар. Үкімет бостандықпен дәйекті түрде күресуін тоқтатып, бостандыққа есікті барған сайын айқара ашуға мәжбүр болар. Бәлкім... жоқ, бәлкім деп қана қоюға болмайды, *солай болады да!*» (Курсив автордікі.)

Бізге бұл ізгі ниетті және шабытты монолог жайында: әумин! — деп айту ғана қалып отыр. Біздің Аннибалдың тым тез алға басатыны соншалықты, ол енді біздің алдымызда үшінші формада көрініп отыр: бірінші формасы — самодержавиемен күресу, екіншісі — мәдениет орнату, үшіншісі — жауды жуасытуға шақыру және оны «көлеңкемен» қорқытуға тырысу. Неткен құштарлық! Құрметті Р. Н. С. мырзаның «көлеңкеден» орыс үкіметі тақуаларының бәрінен де көбірек қорқады дегеніне біз толық қосыламыз. Сондықтан революциялық күштердің өсуі мен келешектегі революциялық дүмпуді көрсеткен авторымыз көлеңкелерге осы жалбарынудың нақ алдында ғана былай деп байбалам салған еді: «Саяси мағынасы да жоқ, адамгершілік тұрғыдан ақталудың көлеңкесі де жоқ, осы есуастық агрессиялық-консервативтік саясаттың адамдарды да, мәдени күштерді де сұмдық құрбандықтарға ұшырататынын біз қатты қайғырып алдын ала көріп отырмыз». Революциялық дүмпу туралы айтылған пікірдің бұлай аяқталуы доктринерлік пен сұмпайылықтың қандайлық түпсіз терең тұңғиығын ашып отыр! Егер Россияның халқы үкіметті бір рет болса да жақсылап сілкілеп алса, мұның қандай зор тарихи маңызы болатыны жөнінде автордың мүлдем түсінігі жоқ. Халықтың абсолютизмге жасаған және жасап отырған «сұмдық құрбандықтарын» көрсете келіп, халықтың өшпенділігі мен ашу-ызасын қоздыру-

дың, күреске әзірлігі мен құштарлығын арттырудың орнына, міне осының орнына халықты күрестен шошындыру үшін сіздер *келешектегі* құрбандықтарды тілге тиек етесіздер. Ай, мырзалар-ай! Мұндай пікірді бұлай бүлдіріп аяқтағанша, «революциялық дүмпу» туралы тіпті пікір айтпағандарыңыздың өзі жақсы еді. Сіздердің, сірә, «ұлы оқиғалар» *жасағыларыңыз* келмейтін болар, сіздердің тек «ұлы оқиғалардың көлеңкесі» туралы ғана, оның өзінде де тек «тақ несіне кіріп-шыға алатын адамдармен» ғана сөйлескілеріңіз келетін болар.

Бұл сияқты көлеңкелермен және көлеңкелер туралы әңгімелерге, жұртқа мәлім, біздің жария баспасөзіміз де лық толы. Ал көлеңкеге нақты бейне беру үшін үлгі ретінде «ұлы реформаларға» сүйену және өздерінің толық келісіп алған айқай-шу өтірігімен оны мадақтап жырлау дағдыға айналған. Цензураның бақылауындағы жазушының мұндай өтірігін ара-тұра кешірмеуге де болмайды, өйткені бұлай етпесе ол өзінің саяси қайта өзгеріске деген ынтасын білдіре алмайды. Бірақ Р. Н. С. мырзаға цензура болған жоқ. «Ұлы реформалар,— деп жазады ол,— бюрократия мерейінің әбден үстем болуы үшін ойланып шығарылған жоқ». Бұл апологеттік құрғақ сөз қаншалықты жалтақ екенін қараңыз. *Кім* «ойлап шығарған»? Герцен, Чернышевский, Унковский және осыларға ерген адамдар ма? Бірақ бұл адамдар «реформалардың» жүзеге асырғандарынан әлдеқайда артық талап қойды және «ұлы» реформалар жүргізген үкімет тарапынан олар өз талаптары үшін қуғынға ұшырады.— Үкімет пе, «сотқарларға» тісін қайрап, үкіметтің бостан-босқа даңқын көтеріп, сопың артынан ерген адамдар ма? Бірақ үкімет мәмлеге мүмкіндігінше аз келу үшін, демократиялық талаптарды түбірінен қырқу үшін, қырыққанда *нақ* сол «бюрократияның мерейін әбден үстем ету үшін» қырқу үшін қолынан келетіннің де, қолынан келмейтіннің де бәрін істеп бақты. Р. Н. С. мырза осы тарихи фактілердің бәрін өте жақсы біледі, ал сөйте тұрып бұларды бүркемелейді, өйткені бұл фактілер оның патшаға «бас идірудің» мүмкіндігі туралы мейірбанды теориясын бүтіндей теріске шығарады. Саясатта бас идіруге орын жоқ, тек шексіз қарапайым-

дылық қана (әрі қасиетті, әрі қулық-сұмдықты қарапайымдылық) полицияның: divide et impera, бөлшекте де өктемдік ет, маңыздысын сақтап қалу үшін маңызы азын бере сал, сол қолыңмен бер де, оң қолыңмен қайтып ал,— деген ежелден келе жатқан тәсілін бас ию деп санай алады. «...II Александр үкіметті «ұлы реформаларды» ойлап шығарып, жасай бастаған кезде, ол сонымен бірге орыс халқының саяси бостандық жолындағы жария жолының қандайын болсын қайткенде де кесіп тастау мақсатын өзінің алдына әдейілеп қойған жоқ, өзінің әрбір адымын, заңның әрбір статьясын осы тұрғыдан салмақтаған жоқ». Бұл *өтірік.* II Александрдың үкіметі реформаларды «ойлап шығарғанда» да, оларды жүзеге асырғанда да: сол уақытта-ақ айтылған саяси бостандық талабына көнбеу деген мақсатты бірден-ақ өзінің алдына әдейілеп қойған болатын. II Александрдың үкіметі ең басынан ең ақырына дейін бостандыққа бастайтын жария жолдың бәрін кесіп тастап отырды, өйткені жай тілектердің өзіне де қысым салып жауап берді, тіпті бостандық туралы еркін сөйлеуге де ешқашан рұқсат етпеді. Р. Н. С. мырзаның бостан-босқа мадақтауын теріске шығару үшін Виттенің «Жазбасында» баяндалған, жоғарыда біз келтіріп өткен фактілерге жүгінсек те жеткілікті. Мысалы, II Александр үкіметінің құрамындағы адамдар туралы Виттенің өзі былай дейді: «Ырза ұрпақтардың тұсында да даңқты есімдері сақталып қала беретін 60-жылдар дәуіріндегі аса көрнекті мемлекет қайраткерлері кезінде өздерінің мұрагерлерінің істей алуы екі талай қаншалықты көптеген ұлы істер істегенін және біздің мемлекеттік және қоғамдық құрылысымызды жаңарту жолында өздерінің шынайы сенімімен, патша ағзамның тілектеріне қарсы келмей, оған шексіз берілгендікпен еңбек еткенін атап өту қажет» («Жазбаның» 67-беті). Шындық аты — шындық деген осы: полициялық басбұзарларды басқарып отырған патша ағзамға шынайы сеніммен, шексіз берілгендікпен қызмет етіпті...

Жоғарыда баяндалып отырғандардан кейін, Р. Н. С. мырзаның саяси бостандық үшін күресте земствоның ролі туралы ең маңызды мәселе жөнінде тым аз айтаты-

ны бізді таңдандырмауға тиіс. Земствоның «практикалық» және «мәдени» ісіне жай ғана сілтеме жасаудан басқа, Р. Н. С. мырза оның «тәрбиелік-саяси маңызын» да үстірт көрсете кетеді, ол: «земствоның саяси маңызы бар» дейді, Витте мырзаның айқын көріп отырғанындай, земство «өзінің дамуының тарихи тенденциясына қарай конституцияның ұйытқысы ретінде ғана қауіпті (қазіргі тәртіп үшін)». Ал осы пікірлерінің қорытындысында, абайсызда аузынан шығып кеткендей, революционерлерге қарсы бағытталған мынадай жөнсіз сөздер айтады: «Біз Витте мырзаның шығармасын оның самодержавие туралы шындықты айтқаны үшін ғана емес, земствоға бюрократияның өзі берген қымбат бағалы саяси аттестат ретінде де бағалаймыз. Бұл аттестат саяси білімінің жеткіліксіздігінен немесе революциялық құрғақ сөзге (sic!) әуестеніп алғанынан орыс земствосының және оның жария мәдени қызметінің зор саяси маңызын көргісі келмеген және көргісі де келмейтін адамдардың бәріне берілген тамаша жауап бола алады». Білімнің жеткіліксіздігін немесе құрғақ сөзбен әуестенуді көрген кім еді? қай жерде, қашан көрген еді? Р. Н. С. мырза кіммен және неліктен келіспейді? Бұған берілген жауап жоқ, ал автордың жөнсіз айтылған сөздерінен бізге оның революционерлерді жек көретінінен басқа ештеңе аңғарылмайды, бұл бізге мақаланың басқа жерлерінен де таныс. Бұрынғысынан да оғаш мына ескерту істің бетін тіпті де ашып бере алмайды: «Бұл сөздермен революцияшыл қайраткерлерге тіпті де тиіскелі отырғанымыз жоқ (?!), ең алдымен олардың озбырлыққа қарсы күрестегі адамгершілік ерлігін бағаламауға болмайды». Мұның керегі не? не үшін? Адамгершілік ерлік пен земствоны бағалай білмеудің арасында қандай байланыс бар? Дұрысында, Р. Н. С. мырза бұрынғыдан да бетер масқара болып отыр: ол әуелі революционерлерге надансыңдар, бос сөзуарсыңдар деп беталды және «жасырын» (яғни кімге қарсы екені белгісіз) кінәлап «тиіскен» еді, ал енді егер олардың адамгершілік ерлігін алтын сырмен боямалап баса айтсақ, надансыңдар деп тағылған айыпқа оларды көндіруге болады-ау деген жорамалмен тағы да «тиісіп» отыр. Көмескі пікірлерінің аяғын-

да Р. Н. С. мырза «революциялық бос сөзуарлықпен әуестенушілерге» үн қосқан сияқты: «қазіргі орыс земствосы... тікелей өз күшімен өзінен басқа біреуді қаратып алатын, басқа біреуді қорқыта алатын саяси мықты күш емес... Земство өзінің кішігірім позициясын әрең-әрең қорғап отыр»... «Мұндай мекемелер (земство сияқты)... бұл (самодержавиелік) құрылысқа алыс болашақта ғана және елдің бүкіл мәдениетінің дамуына байланысты ғана өздігінен қауіп тудыра алады»,— деп мәлімдеп, өзіне өзі қайшы келіп отыр.

VI

Р. Н. С. мырзаның сондай ашулы және сондай мазмұнсыз айтып отырған мәселесінің не екенін біліп алуға тырысып көрелік. Біздің жоғарыда келтірген фактілеріміз земствоның «саяси маңызы», яғни саяси бостандық жолындағы күресте оның фактор ретіндегі маңызы, негізінен алғанда, мыналарда екенін көрсетеді. Біріншіден, біздің дәулетті таптар (әсіресе жерлі дворяндардың) өкілдерінің бұл ұйымы сайланып қойылатын мекемелерді бюрократияға ұдайы қарсы қойып, олардың арасында ұдайы жанжал туғызып отырады, жауапсыз патша чиновниктерінің реакциялық сипатын аяқ басқан сайын көрсетіп отырады, наразылықты қолдап, самодержавиелік үкіметке қарсы оппозицияға дем беріп отырады *. Екіншіден, бюрократиялық күйменің бесінші доңғалағы болып қыстырылған земстволар өзінің жағдайын нығайтуға, маңызын арттыра түсуге тырысып отыр, конституция туралы өтініш жасап, конституцияға ұмтылып отыр,— және керек десе, Виттенің айтуынша, конституцияға «өзінен өзі кетіп барады». Сондықтан үкіметтің революционерлерге қарсы күресінде бұлар оған жарамсыз одақтас болып шығып отыр, олар революционерлер жөнінде достық бейтараптық сақтап отыр және қиын-қыстау кезеңде үкіметтің жазалау шараларына солқылдақтық туғызуымен революционерлерге, жанама

* П. Б. Аксельродтың «Россиядағы тарихи жағдай және либералдық демократия мен социалистік демократияның өзара қатынасы» (Женева, 1898) деген кітапшасында мәселенің бұл жағын аса тыңғылықты түсіндірген жерін, әсіресе 5, 8, 11—12, 17—19-беттеріп қараңыз.

түрде болса да, сөз жоқ, қызмет көрсетіп отыр. Осы уақытқа дейін, ең тәуір дегенде, либералдық өтініштер мен достық бейтараптыққа ғана жарап келген мекемені саяси күрестің не бір «ірі», не жалпы бір дербес факторы деп тануға болмайтыны түсінікті, бірақ *көмекші* факторлардың бірінің ролін земствоның да атқарып келгенін бекер деуге болмайды. Қаласаңыздар, осы мағынасынан алғанда біз тіпті земство — конституцияның кішкене бір бөлігі дегенді мойындауға да әзірміз.— Оқушының: олай болса, сіз осыдан артықты дәлелдеп те жатпайтын Р. Н. С. мырзамен келісімге келген болдыңыз ғой деуі ықтимал. Мүлде олай емес. Біздің алауыздығымыздың өзі осы арадан басталады.

Земство — конституцияның кішкене бір бөлігі. Солай-ақ болсын. Бірақ бұл бөлік болғанда да, осы бөлік арқылы орыс «қоғамының» көңілін конституциядан басқа жаққа *алаң етіп* отырған бөлігі. Бұл — басты позицияларды өз қолында сақтап қалу үшін, саяси қайта өзгерісті талап етушілерді бөлшектеп, бытырату үшін өсіп келе жатқан демократизмге самодержавиенің берген позициясы, атап айтқанда, маңызы мүлдем аз позиция. Земствоға («конституцияның ұрығына») «сенім көрсету» негізінде бұл бытыратудың 60-жылдары да, 1880—1881 жылдары да жүзеге қалай асырылғанын біз көргенбіз. Земствоның саяси бостандыққа қатынасы туралы мәселе—реформалардың революцияға қатынасы туралы жалпы мәселенің жекеше бір бөлегі. Сондықтан осы жекеше мәселеден біз модаға айналған бернштейншілдік теорияның [47] бүкіл тар өрістілігі мен өрескелдігін көре аламыз, бұл теория революциялық күресті реформалар жолындағы күреспен алмастырады, «прогрестің принципі — неғұрлым жақсы болса, соғұрлым артық болады» деп (мәселен, Бердяев мырзаға айтқызса да) жариялайды. Бұл принцип, жалпы формасын алғанда, керісінше келетін екінші бір — неғұрлым жаман болса, соғұрлым артық болады деген — принцип сияқты, теріс принцип. Революционерлер реформа жолындағы күрестен, аса маңызды болмаса да жаудың жеке бір позициясын басып алудан, *егер* бұл позиция революционерлердің тегеурінін күшейтіп, толық жеңіп шығуын жеңілде-

тетін позиция болса, оны басып алудан, әрине, ешқашан да бас тартпайды. Бірақ шабуыл жасаушыларды бытыратып, оларды оп-оңай талқандау үшін, белгілі бір позицияны жаудың өздері әдейі беретін кездер болатынын революционерлер ешқашан ұмытпайды. «Түпкі мақсатты» әрқашан есте ұстап, «қозғалыстың әрбір адымын және әрбір жеке реформаны жалпы революциялық күрес тұрғысынан бағалай отырып қана, қозғалысты алдамшы адымнан, масқара қателіктерден аман сақтауды қамтамасыз етуге болатынын олар ешқашан ұмытпайды.

Міне мәселенің осы жағын — жарым-жартылай мәмлеге келу арқылы самодержавиені *нығайтудың* құралы ретінде, либералдық қоғамның белгілі бір бөлігін самодержавиенің жағына тартудың құралы ретінде земствоның маңызы бар екенін,— Р. Н. С. мырза мүлде түсінбеген. Ол неғұрлым жақсы болса, соғұрлым артық болады деген «формула» бойынша земство мен конституцияны тікелей байланыстыратын доктринерлік схема құрастыруды жөн көреді. «Егер Россияда сіз земствоны бұрын жойып,— дейді ол Виттеге,— әркімнің жеке басының правосын сонан кейін барып кеңейтсеңіз, онда сіз сословиелік бейнесі бар жергілікті өзін өзі басқару негізінде тарихи өсіп шыққан ұстамды конституцияны елге әперудің қолайлы жағдайынан айрылып қалған болар едіңіз. Қалай дегенде де консерватизм ісіне сіз өте нашар қызмет көрсетер едіңіз». Неткен сындарлы, әдемі концепция! Сословиелік бейнесі бар жергілікті өзін өзі басқару — тақ иесіне кіріп-шыға алатын дана консерватор — ұстамды конституция. Бірақ не керек, шынына келгенде, дана консерваторлар земствоның арқасында елге конституция *«бермеудің»* бірнеше рет «қолайлы жағдайын» тауып отыр ғой.

Р. Н. С. мырзаның бейбіт «концепциясы», оның мақаласын аяқтайтын және тікелей ұран ретінде жаңа жолдан қара әріптермен: «Праволар және билігі күшті бүкіл россиялық земство!» деп басылған ұранның тұжырымдарынан да көрініп тұр. Жұмысшылардың қалың бұқарасының саяси соқыр сеніміне «Рабочая Мысльдің» қалай жарамсақтанғанын көріп отырсақ, бұл да орыс

либералдары қалың бұқарасының саяси соқыр сеніміне дәл солайша орынсыз жарамсақтану екенін ашық мойындау керек. Біз бірінші ретте де, екінші ретте де мұндай жарамсақтануға қарсы шығуға міндеттіміз. II Александрдың үкіметі бостандыққа жетудің жария жолдарын кесіп тастаған жоқ деу,— земствоның болуы елге ұстамды конституция берудің қолайлы жағдайы болады деу, «праволар және билігі күшті земство» деген ұран, революциялық демей-ақ қояйын, ең болмағанда конституциялық қозғалыстың туы бола алады деу — соқыр сенім. Бұл — жаулардан одақтастарды айыра білуге көмектесетін, қозғалысқа бағыт беріп, оған басшылық ете алатын ту емес, бұл — қозғалысқа мейлінше сенімсіз адамдардың келіп қыстырылуына жәрдемдесетін, даурықпа уәделермен және жарым-жарты реформалармен үкіметтің құтылып кетпек болған талабын онан сайын жеңілдететін шүберек қана. Иә, мұны алдын ала болжап айту үшін біздің революциялық қозғалыс өзінің жоғарғы шегіне жетеді — қоғам ішінде либералдық қобалжу еселеп күшейеді — үкімет ішінен Лорис-Меликовтар мен Игнатьевтер сияқты өзінің туына: «праволар және билігі күшті земство» деп жазатын жаңа адамдар шығады деу үшін пайғамбар болудың керегі жоқ. Ең әрі дегенде, мұның өзі Россия үшін ең тиімсіз, ал үкімет үшін ең тиімді жол болар еді. Егер либералдардың қандай да бір едәуір бөлігі осы туға сеніп, осыған елігіп алып, «сотқар» революционерлерге ту сыртынан шабуыл жасаса, онда революционерлердің жалғыз қалып қоюы мүмкін, сөйтіп үкімет өзі, тек кеңесші маңызы ғана бар және дворяндық-аристократиялық конституциямен шектелетін, болмашы жеңілдіктер арқылы құтылуын қамтамасыз етуге әрекет жасар еді. Мұндай әрекет іске аса ма, жоқ па, бұл — революцияшыл пролетариат пен үкіметтің арасындағы шешуші шайқастың нәтижесіне байланысты болмақ,— бірақ либералдар алданып қалады, бұған толық кепілдік беруге болады. Р. Н. С. мырза қойған ұран тәрізді («билігі күшті земство» немесе «земствошылдық», т. т.) ұранмен, үкімет революционерлерден либералдарды күшікше алдап шақырып алып, алқымынан қылғындырып ұстайды да, реакция дүресі

деп аталатын дүремен сойып салады. Ал, мырзалар, сол кезде біздің: *өздеріңе сол керек!* — дейтініміз анық.

Абсолютизмді жоюды талап етудің орнына, бұл сияқты ұстамды да ұқыпты ниет не үшін қорытынды ұран ретінде қойылып отыр? Біріншіден, «консерватизмге қызмет көрсеткісі» келетін және үкімет осындай ұстамдылыққа мейірімі түсіп, оның алдында «жуасиды» деп сенетін филистерлік доктринерлік үшін қойылып отыр. Екіншіден, «либералдарды біріктіру» үшін қойылып отыр. Шынында да, «әр сомға бір тиын» деген ұран *барлық* жұмысшыларды біріктіретіні («экономистердің» ойлауынша) тәрізді, «праволар және билігі күшті земство» деген ұранның да *барлық* либералдарды біріктіруі ықтимал. Жалғыз-ақ *мұндай* біріктіру ұтыстың орнына ұтылыс болып жүрмей ме? Бірлесушілерді бірлестірушінің сапалы және батыл программасының дәрежесіне дейін көтеретін болса, біріктіру — пайдалы. Бірлестірушілерді бұқараның соқыр сенімінің дәрежесіне дейін төмендететін болса, біріктіру — зиян. Ал орыс либералдары бұқарасының ішінде: земство шынында да «конституцияның ұрығы» *, тек адамгершіліктен ада баяпсыз адамдардың тіміскі әрекеттерінің салдарынан мұның «табиғи» бейбіт өсуі, бірте-бірте өсуі кездейсоқ кідіртіліп келген,— патшаны «жуасыту» үшін бірнеше өтініш жасалса жетіп жатыр,— жалпы жария мәдени

---

* Земстводан не күтуге болады деген мәселеге келгенде князь П. В. Долгоруковтың 60-жылдары шығып тұрған «Листогындағы» [48] (Бурцев, осы жинақ, 64—67-беттер) мына пікірі қызықсыз болмас: «Земство мекемелерінің негізгі қағидаларын қарастыра келіп, біз: үкімет өзінің мейірбандығымен адастырып кетуі керек; «міне, көрдіңіздер ме, сіздерге қанша сыйлық беріп отырмын!» деп дауыстап жариялау керек деген үкіметтің жасырын ойын, жасырын да болса ұдайы көрініп қалып отыратын ойын тағы да кездестіріп отырмыз. Бірақ, асылында, мүмкіндігінше аз беріп, сол аз нәрсенің өзін толық пайдаландырмау үшін кедергі жасап отыруға тырысып бағады... Қазіргі уақытта, істің самодержавиелік тәртібі тұсында, земство мекемелері пайда бермейді, берс де алмайды, олардың маңызы болмайды және бола да алмайды, бірақ олар болашақтағы жемісті дамудың ұйытқысына бай... Жаңа земство мекемелерінің Россиядағы болашақ конституциялық тәртіптің негізі болуын тағдыр жазған болар... Бірақ Россияда конституциялық басқару тәртібі енгізілгенге дейін, самодержавие өмір сүріп тұрған уақытта, баспасөз бостандығы болмай тұрған уақытта земство мекемелері саяси елес, земство мүшелерінің *үнсіз* жиындары болып қала бермек». Сонымен, Долгоруков 60-жылдардың қызу кезеңінің өзінде де шексіз оптимизмге беріле қойған жоқ. Ал онан бергі өткен 40 жыл бізді көп нәрселерге үйретті және земствоны «тағдырдың өзі» (ал ішінара үкіметтің өзі де) конституцияшыларды *адастырып кетерлік* көптеген шаралардың негізі болуға жазғанын көрсетті.

жұмыстың, атап айтқанда, земстволық жұмыстың «зор саяси маңызы бар», мұндай жұмыс самодержавиеге сөз жүзінде жау адамдарды самодержавиеге қарсы жүргізілетін революциялық күресті, қайсыбір формада болсын, белсенді түрде қуаттау міндетінен құтқарады, т. т. және т. б. деген соқыр сенім өте-мөте көп таралған. Либаралдарды біріктіру — күмәнсыз пайдалы және керекті іс, бірақ ескірген соқыр сенімге жарамсақтанатын бірлестік емес, қайта сонымен күресуді өзінің мақсаты етіп қойған бірлестік, біздің саяси есейгендігіміздің (дұрысында: есеймегендігіміздің) орта дәрежесін қабылдайтын емес, қайта оны көтеретін бірлестік,— бір сөзбен айтқанда, жария қызметтің орасан зор саяси маңызы туралы оппортунистік құрғақ сөз үшін емес, құпия күресті қуаттау үшін жасалатын бірлестік қана күмәнсыз пайдалы және керекті бірлестік бола алады. Егер жұмысшылардың алдына: «стачка бостандығы» ұранын және т. б. саяси ұранды қою орынсыз болса, ол уақытта либералдардың алдына да: «билігі күшті земство» деген ұран тастау дәл сондай орынсыз. *Самодержавие тұсында* әрбір земство, барып тұрған «билігі күшті» земство болса да, дамуға қабілетсіз кемтар земство болатыны сөзсіз, ал *конституция тұсында* земство бірден-ақ өзінің қазіргі «саяси» маңызын жоғалтады.

Либералдарды екі формада: дербес либералдық (әлбетте, жасырын) партия құру арқылы және либералдардың революционерлерге көмегін ұйымдастыру арқылы біріктіруге болады. Бірінші мүмкіншіліктің бар екенін Р. Н. С. мырзаның өзі де көрсетіп отыр, бірақ... егер бұлайша көрсетуді либерализм түрлері мен мүмкіндіктерінің шын нышаны деп танитын болсақ, онда бұлар айрықша оптимизмге негіз бола коймайды. «Земство болмаған күнде,— деп жазады ол,— земство либералдары либералдық партия құруға немесе ұйымдасқан күш ретінде тарих сахнасынан шығып қалуға тиіс болады. Либералдарды, өзінің программасы мен іс тәсілі жөнінде өте-мөте ұстамды болса да, астыртын партияға ұйымдастыру земствоны жоюдың даусыз нәтижесі болатынына біздің көзіміз жетіп отыр». Егер земствоны «жою» ғана болса, онда мұны әлі көп күту керек, өйт-

кені земствоны тіпті Виттенің өзі де жойып жібергісі келмейді, ал орыс үкіметі жалпы алғанда земствоның мазмұнын тіпті толығынан құртып жіберген күнде де сыртқы бейнесін сақтап қалуға мейлінше ұмтылып отыр. Либералдар партиясының өте ұстамды партия болатыны — мейлінше табиғи нәрсе және буржуазия ортасынан шыққан қозғалыстан (либералдық партия тек осындай қозғалысқа ғана сүйене алады) мұнан басқаны күтуге де болмайды. Ал дегенмен бұл партияның қызметі, оның «іс тәсілдері» қандай болуы керек? Р. Н. С. мырза мұны түсіндірмейді. «Неғұрлым ұстамды және неғұрлым баяу қимылдайтын оппозициялық элементтерден құралған астыртын либералдық партия,— дейді ол,— ұйым ретінде мейлінше кең көлемді және мейлінше интенсивті қызметті өзінен өзі өрістете алмайды»... Белгілі салада, жергілікті және негізінен алғанда земстволық мүдделердің шеңберінен шыға алмайтын салада болса да, либералдық партия, әрі кең көлемде, әрі интенсивті қызметті толық өрістете алар еді деп ойлаймыз,— мысал үшін, саяси әшкерелеулер ұйымдастыруды айтуға болады... «Бірақ басқа партиялар, әсіресе социал-демократиялық немесе жұмысшы партиясы тарапынан осындай қызмет жүргізіліп отырғанда, либералдық партия — тіпті социал-демократтармен тікелей келісім жасамай-ақ — өте елеулі фактор бола алады»... Автордың жалпы түрде болса да осы «фактордың» жұмысын белгілеуі әбден әділ болар еді, ал оқушының онан осыны күтуі де өте табиғи нәрсе. Бірақ Р. Н. С. мырза бұлай етудің орнына революцияшыл социал-демократияның өсуін суреттейді де, оны былай деп аяқтайды: «Айқын саяси қозғалыс бар кезде... аз да болса ұйымдасқан либералдық оппозиция зор саяси роль атқара алады: шебер тактика қолданса, ұстамды партиялар бір-біріне қарсы қоғамдық элементтер арасындағы шиеленісе түскен күрестен әрқашан да ұтып шығып отырады»... Осы ғана! «Фактордың» (партиядан «оппозицияға» айналып үлгірген «фактордың») «ролі», күрестің шиеленісуінен «ұтып шығуында» болып отыр. Либералдардың күреске қатысуы туралы ештеңе айтылмайды, ал либералдардың ұтып шығатыны туралы

ескертіледі. Құдіреттің күшімен болған жаңсақтық деуге болады...

Өздері жеңіп алу жолында күресіп жүрген саяси бостандықтың *ең алдымен* буржуазияға пайдалы болатынын орыс социал-демократтары әр уақытта көріп-біліп отырды. Осыған сүйеніп, тек утопизмнің немесе реакцияшыл халықшылдықтың ең оңбаған соқыр сеніміне белшесінен батқан социалист қана самодержавиемен күреске қарсы бас көтере алар еді. Буржуазия бостандықты жан тыныштығы үшін пайдаланады,— пролетариатқа бостандық социализм үшін күресін барынша кең өрістету үшін қажет. Сондықтан социал-демократия азаттық жолындағы күресті табандылықпен жүргізе береді, буржуазияның қайсыбір топтарының бұл күреске көзқарасы қандай екеніне қарамайды. Саяси күрестің мүддесі үшін біз қандай себеппен және қандай қоғамдық топта пайда болса да, самодержавиенің езгісіне қарсы оппозиция атаулыны қуаттап отыруға тиіспіз. Сондықтан жалпы алғанда біздің либералдық буржуаның оппозициясына, жеке алғанда, біздің земстволық оппозицияға біз тіпті немқұрайды қарай алмаймыз. Егер либералдар астыртын партияға ұйымдаса алатын болса,— әбден жақсы, біз дәулеттілер табы арасында саяси сананың өскендігін қуанып қарсы аламыз, олардың талаптарын қолдаймыз, біз либералдар мен социал-демократтардың қызметі өзара бірінің олқылығын бірі толтырып отыруына тырысып бағамыз *. Егер либералдар осылай ұйымдаса алмаса,— біз бұл (осылай болуы әбден мүмкін) ретте де либералдарға «қолды бір-ақ сілтей» салмаймыз, онда біз жеке адамдармен байланысты нығайтуға, оларды өзіміздің қозғалысымызбен таныстыруға, үкіметтің барлық және әрбір оңбағандықтарын және жергілікті өкіметтердің айла-шарғыларын жұмыс-

---

* Осыны жазып отырған адамға осыдан төрт жыл бұрын, «Халық правосы»[49] партиясы жөнінде, либералдық партияның пайдасын көрсетуге тура келген еді. Қараңыз: «Орыс социал-демократтарының міндеттері» (Женева, 1898): «... Ал егер бұл партияның («Халық правосының») ішінде перде жамылмаған, нағыз социалист емес саясатшылар да, социалист емес демократтар да бар болса,— онда бұл партияның келтіретін пайдасы аз болмауы мүмкін, өйткені ол біздің буржуазияның саяси оппозицияшыл элементтерімен жақындасуға тырысады...» (26-бет). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 504-бет. *Ред.)*

шы баспасөзінде әшкерелеу арқылы оларды қолдап отыруға, революционерлерді қолдауға, оларды тартуға тырысып бағамыз. Либералдар мен социал-демократтардың арасында бұл сияқты қызмет ауыс-түйісі қазірде де болып отыр, жалғыз-ақ осыны ұлғайту және нығайту керек. Бірақ, бұл сияқты қызмет ауыс-түйісін жасауға әрқашан дайын бола отырып, біз жалпы алғанда саяси кемелденбеген орыс қоғамында, атап айтқанда, орыстың либералдық қоғамында сондай көп тарап отырған жалған үміттерге қарсы батыл күрес жүргізуден ешқашан да және ешбір жағдайда да бас тартпаймыз. Шын мәнінде, біз Маркстің 1848 жылғы революция туралы айтқан белгілі сөзінің түрін өзгерте келіп, орыс революциялық қозғалысы туралы да: прогресс кейбір тиімді табыстарды жеңіп алуда емес, зиянды жалған үміттерден арылуда[50] болып отыр дей аламыз. Біз анархизм мен халықшылдық социализмнің жалған үмітінен, саясатты менсінбеушіліктен, Россияның өзіндік дамуына сенуден, халық революцияға әзір тұр деген сенімнен, ер жүректі интеллигенцияның өкіметті басып алу және самодержавиемен жекпе-жек күресу теориясынан құтылдық.

Теория жағынан ең негізсіз және практика жүзінде ең жаны сірі жалған үміттен, орыс самодержавиесімен әлі де парламенттес болуға болады дейтін, қайдағы бір земстволық конституцияның ұрығы болып табылады дейтін, конституцияның шын берілген жақтаушылары шыдамды жария іс арқылы және жауды жуасытуға шыдамды түрде шақыру арқылы өзінің Аннибал антын орындауына болады дейтін жалған үміттен біздің либералдардың да арылар кезі жетті ғой.

БАҒАЛЫ МОЙЫНДАУ

Жұмысшылардың толқуы соңғы кезде тағы да барлық жерде көп сөз бола бастады. Билеуші топтар да қобалжыды, қобалжығанда шынымен қобалжыды: «Новое Время»[51] сияқты барып тұрған ізгі ниетті, бастықтарға әрдайым жағымпазданып отыратын газеттің өзін 9051-номеріндегі (11 майдағы) «Жұмысшылардың тәртіпсіздігі жайында» деген мақала үшін бір аптаға тоқтатып «жазалауды» қажет деп тапқаны бұған дәлел. Әрине, мақаланың мазмұны үшін жаза қолданылған жоқ, өйткені мақалада үкіметке мейлінше тілектестік сезім, оның мүдделеріне мейлінше шын қамқорлық білдірілген. «Қоғамды толқытатын» осы оқиғаларды талқылау атаулының бәрі, олардың етек алуын және олардың маңыздылығын еске алу атаулының бәрі қауіпті деп танылды. Біз төменде келтіріп отырған: біздің фабрикалар мен заводтардағы тәртіпсіздіктер туралы, жұмысшылардың қожайындарға көзқарасы туралы мақалалар *тек полиция департаментінің рұқсаты бойынша* басылсын деген құпия нұсқау (сол 11 майдағы)[52] жұмысшылардың толқуы мемлекеттік маңызы бар оқиға деп тануға үкіметтің өзі қаншалықты дәрежеде бейім екенін басқа пікірлердің бәрінен де жақсы көрсетеді. «Новое Время» мақаласының да ерекше қызғылықты болуының себебі, мұнда тұтас бір мемлекеттік программа айтылып отыр, бұл программа, шын мәнісінде, түгелдей өтірік, қамқорсыған, қайырымшылсынған, т. б.

лепірме сөздермен бояmaланған және чиновниктік бақылауды күшейтуге сылтау боларлық бірнеше ұсақ, ішінара болмашы қайыр-садақалар арқылы наразылықты тұншықтырып тастауға әкеліп саяды. Бірақ жаңа деуге болмайтын бұл программа тек Россияда ғана емес, Батыста да қазіргі мемлекет адамдарының «шегіне жеткен» даналығын бейнелейді деп айтуға болады: жеке меншікке, бір шоғыр байлардың миллиондаған дәулетсіздер мен еңбекшілерді құлдыққа салуына негізделген қоғамда үкімет қанаушылардың шын досы, одақтасы, олардың үстемдігінің сенімді сақшысы болмауы мүмкін емес. Ал сенімді сақшы болу үшін біздің заманда зеңбіректің, найза мен қамшының болуы әлі жеткіліксіз: үкімет таптардан жоғары тұрады, ол дворяндар мен буржуазияның мүдделеріне емес, әділеттілік мүдделеріне қызмет етеді, ол әлсіздер мен кедейлерді байлар мен күштілерден қорғаудың қамын жейді дегенді, т. б. қаналушылардың құлағына құюға тырысу керек. Францияда III Наполеон, Германияда Бисмарк пен II Вильгельм жұмысшыларды осылайша алдап ұстау үшін күш салып бақты. Бірақ Европада, азды-көпті еркін баспасөз, халық өкілдігі, сайлау күресі және қалыптасқан саяси партиялар болып отырғандықтан, бұл екіжүзді айлашарғының бәрі өте тез әшкереленді. Азияда, оның ішінде Россияда, халық бұқарасының жанышталғандығы, надандығы, патша ағзамға адал берілгендікті қуаттайтын соқыр сенім соншама күшті болғандықтан, мұндай әдіс-айлалар үлкен табысқа жеткізіп отыр. Ал соңғы 10—20 жылдың ішінде мұндай саясаттың *сәтсіздікке* ұшырауы — европалық рухтың Россияға да ене бастауының өте айқын белгілерінің бірі. Бұл саясат талай рет қолданылды, бірақ жұмысшылар туралы белгілі бір «қамқорлық» (қамқорсынған) заң шығарылған соң бірнеше жылдан кейін істің жайы тағы да бұрынғы қалпына түсе берді — наразы жұмысшылардың саны көбейді, ашу-ыза артты, толқу күшейді — тағы да дабыл қағып, үлкен думанмен «қамқорлық» саясат жүргізіле бастайды, жұмысшыларға шынайы, қамқорлық туралы лепірме сөздер айтылады, жұмысшыларға пайдасы бір тиындық, ал құрғақ айқайы мен өтірік уәдесі бір сомдық тағы да

бір заң шығарылады,— сөйтіп бірнеше жылдан кейін ескі тарих тағы да қайталана бастайды. Үкімет ұршықтай үйіріліп, жан ұшырады, жұмысшылардың наразылығы ағытылған тесіктің бірінен соң бірін қайдағы бір ескі-құсқымен тығындамақ болып әуреге түседі,— ал наразылық басқа бір жерден жарып шығып, бұрынғысынан да күшейе түседі.

Шынында да, Россиядағы «жұмысшы заңдары» тарихының елеулі кезеңдерін еске түсіріп көріңізші. 70-жылдардың аяғында Петербургте орасан зор стачкалар болды, социалистер үгітті күшейту үшін мұны пайдаланып қалуға тырысты. III Александр өзінің «халықтық» деп аталған (ал шынына келгенде дворяндық-полициялық) саясатына фабрика заңдарын енгізді. 1882 жылы фабрика инспекциясы құрылды, ол алғашқы кезде өзінің есептерін де жариялап жүрді. Бұл есептер үкіметке, әрине, ұнамады, сондықтан үкімет *ол есептерді бастыруды тоқтатты.* Фабрика бақылауы туралы заңдар, атап айтқанда, түкке тұрғысыз бірдеңе болып шықты. 1884—1885 жыл басталды. Өнеркәсіптегі дағдарыс жұмысшылардың орасан зор қозғалысын туғызды, орталық аудапда бірсыпыра, өте-мөте күшті стачкалар болды (әсіресе Морозов фабрикасындағы стачка [53] ерекше болды). Тағы да «қамқорлық» саясат алға тартылды,— бұл жолы оны «Московские Ведомостиде» [54] мейлінше құштарлықпен алға тартқан Катков болды. Морозов фабрикасындағы стачкашылардың присяжныйлар сотына берілгендігіне Катков шашын жұлып, тас-талқан болады, ол сот тарапынан присяжныйлардың шешуіне тапсырылған жүз бір мәселені — «Русьте көрінген жұмысшы мәселесі құрметіндегі салюттің жүз бір дүркін атылған оғы» деп атады, бірақ мұнымен бірге ол «мемлекеттің» жұмысшыларға болысуын, Морозов тоқымашыларының, ақырында, шыдамын тауысқан сорақы штрафтарға тыйым салуын талап етті. Фабрика бақылауын үсті-үстіне күшейтіп, фабриканттың пайдасына беталды штраф салуды тыятын 1886 жылғы заң шықты. Он жыл өткен соң, жұмысшылар толқуының жаңа дүмпуі бұрқ етті. 1895 жылғы стачкалар, әсіресе 1896 жылғы үлкен стачка [55] үкіметті қатты үрейлендірді (әсіресе, енді жұ-

мысшылар мен социал-демократтар үнемі қол ұстасып бірге шығып отырғандықтан), сондықтан үкімет бұрын болып көрмеген шапшаңдықпен, жұмыс күнін қысқарту туралы «қамқорлық» заң (1897 ж. 2 июньде) шығарды; бұл заңды талқылаған комиссияда ішкі істер министрлігінің чиновниктері, оның ішінде полиция департаментінің директоры да: фабрика жұмысшылары үкіметтің ұдайы қорғаушы, әділетті және қайырымды қамқоршы екенін көретін болсын деп бар дауыспен айқай салады (қараңыз: «1897 жылғы 2 июньдегі заңға қатысты құпия документтер» деген кітапша). Ал қамқорлық заң бұл кезде сол үкіметтің жарлықтары бойынша астыртын түрде барынша жұлмаланып, жойыла береді. Тағы да өнеркәсіп дағдарысы басталады,— полициялық үкіметтің ешқандай «қамқорлығы» өздеріне айтарлықтай жеңілдік келтірмейтініне, өздерінің қамын өздері ойлауына ерік бермейтініне жұмысшылардың көзі жеткен үстіне жете түседі,— тағы да толқу, көше шайқастары басталады — үкімет тағы да мазасызданады — тағы да, бұл жолы «Новое Время» газетінде, «мемлекет қамқорлығы» туралы полициялық сөздер айтыла бастайды. Түпсіз шелекпен су тасудан жалыққан жоқсыздар ма, мырзалар?

Жоқ, ымыраға келмейтін жұмысшыларды қорқыту әрекетін, табансыздау, ақымақтау, қорқақтау адамдарды болмашы қайыр-садақамен өзіне тарту әрекетін қайталаудан үкімет еш уақытта, әрине, жалықпайды. Бірақ бұл әрекеттің шын мәнін әшкерелеуден, кеше солдаттарға жұмысшыларды атуға бұйырып, бүгін қамқорлық туралы даурығатын, кеше жұмысшыларға өздерінің әділдігі мен қамқоршылығы туралы жариялап, бүгін жұмысшылардың да, интеллигенттердің де таңдаулы адамдарын полицияның сотсыз жазалауына үсті-үстіне ұстап беретін «мемлекет» қайраткерлерін әшкерелеуден біз де еш уақытта жалықпаймыз. Сондықтан біз күнілгері, қандай болсын тағы да бір жаңа «қамқорлық» заң шықпастан бұрын, «Новое Времяның» «мемлекеттік программасына» тоқтап өтуді қажет деп санаймыз. Мұның үстіне, біздің ішкі саясат саласындағы мұндай «бе-

делді» органның бұл мойындауының өзі де көңіл бөлерлік нәрсе.

«Жұмысшы мәселесі саласындағы қайғылы құбылыстар» кездейсоқ нәрсе емес екенін «Новое Время» мойындауға мәжбүр болып отыр. Әрине, бұл арада социалистер де кінәлы (газет бұл қорқынышты сөзді айтудан жалтарып, «зиянды жалған ілімдер» туралы, «мемлекетке қарсы және қоғамға қарсы идеяларды насихаттау» туралы күңгірттеу айтуды артық көреді), бірақ... бірақ нақ осы социалистердің жұмысшылар арасында беделді болуының себебі не? «Новое Время», әрине, реті келгенде жұмысшыларды: олар сондай «кеще, надан», сол себепті полицияның жан тыныштығына зиянды социалистердің уағызын қуана тыңдайды,— деп ұрсып қояды. Демек, социалистер де, жұмысшылар да кінәлы,— жандармдар бұл кінәлылармен көптен бері жанталаса арпалысып келеді, түрмелер мен жер аудару орындарын лық толтыруда. Сонда да болмайды. Сірә, *фабрика-завод жұмысшыларының тұрмысында* олардың «өздерінің қазіргі жағдайына наразылығын туғызып, бұл наразылықты қоздырып отыратын», сөйтіп социализмнің «табысты болуына жәрдемдесетін» *жағдайлар* болып отырса керек. «Фабрика-завод жұмысшысының өте-мөте қолайсыз тұрмыс жағдайындағы ауыр еңбегі оған жұмыс істеуге шамасы болып тұрғанда өлмешінің күнін көруден артық еш нәрсе келтіре алмайды, ал қандай да болса кездейсоқ бір нәрсеге тап болып, азды-көпті уақыт жұмыссыз қалғанда ол, мәселен, жақын арада Бакудің мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшылары туралы газеттерде хабарланғанындай, дәрменсіз халге ұшырайды». Сонымен, үкіметті жақтаушылар социализмнің табысты болуына шынында да жұмысшылар жағдайының нашарлығы себеп болып отырғанын мойындауға тиіс. Бірақ мұны өте-мөте көмескі түрде, жалтара мойындайды және капиталистердің жұмысшыларды езіп отырған «қасиетті меншігіне» титтей де болса қол тигізу ниеті мұндай адамдарда болуы мүмкін емес екенін көрсететін ескертулермен мойындайды. «Амал не,— деп жазады «Новое Время»,— біздің Россияда жұмысшы мәселесі саласындағы істің нақты жайын біз өте аз білеміз». Иә,

амал не, солай! Полициялық үкіметтің бүкіл баспасөзді бұғауда ұстауына, біздегі сорақылықтарды шын ниетімен әшкерелеудің қандайын болса да тұншықтыруына мүмкіндік беріп отырғанымыз себепті де «біз» аз білеміз. Оның есесіне «біз» жұмысшы адамның өшпенділігін азиялық үкіметке емес, «бұратана халықтарға» қарсы бағыттауға тырысамыз: «Новое Время» «бұратаналық завод әкімшілік орындарына» сілтеп, оларды «дөрекі, қомағай» деп атайды. Мұндай құлықпен тек бәленің бәрі «немістен» немесе «жөйттен» деп ойлайтын, неміс жұмысшылары да, еврей жұмысшылары да өздерінің неміс, еврей қанаушыларына қарсы күресу үшін бірігіп отырғанын білмейтін ең білімсіз және надан жұмысшыларды ғана алдауға болады. Тіпті мұны білмейтін жұмысшылар да орыс капиталистері бәрінен де «қомағай», ожар екенін, орыс полициясы мен орыс үкіметі бәрінен де «дөрекі» екенін сан мың мысалдардан айқын көріп отыр.

Жұмысшы шаруа секілді надан емес, ондай көнбісті емес деп «Новое Времяның» қынжылуы да қызық. «Новое Время» жұмысшы «өзінің деревнядағы ұясынан қол үзіп барады» деп, «фабрика-завод аудандарында жиынды тобыр көбейіп жатыр» деп, «село адамы болмашы (істің мәні, міне, осында), бірақ дербес қоғамдық-экономикалық мүдделері мен қатынасы бар селодан қол үзіп барады» деп зарлайды. Шынында да қалай зарламасын? «Село адамы» өзінің ұясына матаулы, сол ұясынан айрылып қалудан қорыққандықтан өзінің помещигіне талап қоюға, оны стачкамен қорқытуға, т. б. бата алмайды; село адамы басқа жерлердегі тәртіпті білмейді, тек өз деревнясын ғана ойлайды (үкіметті жақтаушылар, міне, осыны айтып та жүр: село адамының «дербес мүдделері» бар; шегіртке қонақтар жерін біледі, саясатта жұмысы да болмайды,— бастықтарға мұнан артық не керек?) — ал бұл деревняда жергілікті сүлік, помещик немесе кулак, жұрттың бәрін біледі, құлдықпен бағыну олардың бәріне ата-бабаларынан бері сүйегіне сіңіп, мұра болып қалған, ешкім олардың санасын оятпайды. Ал фабрикадағылар «жиынды» халық, олар ұясына матаулы емес (қайда жұмыс істесе де, бә-

рібір), олар көпті көрген, батыл, дүниеде не болып жатқанның бәрін білгісі келіп отырады.

Қарапайым мужиктің осындай қайғылы халде саналы жұмысшыға айналуына қарамастан, біздің полициялық данасымақтар әлі де жұмысшы бұқарасын «жұмысшылардың тұрмысын жақсарту жөніндегі мемлекеттік қамқорлықпен» алдамақ болады. «Новое Время» бұл үмітті мынадай тозығы жеткен пайымдаумен қуаттайды: «Батыста кемеліне жеткен, тәкаппар капитализм бізде әзір тек сүйемелмен ғана жүре алатын әлсіз нәресте тәрізді, оны сүйемелдеп жүрген үкімет»... Сөз екен-ау, өкіметтің құдіреттілігі туралы осындай ескі ертегіге нанса, қарапайым шаруа ғана нанар! Ал енді полиция чиновниктері мен діни чиновниктерді, әскери және жай чиновниктерді капиталистердің қалай «сүйемелдеп жүретінін» жұмысшы өте жиі көріп отырады. Сөйтіп,— дейді онан әрі «Новое Время»,— істің бәрі үкіметтің жұмысшылар тұрмысын жақсартуды *«жақтауында»,* яғни фабриканттардан осы жақсартуды талап етуінде. Көрдіңіздер ме, оп-оңай екен: әмір етсе болғаны — орындалып жатыр. Бірақ бұл айтуға ғана оңай, ал іс жүзінде бастықтардың бұйрықтарын, тіпті, фабрикалар жанынан ауруханалар ашу сияқты ең «болмашы» бұйрықтарын да капиталистер ондаған жылдар бойы орындамай жүре береді. Капиталистерге қандай да болса үлкен талап қоюға үкіметтің батылы да жетпейді, өйткені «қасиетті» жеке меншікке қол сұғудан қорқады. Жұмысшылардың тұрмысын шындап жақсартуды үкімет қаламайды да, өйткені оның өзі сан мың жерде қожайын, Обухов заводының да, басқа жүздеген заводтардың да жұмысшыларына, ондаған мың почта, темір жол қызметшілеріне және т. т. қысым көрсетіп, олардың ақысын жеп отырады. Біздің үкіметтің бұйрықтарына ешкім сенбейтінін, сол себепті үкімет дәріптеліп жүрген тарихи мысалдардан өзіне сүйеніш табуға тырысатынын «Новое Времяның» өзі де сезеді. Жұмысшылардың тұрмысын жақсарту жайында ол былай дейді: мұны «өзгерістің төменнен талап етілуін күтіп отырғаннан гөрі, қайта оның алдын алып, өзгерісті жоғарыдан жасап жіберген артық дейтін даналық сенімге сүйене оты-

рып, бұдан жарты ғасыр бұрын үкіметтің шаруалар мәселесін өз қолына алғаны секілді» етіп істеу керек.

Міне, бұл шынында да бағалы мойындау! Шаруаларды азат ету алдында патша: шаруалардың өздерін өздері төменнен азат ете бастауын күткеннен гөрі, оларды жоғарыдан азат ету артығырақ деп, дворяндарға халықтың көтеріліс жасау қаупін аңғартқан. Ал қазір үкіметке жағымпазданушы газет «еркіндік алардың алдында» шаруалардың ниеті оған қандай қорқынышты болса, қазір жұмысшылардың ниетінен нақ сондағыдан кем қорықпайтынын мойындайды. «Төменнен басталғанынан да жоғарыдан бастағаны жөн»! Ол кездегі мен бұл кездегі өзгеріс жасау талабының арасында «ұқсастық» бар деп, самодержавиенің газетші итаршылары қатты адасып отыр. Шаруалар крепостниктік правоны жоюды талап етті, бірақ патша өкіметіне қарсы ешқандай ойы болмады, патшаға сенді. Жұмысшылар ең алдымен және бәрінен де бұрын үкіметке қарсы; өздерінің полициялық самодержавие алдындағы правосыздығы капиталистерге қарсы күресте қол-аяғына шырмау болатынын жұмысшылар көріп отыр, сондықтан жұмысшылар үкіметтің өктемдігінен, үкіметтің озбырлығынан азат болуды талап етеді. Жұмысшылар да «еркіндік алу алдында» толқиды,— бірақ бұл саяси бостандықты деспотизмнің қолынан тартып алатын бүкіл халықтың еркі болып табылады.

* *
*

Жұмысшылардың наразылығын қандай асқан ұлы реформамен өшірмек болатынын, оларға қандай «мемлекеттік қамқорлық» көрсетпек болатынын білесіздер ме? Мейлінше көп таралып жүрген лақаптарға нанатын болсақ,— финанс министрлігі мен ішкі істер министрлігі арасында күрес болып жатқан көрінеді: ішкі істер министрлігі фабрика инспекциясын өзінің қарамағына беруді талап етеді, сонда бұл инспекция капиталистерге оншама жағынбай, жұмысшыларға көбірек қарасып, толқулардың алдын алып отыратын болады деп сендіргісі келеді. Жұмысшылар патшаның жаңа қайырымды-

лығына әзірлене берсін: фабрика инспекторлары жаңа мундир киіп, басқа ведомствоға (сірә, артық жалақымен), басқа болғанда, жұмысшылар үшін көптен бері және сондай сүйіспеншілікпен (әсіресе полиция департаменті) күйіп-пісіп жүрген ведомствоға өтеді.

«Искра» № 6, июль, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАҒДАРЫСТЫҢ САБАҚТАРЫ

Сауда-өнеркәсіп дағдарысы, міне, екі жылға таяу уақыт бойына созылып келеді. Ол, сірә, өнеркәсіптің жаңа салаларын қамтып, ұлғая беретін болса керек, басқа аудандарға таралып, банктердің үсті-үстіне күйреуінен шиеленісе беретін болса керек. Біздің газет өткен жылғы декабрьден бастап, әрбір номері сайын дағдарыстың дамуын және оның апатты зардабын қалай да болса атап көрсетіп келді. Бұл құбылыстың себептері мен маңызы туралы жалпы мәселені алға қоятын уақыт жетті. Бізде капитализмнің түгелдей жаңалық болғаны сияқты, Россия үшін бұл құбылыс та біршама жаңалық. Ал өжелгі капиталистік елдерде, яғни өнімнің көбі сату үшін өндірілетін, жұмысшылардың көпшілігінде жер де, еңбек құралдары да жоқ, олар басқа адамдардың шаруашылықтарына жалданып, жері, фабрикалары, машиналары, т. т. бар меншік иелеріне жалданып, өздерінің жұмыс күшін сататын елдерде,— капиталистік елдерде дағдарыс, бойға сіңген ұстамалы ауру сияқты, оқтын-оқтын қайталап отыратын ежелгі құбылыс. Сондықтан дағдарыстарды алдын ала болжауға болады, ал Россияда капитализм өте-мөте шапшаң дами бастаған кезде социал-демократиялық әдебиетте қазіргі дағдарыс та алдын ала болжанған. 1897 жылдың аяғында жазылған «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшада былай делінген: «Қазіргі уақытта біз, сірә, капиталистік циклдың өнеркәсіп «гүлденіп», сауда қызып жатқан, фабрикалар үдере жұмыс істеп, жаңбырдан

кейін қаулап өскен саңырауқұлақтай қисапсыз жаңа заводтар, жаңа кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, темір жол құрылыстары және т. с. пайда болып жатқан кезеңін (қыс пен жаздың қайталанып отыратыны сияқты, белгілі бір оқиғалар қайталанып отыратын айналымын) бастан кешіріп отырған бoлармыз. Өнеркәсіптің осы «гүлденуінен» кейін күйреудің (азды-көпті омырыла күйреудің) сөзсіз болатындығын алдын ала болжап айту үшін әулие болудың керегі жоқ. Мұндай күйреу орасан көп ұсақ қожайындарды күйзеліске ұшыратады, орасан көп жұмысшыларды жұмыссыздар қатарына шығарып тастайды...» *. Міне, осы күйреу — Россияда бұрын-соңды болып көрмеген омырыла күйреу — басталды. Капиталистік қоғамның алдын ала болжауға болатындай дәлдікпен айналып келіп отыратын бұл қорқынышты созылмалы ауруы неден болады?

Капиталистік өндіріс секірмелі түрде, екі адым алға басса, бір адым (ал кейде тіпті екі адым) кері кете отырып қана дами алады. Жоғарыда айтқанымыздай, капиталистік өндіріс дегеніміз сатуға арнап өндіретін өндіріс, рынокқа арнап товар өндіретін өндіріс. Ал өндірісті жеке капиталистер әрқайсысы өз алдына жеке жүргізеді, сол себепті рынокқа нақ қаншама және нақ қандай өнім керек екенін ешкім дәлме-дәл біле алмайды. Тек бірін-бірі басып озуды ойлап, беталды өндіре береді. Сондықтан өндірілген өнім мөлшері рынок қажетіне үйлеспеуі мүмкін екені түсінікті. Орасан зор рынок қауырт кеңейіп, зерттелмеген, орасан зор, жаңа салаларға жайылғанда мұндай мүмкіндік өте-мөте зор болады. Жуырда өзіміз бастан кешірген өнеркәсіптің «гүлденуі» басталғанда істің жайы дәл осы айтылғандай болды. Бүкіл Европаның капиталистері дүние жүзінің жүздеген миллион халқы бар бөлігіне, Азияға шеңгелін салды, ал Азияда бұған дейін тек Индия және шет аймақтың аз бөлігі ғана дүние жүзілік рынокпен тығыз байланысты еді. Закаспий жолы капитал үшін Орта Азияны «аша» бастады, «Ұлы Сибирь жолы» (тек ұзындығы жағынан ғана ұлы емес, оны салдырушылардың қазына

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 505-бет. *Ред.*

ақшасын шектен тыс ұрлауы, оны салған жұмысшыларды шектен тыс қанауы жағынан да ұлы) Сибирьді ашты, Жапония өнеркәсіпті ұлтқа айнала бастады, ол қытай қорғанын бұзып өтуге әрекеттеніп, жіліктің майлы басын тапты, оған Англияның, Германияның, Францияның, Россияның, тіпті Италияның да капиталистері бірден ауыз салды. Орасан зор темір жолдардың салынуы, бүкіл дүние жүзілік рыноктың кеңеюі және сауданың өсуі — мұның бәрі ойда жоқта өнеркәсіпті жандандырды, жаңа кәсіпорындарды көбейтті, өнім өткізу рыногына таласты, пайда қуған жарысты құтырындыра күшейтті, жаңа қоғамдар құруды, ішінара ұсақ капиталистердің азын-аулақ жинақ ақшаларынан да құралған көптеген жаңа капиталды өндіріске тартуды туғызды. Бұрын-соңды белгісіз жаңа рыноктар үшін жанталасқан бұл дүние жүзілік жарыстың орасан зор күйреуге әкеліп соқтырғанына таңдануға болмайды.

Бұл жарысты айқын түсіну үшін оған қандай алыптар қатысқанын ескерту керек. «Жеке кәсіпорындар», «жеке-дара капиталистер» дегенде, шынында бұл сөздердің дәл ұғым бермейтіндігі екінің бірінде ұмытылып жүр. Шын мәнінде, жекеше және жалғыз-дара болып қалып отырған тек пайданы иемдену ғана, ал өндірістің өзі қоғамдық өндіріске айналды. Орасан зор күйреудің мүмкін болуы және болмай қоймайтыны да қуатты *қоғамдық* өндіргіш күштер тек баюды көздеген қарақшы байлардың қарамағында болғандығынан еді. Біз мұны орыс өнеркәсібінің мысалы арқылы түсіндірейік. Соңғы кезде дағдарыс мұнай саласына да тарады. Ал осы өнеркәсіпті, мәселен, «Ағайынды Нобельдердің мұнай өндірісі серіктігі» сияқты кәсіпорындар билеп-төстейді. 1899 жылы серіктік $53^{1}/_{2}$ млн. сомға 163 млн. пұт, ал 1900 жылдың өзінде-ақ 72 млн. сомға 192 млн. пұт мұнай өнімдерін сатты. Бір жылда бір кәсіпорындағы өндіріс $18^{1}/_{2}$ млн. сом артты! Мұндай «бір кәсіпорын» мұнай шығарумен, оны өңдеумен айналысатын, оны мұнай құбырларымен, темір жолдармен, теңіздермен, өзендермен жеткізіп отыратын, бұған керекті машиналар, қоймалар, материалдар, баржалар, пароходтар, т. б. жасаумен шұғылданатын ондаған, жүздеген мың жұмысшы-

лардың біріккен еңбегіне сүйенеді. Бұл ондаған мың жұмысшылардың бәрі бүкіл қоғамға жұмыс істейді, ал олардың еңбегін ат төбеліндей аз ғана миллионерлер пайдаланып, бұқараның ұйымдасқан еңбегі келтіретін пайданың бәрін солар иемденеді. (Нобель серіктігі 1899 жылы 4 млн. сом, ал 1900 жылы 6 млн. сом таза пайда алды, мұнан акционерлер әрбір 5000 сомдық жарнаға 1300 сомнан алды, ал басқарманың бес мүшесі 528 000 сом *сыйлық* алды!) Егер осындай бірнеше кәсіпорын зерттелмеген рыноктан орын алып қалуға құтыра жанталасса, дағдарыстың тууы таңданарлық нәрсе ме?

Ол ол ма. Кәсіпорындардан пайда табу үшін товар сату керек, оны сатып алушыларды табу керек. Мұны сатып алушы бүкіл халық бұқарасы болуға тиіс, өйткені орасан зор кәсіпорындар тау-төбе өнім шығарады. Ал капиталистік елдердің бәрінде халықтың оннан тоғызы қайыршыланғандардан: өте аз жалақы алатын жұмысшылардан, көпшілігінің тіршілігі жұмысшылардан да нашар шаруалардан тұрады. Сондықтан ірі өнеркәсіп гүлдену кезінде неғұрлым көп өндіруге құлаш ұрса, рынокқа өнімді өте көп шығаратыны соншалық, халықтың кедей көпшілігінің оны сатып алуға шамасы келмейді. Машиналардың, құралдардың, қоймалардың, темір жолдардың және т. б. саны барған сайын көбейе береді, бірақ мұндай көбею оқтын-оқтын тоқталып қалып отырады, өйткені осы жақсартылған өндіріс әдістерінің бәрі сайып келгенде халыққа арналса, сол халық бұқарасы қайыршылық халге жеткен кедейлікте қала береді. Егер жер, фабрикалар, машиналар, т. б. халықтың қайыршылығынан миллиондаған пайда түсіретін ат төбеліндей жеке меншік иелерінің қолында болмаса, бүкіл еңбекші халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалатын өнімді қазіргі қоғам әлдеқайда көп өндіре алатынын дағдарыс көрсетіп отыр. Дағдарыс жұмысшылардың капиталистерге жекелеген жеңілдіктер жасату жолындағы күреспен шектеле алмайтынын көрсетеді: өнеркәсіптің жанданyы кезінде мұндай жеңілдіктер жасатуға болады (орыс жұмысшылары 1894—1898 жылдарда өздерінің жігерлі күресімен талай жеңілдіктер жасатты да),— бірақ күйзеліс басталады да, капиталис-

тер бұрынғы жасаған жеңілдіктерін қайтып алып қана қоймай, жұмысшылардың дәрменсіздігін жалақыны онан сайын азайта түсу үшін пайдаланады. Қашан социалистік пролетариаттың армиясы капитал мен жеке меншік үстемдігін құлатқанға дейін, сөз жоқ, осылай бола береді. Осыдан екі жыл бұрын енді күйреу болмауы да ықтимал деп лепіріп жүрген социалистердің (сірә, өздерінің буржуазияшыл экономистердің ілімін талғамай ала беретініне сүйенгендіктен болса керек, өздерін «сыншылар» деп атайтындардың) ертеңін қаншалықты болжай алмайтынын дағдарыс көрсетіп отыр.

Қоғамдық өндірісті жеке меншікке бағындырудың қисынсыздығын толық әшкерелеген дағдарыстың сабақтары ғибрат аларлық болғаны соншалық, енді буржуазиялық баспасөздің өзі де — мәселен, банктерді бақылау сияқты — бақылаудың күшейтілуін талап етіп отыр. Бірақ жандану кезінде капиталистердің кейіннен сөзсіз банкротқа ұшырайтын кәсіпорындар орнатуына ешқандай бақылау бөгет жасай алмайды. Харьковтағы банкротқа ұшыраған жер және сауда банкінің негізін салушы болған Алчевский шаш етектен пайда келтіреді деген тау-кен кәсіпорындарын ашу, оны сүйемелдеу үшін жөнімен болсын, жөнсіз болсын, ретін келтіріп, миллиондаған сом ақша тапты. Ал өнеркәсіптегі кідіріс бұл банктер мен тау-кен кәсіпорындарын (Донецк-Юрьев қоғамы) мерт қылды. Бірақ капиталистік қоғамда кәсіпорындардың бұлай «мерт» болуының мәнісі не? Оның мәнісі — неғұрлым әлдірек миллионерлер әлсіз капиталистерді, «екінші дәрежедегі» капиталистерді ығыстырып шығарады. Харьков миллионері Алчевскийдің орнын Москва миллионері Рябушинский басады, капиталы көбірек болғандықтан, Рябушинский жұмысшыны бұрынғыдан да күштірек езе түседі. Екінші дәрежелі байларды бірінші дәрежелі байлармен ауыстыру, капиталдың күшін арттыру, көптеген ұсақ меншік иелерін (мәселен, банктің күйреуі себепті бүкіл дәулетінен айрылатын ұсақ вкладчиктерді) күйзеліске ұшырату, жұмысшыларға сұрапыл қайыршылық әкелу — дағдарыстың зардабы, міне, осындай. Капиталистер жұмыс күнін ұзартатыны, есеп айырысқанда саналы жұмысшылар-

дың орнына неғұрлым көнтеріліллерді алатыны туралы «Искрада» айтылған мысалдарды да еске саламыз.

Россияда дағдарыстың зардабы, жалпы алғанда басқа бір қандай елге қарағанда да әлдеқайда күшті. Өнеркәсіптің тоқырауына бізде шаруалардың ашаршылығы қосылып отыр. Жұмыссыз жұмысшыларды қалалардан деревняларға қуады, ал жұмыссыз шаруаларды қайда қумақ? Жұмысшыларды қуып, қалаларды тыныштсыз адамдардан тазартқысы келеді, бірақ, мүмкін, бұл қуылғандар шаруалардың ең болмағанда бір бөлегін ғасырлар бойы қалыптасқан көнбістілігінен оятып, оларды тек өтініштерін ғана емес, *талаптарын* да білдіруге жұмылдыра алар? Жұмысшылар мен шаруаларды қазір жұмыссыздық пен аштық қана емес, сондай-ақ жұмысшыларды бірігу, қорғану мүмкіндігінен айырып отырған, шаруаларды өздеріне игі ниетті қайыр-садақа берушілерден келетін жәрдемнен де айырып отырған полициялық езгі де жақындастырып отыр. Күнкөріс құралдарының бәрінен айрылған миллиондаған халыққа полицияның қанды шеңгелі жүз есе ауыр тиеді. Қалалардағы жандармдар мен полиция, деревнялардағы земство бастықтары мен урядниктер өздеріне өшпенділіктің күшейгенін айқын көріп отыр, сондықтан олар деревня асханаларынан ғана емес, жәрдем жинау туралы газет жарнамаларынан да қорқа бастады. Жәрдем жинаудан қорқады! Сезікті секірер деген шынында да рас сөз. Ұры өзі тонаған адамға бір жүргіншінің қайыр-садақа бергенін көргенде, бұлар оны бірлесіп құрту үшін күш біріктіріп жатыр деп сезіктене бастайды.

«Искра» № 7, август, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КРЕПОСТНИКТЕР ӘРЕКЕТ ЖАСАУДА

1901 жылы 8 июньде Сибирьде жеке адамдарға қазынадан жер беру туралы жаңа заң шықты. Жаңа заң қалай қолданылады,— мұны келешек көрсетер. Бірақ осы заңның сипатының өзі-ақ өте-мөте ғибрат аларлық, өйткені ол патша үкіметінің бояусыз кескінін және шын ниетін айқын көрсетіп отыр, сондықтан бұл заңды егжей-тегжейлі талдап, жұмысшы табын және шаруаларды онымен неғұрлым кең таныстыруға тырысу керек.

Біздің үкімет асыл текті дворян-помещиктерге көптен бері-ақ қайырымдылық көрсетіп келеді: үкімет олар үшін дворяндар банкін ашты, қарыз беру, мерзімінде төленбеген алым-салықты кейінге қалдыру жөнінде оларға сан мың жеңілдік берді, бағаны арттырып, пайдасын көбейту үшін оларға қант заводтарын иеленуші миллионерлердің стачкасын жасауға көмектесті, дүниесін төгіп-шашып кедейленген дворян балалары үшін земство бастықтарының жылы орындарын қамдастырды, қазір шарап қайнатушы асыл текті заводшылардың арақты көп пайдамен қазынаға өткізуіне жағдай туғызуда. Бірақ жер кесіп беру жолымен үкімет ең бай, ең атақты қанаушыларға қарасып қана отырған жоқ,— онымен бірге қанаушылардың *жаңа* табын құруда, сан миллион шаруалар мен жұмысшыларды жаңа помещиктердің үнемі кіріптарлығына салып беруде.

Жаңа заңның басты-басты негіздерін қарап көрейік. Ең алдымен, бұл заң — егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрі мұны Мемлекеттік советке ұсынбас бұ-

рын — дворяндар *сословиесінің істері жөніндегі ерекше кеңесте* талқыланғанын еске сала кету қажет. Қазіргі уақытта Россияда жұмысшылардан, шаруалардан гөрі дворян-помещиктер көбірек қиыншылық көріп отырғаны жұртқа мәлім, сондықтан «ерекше кеңес» олардың күйзелген халін жақсартудың амалын табуға дереу кірісті. Сибирьде қазына жері «жеке адамдарға» «жеке меншікті шаруашылықтар» құруға сатылады, арендаға беріледі, ал патша қоластындағы орыс емес адамдар мен бұратаналардың (бұратаналардың қатарына еврейлер де қосылады) бұл жерлерді қандай жолмен болса да алуына *түпкілікті* тыйым салынады, ал жерді арендаға беру (болашақ помещиктер үшін бұл ең тиімді операция екенін кейіннен көреміз) дворяндарға ғана рұқсат етіледі, «олар,— заңда айтылғанындай,— шаруашылық жөніндегі сенімділігі жағынан, үкіметтің, пікірінше, Сибирьдегі лайықты жер иеленушілер болып табылады». Сонымен, үкіметтің ойы, атап айтқанда, еңбекші халықты ірі жер иеленуші-дворяндардың құлдығына түсіру. Қаншалықты ірі жер иеленушілер екенін мынадан көруге болады: сатылатын учаскелердің мөлшері, заң бойынша, *үш мың десятинадан* аспауға тиіс, арендаға берілетін учаскелердің көлеміне тіпті шек қойылмайды, ал арендаға беру мерзімі *99 жылға дейін* болып белгіленген! Қиыншылыққа түскен помещикке керекті жер, біздің үкіметтің есебінше, Сибирьде семья басына 15 десятинадан жер кесіп берілетін шаруаға қарағанда, *екі жүз есе* көп болуға тиіс.

Оның үстіне бұл заң помещиктер жөнінде қандай жеңілдіктер мен ерекшеліктер көздемей отыр десеңізші! Арендатор алғашқы бес жыл бойына ешқандай ақы төлемейді. Егер ол арендаға алған жерін сатып алатын болса (жаңа заң бойынша, ол бұған *праволы),* оның жерді сатып алған ақысын төлеуіне 37 жылға мәулет беріледі. Ерекше рұқсат бойынша, үш мың десятинадан артық жер сатуға да жол беріледі, көпшілік саудасына салмай, еркін бағамен сатуға да, алым-салық борыштарын бір жылға, тіпті үш жылға кешіктіруге де рұқсат беріледі. Жаңа заңды, жалпы алғанда, жоғары дәрежелі сановниктер және сарай маңындағылармен

байланысы бар адамдар, т. т. ғана пайдаланатынын естен шығармау керек,— ондай адамдарға бұл жеңілдіктер мен ерекшеліктердің бәрі оп-оңай, губернатормен немесе министрмен қонақта отырып бірер ауыз сөйлескеннен кейін-ақ беріле салады.

Бірақ мұның мынадай бір бәлесі бар. Егер жер иесі генералдарға амалсыздан жұмыс істейтін «мужик» табылмаса, онда үш мың десятинадан жері болғанмен бұл генералдардың бәрі мұндай жерлерден қандай пайда таба алмақ? Сибирьде халықтың мұқтаждығы қаншама жедел өсіп бара жатқанмен, ондағы шаруа, «россиялық» шаруаға қарағанда, әлдеқайда дербес, таяқтың күшімен жұмыс істеуге оншама үйренбеген. Жаңа заң оны осыған үйретуге тырысады. «Жеке меншіктегі шаруашылықтарға арналған жерлер, *мүмкіндігіне қарай,* шаруаларға берілген жерлермен *аралас кесіліп беріледі»,—* делінген заңның 4-статьясында. Патша үкіметі кедей шаруалар «табысы» жөнінде ойлаған. Қазір егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрі ретінде Сибирьде жеке адамдарға қазынадан жер кесіп беру жөніндегі заңды Мемлекеттік советке ұсынып отырған Ермолов мырзаның өзі мұнан он жыл бұрын (өз атын қоймай) «Егіннің шықпауы және халықтың күйзелуі» деген кітап шығарды. Бұл кітапта ол: жергілікті помещиктерге жұмыс істеп, «табыс» келтіре алатын шаруалардың Сибирьге қоныс аударуына рұқсат етуге негіз жоқ деп ашықтан-ашық мәлімдеген болатын. Орыстың мемлекет адамдары: шаруалар помещиктердің жұмысын істеу үшін жаралған, сондықтан, помещиктер арзан жұмысшыдан айрылатын болса, шаруалардың өздері қалағап жеріне қоныс аударуына тіпті «рұқсат» етпеу керек деген барып тұрған крепостниктік көзқарас білдіруден қысылып-қымтырылмайды. Ал шаруалар, барлық қиыншылықтарға, кедергілерге, тіпті тікелей тыйым салынғанына қарамастан, жүз мыңдап Сибирьге қоныс аудара бергеннен кейін, патша үкіметі, ескі бариннің бурмистріндей, шаруаларды жаңа қонысында тағы да топау үшін оларды ізінен қуа жөнелді. Егер болмашы үлесті жер мен шаруалар жерінің (бұл жерлердің жақсысы қазірдің өзінде алынып қойылған) «аралығында» асыл

текті помещиктердің әрқайсысы үш мың десятиналық участкелері болса, онда көп ұзамай Сибирьге қоныс аударудың қызығы да азаяр. Ал төңіректегі шаруалардың тұрмысы неғұрлым қысылшаң болған сайын, жаңа помещиктер жерінің бағасы соғұрлым арта береді: бұл шаруаларға — дәл «Россиядағы» сияқты — әрі арзанға жалдануға, әрі помещиктің жерін үш есе қымбатқа жалға алуға тура келеді. Жаңа заңның тікелей көздегені: неғұрлым тез арада помещиктер үшін жаңа жұмақ, шаруалар үшін жаңа тозақ жасау: атап айтқанда, жерді *бір-ақ* рет егін салу үшін арендаға беру жөнінде ерекше ескерту жасалған. Жалпы алғанда, арендаға алынған қазына жерін жаңадан жалға беруге ерекше рұқсат керек, ал бір-ақ рет егін салу үшін жалға беруге ешқандай кедергі жоқ. Помещиктің приказчик жалдап алып, тыныш жата беруіне болады, приказчик помещиктің имениесімен «араласа тұратын» шаруаларға жерді десятиналап жалға беріп, қожайынына тек ақша ғана жіберіп отырады.

Ал енді дворяндар тіпті мұндай «шаруашылық» жүргізудің өзіне де өне бойы құштар бола бермейді. Өздері сатып алған қазына жерін жаңадан нағыз қожайындарға сатса, олардың ақшаға бірден қарық болуы мүмкін. Жаңа заңның нақ осындай уақытта, Сибирьге темір жол [56] салынған кезде, Сибирьге жер аудару жойылған кезде [57], Сибирьге қоныс аудару орасан зор көлемде етек алған кезде шығарылуы тегін емес: мұның бәрі жердің қымбаттауына әкеп соғады (қазірдің өзінде-ақ қымбаттатып отыр). Сондықтан қазіргі уақытта қазына жерінен жеке адамдарға жер бөліп беру, шынында, дворяндардың қазынаны талан-таражға салуы: қазына жері қымбаттай береді, ал бұл жерді ерекше жеңілдік шартпен қайдағы бір генералдарға жалға береді, сатады, ол генералдар жердің бұл қымбаттауынан пайда түсіреді. Мәселен, Уфа губерниясы бір уезінің өзінде ғана дворяндар мен чиновниктер өздеріне (сондай заң бойынша) сатылған жермен мынадай әрекет жасады: олар жер үшін қазынаға 60 мың сом төледі, ал екі жылдан кейін нақ осы жерді 580 мың сомға сатты, яғни жерді қайта сатудың өзінен *жарты миллион сомнан аса*

пайда түсірді! Бүкіл Сибирьде жер берудің арқасында кедейлікке ұшыраған помещиктердің қалтасына қанша миллион түсетінін осы мысалдың өзінен көруге болады.

Үкімет пен оның жақтаушылары бұл арсыздықпен талауды бүркеу үшін әр түрлі лепірме дәлелдер келтіреді. Сибирьде мәдениетті дамыту туралы, үлгілі шаруашылықтардың зор маңызы туралы сөз етеді. Шынына келгенде, іргелес шаруаларды ауыр жағдайға душар ететін ірі имениелер қазіргі уақытта қанаудың мәдениеттен мүлдем жұрдай тәсілдерін ғана күшейте алады. Үлгілі шаруашылықтар қазынаны талау жолымен құрылмайды, ал жер беру дворяндар мен чиновниктердің жерді алып-сатып, кәдімгі жалдаптық істеуіне немесе шаруашылықтың кіріптарлық, өсімқорлық тәсілдерінің етек алуына әкеп соқтырады. Асыл текті дворяндар үкіметпен одақтаса отырып, ең төмен кулактықпен бөгетсіз тек *өздері* шұғылдану үшін де еврейлер мен басқа бұратаналарды (олар бұларды надан халық алдында шектен асқан ұятсыз қанаушылар деп көрсетуге тырысады) Сибирьдегі қазына жерінен қуып шықты.

Сибирьдегі дворяндық-поместьелік сословиенің саяси маңызы бар деген де айтылып жүр: Сибирьдегі интеллигенцияның арасында бұрын жер аударылғандар, сенімсіз адамдар өте көп, сондықтан бұларға қарама-қарсы мемлекеттік өкіметтің сенімді тірегін, сенімді «земство» элементін жасау керек дейді. Мұндай сыбыстың шындығы да, «Гражданин»[58] мен «Московские Ведомостидің» ойлағанындағыдан, анағұрлым көбірек жәпе тереңірек. Полициялық мемлекеттің халық бұқарасын өзіне қарсы өшіктіріп отырғаны сонша — оның отанға таяныш боларлық адамдардың топтарын қолдан құрастыруы керек болады. Сондықтан оның үкіметке барлық жағынан өзін борыштымын деп есептейтін, оның рақымына тәуелді болатын, барын тұрған азғындық жолмен (жалдаптықпен, кулактықпен) орасан көп пайда табатын, сол себепті озбырлық пен езгі атаулының барлық уақытта сенімді жақтаушысы болатын ірі қанаушылар табын құрастыруы қажет. Азиялық үкімет азиялық ірі жер иеленуді, крепостниктік «имениелер үлестіру» жү-

йесін тірек етуі керек. Ал егер қазіргі уақытта «ел қоныстанған имениелерді» үлестіруге болмайтын болса, қайыршылыққа түсуші шаруалар жерінің *аралығынан* имениелер үлестіруге болады; егер патша сарайының жағымпаздарына мыңдаған десятина жерді тікелей сыйлыққа үлестіру ыңғайсыз болса, онда мұндай үлестіруді сан мың жеңілдіктері бар сату, «арендаға беру» (99 жылға) жолымен бүркемелеуге болады. Қазіргі алдыңғы қатарлы елдердің, мәселен, Американың жер саясатымен салыстырғанда бұл жер саясатын крепостниктік саясат деп қалайша атамассың? Ол елде жаңа қонысқа көшуге рұқсат етуді немесе рұқсат етпеуді ешкім сөз қылып та *жатпайды*, өйткені әрбір азаматтың қалаған жеріне көшіп барып қоныстануына правосы бар. Ол елде ауыл шаруашылығымен шұғылданғысы келген әрбір адам мемлекеттің шет аймақтарындағы бос жерге орналасуға *заң бойынша* праволы. Ол елде азиялық сатраптар табы емес, елдің барлық өндіргіш күштерін дамытқан қажырлы фермерлер табы қалыптастырылып отыр. Ол елде жұмысшы табы, бос жердің мол болуы арқасында, тұрмыс дәрежесінің жоғарылығы жағынан бірінші орын алып отыр.

Ал біздің үкімет өзінің крепостниктік заңын қандай уақытта шығарып отыр десеңізші! Ең күшті өнеркәсіп дағдарысы болып, ондаған, жүздеген мың адамдар жұмыс таба алмай жүрген кезде, миллиондаған шаруалар тағы да аштыққа ұшыраған кезде шығарып отыр. Үкімет бар ойын күйзеліс туралы «шу» шығартпауға бағыттап отыр. Осы үшін ол жұмыссыз жұмысшыларды туған жеріне жер аударды, осы үшін ол азық-түлік ісін земствоның қолынан алып, полиция чиновниктерінің қолына берді, осы үшін ол жеке адамдардың ашыққандар үшін асханалар ашуына тыйым салды, осы үшін ол газеттердің аузына құм құйды. Енді, қарны тоқтар үшін ұнамсыз аштық туралы «шу» басылғаннан кейін, патша-ағзам қиыншылыққа ұшыраған помещиктер мен сарай маңындағы бейшара генералдарға көмектесе бастады. Тағы да айтамыз: біздің ендігі жерде істейтін ісіміз — жаңа заң туралы мәліметтерді елге тарату. Осы

заңмен танысқаннан кейін жұмысшылардың санасы ең жетілмеген топтары да, ең саңылаусыз және езілген шаруалар да үкіметтің кімге қызмет ететінін, халыққа қандай үкімет керек екенін түсінетін болады.

«Искра» № 8, 10 сентябрь. 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЗЕМСТВО СЪЕЗІ

Осы жылдың көктеміндегі оқиғалардың ізінше бүкіл елге жайылған жұртшылықтың толқуы тоқталмай келеді; үстіміздегі жылғы январьдың өзінде орыс социал-демократиясының саналы жұмысына құлақ қоймайтын, жат сияқты көрінген орыс қоғамының барлық топтарына бұл толқу алуан түрлі әсер етуде. 25 марттағы «шын ниетті қамқорлық» туралы манифест сияқты, Ванновскийдің реформасымақтары немесе Сипягин мен Шаховскойдың жұрт күлерліктей сән-салтанатпен ел аралауы сияқты дағдылы алдамшы әдіс-айламен қоғамның буырқанған ар-ожданын неғұрлым тез тыпыштандырмақ болып, үкімет жанталасуда... Аңқау орыс тоғышарларының кейбіреулері мұндай шараларға нанып, шынында да, тыныштанар, бірақ бәрі бірдей тыныштала қоймас. Жарым-жартысы қорқып қалған чиновниктерден тұратын қазіргі земствошылар да өздері «бейбітшіл-патшаның» келмеске кеткен қиын-қыстау дәуірінде ұшыраған өне бойы қалтырап қорқу жағдайынан, сірә, арыла бастаса керек.

Қымсынудың жай ғана жамылғыларынан босанған ұлы мәртебелі бюрократия бұлардың да, азаматтық ерлігі мен азаматтық намысы топастануға жуықтаған бұл жасқаншақ адамдардың да ызаланғандық, жиренгендік сезімін туғызып отыр.

Бізге келген хабарларға қарағанда, июньнің аяғында NN қаласында (сақтықпен қаланың атын атамай отырмыз) земство қайраткерлерінің съезі болған. Оған бірнеше губерниядан 40—50 земствошы қатысыпты дейді.

Земствошылар, әрине, саяси мәселелерді шешу үшін емес, бейбіт, бірыңғай земстволық міндеттерді шешу үшін жиналған, земство ережесінде бейнелеп айтылға-

ныидай, «ведомство шеңберінен, өкімет билігі шегінен аспайтын» (87-статья) болып жиналған; алайда бұл жиналыс әкімшілік орындарынан рұқсатсыз, оларға мәлімдемей шақырылған, демек, сол ереженің сөзімен айтқанда, жиналыс «земство мекемелерінің жұмыс тәртібін бұза» отырып өткізілген, ал жиналған земствошылар бейбіт, риясыз мәселелерден, өздері де аңғармай, оқиғалардың жалпы жағдайын талқылауға көшкен. Өмір логикасы осындай: нысапты земствошылар, кейде радикализмнен, астыртын жұмыстан ат-тонын қаншама ала қашса да, өмірдің өзі айдап салғандықтан, заңсыз ұйымдардың, неғұрлым батыл қимылдың керектігіне душар бола береді. Бұл табиғи және мүлде дұрыс жолды кінәлайтын, әрине, біз емес. Селолық өзін өзі басқаруды құртқан, қалалық және земстволық өзін өзі басқаруды жарымжан еткен, сөйтіп, земство мекемелерінің қалған жұрнақтарына есекше қарыспалықпен балта кезенген үкіметке земство қайраткерлерінің де жігерлілікпен, ұйымшылдықпен тойтарыс беретін мезгілі енді жетті. Съезде, земство алымына шек қою туралы заңмен қалай күресу керек деген мәселе талқыланған кезде, бір құрметті, қарт земствошы: «Земство адамдары өз сөзін айтатын уақыт жетті, енді айтпаса, олар бұл сөзін еш уақытта айта алмайды!» — деп дауыстап жіберіпті деседі. Чиновниктік самодержавиені ашықтан-ашық күреске шақыруға белсенген либерал қайраткердің бұл аттан салуын біз толық қуаттаймыз. Земство ішінен күйрегелі тұр. Егер таңдаулы земствошылар дәл қазір батыл шаралар қолданбаса, егер өздерінің дағдылы маниловшылдығынан [59], өздерінің екінші дәрежелі, ұсақ-түйек мәселелерінен — бір құрметті земствошы айтқандай, «шелек түптеуінен» — безбесе, земство өзінің адамдарынан айрылып, кәдімгі «мекеме орнына» айналады. Осындай қорлық өлімге ұшырайтыны сөзсіз, өйткені ондаған жылдар бойы қалтырап қорқудан, алғыс айтудан, бас иіп өтінуден басқа түк бітірмей жүре беруге болмайды; қорқыту, талап ету керек, жасырыпбақ ойнауды қойып, жұмысқа шындап кірісу керек.

«Искра» № 8, 10 сентябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ «МАРКСТІҢ СЫНШЫЛАРЫ» [50]

I—IX тараулары 1901 ж. июнь — сентябрьде; X—XII тараулары 1907 ж. күзде жазылған

Алғашқы рет басылуы: I—IV тараулары — 1901 ж. декабрьде «Заря» журналының 2—3-номерінде; V—IX тараулары — 1906 ж. февральда «Образование» журналының 2-номерінде; X—XI тараулары — 1908 ж. Вл. Ильин. «Аграрлық мәселе» деген жинақта, I бөлім СПБ.; XII тарауы 1908 ж. «Ағымдағы өмір» деген жинақта. СПБ.

I—IX тараулары «Аграрлық мәселе» деген жинақтың текстімен салыстырылған журналдардағы тексті бойынша; X—XI тараулары «Аграрлық мәселе» деген жинақтың тексті бойынша; XII тарауы «Ағымдағы өмір» деген жинақтың тексті бойынша басылып отыр

XV. 1906.

ОБРАЗОВАНІЕ.

ЖУРНАЛЪ

Литературный

и

общественно-политическій.

№ 2.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.

Типо-литографія Б. М. Вольфа. Разъѣзжая, 15.

1906.

«Образование» журналының 1906 ж. 2-номерінің титул парағы; осында В. И. Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің V—IX таралулары басылған.

«...Аграрлық мәселелер саласында догмалық марксизм позициясынан тайдырылды деп... дәлелдеу — ашық тұрған есікті қаққандық болар еді»... Өткен жылы «Русское Богатство»[61] В. Чернов мырзаға сөз беріп (1900 ж., № 8, 204-бет) осылай деп мәлімдеді. Осы «догмалық марксизмде» таңғажайып бір қасиет бар! «Сын арқасында» марксизм қазірдің өзінде-ақ позициясынан тайдырылды дегенді,— Европаның оқымыстылары мен асқан ғалымдары көп жылдардан бері-ақ маңғазданып айтумен жүр (ал газетшілер мен журналистер оны қайталап, қайыра айтумен жүр), сөйте тұра әрбір жаңа шыққан сыншы, әлдеқашан қиратылды-мыс дейтін осы позицияны оқтың астына алып, басынан бастап қайтадан әуреге түсіп жүр. Мәселен, В. Чернов мырза «Русское Богатство» журналында да, «Даңқты орында» деген жинақта да *тұтас 240 беттің* өн бойында Герцтің кітабы туралы оқушымен «әңгімелесе» отырып, «ашық тұрған есікті қағады». Герцтің сондайлық егжейтегжейлі қайталап айтылған және ол да өз кезегінде Каутскийдің кітабы туралы әңгіме жасаған шығармасы орыс тіліне аударылып та қойылған. Булгаков мырза тағы да сол Каутскийді теріске шығарамын деген өзінің уәдесін орындамақ болып, тұтас екі томдық зерттеу жасап шығарды. Қағазға басылып шыққан осы үйме-төбе сын қағаздардың астында жаныштап өлімші болған «догмалық марксизмнің» енді, сірә, ешкім қалдықтарын да іздеп таба алмас.

I

ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ КЕМИ БЕРУ «ЗАҢЫ»

Алдымен сыншылардың жалпы теориялық кескініне көз салалық. Булгаков мырза «Начало» [62] журналының өзінде-ақ Каутскийдің «Аграрлық мәселесіне» қарсы мақала жазды да, бірден өзінің «сынау» тәсілдерінің бәрін көрсетті. Ол нағыз шабандоздық қатты қамшы үйіргіштігімен және шайпаулығымен Каутскийдің айтпаған сөзін айтты деп тықпалап, Каутскийді «жүндей түтті»; Каутскийдің өзі дәлме-дәл баяндап берген жағдайлар мен пікірлерді Каутский елемеді деп, оны, Каутскийді, айыптады; Каутскийдің шығарған қорытындыларын оқушыларға *өзі жасаған* сын қорытынды етіп ұсынды. Техника мен экономиканы шатастырды деп, Булгаков мырза білімпаз адамша маңызданып Каутскийді айыптады және нақ сол жердің өзінде-ақ ол өзінің сорақы шатасқандығын көрсеткені былай тұрсын, тіпті өзінің қарсы адамынан цитат алған беттерін ақырына дейін оқып шыққысы келмегендігін де көрсетті. Өзінен өзі белгілі, болашақ профессордың мақаласы социалистерге қарсы, «күйреу теориясына», утопизмге, кереметке сенушілікке және басқаларға қарсы ерғашты болған сөздерге лық толы болды. * Енді өзінің докторлық диссертациясында («Капитализм және егіншілік», СПБ. 1900 ж.) Булгаков мырза марксизммен біржолата есеп айырысты да, өзінің «сынау» эволюциясын оның логикалық ақырына дейін жеткізді.

Булгаков мырза өзінің «аграрлық даму теориясының» негізі етіп «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» алады. Осы «заңды» белгілеген классиктердің шығармаларынан бізге үзінділер келтіреді (бұл заң бойынша жерден алынатын өнім жерге жұмсалған әрбір қосымша еңбек пен капиталға қарай тиісінше көбейтіліп алынбайды, бірден бірге аз алынатын болады). Біз-

---

* Булгаков мырзаның «Началодағы» мақаласына мен сол кезде-ақ: «Ауыл шаруашылығындағы капитализм» деген мақаламен жауап берген болатынмын. «Начало» жабылып қалғандықтан, бұл мақала «Жизньде» [63] басылған. 1900 ж., 1 және 2-номерлерінде. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 101—162-беттер, *Ред.*) (1908 жылғы басылуына автордың ескертуі. *Ред.)*

ге осы заңды мойындайтын ағылшын экономистерінің тізімін хабарлайды. Бұл заңның «универсалдық маңызы бар», бұл — «әбден айқын ақиқат, мұны теріске шығару ешбір мүмкін емес», «мұны айқындап айтып көрсетудің өзі-ақ жеткілікті», т. т. және т. с. деп бізді сендірмекші болады. Булгаков мырза неғұрлым өзеурен айтқан сайын, оның ойдан шығарылған «мәңгілік заңдармен» қоғамдық қатынастарды бүркемелеп келген буржуазиялық саяси экономияға қарай *шегініп бара жатқаны* солғұрлым айқын көріне түседі. Шынында да, атышулы «топырақ құнарлылығының кеми беру заңының» «айқындығы» не нәрсеге келіп саяды? Егер кейіннен жерге жұмсалған еңбек пен капитал өнімді барған сайын кем бермей, қайта біркелкі өнім беретін болса, онда жалпы алғанда жыртылған жердің көлемін арттырудың қажеті де болмас еді, онда, көлемі қаншама аз бола тұрса да, қосымша астықты сол бұрынғы жер көлемінен өндіріп алуға болар еді, онда «бүкіл жер жүзінің егіншілігін бір десятина жерге сыйғызуға болар еді», міне, ол осыған келіп саяды. «Универсалды» заңның пайдасына деген дағдылы *(және бірден-бір)* дәлел осындай. Аздап ақылға салып ойласа болды, әрбір адам бұл дәлелдің мүлдем мазмұнсыз абстракция екенін, оның ең басты нәрсені: техниканың дәрежесін, өндіргіш күштердің жағдайын шет қалдыратынын түсінеді. Асылында, «қосымша түрде (немесе: дәйекті) еңбек пен капитал жұмсау» деген ұғымның өзі — өндіріс әдістерінің өзгеруін және техниканың қайта құрылуын *көздейді ғой.* Жерге жұмсалатын капитал мөлшерін едәуір көбейту үшін жаңа машиналарды, егіншіліктің жаңа жүйелерін, мал бағудың, өнімдерді тасудың және т. т. жаңа әдістерін *ойлап шығару* керек болады. Әрине, біршама аз мөлшерде «қосымша еңбек пен капиталды жұмсау» техниканың сол өзгерілмей тұрған дәрежесінің базисінде де болады (және жұмсалып та отыр): бұл ретте, *белгілі бір дәрежеге дейін* «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» да қолданылады, бірақ ол мына мағынада қолданылады: техниканың өзгерілмеген күйі еңбек пен капиталдың қосымша түрде жұмсалуына салыстырмалы түрде өте тар шек қояды. Демек, универ-

салдық заңның орнына біз ең жоғарғы дәрежедегі относительдік «заңның» болып отырғанын көреміз — мұның относительдігі сонша, ешқандай «заң» туралы және тіпті егіншіліктің ешқандай түбегейлі өзгешелігі туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. Қалыпты жағдай ретінде: үш танапты егісті, дәстүрлі дәнді астықтар егісін, көңді көп беретін мал шаруашылығын, жақсартылған шабындықтардың және жетілдірілген құрал-саймандардың жоқтығын алалық. Бұл қалып өзгерілмей тұрған жағдайда жерге жұмсалатын қосымша еңбек пен капитал мөлшерінің мейлінше шағын болатыны айқын. Бірақ, дегенмен қосымша еңбек пен капиталды жұмсау мүмкін болатын сол тар көлемді шеңбердің өзінде әрбір қосымша жұмсалған еңбек пен капиталдың өнімділігі *тіпті әрқашан да және сөзсіз* кеміп кете бермейді. Өнеркәсіпті алалық. Бүкіл дүние жүзілік сауданың және бу машиналарын ойлап табудың алдында болған замандағы ұн тартатын немесе темір соғатын өндірісті алып қаралық. Техниканың бұл күйінде қолмен істейтін ұста дүкендеріне, жел және су диірмендеріне қосымша еңбек пен капитал жұмсаудың мөлшері мейлінше шағын болды; қашан өндіріс әдістерінің түбегейлі қайта құрылуы өнеркәсіптің жаңа формаларына базис жасағанша, ұсақ ұста дүкендері мен диірмендердің орасан көп таралуы сөзсіз байқалып отырады.

Сөйтіп: техника алға басқан кездерге, өндіріс әдістері қайта құрылған кездерге «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» тіпті де қолдануға болмайды; техника өзгерілмей тұрған кезде ғана оны өте относительді және шартты түрде қолдануға болады. Міне, сондықтан Маркс те және марксистер де бұл «заң» туралы еш нәрсе айтпайды, ал бұл туралы даурығатындар: абстрактілік, мәңгі және табиғи заңдары бар ескі саяси экономияның соқыр сенімдерінен ешбір арыла алмай жүрген Брентано тәрізді буржуазиялық ғылымның өкілдері ғана.

Булгаков мырза «универсалдық заңды» кісі күлерлік дәлелдермен қорғайды.

«Табиғаттың тегін сыйлығы болып келген нәрселерді енді адам жасауы керек: жел мен жауын қоректі эле-

менттері мол топырақты жұмсартты, сондықтан қажетті заттарды өндіріп алу үшін адам азын-аулақ күш жұмсаса да жетіп жататын еді. Уақыт өткен сайын өндіргіш еңбектің барған сайын көптеген бөлегі адамның үлесіне көшеді; барлық жердегі сияқты, жасанды процестер барған сайын көбірек табиғи процестердің орнын басады. Бірақ егер индустрияда мұның өзі адамның табиғатты жеңгендігін көрсетсе, ал егіншілікте күн көрістің қиындап бара жатқандығын көрсетеді, адамның күн көруі үшін беріп отыратын өзінің сыйлықтарын табиғат кемітіп отырады.

Тамақ өндірудің қиындай түсуі адам еңбегінің немесе еңбек өнімдерінің, мысалы, өндіріс құрал-жабдықтарының не тыңайтқыштардың және т. б. көбеюінен көріне ме, бұл ретте мұның бәрі бір» (Булгаков мырзаның айтайын дегені: тамақ өндірудің барған сайын қиындай түсуі адам еңбегінің көбеюінен көріне ме немесе еңбек өнімдерінің көбеюінен көріне ме—оның бәрі бір, деген сөз); «тамақ заттары адамға барған сайын қымбатқа түседі, мәселенің маңызды жағы тек осы. Топырақ құнарлылығының кеми беру заңы табиғат күштерінің адам еңбегімен ауыстырылуында, өндірістің табиғи факторларының жасанды факторлармен ауыстырылуында болып отыр» (16).

Адам машинаның көмегімен жұмыс істемейді, қайта машина адамның көмегімен жұмыс істейді дегенді ойлап шығаруға дейін барған Струве мен Туган-Барановский мырзалардың даңқы, сірә, Булгаков мырзаға ұйқы бермейтін болса керек. Осындай сыншылар сияқты ол да табиғат күштерінің адам еңбегімен *ауыстырылуы* және т. с. туралы сөз қылып, тұрпайы экономияның дәрежесіне дейін құлдырап отыр. Жалпы айтқанда, аршынды пұтпен ауыстыруға болмайтыны тәрізді, табиғат күштерін адам еңбегімен ауыстыруға да болмайды. Егер адам табиғат күштерінің әрекетін білетін болса, индустрияда да, егіншілікте де адам табиғат күштерінің сол әрекеттерін пайдалана алады және оларды пайдалануды машиналар, құрал-жабдықтар және т. б. арқылы *жеңілдете* алады. Алғашқы қауымдағы адам өзіне қажетті заттарды табиғаттың тегін берген сыйлығы ре-

тінде алып отырды деу — бос мылжың, бұл үшін тіпті оқуды жаңа бастаған студенттер де Булгаков мырзаны мазақ ете алады. Бізден бұрын ешқандай да алтын ғасыр болған жоқ жәнс алғашқы қауымдағы адам күн көрудің қиыншылығынан, табиғатпен күресудің қиыншылығынан мейлінше жаншылумен болды. Машиналарды қолдану, өндірістің жақсартылған әдістерін енгізу адамның жалпы алғанда осы күресін, жекелеп алғанда тамақ өндіруін орасан жеңілдетті. Тамақ өндіру қиындай түскен жоқ, жұмысшы үшін тамақ алудың қиыншылығы артты,— артқан себебі: капиталистік даму жер рентасы мен жер бағасын сұрапыл өсіріп жіберді, ауыл шаруашылығын ірі және ұсақ капиталистердің қолына шоғырландырды, машиналарды, құрал-жабдықтарды, ақшаны бұрынғыдан да гөрі көбірек шоғырландырды, ал бұларсыз өндірісті ойдағыдай жүргізу мүмкін емес. Табиғат өзінің беретін сыйлығын кеміткендіктен жұмысшылардың күн көрісі қиындап бара жатыр деп түсіндіру — буржуазияның сойылын соғушыға айналу деген сөз.

«Бұл заңды қабылдағанда,— дейді онан әрі Булгаков мырза,— біз тіпті де тамақ өндірудегі қиыншылықтар үздіксіз өсіп отырады демейміз немесе ауыл шаруашылығында прогресс жоқ демейміз: біріншіні мақұлдап, екіншіні жоққа шығару айқын нәрсеге қарсы шыққандық болар еді. Бұл қиыншылықтың үздіксіз өсіп отырмайтындығы күмәнсыз, даму бұралаң жолмен жүріп отырады. Агрономиялық жаңалықтар, техникалық жетілдірулер құнарсыз жерлерді құнарлы жерге айналдырады, топырақ құнарлылығының кеми беру заңында көрсетілген тенденцияны уақытша жояды» (ibid. *).

Мұның сонша терең мағыналы екені рас емес пе?

Техникалық прогресс — «уақытша» тенденция, ал топырақ құнарлылығының кеми беру заңының, яғни өзгермеген техниканың базисінде қосымша жұмсалған капиталдың өнімділігінің кеми беруінің (я, бұл да әрқашан емес) «универсалдық маңызы бар» екен! Бұл: поездардың станцияларда тоқтауы — бумен жүретін тран-

* — ibidem — бүл да сонда. *Ред.*

спорттың универсалдық заңы болып табылады, ал поездардың станциялар арасындағы жүрісі — тоқтаудың универсалдық заңының әрекетін жансыздандыратын уақытша тенденция болады деумен мүлде бірдей.

Ақырында, топырақ құнарлылығының кеми беру заңының универсалдылығын айқын теріске шығаратын толып жатқан мәліметтер де бар: егінші және егінші емес халық туралы мәліметтер. Булгаков мырзаның өзі де: «егер әрбір ел өзінің табиғи ресурстарының шеңберінен шыға алмайтын болса, онда тамақ өндіру ісі үнемі относительді түрде өсіп отыратын» (мұны байқап қойыңыз!) «еңбекті және, демек, егіншіліктегі халықты керек еткен болар еді» (19) деп мойындайды. Егер Батыс Европада егінші халықтың саны кеміп отырса, онда бұған себеп — астықты шеттен тасып келтірудің арқасында топырақ құнарлылығының кеми беру заңының әсерін өз бойына дарытпауға мүмкіншілік алғандығы дейді.— Несін айтасыз, дәлел-ақ емес пе! Біздің ғалымымыз мынадай бір ұсақ-түйекті, егінші халықтың относительді түрде кемуі барлық капиталистік елдерде, соның ішінде егінші елдерде де, астықты шеттен тасып келтіретін елдерде де байқалып отыратындығын ұмытқан. Егінші халық Америкада да, Россияда да относительді түрде кеміп отыр, ол XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап Францияда да (Булгаков мырзаның сол шығармасындағы, II, 168-беттегі цифрларды қараңыз) кеміп келеді, соның өзінде осы относительді түрде кемушілік тіпті кейде абсолюттік түрде кемушілікке де айналып отырады, ал оның бер жағында шетке астық шығарудан шеттен астық тасып келтірудің басымдылығы 30 және 40-жылдарда әлі тіпті болмашы ғана еді, *тек 1878 жылдан бері ғана* шетке астық шығарудың шеттен астық тасып келтіруден басым болған бірде-бір жыл жоқ*. Пруссияда село халқы относительді түрде 1816 жылы 73,5 проценттен 1849 жылы 71,7 процентке дейін және 1871 жылы 67,5 процентке дейін кеміді, ал қара бидай-

* «Statistique agricole de la France (Enquête de 1892)». P. 1897. P. 113. («Францияның ауыл шаруашылық статистикасы» (1892 ж. зерттеу)». Париж, 1897, 113-бет. *Ред.).*

ды шеттен әкелу — 70-жылдардың басында ғана басталды (бұл да сонда, II, 70 және 88). Ақырында, егер біз шеттен астық тасымалдайтын европалық елдерді алып қарасақ,— мысалы, соңғы он жылдықтағы Франция мен Германияны алсақ,— онда біз ауыл шаруашылығында *сөзсіз прогрестің* болып отырғандығын, мұнымен қатар онда істейтін жұмысшылар санының *абсолютті* түрде *кеміп отырғандығын* көреміз: ауыл шаруашылығында істейтін жұмысшылар саны Францияда 1882 жылдан 1892 жылға дейін 6 913 504-тен 6 663 135-ке дейін кеміген («Statist. agric.», II бөлім, 248—251-беттер), Германияда 1882 жылдан 1895 жылға дейін 8064 мыңнан 8045 мыңға дейін кеміген *. Сонымен былай деуге болады: XIX ғасырдың *бүкіл* тарихы нағыз әр алуан елдер жөніндегі толып жатқан мәліметтер арқылы топырақ құнарлылығының кеми беруінің «универсалдық» заңын техникалық прогрестің «уақытша» тенденциясы *мүлдем жансыздандырып* тастағандығын, ал техникалық прогресс относительді түрде (ал кейде тіпті абсолютті түрде) кеміп отырған село халқына көбейіп отыратын халық бұқарасы үшін егіншілік өнімдерін арттырып өндіруге мүмкіндік беретінін даусыз түрде дәлелдеп отыр.

Айтқандай, толып жатқан осы статистикалық мәліметтер Булгаков мырза «теориясының» мына екі негізгі пунктін де толық теріске шығарады, атап айтқанда:

* «Statistik des Deutschen Reichs», Neue Folge. Bd. 112: «Die Landwirtschaft im Deutschen Reich». Berlin, 1898, S. 6* («Герман империясының статистикасы», жаңа серия, 112-том: «Герман империясындағы ауыл шаруашылығы». Берлин, 1898 ж., 6-бет* *Ред.)* Булгаков мырзаға, өзінің барлық мальтусшілдігінің[64] күл-талқанын шығаратын бұл факт — село халқының кеміп отырған кезіндегі техникалық прогрестің болу фактісі, әрине, ұнамсыз нәрсе. Сондықтан біздің «қатал ғалымымыз» мынадай айла жасайды: ауыл шаруашылығының тек сөздің өз мағынасында (егіншілік, мал шаруашылығы және т. б.) алудың орнына, ол (1 гектардан түскен *егіншілік* өнімдерінің көбейіп отырған көлемі жөніндегі мәліметтің ізінше!) «ауыл шаруашылығын кең мағынада» алады; бұған неміс статистикасы гүл егушілікті де, саудалық бақшаны да, *орман шаруашылығын да, балық аулау кәсібін де* кіргізеді! Сойтіп, «егіншілікте» нақты жұмыс істейтін адамдардың жалпы саны өскен болып шығады!! (Булгаков, II, 133). Текстіде келтірілген цифрлар егіншілік *басты* кәсібі болып саналған адамдарға ғана қатысты. Егіншілікпен қосалқы кәсіп ретінде айналысатын адамдардың саны 3144 мыңнан 3578 мыңға дейін өсті. Бұл цифрларды алдыңғы цифрларға қосу оншалықты дұрыс болып шықпайды, бірақ қоса келгенде де өсуі тым онша көп болмайтынын көреміз: 11 208 мыңнан 11 623 мыңға дейін өседі.

біріншіден, өзгермелі капиталмен (жұмыс күші) салыстырғанда, тұрақты капиталдың (өндіріс құрал-жабдықтары мен материалдарының) анағұрлым тез өсуі теориясын оның «егіншілікке мүлдем қолдануға болмайды» деуін теріске шығарады. Булгаков мырза бұл теория дұрыс емес деп маңғаздана мәлімдейді, ол өзінің пікірін дәлелдеу үшін: а) «профессор А. Скворцовқа» сүйенеді (Скворцовтың бәрінен бұрын даңқты болатын себебі, ол пайданың орта нормасы туралы Маркстің теориясы үгіт үшін қасақана шығарылған деп есептеген) және б) шаруашылық интенсивтендірілген кезде белгілі өлшемді жерде істейтін жұмысшылар санының көбейетін фактісіне сүйенеді. Мұның өзі Маркcті жорта түсінбеушіліктің бірі, мұны сәнге айналған сын өкілдері үнемі айтып жүр. Ойлап көріңіздерші: өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың неғұрлым тез өсу теориясын белгілі өлшемді жердегі *өзгермелі капиталдың* өсу фактісі теріске шығарады екен! Ал өзінің сондайлық көп келтіріп отырған статистикалық мәліметтерінің өзі Маркстің теориясын растайтынын Булгаков мырза *байқамайды.* Егер бүкіл герман егіншілігіндегі жұмысшылардың саны 1882 жылдан 1895 жылға дейін 8064 мыңнан 8045 мыңға дейін кемісе (ал егіншілікпен қосалқы кәсіп ретінде айналысатын адамдарды қосқанда 11 208 мыңнан 11 623 мыңға дейін, яғни не бары 3,7% көбейсе), онда малдың саны осы уақыттың ішінде 23,0 миллионнан 25,4 миллионға дейін (барлық малды ірі малға шаққанда), яғни 10 проценттен артық өскен; ең басты бес машинаны пайдалану реттері 458 мыңнан 922 мыңға дейін, яғни екі еседен артық өскен, шеттен келтірілетін тыңайтқыштар 636 мың тоннадан (1883 ж.) 1961 мың тоннаға (1892 ж.) жеткен және калий тұзы 304 мың екі еселі центнерден 2400 мың екі еселі центнерге дейін өскен,*— міне, осыдан тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қатысы өсіп отыратыны айқын емес пе? Қалай болса солай алынған осы мәліметтер ірі өндіріс прогресін зор дәрежеде жасырып қояды, біз оны

---

* «Statist. d. D. R.», 112, S. 36* ; Булгаков, II, 135.

сөз етіп те отырғанымыз жоқ. Бұл туралы төменде айтылады.

Екіншіден, село халқының кемуі немесе болмашы ғана абсолютті көбеюі кезіндегі ауыл шаруашылық прогресі Булгаков мырзаның мальтусшілдікті қайта тірілту жөнінде жасаған сорақы әрекетін толығынан теріске шығарады. Орыстардан шыққан «бұрынғы марксистердің» ішінен өзінің «Сын заметкаларында» тұңғыш рет дерлік осы әрекетті жасаған Струве мырза болатын, бірақ, ол, қашандағысы сияқты, жалтақ, жете айтылмаған, екі ұшты пікір айтудан, жеріне жете ойланбаған және белгілі бір жүйеге келтірілмеген көзқарас білдіруден әрі асқан жоқ. Ал Булгаков мырза батылырақ және дәйектірек: «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» ол, титтей де күдіктенбей, «цивилизация тарихының аса маңызды заңдарының біріне» айналдырады (sic! * 18-бет). «Бұл заңсыз XIX ғасырдың бүкіл тарихы... оның байлық және кедейлік проблемалары түсініксіз болар еді». «Әлеуметтік мәселенің қазіргідегідей алға қойылуының бұл заңмен елеулі байланысы бар екеніне мен ешбір күмәнданбаймын» (мұны біздің қатал ғалымымыз өз «зерттеуінің» 18-бетінде-ақ айтып отыр)!.. «Сөз жоқ,— деп мәлімдейді ол шығармасының соңында,— артық халық болып отырған кезде, кедейліктің белгілі бір бөлігі, бөлісудің кедейлігінен емес, *мүлде кедейліктен,* өндірістің кедейлігінен болды деуге тиіспіз» (II, 221). «Ауыл шаруашылық өндірісінің жағдайлары тудыратын, ерекше алға қойылып отырған күйдегі халық саны проблемасы, меніңше, басты қиыншылық болып табылады, бұл қиыншылық,— ең болмағанда, қазіргі уақытта,— ауыл шаруашылық кәсіпорындарда коллективтендіру немесе кооперациялау принципін азды-көпті кең түрде жүргізу жолындағы қиыншылық болып отыр» (II, 265). «Өткен заман келешекке мұра етіп, әлеуметтік мәселеден де анағұрлым қорқынышты әрі анағұрлым қиын мәселені, астық мәселесін қалдырып отырады,— бөліс мәселесін емес, өндіріс мәселесін қалдырып отырады» (II, 455), т. т. және т. с. және т. б.

* — солай! *Ред.*

Топырақ құнарлылығының кеми беруі туралы универсалдық заңмен тығыз байланысты болып отырған бұл «теорияның» ғылыми маңызы туралы,— ол заңды өзіміз тексеріп шыққанның соңынан,— айтып жатуымыздың қажеті жоқ. Ал мальтусшілдікке сын көзбен қарағансып қылымсу өзінің сөзсіз логикалық дамуында нағыз тұрпайы буржуазиялық апологетизмге апарып соққаны,— мұның өзі Булгаков мырзаның біз келтіріп өткен қорытындыларында ешбір күмәнсыз толық айқындалды.

Келесі очеркте біз сыншыларымыздың (ортодокстер тәптіштеп тексеруден қашады деп, бұлар барлық жұрттың құлағын шулатып болды) көрсетіп отырған кейбір жаңа материалдарының деректерін талдаймыз және Булгаков мырзаның «артық халық» деген сөзсымақты жалпы белгілі бір қалыпқа айналдыратынын көрсетеміз, бұлай ету, оны қандай да болса талдаудан, әсіресе «шаруалардың» ішіндегі тап қайшылықтарын талдаудан құтқарады. Ал енді, аграрлық мәселенің жалпы теориялық жағымен қанағаттана тұрып, біз рента теориясын тағы да сөз етуіміз керек. «Маркске келетін болсақ,— деп жазады Булгаков мырза,— онда «Капиталдың» III томында,— оның қазіргі біздің қолымыздағы күйінде,— ол Рикардоның дифференциалдық рента теориясына көңіл қоярлық еш нәрсе қоспаған» (87). «Көңіл қоярлық еш нәрсе» дегенін естен шығармайық және оның бұрын айтқан мына сөздерін сыншының осы үкімімен салыстырып көрейік: «Бұл заңға (топырақ құнарлылығының кеми беру заңына) айдан-айқын қарсы бола тұрса да, Маркс осы заңға негізделіп құрылған Рикардоның рента теориясының негізгі принциптерін ұғынған» (13). Булгаков мырзаның айтуынша, Рикардоның рента теориясының топырақ құнарлылығының кеми беру заңымен байланысын Маркс аңғармаған, сөйтіп бас-аяғы қайда екенін таба алмаған болып шығады! Мұндай баяндау туралы біз тек мынаны айтамыз: Марксті бұрынғы марксистердің бұрмалағанындай ешкім де бұрмаламайды, ешкім де сын айтылып отырған жазушыға көз көрмеген мұндай өр... өр... өрескелдікпен мың да бір соралқы күнәны тықпалап таға алмайды.

Булгаков мырзаның айтып отырғаны ақиқатты өрескел түрде бұрмалағандық. Шынында, Маркс Рикардоның рента теориясының топырақ құнарлылығының кеми беру заңы жөніндегі оның қате ілімімен осы байланысын аңғарып қана қойған жоқ, сонымен қатар Рикардоның қатесін мейлінше толық айқындықпен әшкерелеп берді. Кімде-кім «Капиталдың» III томын титтей де болса «ынтамен» оқыған болса, ол адамның соншама дәрежеде «көңіл қоярлық» мына бір жағдайды — дифференциалдық рента теориясын атышулы «топырақ құнарлылығының кеми беру заңымен» *қандай да болса байланыстылықтан құтқарған* нақ Маркс екенін аңғармауы мүмкін емес. Маркс дифференциалдық рентаның құрылуы үшін жерге жұмсалған түрліше капиталдың түрліше өнімділік беру фактісінің қажет және жеткілікті факт екенін көрсетіп берді. Бұл ретте егіншілік жақсы жерден жаман жерге көшіп отыр ма немесе оның керісінше ме, жерге жұмсалған қосымша капиталдың өнімділігі кеміп отыр ма, немесе өсіп отыр ма, оның тіпті де елеулі мәні жоқ. Шындығында, осы түрліше реттердің толып жатқан комбинациялары болып отырады, ал бұл комбинацияларды ешқандай жалпы бір ережеге келтіруге болмайды. Мәселен, Маркс, ең әуелі, түрліше жер учаскелеріне жұмсалған капиталдың өнімділігінің әр түрлі болуынан туатын дифференциалдық рентаның бірінші түрін баяндап жазады және өзінің осы баяндауын кестелермен түсіндіреді (бұлар туралы Булгаков мырза «Маркс өзінің — көп ретте өте қарапайым — пікірлерін күрделі математикалық жамылғымен бүркеуге өте құмар» деп, қатаң ескерту жасап қояды. Бұл күрделі математикалық жамылғы арифметиканың төрт амалымен ғана тынады, ал біздің көріп отырғанымыздай, ал оның осы өте қарапайым пікірлері ғалым профессорға мүлде түсініксіз болып шыққан). Бұл кестелерді талдай келіп, Маркс мынадай қорытынды жасайды: «Сонымен, дифференциалдық рентаның Вестте (West), Мальтусте, Рикардода әлі де үстем болып отырған бірінші қате алғы шарты, атап айтқанда, дифференциалдық рента бірден-бірге нашар жерге көшуді немесе егіншілікте өнімділіктің үнемі кеміп отыруын

сөзсіз көздейді дейтін қате алғы шарт іске аспай қалып отыр. Біздің көргеніміздей, дифференциалдық рента бірден-бірге жақсы жерге көшкен кезде болуы мүмкін; егер бұрынғы нашар жердің орнына жақсы жер төменгі сатыны алып отырса, дифференциалдық рента болуы мүмкін; дифференциалдық рента егіншіліктегі өсіп отыратын прогреспен де байланысты болуы мүмкін. Дифференциалдық рента болудың шарты — тек қана топырақ түрлерінің біркелкі болмауы». (Маркс бұл арада жерге біртіндеп жұмсалған капитал өнімділігінің түрліше болатыны туралы айтып отырған жоқ, өйткені мұның өзі дифференциалдық рентаның *екінші* түрін туғызады, ал бұл тарауда әңгіме дифференциалдық рентаның *бірінші* түрі туралы болып отыр.) «Мәселенің өзі өнімділікті дамытуға қатысты болып отырғандықтан,— бүкіл ауыл шаруашылығы жер көлемінің абсолюттік құнарлылығының артуы осы теңсіздікті жоймай, не оны күшейте түсетін, не өзгеріссіз күйінде қалдыратын, не азайтып қана қоятын болғандықтан дифференциалдық рента орындалады» («Das Kapital», III, 2, S. 199)[65]. Маркстің дифференциалдық рента теориясының Рикардоның рента теориясынан осы түбегейлі айырмашылығын Булгаков мырза *байқамаған*. Оның есесіне ол «Капиталдың» III томынан «Маркс қайта топырақ құнарлылығының кеми беру заңына оншама теріс қараған жоқ деп ойлауға мүмкіншілік беретін үзінді» (13-бет, ескерту) іздеуді артық көрді. Бізге тіпті ешқандай мәні жоқ (Булгаков мырза мен біздің көңіл бөліп отырған мәселеміз жөнінде) үзіндіге өте көп орын беруге тура келіп отыр, бұл үшін оқушылардан кешірім сұраймыз. Бірақ егер қазіргі заманғы сынның батырлары (бұлардың әлі ортодокстерді рабулистикаға * салынды деп айыптауға да батылы барып жүр) контекстен үзіп-жұлқып алынған цитаттар арқылы, теріс жасалған аудармалар арқылы өздеріне дұшпан ілімнің өте айқын мағыналарын бұрмалап отырса, не амал істеуге бұйырасыз? Булгаков мырза өзі тапқан үзіндіні мына түрде цитатқа алады: «Капиталистік өндіріс әдісінің тұрғы-

* — сөздегі айлакерлікке. *Ред.*

сынан қарағанда, өнімдердің *(егіншіліктегі)* относительді түрде қымбаттауы әрқашан да болып отырады, *өйткені»* (*біздің* астын сызып көрсеткен сөздерімізге оқушының айрықша көңіл аударуын сұраймыз) «өнімді алу үшін белгілі шығын шығарылады, бұрын шығып шығарылмаған нәрсеге енді бірдеңе төленуге тиіс». Ал Маркс бұдан әрі былай дейді: өндірістің агенті есебінде сол өндіріске кіретін табиғат элементтеріне ешбір шығын шықпайтындықтан, олар еңбектің тегін табиғи өндіргіш күші болады, ал егер қосымша өнім өндіріп шығару үшін осы табиғи күштің жәрдемінсіз істеуге тура келсе, онда жаңа капитал жұмсау керек болады, мұның өзі өндірістің қымбаттауына апарып соғады.

«Цитат алудың» мұндай әдісі туралы біз үш ескерту жасауға тиіспіз. Біріншіден, тирадаға қайдағы бір «заңды» белгілеудің абсолюттік мағынасын беретін «өйткені» деген сөзсымақты *Булгаков мырза өз жанынан алып кірістіріп отыр. Түпнұсқада бары* («Das Kapital», III, 2, S. 277—278) *«өйткені» деген сөз емес, «егер» деген сөз* [66]. *Егер* бұрын шығын шығарылмаған нәрсеге енді бірдеңе төлеуге тура келсе, онда өнімдердің біршама қымбаттауы әрқашан да болып отырады; *бұл* қағида жер құнарлылығының кеми беру «заңын» мойындауға қандай ұқсап тұр десеңізші? Екіншіден, «егіншіліктегі» деген сөзді жақшаларымен бірге Булгаков мырзаның өзі қосқан. *Түпнұсқада бұл сөз мүлдем жоқ.* Сыншы мырзаларға тән жеңіл ойлылықпен Булгаков мырза, сірә, Маркс бұл жерде тек егіншілік өнімдері туралы ғана айта алады деп білген, сөйтіп оқушыларға мүлде теріс сипатта «түсінік» беруге асыққан. Ал шынында Маркс бұл жерде жалпы барлық өнімдер туралы айтып отыр; Булгаков мырзаның цитатқа алған үзіндісінің алдында Маркстің: «жалпы алғанда мыналарды ескеру керек» деген сөздері бар. Табиғаттың тегін күштері өнеркәсіп өндірісіне де кіре алады — Маркстің рента жөніндегі нақ сол бөлімде фабрикалардың бірінде бу күшінің орнына жүретін құлама суды мысалға алуы осыны көрсетеді,— ал егер осы тегін күштердің жәрдемінсіз қосымша өнім өндіру керек болса, онда өнімдердің біршама қымбаттауы *әрқашан да* болып отырады. Үшіншіден,

бұл үзіндінің қандай контексте тұрғанын қарастырып көру керек. Маркс бұл тарауда нашар өңделген жерден алынатын дифференциалдық рента туралы айтады және, *дағдыдағыдай*, өзі үшін мүлдем тең праволы, *мүмкіншілігі де мүлдем бірдей* екі жағдайды талдайды: бірінші жағдай — біртіндеп жұмсалған әрбір капиталдың өнімділігінің өсіп отыруы (S. 274—276) және екінші жағдай — бұлардың өнімділігінің кеміп отыруы (S. 276—278)[67]. Мүмкін боларлық жағдайлардың осы соңғысы туралы Маркс былай дейді: «Біртіндеп жұмсалып отыратын капитал тұсында топырақтың өнімділігінің кеміп отыратындығы туралы Либихтен қара... *Бірақ жалпы алғанда* мыналарды ескеру керек» (курсив біздікі). Осыдан соң, егер бұрын шығын шығарылмаған нәрсеге енді шығын шығарылатын болса, онда өнімдердің біршама қымбаттауы *әрқашан да* болып отырады деген, Булгаков мырза «аударған»,— үзінді келеді.

Маркстің мүмкін боларлық жағдайлардың бірі туралы жасаған ескертуін, Маркс бұл жағдайды қайдағы бір жалпы «заң» ретінде мойындады деп өңін айналдырып отырған сыншының ғылыми жағынан қаншалық адал екені туралы төрелік айтуды оқушының өзіне-ақ тапсырайық.

Өзінің тауып алған үзіндісі туралы Булгаков мырзаның қорытынды пікірі мынау:

«Бұл үзінді, әрине, айқын емес»... Қайдан айқын болсын! Булгаковтың бір сөзді екінші сөзбен ауыстырғанының соңынан бұл үзінді тіпті мағынасын мүлдем жойып алады... «бірақ топырақ құнарлылығының кеми беру заңын жанамалап немесе тіпті ашықтан-ашық мойындағандық» (тыңдаңыздар!) «деуден басқаша түсінуге болмайды. Топырақ құнарлылығының кеми беру заңы туралы Маркстің бұдан басқа қай бір жерде мұндай тура айтқаны маған белгісіз» (I, 14). Вестің, Мальтустың, Рикардоның дифференциалдық рента нашар жерге көшуді немесе топырақ құнарлылығының кемуін керек қылады * деген пікірлерін Маркстің тура-

* Классикалық экономияның Маркс теріске шығарған осы қате болжамын өзінің ұстазы Брентаноның ізінше «сыншы» Булгаков мырза да, әлбетте, сынамастан қабылдап отыр. «Рентаның болу шарты,— деп жазады Булгаков мырза,— топырақ құнарлылыгының кеми беру

дан-тура мүлдем теріс деп жариялағаны, бұрынғы марксист ретінде, Булгаков мырзаға «белгісіз» көрінеді. Қосымша жұмсалған капитал өнімділігінің кему және арту мүмкіншілігі мүлде бірдей боларлық жағдайлар деп қарайтынын Маркс өзінің рента жөнінде жасаған кең көлемді талдауының бүкіл өн бойында *ондаған рет* көрсеткен болатын, ал мұның өзі Булгаков мырзаға «белгісіз» болыпты!

II

РЕНТА ТЕОРИЯСЫ

Маркстің рента теориясын Булгаков мырза мүлде түсінбеген. Ол мынадай екі қарсы пікір айтып, бұл теорияны талқандап отырмын деп сенген: 1) Маркстің айтуынша, егіншілік капиталы пайда нормасын теңестіруге кіреді, сөйтіп рента пайданың орта нормасынан артқан қосымша пайдадан құралады. Булгаков мырзаның пікірінше, бұл дұрыс емес, өйткені жер иелену монополиясы пайда нормасын теңестіру процесі үшін қажетті бәсеке еркіндігін жояды. Егіншілік капиталы пайда нормасын теңестіру процесіне кірмейді. 2) Абсолютті рента дифференциалдық рентаның тек ерекше жағдайы ғана, сондықтан оны осы соңғы рентадан айырып қарау дұрыс емес. Бұлай айырып қараушылық сол бәз-баяғы бір фактінің өзін мүлде қалай болса солай екі түрлі мағынада ұғынушылыққа — монополия түрінде иеленуді өндіріс факторларының бірі деп ұғынушылыққа негізделіп отыр. Өз дәлелдерінің күштілігіне Булгаков мырзаның сенгендігі сонша, ол Маркске қарсы: бұл petitio principii *, бұл — марксизм емес, бұл — логикалық фетишизм, бұл — Маркстің ой-пікірдің еркін шарықтауынан айрылғандығы және т. т. деп, толып жатқан өткір сөздерді түйдектетіп айта беруден өзін өзі ұстап тұра алмайды. Қала берді, оның екі дәлелінің екеуі де барып тұрған сорақы қатеге негізделген. Булгаков мырзаның

заңы болып табылады..» (I, 90). «...Ауылшын рентасы... біртіндеп жұмсалып отыратын капиталдың өнімділігі іс жүзінде түрліше болады деп, жалпы алғанда кеми береді деп біледі», (I, 130).

* — өзін әлі дәлелдеуді керек қылатын ережеден алынған қорытындыға негізделген дәлелдеме. *Ред.*

мүмкін боларлық жағдайлардың бірін (қосымша жұмсалған капитал өнімділігінің кемуін) топырақ құнарлылығының кеми беруінің универсалдық заңына айналдыруына түрткі болған мәселені тағы да жаңағыдай сыңаржақтықпен тұрпайыландыру оны осы мәселеде мынаған әкеліп соқтырады: ол «монополия» деген ұғымға сын көзімен қарамай, беталды қолданады, бұл ұғымды өзінше бір универсалдық нәрсеге айналдырады және, сонымен қатар, егіншілікті капиталистік жолмен ұйымдастырып отырған кезде, бірінші жағынан, *жердің шектеулі* болуынан, екінші жағынан, *жерге деген жеке меншіктен* туатын нәтижелерді бірімен-бірін араластырып жібереді. Бұл екеуі екі басқа нәрсе ғой. Түсінікселік.

«Жер рентасының шығуының қайнар көзі болмағанымен,— деп жазады Булгаков мырза,— соның *шарты* болып табылатын нәрсе — сол сықылды жерді монополиялау мүмкіншілігін де туғызған жердің өндіргіш күштерінің шектелуі және адамның бұларға деген қажеттілігінің шексіз осе беруі болып табылады» (I, 90). «Жердің өндіргіш күштерінің шектеулі болуы» деудің орнына: *«жердің шектеулі болуы»* деу керек еді. (Жердің өндіргіш күштерінің шектеулі болуы, біздің бұған дейін көрсеткеніміздей, техниканың сол кездегі дәрежесінің, өндіргіш күштердің сол кездегі халінің «шектеулі» болуына келіп тіреледі.) Жердің шектеулі болуы, қоғамның капиталистік құрылысының тұсында, шынында да жерді монополиялауды туғызатыны рас, *бірақ жерді меншіктену правосының объектісі ретінде емес, шаруашылық объектісі ретіндегі* монополияны туғызады. Егіншілікті капиталистік жолмен ұйымдастырудың өзі барлық жерді жекелеген жеке меншікті шаруашылықтар пайдаланып отыр дегенді сөзсіз көрсетеді, бірақ барлық жер осы қожайындардың немесе басқа адамдардың жеке меншігінде немесе жалпы алғанда жеке меншікте болып отырады дегенді *әсте де көрсетпейді.* Меншіктілік правосы бойынша жер иелену монополиясы мен жердегі шаруашылық монополиясы — тек логикалық жағынан емес, тарихи жағынан да мүлде екі басқа нәрсе. Логика жағынан жерге ешқандай жеке мен-

шік болмай, жер мемлекеттің не қауымның және т. б. меншігінде болып отырған кезінде де егіншіліктің таза капиталистік жолмен ұйымдастырылуын біздің мүмкін деп қарауымызға әбден болады. Ал шынында біз дамыған капиталистік елдердің бәрінде де барлық жердің жекелеген, жеке меншікті шаруашылықтардың қарамағында болып отырғанын, бірақ бұл шаруашылықтар тек өздерінің жерлерін ғана емес, сонымен бірге олар өздері арендаға алған жеке меншіктегі жерді де, мемлекеттік жерді де, қауымдық жерді де [68] (мәселен, Россияда, ал мұнда шаруалардың қауымдық жерлеріндегі жеке шаруашылықтардың басында капиталистік шаруалар шаруашылығының отырғаны белгілі) пайдаланып отырғанын көреміз. Ал өндірістің капиталистік әдісі кландық меншік [69] пен феодалдық меншіктен бастап шаруалар қауымының меншігіне дейін жер меншігінің мейлінше әр алуан формаларын кездестіретінін (және өзіне бағындыратынын) Маркстің рентаны талдауды бастаған жерден-ақ ескертуі тегін емес.

Сонымен, жердің шектеулі болуы жер шаруашылығын монополиялауды ғана сөзсіз көздейді (капитализм үстемдік етіп отырған жағдайда). Рента туралы мәселе жөнінде *осы* монополиялаудың қажетті салдары қандай? деген сұрау туады. Жердің шектеулі болуы мынаған әкеліп соғады: астықтың бағасын орташа сапалы жердегі өндіріс жағдайлары емес, өңделетін ең нашар жердегі өндіріс жағдайлары белгілейді. Астықтың бұл бағасы фермердің (= егіншіліктегі капиталистік кәсіпкердің) өндіріске жұмсаған шығынын өтеп, оның капиталына орта пайда береді. Фермер жақсы жерден қосымша пайда алады, осы қосымша пайда *дифференциалдық рентаны* құрайды. Жерге жеке меншіктің болу-болмауы туралы мәселенің дифференциалдық рентаның құралуы жөніндегі мәселемен ешқандай байланысы жоқ; капиталистік егіншілік тіпті қауымдық, мемлекеттік, қожайыны жоқ жерде жүргізілсе де, дифференциалдық рентаның болатыны сөзсіз. Капитализм тұсында жердің шектеулі болуынан туатын бірден-бір нәтиже — түрліше жұмсалған капитал өнімділігінің түрліше болуы салдарынан дифференциалдық рентаның құралуы. Бул-

гаков мырза мұның екінші салдары егіншіліктегі бәсеке еркіндігін жоятындықта деп біледі, өйткені бұл бәсеке еркіндігінің болмауы егіншіліктегі капиталдың орта мөлшердегі пайданы құрауға қатысуына кедергі жасайды дейді. Бұл — жерде шаруашылық жүргізу жөніндегі мәселені жерге жеке меншік правосы жөніндегі мәселемен көрінеу шатастырғандық. Жердің шектеулі болу фактісінен (жер жеке меншікте болсын, болмасын) логикалық жағынан алып қарағанда,— тек барлық жер капиталист-фермерлердің қарамағында болады деген қорытынды шығады, бірақ бұдан бұл фермерлердің арасындағы бәсеке еркіндігіне қандай да болсын бір шек қоюдың қажеттігі әсте шықпайды. Жердің шектеулі болуы — капиталистік егіншіліктің қандайына болса да өзінің әсерін сөзсіз тигізетін жалпы құбылыс. Мұндай әр түрлі нәрселерді шатастырудың логика жағынан негізсіз екендігін тарих та айқын дәлелдейді. Англия туралы сөз етіп те отырғанымыз жоқ: онда жер иеленушіліктің егіншілік шаруашылығынан бөлініп шығуы даусыз, фермерлердің арасындағы бәсеке еркіндігі — толық дерлік, сауда мен өнеркәсіпте құралған капиталдың ауыл шаруашылығына жұмсалуы нағыз кең көлемде болып келді және қазірде де болып отыр. Егіншілік шаруашылығынан жер иеленушіліктің бөлініп шығуының *нақ осы процесі* басқа капиталистік елдердің бәрінде де (Струве мырзаның ізінше «ағылшын» рентасын мүлде өзгеше бірдеңе етіп бөлуге тырысып, Булгаков мырзаның босқа арамтер болуына қарамастан) жүріп жатады, тек бұлардың формалары мейлінше әр алуан (аренда, ипотека [70]) болып келеді. Бұл процесті байқамай (Маркс өте ерекше атап көрсеткен) Булгаков мырза көрмес — пілді де көрместің кебіне ұшырап отыр деуге болады. Барлық европалық елдерде крепостниктік право жойылғаннан кейін, біз жер иеленушіліктегі сословиеліктің қирағанын, жер меншігінің мобилизацияланғанын, сауда-өнеркәсіп капиталының ауыл шаруашылығына жұмсалуын, аренданың, ипотекалық борыштардың өсіп отырғанын көріп отырмыз. Крепостниктік праволың қалдықтары едәуір бола тұрса да, реформадан кейін шаруалардың, әр тектілердің және көпестердің жерді

үсті-үстіне сатып алып жатқанын, жеке иеліктегі, мемлекеттік және *қауымдық* жерлерді арендалаудың дамып отырғанын және тағысын-тағыларды біз Россияда да көріп отырмыз. Осы құбылыстардың бәрі нені көрсетеді? *Жер меншігінің* монополиясына *қарамастан* және осы меншіктің шексіз әр алуан формаларына қарамастан — *егіншілікте* еркін бәсекенің жасалғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта капиталистік елдердің бәрінде капитал иелері атаулының бәрі осы капиталын сауданың немесе өнеркәсіптің кез келген саласына жұмсайтыны сияқты, осындай оп-оңай немесе осындай оп-оңай дерлік жолмен ауыл шаруашылығына да (жерді сатып алу немесе арендалау арқылы) жұмсай алады.

Маркстің дифференциалдық рента теориясына қарсы шыға отырып, Булгаков мырза былай дейді: «бұл айырмашылықтардың барлығы (егіншілік өнімдерін өндіру жағдайларындағы айырмашылықтардың) қарама-қайшы және өзара бірін-бірі жойып жібере *алады»* (курсив біздікі),— «Родбертустың әлдеқашан көрсеткеніндей, қашықтықты жердің құнарлылығы әлсірете алады, ал жер құнарлылығының түрліше болуы аса құнарлы учаскелерде өнімді неғұрлым көп өндіру арқылы теңесуі мүмкін» (I, 81). Маркстің бұл фактіні көрсеткенін және оған мұндай сыңаржақ баға бермегенін біздің қатал ғалымымыз тек босқа ұмытып отыр. «Бір айқын нәрсе,— деп жазады Маркс,— дифференциалдық рентаның әр түрлі осы екі негізі, жер құнарлылығы мен орналасуы» (жер учаскелерінің) «қарама-қарсы бағытта әрекет етуі мүмкін. Жер учаскесінің өте жақсы орналасуы, бірақ өте құнарсыз болуы және керісінше болып шығуы мүмкін. Бұл жағдайдың зор маңызы бар, өйткені мұның өзі белгілі бір елде жер жыртқан кезде нақ осылайша жақсы жерден нашар жерге және керісінше ауысуы мүмкін екендігін бізге түсіндіріп береді. Ақырында, әлеуметтік өндіріс прогресі тегі, бір жағынан, жергілікті рыноктар жасай отырып, қатынас жолдарын салу арқасында орналасуын анықтай отырып, дифференциалдық рентаның негізі ретінде [жер учаскелерінің] орналасуына теңестіруші әсер ететіндігі, ал, екінші жағынан, егіншіліктің өнеркәсіптен бөлінуі нәтижесінде, сондай-ақ он-

дірістің ірі орталықтарының құрылуы, осы құбылыстың екінші жағы: деревняның біршама оқшаулануының күшеюі (relative Vereinsamung des Landes) нәтижесінде жер учаскелерінің орналасуындағы айырмашылықтарды күшейте түсетіндігі айқын нәрсе» («Das Kapital», III, 2, 190) [71]. Сонымен, айырмашылықтардың бірін-бірі озара жою *мүмкіндігі* жөнінде әлдеқашан белгілі болған қағиданы Булгаков мырза өзінше бір жеңіске масаттанған түрмен қайталап отырса, Маркс бұл мүмкіндіктің жүзеге асырылуы туралы *онан әрі* мәселе қояды, сөйтіп теңестіруге әсер етушілікпен қатар дифференциялауға да әсер етушіліктің байқалып отырғанын көрсетеді. Бұл өзара қарама-қайшы әсер етушіліктің ең түпкі қорытындысы мынада: барлық елдерде және барлық жерде өзінің құнарлылығы және жағдайы жөнінде жер учаскелерінің арасында орасан зор айырмашылықтар *бар*, мұны әркім-ақ біледі. Булгаков мырзаның қарсы пікір білдіруі оның ескертпелерінің мүлде ойланылмай айтылғанын ғана дәлелдейді.

Өнімділігі neғұрлым кем болатын еңбек пен капиталдың соңғы жұмсалуы деген ұғымды — деп онан әрі қарсы пікір білдіреді Булгаков мырза — «Рикардо да, Маркс те екеуі бірдей сынға алмай қолданады. Бұл ұғымға қандай бетадды элемент кіргізілетінін көру қиын емес: мейлі, жерге *10a* капитал жұмсалады екен делік, соның өзінде әрбір келесі *a*-ның өнімділігі кеміп отырады делік; топырақтың жалпы өнімі *A* болады. Әрбір *a*-ның орташа өнімділігі *A*/10-ға тең болмақшы және егер барлық капиталды тұтас бір бүтін деп алсақ, онда баға сол капиталдың нақ осы орташа өнімділігімен белгіленетіні айқын» (I, 82). Бұған біз — Булгаков мырза «жердің өндіргіш күштерінің шектеулілігі» туралы өзінің көпірме сөзімен алданып, *болмашы ғана нәрсені:* жердің шектеулі болуын, аңғармағаны айқын дейміз. Бұл шектеулілік — жерге қандай *меншік* болып отырғанына мүлде қарамастан — белгілі түрде монополия туғызады, атап айтқанда: жердің бәрі фермерлердің қарамағында болғандықтан, барлық жерден өндірілген барлық астыққа, оның ішінде нағыз нашар және рыноктан ең алыс жатқан учаскелердің

астығына да сұраным болатындықтан, астықтың бағасын нашар жердің өндіріс бағасы (немесе соңғы жұмсалған, өнімділігі неғұрлым кем капиталдың тұсындағы өндіріс бағасы) белгілейтіндігі түсінікті. Булгаков мырзаның «орташа өнімділігі» құр әншейін арифметикалық жаттығу болып табылады, өйткені осы орташа өнімділіктің іс жүзінде құрылуына жердің шектеулі болуы кедергі жасайды. Осы «орташа өнімділіктің» құралуы және оның бағаны белгілеуі үшін: әрбір капиталист егіншілікке жалпы капитал жұмсай алатын ғана болмай (егіншілікте белгілі дәрежеде бәсеке еркіндігі бар, оны біз айтып өттік), сонымен қатар әрбір капиталист қолда бар егіншілік кәсіпорындарының үстіне, әрқашан да *жаңа* егіншілік кәсіпорындарын құра алатын болуы қажет. Бұл осылай болса, онда егіншілік пен өнеркәсіптің арасында ешқандай айырмашылық болмас еді, онда ешқандай рента да пайда болмас еді. Бірақ жердің нақ осы шектеулі болуы мұның олай емес екенін көрсетеді.

Әрірек барайық. Осы уақытқа дейін біз жерге меншіктілік туралы мәселені мүлде сырт қалдырып, пайымдап келдік; мұндай тәсілдің — логикалық пікірлер бойынша да, капиталистік егіншіліктің жер иеленушілік формаларының барлығының тұсында пайда болғанын және дамығанын дәлелдейтін тарихи деректер бойынша да қажет екенін біз көріп өттік. Енді осы жаңа жағдайды енгізейік. Айталық, барлық жер жеке меншікте екен делік. Рентаға бұл жағдай қандай әсер етеді? Жер иеленуші, өзінің меншік правосы бойынша, фермерден дифференциалдық рентаны тартып алады; өйткені дифференциалдық рента дегеніміз капиталға алынатын бір қалыпты, орта пайдадан тыс басы артық пайда, өйткені ауыл шаруашылығына капитал жұмсауға еркін болу мағынасында айтқанда — егіншілікте бәсеке еркіндігі бар (respective * капиталистік дамудан туады), сондықтан жер иеленуші: өзі орта пайдамен қанағаттанып, оған, жер иеленушіге, үстеме пайданы беріп отыратын фермерді әрқашан да таба алады. Жерге жеке меншік дифференциалдық рентаны туғызбай-

* — немесе. *Ред.*

ды, оны тек фермердің қолынан жер иеленушінің қолына көшіреді. Жерге жеке меншіктің әсері осымен шектеле ме? Капиталға тек орта пайда беретін нашар және барлығынан нашар орналасқан жерді фермердің *тегін* пайдалануына жер иеленуші рұқсат етеді деп ойлауға бола ма? Әрине, болмайды. Жер иеленушілік дегеніміз монополия, сөйтіп жер иеленуші осы монополияның негізінде фермерден осы жер үшін де ақы талап етеді. Бұл ақы *абсолюттік рента* болады: капиталды түрліше жұмсалуының түрліше өнімділігімен бұл рентаның ешқандай да байланысы жоқ, бұл рента *жерге жеке меншік болудан туады.* Бәз-баяғы бір монополияны екі түрлі мағынада еркінше пайымдады деп Маркстi айыптап, шындығында бізге монополияның екі түрі кездесіп отырғанын Булгаков мырза ойланғысы да келмеді; біріншіден, бізде жерде шаруашылық (капиталистік) монополиясы бар. Бұл монополия жердің шектеулі болуынан туады, сондықтан капиталистік қоғам атаулының бәрінде де болмай қоймайды. *Бұл* монополия астық бағасының нашар жердің өндірістік жағдайларымен белгіленуіне, ал капиталдың жақсы жерге жұмсалуынан немесе капиталдың неғұрлым өнімді жұмсалуынан туатын басы артық қосымша пайдадан дифференциалдық рентаның құрылуына әкеліп соғады. Бұл рентаның тууына жердің жеке меншікте болуының ешбір қатысы жоқ, жердің жеке меншікте болуы жер иеленушінің фермерден дифференциалдық рентаны тартып алуына тек мүмкіндік туғызады. Екіншіден, бізде жерге жеке меншік монополиясы бар. Логика жағынан да, тарихи жағынан да бұл монополияның алдыңғы монополиямен біте қайнасқан * байланысы жоқ. Капиталистік қоғам үшін және егіншілікті капиталистік жолмен ұйымдастыру үшін бұл монополияның өзі әсте *болмай қоймайтын* нәрсе емес. Бір жағынан, жерге деген жеке меншіксіз капиталистік егін-

* Бұл арада рентаның жалпы теориясын және егіншілікті капиталистік жолмен ұйымдастыруды сөз етіп отырғанда, жерге жеке меншік көп заманнан бері болып келе жатқанына және кең таралғанына монополияның соңғы біз көрсеткен түрінің және ішінара монополияның екі түрінің де мұхиттың ар жағындағы елдердің бәсекесінен әлсірегеніне және т. б. біздің соқпай отырғанымызды оқушыларға ескертіп жатудың қажеттігі бола қояр ма екен.

шілікті біз көз алдымызға әбден елестете аламыз және көптеген дәйекті буржуазияшыл экономистер жерді национализациялауды талап еткен болатын. Екінші жағынан, біз жерге жеке меншік болмаған кезде де егіншіліктің капиталистік жолмен ұйымдастырылғанын, мысалы, мемлекеттік және қауымдық жерлерде ұйымдастырылғанын іс жүзінде де кездестіріп отырмыз. Сондықтан бұл екі түрлі монополияны айырып түсіну сөзсіз қажет нәрсе, ал демек, дифференциалдық рентамен қатар жерге жеке меншік болудан *туатын* абсолюттік рентаның болатынын да мойындауы керек *.

Абсолюттік рентаның егіншілік капиталының қосымша құнынан туу мүмкіншілігін Маркс егіншіліктегі капиталдың жалпы құрамында өзгермелі капитал үлесінің орта мөлшерден жоғары болуынан деп түсіндіреді (өнеркәсіптегі техникамен салыстырғанда егіншіліктегі техника сөзсіз артта қалып отырғандықтан бұлай деп есептеу әбден табиғи нәрсе). Бұл осылай болса — демек, егіншілік өнімдерінің құны жалпы алғанда олардың өндіріс бағасынан жоғары, ал қосымша құны пайдадан жоғары болады. Оның бер жағында, бұл артық

* 1905 ж. шыққан «Қосымша құн теорияларының» екінші томының екінші бөлімінде («Theorien über den Mehrwert». II Band, II Theil) Маркс абсолюттік рента туралы мәселе жөнінде түсініктер береді, бұл түсініктер менің айтып отырған пікірімнің (әсіресе монополияның екі түрі жөнінде) дұрыстығын көрсетеді. Маркс еңбегінің бұған қатысы бар жері міне мынау: «Егер жер капитал жөнінде және халық жөнінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де шектеусіз элемент болса, яғни «ауа мен су» тәрізді «шектеусіз» болса, «қолымызда шектеусіз мөлшерде» (цитат Рикардодан) болса, онда бір адамның жерді иемденуі іс жүзінде жерді басқа адамның да иемденуіне ешқандай бөгет жасай алмаған болар еді. Онда жерге ешқандай жеке меншік болмас еді (тек жеке меншік қана емес, «қоғамдық» меншік те, мемлекеттік меншік те болмас еді). Бұл жағдайда, егер мұның үстіне, қай жерде болса да барлық жердің сапасы бірдей болса, жер үшін ешқандай рента алынбаған болар еді... Мәселенің барлық түйіні мынада: егер жер капитал жөнінде табиғаттың кез келген қарапайым күштеріндей ғана болса, онда капитал өнеркәсіптің бүкіл басқа салаларына қандай әсер етсе, ауыл шаруашылығы саласында нақ сондай әсер еткен болар еді. Онда жерге ешқандай меншік пен ешқандай рента болмас еді... Керісінше, егер жер 1) шектеулі болса, 2) меншікке алынған болса, егер капитал өзінің тууының шарты есебінде жерге меншікті кездестірсе,— капиталистік өндіріс дамыған елдерде істің жағдайы нақ осылай болып отыр, ал бұрын мұндай жағдай болмаған елдерде (ескі Европадағыдай) капиталистік өндіріс бұл жағдайды өзіне өзі жасап алады: мысалы, Құрама Штаттар,— онда жер капиталдың қолына оп-оңай түсе қоятын қызмет орны бола бермейді. Сондықтан абсолюттік рента дифференциалдық рентаға тәуелсіз өмір сүреді» (80, 81-беттер) [72]. Бұл арада Маркс жердің шектеулі болуы мен жердің жеке меншікте болуын өте айқын түрде айырып көрсетеді. (1908 жылғы басылымға автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

қосымша құнның пайданы теңестіру процесіне түгел қатысуына жерге жеке меншік монополиясы кедергі жасайды, сөйтіп абсолюттік рента осы артық қосымша құннан алынады *.

Булгаков мырза бұл түсінікке тіпті де риза емес, сондықтан ол: «Осы қосымша құн деген — не нәрсе, мүмкін болған сұранымды қанағаттандыру үшін не жетіп, не жетпей қалатын шұға ма, мақта ма немесе басқа түрлі бір товар тәрізді нәрсе ме. Ең алдымен, ол материалды зат емес, ол — өндірістің белгілі бір қоғамдық қатынасын көрсету үшін пайдаланылатын ұғым ғой» (І, 105) деп лепіреді. «Материалды затты» «ұғымға» осылай етіп қарама-қарсы қоюшылық схоластиканың айқын үлгісымағы болып табылады, осы схоластиканы «сын» деп алға тартуды жұрт осы күні сондай ұнататын болған. Қоғамдық өнімнің үлесі жөніндегі «ұғымның», егер бұл ұғымға белгілі бір «материалды заттар» сәйкес келмесе, қандай маңызы болмақшы? Қосымша құн дегеніміз — қосымша өнімнің ақшалай баламасы, бұл қосымша онім шұғаның, мақтаның, астықтың және басқа да барлық товарлардың белгілі бір үлесінен құралады. («Белгілі» дегенді, әрине, ғылым осы үлесті нақты түрде белгілей алады деген мағынада түсінбей, бұл үлестің мөлшерін жалпы түрде белгілейтін мәлім шарттар деген мағынада түсіну керек.) Өнеркәсіптің басқа салаларындағы қосымша өнімнен егіншіліктегі қосымша өнім көп болады (капитал жөніндегі пропор-

* Айта кетелік, Маркстің рента теориясын қате түсінушілікті П. Маслов мырзадан да кездестіргендіктен («Жизнь», 1901, № 3 және 4, «Аграрлық мәселе жөнінде») Маркстің рента теориясына ерекше толық тоқтауды қажет деп санадық. П. Маслов қосымша жұмсалған капитал өнімділігінің кеми беруін заң деп санамағанымен, оны «дағдылы» және қалыпты құбылыс сияқты көреді, бұл құбылыс пен дифференциалдық рентаны байланыстырады және абсолюттік рента теориясын теріске шығарады. П. Маслов мырзаның осы қызғылықты мақаласында сыншылардың атына айтылған көптеген дұрыс ескертпелер бар, бірақ оның осы мақаласы автор теориясының әлгіде ғана көрсетілген қатесінің салдарынан да, (автор марксизмді қорғай отырып, «өз» теориясының Маркс теориясынан айырмашылығын дәл анықтауға тырыспаған) сондай-ақ, мысалы, Бердяев мырза «буржуазияшыл жазушылардың ықпалынан мүлде құтылып отыр» және «объективтілікке нұқсан келтірмей, таптық көзқарасты ұстануымен» ерекшеленеді, «Каутский жасаған талдауда көп мәселелер жөнінде-ақ жерінде... бір жақтылық бар», Каутский «егіншіліктегі өндіргіш күштер дамуының қай бағытта жүріп бара жатқанын мүлде анықтаған жоқ» деген және сол сықылды абайсыз айта салған және мүлде теріс бірқатар пікірлерінің салдарынан да қатты зардапқа ұшырап отыр.

цияда), міне, осы артық өнімнің (жерге меншіктік монополиясының салдарынан пайданы теңестіруге кірмейтін) монополист-жер иесі тарапынан болатын «сұранымды қанағаттандыруға не жетіп, не жетпей қалуы», әрине, мүмкін.

Біз Булгаков мырзаның, өзінің кішіпейілсіп айтуынша, «өз күшімен», «өз жолымен жүре отырып» (І, 111) жасаған рента теориясын толық баяндаудан оқушыны құтқара аламыз. «Соңғы неғұрлым өнімсіз жұмсалған» профессорлық «еңбектің» бұл өнімін сипаттау үшін бірнеше ескертпелер жетіп жатыр. Рентаның «жаңа» теориясы «басын бастаған екенсің, аяғын тастама» деген атамзаманғы рецепт бойынша құрылған. Бәсеке еркіндігі бар екен — онда бәсекеге мүлде ешқандай шек қоюшылық болуға тиісті емес (бәсекенің мұндай абсолютті еркіндігі еш жерде, еш уақытта болмаса да) дейді. Монополия болды-ақ, іс бітті дей бер. Демек, рента тіпті де қосымша құннан алынбайды, тіпті де егіншілік өнімнен де құралмайды; ол егіншіліктен тыс сіңірілген еңбектің өнімінен алынады, бұл — әншейін алым, салық, бүкіл қоғамдық өндірістен ұстап қалу, жер иесінің векселі дейді. «Өзінің пайдасымен бірге егіншіліктегі капитал және егіншіліктегі еңбек, еңбек пен капиталды жұмсау саласы болып отырған жалпы егіншілік, сонымен, капиталистік патшалықтағы status in statu * болып табылады... капиталдың, қосымша құнның, жалақының және, жалпы айтқанда, құнның анықтамаларының бәрі (sic!) егіншілік жөнінде алғанда жалған мөлшерлер болып шығады» (І, 99).

Солай. Солай. Енді бәрі де айқын: егіншіліктегі капиталистер де, жалдама жұмысшылар да — мұның бәрі де жалған мөлшерлер. Ал егер Булгаков мырзаға осылай лағып кетуге тура келсе, оның пікірі кейде сонша лықты қисынсыз болып шықпайды да. Он төрт беттен кейін біз мына сөздерді оқимыз: «Егіншілік өнімдерін өндіру үшін қоғам белгілі бір мөлшерде еңбек жұмсайды; бұл — олардың құны». Өте жақсы. Олай болса, енді құнның анықтамасын «белгілеу», қалай дегенмен, он-

* — мемлекет ішіндегі мемлекет. *Ред.*

шалықты жалған мөлшерлер болып шықпады ғой. Одан кейін: «Өндіріс капиталистік түрде ұйымдастырылған екен және өндірістің басында капитал тұр екен, онда астықтың бағасы өндіріс бағасымен белгіленеді, олай болса қоғамдық орта өнімділікпен салыстырылып, осы жұмсалған еңбек пен капиталдың өнімділігінің есебі алынып отырылады». Тамаша. Олай болса, капиталдың, қосымша құнның, жалақының «анықтамалары» да оншалықты жалған мөлшерлер болмайды ғой. Олай болса, бәсеке еркіндігі де (абсолютті түрде болмаса да) болып отыр ғой, өйткені капитал егіншіліктен өнеркәсіпке ауысып және одан керісінше ауысып отырмаса, «қоғамдық орта өнімділікпен салыстырылып, өнімділіктің есебін алып отыру» мүмкін болмас еді. Одан соң: «Ал енді жерге монополия болудың арқасында баға рыноктың жағдайлары мүмкіншілік берген мөлшерге дейін өсіп, құннан жоғары көтеріледі». Тіпті тамаша. Бірақ алым, салық, вексель және басқалардың рыноктың жағдайларына байлапысты болғанын Булгаков мырза қайдан көрді екен? Егер монополияның арқасында баға рыноктың жағдайлары мүмкіншілік берген мөлшерге дейін көтерілетін болса, онда рентаның «жаңа» теориясының «ескі» теориясынан барлық айырмашылығы сол,— «өз жолымен» жүрген автор, бір жағынан, жердің шектеулі болуының тигізетін әсері мен жерге жеке меншік болудың тигізетін әсерінің арасындағы айырмашылықты түсінбеген, ал екінші жағынан, «монополия» деген ұғым мен «соңғы жұмсалған, өнімділігі неғұрлым аз еңбек пен капитал» деген ұғымның арасындағы байланысты түсінбеген. Мұнан кейін, Булгаков мырзаның тағы да жеті беттен соң (I, 120) «өзінің» теориясы туралы енді мүлде ұмытып, «бұл өнімді (егіншіліктің) жер иесінің, капиталист-фермердің және ауыл шаруашылығы жұмысшыларының арасында бөлінуінің әдісі» туралы сөз еткеніне енді таңдануға бола ма? Тамаша сынның тамаша қорытындысы! Жаңа, осы уақыттан бастап саяси экономия ғылымын байытқап, *булгаковтық рента теориясының* тамаша нәтижесі!

III

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАШИНАЛАР

Енді, Булгаков мырзаның берген бағасы бойынша, «тамаша» деп саналатын Герцтің еңбегіне келелік («Die agrarischen Fragen im Verhältniss zum Sozialismus». Wien, 1899 *. Орысшаға аударған А. Ильинский, С.-Петербург, 1900). Дегенмен, бізге біраз уақыт осы екі жазушының бірдей дәлелдерін қоса талдауға тура келеді.

Ауыл шаруашылығындағы машиналар туралы мәселе және онымен тығыз байланысты болып отырған егіншіліктегі ірі және ұсақ өндіріс туралы мәселе марксизмді «теріске шығару» жөнінде «сыншылардың» өте жиі келтіретін дәлелдері болып жүр. Төменде біз олардың келтіріп жүрген кейбір толық мәліметтерін бастан-аяқ тексеріп өтеміз, ал қазір осы мәселеге қатысы бар жалпы пікірлерді қарап өтейік. Машинаны қолдану жөнінде өнеркәсіптен гөрі егіншілік көп қиыншылықтарға кездеседі, сондықтан машина егіншілікте әрі аз қолданылады, әрі маңызы да шамалы болады деген пікірлерді көп айтып, сыншылар кітаптың толып жатқан беттерін осыған арнайды. Мұның барлығын даусыз және әбден айқын түрде көрсеткен, мәселен, Каутский болатын; Каутскийдің атын ғана естігеннің өзінде Булгаков, Герц және Чернов мырзалар естерінен танып қала жаздайды. Бірақ бұл талассыз факт машина қолдану ісі егіншілікте де тез дамып келе жатқанын, егіншілікті қайта құруға күшті әсер ететінін титтей де теріске шығара алмайды. Сыншылар сөзсіз туатын осы қорытындыдан, мәселен, мынадай терең ойлы пайымдаулар арқылы ғана «жалтара алады»: ...«Егіншілік өндіріс процесінде табиғаттың үстемдік етуімен, адам ырқының еркін болмауымен сипатталады» (Булгаков, I,43)... «адамның сенімсіз және дәлме-дәл емес жұмысының орнына ол» (өнеркәсіптегі машина) «өте титтей жұмысты да, аса зор жұмысты да математикалық дәлдікпен орындайды. Егіншілік өнімдерін өндіру жөнінде

* — «Социализмге байланысты түрде алғандағы аграрлық мәселелер». Вена, 1899. *Ред.*

машина бұл сияқты (?) еш нәрсе істей алмайды, өйткені осы күнге дейін бұл жұмыс құралы адамның қолында емес, табиғат-ананың қолында болып отыр. Бұл — метафора емес» (сонда). Бұл шындығында метафора емес, тек әншейін бос сөз, өйткені бумен жүретін плугтың, қатарлы сеялканың, молотилканың және т. б. жұмысты *неғұрлым* «сепімді жәпе дәлме-дәл» етіп *істейтінін* жұрттың бәрі біледі, демек, «бұл сияқты еш нәрсе істей алмайды» деу құр бос сөз болып шығады! Бұл егіншіліктегі машина *«өндірісті* ешқандай да дәрежеде (sic!) революцияландыра алмайды» деумен бірдей (Булгаков, I, 43—44, соның өзінде ауыл шаруашылық машиналарын жасау жөніндегі мамандардың сөзі цитатқа алынып отыр, бірақ олар ауыл шаруашылық машиналары мен өнеркәсіп машиналарының біршама айырмашылығын ғана айтып отыр), немесе: «машина бұл жерде қызметкерді өзінің шылауына айналдыра алмайтыны былай тұрсын (?), бірақ осы қызметкер сол бұрынғы күйінше процеске басшылық ету ролін сақтайды» деумен бірдей (44) — мәселен, молотилкаға орылған егінді салып тұратын адамға осылай деумен бірдей ғой?

Булгаков мырза ауыл шаруашылық машиналарын жасау мен ауыл шаруашылығы экономиясы мамандарының (Фюлингтің, Перельстің) қорытындыларына қарсы шығып, Штумфе мен Кутцлебке (ұсақ шаруашылық ірі шаруашылықпен бәсеке жасай алатындығы туралы жазған адамдарға) сүйеніп, бумен жүретін плугтың артықшылығын әлсіретуге тырысады: мұның өзінде, жерді бу күшімен жырту мүмкіншілігі ерекше топырақты * және «өте мол көлемді имениелерді» қажет етеді (Булгаков мырзаның ойынша, бұл дәлел ұсақ шаруашылыққа қарсы емес, бумен жүретін плугқа қарсы айтылған пікір!), борозданың тереңдігі *12 дюйм болса,* малдың күші будың күшінен *арзанырақ* болады және т. б. деген сияқты дәлелдер бар. Бұл сияқты дә-

* Бу күшімен жүретін плуг «қандай жағдайда болса да» көлікпен жүретін плугтан артық дейтін «абсолюттік» пікірді (S. 65, орысша аудармасы, 156) дұрыс емес деп көрсетіп, Герц мырза осыны ерекше «асқақтаған» түрмен жақтайды. Ашық тұрған есікке келіп омыраулау деп, міне, осыны айтады!

лелдермен бірнеше томдар жазып шығуға болады, бірақ мұнымен бу күшімен жүретін плугтың жерді өте терең, (12 дюймнен де терең) жыртуға мүмкіншілік бергенін де, оны қолданудың тез дамығанын да теріске шығаруға мүлде болмайды: Англияда 1867 жылы оны тек 135 имение ғана қолданды, ал 1871 жылы бу күшімен жүретін 2000-нан аса плуг қолданылды (Каутский); Германияда бу күшімен жүретін плугты қолданған шаруашылықтар саны 1882 жылдан 1895 жылға дейін 836-дан 1696-ға дейін көбейді.

Ауыл шаруашылық машиналары туралы мәселе жөнінде Булгаков мырза, өзінің баға беруі бойынша (I, 44), «ауыл шаруашылық машиналары туралы арнаулы монографияның авторы» Фр. Бензингтен әлденеше рет цитат келтіреді. Егер біз бұл ретте де Булгаков мырзаның *қалай* цитат алатынын және өзі шақырып келтірген куәларының оны *қалай* соғатынын көрсетіп өтпесек, үлкен әділетсіздік болар еді.

Өзгермелі капиталмен салыстырғанда тұрақты капиталдың анағұрлым тез өсетіндігі туралы Маркстің «конструкциясын» егіншілікке қолдануға болмайды дей келіп, Булгаков мырза егіншіліктің өнімділігі көбейген сайын жұмыс күшін көбірек жұмсау қажеттігін айтады, сөйтеді де, Бензингтің есебін цитатқа алады. «Шаруашылықтың түрлі жүйелері тұсында болатын адам еңбегіне деген жалпы қажеттілік мына түрде болып отырады:» 60 гектарға «үш танапты шаруашылықта — 712 жұмыс күні; Норфольктегі тұқым ауыстыратын шаруашылықта — 1615 жұмыс күні; қант қызылшасы басым өндіріліп тұқым ауыстыратын шаруашылықта 3179 жұмыс күні керек болады» (*Franz Bensing*. «Der Einfluss der landwirtschaftlichen Maschinen auf Volks- und Privatwirtschaft», Breslau, 1897, S. 42 *. Булгаков, I, 32). Өкініш сол, Бензинг бұл есеппен нақ машинаның өсіп отырған ролін дәлелдегісі келеді: осы цифрларды Германияның бүкіл ауыл шаруашылығына қолдана отырып, Бензинг былай деп есептеп шығарады:

* — *Франц Бензинг*. «Ауыл шаруашылық машиналарының халық шаруашылығына және жеке меншіктегі шаруашылыққа әсері». Бреславль, 1897, 42-бет. *Ред.*

ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың қазіргі бары үш танапты жүйелі жерді өңдеуге ғана жетер еді, демек, егер машина қолданылмаса, тұқым ауыстыратын егісті енгізу мүлде *мүмкін болмас* еді дейді. Бұрынғы үш танапты егіс басым болған кезде, машинаның мүлдем дерлік қолданылмағаны белгілі болғандықтан Бензингтің есебі Булгаков мырзаның дәлелдегісі келгенін *керісінше* етіп көрсетеді; атап айтқанда: бұл есеп егіншілік өнімділігінің өсуі өзгермелі капиталға қарағанда тұрақты капиталдың анағұрлым тез өсуіне қажетті түрде байланысты болуға тиіс екенін көрсетеді.

Тағы да бір жерде, «өнім өңдеуші өнеркәсіптегі машина мен егіншіліктегі машина ролінің арасында түбегейлі (sic!) айырмашылық бар» дей келіп, Булгаков мырза Бензингтің мына сөздерін цитатқа алады: «ауыл шаруашылығы машиналары, өнеркәсіптегі машиналар сияқты өндірісті осындай шексіз өсіре алмайды...» (I, 44). Булгаков мырза тағы да сәтсіздікке ұшырап отыр. Бензинг: «Ауыл шаруашылық машиналарының жалпы табысқа әсері» деп тақырып қойылған VI тараудың басында егіншілік машиналары мен өнеркәсіптік машиналардың арасындағы осы, тіпті «түбегейлі» емес айырмашылықты көрсетеді. Машинаның әрбір жеке түрлері жөніндегі арнаулы ауыл шаруашылық әдебиеттің мәліметтерін және өзінің айрықша жүргізген анкетасының мәліметтерін жете тексере келіп, Бензинг мынадай жалпы қорытынды шығарады: бу күшімен жүретін плугты қолданған кезде егістің жалпы түсімі — 10 процент артады, қатарлы сеялканы қолданған кезде — 10 процент, молотилканы қолданған кезде — 15 процент артады, мұның үстіне қатарлы сеялка тұқымның 20 процентін үнемдейді, тек машинаны картоп жинауға қолданған кезде ғана жалпы түсімнің 5 процент кемитіндігі байқалады. Ал Булгаков мырзаның: «қалай дегенде де ауыл шаруашылық машиналарының ішінде белгілі техникалық пікірлермен қостауға болатын бірден-бір машина бу күшімен жүретін плуг болу керек» (I, 47—48) дегенін *қалай дегенде де* Бензингтің өзі-ақ теріске шығарып отыр; аңғал Булгаков мырза пақ осы арада оған арқа сүйейді.

Ауыл шаруашылығындағы машинаның маңызы туралы мүмкін болғанынша неғұрлым анық және тұтас түсінік беру үшін, Бензинг шаруашылықты машинасыз, бір, екі және одан да көп машиналармен, және, ақырында, бу күшімен жүретін плугты да және ауыл шаруашылығындағы жүк таситын темір жолды да (Feldbahnen) кіргізіп, барлық аса маңызды машиналарды қолдана отырып, жүргізудің нәтижесі туралы бірқатар толық есептер жасайды. Машина болмаған кезде жалпы түсім = 69 040 маркаға, шығын = 68 615 маркаға, таза кіріс = 425 маркаға тең болған, яғни әр гектарға 1,37 маркадан келген, ал барлық аса маңызды машиналарды қолданған кезде жалпы түсім = 81 078 маркаға, шығын = 62551,5 маркаға, таза кіріс = 18526,5 маркаға тең болған, яғни әр гектарға 59,76 маркадан келген, басқаша айтқанда, *қырық еседен де артығырақ*. Ал мұның өзі тек машиналардың ғана әсері, өйткені шаруашылық жүйесі бұрынғы қалпында деп алынған! Бензингтің нақ сол есебінің көрсеткеніндей, машинаны қолдану тұрақты капиталдың орасан көп өсуімен және өзгермелі капиталдың (яғни жұмыс күшіне жұмсалатын капитал мен жұмысшылардың өздерінің саны) *азаюымен* ұштасып отырады, бұл, әрине, өзінен өзі түсінікті. Бір сөзбен айтқанда, Бензингтің еңбегі Булгаков мырзаның пікірін түгелінен теріске шығарады және егіншіліктегі ірі шаруашылықтың артықшылығын да, сондай-ақ өзгермелі капиталдың есебінен тұрақты капиталдың өсуі туралы заңды егіншілікке де қолдануға болатынын да дәлелдейді.

Булгаков мырза мен Бензингті жақындастыратын тек бір-ақ нәрсе: Бензинг таза буржуазиялық көзқарасты қолдайды, капитализмге тән қайшылықтарды мүлде түсінбейді, машинаның жұмысшыларды ығыстырып шығаратынын және т. б. тіпті көргісі келмейді. Неміс профессорларының бұл нысапты әрі іждағатты шәкірті, нақ Булгаков мырза сияқты, Маркс туралы нақ сондай өшпенділікпен сөйлейді. Бірақ Бензинг дәйектірек: ол Марксті жалпы «машина» атаулының «жауы», егіншіліктегі машинаның да, өнеркәсіптегі машинаның да

«жауы» деп атайды, өйткені Маркс машина жұмысшыларға зиянды әсер етеді деп, жалпы барлық бөлені машинаға жауып, «фактілерді бұрмалайды»-мыс (Bensing, l. c., S. 4, 5, 11 *) дейді. Булгаков мырзаның Бензингке көзқарасы «сыншы» мырзалардың буржуазияшыл оқымыстылардан не нәрсені қабыл алатынын және не нәрсеге көзін жұмып қарайтынын бізге қайта-қайта көрсетіп отыр.

Герцтің «сынының» қандай сортқа жататын сын екені мына мысалдан жете көрініп тұр: 149-бетте (орысша аудармасы) ол Каутскийді «фельетондық әдістерді» қолданады деп айыптайды да, ал 150-бетте машинаны қолдану жөнінде ірі өндірістің артықшылығын мынадай дәлелдермен «теріске шығарады»: 1. серіктіктер арқылы машина сатып алуға ұсақ шаруашылықтардың да *қолы жетеді*. Мұны ірі шаруашылықтарда машинаның көп тараған *фактісі* теріске шығаратынын көріп отырсыздар! Серіктікке бірлесудің игілігіне кімнің көбірек *қолы жететіндігі* туралы біз екінші очеркте Герцпен айрықша әңгімелесеміз. 2. Давид «Sozialistische Monatshefte»-де[73] (V, 2) былай деп көрсетті: ұсақ шаруашылықтарда машинаны қолдану «кең өріс алған және қаулап өсіп келеді... қатарлы сеялкалар да тіпті өте ұсақ шаруашылықтарда да жиі (sic!) кездесіп отырады. Шөп шабатын машина және басқа машиналар жөнінде де нақ осындай» (S. 63, орысша аудармасының 151-беті). Ал егер оқушы Давидтің ** шағын мақаласына көңіл аударса, онда Давидтің машинаны пайдаланған шаруашылықтарды осы топтағы бүкіл шаруашылықтармен салыстырғанда неше процент болатындығын алмай (Каутский, әрине, осылай алады), машина пайдаланған шаруашылықтардың саны туралы *абсолютті цифрларды* алып отырғандығын көреді.

1895 жылғы бүкіл Германия туралы алынған осы цифрларды салыстырып көрейік ***.

---

* — loco citato — цитат алынған жерде, 4, 5, 11-беттер. *Ред.*

** Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітабында (СПБ. 1906) осы қате әдіс қайталанған (179-бет). (1908 ж. басылымына автордың жазған ескертуі. *Ред.)*

*** «Stat. d. D. R.», 112 Bd, S. 36* .

Шаруашылық топтары	Шаруашылықтардың барлық саны	Оның ішінде машина пайдаланғандары					
		сеялкалар	%	қатарлы сеялкалар	%	шөп шабатын және егін оратын машина	%
2-ha-ға * дейін...	3 236 367	214	0,01	14 735	0,46	245	0,01
2— 5 » »	1 016 318	551	0,05	13 088	1,29	600	0,06
5— 20 » »	998 804	3 252	0,33	48 751	4,88	6 746	0,68
20—100 » »	281 767	12 091	4,29	49 852	17,69	19 535	6,93
100 ha және одан артық	25 061	12 565	50,14	14 366	57,32	7 958	31,75
Барлығы	5 558 317	28 573	0,52	140 792	2,54	35 084	0,63

Давид пен Герцтің сеялка және шөп шабатын машина «тіпті өте ұсақ шаруашылықтарда да» «жиі» кездесіп отырады деген сөздерін бұл кестенің растайтыны дұрыс-ақ емес пе? Ал егер Герц, «статистика жағынан алып қарағанда, Каутскийдің пікірі тіпті сын көтермейді» деп «қорытынды» шығарған болса шынында нағыз фельетондық әдістерді біз іс жүзінде кімнен көріп отырмыз?

Мынадай бір күлкілі жайды айта кету керек болады: машина пайдалануға ірі шаруашылықтың артықшылығын теріске шығармақ болған, осыдан келіп туатын ірі шаруашылыққа қарағанда ұсақ шаруашылықтардағы өте ауыр еңбекті және тұтынудың жетімсіздігін көрсететін фактіні теріске шығармақ болған «сыншылар» алайда өздеріне істің нақтылы жағдайын сөз етуге тура келгенде (олар өздерінің «басты міндетін» — «ортодокстік» марксизмді теріске шығаруды ұмытқан кезде), өздерін өздері аяусыз сойып салады. «Ірі шаруашылық,— дейді, мәселен, Булгаков мырза кітабының II томында (115-бет),— ұсақ шаруашылыққа қарағанда әрқашан да капиталмен интенсивті түрде жұмыс істейді, сондықтан, ірі шаруашылық жанды жұмыс күшінен гөрі өндірістің механикалық факторларын артық көреді, бұл табиғи нәрсе». Булгаков мырза «сыншы» ретінде Струве

* — Hektar — гектар. *Ред.*

мен Туган-Барановский мырзалардың ізімен жүре отырып, «өндірістің» механикалық *«факторларын»* жанды факторларға қарсы қойып, тұрпайы экономияға бой ұрады,— бұл шындығында, әбден «табиғи нәрсе». Ал оның ірі шаруашылықтың артықшылығын осынша абайламай теріске шығаруы табиғи нәрсе болып па?

Ауыл шаруашылық өндірісіндегі шоғырлану туралы Булгаков мырза — «шоғырланудың мистикалық заңы» және т. с. дегенпен басқаны айтпайды. Бірақ, міне, оған ағылшын деректеріне назар аударуға тура келеді, ал фермалардың шоғырлану тенденциясы 50-жылдардан 70-жылдардың аяғына дейін созылыпты. «Тұтынушы ұсақ шаруашылықтар,— деп жазады Булгаков мырза,— неғұрлым ірі шаруашылықтарға бірікті. Жер учаскелерінің *бұл* топтасуы тіпті де ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің арасындағы күрестің нәтижесі емес (?), қайта рентаны өте аз төлеп келген бірнеше ұсақ шаруашылықтарды рентаны көп төлеуге күші келетін ірі шаруашылық етіп біріктіру арқылы өзінің рентасын өсіруге лендлордтардың саналы түрде (!?) ұмтылуының нәтижесі болып табылады» (I, 239). Сіз түсініп отырсыз ба, оқушы: ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтармен күресі **емес, қайта** кірісі аз екіншіні біріншінің ығыстырып шығаруы ғана көрінеді? «Шаруашылық капиталистік жолға қойылған екен, онда ірі капиталистік шаруашылықтың ұсақ капиталистік шаруашылыққа қарағанда, белгілі мөлшерде сөзсіз артықшылықтары болатыны даусыз» (I, 239—240). Егер бұл даусыз болса, онда өзінің ірі және ұсақ өндіріс туралы тарауын («Аграрлық мәселеде»): «Ауыл шаруашылығы неғұрлым капиталистік жолға қойылған сайын, ол ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің арасындағы техника жөніндегі сапалық айырмашылықты да соғұрлым күшейтеді» деп *бастаған* Каутскийге қарсы Булгаков мырза неліктен соншама шу көтереді және неліктен («Началода») шу көтерді?

Бірақ Англиядағы егіншіліктің гүлденген кезеңінде ғана емес, дағдарыс кезеңінде де ұсақ шаруашылықтар жөнінде қолайсыз қорытындылар жасауға тура келеді. Комиссиялардың соңғы жылдар ішіндегі есептері «дағ-

дарыстың ауыртпалығының көбі нақ ұсақ қожайындарға түскенін таңырқарлықтай айқын көрсетіп отыр» (I, 311). «Олардың үйлері,— дейді ұсақ меншік иелері туралы берілген бір есеп,— жұмысшылардың орташа коттэджісінен де нашар... Жұмысшылардың жұмысына қарағанда олардың барлығының жұмысы адам айтқысыз ауыр және жұмыс уақыты әлдеқайда ұзақ, сонымен қатар олардың көпшілігі: жұмысшылардың материалдық жағдайынан қолайлы жағдайда емеспіз, тұрмысымыз онша жақсы емес және жас етті сирек жейміз дейді»... Жерді ипотекаға алудан мейлінше күйзелген йомендер алдымен құрып кетіп отыр» (I, 316)... «Олар нені де болсын үнемдеп ұстайды, мұндай үнемдеушілікті тек кейбір жұмысшылар ғана істейді»... «Ұсақ фермерлер өздерінің **шаруашылығын** семья мүшелерінің тегін еңбегін пайдаланудың арқасында ғана әзірше жүргізіп келеді»... «Қызметкерден ұсақ фермердің тұрмысы әлдеқайда ауыр екенін тағы айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен» (I, 320—321). Бұл үзінділерді біз Булгаков мырзаның мына қорытындысының дұрыс-бұрыстығын оқушы айыра алатын болсын деп келтірдік: «Аграрлық дағдарыстың заманына дейін сақталып келген шаруашылықтардың қатаң күйзелуі мұндай жағдайларда ұсақ өндірушілердің ірі өндірушілерден гөрі тез құритынын ғана (!!) көрсетеді,— мұнан басқа ештеңені де көрсетпейді (sic!!). Бұдан олардың жалпы алғанда экономикалық тұрмыс қабілеттілігі туралы қандай да болса жалпы қорытынды жасау мүлде мүмкін емес, өйткені бұл заманда Англияның бүкіл егіншілігі әлсіз болып шықты» (I, 333). Жақсы айтылған емес пе? Сөйтіп Булгаков мырза шаруа шаруашылығы дамуының жалпы жағдайлары туралы тарауында пайымдаудың осы тамаша әдісін тіпті қорытып көрсетеді: «Бағаның кенет төмендеуі өндірістің барлық формаларына (барлық формаларында?) ауыр соғады, бірақ капиталы анағұрлым аз шаруа шаруашылығының ірі шаруашылықтан гөрі тұрақтылығы кем екені табиғи нәрсе (бірақ жалпы алғанда оның тұрмыс қабілеттілігі туралы мәселеге мұның титтей де қатысы жоқ)» (II, 247). Сонымен, капиталистік қоғамда капи-

талы аз шаруашылықтардың тұрақтылығы кем, бірақ олардың «жалпы» тұрмыс қабілеттілігіне мұның қатысы жоқ!

Дәйектілігі жөнінен алып қарағанда Герцтің пайымдауларының да оңып тұрғаны шамалы. Ол Каутскийдің пікірін (жоғарыда сипатталған әдістермен) «теріске шығарады», бірақ, Америка туралы әңгіме етуге тура келгенде, ол Американың неғұрлым ірі шаруашылықтарының артықшылығын мойындайды, бұлар «машинаны әлдеқайда көп етіп пайдалана алады, мұны біздің парцеллалық шаруашылығымыз пайдалана алмайды» (S. 36, орысша аудармасы 93) дейді; ол мынаны мойындайды: «европалық шаруа шаруашылық жүргізгенде көбінесе өндірістің ескірген, атамзаманғы әдістерін қолдана отырып жүргізеді, жұмысшы сықылды, бір үзім нан үшін барлық күшін салады (robotend), жақсы тұрмысқа ұмтылмайды» (сонда). Жалпы алғанда Герц: «ірі өндіріске қарағанда ұсақ өндіріс еңбекті көп қолданады» (S. 74, орысша аудармасы 177) дегенді де мойындайды, ол бу күшімен жүретін плугты пайдаланудың және т. б. арқасында егін шығымының артқаны туралы мәліметтері (S. 67—68, орысша аудармасы 162—163) жағынан Булгаков мырзамен де еркін жымдаса алар еді.

Біздің сыншыларымыздың ауыл шаруашылық машиналарының маңызы жөніндегі теориялық көзқарастарының тұрақсыз болуының табиғи серігі сол — олар машинаны жек көретін аграрийлердің бірыңғай реакциялық қорытындыларын дәрменсіздікпен қайталай береді. Герц, расында, қытыққа тиетін осы пункт жөнінде әлі өте жасқаншақ; машинаны пайдалануға ауыл шаруашылығында кездесетін «қиыншылықтар» туралы айта келіп, ол былай дейді: «қыстыгүні сондайлық көп бос уақыт қалады, сондықтан астықты қолмен бастыру тиімдірек болады деген пікір айтылып жүр» (S. 65, орысша аудармасы 156—157). Герц, сірә, өзіне тән ой-пікірінің дәйектілігін көрсетіп, бұл факт ұсақ өндіріске қарсы емес, машинаны пайдалану жөніндегі капиталистік кедергілерге қарсы емес, машиналарға қарсы деген қорытынды жасауға бейім болса керек! Мұның есе-

сіне Булгаков мырза Герц «өз партиясының пікіріне шамадан тыс бағынышты болып отыр» (II, 287) деп, оған босқа кінә тағып отырған жоқ. Россия профессоры, әрине, намысқа тиетін мұндай «бағыныштылықтан» аулақ, сондықтан ол; «Сондайлық көп таралған, әсіресе маркстік әдебиетте көп таралған соқыр сенімнен мен тіпті аулақпын, бұл соқыр сенім бойынша кез келген машинаны прогресс деп тану керек болады» (I, 48) деп маңғазданады. Амал қанша, бұл тамаша пікірдің ой шарықтауына оның нақты қорытындылары мүлде сай келмейді. «Бу күшімен жүретін молотилка,— деп жазады Булгаков мырза,— толып жатқан жұмысшыларды қысқы жұмыстан құр қалдырып, жұмысшыларға, сөз жоқ, көп қырсық келтірді, мұны техникалық тиімділіктер өтей алмады *. Оның бер жағында, мұны тіпті утопиялық тілек ұсынатын Гольц те көрсетіп отыр» (II, 103), атап айтқанда, «ауыл шаруашылығындағы жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін,— деп қосады Гольц,— сондай-ақ эмиграцияны және миграцияны (миграция дегенде Гольцтің айтып отырғаны, сірә, өз жанымыздан қосып айталық,— қалаларға қоныс аударушылар болу керек) азайту үшін» молотилканы, әсіресе бу күшімен жүретін молотилканы, қолдануға *шек қоюды* ұсынып отыр.

Гольцтің нақ осы идеясын Каутский де өзінің «Аграрлық мәселесінде» көрсетіп өткенін оқушылардың есіне саламыз. Сондықтан бейне маркстік соқыр сенімдердің батпағына батып жатқан өрісі тар ортодокстың және «сыншылдықтың» бүкіл рухын тамаша түрде қабылдаған осы заманғы сыншының экономия (машинаның маңызы) мен саясаттың (шек қою керек емес пе?) нақты мәселесіне көзқарасын салыстырып қарау қызғылықсыз нәрсе емес.

Каутский былай дейді («Agrarfrage», S. 41): Гольц молотилканың өте «зиянды әсері» бар: молотилка село жұмысшыларын қыстыгүні басты жұмысынан қағады,

* I том, 51-беттегі сөздерді салыстырыңыз: «... бу күшімен жүретін молотилка,.. онсыз да жұмысы аз болатын қысқы кездің басты жұмысын атқарады (сондықтан бұл машинаның барлық (sic!!) ауыл шаруашылығына пайдалы болуы соншама күмәнды нәрсе; біз бұл фактімен тағы да кездесеміз)».

оларды қалаға қуады, деревняның елсізденуін күшейтеді, дейді. Сөйтіп Гольц молотилканы пайдалану ісіне шек қоюды ұсынады — деп қосады Каутский — ұсынғанда, «сірә, село жұмысшыларының мүдделері үшін ұсынатын көрінеді, ал іс жүзінде помещиктердің мүдделері үшін ұсынады», Гольцтің өзі айтқандай, «помещиктердің осындай шек қоюдан көрген зияны — сол сағатында болмағанымен, келешекте — жаздыгүні жұмысшылар санының көбеюімен артығымен өтеледі». «Жұмысшылар жөніндегі осы консерваторлық достық,— дейді сонан әрі Каутский,— бір жақсысы, тек реакциялық утопиядан басқа еш нәрсе де емес. «Келешекте» пайда түсіру мақсатымен помещиктер молотилкадан бас тарта алмайды, өйткені молотилка «сол сағатында» өте тиімді. Міне, сондықтан да молотилка өзінің революциялық жұмысын онан әрі жүргізе береді: молотилка село жұмысшыларын қалаға қуады, осының арқасында ол, бір жағынан, деревняда жалақыны өсірудің, екінші жағынан, ауыл шаруашылық машиналарын жасауды онан әрі дамытудың қуатты құралы болады».

Социал-демократтың және аграрийдің мәселені осылай қоюына Булгаков мырзаның козқарасы айрықша тән: бұл көзқарас пролетариат партиясы мен буржуазия партиясының арасынан жалпы осы күнгі бүкіл «сынның» алып отырған позициясының кішкентай ғана үлгісі болып табылады. Сыншы, әлбетте, тап күресінің тұрғысына түсетіп және капитализм барлық қоғамдық қатынастарды революцияландырады деген тұрғыны қостайтын соншалықты тар орісті және соншалықты бір сарынды емес. Бірақ, екінші жағынан, біздің сыншымыздың «ақылы» кіре тұрса да,—дегенмен марксизмнің соқыр сенімін өзінің қуаттаған кезіндегі «жас, әрі ақылсыз» болған уақыты есіне түскенде,— машинаның *«бүкіл* ауыл шаруашылығына тигізген» зиянынан: машинаны қолдануға тыйым салу керек деп, өте дәлелді және тиянақты қорытынды шығаратын өзінің жаңа жолдасының, аграрийдің, программасын түгелімен қабылдай алмайды! Сөйтіп біздің қайырымды сыншымыз, екі бау пішеннің ортасындағы Буридан есегінің халіне

түсіп отыр: [74] бір жағынан, ол енді тап күресін түсіну атаулының бәрінен жұрдай болды, сондықтан енді ол машинаның *«бүкіл* ауыл шаруашылығына» зиянды екенін айтуға ғана қабілетті болып отыр, осы кездегі *бүкіл* ауыл шаруашылығына ең алдымен тек өзінің пайдасы туралы ғана ойлайтын кәсіпкерлердің басшылық ететінін ұмытып отыр,— ол өзінің марксист болған «жастық кездерін» ұмытқаны соншалық, енді машина өзінің жұмысшыларға тигізген зиянды әсерін (ал бұл зиянды әсерді тек бу молотилкасы ғана тигізіп отырған жоқ, бу күшімен жүретін плуг та, шөп шабатын машина да, дән тазалағыш машина да және басқалары да тигізеді ғой) өзінің техникалық тиімділігімен «өтей» ала ма? деген, нағыз барып тұрған сорақы сұрау қойып отыр. Шындығында аграрий жұмысшыны жаздыгүні де, қыстыгүні де неғұрлым қаттырақ қанағысы келетінін ол тіпті аңғармайды. Бірақ, екінші жағынан, машинаға тыйым салу дегеніміз утопия деген ескірген «догмалық» соқыр сенімді ол күңгірт қана есіне түсіреді. Бишара Булгаков мырза, ол осы қолайсыз жағдайдан шыға алар ма екен?

Біздің сыншылар ауыл шаруашылық машиналарының маңызын қайткенде де әлсіретуге тырысып, тіпті «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» ұсынып, егіншілікте электротехника дайындап жатқан жаңа техникалық төңкерісті еске алуды ұмытып (немесе қасақана керек қылмай) отырғанын көрсете кету дұрыс болады. Қайта, Каутский,— П. Маслов мырзаның тіпті де соншалық әділ емес пікірі бойынша, «егіншіліктегі өндіргіш күштердің дамуының қай бағытта кетіп бара жатқанын мүлдем анықтамастан елеулі қате жасаған» («Жизнь», 1901, № 3, 171-бет),— Каутский егіншіліктегі электрдің маңызын тіпті 1899 жылы-ақ («Agrarfrage») көрсеткен болатын. Қазіргі уақытта болғалы келе жатқан техникалық төңкерістің белгілері енді айқынырақ көрініп отыр. Егіншіліктегі электротехниканың маңызын теория жөнінен ашып көрсету әрекеттері жасалып отыр (қараңыз: Dr. Otto Pringsheim. «Landwirtschaftliche Manufaktur und elektrische Landwirt-

schaft», Brauns Archiv *, XV, 1900, S. 406—418, және К. Каутскийдің «Neue Zeit» [75]-тегі XIX, 1, 1900—1901, № 18, «Die Elektrizität in der Landwirtschaft»**); электрді пайдалану жөніндегі өздерінің тәжірибелерін баяндаған (Прингсгейм өз шаруашылығының тәжірибесін жазған Адольф Зейффергельдтің кітабынан цитат келтіреді), электрді егіншілікті қайтадан табысты кәсіп ететін құрал деп таныған және үкімет пен помещиктерді күш беретін орталық электр станцияларын салуға, село қожайындары үшін электр күшін көп етіп өндіруге шақырған практик-помещиктердің үндері естіліп келеді (өткен жылы Кенигсбергте Шығыс Пруссиядағы помещик П. Мактың кітабы шықты — P. Mack. «Der Aufschwung unseres Landwirtschaftsbetriebes durch Verbilligung der Produktionskosten. Eine Untersuchung über den Dienst, den Maschinentechnik und Elektrizität der Landwirtschaft bieten» ***).

Прингсгеймнің: осы кездегі егіншілік — оның техникасының да және, сірә, экономикасының да жалпы дәрежесі жөнінен,— өнеркәсіптің даму сатысының Маркс «мануфактура» деп атаған сатысына жақын келеді деп жасаған ескертуі, біздің байқауымызша, өте дұрыс. Қол еңбегінің және жай кооперацияның басым болуы, машинаны анда-санда пайдалану, өндіріс көлемінің салыстырмалы түрде ұсақ болуы (егер, мысалы, бір кәсіпорынның жыл сайын сататын өнімінің сомасы бойынша есептегенде), рыноктардың, салыстырып айтқанда, көбінесе ұсақ болуы; ірі өндірістің ұсақ өндіріспен байланысы (бұл ретте ұсақ өндіріс, майдагерлердің ірі мануфактура қожайындарына қатынасы сықылды, ірі өндіріске жұмыс күшін жеткізіп береді,— немесе ірі өндіріс ұсақ өндірістен «шала фабрикат» сатып алады, мәселен, ірі қожайындар ұсақ қожайындардан қант қызылшасын, мал және т. б. сатып алады),— міне, осы белгілердің бәрі егіншіліктің нағыз «ірі машиналы

* — Д-р Отто Прингсгейм. «Ауыл шаруашылық мануфактурасы және электрлендірілген ауыл шаруашылығы». Браунның архиві. *Ред.*
** — «Ауыл шаруашылығындағы электр». *Ред.*
*** — П. Мак. «Өндіріс шығындарын азайту жолымен біздің ауыл шаруашылық өндірісіміздің өрге басуы. Ауыл шаруашылығына машиналы техниканың және электрдің көрсетіп отырған қызметін зерттеу.» *Ред.*

индустрия» дәрежесіне, шынында, Маркс айтқан мағынада әлі жетпегенін көрсетеді. Бір өндіргіш механизмге байланыстырылған «машиналар жүйесі» егіншілікте әлі жоқ.

Бұл салыстыруды, әлбетте, өсіріп айтудың керегі жоқ: бір жағынан, егіншіліктің (егер белок пен тамақты лабораторияда дайындаудың өте алыс және өте проблемалық мүмкіншілігін былай қоя тұрсақ) мүлде жойылмайтын өзгешеліктері бар. Осы өзгешеліктердің салдарынан егіншіліктегі машиналы ірі индустрияда ешқашан оның өнеркәсіпте болатын белгілерінің *бәрі* бірдей болмайды. Екінші жағынан, мануфактурада да осы күннің өзінде өнеркәсіптегі ірі өндіріс басым болып отыр және ұсақ өндіріске қарағанда техника жөнінде едәуір артықшылығын көрсетіп отыр. Осы артықшылықты ұсақ өнеркәсіпші жұмыс күнін ұзарту арқылы және, майдагерге де, осы кездегі ұсақ шаруаға да тән болып отырған қажеттілікті қысқарту арқылы әлсіретуге көп уақыт тырысып бақты. Мануфактурада қол еңбегінің басым болуы осы сықылды «ерлік» амалдар арқылы ұсақ өндірістің ептеп өмір сүре тұруына кейбір мүмкіншіліктер берді,— бірақ осыған алданған және майдагердің өмірге қабілеттілігі туралы (қазіргі сыншылардың шаруаның өмірге қабілеттілігі туралы айтатыны сықылды) әңгіме етіп жүрген адамдардың сөзін техникалық тоқыраудың «универсалдық заңын» дарытпай тастаған «уақытша тенденция» өте тез теріске шығарды. Мысалы, 70-жылдардағы Москва губерниясының майдагер тоқыма кәсібін зерттеген орыс зерттеушілерін еске түсірейік. Мақта-мата тоқу ісіне қарағанда,— деді олар, қол тоқымашыларының ісі оңбауға айналды, машина басым болып алды, бірақ оның есесіне жібек тоқу саласында майдагерлер әлі тірлік етіп тұра алады, өйткені мұнда машина әлі оншама жетілдірілген жоқ. Жиырма жыл өтті,— техника ұсақ өндірістің бас сауғалайтын соңғы жерінің тағы да бірін тартып алды,— есітер құлағы, көрер көзі бар адамдардың бәріне де былай дегендей болды — экономист әрқашан алға, техниканың прогресі жағына карауы керек, әйтпесе ол дереу артта қалып қояды, өйткені кімде-кім алға қарай

көз жібергісі келмесе, ол тарихқа теріс айналады: мұнда аралық жол жоқ және болуы да мүмкін емес.

«Герц тәрізді, егіншіліктегі ұсақ және ірі өндірістің бәсекесі туралы пікір айтып, бұл ретте электротехниканың ролін елемейтін жазушылар өздерінің зерттеулерін қайтадан бастайтын болуы тиіс»,— деп Прингсгейм дәл айтқан, ал оның осы ескертуі Булгаков мырзаның екі томдық еңбегіне бұдан да гөрі ауыр соққы болып тиіп отыр.

Электр қуаты бу күшінен арзан, мұның артықшылығы — оны ұсақтап бөлуге болады, оны аса алыс жерге өте оңай жеткізуге болады, бұл ретте машиналардың жүрісі неғұрлым дұрыс және неғұрлым тыныш болады, сондықтан оны астық бастыруға да, жер жыртуға да, мал саууға да, мал азығын турауға да * және басқаларға да пайдалану әлдеқайда ыңғайлы болмақ. Каутский Венгрия латифундияларының ** бірін суреттейді, онда электр қуаты орталық станциядан барлық бағытта таратылып, имениенің алыс жатқан жерлерін түгел қамтыған, сөйтіп электр қуаты ауыл шаруашылық машиналарын жүргізуге, қызылшаны турауға, су тартуға, жарық беруге және т. т., т. с. пайдаланылған. «Тереңдігі 29 метр құдықтан биіктігі 10 метр резервуарға күн сайын 300 гектолитр су тартып құю үшін, 240 сиырға, 200 бұзауға, 60 жұмыс өгізі мен аттарға азық дайындау үшін, яғни қызылшаны турау, шабу және т. б. үшін, қыстыгүні екі пар ат, жаздыгүні бір пар ат керек болатын еді, ол 1500 гульден тұратын еді. Енді аттардың орнына үш және бес аттың күшіндей күші бар мотор істейді, барлық шығындарын қоса есептегенде мұның жұмысы 700 гульденге түседі, яғни 800 гульден арзан» (Kautsky, l. c.). Мактың есебі бойынша, аттың жұмыс күні үш марка тұрады, ал оның орнына электрді пайдаланғанда — нақ сол жұмыс 40—75 пфеннигке түседі, яғни 400—700% арзанға түседі. Егер 50 жылдан кейін немесе онан да гөрі соңырақ,— дейді ол,— герман

* «Мәселен, мал шаруашылығы сиқылды, машинаны тіпті пайдалануға болмайтын ауыл шаруашылық өндірісінің салалары» (I, 49) туралы батыл және негізсіз пікір айтатын батыл Булгаков мырзаның есіне осыны саламыз.

** «Ірі шаруашылықтың латифундиялық түрде азғындауы» туралы айтатын Булгаков мырзаның есіне тағы да саламыз!

егіншілігіндегі $1^{3}/_{4}$ миллион аттың орнына электр күші пайдаланылса (1895 жылы герман егіншілігінде дала жұмысына 2,6 миллион ат + 1,0 миллион өгіз + 2,3 миллион сиыр пайдаланылған, оның ішінде 20 hа-дан артық жері бар шаруашылықтарда 1,4 миллион ат және 0,4 млн. өгіз пайдаланылған),— онда мұның өзі шығынды 1003 миллион маркадан 261 миллион маркаға дейін азайтар еді, яғни 742 миллион маркаға кемітер еді. Мал азығы үшін пайдаланылатын ұлан-байтақ жерлер адамға тамақ болатын егін егу үшін, «табиғат тегін беретін сыйлығын кемітіп барады» деп, «астық мәселесін», т. т. айтып, Булгаков мырза қорқытып отырған жұмысшылардың ішіп-жемін жақсарту үшін пайдаланылар еді. Мак электр қуатын ұдайы пайдалану үшін егіншілікті өнеркәсіппен біріктіру жөнінде тыңбастан ұсыныс жасап жүр; Мазур каналын қазуды ұсынып жүр, бұл канал төңіректегі 20—25 километр жердегі село қожайындарына электр қуатын беріп тұратын 5 орталық станцияны электр қуатымен қамтамасыз ете алар еді дейді; нақ осы мақсат үшін торфты пайдалануды ұсынады; село қожайындарының бірігуін талап етеді: «индустриямен және ірі капиталмен серіктес болып біріккенде ғана біздің өнеркәсіп саласын қайтадан пайдалы етіп шығару мүмкін болады» (Mack. S. 48). Әлбетте, өндірістің жаңа әдістерін қолдану ісі көп қиыншылықтарға кездеседі және жайлы жолмен емес, бұралаң жолмен жүреді, бірақ оның ілгері басатындығына, егіншіліктің революциялануы сөзсіз екендігіне,— бұл жөнінде күмәндануға бола қояр ма екен. «Көлік күшінің көпшілігінің орнына электр моторларын пайдалану,— деп әділ айтады Прингсгейм,— егіншілікте машиналар жүйесі мүмкін екендігін көрсетеді... Бу күшінің істей алмағандарын электр техникасы сөзсіз істей алатын болады, атап айтқанда: ауыл шаруашылығын ескі мануфактурадан қазіргі ірі өндіріске айналдырады» (l. c., p. 414).

Егіншілікке электр техникасын енгізу ісі ірі өндіріс үшін қандайлық зор жеңіс болып табылатыны (ішінара осылай болып табылып та отыр) туралы біз көп айта бермейміз, өйткені бұл жағдай өте айқын, дәлелдеп жа-

туды қажет етпейді. Электр күшін беретін орталық станция жүргізіп отырған «машиналар жүйесінің» бастамасы қазіргі шаруашылықтардың қайсысында бар,— осыны қарастырғанымыз тәуір болар. Машиналар жүйесін орнату үшін әуелі түрлі машиналарды тәжірибе жүзінде қолданып көру керек қой, көп машиналарды бірлесіп пайдаланудың мысалы керек қой. Бұл сұраққа Германияның 1895 жылы 14 июньдегі егіншілік шаруашылықтары санағының деректері жауап береді. Бізде өздерінің немесе басқа біреулердің машиналарын пайдаланған әрбір топтардағы шаруашылықтардың саны туралы мәліметтер бар (Булгаков мырза осы мәліметтердің бір бөлегін екінші томының 114-бетінде келтірген, бірақ бұл мәліметтер *машиналардың* санын көрсетеді деп ойлап, ол қателесіп отыр. Айта кету керек: өзінің немесе басқа біреулердің машиналарын пайдаланған шаруашылықтар туралы деректер, әлбетте, ірі шаруашылықтың артықшылығын, іс жүзіндегісінен гөрі анағұрлым нашар етіп көрсетеді. Машинаны пайдаланғаны үшін артық ақы төлейтін ұсақ қожайындардай емес, ірі қожайындардың көбінің меншікті машиналары болады). Бұл мәліметтер не жалпы алғанда машинаны пайдалануды көрсетеді, немесе машиналардың әрбір түрін пайдалануды жеке көрсетеді, сондықтан біз әр түрлі топтағы шаруашылықтардың *қанша* машинадан пайдаланғанын анықтай алмаймыз. Дегенмен, егер біз әрбір топ үшін машиналардың әрбір жеке түрін пайдаланған барлық шаруашылықтардың санын қоссақ, онда ауыл шаруашылық машиналарының қандайын болса да *пайдаланған реттердің қанша екенін* есептеп шығарамыз. Егіншілікте «машиналар жүйесінің» қалай дайындалып жатқанын көрсететін осылайша өңделген мәліметтерді келтірелік: [150-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сонымен, 5 гектарға дейін жері бар ұсақ шаруашылықтарда (мұндай шаруашылықтар барлық шаруашылықтардың төрттен үш бөлегінен гөрі артығырақ, 5,5 миллионның 4,1 миллионы, яғни 75,5%; бірақ олардың қолында $32^1/_2$ млн. гектар жердің 5 млн. гектары ғана бар, яғни 15,6%) — ауыл шаруашылық машиналары-

Шаруашылықтардың мөлшері	100 шаруашылыққа келетіні	
	жалпы ауыл шар. машиналарын пайдаланған шаруашылықтар (1895)	ауыл шар. машиналарының белгілі бір түрін пайдаланған реттер (1895)
2 hа-ға дейін	2,03	2,30
2—5 »	13,81	15,46
5—20 »	45,80	56,04
20—100 »	78,79	128,46
100 және одан артық hа	94,16	352,34
Барлығы	16,36	22,36

ның қандайын болса да пайдаланған *реттер* саны (біз сүт шаруашылығына керекті машиналарды да қоса санадық) мүлде аз. Орта шаруашылықтарда (5—20 hа) шаруашылықтардың жартысынан азы жалпы машиналарды пайдаланады, сөйтіп 100 шаруашылық тек 56 ретте ғана ауыл шаруашылық машиналарын пайдаланады. Тек ірі капиталистік өндірісте * ғана біз шаруашылықтардың *көпшілігінің* ($^3/_4$—$^9/_{10}$) машинаны пайдаланатынын және *машиналар жүйесінің құрала бастағанын:* машинаны пайдаланған реттердің әрбір шаруашылыққа біреуден артығырақ келіп отырғанын көріп отырмыз. Демек, бір шаруашылықта бірнеше машина пайдаланылатынын: мәселен, 100 hа-дан артық жері бар шаруашылықтардың әрқайсысы *4 машинаға жуық* пайдаланатынын (жалпы машина пайдаланушылардың 94 процентіне 352%) көріп отырмыз. 572 латифундияның (1000 және онан да көп hа жері бар шаруашылықтар) 555-і машина пайдаланған, ал машина пайдаланған реттер 2800, яғни әрбір шаруашылық *бес машинадан* пайдаланған. Қандай шаруашылықтардың «электр» революциясын дайындап жатқаны және онымен көбіне қандай шаруашылықтардың пайдаланатыны, міне, осыдан түсінікті.

* 20 hа-дан артық жері бар шаруашылықтар 5,5 миллионның 0,3 миллионы ғана, яғни барлық шаруашылықтың 5,5% ғана, бірақ 32,5 миллион гектар жердің 17,7 миллион гектары солардың қолында, яғни бүкіл ауыл шаруашылығындағы жер көлемінің 54,4% солардың қолында болып отыр.

IV

ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЖОЮ. «СЫНШЫЛАР» КӨТЕРГЕН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Герцтен Чернов мырзаға көшейік. Өйткені Чернов мырза Герц жөнінде ғана «әңгіме көтереді», сондықтан «сыншылардың» ұсынып отырған кейбір жаңа, нақты деректерін талдауға көшу үшін (келесі очеркте) біз бұл арада Герцтің пайымдау әдістерін (және Чернов мырзаның оның сөздерін өзінше қандай әдіспен қайталайтынын) қысқаша сипаттаумен ғана шектелмекпіз.

Герцтің қандай теоретик екенін *бір* мысалмен көрсетудің өзі жеткілікті. Оның кітабының ең басында: «Ұлттық капитализм ұғымы» деген соншама көпірме тақырып берілген параграфты кездестіреміз. Герц артық-кемі жоқ, тек капитализмге анықтама бергісі келеді. «Біз оны, әрине,— деп жазады ол,— *заң* жағынан жеке бастың бостандығы мен меншік бостандығы принциптерінің толық жүргізілуіне сүйенетін; *техника* жағынан — кең» (ірі?) «мөлшерлі * өндіріске сүйенетін; *әлеуметтік* жағынан — өндіріс құрал-жабдықтарының тікелей өндірушілерден бөлінуіне сүйенетін, *саясат* жағынан — меншікті бөлудің тек экономикалық негізінің арқасында ғана капиталистердің орталық саяси өкіметті» (мемлекеттің шоғырланған саяси күшін?) «қолына алуына сүйенген халық шаруашылық системасы ретінде сипаттай аламыз» (орысша аудармасы, 37-бет). Бұл анықтамалар толық емес, әлі де ықшамдауды қажет етеді — дейді Герц — мысалы, үй жұмысы және ұсақ аренда әлі де болса қай жерде де ірі өндіріспен қатар өмір сүріп келеді. «Капитализмге: оның тұсында өндіріс «капиталистердің» (капитал иелерінің) бақылауында (солардың үстемдігі мен бақылауында) болатын система деп *нақты* (sic!) анықтама жасау да онша дұрыс болып шықпайды». Капитализмге — капиталистердің үстемдігі «нақты» деп анықтама беру — шынын-

* В. Чернов мырза («Р. Б.» № 4. 132): «дамудың жоғарғы сатысына жеткен өндірісте» деп аударды. Ол «auf grosser Stufenleiter»!! деп жазылған немісше сөздерді осылай «түсінуге» дейін барыпты.

да да тамаша емес пе? Және осы күні сондайлық сән болып алған осы quasi *-ақиқаттықпен, ал шынына келгенде эклектикалықпен жеке белгілердің және жеке «факторлардың» бәрін толық тізбектеуге тырысу бұларға қаншалықты тән қасиет десеңізші. Нәтижесінде, әрине, жекелеген құбылыстардың барлық жай белгілерін жалпы ұғымға енгізуге, немесе, керісінше, «құбылыстардың толып жатқан ең әр алуан түрлеріне кездесуден қашу» үшін жасалған осы мағынасыз әрекет,— ғылымның не екендігі жөнінде оп-оңай нәрселерге түсінбейтіндікті дәлелдейтін әрекет,—бұл әрекет «теоретикті» ағаштың тасасынан орманды көрмей қалуына әкеліп соқтырады. Герц, мәселен, товар өндірісі және жұмыс күшінің товарға айналуы сияқты ұсақ-түйек нәрселерді ұмытқан! Оның есесіне ол мынадай *генетикалық* анықтаманы ойлап шығарыпты, оның бұл анықтамасын,— осыны жазушыны жазалау ретінде — тұтас келтірген жөн: капитализм — «халық шаруашылығының мынадай қалпы,— осы қалып тұсында еркін айналымның, жеке бастың бостандығы мен меншік бостандығы принциптерінің жүзеге асуы жоғары (относительді түрде) пунктке жетеді; бұл пункт әрбір жеке халық шаруашылығының экономикалық дамуы және эмпирикалық жағдайлары арқылы белгіленіп отырады» (S. 10, орысша аудармасы 38—39 бетте, онша дәл емес). В. Чернов мырза, әрине, осы көпірме сөздерді сүйсіне қастерлеп көшіріп алады да, аузының суы құрып мақтайды және оның үстіне ұлттық капитализмнің типтеріне тұтас отыз бет бойына «талдау» жасап, онымен «Русское Богатствоның» оқушыларын тойдырады. Осы өте ақылгөй талдаудан аса бағалы және ешқандай бірсарындылығы жоқ бірталай нұсқаулар алуға болады екен, мәселен, «британдықтың тәуелсіз, тәкаппар және жігерлі мінезі» туралы, ағылшын буржуазиясының «байсалдылығы» және оның сыртқы саясатының «ұнамсыздығы» туралы,— «роман нәсілінің құмартқыш, әуестенгіш темпераменті» туралы және «неміс ұқыптылығы» туралы нұсқаулар алуға болады екен

* — бейнебір. *Ред.*

(«Русское Богатство», № 4, 152-бет). Осы талдау «догмалық» марксизмді, әлбетте, біржолата жойып шығыпты.

Герцтің ипотекалар туралы мәліметтерге жасаған талдауының күштілігі де бұдан кем емес. Қалай болғанда да, Чернов мырза бұған өте қуанышты. «Герцтің мәліметтерін әлі ешкім теріске шығара алған жоқ... мұның өзі факт,— деп жазады ол.— Герцтің кітабына жазған өзінің жауабында Каутский кейбір жеке мәселелер туралы» (Герцтің *бұрмалауларының* дәлелдері сияқты! Тәуір-ақ «жеке мәселелер» екен!) «аса көп айтқанымен, ипотекалар туралы мәселедегі Герцтің дәлеліне *бір ауыз жауап қатпаған»* («Русское Богатство», № 10, 217-бет, курсив Чернов мырзаныкі). Чернов мырзаның Каутскийдің жауап мақаласымен таныс екендігі («Zwei Kritiker meiner «Agrarfrage»» * «Neue Zeit»-те, 18, 1; 1899—1900) «Русское Богатствоның» нақ сол кітабының 238-бетіндегі сілтемеден көрінеді; сондай-ақ Чернов мырзаның осы мақала басылып шыққан журналға Россияда цензураның тыйым салғанын білмеуі мүмкін емес. Қазіргі кездегі «сыншың» бүкіл бет бейнесін сипаттаудың айқын фактісі мынау: Чернов мырза өзі астын сызып көрсетіп отырған сөздер *түп-тура өтірік* болып отыр, өйткені Каутский ипотека туралы мәселе жөнінде «Герцке, Давидке, Бернштейнге, Шиппельге, Булгаковқа e tutti quanti» ** *сол Чернов мырза көрсеткен мақаласының* 472—477-беттерінде *жауап берген.* Бұрмаланған шындықты қалпына келтіру — көңілсіз-ақ міндет, бірақ Чернов мырзалармен істес болған соң, бұл міндеттен ешбір бас тарта алмайсың.

Каутский Герцке, әлбетте, келекемен жауап берді, өйткені Герц бұл мәселе жөнінде де істің неде екенін білмегенін немесе білгісі келмегенін жәпе буржуазияшыл экономистердің ерғашты дәлелдерін қайталауға құмарлығын көрсетті. Каутскийдің «Agrarfrage»-сінде әңгіме (S. 88—89) ипотекалардың шоғырлануы туралы

---

* — «Менің «Аграрлық мәселемді» сынаған екі сыншы». *Ред.*

** Каутскийдің сөзі: «N. Z.» 472-бет (E tutti quanti және солар сияқтылардың бәріне де. *Ред.)*

болған еді. «Деревняның толып жатқан ұсақ өсімқорлары,— деп жазды Каутский,— ипотекалық кредитті монополиялайтын орталықтанған ірі капиталистік немесе қоғамдық мекемелерге орын беріп, бірден-бірге екінші қатарға ығыстырылып шығарылып отыр». Каутский осы тәрізді кейбір капиталистік және қоғамдық мекемелерді тізіп көрсетеді, жер жөніндегі өзара кредиттік қоғамдар (genossenschaftliche Bodenkreditinstitute) туралы айтады, *жинақ кассаларының да*, сақтық қоғамдарының да және көптеген корпорациялардың да (S. 89) өздерінің фондыларын ипотекаларға салып отырғандарын және т. б. көрсетеді. Мәселен, Пруссияда өзара кредиттің 17 қоғамы 1887 жылы 1650 миллион маркалық кепілдеме қағаздар [76] шығарды. «Бұл цифрлар қазірдің өзінде-ақ жер рентасының *азғантай орталық мекемелерде* (курсив біздікі) орасан зор дәрежеде шоғырланғанын көрсетеді», «бірақ шоғырлану тез өсіп отыр. Немістің ипотекалық банктері 1875 жылы 900 млн. маркалық, 1888 жылы $2^1/_2$ миллиард маркалық кепілдеме қағаздар шығарды, 1892 жылы 31 банкте (1875 жылы 27 банкте) шоғырланған сома енді 3400 миллион болды» (S. 89). Жер рентасының бұл шоғырлануы *жер меншігінің* шоғырлануын айқын көрсетеді.

Жоқ — деп жауап береді Герц, Булгаков, Чернов және олардың сыбайластары — «біз, орталықтандыруды жоюға, меншікті бөлшектеуге бет алған нағыз батыл тенденцияны кездестіріп отырмыз» («Русское Богатство», № 10, 216), өйткені «ипотекалық кредиттің төрттен бірінен артығы толып жатқан ұсақ вкладшылары бар демократиялық (sic!) кредиттік мекемелердің қолына жиналып отыр» (сонда). Герц бірталай кестелер келтіріп, жинақ кассаларындағы вкладшылардың қалың көпшілігі *ұсақ вкладшылар* және т. б. деп, жапын салып дәлелдемекші болады. Тек осының бәрінің қажеті қанша? деген сұрау туады. Өзара кредит қоғамдары мен жинақ кассаларын Каутский өзі де көрсеткен еді ғой (көрсеткенде, әрине, Чернов мырзаға ұқсап, бұл өзгеше «демократиялық» мекемелер деп бал ашқан жоқ). Каутский рентаның азғантай орталық мекемелердің қолдарында орталықтандырылуы туралы айтады,— ал

оған жинақ кассаларындағы вкладшылардың қалың көпшілігі ұсақ вкладшылар деп көрсетеді!! Және мұны «меншіктің бөлшектенуі» деп атайды! Шындығында, ипотекалық банктегі вкладшылар санының ауыл шаруашылығына (әңгіме рентаның шоғырлануы туралы болып отыр) қандай қатысы бар? Акциялары толып жатқан ұсақ капиталистерге бөлініп берілгендіктен ірі фабрика өндірістің орталықтануы болып табылудан қала ма екен? «Герц пен Давид мені хабардар еткенге дейін,— дейді Герцке жазған жауабында Каутский,— жинақ кассаларының өздерінің ақшаларын қайдан алатыны туралы менің түк түсінігім жоқ еді. Мен олар Ротшильдтер мен Вандербильттердің жинаған қаржысымен жұмыс істейді ғой деп ойлаушы едім».

Ипотекалардың мемлекет меншігіне берілуі туралы Герц былай дейді: «Бұл ірі капиталға қарсы жүргізілетін күрестің ең нашар құралы болар еді және, әрине, мұндай реформаны енгізушілерге қарсы ұсақ меншік иелерінің, оның ішінде, әсіресе село батырақтарының бірден бірге өсіп отыратын зор армиясын қарсы қоюдың тамаша құралы болар еді» (S. 29, орысша аудармасында 78. Мұны Чернов мырза «Русское Богатствоның» 217—218-беттерінде сүйсіне қайталайды).

Саны көбейіп келе жатыр деп, Бернштейн мен оның сыбайластарының айқайлап жүрген «меншік иелері», міне, осындай адамдар болып шықты!— деп жауап береді Каутский.— Бұлар жинақ кассаларында 20 маркадан ақшасы бар үй қызметіндегі әйелдер! Өздерінің «экспроприациясымен» олар еңбекшілердің орасан зор армиясын тонайды деп социалистерге қарсы айтылып отырған осы дәлел қандай ескі әрі жауыр болған дәлел десеңізші. Өзінің кітапшасында осы дәлелді айрықша ықыластанып ұсынған басқа біреу емес, Евгений Рихтердің өзі-ақ болатын; бұл кітапшаны ол социалистерге қарсы шығарылған ерекше заң[77] жойылғаннан кейін шығарған (және бұл кітапшаны фабриканттар жұмысшыларға тегін сыйлау үшін сан мыңдап сатып алған). Бұл кітапшасында Евгений Рихтер өзінің атақты «үнемшіл Агнесасын»: жинақ кассасында бірнеше ондаған маркасы бар және мемлекеттік өкіметті қолына

алып, банктерді мемлекет меншігіне айналдырған, зұлым социалистерден талапған бишара тігінші әйелді, алға тартты. Булгаковтар *, Герцтер және Черновтар өздерінің «сын» дәлелдерін, міне, қайдан алады!

«Ол кезде,— дейді Евг. Рихтердің «атақты» кітапшасы туралы Каутский,— Евг. Рихтерді осынысы үшін социал-демократтардың бәрі бірдей әжуа етіп еді. Ал қазір социал-демократтардың арасында нақ сол пікірді қайталаған шығармаға біздің Орталық органымызда» (сірә, Давидтің «Vorwärts»-тағы[78] мақалалары еске алынып отырса керек) «мақтау өлең айтып: Герц, біз сенің ерліктеріңді мадақтаймыз деп отырған адамдар табылып отыр!»

Бишара Евгений үшін, жасы жеткен шағында, мұның өзі оған зор мәртебе, сондықтан мен де оны сүйсіндіру үшін Герц кітабының нақ сол бетіндегі оның тағы да мына бір жерін келтірмей тұра алмаймын: «Ұсақ шаруаны, қаладағы үй иесін және әсіресе ірі егінші, атап айтқанда, төменгі және орташа таптардың экспроприациялап отырғанын және олардың басты контингенті село халқы болып отырғанын көріп отырмыз»» (Герц, S. 29, орысша аудармасы 77.— «Русское Богатствода» № 10, 216—217 беттерінде мұны сүйсініп қайталап айтқан). «Жалақы жөніндегі коллективтік договорлар (Tarifgemeinschaften) арқылы және тұтыну қоғамдары арқылы капитализмді «қотару» (Aushöhlung) турасындағы Давидтің теориясы енді артта қалып қойды. Герцтің жинақ кассалары арқылы экспроприаторларды экспроприациялауының қасында бұл теория елеусіз қалады. Өлді деліпіп жүрген үнемшіл Агнеса жаңа өмірге қайта тіріледі» (Kautsky, l. c. S. 475),— сөйтіп «ортодокстік» социал-демократияны масқаралау үшін «Русское Богатствоның» публицистерімен бірге орыс «сыншылары» да қайта тірілген осы «үнемшіл Агнесаны» орыс топырағына көшіруге асығады.

Евгений Рихтердің дәлелдерін Герцтің қайталағанына қуанып, түкірігіне шашалған нақ осы В. Чернов

* Булгаков мырза Каутскийге қарсы «Начало» журналында, ал немісше Браунның «Архивінде» де ипотекалар туралы нақ осы дәлелдерді келтірген болатын.

мырза «Русское Богатствоның» бетінде және Н. Михайловский мырзаның құрметіне арнап шығарылған «Даңқты орында» деген жинақта Каутскийдің паршапаршасын шығарып, «жүндей түтеді». Егер біз осы паршалаудың кейбір кереметтерін көрсетіп өтпесек, онымыз әділетсіздік болар еді. «Каутский тағы да Маркстің ізімен,— деп жазады «Русское Богатствоның» 8-нөмерінің 229-бетінде Чернов мырза,— капиталистік егіншіліктің прогресі жердің азық боларлық заттарының азая беруіне апарып соғатынын: түрліше өнімдер ретінде жерден бірдеме үнемі алынып, қалаға жөнелтіліп және оның жерге қайтадан қайтарылмайтынын мойындайды... Көріп отырсыздар, топырақ құнарлылығының заңдары туралы мәселеде Каутский Либихтің теориясына негізделген Маркстің сөздерін дәрменсіздікпен (sic!) қайталай береді. Бірақ Маркс өзінің бірінші томын жазған кезде Либихтің «қайта қалпына келтіру заңы» агрономияның соңғы табысы болған еді. Бұл жаңалық табылғаннан бері жарты ғасырдан аса уақыт өтті. Топырақ құнарлылығының заңы туралы біздің білімімізде бүтін бір революция болды. Ал сонда не болды? Либихтен соңғы дәуірдің бәрі, одан кейінгі уақыттарда Пастердің, Вилленің ашқан жаңалықтары, азотты қолдану жөніндегі Соларидің тәжірибелері, Бертелоның, Гелльригельдің, Вильфарттың және Виноградскийдің топырақ бактериологиясы саласындағы жаңалықтары — осының бәрі Каутский үшін ешқандай із қалдырмапты»... Сүйікті Чернов мырза! Ол Тургеневтің Ворошиловына [79] қалай аумай ұқсайды: «Түтін» деген шығармасындағы шетелдерге серуен жасаған орыстың жас приват-доценті естеріңізде ме, оның өзгешелігі — көбінесе үндемейтін адам еді, бірақ анда-санда бір шыдамы таусылған кезде, ол ондаған, жүздеген ғалымдар мен ғұламаларды, өте сирек кездесетін аса білімді адамдарды атап, үсті-үстіне жаудырта бастайтын. Осынау надан Каутскийді мүлде жермен жексен қылып жіберген біздің ғалым Чернов мырза нақ содан айнымайды. Тек... тек дегенмен Каутскийдің кітабын қарап көргеніміз жөн болмас па екен? Ол кітаптың ең болмаса мазмұнын қарап өткеніміз жөн болмас па екен? «Қазіргі

кездегі ауыл шаруашылығы» деген IV тарауынан біз «тыңайтқыштар, *бактериялар»* деген d) параграфын табамыз. d) параграфын ашамыз да, мынадай сөздерді оқимыз:

«Өткен он жылдықтың екінші жартысында ашылған жаңалық бойынша, қабықты өсімдіктердің басқа мәдени өсімдіктерден өзгешелігі сол, бұлар өздерінің азот қорының бәрін дерлік жерден емес, ауадан алады, олардың жер азотын кемітпейтіндігі былай тұрсын, қайта бұрынғыдан да гөрі байыта түседі. Бірақ, егер топырақта ол өсімдіктердің тамырына жабысып тұратын белгілі микроорганизмдер болса ғана, ол өсімдіктерде осындай қасиет бола алады. Осы микроорганизмдер болмаған жерде — тиісті бактерия егу арқылы қабықты өсімдіктерді азоты аз топырақты азотқа бай топыраққа айналдыруға шамасы келетін халге жеткізуге болады, міне, сөйтіп бұл топырақты басқа мәдени өсімдіктер егу үшін белгілі дәрежеде тыңайтуға болады. Қабықты өсімдіктерге бактерия егу, жалпы ереже бойынша, тиісті минералдық тыңайтқыштармен (фосфорлы қышқыл тұз және калий тыңайтқыштарымен) қосқан кезде, көң төкпей-ақ жерден тұрақты ең мол өнім алып отыруға мүмкіндік береді. Тек осы жаңалықтың арқасында ғана «еркін шаруашылық» әбден берік базис алды» (Kautsky, 51—52). Азотты жинайтын бактериялар жөніндегі бұл тамаша жаңалықты ғылыми жолмен дәлелдеген кім? — Гелльригель...

Каутскийдің кінәсы сол — айбынды социалистік партияның мүшелері өздерінің ғылыми еңбектерінде де оқушы жұмысшыларды естерінен шығармауға тиісті екендерін, декаденттер мен ресми ғылымның титулды атақтары бар өкілдерін сондайлық сүйсіндіретін керексіз қиын сөздерсіз, «білімпаздықтың» сыртқы бейнелерінсіз, *қарапайым* етіп жазуға тиісті екендерін еш уақытта ұмытпайтын оның бір жаман әдеті (мұндай әдет көптеген нағыз деген ортодокстерден де байқалады) бар. Каутский бұл арада да ең жаңа агрономиялық жаңалықтардың қандай екенін түсінікті және айқын етіп айтуды артық көрген, жұрттың оннан тоғыз бөлегіне бимәлім оқымыстылардың аттарын келтірмеуді

орынды деп санаған. Ворошиловтар мұның керісінше істейді: олар агрономия, саяси экономия, сын философиясы және т. б. жөніндегі оқымысты ат-есімдердің бірінен соң бірін ат көпір қып келтіріп, оқымыстылық қоқыстармен істің мәнін қоқсытуды артық көреді.

Мәселен, Ворошилов-Чернов ғалымдардың аттарын, ғылыми жаңалықтарды білмедің деп Каутскийге беталды айып тағып, сәндікке айналған сынның өте қызықты және ғибратты эпизодын үйін-төгін және елеусіз тастап отыр, атап айтқанда: қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою жөніндегі социалистік идеяға қарсы буржуазиялық экономияның шабуылын елеусіз тастап кетіп отыр. Мәселен, профессор Луйо Брентано: деревнялардан қалаларға қоныс аудару осы әлеуметтік жағдайлардан туып отырған жоқ, қайта *табиғи қажеттіктен,* топырақ құнарлылығының кеми беру заңынан * туып отыр деп сендірмек болады. Булгаков мырза өзінің ұстазының ізінше,— қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою туралы идея «агрономның күлкісін келтіретін» «барып тұрған

---

* Каутскийдің «Neue Zeit», XIX, 2, 1900—1901, № 27: «Tolstoi und Brentano» («Толстой және Брентано». *Ред.*) деген мақаласын қараңыз. Каутский қазіргі кездегі ғылыми социализмді өз теориясының реакцияшыл аңқаулығына қарамастан, буржуазиялық құрылыстың терең бақылаушысы және сыншысы болып отырған Л. Толстойдың ілімімен және буржуазиялық экономиямен салыстырады, буржуазиялық экономияның «жұлдызы» болып отырған Брентано (Струве, Булгаков, Герц мырзалардың және tutti quanti-лардың ұстазы екені белгілі) табиғат құбылыстары мен қоғам құбылыстарын шатастырып, өнімділік пен пайда, күн мен баға деген ұғымдарды және басқаларды шатастырып, нағыз сорақы түрде былықтырады. «Мұның өзі Брентаноның өзінен гөрі, оның шыққан *мектебіне* тән нәрсе,— деп Каутский әділ айтады,— буржуазиялық экономияның *тарихи мектебінің* қазіргі түрі қоғамдық механизмді тұтас түсінуге ұмтылуды басып өтілген саты (überwundener Standpunkt) деп санайды. Бұл көзқарас бойынша, экономикалық ғылым әлеуметтік заңдарды зерттеп, оларды сындарлы жүйеге келтіруге тиісті емес, өткен және қазіргі уақыттағы жеке әлеуметтік фактілерді протоколда жазылғандай баяндаумен шектелуге тиіс. Сөйтіп, бұл көзқарас құбылыстың тек сырт көріністеріне тоқталып өтуге дағдыланады. Ал бұл мектеп өкілдерінің бірі қалай дегенмен істің неғұрлым терең себептерін тексергісі келсе,— онда ол барар жерін мүлде шамалай алмай, шыр-көбелек айналып адасады да жүреді. Маркстің теориясын қандай да болса басқа бір теориямен емес, тарихи мектепке тән ешқандай теориясыздықпен (Theorielosigkeit) ауыстыруға тырысушылық, ал теоретикті репортердің атқаратын рөлінің дәрежесіне дейін төмендетуге тырысушылық бірсыпыра уақыттан бері біздің партияның ішінде де болып келеді. Кімде-кімге бір оқиғадан екінші оқиғаға мақсатсыз, бос секіру емес (Fortwurschteln), ұлы мақсатқа жету үшін толық жігермен алға қарай ұмтылу керек болса, Брентаноның біз ашып отырған былықтары сол адамды тарихи мектептің қазіргі әдістерінен сақтандыратын болсын» (S. 25).

құрғақ қиял» болып табылады деп «Началода»-ақ (1899, март, 29-бет) жариялаған болатын. Герц өз кітабында былай дейді: «Қала мен деревня арасындағы айырмашылықты жою ескі утопистердің (тіпті «Манифестің» де) негізгі ұмтылған пәрсесі болғаны рас,— бірақ адам баласының мәдениетін қол жететін жоғары мақсатқа бағыттау үшін керекті жағдайлардың бәрін де бойына жинақтаған қоғамдық құрылыс күш-қуат пен мәдениеттің ұлы орталығы болып табылатын үлкен қалаларды шындығында жояды дегенге және зәбір көрген эстетикалық сезімге бола өнер мен ғылымның осы ұлан-байтақ мол қазынасынан бас тартады дегенге біз әйтсе де сене алмаймыз, өнер мен ғылым болмайынша, прогрестің болуы мүмкін емес» (S. 76. Орысшаға аударушы 182-беттегі «potenzirt» * деген сөзді тіпті «потенциалды» деп аударып жіберіпті. Осы орысша аудармаларға не істерсің! Нақ сол аудармасы 270-бетте «Wer isst zuletzt das Schwein?» ** деген сөздерді: «Айналып келгенде шошқа болып шыққан кім?» деп аударған). Көріп отырсыздар, Герц буржуазиялық тәртіпті социалистік «құрғақ қиялдан», оның «идеализм үшін күресі» Струве мен Бердяев мырзалардікінен тіпті кем соқпайтын, бос сөздермен қорғайды! Бірақ бұл қорғаудың өзі осы идеалистік көпірме сөздерден түк таба алмай отырған жоқ.

Күш-жігер мен мәдениеттің ұлы орталықтарының сіңірген тарихи еңбегін социал-демократтар өздерінің бағалай алатынын жалпы халықты, оның ішінде шаруалар мен село жұмысшыларын бір орынға матап ұстаушылықтың бәріне қарсы өздерінің ымырасыз күресі арқылы көрсетіп отыр. Міне, сондықтан «мужикке» қысқы «табыс» тауып беруге тырысатын аграрийдің бірде-бірі оларды сыншылардай емес, қармағына түсіре алмайды. Бірақ капиталистік қоғамдағы үлкен қалалардың прогрестігін батыл мойындау — қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жоюды өзіміздің мұратымыз етуге (және өзіміздің іс программамызға кіргізуге, өйткені жүзеге асырылмайтын мұраттарды біз

* — еселенген, мол. *Ред.*
** — «Сайып келгенде шошқаны кім жеуші еді?» *Ред.*

Струве мен Бердяев мырзаларға бердік) бізге ешқандай кедергі болмайды. Мұның өзі ғылым мен өнердің қазынасынан бас тартумен бірдей деу дұрыс емес. Қайта мұның керісінше: қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою осы қазынаға *бүкіл халықтың қолын жеткізу үшін*, «деревня өмірінің идиотизмі» [80] деп, Маркстің өте дәл айтқанындай, деревняның миллиондаған адамдарының мәдениеттен сырт қалушылығын жою үшін қажет. Сөйтіп, қазіргі уақытта, электр қуатын қашыққа жеткізуге мүмкін болып отырған кезде, транспорт техникасының соншалықты күшейіп (қазіргіге қарағанда), аз шығынмен жолаушыларды сағатына 200-ден аса шақырым жер жүретін * шапшаңдықпен тасуға мүмкіншілік болып отырған кезде,— азын-аулақ орталықтарда ғасырлар бойы жинақталған ғылым мен өнердің қазынасын бүкіл елде азды-көпті біркелкілікпен орналасқан барлық халықтың пайдалануына тіпті ешқандай техникалық кедергі жоқ.

Ал егер қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жоюға еш нәрсе кедергі жасамаса (соның өзінде, әрине, бұл жойылуды бір шара түрінде емес, толып жатқан шаралар түрінде болады деп түсіну керек), онда оны талап етіп отырған жалғыз ғана «эстетикалық сезім» емес. Үлкен қалалардың адамдары, Энгельс айтқандай, өз қоқсығының иісінен тұншығады, ал мүмкіндігі бар адамдардың бәрі таза ауа мен таза су [81] іздеп қаладан оқтын-оқтын қашып жатады. Өнеркәсіп те бүкіл елге жайыла тарап орналасады, өйткені оған да таза су керек. Электр қуатын алу үшін құлама суларды, каналдарды және өзендерді пайдалану ісі бұл «өнеркәсіптің бытырай орналасуына» жаңадан түрткі болады. Ақырында,— last but not least **— егіншілікке сондайлық маңызы бар қаладағы жалпы көң-қоқыстарды, оның ішінде адамның қиын орынды түрде пайдалану ісі де қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық-

---

* Манчестер мен Ливерпульдің арасында салынатын мұндай жолдың жобасы парламентте қабылданбады, бұған бір ғана себеп — бұрынғы компаниялар күйзеліп қалады деп қорыққан темір жол шонжарлары өз пайдасын көздеп, бұл жобаға қарсы шықты.

** — соңғысы болғанда маңызы жағынан емес, сан реті жағынан. *Ред.*

ты жоюды керек етеді. Маркс пен Энгельстің теориясының міне нақ осы пунктіне сыншы мырзалар өздерінің агрономиялық қарсы пікірлерін жұмсағысы келеді (осы мәселе туралы Энгельстің «Anti-Dühring»-те [82] айрықша егжей-тегжейлі баяндаған теориясын толық талдаудан сыншы мырзалар бас тартуды артық көрген және әдеттегідей қайдағы бір Брентаноның пікірлерін үзіп-жұлып, соны өшпейін қайталап айтумен тынған). Олардың пікір толғауының барысы мынадай: Либих топырақтан қанша алынса, оған сонша қайтарудың қажеттігін дәлелдеді дейді. Сондықтан ол қаланың көңқоқысын теңіздер мен өзендерге төгуді ақылға қонымсыздық және егіншілікке қажетті заттарды тағылықпен рәсуә еткендік деп санады. Каутский Либихтің теориясына қосылады. *Бірақ* ең жаңа агрономия қолда ұстайтын малдың көң-қоқысынсыз-ақ, жасанды тыңайтқыштар арқылы, азот жинаушы қабықты өсімдіктерге белгілі бактерияларды егу және т. б. арқылы жердің өндіргіш күштерін қалпына келтірудің толық мүмкіндігін көрсетті. *Олай болса,* Каутский және осы «ортодокстердің» бәрі де — тек артта қалған адамдар.

Олай болса,— дейміз біз оларға,— сыншы мырзалар бұл арада да өздерінің мың сан рет қолданған *бұрмалаушылықтарының* тағы да бірін істеп отыр. Либихтің теориясын баяндай келіп, Каутский сол *сағатында-ақ* қазіргі кездегі агрономия «қолда ұстайтын малдың көңқоқысын мүлде пайдаланбауға да» (S. 50, «Agrarfrage»; жоғарыда келтірілген жерді салыстырыңыз) толық мүмкіндік бар екенін дәлелді деп айтқан, бірақ мұнымен қатар: қаланы тазалау жүйесіне байланысты адам қиын ысырап етуге қарағанда, бұл — *паллиатив* дегенді қоса айтты. Егер істің мәні жөнінде таласу қолдарынан келетін болса, сыншылар, міне, осы пунктті теріске шығарулары тиіс еді,— мұның паллиатив емес екенін көрсетулері керек еді. Бұл туралы олар ойланған да жоқ. Табиғи тыңайткыштардың орнына жасанды тыңайткыштарды қолдану мүмкіндігі және осы алмастыру фактісінің *(ішінара)* болып отырғаны,— қалалар мен фабрикалар маңындағы жерлердің өзендерін көң-қоқыстармен ластап, ауасын бұзып, табиғи тыңайтқыш-

-тарды босқа тастау дұрыс емес екенін титтей де теріске шығара алмайтыны өзінен өзі-ақ түсінікті. Үлкен қалалардың маңында қаланың көң-қоқыстарын пайдаланатын, сөйтіп егіншілікке зор пайда келтіретін суармалы жерлер қазірде де бар,— бірақ мұндай ретпен көң-қоқыстың болмашы ғана бөлегі пайдаланылады. Ең жаңа агрономия бейнебір қаланың деревняны агрономиялық жолмен пайдалану фактісін теріске шығарады деп, сыншы мырзалардың бір жаңалық ретінде оған алға тартатып осы пікіріне қарсы Каутский өз кітабының 211-бетінде жауап бере келіп, былай дейді: жасанды тыңайтқыштар «топырақтың құнарлылығын кемітпеуге мүмкіндік туғызады, бірақ бұл жасанды тыңайтқыштарды бірден-бірге көп қолдану қажеттігі ауыл шаруашылығының толып жатқан ауыртпалықтарының тағы да бірін көрсетеді, бұл ауыртпалықтар *әсте табиғи қажеттілік емес, қайта іс жүзінде болып отырған әлеуметтік қарым-қатынастардан туып отырған нәрсе»* *.

Сыншылардың жанын салып шатастырып отырған мәселесінің барлық «түйіні» біздің осы астын сызып көрсеткеп сөздерде болып отыр. Булгаков мырза тәрізді, пролетариатты әлеуметтік мәселеден гөрі анағұрлым қорқынышты және маңызды мәселемен — «астық мәселесімен» қорқытатын мұндай жазушылар: «халықтың өсуін ретке салу» шаруалар тұрмысының жақсаруының «негізгі (sic!) экономикалық шарты» болып табылады (II, 261-бет) дейді, мұндай ретке салу ісі — «құрметтерлік» іс; сондықтан «нәпсіні тыймаушылық (sic!) өзінен өзі бейне ізгілікті іс болатындай, шаруа халқының өсуі көлгірсіген (!?) моралистердің аса күшті екіжүзділік (тек екіжүзділік қана ма? қайта қазіргі қоғамдық тәртіпке қарсы орынды наразылықты емес пе?) наразылығын туғызады» (сонда) дегенді айтып, бала табуды әдейі тежеушілікке мәз болып қуанатын бұл сықылды жазушылар егіншілік прогресіне бөгет жасайтын *капиталистік* кедергілерді тасада қалдыру үшін, іс-

* Әлбетте, капитализм құлағаннан кейін де,— дейді Каутский онан әрі,— жасанды тыңайтқыштар жойылып кетпейді, бірақ олар топырақтың құнарлылығын қайтадан қалпына келтіру жөнінде *барлық* міндетті атқармай, топырақты ерекше заттармен байытатын болады.

тің бәрін «топырақ құнарлылығының кеми беруінің» табиғи «заңына» апарып жабу үшін, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жоюды «барып тұрған құрғақ қиял» деп қарау үшін табиғи түрде және сөзсіз тырысуға тиіс болады. Бірақ мұндай пікірлерге үн қосу үшін және сонымен қатар марксизмнің сыншыларына «принципшілдігі жоқ, эклектизмге және оппортунизмге бой ұрды» («Русское Богатство», № 11, 246-бет) деп кінә тағуы үшін Чернов мырзалар қандайлық шексіз жеңілтек болуы тиіс?! Сөйтіп отырған Чернов мырза басқаларға: принципшілдігі жоқ, оппортунизмге бой ұрды деп кінә тағады,— мұнан артық кісі күлерлік іс болар ма?

Біздің Ворошиловтың сын саласында істеген басқа да ерлік істері біздің нақ жаңағы талдап өткеніміздей.

Егер Ворошилов капиталистік кредит пен өсімқорлық арасындағы айырмашылықты Каутский түсінбейді деп, ол кәсіпкердің қызметін атқаратын және кәсіпкер ретінде пролетариат жөнінде фабриканттың орнындай орында болатын шаруаны сөз еткенде, Маркске тіпті түсіне алмаған немесе түсінгісі келмеген деп сізді сендіргісі келсе, егер Ворошилов осыны айтқанда кеудесін соғып: «мұны айтуға тайсалмаймын, өйткені табан тіреген жерімнің берік екенін сеземін» (sic!), («Даңқты орында», 169-бет) деп лепірсе — онда сіз бүлк етпеңіз: бұл — Ворошиловтың тағы да әбден былықтырып, тағы да ар-ұятсыз мақтанып отырғаны. Каутский кітабының өсімқорлыққа арналған жерлерін («Agrarfrage», S. 11, 102—104, әсіресе 118, 290—292) ол «аңғармаған», сондықтан, ол өзінің дағдылы әдеті бойынша, Каутскийдің «доктринерлік формализмі», «мінез-құлқының мейірімсіздігі» туралы, «адам баласының жәбір-жапа шегуін ескермей қорлауы» және басқалары туралы айқай салып, ашық тұрған есікке бар күшімен омыраулайды. Ал шаруаның кәсіпкер қызметін атқаруы дегенге келсек, онда бұл таңқаларлықтай даныщпандық, сірә, Ворошиловтың ұғымының шеңберінен асып кететін болуы керек. Дегенмен, келесі очеркте мұны біз оған ең нақты мысалдармен түсіндіріп көрерміз.

Егер Ворошилов өзін «еңбек мүдделерінің» нағыз өкілі етіп көрсеткісі келсе, ал Lumpenproletariat * тәрізді үй қызметшілері, майдагерлер және басқалар сықылды «толып жатқан нағыз жұмысшы адамдарды пролетариаттың қатарынан қуып шығарғаны» (сонда, 167-бет) үшін Каутскийді балағаттаса,— онда Ворошилов былықтырып отыр екен деп біліңіздер. Бұл арада Каутский қазіргі кездегі «социал-демократиялық пролетарлық қозғалысты» («Agrarfrage», S. 306) туғызған «осы кездегі пролетариатты» айырып көрсететін белгілерді талдайды, ал жалаңаяқтар, майдагерлер немесе үй қызметшілері социал-демократиялық қозғалысты туғызғанын Ворошиловтар осы күнге дейін әлі ашқан емес. Ал енді Каутскийді үй қызметшілерін (қазір Германияда қозғалысқа қатыса бастаған), майдагерлерді және басқаларды пролетариаттың қатарынан «қуып шығаруға да» барады деп кінәлау тек Ворошиловтардың түгелдей ар-ұяттан безгенін көрсетеді; «нағыз жұмысшы адамдар» деген сықылды бос сөздердің практикалық маңызы неғұрлым кемірек болса және «Аграрлық мәселенің» Россия цензурасы рұқсат бермеген *екінші бөлімін* балағаттаудың қаупі неғұрлым кемірек болса, Ворошиловтар «нағыз жұмысшы адамдарға» өздерінің дос-жарлығын да соғұрлым ынтамен көрсетіп отырады. Айтқандай, ар-ұятсыздық жөнінде тағы да керемет нәрселер бар: Чернов мырза Н.— он және Каблуков мырзаларды мақтай келіп, оларға қарсы бағытталған маркстік сын туралы жұмған аузын ашпайды, ал сонымен қатар ол өп-өтірік аңқаусынып: өзіміздің орыс «жолдастарымыз» дегенде, неміс социал-демократтары кімдерді айтады? деп сұрайды. Егер «Русское Богатствода» осындай сұраулар қойылады дегенге сенбесеңіздер, 7-номерінің 166-бетін қараңыздар.

Егер Ворошилов прудонизм [83] ықпалының салдарынан Бельгия жұмысшы қозғалысы нәтижесіз болып шығады деген Энгельстің «болжамдары» «іске аспай қалды» деп сендірсе,— онда, былайша айтқанда, өзінің «жауапсыздығына» сенімі кәміл Ворошилов істі тағы

* — люмпенпролетариат, жалаңаяқтар. *Ред.*

да бұрмалап отыр деп біліңіздер. Оның сөздері мынау: «Бельгияның ешқашан да ортодоксалдық-маркстік болмағаны тегін емес, ал осынысы үшін оған ырза болмаған Энгельстің: «прудонистік принциптердің» салдарынан Бельгия қозғалысы «von nichts durch nichts zu nichts» * кетіп барады деп алдан болжап айтқан сөзі тегін емес. Әттегене-ай! оның болжамдары іске аспай қалды, ал Бельгия қозғалысының кең өріс алуы және жан-жақтылығы қазіргі уақытта ол қозғалысты үлгілі қозғалыс етіп шығарды, бұл үлгіден толып жатқан «дініне берік» елдер көп нәрсені үйреніп отыр» («Русское Богатство», № 10, 234-бет). Мәселе былай еді: 1872 (жетпіс екінші!) жылы Энгельс «Volksstaat» [84] деген социал-демократиялық газетте неміс прудонисі Мюльбергермен айтысқанда, прудонизмнің маңызын асыра бағалаушылыққа қарсы шыға келіп, былай деп жазған: «Жұмысшы қозғалысы тікелей прудонистік «принциптердің» ықпалында болып отырған жалғыз ғана ел — Бельгия, міне, дәл сондықтан да Бельгиядағы жұмысшы қозғалысы, Гегельдің сөзімен айтқанда, «жоқтан жоқ арқылы жоққа қарай»» ** кетіп барады.

Сонымен, Энгельс бір нәрсені бейне бір «болжады» немесе «болжап» айтты деу — *түп-тура өтірік*. Ол тек *болған нәрсе туралы* ғана, яғни 1872 жылы болған нәрсе туралы ғана айтты. Ал *ол кезде*, нақ прудонизмнің үстемдік жүргізуі себепті Бельгия қозғалысының бір орында табандап қалғаны, ол қозғалыстың көсемдері коллективизмге қарсы шыққаны және пролетариаттың саяси істерінің өз алдына дербес жүргізілуіне қарсы болғаны даусыз тарихи факт. «Бельгияның социалистік партиясы» тек 1879 жылы ғана құрылды және жалпыға бірдей сайлау правосы үшін үгіт жүргізу тек сол уақыттан басталды; бұл үгіт жүргізу жұмысы марксизмнің прудонизмді жеңгенін (дербес таптық партияға ұйымдасқан пролетариаттың саяси күресін мойындау)

---

* — «жоқтан жоқ арқылы жоққа қарай». *Ред.*

** «Zur Wohnungsfrage», деген кітапшаны қараңыз, Zürich, 1887 («Тұрғын үй мәселесі жөнінде», Цюрих, 1887. *Ред.*), бұл кітапшада Энгельстің 1872 жылы Мюльбергерге қарсы жазған мақаласы қайта басылған және оның 1887 жылғы 10 январьдағы кіріспесі басылған. Цитатқа алынып отырған сөздер 56-бетте [85].

және қозғалыстың аса үздік табыстарының басталғанын көрсетті. «Бельгия жұмысшы партиясының» қазіргі программасы (маңызы шамалы жекелеген пункттер туралы айтпағанда) марксизмнің негізгі идеяларының *бәрін* қабылдап отыр. Сөйтіп, міне, 1887 жылы тұрғын үй мәселесі жөніндегі өз мақалаларының екінші басылуына арнап жазған алғы сөзінде Энгельс: «халықаралық жұмысшы қозғалысының соңғы 14 жылдың ішіндегі орасан зор прогресін» ерекше атап көрсетеді. Бұл прогресс — дейді ол — *ол кезде* үстемдік еткен, ал *қазір* мүлдем дерлік ұмыт болған прудонизмнің ығыстырылып шығарылуымен тығыз байланысты. «Бельгияда,— деп ескертеді Энгельс,— фламандықтар валлондарды қозғалысқа басшылық етуден ығыстырып шығарды, прудонизмді тайдырды (abgesetzt) және қозғалысты мықтап көтерді» (сол кітапшаның 4-беті, алғы сөз) [86]. «Русское Богатствода» істің мәнісі қалай дұрыс көрсетілген, рас емес пе?

Егер Ворошилов... бірақ жетер енді! Өлік сияқты көріп, «ортодоксалдық» марксизмге ай сайын өтірік айта алатын жария журналға,— біз, әлбетте, ілесе алмаспыз.

V

«ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ҰСАҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ГҮЛДЕНУІ». БАДЕННІҢ МЫСАЛЫ*

Булгаков мырза «Начало» журналында (№ 1, 7 және 13-беттер) — тәптіштеу, тәптіштеу! — деп ұран салған болатын, ал «сыншылардың» бәрі бұл ұранды жүз-деген рет және сан алуан саққа жүгіртіп қайталап жүр.

Жақсы, мырзалар, тәптіштеп қарауға кірісіп көрелік.

* V—IX таралулары «Образование» журналында автордың төмендегідей ескертуімен басылған: «Ұсынылып отырған очерктер 1901 жылы жазылды. Бірінші бөлімі өткен жылы Одессада кітапша болып шықты («Буревестник» баспасында). Екінші бөлімі баспадан алғаш рет шығып отыр. Әрбір очерк азды-көпті бүтін бір дербес шығарма болып табылады. Бұлардың жалпы тақырыбы — орыс әдебиетіндегі марксизмге қарсы бағытталған сынды талдап шығу». *Ред.*

Сіздер мұндай ұранды Каутскийге қарсы жұмсағанда оларыңыз мүлде мағынасыз болып шықты, өйткені бір-біріне байланысы жоқ сансыз көп уақ-түйек нәрселермен үйіп-төгілген аграрлық мәселені ғылыми зерттеудің басты міндеті нақ қазіргі кездегі бүкіл аграрлық құрылыстың дамуындағы жалпы көріністі көрсету еді. Сіздердің ұраныңыз тек өздеріңіздің ғылыми принципсіздігіңізді ғана, тұтас және жете ойланылған дүние таным атаулының бәрінен оппортунистікке салынып қорқатындығыңызды ғана бүркемелейді. Ал егер сіздер Каутскийдің кітабына ворошиловша қарамаған болсаңыз, онда сіздер кітаптан тәптіштелген мәліметтерді қалай пайдалану керек екені және оларды қалай өңдеу керек екені жөнінде толып жатқан нұсқаулар алған болар едіңіз. Ал мұндай тәптіштелген мәліметтерді сіздердің пайдалана білмейтіндеріңізді біз қазір *нақ өздеріңіздің іріктеп* алған көптеген мысалдарыңызбен дәлелдеп көрсетеміз.

Каутскийге қарсы бағытталған және Ворошилов мырзалардың «Sozialistische (??) Monatshefte» деген журналында (III. Jahrg., 1899, Heft 2) басылған өзінің: «Шаруа варварлары» деген мақаласында Э. Давид соңғы уақытта басылып шыққан шаруалар шаруашылығы туралы *«аса негізді және аса қызғылықты монографиялардың* біріне», атап айтқанда: Мориц Гехттің (Hecht): «Drei Dörfer der badischen Hard» (Lpz. 1895) * деген шығармасына ерекше салтанатпен сілтеме жасайды. Герц мұны іліп ала жөнеледі де, Давидтің ізінше осы «тамаша еңбектің» (S. 68, орысша аудармасында 164-бет) бірнеше цифрларын қайталайды және бұл еңбектің иә түпнұсқасымен, иә Давид келтірген үзіндісімен танысуды «іждағаттап ұсынады» (S. 79, орысша аудармасында 188-бет). Гехттің «қазіргі кездегі алдыңғы қатарлы ұсақ шаруашылықтардың гүлденуінің жарқын көріністерін» (№ 8, 206—209) суреттеуін Каутскийге қарсы қоя отырып, Чернов мырза «Русское Богатствода» Давидтің де, Герцтің де сөздерін қайталап айтуға асықты.

* — «Баден Гардысының үш деревнясы». (Лейпциг, 1895). *Ред.*

Ал енді Гехтке келейік.

Гехт Карлсруэден 4—14 километр жердегі Баденнің үш деревнясын: Гагсфельд, Бланкенлох және Фридрихстальді суреттейді. Учаскелердің көлемі ұсақ бола тұрса да, қожайынға 1—3 гектардан (ha) болса да, шаруалар өте ауқатты және мәдениетті тұрады, егіннен өте жоғары өнім алады дейді. Давид (ал оның ізінше Чернов та) егіннің осы шығымын Германиядағы егіннің орта шығымымен салыстырады да (доппельцентнермен* есептегенде 1 ha-сына: картоптан 150—160 және 87,8-ден, қара бидай мен бидайдан 20—23 және 10—13-тен, шөп 50—60 және 28,6-дан): қалай екен? деп лепіреді. Міне сіздерге «артта қалған ұсақ шаруалар»! дейді. Біріншіден, біз былай деп жауап береміз: бұл арада бірдей жағдайдағы ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтар ешқандай салыстырылмағандықтан мұны Каутскийге қарсы дәлел деп тану күлкі келтіреді. Бұдан да гөрі күлкілі жері: «Русское Богатствоның» 8-номерінің 229-бетінде «Каутскийдің рудиментарлық көзқарасында» (қаланың деревняны агрономиялық жағынан пайдалануы жөнінде) «капитализмнің көлеңке жақтарын тіпті асыра көрсетушілік бар» деп соғатын Чернов мырзаның нақ өзі 209-бетте Каутскийге *қарсы* бір мысал келтіреді; бұл мысал бойынша, әлгі саралап алған деревнялары қала маңында болғандықтан егіншілік прогресіне бөгет жасайтын осы капиталистік кедергі *жойылған* болып шығады. Капитализм салдарынан деревняның адамдары азайып, халықтың қалаларға шоғырлануынан село халқының орасан зор көпшілігі толып жатқан табиғи тыңайтқыштарды жоғалтып отырғанда — қалалар маңындағы азынаулақ шаруалар өз жағдайларынан ерекше тиімділіктер тауып, бұқараның ауыр халге ұшырауының есебінен байып отырады. Осы айтылып отырған деревняларда егіннің аса шығымды болуы таңданарлық нәрсе емес, өйткені олар гарнизоны бар көрші үш қаланың (Карлсруэ, Бруксаль және Дурлах) әскери аттар қорасынан жылына 41 000 маркаға көң және қалалық ассенизация

* Доппельцентнер — *100 кг. Ред.*

мекемелерінен сұйық көң сатып алып отырады (Hecht, S. 65) жасанды тыңайтқыштар тек 7000 маркаға ғана қоса сатып алынады *. Осындай жағдайлардағы ұсақ шаруашылықтарды мысалға келтіріп, ірі шаруашылықтың техникалық артықшылығын теріске шығарушылық тек өзінің дәрменсіздігін көрсеткендік болады. Екіншіден, біз осы мысалдан Давид айтқан және оған ілесе Герц пен Чернов қайталап отырған «нағыз ұсақ шаруаларды», echte und rechte Kleinbauern шындығында қаншалық кездестіріп отырмыз? Бұл арада олар *тек* жер иеленушіліктің мөлшеріне ғана сілтеме жасап, қайта өздерінің тәптіштелген мәліметтерді пайдалана білмейтінін көрсетіп алады. Қала маңындағы шаруалардың бір десятина жері, алыс түкпірде жатқан шаруалардың он десятина жеріне татитындығы, ал қаламен көршілес болғандықтан шаруашылықтың *типі де* мүлде өзгеретіндігі жұрттың бәріне мәлім. Мәселен, астана маңындағы осы деревнялардың ең жері азы және ең байы Фридрихсталь деревнясында, жердің бағасы 9—10 мың маркаға тең, бұл — Бадендегі орта бағадан (1938 марка) *бес есе* артық, *ал* Шығыс Пруссиядағы мойны қашық өңірлердегі жердің бағасынан *жиырма еседей* артық. Демек, өндірістің мөлшері бойынша (шаруашылық мөлшерлерін бірден-бір дәл көрсететін көрсеткіш бойынша) бұлар әсте «ұсақ» шаруалар емес. Ал олардың шаруашылығының *типіне* келсек, онда біз бұл арада,— *ақшалы* шаруашылықтың дамуының тамаша жоғарғы сатыда тұрғанын және, әсіресе, Гехт ерекше атап көрсеткен егіншіліктің *мамандануын* көреміз. Темекі (Фридрихстальда жердің 45%), жоғары сортты картоп (ішінара тұқымға, ішінара Карлсруэдегі «атақ-

---

* Айтқандай, Чернов мырза бұл селолардағы *жер иеленушіліктің мөлшерінде* «оншалықты көзге түсерліктей жіктелу» жоқ деп, «Русское Богатствоның» оқушыларын сендірмек болады. Ал егер оның тәптіштеліп айтылсын деп талап етіп жүргендегісі құр бос сөз болмайтын болса, онда ол, қала маңындағы осы шаруаларға тыңайтқыштың мөлшерінің маңызынан жер мөлшерінің маңызы әлдеқайда аз екендігін ұмытпаған болар еді. Ал бұл жөнінде жіктелу өте айқын көрінеді. Фридрихсталь деревнясының жері өте аз бола тұрса да, оның шаруаларының егіні басқалардың егінінен бітік және оның шаруалары басқалардан гөрі байырақ; ал тыңайтқышқа жұмсалған 48 000 марка шығынның 28 000 маркасы сол деревняның үлесіне тиеді, мұның өзі 258 гектар жерді алғанда 1 гектарына 108 маркадан келеді. Гагсфельдте гектарына тек 30 маркадан (12 000: 397 гектар), ал Бланкенлохта не бары 11 (8000:736 гектар) маркадан ғана жұмсалған.

ты мырзалардың» ішіп-жеуіне — Hecht, 17 — кетіп отырады) егеді, астанаға барып сүт пен май, торай мен шошқа сатып отырады, өздері астықты да, шөпті де сатып алып отырады. Мұнда егіншілік саудалық сипатқа әбден түсіп болған, астана маңындағы шаруа — *ұсақ буржуаның* нағыз өзі болып отыр, сондықтан егер Чернов мырза бөтен бірсулердің сөзіне сүйеніп, өзі айтып отырған тәптіштелген мәліметтермен шын мәнісінде танысқан болса, онда ол өзі үшін ғаламат категория болып көрініп отырған шаруаның «ұсақ буржуазияшылдығын» («Русское Богатствоның» 7-номері, 163-бетін салыстырыңыз) түсінуге, мүмкін, аздап жуықтаған болар еді. Бұл шаруаның кәсіпкер қызметін қалай атқаратынына, оның қалайша кейде жұмысшы, кейде кәсіпкер болып көрінетініне өздерінің түсіне алмайтынып білдірген Герц пен Чернов мырзаның бір тәптіштеп зерттеуге жасаған сілтемесі мейлінше күлкілі нәрсе, бұл зерттеудің авторы тура былай дейді: «XVIII ғасырдың 8—10 гектар жері бар шаруасы шаруа болды», («шаруа *болды*», Чернов мырза!) «әрі қара жұмыс қызметкері болды»; XIX ғасырдың 1—2 гектар жері бар өте ұсақ шаруасы ақыл-ой қызметкері, кәсіпкер, саудагер болып отыр» (Hecht, S. 69, 12-беттегі «село қожайыны *көпес* және *кәсіпкер* болып отыр» дегенмен салыстырыңыз. Курсив Гехттікі). Ал Герц пен Чернов мырза Каутскийді шаруа мен кәсіпкерді араластырып жібергені үшін ворошиловша «балағаттап» отырған жоқ па?

«Кәсіпкерліктің» нағыз айқын белгісі жалдама еңбекті пайдалану болып табылады. Ал Гехттің еңбегіне сүйенген quasi-социалистердің бірде-біреуінің бұл факт туралы жұмған аузын *ашпағаны* — бұларға айрықша тән қасиет. Гехттің өзі — шаруалардың діншілдігіне және жалпы алғанда бұлар жөніндегі ұлы герцогтың басшылардың «әкелік қамқорлығына» шаттанатын, жекелеп алғанда тамақ әзірлеуді үйрететін курстар ашу тәрізді «маңызды» шараларға қуанатын игі ниетті бағыттағы нағыз Kleinbürger * — бұл фактілерді, әрине,

* — ұсақ буржуа. *Ред.*

жасыруға тырысады, байлар мен кедейлердің араларында да, шаруалар мен батырақтардың араларында да, шаруалар мен фабрика жұмысшыларының араларында да ешқандай «әлеуметтік алшақтық» жоқ деп дәлелдеуге тырысады. «Ауыл шаруашылық *күндікшілерінің* сословиесі жоқ,— деп жазады Гехт.— Шаруалардың көпшілігі семьясының жәрдемімен өз учаскелерін өздері өңдей алады; осы үш деревняның тек аз ғана шаруалары егін орудың кезінде немесе астық бастыру үшін басқалардың жұмыс күштеріне ділгер болады; мұндай семьялар белгілі бір еркектерді не әйелдерді (ал бұлар өздерін «күндікшіміз» деп атағысы да келмейді) (31) жергілікті елдің айтуынша, «жәрдемге шақырады» («bitten»). Үш деревнядағы барлық қожайындардың азын-аулағы ғана күндікші жалдайтындар, бұған таңқалуға болмайды, өйткені «қожайындардың» көбісі-ақ фабриканың жұмысшылары болып табылады, мұны қазір көреміз. Ал өзінің үш деревняға ғана (бұл деревнялардың біреуінде Гехттің өзі туған) арналған кандидаттық (немісше докторлық) диссертациясын шаруалардың түрлі топтары жөніндегі дәл статистикалық мәліметтерімен толтыруды емес, қайта іждағаттылық пен ұқыптылықтың асқан зор адамгершілік маңызы туралы пайымдаулармен толтыруды артық көрген Гехт, атап айтқанда, таза егіншілікпен кәсіп ететіндердің қаншасы жалдама еңбекті пайдаланатынын айтпайды. (Бұған қарамастан, ал, мүмкін, әлде нақ осынысы үшін бе, Герц пен Давид Гехттің еңбегін соншалықты дәріптейді). Біз тек мынаны ғана: бірыңғай егіншілікпен кәсіп ететін нағыз бай және Карлсруэден бәрінен де алыс (14 километр жерде) тұратын Фридрихсталь деревнясында күндікшілердің жалақысы бәрінен де төмен екенін білеміз. Фридрихстальда күндікші, тамағы өзінен болғанда, күніне 2 маркадан алады, Гагсфельдте (фабрика жұмысшылары тұратын Карлсруэден 4 километр жерде) — 3 маркадан алады. Сыншыларды соншалықты сүйсіндіріп отырған «нағыз ұсақ шаруалардың гүлдену» шарттарының бірі осындай. «Бұл үш деревнядағы мырзалар мен үй *қызметшілерінің* (Gesinde = үй қызметшісі де, батырақ та) арасында,— дейді бізге

Гехт,— әлі де болса нағыз патриархтық қатынас бар. «Мырза», яғни 3—4 гектар жері бар шаруа батырақ пен батырақ әйелге «сен» деп сөйлеседі, оларды кәдімгідей өз есімдерімен атайды, ал олар шаруаны «ағай» (Vetter) деп, ал шаруа әйелді «апай» (Base) деп атайды және оларға «сіз» деп сойлейді... Батырақтар тамақты үй ішінің адамдарымен бірге ішеді және үй адамдарының бірі тәрізді болып саналады» (S. 93). Бұл ауданда соншалықты кең өріс алған және жұмысшы қолын өте-мөте көбірек тілейтін темекі шаруашылығындағы жалдама еңбектің маңызы туралы «аса байсалды» Гехт түк айтпайды, дегенмен ол жалдама еңбек туралы бірер ауыз болса да сөз айтқандықтан, зерттеуді «тәптіштей» білуі жағынан алғанда, керек десе осы игі ниетті буржуйсымақты да «сыншыл» социализмнің Ворошиловтарынан жоғары қоюға тура келеді.

Үшіншіден. Шаруалар арасындағы жұмыстың орасан ауырлығын және ішіп-жемнің жеткіліксіздік фактісін теріске шығару үшін Гехттің зерттеуіне сілтемелер жасалып келді. Бірақ Гехт *көрсетіп өткен* осы тектес фактілер туралы сыншылардың *түк айтпауды* жөн көргені бұл арада да ашылып отыр. Оларға «орта» шаруа деген ұғым демеу болды; осы ұғым арқылы «шаруаларды» боямалап көрсету орыс халықшылдарының арасында да, Батыс Европаның буржуазияшыл экономистерінің арасында да соншалықты кең тарап отыр. «Жалпы алғанда» осы үш деревняның шаруалары өте ауқатты, бірақ бұл жөнінде үш ірі топты айыра білудің қажет екені тіпті Гехттің сол ең негізсіз монографиясының өзінен де айқын көрініп тұр. Қожайындардың төрттің біріндейі (немесе 30%, көпшілігі Фридрихстальдікі, біразы Бланкенлохтікі) — астананың жақындығының арқасында байыған ауқатты ұсақ буржуалар; бұлар мол кіріс беретін сүт шаруашылығын (күніне 10—20 литр сүт сатады) және темекі шаруашылығын (бір мысал: темекі еккен 1,05 гектар жердің жалпы түсімі 1825 марка) жүргізеді, сату үшін шошқа семіртеді (Фридрихстальдағы 1140 тұрғынның 497, Бланкенлохтағы 1684 тұрғынның 445, Гагсфельдтегі 1273 тұрғынның 220-сы шошқа ұстайды) және басқа сондай кәсіп істей-

ді. Бұл азшылықтың арасында (шындығында, сыншыларды таң-тамаша қалдырып отырған «гүлдену» белгілері түгелімен тек осы азшылыққа ғана қатысты нәрсе) жалдама еңбекпен пайдаланушылықтың едәуір жиі кездесетіні даусыз. Бланкенлохтағы қожайындардың көпшілігі кіретін келесі бір топтың тұрмыс күйі онан едәуір төмен; тыңайтқыштар аз қолданылады, егіннің шығымы бітік емес, малдары аз (Фридрихстальдың барлық малы, ірі қараға айналдырып есептегенде, 258-ha-ға келетіні 599 бас, Бланкенлохта 736 ha-ға — 842 бас, Гагсфельдте — 397 ha-ға — 324 бас мал), үйлерінде «таза бөлмелері» сирек, етті анда-санда бір көреді, көп семьяларда мынадай жағдайлар (бізге, орыстарға, өте таныс жағдайлар) байқалады: олар ақшаға мұқтаж болғандықтан астығын күздігүні сатып жіберіп, жазғытұры қайтадан астық сатып алады *. Бұл топтар үнемі *егіншіліктен өнеркәсіпке қарай* ауып отырады, сөйтіп қазірдің өзінде Бланкенлохтың 103 шаруасы фабрика жұмысшылары есебінде Карлсруэде жұмыс істейді. Бұл жұмысшылар Гагсфельдтің бүкіл халқымен дерлік бірге үшінші топты құрайды (барлық үйлер санының 40—50 проценті). Мұнда егіншілік осы күннің өзінде-ақ қосалқы кәсіп болып отыр, ал егіншілік жұмысымен айналысатындардың көбі әйелдер. Тұрмыс дәрежесі Бланкенлохқа қарағанда жоғары бола тұрса да (астана ықпалының арқасында), мұқтаждықтың әсері соның өзінде күшті біліну тұрады. Сүт сатады, ал өздері кейде «неғұрлым арзан маргарин» (24) сатып алады. Ешкілерінің саны тез өсіп отыр: 1855 жылы 9 ешкі болса, 1893 жылы 93 болған. «Бұл өсуді,—деп жазады Гехт,— нағыз шаруалар шаруашылықтарының жойылуынан және шаруалар сословиесінің күшті парцеллалық жер иелігі бар фабрикалық село жұмысшыларының сосло-

* Сөз арасында айта кетейік; Гехт Бланкенлохтың шаруашылық жөнінен артта қалуын натуралдық шаруашылықтың басым болуынан және *қауымның болуынан* деп түсіндіреді, осы қауымның сақталуының арқасында, 32 жасқа толғандардың әрқайсысы,— «ол жалқау болсын немесе іждағатты болсын, жинақы болсын немесе болмасын» — сүйем жермен (36 ар — Almendgut) қамтамасыз етіледі (S. 30). Бірақ дегенмен, Гехт қауымдық жерді бөлуге қарсы; бұл фабриканың қартайған жұмысшыларына қоғам арқылы нәпақа тауып (Altersversorgung) беру ісін ұйымдастырудың өзінше бір мекемесі, мұндай жұмысшылардың саны Бланкенлохта өсіп келеді цейді.

внесіне айналуынан (Auflösung) ғана деп түсіндіруге болады» (27). Жақша ішінде айта кетелік, бүкіл Германияда да ешкінің саны 1882 жылдан 1895 жылға дейін өте зор мөлшерде: 2,4 миллионнан 3,1 миллионға дейін өсті, мұның өзі Булгаков және ұсақ буржуазияшыл социалист-«сыншы» мырзалар соншалықты дәріптеп жүрген «мықты шаруалар» прогресінің екінші жағын айқын көрсетеді. Жұмысшылардың көпшілігі темір жол билетіне аптасына бір марканың өзін (48 тиын) жұмсауды шығынсынып, $3^1/_2$ километр жердегі қаладағы фабрикаға жаяу барады. Гагсфельдтік 300 жұмысшының 150-і «халықтық асханадан» 40—50 пфеннигке тамақ алып ішуді де қымбатсынып, асты үйлерінен алдырып ішеді. «Бишара әйелдер,— дейді Гехт,— нақ сағат 11-де түскі тамақты ыдыстарына салып, фабрикаға алып келеді» (79). Ал жұмысшы әйелдерге келсек, олар да фабрикада 10 сағаттан жұмыс істейді, бұл еңбегі үшін не бары 1,10—1,50 маркадан (ерлер — 2,50—2,70 маркадан) ақы алады, ал істеген бұйымының санына қарай есептеп алғанда 1,70—2 маркадан алады. «Кейбір жұмысшы әйелдер өзінің болмашы жалақысын өсіру үшін қосымша жұмыс алуға тырысады; Бланкенлохтағы 4 қыз Карлсруэнің қағаз фабрикасында жұмыс істейді, ал кешке үйінде отырып қағаздан воронка жасау үшін үйіне қағаз алып қайтады; кешкі сағат 8-ден 11-ге дейін (sic!) 300 қапқа дейін істеп шығарады, бұл үшін 45—50 пфенниг ақша алады — мұнысы поезға мінетін шығынып өтейтін күндізгі азғантай табысына қосымша табыс болады. Гагсфельдте қыз күнінен бері фабрикаларда істеп келе жатқан кейбір әйелдер қыстың күндері кешкісін күміс товарларды жылтыратып, азып-аулақ қосымша табыс табады» (36). «Гагсфельд жұмысшысы,— деп сүйсінеді Гехт,— империяның заңы бойынша емес, қайта өздерінің жігерлілігі арқасында отырықшы болды, кіші-гірім үйі бар, оған басқаның ортағы жоқ, алақандай жері бар; бірақ өзінің шын иелігіндегі мүлкінен гөрі анағұрлым маңыздысы — осының бәрін өзінің іждағаттылығы арқасында тауып отырғанын түсіну сезімі. Гагсфельд жұмысшысы —

бір мезгілдің өзінде әрі фабрика жұмысшысы, әрі шаруа. Жері жоқтар, өзінің *бос уақыттарын пайдаланып,* табысын көбейту үшін, бірнеше парцелла жерді болса да арендаға алады. Егер жаздыгүні фабриканың жұмысы «тек» («тек»!) сағат 7-де басталатын болса, жұмысшы өз жерінде картобының түбін көму үшін немесе малына шөп әкелу үшін сағат 4-те тұрады. Немесе, егер кешке жұмысшы үйіне сағат 7-де қайтса, әсіресе жаздыгүні ол не істеуі керек? Әне, ол сөйтіп тағы да бір сағат, сағат жарым өз жерінде жұмыс істейді: оған жерден көп рента алудың керегі жоқ қой,— ол тек өзінің жұмыс күшін толық (sic!) пайдаланғысы келеді»... Гехт осы тәрізді тағы да толып жатқан жылымшы сөздерді айтады да, өзінің кітабын мынадай сөздермен аяқтайды: «Өте ұсақ шаруа мен фабрика жұмысшысы — екеуі де (sic!) орта сословиеге дейін көтерілді және мұның өзі қолдан жасалған, күштеу шаралары арқылы емес, өзінің іждағаттылығының, өзінің жігерінің арқасында, өз бойында жоғары адамгершілікті қалыптастыру арқасында болды» *.

«Баден Гардының үш деревнясы *қазір бір ұлы, кең орта сословие»* болып отыр (курсив Гехттікі).

Гехттің осылай деп жазуы таңданарлық нәрсе емес, өйткені ол — нағыз барып тұрған буржуазияның сойылын соғушы. Бірақ басқалардың басын қатырып, өздерін социалистерміз деп атап жүрген, шындықты Гехттердің қандайынан болса да неғұрлым әсірелей боямалап, буржуазиялық азшылықтың гүлденуін жалпы прогресс деп түсіндіріп жүрген, «егіншіліктің индустриямен қосылуы» деген тозығы жеткен құбыжық сөздер арқылы көпшіліктің пролетарлануын бүркемелеп жүрген адамдарды қалай деп атауға болады?

---

* Гехт бұл «жоғары адамгершілік» туралы аузы көпіргенше қайта-қайта айта береді, «байсалды неке саясатына», «шыдамды іждағаттылыққа», «ұқыптылыққа» және «қанағатшылдыққа» Булгаков мырзадан кем таң-тамаша қалмайды, тіпті «шаруалардың белгілі мақалын» да келтіреді: «Man sieht nicht auf die Goschen (d. h. Mund), sondern auf die Groschen» — орысша еркін аударғанда «ауызға салғаннан да, қалтаға салғанды жөн кереміз». Бұл мақалды Киев профессоры Булгаков мырзаның — шаруалар шаруашылығы (рентаға да, пайдаға да мұқтаж емес шаруашылық) — «егіншілікті ұйымдастыру ісінің қоғамға (sic!) ең қолайлысы» (Булгаков, I, 154) болып табылады деген «ілімімен» оқушының салыстыруын сұраймыз.

VI

ҰСАҚ ЖӘНЕ ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ. ШЫҒЫС ПРУССИЯДАН АЛЫНҒАН МЫСАЛ

Мысалдарымыз әр алуан болу үшін, алыстағы оңтүстік Германиядан Россияға жақын жатқан Шығыс Пруссияға көшейік. Біз бұл арада өте тағлым аларлық бір *тәптіштеліп* жасалған зерттеуді кездестіреміз; тәптіштей түсуді талап ететін Булгаков мырза бұл зерттеуді мүлде пайдалана білмеді. «Ірі және ұсақ шаруашылықтардың шын мәніндегі өнімділігі туралы мәліметтерді салыстыру,— деп жазады Булгаков мырза,— олардың техникалық артықшылығы туралы мәселені шеше алмайды, өйткені салыстырылатын шаруашылықтар әр қилы экономикалық жағдайларда болуы мүмкін. Мұндай мәліметтердің ең көп дегенде, білдіретіні — теория жүзінде ғана емес, белгілі бір жағдайларға орай өмір шындығында да ұсақ өндіріске қарағанда ірі өндірістің техника жөнінен артықшылығы жоқ деген теріс қорытындыны іс жүзінде растайды. Мұндай салыстырулар экономикалық әдебиетте аз болған жоқ, қалай дегенмен, алдын ала соқыр сенімдерге берілмеген және одан ада оқушылардың жалпы ірі өндірістің артықшылығы жөніндегі сенімін жою үшін мұндай салыстырулар жеткілікті болды» (I, 57—58). Және ескертуде екі мысал келтіріледі. Біріншісі — Ганновердегі 4,6 және 26,5 һа жері бар не бары екі шаруашылықты салыстырған Аугагеннің нақ сол еңбегі,— бұл еңбектен «Agrarfrage»-сінде (S. 111) Каутский де және Герц те (S. 69, орысша аудармасында 166) цитат алған болатын. Бұл ретте ұсақ шаруашылық егіннен неғұрлым мол өнім алатынын көрсетеді, сөйтіп Аугаген ірі шаруашылыққа қарағанда ұсақ шаруашылықтың кірісін жоғары деп көрсеткен, бірақ Каутский бұл жоғары кіріс *тұтынудың кемдігінен* болады деп көрсеткен болатын. Герц мұны теріске шығаруға тырысты, бірақ мұндағы оның тапқаны өзінің бұрынғы әдеттегісінше болды, ал Герц қазір орыс тіліне аударылғандықтан және Каутскийдің Герцке берген жауабы Россияда белгісіз болғандықтан,

біз осы жауаптың (жоғарыда цитатқа алынған, «Neue Zeit»-те басылған мақаладағы) мазмұнын екі ауыз сөзбен айтып өтеміз. Герц, өз дағдысы бойынша, Каутский ірі қожайынның гимназияда оқитын ер баласына жұмсайтын шығынын ғана көрсетеді-міс деп Каутскийдің дәлелін бұрмалаған. Ал шынында Каутский осы мысалымен тек тұрмыс дәрежесін көрсетіп берген еді, ал егер Герц салыстырылып отырған семьялардың (екеуінде де 5 жаннан) *барлық бюджетін* келтірген болса, онда мынадай цифрларды шығарған болар еді: ұсақ шаруашылықтың бюджеті — 1158,40 марка, ірі шаруашылықтікі — 2739,25 марка. Ұсақ шаруашылықтың тұрмыс дәрежесі ірі шаруашылықтың тұрмыс дәрежесімен *бірдей* болса, ұсақ шаруашылықтың табысы *кем* болып шығар еді; Аугагеннің есебі бойынша, ұсақ шаруашылықтың кірісі = 1806 марка, яғни капиталдың (33 651 марка) 5,45 проценті; ал ірі шаруашылықтың кірісі — 2720 марка — капиталдың (149 559 марка) — 1,82 проценті. Ұсақ шаруашылықтың тұтынуының кемдігінен жұмсалмай қалғанын шегерсеңіз, оның кірісі *258 марка — 0,80%* болады! Және де мұның өзі сіңірілген еңбек санының пропорционалды еместігі өте үлкен болып тұрған кезде осылай болып отыр: ұсақ шаруашылықта 3 қызметкерге 4,6 гектар, яғни 1 қызметкерге 1,5 гектардан, ірі шаруашылықта — 11 қызметкерге (салыстырыңыз: Герц, S. 75, орысша аудармасы, 179) 26,5 г., яғни 1 қызметкерге 2,4 гектардан. Социалист Герц осы заманғы шаруа балаларының еңбегін Руфьтің [87] масақ жинауымен салыстырады деген жағдайды Каутскийдің өте орынды келеке ететіні туралы біз айтып та отырғанымыз жоқ! Ал Булгаков мырзаға келсек, ол егіннің шығымдылығы туралы мәліметтерді хабарлаумен ғана шектеліп, ұсақ және ірі қожайындардың тұрмыс дәрежесі туралы *ләм деген де жоқ*.

«Басқа бір мысалды,— дейді біздің тәптіштеуді жақтаушымыз,— біз *Karl Klawki*-дің ең жаңа зерттеуінен кездестіреміз. «Ueber Konkurrenzfähigkeit des landwirtschaftlichen Kleinbetriebs» («Thiel's Landwirt-

schaftliche Jahrbücher», 1899, Heft 3—4) *. Оның салыстыруы Шығыс Пруссияға қатысты. Автор ірі, орта және ұсақ мөлшерлі шаруашылықтардың әрқайсысынан 4 шаруашылықтан алып салыстырады. Оның салыстыруының өзгешелігі: біріншіден, кіріс пен шығысты ақшаға шағып көрсеткен, ал содан кейін автор жұмыс күші сатып алынбайтын ұсақ шаруашылықтағы жұмыс күшінің құнын ақшаға айналдырып, оны шығысқа есептейді; біздің көздеген мақсатымызға мұндай әдіс дұрыс бола қояр ма екен» (sic! Klawki ұсақ шаруашылықтың еңбегін күні бұрын арзан бағалаған, *барлық* шаруашылықтардағы еңбектің құнын ақшаға айналдыратынын қоса айтуды Булгаков мырза ұмытып кеткен!); «солай бола тұрса да, біз мынаны көріп отырмыз...» Мұнан кейін кесте келтірілген, бұдан біз енді тек қорытындысын ғана келтіреміз: ірі шаруашылықтағы 1 морген (=$^1/_4$ гектар) жерден түсетін таза пайда орта есеппен — 10 марка, орта шаруашылықта — 18, ұсақ шаруашылықта — 12 марка. «Бұл арада,— деп Булгаков мырза мұнан мынадай қорытынды жасайды,— ең кірісі көбі орта шаруашылық, опан кейін ұсақ шаруашылық, ал сонан соң ірі шаруашылық, сөйтіп ірі шаруашылық бәрінен де кейін қалып отыр».

Ірі шаруашылық пен ұсақ шаруашылықты салыстыру туралы Булгаков мырзаның айтқанының бәрін біз әдейі *түгел* келтіріп отырмыз. Енді бәрі де бірдей жағдайда тұрған, бір типтес 12 шаруашылықты бүтін 120 беттің өн бойында баяндап шыққан Klawki-дің қызықты еңбегі нені дәлелдейтінін қарап шығалық. Ең әуелі шаруашылықтар туралы жалпы мәліметтерді келтіреміз, соның өзінде көп орын алдырмау үшін және қорытындыларды айқындап көрсету үшін ірі, орта, ұсақ шаруашылықтар туралы *орта* мәліметтерді (орта мөлшер = 358; 50 және 5 гектар) келтірумен шектелеміз. [180-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Булгаков мырзаның қорытындыларының *бәрін* Klawki-дің еңбегі түгелінен растайтын тәрізді: шаруашы-

* *Карл Клавки:* «Ауыл шаруашылығындағы ұсақ өндірістің бәсекеге қабілеттілігі туралы» («Тильдің ауыл шаруашылығы жөніндегі Әржылдығында», 1899, 3—4-кітап). *Ред*

Шаруашылықтар	1 морген (1/4 гектар) жерге келетіні, марка есебімен:												Өнімге жұмсалған шығын, бағасы 100 марка есебімен*		100 морген жерге	
	Барлық кірісі			Сатылған өнімдерден түсетін кірісі			Өз шаруашылығына тұтынған өнімдері			Барлығы			Марка			
	Егіншіліктен	Мал шаруашылығынан	Барлығы	Егіншіліктен	Мал шаруашылығынан	Барлығы	Егіншіліктен	Мал шаруашылығынан	Барлығы	Кірісі	Шығысы	Таза пайдасы	a	b	Жалдама жұмыс күндері	Барлық жұмыс күндері
Ірі	17	16	33	11	14	25	6	2	8	33	23	10	65	70	887	887
Орта	18	27	45	12	17	29	6	10	16	45	27	18	35	60	744	924
Ұсақ	23	41	64	9	27	36	14	14	28	64	52	12	8	80	—	—

лықтың мөлшері кішірейген сайын жалпы кіріс те көбейіп отырады, тіпті бір морген жердің есебінен алынып сатылған өнімнен түсетін кіріс те көбейіп отырады! Біз былай деп ойлаймыз: Klawki қолданып отырған тәсілдер бойынша,— ал бұл тәсілдер өте көп таралған және өзінің негізгі белгілері жағынан алып қарағанда буржуазияшыл және ұсақ буржуазияшыл экономистердің бәріне ортақ,— барлық реттерде немесе барлық реттерде дерлік ұсақ егіншілік артық болып шығады. Сондықтан Ворошиловтар мүлде аңғармай кеткен *мәселенің барлық түйіні осы тәсілдерді талдауда* болып отыр, міне, сол себепті де Klawki-дің ішінара жасаған зерттеуі аса зор дәрежеде жалпы назар аударуға тұрарлық болып отыр.

Егіннің шығымынан бастайық. Дәнді дақылдардың басым көпшілігінің шығымдылығы, ірі шаруашылықтан ұсақ шаруашылыққа қарай дәйекті және тіпті едәуір *кеми* беретін көрінеді. Егіннің түсімі (центнер есебімен моргеннен түсетін өнім) мынадай болған: бидай: 8,7—7,3—6,4; қара бидай: 9,9—8,7—7,7; арпа:

* a=егер қожайын мен оның семьясының жұмыс күшінің құнын ақшаға айналдырып есептемесек; b=егер ақшаға айналдырып есептесек.

9,4—7,1—6,5; сұлы: 8,5—8,7—8,0; бұршақ: 8,0—7,7—9,2; * картоп: 63—55—42; мал азығындық қызылша: 190—156—117. Тек ірі шаруашылықтар мүлдем екпейтін зығыр егісінен ғана ұсақ шаруашылықтар (4-тің 3-і) өнімді орта шаруашылықтан (4-тің 2-і) артық алады, атап айтқанда, зығырдан орта шаруашылықтар 5,5 «Stein» (=18$^{1}/_{2}$ қадақ) өнім алса, ұсақ шаруашылықтар 6,2 «Stein» өнім алады.

Ірі шаруашылықтарда егін шығымының неғұрлым жоғары болуы неге байланысты? Klawki мынадай төрт себепке шешуші маңыз береді: 1) ұсақ қожайындарда дренаж [88] деген жоқтың қасы, бола қалған күнде де құбырларды қожайындар өздері қондырады және жақсы қондыра алмайды; 2) ұсақ қожайындар жерді жеткілікті түрде терең жырта алмайды — аттары әлсіз; 3) ұсақ қожайындарда ірі қара малдың азығы көбінесе жеткіліксіз болады; 4) ұсақ қожайындарда малдың көңі нашар: олардың егіндерінің сабаны қысқа болады, сабанның көбі малдың азығына пайдаланылады (демек, тағы да, мал азығының сапасы нашарлайды), сөйтіп малдың астына төсеуге сабан аз жұмсалады.

Сонымен, ұсақ қожайындардың малдары әлсіз, сапасы кем, күтімі нашар болады. Бұл жағдай бізге мынадай бір таңқаларлық және көзге алдымен түсетін құбылыстың: ірі шаруашылықтардың егіні неғұрлым шығымды бола тұрса да, Klawki-дің есебі бойынша, олардың 1 морген жерден алатын егіншілік кірісінің орта және ұсақ шаруашылықтағыдан кем болуының мәнісін ашып береді. Мұның мәнісі *мал азығын* Klawki-дің кіріске де, шығысқа да кіргізбей, есептен *шығарып тастауында* болып отыр. Сонымен, шындығында ірі шаруашылықтар мен ұсақ шаруашылықтар арасында туатын, ұсақ шаруашылықтардың пайдасына шықпайтын елеулі айырмашылық жасанды әрі жалған түрде теңестіріліп отыр. Мұндай әдіспен есептегенде ірі шаруашылық кірісінің кем болатын *себебі* — ол ауыл шаруашылық жерінің көбіне мал азығын егеді (жерінің көлеміне қарай есептегенде, оның ұстайтын малы ұсақ шаруашы-

* 4 шаруашылықтың тек екеуінде ғана егіледі; ірі және орта шаруашылықтарда 4 шаруашылықтың 3-інде бұршақ егіледі.

лықтағыдан әлдеқайда аз бола тұрса да), ал ұсақ шаруашылық малын асырау үшін сабанмен-ақ «амалдай береді». Демек, ұсақ егіншіліктің «артықшылығы» оның жерді де (тыңайтқышы нашар), *малды да* (асырауы нашар) *өте жаман пайдалануында* болып отыр. Әр түрлі шаруашылықтардың кірісті аз не көп беретінін осылайша салыстырудың ешқандай ғылыми маңызы жоқ екендігі өзінен өзі түсінікті *.

Сонсын, ірі шаруашылықтарда егіннің жоғары шығымдылығының тағы да бір себебі: олар жерді мергелмен [89] тыңайтуды жиі қолданады (бәлкім, үнемі қолданады десе де болар), жасанды тыңайтқыштарды (1 морген жердің шығыны: 0,81 марка — 0,38—0,43) және Kraftfuttermittel-ді ** (ірі шаруашылықтарда — бір морген жерге 2 марка, басқаларда — ноль) көп қолданады. Шаруалардың орта шаруашылықтарын да ірі шаруашылықтың санына қосатын Klawki былай дейді: «Біздің шаруалар шаруашылықтары Kraftfuttermittel-ге ешбір шығын шығармайды. Олар прогреске ұмтыла қоймайды, әсіресе таза ақшалай шығын шығаруға сараң келеді» (461). Ірі шаруашылықтар егіншілік жүйесі жөнінде де жоғары тұрады: тұқым ауыстырып, егін егудің жақсартылған түрі барлық 4 ірі шаруашылықта, 3 орта шаруашылықта (1-де — ескі үш танапты егіс) және тек бір ұсақ шаруашылықта ғана (3-інде — үш танапты егіс) қолданылып отырғанын көреміз. Ақырында, ірі шаруашылықтардың машиналары да әлдеқайда көп. Рас, Klawki-дің өзі де машинаның ерекше үлкен маңызы жоқ деген пікірде. Бірақ біз оның «пікіріне» қанағаттанбаймыз, мәліметтерді іріктеп алып қараймыз. Мына сегіз түрлі машиналар: бу молотилкалары, ат молотилкалары, дән тазартқыш машиналар,

* Ұсақ және ірі шаруашылықтардағы көрінеу көзге тең емес нәрселерді осылай жалған түрде теңеп көрсетушілік жекелеген монографияларда ғана емес, осы кездегі аграрлық статистиканың көп қолданылатын мәліметтерінде де бар. Француздың да, немістің де статистикасы қандай шаруашылықтар болсын, бәрінде де әрбір малдың тірідей «орта» салмағын, «орта» бағасын алып, соған сүйенеді. Неміс статистикасы қожайындардың тіпті түрліше топтарындағы (жер көлеміне қарай) барлық малдың жалпы құнын да осы әдіс бойынша белгілейді алайда, соның өзінде түрліше топтарға жататын шаруашылықтарда әр малдың бағасы бірдей болады деп үйғару «шындыққа сай келмейді» (S. 35) — деп ескертіп қояды.

** — құнарлы мал азығы. *Ред.*

триерлер, қатарлы сеялкалар, кең шашатын машиналар, ат тырмалары және жер тегістейтін малалар [90]— сөз болып отырған шаруашылықтар арасында мына түрде бөлінеді: 4 ірі шаруашылықта — 29 (оның ішінде бу молотилка 1), 4 орта шаруашылықта — 11 (бір де бу машина жоқ), 4 ұсақ шаруашылықта — 1 машина (ат молотилкасы). Әрине, шаруалар шаруашылығын дәріптеушілердің ешқайсысының ешқандай «пікірі» бізді: дән тазартқыш машиналар, қатарлы сеялкалар, малалар және басқалар егіннің шығымына әсер ете алмайды деп ойлауға көндіре алмайды. Айтқандай, біз бұл арада, өзінікі бола ма, басқанікі бола ма, бәрібір, машина пайдаланған реттерді ғана тіркеп отыратын герман статистикасының көп қолданылып жүрген мәліметтеріндей емес, белгілі бір қожайындардың меншігіндегі машиналардың саны туралы мәліметтерді кездестіріп отырмыз. Әрине, мұндай есептеу де ірі шаруашылықтың саны басым екенін кемітіп көрсетеді және машиналарды «бір-бірімен өзара ауысып отырудың» Klawki айтқан мынадай формаларын бүркемелейді: «Егер ұсақ қожайын ірі қожайыннан пайдалануға құрал-саймандар алғаны үшін оған жұмыстың қызу кезінде орақшы тауып беруге уәде ететін болса, онда ірі қожайын ұсақ қожайынға қарыз ретінде маласын, ат тырмасын және дән тазартқыш машинасын ынтамен береді» (443). Демек, ұсақ шаруашылықта машина қолдану реттерінің — жоғарыда айтқанымыздай, онсыз да өте сирек қолданылатын реттерінің — бірсыпырасы жұмыс күшін тауып алудың басқа бір түрі болып табылады.

Ілгері барайық. Көрінеу тең емес мөлшерлерді жалған түрде теңестірудің тағы да бірі барлық топтардағы шаруашылықтардың өнімінің сатылу бағасын Klawkiдің бірдей деп есептеу тәсілі болып табылады. Автор заттың сатылғандағы шын бағасын негізге алудың орнына, өзінің есебін дәлелдеу үшін құр ұйғарындыны негізге алады, бұл ұйғарындысының дұрыс емес екенін оның өзі де көрсетеді. Шаруалар астығының көбін жергілікті жердің өзінде сатады, ал кішкене қалалардағы саудагерлер нарықты мықтап төмендетіп жібереді.

«Бұл жөнінде ірі имениелер тиімді жағдайда болады, өйткені олар провинцияның басты қаласына астықты бірден көп-көптен жөнелте алады. Бұл ретте олар кішкене қалаларда сатқандағыдан, дағдыда астықтың әрбір центнерін 20—30 пфенниг қымбатқа сатады» (373). Ірі қожайындар өздерінің астықтарын жақсы бағалай біледі (451), сондықтан астығын, зиянына сататын шаруалар тәрізді өлшеуішпен сатпай, таразымен өлшеп сатады. Нақ осы сияқты ірі қожайындар малды да таразымен өлшеп сатады, ал шаруалардан малды сырт көрінісіне қарап, көзбен шамалап сатып алады. Ірі қожайындардың сүт өнімдерін сатуы да жақсырақ жолға қойылған, өйткені олар сүтін қалаға жөнелте алады және сүтін орта қожайындардан гөрі қымбатқа сата алады, ал орта қожайындар сүттерінен май шайқап, оны саудагерлерге сатады. Сонымен қатар ұсақ қожайындарға қарағанда орта қожайындардың майы да жақсы (сепараторларды пайдалану, майды күн сайын шайқау және т. б.) болады, ұсақ қожайындар майының қадағына 5—10 пфенниг кем төленеді. Сату үшін бордақылаған малын ұсақ қожайындар орта қожайындарға қарағанда бұрынырақ сатуға (жетіліп болмаған кезінде) тиіс болады, өйткені олардың мал азығы жетіспейді (444). Рынокқа өнім сататын ірі шаруашылықтың осы айтылған артықшылықтарының бәрін — жалпы алғанда өте-мөте маңызды артықшылықтарының бәрін — Klawki өзінің монографиясында есептен шығарып тастайды; теоретиктердің ішіндегі ұсақ шаруашылықты дәріптеушілер кооперация арқылы іске жәрдемдесу *мүмкіншілігін* сөз етіп, бұл *фактіні* есептен қалай шығарып тастаса, Klawki де соны істеп отыр. Біз капитализм болмысын мещандық-кооперативтік жұмақтың мүмкіншіліктерімен шатастырғымыз келмейді: біз төменде шынында кооперациядан ең көп пайда келтіретіндер кімдер екендігі туралы *фактілер* келтіреміз.

Klawki-дің ұсақ және орта шаруашылықтардағы қожайындардың өздерінің сулы жерді құрғату, түрліше жөндеу жасау («шаруалардың өздері жұмыс істейді») және т. б. жөніндегі еңбегін «есепке алмай» отырғанын көрсетіп өтейік. Ұсақ қожайынның бұл «артықшылы-

ғын» социалист Uebcrarbeit, ауыр жұмыс, басы артық жұмыс істеу деп атайды, ал буржуазияшыл экономист мұны шаруалар шаруашылығының тиімді (*«қоғам үшін»!*) жақтарының бірі деп атайды. Атап өтелік, Klawki-дің айтуынша, жалдама жұмысшылар, ірі шаруашылықтардан гөрі, орта шаруашылықтарда ақыны көп алады және тамақты жақсы ішеді, бірақ олар жұмысты да қатты істейді: қожайынның «үлгісі» оларды «мейлінше тырысып істеуге және іждағатты болуға» (465) ұмтылдырады. Ал бұл екі капиталист қожайынның жұмысшыға белгілі ақыға жұмысты көп істететіні қайсысы, помещик пе, әлде «өз тумасы» шаруа ма,— Klawki мұны анықтағысы келмейді. Сондықтан біз жұмысшыларды мертігуден және кәріліктен қауіпсіздендіруге шығатын шығын ірі қожайын үшін бір морген жерге 0,29 маркадан, орта қожайын үшін — 0,13 маркадан келетінін көрсетумен (ұсақ егінші бұл арада да өзінше артықшылықпен пайдаланады, ол өзін тіпті қауіпсіздендірмейді,— әрине, мұның капиталистер мен помещиктер «қоғамына тиімділігі» аз болмайды),— ал сонан соң тағы да орыс егіншілік капитализмінің мысалын айтумен тынамыз. Шаховскойдың «Егіншіліктегі шет кәсіптер» деген кітабымен таныс оқушылар мүмкін мына сықылды байқалған ерекше жағдайды ұмытпаған болар: хуторлық мужиктер мен колонист немістер (оңтүстікте) өздеріне жұмысшыларды «таңдап» іріктеп алады, оларға ақыны ірі жалдаушылардан 15—20% артық төлейді, сөйтіп оларға жұмысты 50% артық істетеді. Мұны Шаховской мырза 1896 ж. жазған еді, ал биыл біз, мәселен, «Торгово-Промышленная Газетадан»[91] Каховкадан алынған мынадай хабарды оқып отырмыз: «...Шаруалар мен хуторлықтар, дағды бойынша, ақыны артық (экономиялардың жалдама жұмысшыларға төлегенінен) төлейді, өйткені оларға жақсы және төзімді жұмысшылар керек» (№ 109, 1901 жыл, 16 май). Мұндай жағдай жалғыз Россияға ғана тән деп ойлауға негіз табыла қояр ма екен.

Жоғарыда келтірілген кестеден оқушы есептеудегі екі тәсілді: қожайынның жұмыс күшін ақшаға шағып бағалауды бір ретте есепке қосатын, бір ретте қоспай-

тын тәсілді байқады. Булгаков мырза мұндай бағалауды қосып есептеу тәсілін «дұрыс бола қояр ма екен» дейді. Әлбетте, қожайындардың да, батырақтардың да заттай шығындары мен ақшалай шығындарының дәлме-дәл бюджеті болса, бұл өте дұрыс болар еді, бірақ мұндай мәліметтер болмаған соң, семьяның ақшалай шығындарын, сөз жоқ, *шамамен* белгілеуге тура келеді. Ал бұл шамамен алынған есепті Klawki-дің *қалай* шығарғаны аса қызғылықты нәрсе. Ірі қожайындардың өздері, әрине, жұмыс істемейді: олардың басшылық ету мен бақылау жөніндегі барлық жұмыстарды ақы алып атқарып отыратын тіпті арнаулы басқарушылары болады (төрт имениенің үшеуінде басқарушы бар, біреуінде басқарушы жоқ; 125 ha жері бар осы соңғы имениені Klawki ірі шаруа имениесі деп атауды дұрысырақ деп санар еді). Екі ірі имение қожайындарының «еңбегіне» (еңбегі болғанда, мәселен, бірінші имениенің қожайыны басқарушының жұмысын бақылап көру үшін өзінің үлкен имениесінен айына бір рет бірнеше күнге келіп қайтады) Klawki жылына 2000 маркадан «қояды». Ал 125 ha (біріншінікі 513 ha) жердің иесіне қожайынның өзінің және 3 баласының істеген жұмысы үшін Klawki тек 1900 марка «қояды». Жері аз болса, қожайынның аз бюджетпен «амалдап шығуға» тиісті екені «табиғи нәрсе» емес пе? Орта қожайындарға ері мен әйелінің істеген барлық жұмысы үшін, ал үш ретте олардың балаларының да жұмысы үшін Klawki енді 1200—1716 марка қояды. Ұсақ қожайындарға 4—5 (sic!) адамның жұмысы үшін 800—1000 маркадан қояды, яғни семьясымен бірге не бары 800—900 марка табатын батырақтың, жалшының алатынынан аздап қана артық (егер артық болған күнде) болады. Сөйтіп, бұл арада енді тағы да ірі адыммен алға басу болып отыр: ең әуелі көрінеу көзге тең емес нәрсе тең етіп көрсетілді, енді ірі шаруашылықтан ұсақ шаруашылыққа қарай кеткен сайын тұрмыс дәрежесі төмендей беруге *тиісті* деп жарияланады. Мұның өзі — «таза пайданың» мөлшері жөніндегі есеп бойынша бейне бір теріске шығарылды дейтін фактіні — капитализмнің ұсақ

шаруаны төмендеткен фактісін — күн ілгері мойында-ғандық қой!

Ал егер автордың *уйғаруы* бойынша, шаруашылықтың көлемі кішірейген сайын ақшалай кірісі кеми беретін болса, онда тұтынудың азаятынын тікелей мәліметтер дәлелдеп отыр. Шаруашылықта тұтынылатын егіншілік өнімінің мөлшері бір адамға (екі баланы бір ересек адамға есептегенде) мынадайдан келеді: ірі қожайында — 227 марка (екі цифрдың орташасы), орта қожайында — 218 марка (төрт цифрдың орташасы), ұсақ қожайында — 135 (sic!) марка (төрт цифрдың орташасы). Оның үстіне, шаруашылық неғұрлым ірі болған сайын, тамақ заттары да соғұрлым көбірек сатылып алынады (S. 453). Бұл арада Unterkonsumption (кем тұтынушылық) туралы мәселе қоюға тура келетінін Klawki өзі де аңғарды; мұны Булгаков мырза теріске шығарған болатын және ол туралы бұл жерде *үндемей* құтылуды артық көрді, сөйтіп ол Klawki-ден де асып түскен апологет болып шықты. Ал Klawki бұл фактіні әлсіретуге тырысады. «Ұсақ қожайындарда белгілі бір дәрежеде кем тұтынушылық бар ма,— дейді ол,— біз мұны бар деп айта алмаймыз, бірақ IV ұсақ шаруашылық жөнінде мұны мүмкін деп санаймыз» (жан басына 97 марка). «Ұсақ шаруалар өте үнемшіл келеді (!), сондықтан үнемдеп отырғанынан, былайша айтқанда, ауыздан жырып отырғанынан (sich sozusagen vom Munde absparen) көп нәрселерін сататыны факт» *. Ұсақ шаруашылықтың «өнімділігі» жоғары екенін бұл фактіні теріске шығара алмайды деп дәлелдеуге тырысушылық бар: егер тұтыну шығынын 170 маркаға дейін жеткізсек — бұл әбден жеткілікті сома («кіші ағайын»

---

* Мәселен, сүт пен майды сатқаннан түсетін кірістің ірі шаруашылықта бір морген жерге 7 маркадан, орта шаруашылықта 3 маркадан, *ұсақ шаруашылықта* 7 маркадан келетіні ғажап нәрсе. Мұның мәнісі: ұсақ шаруа өзінің шаруашылығында «май мен қаймағы алынбаған сүтті өте аз тұтынады... ал IV ұсақ шаруашылық (шаруашылықтың өзінде тұтынуға жұмсалған өнімдер әр адамға не бары 97 маркадан келеді) оларды мүлдем тұтынбайды» (450). Оқушы бұл фактіні (айтқандай, «сыншылардан» басқаның бәріне көптен мәлім фактіні) Герцтің мынадай тамаша сорақы пікірімен (S. 113, орысша аудармасы 270) салыстырып көрсін: «Шаруа сатқан сүті үшін түк алмай ма?» «Шошқаның» (сүтпен бордақыланған шошқаның) «етін жейтін шаруа емес пе?» Қайыршылықты тұрпайы түрде боямалап көрсетудің барып тұрған үлгісін көрсету үшін бұл сөздерді көбірек еске салып отыру керек болады.

үшін жеткілікті болар, бірақ егінші-капиталист үшін жеткілікті емес екенін өзіміз көріп отырмыз),— онда 1 морген басына тұтыну шығынын көбейтіп, сатылатын өнімнен түсетін кірісті 6—7 марка кеміту керек болады. Осыларды шығарып тастағанда (жоғарғы кішкене кестені қараңыз) 29—30 марка қалады, яғни сонда да ірі шаруашылықтағыдан артық болады дейді (S. 453). Ал егер біз тұтыну шығынын бұл шамамен алынған цифрға емес (цифр болғанда кемітіліп алынған, өйткені «ён табады»), 218 маркаға (= орта шаруашылықта шынында болып отырған) жеткізсек, онда орта шаруашылықтың өнімді сатқаннан түсетін кірісі 1 морген жерге 29 марка, ірі шаруашылықтың кірісі 25 марка болып отырғанда, ұсақ шаруашылықтың мұндай кірісі кеміп, *20 маркаға* түседі. Яғни, Klawki-дің салыстыруларындағы терістіктердің *осы біреуін* (жоғарыда көрсетілген толып жатқан терістіктердің ішінен) жөндеудің өзі-ақ ұсақ шаруаның «артықшылығы» *атаулының бәрін* жоққа шығарады.

Бірақ артықшылықтарды іздеу жөнінде Klawki шаршамайды-ақ. Ұсақ шаруалар «егіншілікті кәсіпшілікпен біріктіре жүргізеді»: ұсақ шаруалардың үшеуі (төртеудің) «іждағатты түрде күндікші болып жұмыс істейді, бұдан, ақыдан басқа, тамағын да табады» дейді (435). Ал ұсақ егіншіліктің артықшылығы дағдарыс кезінде өте-мөте зор болады екен (халықшылдардың осы тақырыпқа жазған көптеген жаттығуларынан және Чернов мырзалардың қазір қайтадан қоздырып отырғандарынан бұл орыс оқушыларына ертеден мәлім): «Ауыл шаруашылық дағдарысы кезінде; сол сияқты басқа уақытта да, дәл осы ұсақ шаруашылық ең берік шаруашылық болады — үй ішінің шығындарын өте-мөте азайту арқылы, шаруашылықтың басқа топтарына қарағанда, өнімді көп сата алады; рас, үй ішінің шығындарын кеміту себепті ол бірсыпыра кемірек тұтынуға тиіс болады» (479 — Klawki-дің соңғы қорытындылары, S. 464-пен салыстырыңыз). «Амал не, борыштың өсімі көп болғандықтан көптеген ұсақ шаруашылықтар лажсыздан осыны істейді. Бірақ осы ретпен — зор қиыншылықпен болса да — олар бір қалыпты

тұруға және ептеп күнелтуге мүмкіндік алады. Империя статистикасы анықтап отырған жағдай — біздің жерімізде ұсақ шаруа шаруашылықтарының көбеюі, ең алдымен, сірә, тұтынудың мықтап кемуінен болса керек». Сөйтіп, Klawki кенигсбергтік регирунгсбециркі * туралы мәліметтер келтіреді; 1882 жылдан 1895 жылға дейін бұл округте 2 һа-ға дейін жері бар шаруашылықтардың саны 56 мыңнан 79 мыңға өскен, 2—5 һа жері бар шаруашылықтардың саны 12 мыңнан 14 мыңға дейін, 5—20 һа жері бар шаруашылықтардың саны 16 мыңнан 19 мыңға өскен. Бұл — Булгаков мырзалар ұсақ өндіріс ірі өндірістерді «ығыстырып» отыр дейтін кәдімгі Шығыс Пруссия. Ал жер көлемінің жалаң статистика цифрларын суздальдықтарша ұғынатын мұндай мырзалар «тәптіштеу керек» деп жар салады-ау! «Шығыстағы село жұмысшылары туралы мәселені шешу жөнінде қазіргі аграрлық саясаттың аса маңызды міндеті — неғұрлым іскер жұмысшыларға, өздерінің тұсында болмағанмен, екінші (sic!) ұрпақтың тұсында меншігіне алақандай болса да жер алуға мүмкіншілік туғызып, оларды отырықшылануға ұмтылдыру болу керек» (476) деп Klawki-дің есептеуі әбден табиғи нәрсе. Өзінің тырнақтап жинаған қаржысына алақандай жер сатып алатын жалшылардың «көбіне ақша жөнінде қиын халде болатыны» уақа емес — «мұны олардың өздері де біледі, бірақ олар неғұрлым ерікті болуға қызығады»; сөйтіп буржуазиялық экономияның (ал қазіргі кезде, сірә, «сыншылардың» да) барлық міндеті пролетариаттың ең артта қалған бөлегінде осы жалған есепімді қолдау болып отыр.

Сонымен, Klawki-дің зерттеуі оның өзіне сілтеме жасайтын Булгаков мырзаның қағидаларын барлық жағынан бірдей теріске шығарып отыр. Бұл зерттеу егіншіліктегі ірі шаруашылықтың техника жағынан артық екенін көрсетеді, ұсақ шаруаның жұмысы ауыр екенін және асқа жарымайтынын, ұсақ шаруаның помещик үшін батыраққа, күндікшіге айналатынын көрсетеді, ұсақ шаруалар шаруашылықтарының көбеюі мұқтаж-

* — әкімшілік округ. *Ред.*

дықтың өсуімен, олардың пролетарлануымен байланысты екенін көрсетеді. Бұл зерттеуден туатын екі қорытындының ерекше мәнді принциптік маңызы бар. Біріншіден, біз егіншілікте машинаны пайдалануда кездесетін кедергілерді айқын көріп отырмыз: бұлар — өзінің еңбегін «есепке алмайтын» және капиталиске машинадан гөрі қол еңбегін арзанға түсіретін ұсақ егіншіні шексіз төмендету. Булгаков мырзаның тұжырымдарына қарамастан, фактілер капиталистік тәртіптердің тұсында егіншіліктегі ұсақ шаруаның халі мен өнеркәсіптегі майдагердің халі *толық ұқсас* екенін айқын көрсетіп отыр. Булгаков мырзаның тұжырымдарына қарамастан, егіншілікте, ірі өндіріспен бәсекелесудің құралы ретінде, тұтынудың онан бетер азаюын және еңбектің онан сайын ауырлауын көреміз. Екіншіден, егіншіліктегі ұсақ шаруашылықтар мен ірі шаруашылықтар кірістерін салыстырудың барлығында және салыстыру атаулының қандайында болсын мына үш жағдайды: 1) *Егінші* қалай тамақтанады, қалай тұрады, қалай жұмыс істейді? 2) *Малы* қалай күтіледі және қалай пайдаланылады? 3) *Жері* қалай тыңайтылады және тиімді түрде пайдаланыла ма? деген жағдайларды елемеген қорытындыларды мүлде жарамсыз, тұрпайы-апологеттік қорытындылар деп біржолата тануға тиіспіз. Ұсақ егіншілік неше түрлі талап-тонау арқылы: егіншінің еңбегі мен өмірлік күшін ысырап етумен, малдың күші мен сапасын ысырап етумен, жердің өндіргіш күштерін ысырап етумен өмір сүріп келеді, сондықтан осы жағдайлардың бәрін барлық жағынан бірдей ескермеген зерттеудің қандайы болса да қатар-қатар тізілген буржуазиялық софизм болып табылады *.

* Leo Huschke өзінің «Landwirtschaftliche Reinertrags-Berech-nungen bei Klein-, Mittel- und Grossbetrieb dargelegt an typischen Beispielen Mittelthüringens» (Jena, 1902, Gustav Fischer) Лео Гушке, «Ұсақ, орта, ірі шаруашылық өндірістерінің таза табысын Орта Тюрингияға тән мысалдар бойынша есептеп шығару». (Иена, 1902, Густав Фишер). *Ред.)* деген еңбегінде: ұсақ егіншінің жұмыс күшінің бағасын «кемітудің бір өзімен-ақ» ұсақ егіншінің орта және ірі шаруашылықтан артықшылығы бар деп және ұсақ егінші олармен бәсекелесе алады деп дәлелдейтін есеп жасап шығаруға болады деп дұрыс атайды (S. 126). Амал не, автор бұл пікірін аяғына дейін ойластырмаған, сон-

Сондықтан осы заманғы қоғамдағы ұсақ шаруалар еңбегінің шексіз ауырлығы мен кем тұтынуы жөніндегі нақ осы «теорияға» сыншы мырзалардың, әсіресе, өршелене шабуыл жасағанына таңдануға болмайды. Каутскийдің пікіріне қарама-қарсы пікірді дәлелдейтін толып жатқан «цитаттарды» келтіруге Булгаков мырза тіпті «Начало» журналында-ақ «кіріскен» болатын (№ 1, 10-бет). Әлеуметтік саясат одағының [92] «Bäuerliche Zustände» («Шаруалардың жағдайы») деген зерттеуінен,— дейді қайталап Булгаков мырза өзінің кітабында,— «Каутский ескірген догманың өлексесін (sic!) тірілтуге тырысып, қазіргі уақытта толық түсінікті болып отырған шаруалар шаруашылығының езілуде екеніне айғақ бола алатын бірнеше фактілерді саралап алды; ал одан сипаты біраз басқашалау дәлелдерді де табуға болатынына жұрттың көзі жетсін» (II, 282). Жарайды, кейде Герцтің цитаттарын қаз қалпында қайталайтын қатаң ғалымның «цитаттарына» «көзімізді жеткізіп», тексеріп көрейік (S. 77, орысша аудармасы — 183).

«Эйзенахтан мал шаруашылығының, жер тыңайтудың, машина қолданудың жақсарғаны туралы және жалпы ауыл шаруашылығы өндірісінің прогресі туралы хабарлайды»... Эйзенах туралы мақаланы («Bäuerl. Zust.», I. B) ашып қарайық. Жері 5 ha-дан кем қожайындардың (ал ондайлар сөз болып отырған ауданда 1116-ның 887-сі болып табылады) жағдайы «жалпы алғанда он-

---

дықтан да ол өзінің кітабында әр түрлі шаруашылықтардағы малдың күтімі, жерге тыңайтқыш берілуі, егіншілердің тұрмысы туралы жүйелі мәліметтер келтірмеген. Біз Гушке мырзаның қызғылықты кітабына тағы да қайта оралып соғармыз деп ойлаймыз. Ал әзірге біз тек оның: ірі шаруашылыққа қарағанда ұсақ шаруашылық өзінің өнімін кем бағамен сатады (S. S. 146, 155) деген пікірін және оның: «1892 жылдан соң болған дағдарысты (ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы арзандауын) ұсақ шаруашылық пен орта шаруашылық ақшалай шығындарын неғұрлым азайту арқылы жеңуге тырысты, ал ірі шаруашылық — шаруашылық шығынын көбейту жолымен егіс шығымын арттыру арқылы жеңуге тырысты» (S. 144) деген қорытындысын атап өтеміз. Тұқымға, мал азығына, тыңайтқышқа деген шығындар 1887—1891 жылдардан 1893—1897 жылдарға дейін ұсақ және орта шаруашылықтарда кеміді, ал ірі шаруашылықта артты. Бұл шығындар ұсақ шаруашылықта 1 ha-ға 17 маркадан келді, ірі шаруашылықта 44 маркадан келді (1908 жылғы басылымына автордың жазған ескертуі. *Ред.)*

ша жақсы емес» (66). «Олар ірі қожайындарға орақшы, күндікші болып және басқа жұмыстар істеп табыс табатындықтан, бұлардың жағдайы біршама тәуір» (67)... Жалпы алғанда 20 жылдың ішінде техникада елеулі прогресс болған, бірақ «әсіресе неғұрлым ұсақ шаруашылықтар жөнінде әлі де көп пәрселер жетпей жатыр» (72)... «неғұрлым ұсақ қожайындар дала жұмыстарына ішінара әлсіз сиырларды да пайдаланады...» Қосымша табыстары: ормандағы жұмыс, отын тасу болады; соңғысы шаруаны «егіншіліктен алаң етеді», «тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне» бастайды (69). «Ормандағы жұмыстар да жеткілікті табыс бере қоймайды. Кейбір аудандарда ұсақ жер иелері (Grundstücksbesitzer) тоқыма кәсібімен айналысады, алатын ақылары аз болады (leidlich). Тек анда-санда ғана қолдан сигар жасайды. Жалпы айтқанда, қосалқы табыстар жеткіліксіз» (73)... Сонымен автор Ökonomie-Commissar Dittenberger,* шаруалардың «тұрмысы қарапайым», «тұтынулары шамалы» болса да, олар күшті, денсаулығы жақсы болып келеді, мұның өзі «көбінесе картоппен қорек ететін аса кедей таптың тамағының қуаты кем болатын жағдайда» тіпті «таңданарлық нәрсе» (74) деген ескертумен аяқтайды...

«Шаруалар шаруашылығы техникалық прогреске қабілетсіз-міс дейтін ескірген маркстік соқыр сенімді» «білімпаз» Ворошиловтар, міне, осылай теріске шығармақ болады!

«...Саксония корольдігі туралы бас секретарь Лангсдорф былай дейді: тұтас округтерде, әсіресе, неғұрлым құнарлы жерлерде шаруашылықтың интенсивтігі жағынан ірі имениелер мен ұсақ имениелердің арасында қазірде айырмашылық бола қояр ма екен». Каутскийдің айтқанын австриялық Ворошилов (Герц. S. 77, орысша аудармасы 182—183) осылай теріске шығарады, ал мұның айтқандарын орыс Ворошиловы ізінше қайталап шығады (Булгаков, II, 282, «Bäuerl. Zust.»-қа сілтеме жасаған, II, 222). Сыншылар келтірген шы-

* — экономикалық комиссар Диттенбергер. *Ред.*

ғарманың 222-бетін ашсақ, Герцтің келтірген сөздерінен кейін іле-шала мына сөздерді оқимыз: «Мұндай айырмашылық таулы жерлерде неғұрлым айқынырақ байқалады, мұндай жерлерде неғұрлым ірірек имениелер едәуір көп айналмалы капиталмен шаруашылық жүргізеді; алайда бұл жерлерде де таза пайданың мөлшері жөнінде шаруалар шаруашылығы көбінс артта қалып отырған жоқ, өйткені кірісі оншама жоғары болмаса да, үлкен ұқыптылық сол кірісінің шамалылығын теңестіріп жібереді; тұтыну қазіргідей өте-мөте кем болып отырғанда (bei der vorhandenen grossen Bedürfnisslosigkeit) бұл ұқыптылық көп жағдайда мынадай дәрежеге жетеді: қожайын-шаруа молырақ тұтынып үйренген өнеркәсіп жұмысшысынан да нашар тұрады» («Bäuerl. Zust.», II, 222). Ал сонан соң былай дейді: шаруашылықтың басым жүйесі — тұқым ауыстырып егін салатын шаруашылық осы күннің өзінде енді орта қожайындарда басым болып отыр, ал «үш танапты егіс әлі де тек ұсақ шаруалар имениелерінің иелерінде ғана кездеседі дерлік». Мал шаруашылығы жөнінде де қай жерде болсын прогресс бар екендігі байқалады. «Тек ірі қара малды өсіру және сүт өнімдерін пайдаға асыру жөнінде ғана шаруа әдетте ірі помещиктен кейін қалып келеді» (223).

«Профессор Ранке,— дейді содан әрі Булгаков мырза,— Мюнхен төңірегіндегі шаруалар шаруашылығының техникалық прогресін көрсетеді; мұның өзі, оның айтуынша, бүкіл жоғарғы Баварияға тән нәрсе». Ранкенің мақаласын ашып қарайық: жалдама жұмысшыларға сүйеніп шаруашылық жүргізетін *гроссбауэрлердің* үш қауымы; 119 шаруаның 69-ында 20 гектардан артық жер бар, бүкіл жердің $^3/_4$ осыларда болып отыр, оның ішінде 38 «шаруаның» әрқайсысында 40 гектардан артық жер бар, орта есеппен бұлардың әрқайсысында 59 гектардан жер бар, сөйтіп бүкіл жердің 60 процентіне жуығы осылардың қолында болып отыр...

Булгаков пен Герц мырзалардың «цитаттарына» сипаттама беру үшін осы да жеткілікті болар.

VII

ШАРУАЛАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАДЕН АНКЕТАСЫ

«37 қауым туралы Баден анкетасынан алынған толық және қызғылықты пікірлерді,— деп жазады Герц,— орып тар болғандықтан келтіре алмадық. Бұл пікірлердің көпшілігі жоғарыда келтірілген пікірлерге ұқсас: жақсысымен қатар жаманы да, әрі-сәрі пікірлер де кездеседі, *бірақ бүкіл үш том анкетаның еш жерінде де шығындардың толық бюджеттері «тамаққа жарымаушылық»* (Unterkonsumption) *туралы,* «лас, аса қорлықты мұқтаждық» және т. т. туралы» *қорытынды шығаруға право бермейді»* (S. 79, орысша аудармасы 188). Герцтің біз астын сызған сөздері, әдеттегіше, *түп-тура жалған:* оның сүйеніп отырған нақ сол Баден анкетасы нақ сол *ұсақ шаруалардың* «кем тұтынатынын» документ түрінде *дәлелдеді.* Герцтің іс жайын бұрмалап көрсетуі бұл арада орыс халықшылдарының ерекше көп қолданған әдісімен — ал қазір аграрлық мәселеде «сыншылардың» бәрі және кез келгені іліп әкеткен әдіспен — «шаруалар» туралы беталды пікір айтушылықпен тығыз байланысты. Ал Батыста «шаруалар» деген ұғым біздегіден де гөрі көмескі келетін (айқын сословиелік белгілері жоқ) болғандықтан және «орта» пікірлер мен қорытындылар азшылықтың біршама «тәуірлеу тұрмысын» (немесе әйтеуір ашықпайтынын болса да), ал көпшіліктің ауыр тұрмысын бүркемелейтін болғандықтан бұл арада апологеттер атаулының бәріне кең жол ашылады. Ал Баден анкетасы шаруалардың жекелеген топтарын айыруға мүмкіншілік береді, ал «тәптіштеуді» қостаушы ретінде Герц оны аңғармай кетуді артық көрді. 37 типтік қауымнан ірі шаруалардың (Grossbauer), орта және ұсақ шаруалардың, сондай-ақ күндікшілердің типтік шаруашылықтары, барлығы 70 шаруалар шаруашылығы (31 ірі, 21 орта және 18 ұсақ шаруашылық) және күндікшілердің 17 шаруашылығы іріктеп алынған, сөйтіп бұл шаруашылықтар бюджеті жөнінен егжей-тегжейлі талданып зерттелген. Бұл мәліметтердің *бәрін* өңдеп шығуға біздің мүмкіндігіміз

болмады, бірақ барынша айқын қорытындылар шығару үшін төменде келтірілген *басты нәтижелердің* өзі де жеткілікті.

Алдымен шаруалардың ірі (a), орта (b) және ұсақ (c) шаруашылықтарының жалпы шаруашылық типі туралы мәліметтерді келтірейік (VI Anlage-дан: «Uebersichtliche Darstellung der Ergebnisse der in den Erhebungsgemeinden angestellten Ertragsberechnungen» *, мұнымен қатар біз бұл кестенің Grossbauer, Mittelbauer-лер және Kleinbauer-лер ** жөніндегі мәліметтерін жеке-жеке қорыттық). Жер иеленушілік мөлшері — топтар бойынша орта мөлшер: (a) 33, 34 гектар, (b) 13,5 және (c) 6,96 — мұның өзі Баден сияқты жер иелігі ұсақ ел үшін біршама жоғарылау, бірақ егер №№ 20, 22 және 30 қауымдардағы жер иелігінің мөлшері айрықша жоғары болып келетін (Kleinbauer-лерде 43 гектарға дейін, Grossbauer-лерде 170 гектарға дейін!) 10 шаруашылықты шығарып тастасақ, онда Баден үшін анағұрлым қалыпты цифрлар шығады: a) 17,8 гектар, b) 10,0 гектар және c) 4,25 гектар. Семьяларының мөлшері: a) 6,4 адам, b) 5,8 және c) 5,9 адам (бұл мәліметтер, сондай-ақ кейін келтірілетін мәліметтердің бәрі де, егер ескертуі жоқ болса, 70 шаруашылықтың бәріне де жатады). Демек, ірі шаруалардың семьясы едәуір үлкен, бірақ солай бола тұрса да, оларда жалдама еңбек әлдеқайда зор роль атқарады. Жалпы алғанда, 70 шаруаның 54-і, яғни осы айтылған барлық шаруалардың торттен үшінен астамы кісі жалдайды, атап айтқанда: 29 ірі шаруа (31-ден), 15 орта шаруа (21-ден) және 10 ұсақ шаруа (18-ден) кісі жалдайды. Сонымен, ірі шаруалардың 93 проценті, ұсақ шаруалардың 55 проценті жұмысшы жалдамай тұра алмайды. Қазіргі кездегі шаруалар шаруашылығында жалдама еңбектің елеулі маңызы жоқтығы туралы таралып кеткен («сыншылардың» сынсыз-ақ қабылдай салып жүрген) пікірді тексеріп көру үшін бұл өте-мөте сабақ боларлық цифрлар. Ірі шаруалардың (олардың

---

* — VI қосымша: «Зерттелген қауымдардағы кірісті түсімділікті есептеу жөніндегі нәтижелерге қысқаша шолу». *Ред.*

** — ірі, ұсақ және орта шаруалар. *Ред.*

иелігіндегі жерінің мөлшері, 18 гект., 5—20 ha жері барлардың тобына кіреді, үстірт бағалай салған реттердің бәрінде нағыз шаруалар шаруашылығына жатқызылатындардың) таза капиталистік шаруашылық екенін көріп отырмыз: 24 шаруашылықта 71 батырақ бар, әрбір шаруашылыққа 3 батырақтан дерлік келеді, ал 27 қожайын жалпы жиынын алғанда 4347 күнге күндікші жалдайды (1 қожайынға 161 жұмыс күнінен келеді). Мұнымен Мюнхен төңірегіндегі ірі шаруалардың иелігіндегі жердің мөлшерін салыстырып көріңіздер; сабаз Булгаков мырза осы шаруалардың «прогресін» айтып, капитализмнің шаруаларды езіп отырғаны жөніндегі «маркстік соқыр сенімді» теріске шығармақ болады!

Орта шаруалар туралы біз мынаны білеміз: 8 орта шаруада 12 батырақ бар, 14 орта шаруа 956 жұмыс күніне күндікші жалдайды; ұсақ шаруаларда: 2 ұсақ шаруада 2 батырақ бар, 9 ұсақ шаруа 543 жұмыс күніне күндікші жалдайды. *Ұсақ* шаруалардың жартысы 2 ай бойына (543 : 9 = 60 күн), яғни егіншілер үшін жұмыстың нағыз қызу кезінде кісі жалдамай тұра алмайды (ал осы ұсақ шаруалардың иелігіндегі жері едәуір көп бола тұрса да, өндіріс мөлшері Чернов, Давид, Герц мырзалар соншама сүйсінген фридрихстальдіктердікінен әлдеқайда кем).

Шаруашылықтың нәтижелері мынадай: 31 ірі шаруаның таза пайдасы 21 329 марка, ал дефициті 2113 марка, яғни барлық пайдасы 19 216 марка немесе бір шаруашылықтың пайдасы 619,9 марка (ал №№ 20, 22 және 30 қауымдардағы 5 шаруашылықты шығарып тастағанда — 523,5 марка болады), орта шаруашылық үшін бұл сома 243,3 марка болады (үш қауымды шығарып тастағанда — 272,2 марка), ұсақ шаруашылық үшін — 35,3 марка (үш қауымды шығарып тастағанда 37,1 марка). Демек, сөздің дәлме-дәл мағынасында айтқанда, ұсақ шаруа кіріс-шығысын *әрең-әрең ұштастырады, онда да тек тұтынуды азайту арқасында ғана ұштастырады.* Анкета әрбір шаруашылықтың тұтынатын басты-басты өнімдерінің мөлшері туралы деректер келтіреді («Ergebnisse etc.» «Erhebungen»-нің IV томын-

да, S. 138 *). Жоғарыда көрсетілген шаруалар топтарының әрқайсысы үшін орта мөлшерді есептеп шығара отырып, осы мәліметтерді келіреміз:

Шаруалардың топтары	1 адамның бір күнде тұтынатыны				1 адамға жұмсалатын шығын	
	Нан мен жемістер	Картоп	Ет	Сүт	Бір күнде отарлық товарларға, отынға, жарыққа және т. б. жұмсалатыны	Жылына киімге жұмсалатыны
	Қадақ		Грамм	Литр	Пфенниг	Марка
Ірі шаруалар	1,84	1,82	138	1,05	72	66
Орта »	1,59	1,90	111	0,95	62	47
Ұсақ »	1,49	1,94	72	1,11	57	38
Күндікшілер	1,69	2,14	56	0,85	51	32

Герц сабаз, міне, осындай мәліметтерден асқа жарымауды да, мұқтаждықты да «аңғармай қалған»! Біз орта және ірі шаруаға қарағанда ұсақ шаруа әлдеқайда кем тұтынатынын, ішіп-жемі, киімі күндікшінің аз-ақ алдында екенін көріп отырмыз. Мәселен, ол етті орта шаруадан бір жарым есе, ірі шаруадан екі есе дерлік аз жейді. Бұл мәліметтер үстірт айтылған пікірлердің түкке тұрғысыз екенін, түсімділікті есептегенде тұрмыс дәрежесінің айырмашылығын елемеудің бәрі де жалған екенін үсті-үстіне дәлелдеп отыр. Егер, мысалы, біз кестеміздің *тек* соңғы екі графасын алсақ (тамақ өнімдерін ақшаға айналдырамыз деп қиын есепке түспес үшін), онда ұсақ шаруаның ғана емес, тіпті орта шаруаның да «таза пайдасы» дегеніміз *нағыз жалған* нәрсе екенін көреміз; мұндай нәрселермен тек, Гехт және Klawki тәрізді нағыз таза буржуалар немесе, біздің сыншылар тәрізді, нағыз таза Ворошиловтар ғана әуреленe алады. Шынында да, егер біз ақшаға сатып алатын өнімдерге қаржыны ұсақ шаруа орта шаруамен бірдей жұмсайды десек, онда ұсақ шаруаның шығыны

* — «Нәтижелер және т. б.», «Зерттеулердің» IV томында, 138-бет. *Ред.*

жүз маркаға көбейген болар еді, сөйтіп біз үлкен *дефицит* болғанын көрер едік. Егер орта шаруа ірі шаруамен бірдей шығын шығарған болса, онда оның шығыны 220 маркаға көбейер еді және егер ол өзін ішіп-жемнен «қыспаса», онда ол да дефицитке ұшырар еді *. Ұсақ шаруаның тұтынуының осы нашарлауы малды азықтандырудың нашарлауына, жердің өндіргіш күштерінің жете қалпына келтірілмеуіне (кейде тікелей ысырап етілуіне) тығыз байланысты екендігі өзінен өзі түсінікті, мұның өзі Маркстің мына сөздерін, қазіргі сыншылар тәкаппарсып менсінбей жүрген сөздерін, түгелімен растамай ма: «Өндіріс құрал-жабдықтарының шексіз ұсақтап бытырауы және өндірушілердің өздерінің оқшаулануы. Адам күшінің шамадан тыс ысырап болуы. Өндіріс жағдайларының жедел түрде нашарлауы және өндіріс құрал-жабдықтарының қымбаттауы — ұсақ жер меншігінің сөзсіз заңы» («Das Kapital», III, 2, 342) [93].

Нақ осы Баден анкетасы жөнінде Булгаков мырзаның тағы да бір бұрмалауын атап өтейік (сыншылар өзара бірін-бірі толықтырып отырады, егер біреуі белгілі бір деректемеде істің бір жағын бұрмаласа, екіншісі — екінші жағын бұрмалайды). Булгаков мырза Баден анкетасынан талай рет цитат алған,— демек, ол бұл анкетамен таныс *тәрізді*. Сөйте тұра ол мынадай бір қызықты шығарады: «Шаруаның ерекше және соның тағдырына жазылғандай борыштан арылмауы,— увертюрасы осылай басталады, II, 271,— әдебиетте шаруалар шаруашылығы жөнінде пайда болған аңыз сөздер-

---

* Чернов мырза былай деп «қарсы шығады»: ал ірі қожайын өзінің күндікшісін ішіп-жемнен және басқа шығындардан бұдан да қысып ұстамай ма екен? («Русское Богатство», 1900 ж. № 8, 212-бет). Бұл қарсылық марксист адамға ескі, кривенко-воронцовтық,— егер осылай айтуға болса,— либералдық-буржуазиялық дәлелдерді *тықпалайтын* тәсілді қайталап отыр. Бұл қарсылық ірі өндіріс тек техника жағынан ғана емес, қызметкердің халін жақсартатыны (немесе, ең болмағанда, әйтеуір тәуір ететіні) жағынан да артық дейтін адамға айтылса, оның мағынасы болар еді. Марксистер олай демейді. Олар тек ұсақ егініші гүлденуде деп үстірт пікір айту арқылы болсын (Чернов мырза Гехт туралы айтқан) немесе тұтынудың азаюы жөнінде *үндеместен* шаруашылықтың «түсімділігін» есептеп шығару арқылы болсын ұсақ егіншінің жағдайын боямалап көрсететін жалған тәсілді әшкерелейді. Буржуазия өстіп боямалап көрсетуге тырыспайынша, жұмысшының «қожайын» болуына, ұсақ «қожайынның» түсімді мол алуына мүмкіншілігі бар деген бос елесті қуаттамайынша тұра алмайды. Социалистердің міндеті — осы өтірікті әшкерелеу және пролетариаттың революциялық қозғалысына қосылмайынша ұсақ шаруалардың да азаптан құтыла алмайтынын оларға түсіндіру.

дің тіпті бұлжымас догмаларының бірі болып алды»... «Біздің қолымыздағы зерттеулерде көп борыш тек өте ұсақ, әлі буыны бекіп жетпеген шаруашылықта (Tagelöhnerstellen) ғана бар екені айтылған. Мәселен, Баденнің көлемді анкетасының мәліметтерінен (ескертуінде анкетаға сілтеме жасалған) алған жалпы әсерін Шпренгер мына түрде білдіреді: «...зерттелген жерлердің едәуіріндегі күндікшілер учаскелерінің және ұсақ шаруа иеліктерінің борышы ғана біршама едәуір көп болып отыр, бірақ соның өзінде де бұл борыш қатер тудырғандай көп емес...»» (272). Бұл таңдаңарлық-ақ дүние! Бір жағынан, *анкетаның өзіне сүйенеді, екінші жағынан,* анкета туралы жазған Шпренгер деген біреудің «жалпы әсерін» ғана келтіреді. Ал оның сорына Шпренгер өтірік айтып отыр (әйтеуір, Булгаков мырзаның цитат алған жерінде нақ осылай, өйткені біз Шпренгердің шығармасымен таныс емеспіз). Анкетаның авторлары: көп жағдайларда дәл сол ұсақ шаруа жер иелігінде борыштылық қатер тударарлық дәрежеге *жетіп отыр* дейді. Бұл бір. Ал, екіншіден, олар: борыш жөнінде ұсақ шаруалардың жағдайы орта және ірі шаруалардың жағдайынан ғана емес (мұны Шпренгер атап өткен), *күндікшілердің жағдайынан да* нашар дейді.

Тегі айтып өтетін бір жай, Баден анкетасының авторлары — *шыдауға боларлық борыштың шекарасы* (яғни, күйзелу қатерін туғызбайтын) *ұсақ шаруашылықтарға қарағанда* ірі шаруашылықтарда *жоғары* деген аса маңызды бір фактіні атап көрсетеді. Ірі, орта және ұсақ шаруалар шаруашылығының нәтижелері туралы біздің жоғарыда келтірген статистикалық мәліметтерімізден кейін бұл жағдай ерекше түсіндіріп жатуды керек етпейді. Ірі шаруашылық жөнінде, сондай-ақ орта шаруашылық жөнінде де, анкетаның авторлары: егер борышы жерінің құнының 40—70%, орта есеппен алғанда 55% болса, мұндай борыш шыдарлық және қатерсіз (unbedenklich) деп санайды. Ұсақ шаруашылық жөнінде (мұның мөлшерін олар: егіншілікте 4—7 ha, жүзім және сатымал өсімдіктер өсіретін болса 2—4 ha деп есептейді) олар: «егер өсімнің және борыш төлеудің

даусыз өтелуі *толық* қамтамасыз етіледі деп ұйғарсақ, онда борыштың мөлшері... имениеге қойылған бағаның 30 процентінен аспауға тиіс» деп есептейді (S. 66, B. IV). Зерттелген қауымдарда (Anerbenrecht * қолданылып тұрған қауымдардан басқа, мәселен, Unadingen мен Neukirch-тан басқа **) өсімді (имениеге қойылған бағамен есептелетін) борыш ұсақ шаруашылықтардан ірі шаруашылықтарға қарай кеткен сайын біркелкі кеми береді. Мәселен, Dittwar *** қауымында 1/4 гектарға дейін жері бар шаруашылықтардың борышының проценті = 180,65%; 1—2 ha болса — 73,07%; 2—5 ha болса — 45,73%; 5—10 ha болса — 25,34%; 10—20 ha болса — 3,02% (S. 89—90 ibid.). Бірақ борыштың көптігі туралы бір ғана цифрлар әлі істің жайын анықтап бермейді, сондықтан анкета авторлары мынадай қорытынды жасайды:

«Сонымен, жоғарыдағы цифрлы мәліметтер мынадай өте көп тараған пікірді дұрысқа шығарды: күндікшілер мен орта шаруалардың арасындағы (деревняларда бұған жататын селолық қожайындарды, әдетте, «орта сословие» — Mittelstand — деп атайды) шекарасында (ортасында) тұрған шаруалар имениелерінің қожайындары екінің бірінде жерінің көлемі жағынан өзінен жоғары тұратын топтан да, төмен тұратын (sic!) топтан да неғұрлым ауыр жағдайда болады — себебі: борыштың мөлшері белгілі дәрежеде және оншама жоғары болмаған кезде, олар *азын-аулақ* борыштан жеңіл құтыла алса да, шеттен *үнемі* табыс (күндіктеп жұмыс істеу және т. б.) тауып тұруға және сол табыстар арқылы өз кірісін көбейтуге мүмкіншілігі болмағандықтан өзінің міндеттемелерін әзер дегенде өтей алады»... «Қанша да болса шеттен үнемі тауып тұратын табысы болғандықтан екінің бірінде» күндікшілердің «жағдайы «орта сословиеге» жататындардың жағдайынан едәуір жақсы болады, өйткені, жасалған есептер өте көп реттерде көрсетіп отырғанындай, шеттен табатын табыс екінің бірінде тіпті *көп* борышты өтеуге де мүмкінші-

* — право, осы бойынша шаруа үйінің мүлкі түгелдей бір мұрагерге көшеді. *Ред.*

** Унадинген мен Нейкирхтің. *Ред.*

*** — Дитвар, *Ред.*

лік беретін едәуір таза (яғни ақшалай) кіріс келтіреді» (67 l. с.) *. Ал ең ақырында авторлар тағы да былай деп қайталайды: ұсақ шаруалар шаруашылықтарының борыштары борыштың шыдарлық шегінен аспайтыны жөнінде де «кейде қауіпсіз емес», сондықтан да «жер сатып алғанда... ең алдымен нақ осы *ұсақ* шаруа халқының және онымен қатар тұрған күндікші халықтың шаруашылық жөнінде ерекше үлкен сақтығы қажет» (98).

Ұсақ шаруаның буржуазияшыл ақылгөйі, міне, осындай! Ол, бір жағынан, пролетарлар мен жартылай пролетарларды «өздерің болмағанмен, екінші ұрпақтарың» кішкене жер сатып алып, ынталылық пен қанағат көрсетсеңдер, сол жерден аса көп «таза түсім» ала аласыңдар деп үміттендіреді; екінші жағынан, ол нақ сол кедейлерге егер «үнемі тауып тұратын табыстарың» болмаса, яғни капиталист мырзаларға отырықшы жұмысшылар керек болмаса, жер сатып алғанда «өте-мөте сақ болыңдар» деп кеңес береді. Өз пайдасы үшін айтылған бұл өтірікті және осы көкезу пасықтықты нағыз ең жаңа ғылымның шешімі деп танитын «сыншыл» ашықауыздар да табылады!

Біздің ірі, орта және ұсақ шаруалар туралы келтірген егжей-тегжейлі мәліметтеріміз, «ұсақ буржуазиялылық» категориясының шаруаға айтылғандағы мазмұнының дәл қандай екенін тіпті В. Чернов мырзаға да түсінікті еткендей болып еді, ал В. Чернов мырза «ұсақ буржуазиялылықты» шаруаларға қолданудан зәресі ұшып қорқады. Капиталистік эволюция тек батыс Европа мемлекеттерінің бір-біріне салыстырғандағы ғана емес, сондай-ақ Россияның да Батыспен салыстырғандағы *жалпы* экономикалық құрылысын жақындастырғаны соншалық, Германиядағы шаруалар шаруа-

---

* Ұсақ шаруа, басқаларға қарағанда, өзінің өнімін қолма-қол ақшаға аз сатады, алайда оның өзі ақшаға өте-мөте мұқтаж болып отырады, сөйтіп капиталдың жеткіліксіздігі салдарынан малдың өлім-жітімге ұшырауы, егінін бұршақ соғып кету және т. т. сияқтылардың қандайы болсын оған өте ауыр тиеді,— деп анкетаның авторлары дұрыс айтады.

шылығы экономикасының *негізгі белгілері* Россиядағыдай болып шығып отыр. Тек орыс марксистерінің әдебиетінде толық көрсетілген шаруалардың жіктелу процесі Россияда дамудың бастапқы сатыларының бірінде болып отыр,— Россияда бұл процесс әлі азды-көпті қалыптасқан формаға түскен жоқ, мәселен, ірі шаруалардың (Grossbauer-лердің) ерекше, жалпы жұрттың бірден көзіне түсетін айқын типін шығарған жоқ, Россияда шаруалардың орасан зор көпшілігінің жаппай экспроприациялануы және құрып бітуі біздің шаруа буржуазиясының «алғашқы қадамдарын» әлі өте бүркемелеп, көрсетпей отыр. Батыста тіпті крепостниктік право жойылмастан бұрын басталған бұл процесс (салыстырыңыз, Kautsky, «Agrarfrage», S. 27) әлдеқашанақ, бір жағынан, шаруалар шаруашылықтары мен «жеке иелік» (біздіңше) шаруашылықтардың арасындағы сословиелік шектің жойылуына, ал, екінші жағынан, осы күннің өзінде жеткілікті қалыптасқан ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылар табының құрылуына әкеліп соқты *. Бірақ енді бұл процесс — село халқының жаңа типтерінің азды-көпті айқын формалары жасалған соң — тоқтап қалды деп ойлау үлкен қате болар еді. Керісінше, бұл процесс үздіксіз ілгерілеп келеді, ілгерілегенде, әрине, толып жатқан түрлі жағдайларға қарай кейде тез, кейде баяу, агрономиялық жағдайларға және т. б. қарай мейлінше алуан түрлі формаларға түсіп, ілгерілеп келеді. Шаруалардың пролетариатқа айналуы онан әрі болып жатыр,— мұны біз төменде неміс статистикасының жаппай мәліметтері бойынша көрсетеміз,— мұның өзі ұсақ шаруалар туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерден де айқын көрініп-ақ тұр. Село жұмысшыларының ғана емес, шаруалардың да деревнядан қалаға шұбыруының күшейген фактісінің өзіақ пролетариатқа айналушылықтың өскендігіне айқын айғақ бола алады. Бірақ қалаға шұбырар алдында шаруа сөзсіз күйзеліске ұшырайды. Ал күйзелуден бұрын

* «Шаруалар,— деп жазады XIX ғасырдағы Франция туралы Булгаков мырза,— қазір-ақ бір-бірінен көп айырмасы бар екі топқа ыдырады: пролетариат және ұсақ меншік иелері» (II. 176). Тек «ыдырау» осымен аяқталып болды деп автор босқа ойлайды: ыдырау дегеніміз — тоқтаусыз жүріп отыратын процесс.

ол өзінің экономикалық дербестігі үшін жанталаса күреседі. Жалдама еңбекті пайдалану туралы, «таза кірістің» мөлшері туралы, әр түрлі типтегі шаруалардың тұтыну мөлшері туралы мәліметтер дәл осы күресті айқын көрсетеді. Күрестің басты құралы — «темірдей қатты іждағаттылық» және ұқыпты болудың үстіне ұқыпты болу: «ауызға салғаннан да қалтаға салғанды жөн көреміз». Күрестің болмай қоймайтын нәтижесі: аздаған ауқатты, дәулетті қожайындардың бөлініп шығуы (және астананың жақындығы, темір жолдың салынуы, саудалық егіншіліктің қандай да болса түсімді жаңа саласының ашылуы және т. б. сықылды қандай да бір ерекше қолайлы жағдайлар болмаған реттердің бәрінде де — көбінесе болмашы азшылықтың бөлініп шығуы) және үнемі ашаршылықпен, шамадан ауыр еңбекпен қызметкердің күшін сарқатын, жердің де, малдың да сапасын нашарлататын, көпшіліктің барған сайын қайыршылыққа түсе беруі болып табылады. Күрестің болмай қоймайтын нәтижесі: жалдама еңбекке негізделген азшылық *капиталистік* шаруашылықтардың құрылуы және көпшілік үшін «шеттен табыс» іздеу қажеттігінің арта түсуі, яғни өнеркәсіп және егіншілік жалдама жұмысшыларына айналу болып табылады. Жалдама еңбек туралы мәліметтер барлық ұсақ өндірушілердің ұсақ капиталиске айналуға ұмтылатын, қазіргі қоғамдық құрылыстың тұсында болмай қоймайтын ішкі, иманенттік тенденциясын мейлінше айқын көрсетеді.

Бір жағынан, буржуазияшыл экономистердің, екінші жағынан, әрқилы тектегі оппортунистердің істің осы жағынан не себепті қашқалақтайтыны және қашқалақтамай тұра алмайтыны бізге әбден түсінікті. Шаруалардың жіктелуі бізге капитализмнің *ең терең* қайшылықтарын олардың *пайда болу* және онан әрі өсу процесі үстінде көрсетеді; бұл қайшылықтарды толық бағалау ұсақ шаруалар жағдайының оңалмайтын, үмітсіз күйде екенін (бүкіл капиталистік құрылысқа қарсы пролетариаттың революциялық күресінен тыс — үмітсіз екенін) мойындауға сөзсіз әкеледі. Нақ осы, ең терең және әлі тіпті дамымаған қайшылықтар ауызға алын-

байтынына таңғалуға болмайды: олар ұсақ шаруалардың шамадан тыс ауыр еңбек етуі және жеткіліксіз тұтынуы сияқты фактіге соқпай өткісі келеді, бұл фактіні тек қара ниеттілер немесе надан адамдар ғана теріске шығара алады; олар шаруа буржуазиясындағы жалдама жұмысшылар туралы, кедей шаруалардың жалданып істейтіні туралы мәселені қалтарыста қалдырады. Мәселен, Булгаков мырза соңғы екі мәселенің екеуіне де соқпастан қызыл тілге салынып *, тұтас «аграрлық даму теориясының тәжірибесін» алға тартты! «Шаруалар шаруашылығы деп,— дейді ол,— жұмысын түгелінен немесе көбінесе өзінің шаруа семьясының еңбегімен атқаратын шаруашылықты айтуға болады; басқаның еңбегінсіз — көршінің жәрдемінсіз немесе қысқа мерзімге кісі жалдамайынша — жұмыс істей алатын шаруалар шаруашылықтары тіпті өте сирек, бірақ бұл оның экономикалық бейнесін өзгертпейді (әрине, неге өзгертсін-ау!)» (I, 141). Герц болса — ол аңқаулау адам, өзінің кітабының ең басында былай деп ескертеді: «Кейінде мен ұсақ шаруашылық деп немесе шаруа шаруашылығы деп үнемі тек қожайыны, оның

* Немесе онан да бетер қызыл тілге салынып, ол былайша жалтарады: «...өнеркәсіп жалдама жұмысшыларының қолындағы ұлтарақтай жерінен көрінетін, өнеркәсіптің егіншілікпен көптеген бірігу реттері»... «бар болғаны халық шаруашылығы құрылысындағы бір тетік қана» (!?) болып табылады; «мұны — егіншіліктің индустрияланауының, оның даму дербестігінен айрылғандығының белгісі деп тануға әзір ешқандай негіз жоқ (??),— бұл құбылыстың аумағы мүлде мардымсыз (мәселен, Германияда өнеркәсіптегілердің үлесіне ауыл шаруашылық жердің не бары 4,09% ғана тиеді)» (sic! — II, 254—255). Біріншіден, жүз мыңдаған жұмысшылардың жер *үлесінің* болмашы аз болуы бұл «құбылыстың аумағы мардымсыз» екендігін көрсетпейді, қайта капитализмнің ұсақ егіншілерді жаншуын және пролетариатқа айналдыруын көрсетеді. Жері 2 ha-дан кем егіншілердің бәрі (бұлардың саны өте көп бола тұрса да: 5,5 миллионның 3,2 миллионы, яғни 58,2%, барлық егіншілердің *бестен үші* дерлік) ауыл шаруашылық жердің «не бары» 5,6% ғана иеленіп отыр ғой! Ақылгөй Булгаков мырза бұдан: ұсақ жер иелену мен жалпы егіншіліктегі «құбылыстың» бәрі «уақ-түйек» қана және «аумағы мүлде мардымсыз» деген қорытынды шығармас па екен?? Германияның 5,5 миллион егіншілерінің 791 мыңы, яғни 14,4% өнеркәсіптегі жалдама жұмысшылар, соның өзінде олардың басым көпшілігінің, атап айтқанда, 743 мыңының жері 2 гектардан кем, бұл — 2 ha-дан кем жері бар барлық егіншілердің 22,9%. Екіншіден, Булгаков мырза тағы да, өзінің дағдысы *бойынша, өзі цитат алған статистиканы бұрмалап отыр.* Жете қарамағандығынан, ол герман анкетасының өзі цитат алған бетінен («Stat. d. D. R.», 112 B., S. 49 *) дербес өнеркәсіпші-егіншілердің жер көлемінің цифрын келтірген. Ал дербес емес өнеркәсіпші-егіншілерде (яғни өнеркәсіптік жалдама жұмысшыларда) ауыл шаруашылық жерінің *не бары* 1,84% бар. 791 мың жалдама жұмысшыларда — жердің 1,84%, 25 мың помещикте жердің 24% болып отыр. Мұның өзі шынында да қандай болмашы «уақ-түйек» десеңізші?

семьясы жұмыс істейтін және 1—2-ден ғана аспайтын жұмысшысы бар шаруашылықты айтамын» (S. 6, орысша аудармасы 29). «Жұмыскер» жалдау мәселесіне келген бойда, біздің Kleinbürger-лер егіншіліктің, орынды болсын-болмасын ауыздарынан тастамайтын, «өзгешеліктерін» тез ұмыта қояды. Егіншілікте 1—2 жұмысшы, мейлі олар тек жаздыгүні істейтін болса да,— тіпті де аз емес. Ал ең бастысы әңгіме олардың аз, не көп болуында емес, әңгіме жұмысшыларды нақ неғұрлым ауқатты, дәулетті қожайындардың жалдайтындығында болып отыр; мещандықтың серілері бұлардың «прогресі» мен «гүлденуін» халық бұқарасының гүлденуі етіп көрсетуді тәуір көреді. Ал мұндай бұрмалауға неғұрлым ізгі негіз беру үшін бұл серілер маңғазданып былай дейді: «Шаруа дегеніміз — нақ пролетар сықылды жұмысшы адам» (Булгаков, II, 288). Сөйтіп, автор «жұмысшы партияларының бұрын өздеріне тән (бұрын тән болған!) шаруаға деген дұшпандық сипаттан барған сайын айрылып келе жатқаны» жөнінде сүйсінетінін білдіреді (289). Бұл «бұрынғы» көзқараста, көресіздер ме, «шаруалар меншігі қанаудың құралы емес, еңбек жұмсаудың шарты екені ескерілмепті». Тарих, міне, қалай жазылады! Біз: мырзалар, бұрмалай беріңіздер, бірақ нысап сақтай да білу керек қой! — демей тұра алмаймыз. Осы Булгаков мырзаның өзі, барлық және неше түрлі анкеталардан, баяндаулардан, монографиялардан және басқа сондайлардан алынған «цитаттармен» (бұлардың қаншалықты дәл екенін біз талай рет көрсеткенбіз) лық толтырған сегіз жүз беттік екі том «зерттеу» жазды, бірақ меншігі қанаудың құралы болып табылатын шаруалардың меншігі еңбек жұмсаудың «жай ғана» шарты болып табылатын шаруаларға қандай қатынаста екенін ең болмағанда тіпті қарап шығуға бір рет те, *мүлде, бірде-бір рет те* талаптанған жоқ. Ол жұмысшы жалдайтын шаруалардың, жұмысшы жалдамайтын және өздері жалданбайтын шаруалардың, жұмысшы болып жалданатын шаруалардың шаруашылығының типі, тұрмыс дәрежесі және басқа жағы қандай екені туралы *бірде-бір рет* жүйелі мәліметтерді (олар оның өзі цитатқа алған ма-

териалдарда да бар екенін біз көрдік) келтірген емес. Ол ол ма. «Шаруалар шаруашылығының прогресін» (*жалпы* шаруалар шаруашылығының!) растау үшін Булгаков мырза гроссбауэрлерге қатысты фактілерге, біреулердің прогресін және екінші біреулердің қайыршылануын, пролетариатқа айналуын көрсететін пікірлерге қалай сүйенгенін көрдік. Ол тіпті «әлді шаруалар шаруашылығының» құрылуын жалпы «әлеуметтік сауығу» (sic!) деп біледі (II. 138; 456-беттегі жалпы қорытындыны салыстырыңыз), оның ойынша әлді шаруалар шаруашылығы бейне бір буржуазиялық, кәсіпкерлік шаруалар шаруашылығының синонимі емес тәрізді! Оның қайшылықтардың бұл шырмауынан құтылу үшін жасаған бірден-бір әрекетін мынадай, онан сайын шатасқан пікірінен көреміз: «Шаруалар, әрине, бір текті бұқара емес; бұл жоғарыда көрсетілді (сірә, егіншілердің өнеркәсіптегі жалданып жұмыс істейтіні тәрізді, болмашы уақ-түйек туралы пікірінде көрсетілген болу керек?); мұнда жіктеліп отыратын және тегістеліп отыратын ағымдардың арасында ұдайы күрес жүріп жатады; бірақ жеке мүдделердің бұл айырмашылықтары және тіпті бір-біріне қарама-қарсылығы жұмысшы табының жекелеген топтары арасындағы, қала жұмысшылары мен село жұмысшылары арасындағы, білімді еңбек пен білімсіз еңбектің арасындағы, тред-юнионистер мен кәсіпшілік ұйымдардан сыртқары тұрғандардың арасындағы айырмашылық пен қарама-қарсылықтан зор ма екен? Жұмысшы сословиесінің ішіндегі осы айырмашылықтарды (кейбір зерттеушілерді төртінші сословиеден енді бесінші сословиені айыруға ұмтылдыратын айырмашылықтарды) түгелімен елемеушілік қана жалған бір текті болып көрінетін жұмысшы табын әр текті шаруаларға қарама-қарсы қоюға мүмкіншілік берді ғой» (288). Талдауы қандай тамаша терең десеңізші! Кәсіптердің арасындағы айырмашылықтарды таптардың арасындағы айырмашылықтармен шатастыру; тұрмыс айырмашылықтарын қоғамдық өндірістің бүкіл құрылысындағы таптардың әр түрлі жағдайымен шатастыру,— міне, осының бәрі сәндікке айналған

«сынның» * түгелінен ғылыми принципсіздігін және практика жүзінде оның «тап» деген ұғымның өзін жоюға, тап күресі идеясының өзін жоюға ұмтылып отырған тенденциясын қандай айқын көрсетіп отыр десеңізші. Село жұмысшысы күніне 50 тиын табады; күндікші ұстайтын әлді мужик күніне 1 сом табады; астанадағы завод жұмысшысы күніне 2 сом табады; провинциядағы шеберхананың ұсақ қожайыны күніне $1^{1}/_{2}$ сом табады. Бұл түрліше «топтардың» өкілдерінің қай тапқа жататынын, бұл «топтардың» қоғамдық ісінің қандай өзгеше бағыты бар екенін азды-көпті санасы бар жұмысшылардың қайсысы болса да оп-оңай айыра біледі. Ал университет ғылымының өкілі үшін немесе қазіргі «сыншы» үшін бұл — олардың ақылы жетпейтін асқан даналық болып отыр.

VIII

НЕМІСТІҢ 1882 ЖӘНЕ 1895 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СТАТИСТИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕРІ. ОРТА ШАРУАШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Шаруалар шаруашылығы туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді,— қазіргі аграрлық мәселенің негізгі салмағы дәл осы шаруалар шаруашылығы туралы мәселелерде болып отырғандықтан біз үшін ерекше маңызды болып табылатын мәліметтерді,— қарағаннан кейін, енді біз немістің ауыл шаруашылық статистикасының

* Жұмысшы табының *жалған* бір тектілігіне сүйену — Эд. Бернштейн мен оның жақтастарының бәрінің ауыздан тастамайтын дәлелі екенін еске сала кетеміз. Ал «жіктелу» жөнінде Струве мырза әлдеқашан, «Сын заметкаларында-ақ» ақылгөйлікпен былай деген болатын: жіктелу бар, тегістелу де бар, объективті зерттеуші үшін бұл процестердің маңызы бірдей (Щедриннің объективті тарихшысы үшін — Изяславтың Ярославты сабағаны да немесе Ярославтың Изяславты сабағаны да бәрі бір болғаны сықылды) [94]. Ақша шаруашылығының дамуы бар, бірақ натуралды шаруашылыққа қарай ойысулар да бар. Ірі фабрикалық өндірістің дамуы бар, бірақ үйде істелетін капиталистік жұмыстың дамуы да бар (Булгаков, II, 88. «Hausindustrie (үй ішіндік өнеркәсіп. *Ред.)*... Германияда әлі жойылатын түрі жоқ»). «Объективті» ғалым фактісымақтарды іждағаттап жинауға, «бір жағынан да», «екінші жағынан да» көрсетіп өтуге, «бір кітаптан екінші кітапқа, бір парақтан екінші параққа (Гетенің Вагнері [95] тәрізді) көшіп отыруға» тиісті, бірақ та бұлай еткеннің өзінде дәйекті көзқарас туғызам деп, бүкіл тұтас процесс туралы жалпы түсінік туғызам деп əсте де тырыспақ емес.

жалпы мәліметтеріне көшеміз және «сыншылардың» бұл мәліметтерге байланысты қорытындыларын тексереміз. 1882 және 1895 жылдардағы санақтардың қысқаша басты нәтижелерін келтіреміз:

Шаруашылықтардың топтары	Шаруашылықтар саны (мың есебімен)		Ауыл шар. жердің көлемі (мың ha есебімен)		Относительді сандары				Санның абсолютті түрде артуы немесе кемуі	
					Шаруашылықтар		Жер көлемі			
	1882	1895	1882	1895	1882	1895	1882	1895	Шаруашылық	Жер көлемі
2 ha-ға дейін	3 062	3 236	1 826	1 808	58,0	58,2	5,7	5,6	+174	— 18
2—5 »	981	1 016	3 190	3 286	18,6	18,3	10,0	10,1	+ 35	+ 96
5—20 »	927	999	9 158	9 722	17,6	18,0	28,7	29,9	+ 72	+564
20—100 »	281	282	9 908	9 870	5,3	5,1	31,1	30,3	+ 1	— 38
100 ha және одан астамы	25	25	7 787	7 832	0,5	0,4	24,5	24,1	± 0	+ 45
Барлығы	5 276	5 558	31 869	32 518	100	100	100	100	+282	+649

Марксистер өзінше, «сыншылар» өзінше түсіндіретін бұл өзгерулерге байланысты үш жағдайды: ең ұсақ шаруашылықтар санының өсуін, латифундиялардың өсуін, яғни 1000 гектар және одан да көп жері бар, біздің қысқаша кестемізде 100 гектардан артық жері бар барлық шаруашылықтармен қоса есептелген шаруашылықтардың өсуін және, ақырында, бәрінен де көп талас туғызатын және бәрінен көбірек көзге түсетін орта шаруалар (5—20 ha) шаруашылықтарының өсу фактісін талдау керек болады.

Ең ұсақ шаруашылықтар санының өсуі қайыршылықтың және пролетариатқа айналудың өте-мөте күшейгенін көрсетеді, өйткені жері 2 гектардан кем шаруалардың басым көпшілігі жалғыз егіншілікпен ғана күнелте алмайды, сондықтан табыс табумен, яғни жалданып жұмыс істеумен күн көреді. Әрине, бұған жатпайтындары да болады; арнаулы егістер, жүзім шаруашылығын, огород шаруашылығын, сауда-өнеркәсіптік өсімдіктер егу, жалпы қала маңындық шаруашылық және басқа сондайларды жүргізсе, онда $1^1/_2$ гектар жермен де дербес (кейде тіпті ұсақ та емес) егінші болып

отыруға болады. Бірақ 3 миллион *шаруашылықтардың* жалпы жиынында — мұндайлар тіпті болмашы ғана. Осы ұсақ «егіншілердің» (барлық қожайындардың $^3/_5$ бөлігіне таяу болып отырған) көпшілігі *жалдама жұмысшылар* екенін түрлі топтардағы егіншілердің басты кәсібі жөнінде жиналған герман статистикасының мәліметтері айқын көрсетеді. Қысқартып алынған бұл мәліметтер мынадай:

Егіншілердің топтары	Өздерінің *басты* кәсібі бойынша бөлінген село қожайындары (% есебімен)					Дербес село қожайындарының ішіндегі қосалқы кәсібі барлары (%)
	Дербес		Тәуелді еңбек	Басқа кәсіптер	Барлығы	
	Егіншілік	Сауда және басқалары				
2 ha-ға дейін	17,4	22,5	50,3	9,8	100	26,1
2— 5 ».....	72,2	16,3	8,6	2,9	100	25,5
5— 20 ».....	90,8	7,0	1,1	1,1	100	15,5
20—100 ».....	96,2	2,5	0,2	1,1	100	8,8
100 ha және онан астамы	93,9	1,5	0,4	4,2	100	23,5
Барлығы	45,0	17,5	31,1	6,4	100	20,1

Бұдан біз барлық герман егіншілерінің 45% ғана, яғни *жартысынан азы* өздерінің *басты* кәсібі жағынан да дербес егіншілер екенін көреміз. Ал осы дербес егіншілердің де *бестен бірінің* (20,1%) тағы да қосалқы кәсібі бар. Өздерінің басты кәсібі жағынан егіншілердің 17,5% — саудагерлер, өнеркәсіпшілер, огородшылар және басқалар («дербестер», яғни тиісті кәсіпшіліктің жұмысшысы емес, қожайыны болып отырғандар). *Үштің біріне таяуы* (31,1%) — жалдама жұмысшылар (егіншілік пен өнеркәсіптің қай саласында болса да «тәуелділер»). Егіншілердің 6,4% көбінесе қызметпен (әскер қызметіндегілер, чиновниктер және басқалар), ерікті кәсіппен айналысатындар және т. т. болып табылады. Ал 2 ha-ға дейін жері бар егіншілердің *жартысы* — жалдама жұмысшылар; осы 3,2 миллион «қожайындардың» болмашы азшылығы ғана — барлық санының не бары 17,4% ғана «дербес» егіншілер. Ал

осы 17 проценттің де *төрттен бірінің* (26,1%) *қосалқы* кәсібі бар, яғни өздерінің басты кәсібі жағынан емес (жоғарыда көрсетілген 50,3% сияқты), қайта қосалқы кәсібі жағынан алғанда жалданып жұмыс істейтіндер. Тіпті 2—5 ha жері бар егіншілердің де жартысынан сәл артығы ғана (1016 мыңның 546 мыңы) ешбір қосалқы кәсібі жоқ дербес егіншілер болып табылады.

Істің жайын Булгаков мырзаның қаншалықты өрескел теріс суреттейтіні осыдан көрініп отыр; өйткені ол іс жүзінде егіншілікпен шұғылданатын адамдардың жалпы жиынының өскенін көрсете келіп (көрсеткенде, жоғарыда айтқанымыздай, қате көрсетіп), мұны «дербес шаруашылықтардың өсуінен — өзіміз енді білетіндей, ең алдымен орта шаруалар шаруашылықтарының ірі шаруашылықтар есебінен өсуінен» (II, 133) — болып отыр деп түсіндіреді. Егер шаруашылықтардың жалпы саны ішінде орта шаруалар шаруашылықтары санының үлесі басқаларынан артығырақ өссе (17,6 проценттен 18 процентке дейін, яғни + 0,4%), мұнан әлі село халқы ең алдымен орта шаруалар шаруашылықтарының өсуі арқасында өсті деген мағына әсте тумайды. Қожайындар санының жалпы өсуінде ең көп өсім берген қай топтар деген сұрауға екі ұшты ұғым туғызбай, тура жауап беретін мәліметтер бізде бар: шаруашылықтардың барлық саны 282 мыңға артқан, оның ішінде 2 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтар саны 174 мыңға артқан. Демек, село халқы өскенде (егер ол өсу байқалып отырса және байқалып та отырғандықтан) нақ сол тәуелді шаруашылықтардың өсуі арқасында (өйткені 2 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтардың көпшілігі тәуелді шаруашылықтар) өсіп отыр. Бәрінен де гөрі парцеллалық шаруашылықтар көп өскен, бұлардың өсуі *пролетариатқа айналудың* күшейгенін көрсетеді. Тіпті 2—5 ha жері бар шаруашылықтардың өсуін де (35 мыңға) түгелінен *дербес* шаруашылықтардың өсуі есебіне жатқызуға біздің хақымыз жоқ, өйткені бұл қожайындардың да 1016 мыңнан 546 мыңы ғана — қосалқы табысы жоқ дербес егіншілер.

Ірі шаруашылықтар туралы мәселеге көшкенде ең әуелі біз мынадай ерекше (әсіресе апологеттік атаулы-

ның бәрін бекерге шығару үшін өте зор маңызы бар) фактіні көрсетіп өтуіміз керек: егіншіліктің басқа кәсіптермен бірігуінің әр түрлі топтардағы егіншілер үшін түрліше және қарама-қарсы манызы бар. Ұсақ егіншілер үшін бұл бірігу оның пролетариатқа айналуы, дербестігінің кемуі болып табылады, өйткені бұл жерде жалданып жұмыс істеу, ұсақ қолөнер, сауда сияқты кәсіптер және т. б. егіншілікпен бірігеді. Ірі егіншілер үшін бұл бірігу не мемлекеттік, әскери қызмет және т. б. арқылы ірі жер иеленушіліктің саяси маңызының күшейгендігі болып табылады, не орман шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы техникалық өндірістердің егіншілікпен бірігуі болып табылады. Ал осы соңғы құбылыс, жұртқа мәлім,— егіншіліктің *капиталистік* прогресіне аса тән белгілердің бірі. Міне, сондықтан да біз «дербес» ауыл шаруашылығын өздерінің басты кәсібі деп есептейтін (яғни, ауыл шаруашылығын жұмысшы есебінде емес, қожайын есебінде жүргізетін) егіншілер процентінің шаруашылықтағы жер көлемі өскен сайын тез өсіп отырғанын (17—72—90—96%), бірақ 100 гектар және одан да көп жері бар шаруашылықтар тобында 93 процентке дейін төмендеп қалғанын көреміз: бұл топтағы қожайындардың 4,2 проценті — қызмет істеуді («басқа кәсіптер» тобы) өзінің басты кәсібі деп есептейді, қожайындардың 0,4 проценті «тәуелді» еңбекті өзінің басты кәсібі деп есептейді (бұлар жалдама жұмысшылар емес, басқарушылар, инспекторлар және т. с.; салыстырыңыз: «Stat. d. D. R.», 112 B., S. 49*). Нақ сондай-ақ әлі де шет кәсібі бар дербес егіншілердің проценті шаруашылықтағы жердің көлемі өскен сайын тез төмендеп отырғанын (26—25—15—9%), бірақ 100 ha және одан да көп жері бар қожайындарда ондайлардың проценті күшті өскенін (23%) көреміз.

Ал ірі шаруашылықтардың (100 ha және одан >* жері бар) санына және олардың жер көлеміне келсек, бұл жөнінде жоғарыда келтірілген мәліметтер шаруашылықтардың жалпы санында да, сондай-ақ жалпы жер көлемінде де бұлардың үлесінің *кемігенін* көрсетеді.

* — астам. *Ред.*

Бұдан ұсақ және орта шаруалар шаруашылығы ірі шаруашылықты ығыстырып отыр деп, Булгаков мырзаның асыға-аптыға қорытынды жасағанындай, қорытынды шығаруға бола ма? деген сұрақ туады. Біздіңше, болмайды және бұл пункт туралы Каутскийге ашуланып, қыр көрсеткендегі Булгаков мырзаның бітіргені Каутскийдің пікірін шын мәнінде теріске шығаруға қабілетсіз екенін ғана байқатты. Біріншіден, ірі шаруашылықтар үлесінің кемуі өте мардымсыз (шаруашылықтардың саны бойынша 0,47 проценттен 0,45 процентке дейін, яғни ноль бүтін жүзден екі процент, ал жер көлемінен алатын үлесі бойынша 24,43 проценттен 24,088 процентке дейін, яғни ноль бүтін жүзден 35 процент кеміген). Шаруашылықты интенсивті жүргізгенде кейде жер көлемін біраз кемітуге *тура келеді,* ірі қожайындар, өздеріне жұмысшылар тауып алу үшін, имениенің орталығынан қашықтағы жерлерді бөлшектеп арендаға береді — бұл жұрттың бәріне мәлім құбылыс. Пруссияның шығысындағы ірі және ұсақ шаруашылықтарды тәптіштеп суреттеген автордың ұсақ жер иелігі ірі жер иелігіне қызмет ететінін турадан тура мойындап, отырықшы жұмысшылар жасау керек деп құлшына кеңес бергенін жоғарыда айтқанбыз. Екіншіден, ұсақ шаруашылықтардың ірі шаруашылықтарды ығыстыруы туралы сөз болуының мүмкін еместігінің тағы да бір себебі: *өндірістің мөлшері* туралы пікір айту үшін тек шаруашылықтың *жер көлемі* туралы мәліметтер әлі жеткіліксіз болады. Ал бұл жөнінде ірі шаруашылықтардың аса мықтап алға басқанын машинаны пайдалану туралы (жоғарыдан қараңыз) және ауыл шаруашылық техникалық өндірістер туралы мәліметтер өте айқын дәлелдеп отыр (герман статистикасының осындай мәліметтерін Булгаков мырза оңдырмай теріс түсіндірген, сондықтан біз бұл мәліметтерді төменде өз алдына талдаймыз). Үшіншіден, 100 һа және одан да көп жері бар шаруашылықтардың тобында *латифундиялар,* 1000 және одан > һа жері бар шаруашылықтар айрықша орын алады, бұлардың санының өсу проценті орта шаруалар шаруашылықтары санының өсу процентінен көп артық, атап айтқанда:

бұлардың саны 515-тен 572-ге жетті, яғни 11% өсті, ал орта шаруалар шаруашылықтарының саны 926 мыңнан 998 мыңға жеткен, яғни 7,8% өскен. Латифундиялардың жер көлемі 708 мың һа-дан 802 мыңға жетті, яғни 94 мың һа *өсті*: 1882 жылы латифундиялардың жер көлемі ауыл шаруашылығындағы барлық жердің 2,22% болса, 1895 жылы-ақ 2,46% болды. Осы пункт туралы «Началода» Каутскийге қарсы айтқан негізсіз қарсылықтарын Булгаков мырза енді өзінің кітабында бұрынғысынан бетер негізсіз төмендегі қорытындымен толықтырады: «Ауыл шаруашылығының прогресі, оның интенсивтілігінің өсуі бөлшектенумен ілесе жүріп отыратын болса да,— деп жазады ол,— латифундиялардың көбеюі... ірі шаруашылықтардың құлдырауының белгісі болып табылады» (II, 126) — сойтіп, еш пәрседен күдіктенбейтін Булгаков мырза енді турадан-тура ірі шаруашылықтың «латифундияға айналып (!) азғындауы» туралы сөз етіп отыр (II, 190, 363). Көріп отырсыңыздар, біздің «білімпаз» қандай тамаша қисынды ойлайды: *өйткені* шаруашылықтың жер көлемінің кемуі *кейде*, интенсивтендіру болған кезде, өндірістің өскендігін көрсететіндіктен, *сондықтан* латифундиялардың саны мен жер көлемінің өсуі *жалпы алғанда* құлдырауды көрсетуге тиіс! Ал егер қисынын келтіру сондайлық нашар болса, статистиканың көмегін неге пайдаланбасқа? Булгаков мырзаның пайдаланған материалдарынан бізде де осы латифундиялардың шаруашылығы туралы тұтас бірқатар мәліметтер бар ғой. Осы мәліметтердің кейбіреулерін келтірелік: ең ірі 572 шаруашылықтың қарауында 1895 жылы 1 159 674 гектар жер болды, оның ішінде 802 мың гектар ауыл шаруашылығындық жер, 298 мың гектар ормандық жер (бұл латифундиялардың бір бөлегінің иелері негізінен, село қожайындары емес, орман өнеркәсіпшілері). Бұлардың жалпы мал ұстайтындары — 97,9%, жұмыс көлігін ұстайтындары — 97,7%; 555 қожайын машинаны пайдаланады және, жоғарыда көргеніміздей, әрбір шаруашылықтың түрлі машиналарды пайдаланған кездері *барынша көп*; бу күшімен жүретін плугті 81 шаруашылық, яғни барлық латифундиялардың 14 проценті

пайдаланды. Олардағы мал саны мынадай: сиыр малы — 148 678, жылқы — 55 591, қой — 703 813, шошқа — 53 543. Бұл шаруашылықтардың ішінде қант заводтарымен қосылғаны — 16, арақ заводтарымен қосылғаны — 228, сыра заводтарымен қосылғаны—6, крахмал заводтарымен қосылғаны — 16, диірмендермен қосылғаны — 64. Бұл шаруашылықтардың интенсивтілігін мынадан байқауға болады: техникалық жолмен өңдеу үшін 211 шаруашылық қызылша егеді (26 мың ha жерге егіледі), 302 шаруашылық картоп егеді. 21-і қалаға сүт сатады (1822 сиырдан, яғни 1 шаруашылыққа 87 сиырдан) және 204-і сүт серіктіктеріне қатысады (18 273 сиыры бар — әр шаруашылыққа 89 сиырдан). Шынында, мұның өзі «латифундияларға айналып азғындауға» керемет ұқсап-ақ тұрған жоқ па?

Орта шаруалар шаруашылықтары (5—20 ha) туралы мәселеге көшелік. Шаруашылықтардың жалпы саны ішінде олардың үлесі 17,6 проценттен 18,0 процентке дейін (+0,4%) өскен, ал жалпы жер көлемінде 28,7 проценттен 29,9 процентке дейін (+1,2%) өсіп отыр. Ал «марксизмді құртушылардың» бәрі де және қандайы болса да нақ осы мәліметтерді әбден табиғи түрде өздерінің басты дәлелі деп санайды. Булгаков мырза «ұсақ шаруашылықтың ірі шаруашылықты ығыстыруын» да, «ыдыраушылық тенденциясын» да және т. б. да осыдан туғызады. Біз жоғарыда дәл осы «шаруалар» жөнінде үстірт алынған мәліметтердің тіпті жарамсыз екенін, олардың тіпті адастырып жібере алатынын айтқанбыз: нақ осы арада ұсақ кәсіпкерлік шаруашылықтардың құрылу процесі мен шаруа буржуазиясының «прогресі» көпшіліктің пролетариатқа айналуын және қайыршылыққа ұшырауын мықтап бүркемелей алады. Ал егер біз Германияның бүкіл ауыл шаруашылығы жөнінде жалпы алғанда, бір жағынан, ірі капиталистік шаруашылықтың сөзсіз дамуын (латифундиялардың өсуін, машинаны және ауыл шаруашылығындағы техникалық өндірісті пайдаланудың дамуын), ал, екінші жағынан, пролетариатқа айналу мен қайыршылыққа түсудің бұрынғыдан да сөзсіз күшейгенін көріп отырсақ (қалаға шұбыру, жердің бөлшектенуінің күшеюі,

парцеллалық шаруашылықтардың көбеюі, қосалқы жалдама жұмыстың көбеюі, ұсақ шаруалардың ішіп-жемінің нашарлауы және басқалары) — онда нақ осы процестердің «шаруалардың» арасында болмауы ешбір иланбайтын және мүмкін емес нәрсе болып шығар еді. Тіпті тәптіштеліп алынған мәліметтер де осы процестерді толық айқын көрсетіп, бұл жөнінде жалғыз жер көлемінің статистикасы мүлде жеткіліксіз деген пікірді растап отыр. Сондықтан герман ауыл шаруашылығының капиталистік дамуының жалпы жағдайына сүйене отырып, бұл мәліметтерден ұсақ өндіріс ірі өндірісті жеңіп отыр деген қорытынды шығару негізсіз болады деп Каутский әбден дұрыс тұжырым жасаған.

Алайда, «орта шаруалар шаруашылықтарының» өсуі молшылықтың және әл-ауқаттың артқанын емес, қайта *мұқтаждықтың күшейгенін* көрсететінін дәлелдейтін әрі тікелей, әрі жаппай мәліметтер бар. Бұл — Булгаков мырза «Началода» да, өзінің кітабында да сәтсіз пайдаланған нақ сол жұмыс көлігі туралы мәліметтер. Орта шаруашылықтың прогресін және ірі шаруашылықтың құлдырауын растайтын өзінің пікірі жөнінде Булгаков мырза былай деп жазды: «егер мұны тағы да дәлелдеу керек болса, онда жұмыс күшінің саны қандай екенін көрсетудің үстіне, жұмыс көлігінің қанша екенін де көрсетуге болады. Мұны айқын көрсететін кесте мынау» *:

	Дала жұмыстарына пайдаланатын көлігі бар кәсіпорындардың саны		Айырмасы
	1882	*1895*	
0— 2 ha	325 005	306 340	—18 665
2— 5 »	733 967	725 584	— 8 383
5— 20 »	894 696	925 103	+30 407
20—100 »	279 284	275 220	— 4 064
100 және одан көп ha	24 845	24 485	— 360
Барлығы	2 257 797	2 256 732	— 1 065

«Жұмыс көлігі бар шаруашылықтардың саны ірі шаруашылықта да, ұсақ шаруашылықта да бірдей кемі-

* Біз Булгаков мырзаның келтірген кестесін түгелінен дәл өзіндей етіп көрсетіп, бұған тек онда жоқ жиынтық цифрларды қостық.

ген, тек орта шаруашылықта ғана көбейген» («Начало» журналы, № 1, 20-бет).

Егер жұмыс көлігі жөніндегі мәліметтерден олардың көрсетіп отырғанына қайта *қарама-қарсы мағынада* қорытынды шығаруына себепші болған қатесін Булгаков мырза желдірмелетіп жазылған журнал мақаласында байқамай кетсе, онда мұнысы әлі кешірімді болар еді,— бірақ біздің «қатал ғалым» өзінің «зерттеуінде» де нақ сол қатесін қайталап отыр (II том, 127-бет, мұнда оның үстіне, +30 407 және — 360 деген цифрларды мал санына жататын цифрлар етіп көрсеткен, дұрысында бұлар жұмыс көлігін қолданатын шаруашылықтардың санына қатысты цифрлар; бірақ бұл, әрине, ұсақ-түйек қой).

«Ірі шаруашылықтың кері кетуі» (II, 127) туралы сондай батырсынып айтатын біздің «қатал ғалымнан» біз мынаны сұраймыз: орта шаруалар шаруашылығының *барлық саны* 72 мыңға көбейіп отырғанда (II, 124), жұмыс көлігі бар орта шаруалар шаруашылығы санының 30 мыңға көбеюінің қандай маңызы бар? Жұмыс көлігі бар орта шаруалар шаруашылықтары *процентінің кемігендігі* осыдан айқын болып отырған жоқ па? Ал егер бұл осылай болса, 1882 және 1895 жылдары түрлі топтардағы шаруашылықтардың *қанша проценті* жұмыс көлігін ұстағанына көз жіберу керек емес пе,— оның үстіне бұл мәліметтер Булгаков мырзаның абсолюттік цифрлар алған нақ сол беті мен нақ сол кестесінде келтірілген ғой («Stat. d. D. R.» 112 B., S. 31*).

Ол мәліметтер мынау:

	Жұмыс көлігі бар шаруашылықтардың проценті		Айырмасы
	1882	*1895*	
0— 2 ha	10,61	9,46	—1,15
2— 5 »	74,79	71,39	—3,40
5— 20 »	96,56	92,62	—3,94
20—100 »	99,21	97,68	—1,53
100 және одан көп ha	99,42	97,70	—1,72
Барлығы	42,79	40,60	—2,19

Сонымен, жұмыс көлігі бар шаруашылықтардың проценті *жалпы алғанда* екі процепттен артығырақ кеміген, соның өзінде бұл кему ұсақ шаруалар мен орта шаруалар шаруашылығында *орташа мөлшерден жоғары,* ірі шаруашылықтарда *орташа мөлшерден төмен* *. Оның үстіне «нақ ірі шаруашылықтарда көлік күшінің орнына көбінесе механикалық күш, жалпы айтқанда, түрліше машиналар, жекелеп алғанда бу машиналары (бу күшімен жүретін плуг және басқалар) қолданылатынын («Stat. d. D. R.», 112 B., S. 32*) ұмытпау керек. Сондықтан, егер ірі шаруашылықтардың (100 және онан астам ha жері бар) ішінде жұмыс көлігі бар шаруашылықтардың саны 360-қа кеміп отырса, ал сонымен қатар бу күшімен жүретіп плугтарды пайдаланушы шаруашылықтардың саны *615-ке көбейіп отырса* (1882 ж. 710 болса, 1895 ж. 1325), онда жалпы және тұтасынан алғанда ірі шаруашылықтар ұтылып отырмағаны былай тұрсын, қайта, тіпті ұтып отырғаны айқын. Демек, Германиядағы егіншілердің ішінде шаруашылық жағдайын сөзсіз *жақсартқан* бірден-бір топ (дала жұмыстарына колік күшін немесе колік орпына бу күшін пайдалану жөнінде) бұл — 100 және одан > ha жері бар *ірі* қожайындар болып отыр деген қорытынды келіп шығады. Қалған басқа топтардың бәрінде де шаруашылық жағдайлары нашарлаған және де жұмыс көлігі бар шаруашылықтар процентінің төмендеуі *өте үлкен* болып отырған *дәл орта шаруалар шаруашылықтарының тобында жағдай бәрінен де гөрі көбірек нашарлап отыр.* Жұмыс көлігі бар шаруашылықтар процентінің жоғарылығы жағынан алғанда, ірі шаруашылықтар (100 және одан > ha) мен орта шаруашылықтардың (5—20 ha) арасындағы айырмашы-

* Кему бәрінен гөрі ең ұсақ шаруашылықтардың өздерінде аз, бұлардың тым аз бөлегінің ғана жұмыс көлігі бар; нақ осы шаруашылықтарда (*тек* осыларда ғана) жұмыс көлігінің құрамы жақсарғанын, яғни бұлар ат пен өгізді біршама көбірек ұстап, сиырды біршама кемірек ұстай бастағанын біз ілгеріде көреміз. Бұл жағдай, неміс анкетасының (S. 32*) авторларының дұрыс ескерткеніндей, ең ұсақ учаскелердің қожайындары жұмыс көлігін тек егіншілік үшін ғана емес, «жалданып істейтін сырт жұмыс» үшін де ұстайтынын айқын көрсетеді. Сондықтан мүлде ерекше жағдайдағы парцеллалық шаруашылықтарды жұмыс көлігі туралы мәселе жөнінде есепке алу жалпы дұрыс болмас еді.

лық бұрын 3 проценттен кемірек болса (99,42—96,56), қазір бес проценттен астам болып отыр (97,70—92,62).

Бұл қорытынды жұмыс көлігінің құрамы туралы мәліметтермен мұнан да гөрі елеулі түрде күшейе түседі. Шаруашылық неғұрлым ұсақ болған сайын, көлік құрамы да соғұрлым нашар бола береді: басқаларға қарағанда өгіз бен ат дала жұмыстарына солғұрлым аз пайдаланылады, ал әлдеқайда әлсіз *сиырлар* соғұрлым көп пайдаланылады. Біз қарастырып отырған мағынада 1882 және 1895 жылдары істің жайы қандай болғаны жөніндегі мәліметтер мынадай:

Дала жұмыстарына арналған малы бар әрбір жүз шаруашылық көлікті мына түрде пайдаланған:

	Тек сиыр пайдаланғандары			Сиыр, сондай-ақ жылқы не өгіз пайдаланғандары		
	1882	*1895*		*1882*	*1895*	
0— 2 ha	83,74	82,10	—1,64	85,21	83,95	—1,26
2— 5 »	68,29	69,42	+1,13	72,95	74,93	+1,98
5— 20 »	18,49	20,30	+1,81	29,71	34,75	+5,04
20—100 »	0,25	0,28	+0,03	3,42	6,02	+2,60
100 және одан көп ha	0,00	0,03	+0,03	0,25	1,40	+1,15
Барлығы	41,61	41,82	+0,21	48,18	50,48	+2,30

Біз жұмыс көлігі құрамының жалпы нашарлағанын (жоғарыдағы айтылған себептер бойынша, парцеллалық шаруашылықтар есепке кірмейді) және атап айтқанда *орта шаруалар шаруашылықтарының тобында көбірек нашарлағанын* көріп отырмыз. Бұл топта жұмыс көлігі бар шаруашылықтардың ішінде дала жұмыстарына лажсыздан *сиырларды да* пайдаланатын шаруашылықтардың,— ал сонымен қатар дала жұмыстарына *тек сиырларды* ғана пайдалана алатын шаруашылықтардың проценті *бәрінен де артық* өскен. Қазіргі уақыттың өзінде-ақ жұмыс көлігі бар орта шаруалар шаруашылықтарының үштен бірінен астамы дала жұмыстарына лажсыздан сиырларды пайдаланып отыр (мұнан, әрине, жер нашар жыртылады, демек, егіннің шығымы да

кемиді, сиырдың сүті де азаяды), ал ол шаруашылықтардың осы күннің өзінде-ақ бестен бірінен астамы дала жұмыстарына тек сиырды ғана пайдалана алады.

Егер біз дала жұмыстарына пайдаланылған малдың санын алып қарайтын болсақ, онда барлық топтарда да (парцеллалық шаруашылықтарды қоспағанда) сиырдың көбейгенін көреміз. Ал ат пен өгіздің саны мына түрде өзгерген:

Дала жұмысына пайдаланылған ат пен өгіздің саны (мың есебімен)

	1882	*1895*	Айырмасы
0— 2 ha	62,9	69,4	+ 6,5
2— 5 »	308,3	302,3	— 6,0
5— 20 »	1 437,4	1 430,5	— 6,9
20—100 »	1 168,5	1 155,4	—13,1
100 және одан көп ha	650,5	695,2	+44,7
Барлығы	3 627,6	3 652,8	+25,2

Парцеллалық шаруашылықтарды есепке алмағанда, жұмыс көлігінің нақ өзі *тек* ірі қожайындарда ғана көбейгені байқалады.

Демек, дала жұмыстарына пайдаланылатын мал күші мен механикалық күш жөнінде шаруашылық жағдайларының қалай өзгергені туралы жалпы қорытынды мынадай: бұл жөнінде тек ірі қожайындардың ғана жағдайы *жақсарған,* басқаларының жағдайы нашарлаған, ал *орта шаруалар шаруашылықтарының* жағдайы *бәрінен де бетер* нашарлаған.

1895 жылдың мәліметтері бізге орта шаруалар шаруашылықтарының бүкіл тобын енді шағын екі бөлімшеге ажыратуға мүмкіндік береді: 5—10 ha жері бар және 10—20 ha жері барлар. Жұмыс көлігін пайдалану жөнінде бірінші (шаруашылықтарының саны жағынан әлдеқайда көп) шағын бөлімшенің шаруашылық жағдайлары әлдеқайда нашар, бұл осылай болуға тиіс те еді. 5—10 ha жері бар 606 мың қожайынның 90,5 процентінде (10—20 ha жері бар 393 мың шаруаның 95,8 процентінде) жұмыс көлігі бар, ал осы 5—10 ha жері барлардың дала жұмыстарына сиырларды пайдалана-

тындары — 46,3% (10—20 ha тобында — 17,9%); тек қана сиыр пайдаланушылар — 41,3% (10—20 ha тобында 4,2%). Міне сөйтіп, жұмыс көлігін пайдалану жөнінде ерекше нашар жағдайда болып отырған дәл осы 5—10 ha тобы 1882 жылдан 1895 жылға дейін шаруашылықтардың саны жағынан да, жерінің көлемі жағынан да, *бәрінен де артық көбейген* болып шықты. Тиісті мәліметтер мынадай:

Жалпы санға проценттік қатынасы

	шаруашылықтар		барлық жер көлемі		ауыл шар. жердің көлемі	
	1882	*1895*	*1882*	*1895*	*1882*	*1895*
5—10 ha	10,50	10,90 + 0,40	11,90	12,37 + 0,47	12,26	13,02 + 0,76
10—20 »	7,06	7,07 + 0,01	16,70	16,59 — 0,11	16,48	16,88 + 0,40

10—20 ha тобында шаруашылықтар санының өсуі тіпті мардымсыз; олардың барлық жер көлемінің үлесі тіпті кеміп отыр, ал ауыл шаруашылығындағы жер көлемінің өсуі 5—10 ha тобындағы шаруашылықтардікінен анағұрлым кем. Демек, орта шаруалар шаруашылықтары көбінесе (кейде тіпті барлығы) 5—10 ha тобының, яғни жұмыс көлігін пайдалану жөнінде шаруашылық жағдайлары тіпті нашар топтың есебінен өсіп отыр.

Сонымен, біз орта шаруалар шаруашылықтарының атышулы өсуінің шын мәнін статистиканың даусыз айқындап бергенін көріп отырмыз: мұның өзі молшылықтың артуы емес, *мұқтаждықтың артуы*, ұсақ егіншіліктің прогресі емес, қайта *оның кері кетуі*. Егер орта шаруалар шаруашылықтары өз шаруашылығының жағдайларын *бәрінен де бетер* нашарлатып алса, дала жұмыстарына сиырды басқалардың бәрінен көп қолдануға тиісті болса, онда біз шаруашылықтың тек осы жағына (және жалпы шаруашылықтың ең маңызды жақтарының біріне) қарап, шаруашылықтың барлық басқа жақтары туралы да қорытынды жасауға хақымыз бар екені былай тұрсын, тіпті қайта осылай етуге міндеттіміз де. Егер аты жоқтардың (орыс оқушыларына таныс және осы жағдайға толық сай келетін терминді қолдан-

ғанда) саны көбейсе, егер жұмыс көлігінің құрамы нашарласа — онда жалпы малдың күтімінің де нашарлағанына, жердің бабының нашарлағанына, егіншінің ішіп-жемі мен тұрмыс жағдайының нашарлағанына еш күмәндануға болмайды, өйткені шаруалар шаруашылығында малдың күтімі неғұрлым нашар болып, малдың жұмысы неғұрлым ауыр болса, адамның да тұрмысы соғұрлым нашарлап, жұмысының соғұрлым ауырлайтыны және керісінше болатыны жұрттың бәріне және әркімге де мәлім. Klawki-дің тәптіштелген зерттеуінен біздің жоғарыда шығарған қорытындыларымызды Германияның барлық ұсақ шаруалар шаруашылықтары туралы жаппай мәліметтер толық растайды.

IX

ГЕРМАНИЯДАҒЫ СҮТ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТІКТЕРІ. ГЕРМАНИЯДАҒЫ СЕЛО ХАЛҚЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАЙЫ

Біз жұмыс көлігі туралы мәліметтерге соншалықты егжей-тегжейлі тоқтадық, өйткені мұның өзі — былайша айтқанда, шаруашылықтың ішкі жағына, оның құрал-жабдығына, оның жолға қойылуына көз жіберуімізге мүмкіндік беретін бірден-бір мәліметтер (жоғарыда біз талдаған машиналар туралы мәліметтерден басқа). Басқа мәліметтердің бәрі — жер көлемі туралы мәліметтер (бұл мәліметтерді біз жоғарыда келтіргенбіз), малдың саны туралы мәліметтер (бұларды біз қазір келтіреміз) — шаруашылықтың тек сыртқы жағын ғана суреттейді, көрер көзге тең емес нәрселерді тең етіп көрсетеді, өйткені жердің бапталуы, демек, егіннің шығымы, малдың сапасы мен оның өнімділігі түрлі шаруашылықта түрліше болады. Бұл айырмашылық жұрттың бәріне мәлім факт бола тұрса да, жалпы статистиканың есептерінде осы айырмашылықты әдетте ұмытып кетеді, тек машина мен жұмыс көлігі туралы мәліметтер ғана бұл айырмашылықты есепке алуға аздап та болса мүмкіншілік береді, бұл айырмашылық кімнің пайдасына (жалпы және тұтас алғанда) шығатынын көрсетеді. Егер ірі шаруашылықтар тек статис-

тика есепке алатын ғана ерекше күрделі және қымбат машиналарды көп пайдаланатын болса, онда ірі шаруашылықтарда статистика есепке алмайтын басқа құралдардың бәрінің де (плугтар, тырмалар, арба және басқалар) сапасы жақсы екені, бұлардың әрбір жеке шаруашылықта толығырақ екені және толығырақ (шаруашылықтардың көлемі үлкен болғандықтан) пайдаланылатындығы айқын. Жұмыс көліктері жөнінде де осыны айтуға болады. Ұсақ қожайын бұл артықшылықтарға амалсыздан өзінің ынтасы мен үнемшілдігін қарсы қояды (күн көру үшін күресте оның басқа құралы жоқ), міне, сондықтан да оның бұл қасиеттері — кездейсоқ нәрсе емес, ол капиталистік қоғамда ұсақ шаруаны әрқашан және сөзсіз айырып сипаттайды. Буржуазияшыл экономист (басқа да барлық мәселелер жөніндегідей, осы мәселеде де соның соңында сүйретіліп жүретін осы күнгі «сыншы» да) мұны ұқыптылықтың, шыдамдылықтың, тағы басқалардың ізгі үлгісі деп атайды (Гехт пен Булгаковты салыстырыңыз), сөйтіп мұны шаруаның сіңірген еңбегі деп санайды. Социалист мұны шамадан тыс ауыр еңбек (Ueberarbeit), кем тұтынушылық (Unterkonsumption) деп атайды, сөйтіп мұны капитализмнің кінәсі деп санайды, әлеуметтік қорлаушылықты игілікті іс деп дәріптеп, сол арқылы бұл қорлаушылықты мәңгі қалдыруға тырысатын маниловшыл сөздердің басынан аяғына дейін жалған екенін шаруаларға түсіндіруге тырысады.

1882 және 1895 жылдары герман егіншілерінің түрліше топтарының арасында малдың қалай бөлінгені жөніндегі мәліметтерге көшейік. Бұл мәліметтердің басты нәтижелері мынау:

Относительді сандары:

	Барлық мал (құны бойынша)			Сиыр малы			Шошқа		
	1882	*1895*	±	*1882*	*1895*	±	*1882*	*1895*	±
0— 2 ha	9,3	9,4	+ 0,1	10,5	8,3	— 2,2	24,7	25,6	+ 0,9
2— 5 »	13,1	13,5	+ 0,4	16,9	16,4	— 0,5	17,6	17,2	— 0,4
5— 20 »	33,3	34,2	+ 0,9	35,7	36,5	+ 0,8	31,4	31,1	— 0,3
20—100 »	29,5	28,8	— 0,7	27,0	27,3	+ 0,3	20,6	19,6	— 1,0
100 және одан көп ha	14,8	14,1	— 0,7	9,9	11,5	+ 1,6	5,7	6,5	+ 0,8
Барлығы	100	100	—	100	100	—	100	100	—

Сонымен, малдың жалпы санында ірі шаруашылықтың үлесі кеміп, орта шаруалар шаруашылықтарының үлесі бәрінен де артық өсіп отыр. Мәліметтер малдың құны жөнінде болса да, барлық малдың саны туралы айтып отырмыз, өйткені статистиктердің түрліше топтардағы әрбір малдың бағасы бірдей деп ұйғаруы көрер көзге дұрыс емес. Малдың құны туралы мәліметтер малдың түрлі түліктерін қосуға мүмкіншілік бере отырып (малды ірі қараға шағу арқылы да мұның нәтижесін шығаруға болар еді, бірақ бұл бізден жаңадан есеп жұмысын керек етер еді, ал қорытындыны аздап болса да елеулі түрде өзгерте алмас еді), барлық жұмыс көліктерінің нақты құнына қарай емес, нақ санына қарай бөлініп отырғанын көрсетеді. Ірі қожайындардың малы ұсақ қожайындардың малына қарағанда тәуір болатындықтан және ол ұсақ қожайындардың малына қарағанда (құрал-саймандардың жақсартылуына қарап айтқанда) көбірек жақсара түсуі ықтимал болғандықтан, бұл мәліметтер ірі шаруашылықтың шын артықшылығын аса елеулі дәрежеде кемітіп көрсетеді.

Малдың жеке түліктеріне келсек, ірі шаруашылықтың үлесінің кемуі тұтасынан саудалық қой шаруашылығының құлдырауынан болып отырғанын көрсетіп өту қажет: 1882 жылдан 1895 жылға дейін қой саны 21,1 миллионнан 12,6 миллионға, яғни 8,5 миллионға кеміген, ал бұл кеміген барлық қойдың 7 миллионы 20 және одан көп hа жері бар шаруашылықтардың үлесіне тиеді. Германиядағы саудалық мал шаруашылығының дамыған салаларына — әсіресе сүтті және етті мал шаруашылығы жататыны мәлім. Сондықтан біз сиыр малы мен шошқа туралы мәліметтерді алып отырмыз, оның үстіне мал шаруашылығының бұл салаларының екеуінде де ірі шаруашылықтың (100 және одан > hа жері бар) *мықтап* алға басқанын көріп отырмыз: сиыр малы мен шошқаның жалпы санында ірі шаруашылықтың алатын үлесі өте үлкен. Бұл фактіге неғұрлым көбірек көңіл бөлу керек болатын себебі: мал өсіретін шаруашылықтың көлемі әдетте егіншілікпен айналысатын шаруашылықтың көлемінен кем болады, міне, сондықтан капиталистік ірі шаруашылықтың емес, ка-

питалистік орта шаруашылықтың тезірек өсуін күтуге болушы еді. Жалпы қорытынды (малдың сапасы жөнінде емес, саны жөнінде) мынадай болуы тиіс: саудалық қой шаруашылығының қатты құлдырауынан бәрінен де көп зиян шеккен ірі қожайындар болды, ал сиыр малы мен шошқа өсіруді анағұрлым (ұсақ және орта шаруашылықтарға қарағанда) көбейту арқылы олар бұл кемістіктің орнын толтыра алған жоқ, тек қана азайтты.

Сүтті мал шаруашылығы туралы әңгіме еткенде, біз бұл мәселе жөнінде герман статистикасындағы, біздің білуімізше, аса сабақ боларлық және пайдаланылмаған мәліметтерді елемей кете алмаймыз. Бірақ енді мұның өзі техникалық өндірістердің егіншілікпен қосылуы жөніндегі жалпы мәселеге жатады және Булгаков мырзаның фактілерді тағы да соранқы түрде бұрмалауы себепті бұл мәселеге біздің тоқтап өтуіміз керек болып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін техникалық жолмен өңдеу ісінің егіншілікпен бірігуі егіншіліктегі ерекше капиталистік прогрестің ең айқын белгілерінің бірі болып табылатындығы белгілі. Булгаков мырза «Началода»-ақ былай деген болатын: «Менің пікірімше, Каутский бұл бірігудің маңызын шегінен асыра әсірелеп жіберген: егер статистиканың мәліметтерін алып қарасақ, онда өнеркәсіппен осы түрде байланысты болып отырған жердің көлемі өте болмашы ғана» (№ 3, 32-бет). Дәлелі өте әлсіз, өйткені Булгаков мырза бұл бірігудің техника жағынан прогрестігін теріске шығаруға бата алмайды, ал ең басты мәселеге — бұл прогрестің иесі ірі өндіріс пе немесе ұсақ өндіріс пе деген мәселеге — ол тіпті жоламайды. Ал бұл мәселеге статистика өте айқын жауап беретін болғандықтан Булгаков мырза өзінің кітабында... sit venia verbo!.. * қулыққа салынады. Ол техникалық өндірістердің белгілі бір түрімен біріккен шаруашылықтардың (топтары бойынша емес, жалпы бәрінің!) процентін келтіреді де, былай дейді: «Бұлар көбінесе ірі шаруашылықтармен біріккен екен деп ойламау керек» (II, 116). Қайта нақ керісінше, аса

* — былайша айтқанда! *Ред.*

құрметті профессор мырза: атап айтқанда нақ осылай деп ойлау керек, ал сіздің кестесымағыңыз (техникалық өндірістермен біріккен шаруашылықтардың *сол* топтағы барлық шаруашылықтардың қанша проценті болатындығын *көрсетпейтін)* тек мәселемен таныстығы жоқ немесе аңғал оқушыны ғана адастырады. Қант, арақ, крахмал, сыра заводтарымен және диірмендермен біріккен шаруашылықтардың санын (демек, бұлардың барлық қосынды саны егіншілік шаруашылықтарының техникалық өндірістермен біріккен *реттерінің* санын көрсетеді) қосып, бірге келтірсек (кітап бетін цифрлармен шұбарламау үшін), мынадай болып шығады:

	Шаруашылықтардың барлық саны	Техникалық өндірістермен бірігу реттерінің саны	%[96]
0— 2 ha	3 236 367	11 364	0,35
2— 5 »	1 016 318	13 542	1,33
5— 20 »	998 804	25 879	2,59
20—100 »	281 767	8 273	2,97
100 және одан да көп ha	25 061	4 006	15,98
Барлығы	5 558 317	63 064	1,14
1 000 және одан да көп ha жері бар шаруашылықтар	572	330	57,69

Сонымен, техникалық өндірістермен біріккен шаруашылықтардың проценті ұсақ шаруашылықта өте мардымсыз, тек ірі шаруашылықта ғана ол көлемді мөлшерге жетіп отыр (бірігу латифундияларда орасан зор, бұлардың *жартысынан көбі* осы бірігудің пайдасын көріп отыр). Егер біз машина мен жұмыс көлігі туралы жоғарыда келтірілген мәліметтерді осы фактімен салыстырып қарасақ, онда «ірі шаруашылық — шаруашылық прогресінің үлгісі, ал ұсақ шаруашылық — регресінің үлгісі» дейтін «консервативтік» марксистердің «қиялы» (II, 260-бет) туралы Булгаков мырзаның дәмемен айтқан сөздерінің мүлдем түкке тұрмайтынын оқушы өзі-ақ түсінеді.

«Анағұрлым көпшілігі (арақ жасауға жұмсалатын қант қызылшасы мен картоп),— дейді Булгаков мырза одан әрі,— ұсақ шаруашылықтарда өндірілген».

Мүлдем керісінше: *нақ ірі шаруашылықтарда* өндірілген:

	Қант қызылшасын еккен шаруашылықтар саны	Барлық шаруашылық санына шаққандағы %	Қызылша егісінің көлемі, гектар есебімен	%	Техника жолымен өңдеу үшін картоп еккен шаруашылықтар саны	Барлық шаруашылық санына шаққандағы %
0— 2 ha	10 781	0,33	3 781	1,0	565	0,01
2— 5 »	21 413	2,10	12 693	3,2	947	0,09
5— 20 »	47 145	4,72	48 213	12,1	3 023	0,30
20—100 »	26 643	9,45	97 782	24,7	4 293	1,52
100 және одан да көп ha	7 262	28,98	233 820	59,0	5 195	20,72
Барлығы	113 244	2,03	396 289	100	14 023	0,25
1000 және одан да көп ha жері бар шаруашылықтар	211	36,88	26 127	—	302	52,79

Яғни, техникалық жолмен өңдеу үшін қызылша мен картоп еккен шаруашылықтардың проценті тағы да ұсақ шаруашылықтарда өте мардымсыз, ірі шаруашылықтарда едәуір және латифундияларда өте көп болып отыр. Қызылша егілген жердің көлеміне қарағанда, қызылшаның басым көпшілігі — 83,7 проценті — ірі шаруашылықтарда өндіріледі *.

* Булгаков мырзаның техникалық өндіріс жөніндегі пікірінің ылғи... сәтсіздікке ұшырауы соншама таңданарлық, бізде лажсыз мынадай сұрау туады: бұл сәтсіздік, неміс анкетасында келтірілген шағын кестені көшіріп алғанда бұл шағын кестелердегі техникалық өндіріспен біріккен шаруашылықтардың саны *әсте де сол топтағы шаруашылықтардың барлық санына* шаққан процентік қатынас емес екенін Булгаков мырзаның *аңғармағандығынан* болған жоқ па екен? Бір жағынан, қатал ғалымның «зерттеуінде» мұндай толып жатқан ағаттық (тәкаппарсынған қорытындыларымен қатар) болады деп ойлау қиын. Екінші жағынан, Булгаков мырзаның кестесі мен анкетаның кестесі (S. 40* және 41*) дәлме-дәл бірдей екені күмәнсыз. Апырай, осы «қатал ғалымдар-ай!»

Нақ осы сияқты, Булгаков мырза сүт шаруашылығындағы «ірі шаруашылықтың үлесін» де мүлдем анықтай алмаған (II, 117), ал саудалық мал шаруашылығының бұл саласы бүкіл Европада ерекше тез дамып отырғандардың қатарына қосылады және сондай-ақ ауыл шаруашылық прогресі белгілерінің бірі болып табылады. Қалаларда сүт және сүт өнімдерін сататын шаруашылықтар жөніндегі мәліметтер мынадай:

	Мұндай шаруашылықтардың саны	Жиынына шаққанлағы %*	Топтағы барлық шаруашылықтарға шаққандағы %	Бұлардағы сиыр саны	Жиынына шаққандағы %	1 шаруашылыққа келетін сиыр
0— 2 ha	8 998	21,46	0,3	25 028	11,59	2,8
2— 5 »	11 049	26,35	1,1	30 275	14,03	2,7
5— 20 »	15 344	36,59	1,5	70 916	32,85	4,6
20—100 »	5 676	13,54	2,0	58 439	27,07	10,3
100 және одан да көп ha	863	2,06	3,4	31 213	14,46	36,1
Барлығы	41 930	100,0	0,8	215 871	100	5,1
1000 және одан да көп ha жері бар шаруашылықтар	21	—	3,7	1 822	—	87,0

Сонымен, ірі шаруашылықтар мұнда да алда болып отыр: шаруашылық неғұрлым ірі болған сайын сүт саудасына қатысушы село қожайындарының проценті де соғұрлым жоғары, ал латифундияларда ол процент бәрінен де жоғары («латифундияға айналып азғындау»). Мәселен, орта шаруалар шаруашылықтарына (5—20 ha) қарағанда, ірі шаруашылықтар (100 және одан > ha) қалаға сүтті екі еседен артық жиі (3,4% және 1,5%) сатады.

Ірі (жер көлемі жағынан) шаруашылықтардың сүт шаруашылығы да ірі екені 1 қожайынға келетін сиырдың саны жөніндегі мәліметтерден көрінеді: 100 және одан > ha жері бар қожайынға 36 сиырдан, ал латифундияларда тіпті 87 сиырдан келеді. Жалпы алғанда

* Булгаков мырзаның қандай тәсілдер қолданатынын оқушының айқын көруі үшін біз осы бағананы келтіріп отырмыз, өйткені ол өзінің қорытындыларын дәлелдеу үшін тек осы (анкетадан алынған) бағанаға ғана сүйенеді!

айқын капиталистік шаруашылықтың (20 және одан > ha) үлесі қожайындардың жалпы санының ішінде мардымсыз болса да (5,52%) және қалаға сүт сататын шаруашылықтардың ішіндегі үлесі өте болмашы болса да (15,6%), сүті қалаға сатылатын барлық сиырлардың 41,5 проценті солардың қолында болып отыр. Нақ капиталистік шаруашылықтың прогресі мен саудалық мал шаруашылығының осы саласының капиталистік шоғырлануы болып отырғаны, демек, күмән туғызбайды.

Бірақ жер көлеміне қарай алынған шаруашылықтардың топтары жөніндегі мәліметтер сүт шаруашылығының шоғырлануын тіпті де толық сипаттай алмайды. Жер көлемі тең, бірақ жалпы мал саны, атап айтқанда сауын малы тең емес шаруашылықтар болуы мүмкін және болуға тиіс екені енді apriori * түсінікті. Ең алдымен *барлық* сиыр малының және сүті қалаға сатылатын барлық сиырлардың шаруашылықтар арасында қалай бөлінгенін салыстырып көрелік.

	Барлық сиыр малының	Қалаға сүті сатылатын сиыр санының	Айырмасы
	проценттік үлесі		
0— 2 ha	8,3	11,6	+3,3
2— 5 »	16,4	14,0	—2,4
5— 20 »	36,5	32,8	—3,7
20—100 »	27,3	27,1	—0,2
100 және одан да көп ha	11,5	14,5	+3,0
Барлығы	100,0	100	

Сонымен, нақ *орта шаруалар* шаруашылықтарының жағдайы *бәрінен де нашар* екенін біз тағы да көріп отырмыз: бұл топ қалаға сүт сату үшін (яғни сүт шаруашылығының ең тиімді саласы үшін) қолындағы барлық ірі қараның ең аз бөлігін пайдаланады. Ал ірі шаруашылықтар, керісінше, өте тиімді жағдайда болып

* — күнілгері. *Ред.*

отыр, олар қалаға сүт сату үшін қолындағы барлық ірі қараның * көбін пайдаланады. **Мұнан** да гөрі тиімді жағдайда тұрған — қалаға сүт сату үшін қолындағы ірі қарасының *ең көбін* пайдаланатын нағыз ұсақ қожайындар болып отыр. Демек, бұл шаруашылықтарда қазірдің өзінде-ақ арнаулы «сүт» фермалары дамып келеді, бұл шаруашылықтар үшін егіншілік екінші қатарға ығыстырылып барады немесе тіпті мүлдем болмай отыр (бұл топтағы қалаға сүт сататын 8998 шаруашылықтың 471 шаруашылығында тіпті егістік жер жоқ, ал бұл қожайындарда 5344 сиыр бар, яғни 1 қожайынға 11,3 сиырдан келеді). Егер герман статистикасының мәліметтеріне сүйене отырып, 1 және 2 сиыры бар шаруашылықтарды бөліп шығарсақ, біз егістік жерінің көлемі жағынан бірдей болып отырған топтың ішінде сүт шаруашылығының қалай шоғырланғаны туралы қызық мәліметтерді көреміз.

Сүт өнімдерін қалаға сататын шаруашылықтар

	Шаруашылықтар саны	Оның ішінде: 1 сиыры бары	2 сиыры бары	3 және одан көп сиыры бары	Бұл соңғылардың сиыры	Немесе 1 шаруашылыққа келетіні	Барлық сиырлар
0—50 ар**	1 944	722	372	850	9 789	11,5	11 255
50 ар—2 ha	7 054	3 302	2 552	1 200	5 367	4,5	13 773
0—2 ha	8 998	4 024	2 924	2 050	15 156	7,4	25 028
2—5 »	11 049	1 862	4 497	4 690	19 419	4,3	30 275

Егістік жері өте аз (0—$^1/_2$ ha) шаруашылықтардың ішінде біз сүт шаруашылығының мықтап шоғырланғанын көреміз: бұл қожайындардың жартысынан азының (1944-тің 850) қолында осы топтағы барлық сиырдың $^9/_{10}$ бөлігіне жуығы (11 255-тің 9789) бар, орта есеппен 11,5 сиырдан келеді. Бұлар енді әсте «ұсақ» қожайындар емес,— бұлар, бәлкім, жылына бірнеше мың мар-

* Бұл айырмашылықты ірі қараның ішіндегі өгіздердің проценті бірдей болмауы себепті түсіндіруге болмайды, өйткені барлық ірі қараның ішіндегі өгіздердің (ең болмағанда дала жұмыстарына пайдаланып жүрген өгіздердің) алатын проценті, орта шаруалар шаруашылығынан гөрі, ірі шаруашылықтарда жоғары болып отыр.

** — ар — гектардың жүзден бірі. *Ред.*

қаға (әсіресе үлкен қалалардың маңында) жететін айналымы бар және, сірә, жұмысшы жалдамай тұра алмайтын қожайындар. Қалалардың тез өсуі мұндай «сүт фермерлерінің» санын үздіксіз көбейте береді, сондықтан мұқтаждықтан жаншылған ұсақ шаруалар бұқарасын жұбату үшін, оларға сүт шаруашылығының, темекі егудің және басқаларының арқасында «адам қатарына қосылған» оның бірен-саран әріптесін үлгі етіп көрсететін Гехттер, Давидтер, Герцтер және Черновтар, әрине, қашан да табылып тұрады.

$^1/_2$—2 ha жері бар шаруашылықтар тобындағы қожайындардың бестен бірінен азының (7054-тің 1200) қолында барлық сиырдың бестен екі бөлегінен астамы (13 773-тің 5367) бар екенін көріп отырмыз; 2—5 ha тобындағы қожайындардың жартысына жетпейтіндердің (11 049-дың 4690) қолында барлық сиырдың бестен үш бөлегінен астамы (30 275-тің 19 419) болып отыр және т. т. Өкінішке қарай, неміс статистикасы қолында едәуір көп сиыры бар топтарды бөліп шығаруға мүмкіншілік бермейді*. Бірақ *капиталистік егіншіліктің*

---

* Дұрысын айтқанда, неміс статистикасының мәліметтерін *екшегеннен* мұндай мүмкіншілік тумайды, өйткені анкета авторларының қолында — әрбір шаруашылық туралы жеке алынған (өздеріне жіберілген листоктарға село қожайындарының жазған жауабы бойынша алынған) мәліметтер болды. Реті келгенде айта кетелік: әрбір шаруашылық туралы мәліметті бұлайша жеке-жеке жинау неміс ауыл шаруашылығы статистикасының француз, сондай-ақ, тегі ағылшын және басқа елдердің статистикасынан өзгеше ерекшелігі болып табылады. Мұндай система түрліше типтегі шаруашылықтарды жер көлемінің мөлшеріне қарай ғана емес, сонымен қатар, мәселен, сүт шаруашылығының мөлшеріне қарай да, машинаны пайдалануына, техникалық өндірістердің дамуы дәрежесіне және т. т. қарап да бөлуге мүмкіндік туғызады. Бұл үшін тек статистиканың деректерін мейлінше мұқият талдау керек, атап айтқанда: біріншіден, шаруашылықтарды бір белгісіне (жер көлеміне) қарай емес, бірнеше белгілеріне (машинаның, малдың саны, арнаулы дақылдық егіс көлемі және басқаларына) қарай топтастыру керек, ал екіншіден, түрліше топтарды құрастыра қарау керек, яғни әрбір топты, мәселен, жерінің көлемі бойынша алынған топты, малдың санына және басқаларға қарай кішкене топтарға бөлу керек, т. т. Бұл жөнінде орыс земствосының шаруалар шаруашылығы жөніндегі статистикасы [97] үлгі бола алар еді және үлгі болуға тиісті де болар еді. Немістің үкімет статистикасы мәліметтерінің көлемі және толықтығы, бірыңғайлылығы, дәлдігі жағынан және ол мәліметтерді екшеу мен жариялаудың шапшаңдығы жағынан, орыстың *үкімет* статистикасынан қаншалық жоғары болса, біздің *земство* статистикасы да, жеке деректердің тамаша толықтығы және оларды тәптіштеп талдауы жағынан, Европадағы жеке анкеталар мен зерттеулерден соншалық жоғары тұр. Үй басы сайын зерттеу жүргізуді де, түрліше топтастырылған кестелерді де және, біз айтқан, құрама кестелерді де орыстың земство статистикасы әлдеқашан қолданды. Европалықтар біздің земство статистикасымен жақынырақ танысса, бұл, сірә, жалпы әлеуметтік статистика прогресіне күшті қозғауыш болар еді.

шоғырлануы шынында бір ғана жер көлемінің статистикасының деректеріне қарап ойлауға болатынынан *әлдеқайда күшті деген* жалпы қорытындыны осы келтірген мәліметтер де толық растайды. Мұндай статистика жер көлемі және астық өндіру мөлшері жағынан кішкене шаруашылықтарды сүт немесе ет өндіретін мал шаруашылығының, жүзім, темекі, огород шаруашылығының және басқаларының мөлшері жағынан ірі шаруашылықтармен қосып жібереді. Әрине, астық өндірісімен салыстырғанда, бұл салалардың бәрі де әлдеқайда екінші қатарда қалып қояды, сондықтан белгілі *жаппай* қорытындылар жер көлемі туралы мәліметтер жөнінде де өзінің толық маңызын жоғалтпайды. Алайда, біріншіден, саудалық егіншіліктің кейбір арнаулы салалары нақ сол Европада өте-мөте тез өсіп келеді және оның *капиталистік* эволюциясының процесіне ерекше тән болып отыр, ал, екіншіден, жеке мысалдарға немесе аудан жағдайларына сүйенгенде де осы айтылған жағдай үнемі ескерусіз қалып отырады, сөйтіп бұл жөнінде мещандық апологетикаға өте кең өріс ашылады, ал оның үлгісін бізге Гехт, Давид, Герц, Чернов көрсетіп отыр. Олар темекі өсірушілерді дәлелге келтірді, бұлар, өздерінің шаруашылығының жалпы жер көлемі жағынан, «echte und rechte Kleinbauern» * болғанымен темекі шаруашылығының көлемі жағынан тіпті де ұсақ «қожайындар» емес, ал егер темекі шаруашылығы туралы мәліметтерді арнайы алсақ, біз темекі шаруашылығында да капиталистік шоғырланудың болып отырғанын көреміз. Мәселен, 1898 жылы бүкіл Германияда 17,6 мың ha жерге темекі егетін 139 мың темекі өсіруші болған деп есептелген, бірақ осы 139 мыңның 88 мыңында, яғни 63 процентінде, барлығын қосып алғанда 3,3 мың ha-дан аспайтын темекі егісі болған, яғни мұның өзі барлық темекі егісінің не бары бестен бірі болып табылады; барлық темекі егісінің қалған бестен төрті қожайындардың 37 процентінің қолында болып отыр **.

---

* — «нағыз ұсақ шаруалар». *Ред.*

** «Die deutsche Volkswirtschaft am Schlusse des 19 Jrhd.». Brl. 1900, S. 60 («19 ғасырдың аяқ кезіндегі немістің халық шаруашылығы», Берлин, 1900 ж., 60-бет. *Ред.*); бұл есеп фискальдық статистиканың өте

Жүзім шаруашылығында да нақ осындай. Жалпы алғанда «орташа» жүзімдіктің көлемі, мәселен, Германияда өте аз: 0,36 гектар (344 850 қожайынның 126 109 ha жүзімдігі бар). Ал жүзім егушілердің жікке бөлінуі мынадай: бұлардың 49 процентінде (20 аг-ға дейін жүзімдігі бар) барлық жүзімдіктің тек 13 проценті бар, 30% «орта» қожайындарда (20—50 аг)—26%, ал 20% ірі қожайындарда ($^1/_2$ ha және одан көп) жүзімдіктің 61 проценті, яғни бестің үшінен көбі бар *. Саудалық огород шаруашылығының (Kunst- und Handelsgärtnerei) шоғырлануы мұнан да күшті: бұл шаруашылық үлкен қалалардың, ірі темір жол станцияларының, индустриялы поселкелердің және басқалардың өсуіне тікелей байланысты болып, барлық капиталистік елдерде тез өсіп келеді. 1895 жылы Германияда саудалық огород егетін 32 540 шаруашылық болған, бұларда 23 570 гектар огород егетін жер бар деп есептелген, орта есеппен әр шаруашылыққа бір гектардан кемірек келеді. Бірақ бұл жердің жартысынан көбі (51,39%) 1932 қожайынның, яғни барлық огород егушілердің 5,94 процентінің қолында болған. Бұл ірі қожайындардың огород егетін жерінің және ауыл шаруашылығына керекті басқа жерінің қаншалықты көп екенін мына цифрлардан көруге болады: 2—5 ha огороды бар 1441 огород-

дөрекі деректері бойынша шығарылған. Россия жөнінде темекі өсіру шаруашылығының қалай бөлінгені туралы Полтава губерниясының үш уезі бойынша мынадай мәлімет бар: темекі егетін барлық 25 089 шаруалар шаруашылығының 3015 шаруашылығында (яғни $^1/_8$-нен кемінде) 146 774 десятина астық егісінен 74 565 десятина астық егістері бар, яғни жартысынан көбі, ал 6844 десятинадан 3239 десятина темекі егісі бар, яғни жартысына жақын. Бұл шаруашылықтарды темекі егісінің көлемі жағынан топтастырғанда мынадай болып шығады: 324 шаруашылықтың (25 089-дан) әрқайсысында 2 және одан да көп десятина темекі егісі бар, ал барлығы 6844 десятина жердің бұларда 2360 десятинасы бар. Бұлар — темекі өсіруші ірі капиталистер, олардың жұмысшыларды оңдырмай қанап отырғаны туралы жиі-жиі хабарлар келіп жатады. Не бары 2773 шаруашылықтың ($^1/_{10}$ бөлігінен аздап артық) жарты десятинадан артық темекі егетін жері болған, бұлар 6844 десятина жердің 4145 десятинасына темекі егеді. Қараңыз: «Россиядағы темекі шаруашылығына шолу», II және III кітап. СПБ. 1894.

* Жүзім шаруашылығының өте күшті дамыған жері — Францияда (1800,5 мың гектар) жүзімдіктің шоғырлануы да анағұрлым күшті екенін айта кету өте қызғылықты. Бірақ бұл туралы пікір айту үшін жүзімдіктің жер көлемі туралы жалпы статистиканың деректерімен қанағаттануға тура келеді, өйткені Францияда жеке шаруашылықтардан мәлімет жиналмайды, сондықтан жүзім өсірушілердің саны белгісіз. 10 және одан да көп гектар жері бар қожайындардың қолында: Германияда барлық жүзімдіктің 12,83 проценті, ал Францияда 57,02 проценті бар.

шының огородтық жері орта есеппен 2,76 ha-дан келеді, ал жалпы жері 109,6 ha-дан келеді; 5 ha және одан көбірек огородтық жері бар 491 огородшының огородтық жері орта есеппен 16,54 ha-дан келеді, ал барлық жері 134,7 гектардан келеді.

Сүт шаруашылығына қайта оралайық; бұл шаруашылық жөніндегі мәліметтер Герц капитализмге қарсы ғажайып емге айналдырып отырған кооперациялардың маңызы туралы сұрауға жауап беруімізге көмектеседі. Герц «социализмнің басты міндеті» кооперацияны қолдау деп біледі (S. 21, орысша аудармасында 62-бет; S. 89, орысша аудармасында 214-бет), ал жаңа құдайсымақтарға бар ынтасымен шоқына-шоқына маңдайын жара қылған Чернов мырза осы күннің өзінде-ақ кооперацияның көмегі арқылы «егіншіліктің капиталистік емес эволюциясын» ойлап шығарды. Бұл тәрізді тамаша жаңалықтың теориялық маңызы туралы бізге жалпы төменде бірнеше сөз айтуға тура келеді. Енді біз кооперацияға бас игіштердің сол кооперация арқылы жетуге «мүмкін» боларлық нәрсені (жоғарғы мысалды қараңыз) дәлелге келтіруге құмар екенін атап өтеміз. Ал біз одан да қазіргі капиталистік құрылыста кооперация арқылы шынында не нәрсеге жетуге болатынын көрсетпекпіз. 1895 жылы шаруашылықтар мен кәсіптерге санақ жүргізгенде неміс статистикасы сүт өнімдерін өткізу үшін серіктіктерге (Molkereigenossenschaften und Sammelmolkereien) қатынасқан барлық егіншілік шаруашылықтарының да және әрбір сондай қожайындардағы сүті сатылатын сиырлардың санын да есепке алған. Бұл мәліметтерді, біздің білуімізше,— тек түрліше топтардағы қожайындардың серіктіктерге қатысу дәрежесін ғана емес, сонымен қатар — ең маңыздысы — осы қатысудың, былайша айтқанда, шаруашылық мөлшерін де, яғни серіктікке кіретін әрбір шаруашылықтың сол шаруашылық саласының мөлшерін де (сүті серіктіктер арқылы сатылатын сиырлардың саны) дәл көрсететін бірден-бір *жалпылама* мәліметтер деуге болады. Қожайындардағы жердің мөлшері бойынша бес басты топқа бөлінген осы мәліметтерді келтірейік:

Сүт өнімдерін сату үшін серіктіктерге қатысушы шаруашылықтар

	Мұндай шаруашылықтардың саны	Барлық шаруашылықтардың санына шаққандағы %	Жиынына шаққандағы %*	Олардағы сиыр саны	Жиынына шаққандағы %	1 қожайынға келетін сиыр
0— 2 ha	10 300	0,3	6,95	18 556	1,71	1,8
2— 5 »	31 819	3,1	21,49	73 156	6,76	2,3
5— 20 »	53 597	5,4	36,19	211 236	19,51	3,9
20—100 »	43 561	15,4	29,42	418 563	38,65 } 72,02	9,6
100 және одан да көп ha	8 805	35,1	5,95	361 435	33,37 }	41,0
Барлығы	148 082	2,7	100,00	1 082 946	100,00	7,3
1000 және одан да көп ha жері бар шаруашылықтар	204	35,6	—	18 273	—	89,0

Сонымен, серіктіктерге ұсақ егіншілердің мүлдем болмашы азшылығы ғана—3—5 проценті ғана, қатысады, яғни, сірә, тіпті капиталистік шаруашылықтардың төменгі топтардағы үлесінен де аз үлесі қатысады. Керісінше, көрінеу капиталистік ірі шаруашылықтардың серіктіктерге қатысатындарының проценті тіпті орта шаруалар шаруашылықтарындағыдан үш-жеті есе артық. Ал латифундиялар серіктіктерге бәрінен де гөрі жиі қатысады. «Нағыз ірі серіктіктер кіретін Германияның ауыл шаруашылық сатып алу одағында (Bezugsvereinigung) *1 050 000 село қожайыны* бар» (S. 112, орысша аудармасы — 267, курсив Герцтікі) деп Каутскийге қарсы шығып, *олай болса* серіктіктерге ірі шаруашылықтар (20 ha-дан артық жері бар, барлығы 306 мың қожайын) ғана емес, сонымен қатар шаруалар да қатысады деп қорытынды шығаратын Австрия Ворошиловы — Герцтің шектен тыс аңқаулығы туралы біз енді пікірімізді айта аламыз! Нақ өзінің болжамы (*барлық* ірі қожайындардың серіктіктерге қатысуы) туралы Герц азғана ойланған болса, онда ол мынаны көрер еді: егер ірі шаруашылықтардың бәрі серіктік-

* Булгаков мырза былай дейді: «Мұнда ірі шаруашылықтың үлесі мына цифрлардан айқын көрінеді» (II, 117), сөйтіп *тек* осы цифрларды ғана келтіреді, бұл цифрлар «ірі шаруашылықтың үлесін» ашып көрсетпейді, қайта (басқа цифрлармен салыстырмағанда) *көмескілейді*.

тердің мүшелері санына кірген болса, онда *демек* қалғандарының *азғана үлесі* кіретінін көрер еді — олай болса, Каутскийдің *кооперативтік ұйымшылдық жөнінде де ұсақ шаруашылықтарға қарағанда ірі шаруашылықтардың артықшылығы бар деген* қорытындысы толығынан расталады.

Ал өнімдерін өткізуді серіктіктер ұйымдастыратын сиырлардың саны туралы мәліметтер бұдан да қызық: бұл сиырлардың *басым көпшілігі, төрттен үшіне жуығы* (72%), *капиталистік сүт шаруашылығын жүргізіп* отырған және әр шаруашылық сайын оннан, қырықтан, тіпті сексеннен (латифундияларда) сиыры бар ірі қожайындардың қолында болып отыр. Ал енді Герцті тыңдап көріңіз: «Біз *серіктіктер нақ ұсақ және ең ұсақ қожайындарға ең көп пайда келтіреді деп санаймыз*»... (S. 112, орысша аудармасында 269, курсив Герцтікі). Ворошиловтар барлық жерде де бірдей: Россияда да, Австрияда да, Ворошилов көкірегіне ұрып, «біз солай деп санаймыз» деп өңештесе — оның нақ жоқ нәрсені бар деп санайтынына күмәнданбаңыз.

Немістің аграрлық статистикасының мәліметтеріне жасаған шолуымыздың қорытындысында ауыл шаруашылығымен айналысқан халықтың шаруашылықтан алатын орны жағынан жалпы қалай бөлінгеніне көз салып өтелік. Біз, әрине, тек өз мағынасындағы ауыл шаруашылығын ғана аламыз (неміс статистикасының белгілері бойынша алынатын А 1—6 емес, А 1, яғни балық аулаушыларды, ағаш өнеркәсіпшілерін, аңшыларды егіншілерге қосып есептемейміз), ал одан соң *басты кәсібі* егіншілік болған адамдар жөніндегі мәліметтерді аламыз. Неміс статистикасы бұл адамдарды басты үш топқа бөледі: а) дербес қожайындар (яғни меншік иесі — қожайындар, арендаторлар және басқалар); b) қызметшілер (басқарушылар, старосталар, бақылаушылар, конторшылар және басқалар) және с) жұмысшылар, бұл соңғы топ оның үстіне мынадай төрт қосымша топтарға бөлінеді: c^1) «Семья басының, әкесінің, тумасының және т. б. шаруашылығында жұмыс істейтін семья мүшелері». Басқаша айтқанда, бұ-

лар — *с* тобындағы басқа қосымша топтар жататын жалдама жұмысшылардан өзгеше семьялы жұмысшылар. Сондықтан халықтың әлеуметтік құрамын (және оның капиталистік эволюциясын) зерттеу үшін бұл семьялы қызметкерлерді, әдеттегідей, жалдама жұмысшылармен бір топқа емес, қайта қожайындармен *(а)* бір топқа қосу керек екені айқын, өйткені бұл семьялы қызметкерлер де, шын мәнінде мұраға және т. б. ие болуға правосы бар еншілес адамдар, қожайынның семья мүшелері. Содан соң, қосымша топқа с 2) ауыл шаруашылығындағы батырақтар мен батырақ әйелдер (Knechte und Mägde); с 3) «өз меншігінде жері бар немесе арендаға алған жері бар ауыл шаруашылығындағы күндікшілер мен басқа жұмысшылар (қойшылар, бақташылар)». Демек, бұлар — әрі қожайын, әрі жалдама жұмысшы адамдардың тобы, яғни аралықтағы, өтпелі топ, мұны ерекше орынға қою керек болады. Ақырында, с 4) «тағы да сондай — меншігінде де, арендаға да алған жері жоқ адамдар». Сонымен, біз негізгі үш топты көреміз: I. Қожайындар — жер иелері және қожайындардың семья мүшелері; II. Қожайындар — жер иелері және сонымен бірге жалдама жұмысшылар; III. Жері жоқ жалдама жұмысшылар (қызметшілер, батырақтар мен күндікшілер). Германияның село халқы * 1882 және 1895 жылдары бұл топтардың арасында мына түрде бөлінген:

---

* Біз тек «белсенді» (французша айтқанда; ал немісше — «erwerbsthätige») халық туралы айтып отырмыз, яғни шын мәнісінде егіншілікпен айналысушылар; егіншілік жұмыстарына дұрыс және үнемі қатыспайтын үй жұмысындағы қызметшілер мен семья мүшелері бұл есепке кірмейді. Орыстың әлеуметтік статистикасының дамымай қалғандығы сонша — тіпті осы «active», «erwerbsthätig», «occupied» деген ұғымның айрықша термині де жасалмаған. Петербург халқының кәсіптері жөніндегі мәліметтерді өндегенде Янсон («С.-Петербург 1890 жылдың санағы бойынша») «дербес» деген терминді қолданады, бірақ бұл термин қолайсыз, өйткені «дербес» деп қожайындарды түсінеміз, сөйтіп кәсіпшілік (сөздің кең мағынасында) ісіне қатысуы не қатыспауы бойынша жікке бөлу, адамдардың кәсіпшіліктегі орны (қожайын-жеке басты жұмысшы) бойынша жікке бөлумен араластырылып жіберіледі. «Өндіруші халық» деген терминді алу мүмкін сияқты, бірақ бұл да дәл емес, өйткені, мәселен, әскери адамдар, рантье және басқа таптар енді тіпті де «өндіруші» емес. Мүмкін, «кәсіпшіліктегі» халық деген термин қолайлырақ болар, яғни «кәсіп жасаушылардың» есебінен тұратындар емес, қандай да болса «кәсіпшілік» (=табыс беретін) іске қатысушылар.

	Егіншілікті өзінің басты кәсібі деп санаған белсенді (кәсіпшіліктегі) халық (мың есебімен)			
	1882	*1895*		
а) жер иесі қожайындар	2 253	2 522	+269	
c^1) қожайынның семья мүшелері	1 935	1 899	− 36	
I	4 188	4 421	+233	+ 5,6%
c^2) жері бар жұмысшылар (II)	866	383	−483	−55,8%
I+II	5 054	4 804	−250	
b) қызметшілер	47	77	+ 30	
c^3) батырақтар	1 589	1 719	+130	
c^4) жері жоқ жұмысшылар	1 374	1 445	+ 71	
III	3 010	3 241	+231	+ 7,7%
Барлығы	8 064	8 045	− 19	− 0,2%

Сонымен, барлық белсенді халық аз да болса кеміп отыр. Мұның ішінде біз жері бар халықтың (I+II) азайып, жері жоқ халықтың (III) көбейгенін көріп отырмыз. Мұның өзі *село халқын экспроприациялаудың күшейіп келе жатқанын,* күшейгенде нақ ұсақ жер иелерін экспроприациялаудың күшейіп келе жатқанын айқын көрсетеді, өйткені біз енді ұлтарақтай жері бар жалдама жұмысшылар неғұрлым ұсақ қожайындардың қатарына жататынын білеміз. Онан әрі, жері бар адамдардың ішінен қожайын-жұмысшылар кеміп, қожайындардың саны өсіп отыр. Демек, біз *орта топтардың жойылып, екі шеткі топтардың күшейіп* келе жатқанын көреміз: аралықтағы топ жойылады, *капиталистік қайшылықтар шиеленіседі.* Жалдама жұмысшылардың ішінде мүлде экспроприацияланып болғандардың саны көбейіп келеді де, жері барлардың саны кеми береді; қожайындардың ішінде кәсіпорындардың тікелей иелерінің саны көбейе береді де, семья басының кәсіпорындарында істейтіндердің саны кеми береді. (Бұл соңғы жағдай, сірә, шаруа семьяларының жұмыс істеп жүрген мүшелерінің семья басынан көбінесе ешқандай ақы алмайтынына, сондықтан бұлардың қалаға қашуға өте-мөте бейім тұратынына байланысты болар.)

Егер егіншілік *қосалқы* кәсібі болып есептелетін халық жөніндегі мәліметтерді алсақ, онда бұл адамдар (белсенді немесе кәсіпшіліктегі) санының 3144 мыңнан 3578 мыңға дейін көбейгенін, яғни 434 мыңға артқанын көреміз, ал бұл артушылық түгелінен дерлік қожайындар семьясының жұмыс істеп жүрген мүшелері тобының есебінен болып отыр, бұлар 397 мыңға (664 мыңнан 1061 мыңға дейін) көбейген. Қожайындардың саны 40 мыңға (2120 мыңнан 2160 мыңға дейін) көбейген; жері бар жұмысшылардың саны 51 мыңға (9 мыңнан 60 мыңға дейін) көбейген; жері жоқ жұмысшылардың саны 54 мыңға (351 мыңнан 297 мыңға дейін) кеміген. Мұндай орасан көбеюшілік — 13 жылдың ішінде 664 мыңнан 1061 мыңға жету, яғни 59,8% көбею—тағы да пролетариатқа айналушылықтың күшейгенін көрсетеді; егіншілікті енді өзінің *қосалқы* кәсібі ғана деп есептейтін *шаруалардың*, сондай шаруа семьясы мүшелерінің көбейгенін көрсетеді. Мұндай реттерде басты кәсібі ең алдымен жалданып жұмыс істеу (ал сонан соң ғана ұсақ сауда, қолөнерлік және басқалар) екенін біз білеміз. Егер шаруалар семьяларының барлық жұмыс істейтін мүшелерін, егіншілікті басты кәсіп деп есептейтіндерін де, сондай-ақ егіншілікті қосалқы кәсіп деп есептейтіндерді де бірге қоссақ, онда 1882 ж.—2559 мың; 1895 жылы — 2960 мың болып шығады. Бұл көбею әсіресе жалпы және тұтасынан алғанда саны азайып бара жатқан жалдама жұмысшылармен салыстырғанда қате түсінік және апологеттік қорытындылар жасауға оңай сылтау болуы мүмкін. Ал шындығында бұл жалпы көбеюшілік — егіншілік басты кәсібі болып табылатын шаруа семьясы мүшелері санының *азаюынан* және егіншілік қосалқы кәсібі болатындардың санының *көбеюінен* құралып отыр, сөйтіп бұл соңғылар 1882 жылы шаруа семьяларының жұмыс істейтін барлық мүшелерінің 21,7 проценті ғана болса, 1895 жылы енді 35,8 проценті болып отыр. Сонымен, егіншіліктегі *барлық* халықтың статистикасы пролетариатқа айналудың нақ сол екі процесін — ортодокстік марксизм әрқашан көрсетіп келген және оппортунист сыншылар олардан сондай құрғақ сөздермен жалтаруға тырысатын екі проце-

сін — бізге толық айқын көрсетеді,— бір жағынан, шаруалардың жерсізденуінің күшейе беруін, село халқының экспроприациялануын, оның қалаға шұбыруын немесе жері бар жұмысшыдан жері жоқ жұмысшыға айналуын;— екінші жағынан, шаруалардың «қосалқы табыстарының» дамуын, яғни, пролетариатқа айналудың бірінші сатысы болып табылатын және әрқашан да мұқтаждықтың мықтап күшеюіне (жұмыс күнінің ұзаруы, ішіп-жемнің нашарлауы және басқалар) апарып соғатын — егіншілік пен өнеркәсіптің бірігуін көрсетеді. Егер бұл екі процесті тек сыртқы сипаты жағынан алып қарасақ, бұл екеуі белгілі дәрежеде тіпті бір-біріне қарама-қарсы процестер: жері жоқ жұмысшылардың санының өсуі — және жер иесі — шаруалар семьяларының жұмыс істейтін мүшелері санының өсуі болып табылады. Сондықтан бұл процестерді шатастырып алса немесе бұлардың бірін елемесе, онда нағыз дөрекі қателерге ұрыну қиын емес, мұндай қателердің үлгісі Булгаковтың кітабында [98] қаптап жүр. Ақырында кәсіптердің статистикасы бізге тағы да қызметшілер * санының аса мықтап көбейгенін: 47 мыңнан 77 мыңға, яғни 63,8% өскенін көрсетеді. Пролетариатқа айналудың өсуімен қатар ірі капиталистік өндіріс өсіп отырады, ал мұның өзі қызметшілерді қажет етеді — машиналар неғұрлым көп пайдаланылған сайын, техникалық өндіріс неғұрлым көп дамыған сайын, соғұрлым көп қажет етеді.

Сонымен, «тәптіштегіш» болғансып, қаншама мақтанғанымен Булгаков мырза неміс статистикасының мәліметтеріне мүлде түсіне алмаған. Кәсіптердің статистикасында ол «ауыл шаруашылық еңбегін ұйымдастыруда болған өзгерістердің» (II, 106) көрсеткіші ретінде тек жері жоқ жұмысшылар санының өсуі мен жері бар жұмысшылар санының кемуін ғана көрсетіп өтеді. Бірақ бүкіл Германияның егіншілігіндегі еңбек ұйымдастыруда болған осы өзгеріс, Булгаков мырза үшін егіншіліктегі капитализмнің жалпы құрылысымен жә-

* Булгаков мырза «Началода» бұл факт жөнінде өте орынсыз куақылыққа салынған болады: «армия кеміп отырғанда, офицерлер санының өсуі» дейді. Ірі өндірістегі еңбектің ұйымдастырылуына нағыз қарадүрсін көзқарас!

не жалпы эволюциясымен байланысы жоқ мүлдем кездейсоқ әрі түсініксіз факт болып қалды. Шындығында мұның өзі капитализмнің даму процесінің бір жағы ғана. Булгаков мырзаның пікіріне қарамастан, Германияның егіншілігіндегі техникалық прогресс негізінен алғанда ірі өндірістің прогресі; мұны машинаны пайдалану туралы, жұмыс көлігі бар кәсіпорындардың проценті туралы және жұмыс көлігінің құрамы туралы, ауыл шаруашылығындағы техникалық өндірістің дамуы туралы, сүт шаруашылығының өсуі және басқалар туралы мәліметтер даусыз дәлелдеп отыр. Пролетариатқа айналудың және село халқының экспроприациялануының көбеюі, парцеллалық шаруашылықтар саны мен күн көрісінің негізгі көзі қосалқы табыстар болып отырған шаруалар санының өсуі, өз шаруашылығының жағдайларын басқалардың бәрінен де мықтап нашарлатып алған (аты жоқтар мен дала жұмыстарына сиыр пайдаланатындар процентінің неғұрлым көбірек өсуі), ал олай болса сондай-ақ өзінің бүкіл тұрмыс жағдайы мен жерді күтіп, баптау сапасын да анағұрлым нашарлатып алған орта шаруалар жұртшылығы мұқтаждығының өсуі ірі өндірістің осы прогресімен ажырамастай байланысты.

X

НЕМІС БУЛГАКОВЫ — Э. ДАВИДТІҢ «ЕҢБЕГІ»

Эд. Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітабы Булгаков, Герц, Чернов мырзалардан біз көрген қате тәсілдер мен пікірлердің өте-мөте олақ және қолапайсыз жиынтығы болып табылады. Сондықтан Давид жөнінде біздің мүлде үндемеуімізге болар еді. Бірақ қазіргі уақытта оның «еңбегі» аграрлық мәселеде ревизионизмнің, күмәнсыз, басты еңбегі болып отырғандықтан біз ревизионист мырзалардың ғылыми еңбектерді қалай жазатынын тағы да сипаттап өтуді қажет деп есептейміз.

Ауыл шаруашылығындағы машиналар туралы мәселеге Давид өз кітабының бүтіндей IV тарауын арнайды (орысша аудармасының 115—193-беттері), сонымен қатар нақ осы тақырып жөнінде басқа тарауларда да көп-

теген жеке пікірлер айтады. Автор жүздеген *техникалық* уақ-түйектерді тым тәптіштеп қарастырып, істің саяси-экономикалық мәнін солардың көлеңкесінде қалдырып отыр. Машиналар егіншілікте өнеркәсіптегідей роль атқармайды; егіншілікте орталық мотор жоқ; машиналардың көпшілігі іске тек уақытша ғана қолданылады; машиналардың бір бөлегі өндіріс шығынынан үнем жасай алмайды, т. т. және т. с. Давид мұндай қорытындылар (190—193-беттерді, машиналар туралы мәселе жөніндегі қорытындыны салыстырыңыз) маркстік теорияны бекерге шығарады деп есептейді! Бірақ мұның өзі мәселені анықтау емес, қайта оны бірыңғай шатастыру ғана ғой. Өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда егіншіліктің артта қалғандығына титтей де күмәндануға болмайды. Бұл артта қалушылықты дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Бұл артта қалушылықтың неден көрінетінін пункт-пункт бойынша тізіп көрсете отырып, мысалдар мен шимай-шатақтарды бірінің үстіне бірін үйіп-төгіп, Давид зерттеудің нақтылы мәселесін: машиналарды қолдануда капиталистік сипат бар ма? машиналарды қолданудың өсуі капиталистік егіншіліктің өсуімен байланысты ма? — деген мәселені тек аулақ ысыра түседі.

Давид мәселенің марксист үшін қажетті қойылысының өзін мүлдем түсінбейді. Шын мәнінде, Давидтің көзқарасы бүкіл қоғамдық эволюцияны тұтас алып қараудан қорқып, өзін капитализмнің біршама баяу прогресімен жұбататын ұсақ буржуаның көзқарасы. Мәселен, ауыл шаруашылық машиналары туралы мәселе жөнінде Давид Бензингтен цитат келтіреді, келтіргенде де сансыз көп рет келтіреді (орысша аудармасының 125, 135, 180, 182, 184, 186, 189, 506 және басқа беттері). Біздің Давид материалды өңдеместен, байланыстырмастан, мәселені түсініп қоймастан, мақсат қоймастан, жеке бір нәрседен екінші бір нәрсеге аттап өтіп, оқушыны тура мезі қылады деп айтуға болады. Сондықтан Давид Бензингтің қорытындыларынан ешқандай *тұжырым* жасамайды. Менің 1901 жылы Булгаков мырзаға қарсы айтқандарым бүтіндей Давидке де жатады. 1-ден, Бензингтің тұжырымдарының қорытындысы ма-

шинаны қолданатын шаруашылықтардың машинаны қолданбайтын шаруашылықтардан даусыз артықшылығын көрсетеді (қараңыз, жоғарыда 183-бет*). Бензингке ұсақ-түйек «түзетулер» енгізудің ешқайсысы да қорытындыны өзгертпейді, ал Давид өз кітабына мұндай «түзетулерді» тықпалап енгізе берген. Нақ *Булгаков мырза сияқты Давид те бұл жалпы қорытынды туралы үндемейді!* 2-ден, Бензингтен ұшы-қиыры жоқ, мағынасыз, байланыссыз цитаттар келтіріп, Давид те, Булгаков мырза сияқты, Бензингтің индустриядағы да, егіншіліктегі де машиналарға буржуазиялық көзқараста екендігін *байқамады*. Бір сөзбен айтқанда, мәселенің қоғамдық-экономикалық жағын Давид тіпті түсінбейді де. Ірі шаруашылықтың ұсақ шаруашылықтан артықшылығын көрсететін нақты мәліметтерді ол қорытып, байланыстыра білмейді. Осының нәтижесінде, техниканың артта қалғандығынан, капитализм дамуының баяулығынан үміттенетін мещанның реакцияшыл қыңжылуынан басқа еш нәрсе қалмайды. Оңшыл кадет және «христиандық» ренегат Булгаков мырза теория жағынан оппортунист с.-д. Давидке толығынан сай келеді.

Істің қоғамдық-экономикалық жағын Давид басқа мәселелерде де түсінбейді, мүлде түсінбейді. Оның негізгі қағидасын, оның жақсы көретін пікірін, бүкіл еңбегінің «түйінін»: егіншіліктегі *ұсақ өндіріс* өмірге икемді және ол ірі өндірістен артық дейтін пікірін алып қараңыз. Давидтен ұсақ өндіріс дегеніміз не? — деп сұраңызшы.

29-бетте, ескертуде, сіз мынадай мұқият жауапты табасыз: «Ұсақ өндіріс туралы айтқан реттердің бәрінде де біз оны бөтеннің ұдайы көмегінсіз және қосалқы кәсіпшіліксіз іс істейтін шаруашылық категория деп түсінеміз». Мұның өзі олақ айтылған және оны Гроссман мырза сауатсыз аударған, алайда мұның өзі азды-көпті болса да анық айтылған пікір. Осыдан кейін сіздер Давид ұсақ *(жерінің көлемі бойынша)* егіншіліктің жағдайларын жалдама еңбекті қолдану немесе оны егінші-

* Қараңыз: осы том, 136—137-беттер. *Ред.*

нің сатуы *тұрғысынан* қарап шығады ғой деп ойлайсыңыздар.

Бірақ бұдан түк шықпайды.

Давидтің буржуазияшылдығы басқаның бәрінен де гөрі «ұсақ» егіншілердің жалдама еңбекті қолдануы туралы және бұл ұсақ егіншілердің жалдама жұмысшыларға айналуы туралы мәселені мейлінше елемеуден ап-айқын көрінеді. Мейлінше елемеу дегеніміз — дұп-дұрыс. Бұл туралы статистика мәліметтері неміс статистикасында бар; оларды Каутский өзінің «Аграрлық мәселесінде» қысқаша келтіреді (бұл мәліметтер менде толық келтірілген, қараңыз, 227-бет *). Давид бұл статистиканы біледі және бұл мәліметтерге талдау жасамайды. Давид жекелеген монографияларға толып жатқан сілтемелер жасай отырып, олардың бұл мәселе жөніндегі мәліметтерін *бүтіндей елеусіз қалдырады*. Бір сөзбен айтқанда, мұның өзі ұсақ буржуаның әлді мужиктегі «қызметшілер» туралы мәселе жөнінде мүлдем *жұмған аузын ашпауы* болып табылады.

Мысалдар мыналар.

109-бетте мынаны оқимыз: «Жалпы алғанда, нақ ауыл шаруашылығындағы сияқты огород шаруашылығында да ұсақ өндіріс гүлденіп келеді».

Сіз дәлел күтесіз. Сізге мынаны, *тек* мынаны *ғана* береді:

«1895 жылғы өнеркәсіп ** статистикасының мәліметтері бойынша 32 540 бау-бақша және огород шаруашылығының 13 247-сі = 40% көлем жағынан 20 ар-дан аз болған; 8257-сі = 25% 20 ар-дан 50 ар-ға дейін болған; 5707-сі = 14% 50 ар-дан 1 гектарға дейін болған; 3397-сі = 10% 1 гектардан 2 гектарға дейін болған және тек 1932 = 6% ғана алып отырған жер көлемі 2 гектардан және одан жоғары болған».

Бары осы. Мұның өзі огород шаруашылығында ұсақ өндірістің гүлденуін дәлелдеуге тиіс көрінеді. Мұның өзі агрономияны көп оқыған Давидтің ғылыми еңбегі

* Қараңыз: осы том, 209-бет. *Ред.*

** Мұны, сірә, аударманың редакторы, Гроссман мырза былай деп аударған болу керек: Betriebsstatistik. Орысша аудармаларда береке жоқ! Былай деу керек: «ауыл шаруашылық кәсіпорындары статистикасының».

деп қаралуға тиіс көрінеді. Егер бұл осылай болса, онда біз ғылымдағы шарлатандық деп не аталатындығын түсінуден бас тартамыз.

Тек 6 процентінің ғана 2-ден және одан артығырақ һа жері бар, дейді Давид. Оның осы цифрларды алған нақ сол статистикасында, соның қасында, осы 6 проценттің *жерлерінің мөлшері* туралы мәліметтер тұр. *Давид бұл мәліметтер жайында үндемейді.* Ал оның бұлар жайында үндемейтін себебі — бұлар оның теориясын бұзады. Нақ осы мәліметтер жөнінде мен былай деп жазған болатынмын («Образованиедегі» * мақаланың 220-беті): саудалық огород егілетін барлық жердің «жартысынан көбі, 51,39 проценті 1932 қожайынның, яғни барлық огород егушілердің 5,94 процентінің қолында болған». Осы 1932 огородшының 1441-нің 2—5 һа огородтары бар; олардың огородтық жері орта есеппен 2,76 һа-дан және *барлық жері* 109,6 һа-дан келеді. Орта есеппен огороды 16,54 һа-дан және *барлық жері* 134,7 һа-дан келетін 491 қожайынның бес және одан көбірек гектар огороды бар (бұл да сонда).

Сөйтіп, огородшылардың *тек* 6 проценті бүкіл огородтық жердің 51,39 процентін жинап алып отыр. Бұлар — ірі капиталистер, бұларда огород капиталистік егіншіліктің *қосымшасы* болып табылады (100—135 гектарлық шаруашылықтар). Демек, саудалық огород шаруашылығы капиталистік жолмен орасан зор шоғырланған. Ал Давидтің... «ұсақ өндіріс», яғни жалдама еңбексіз өндіріс «гүлдепіп келеді» деп тұжырымдауға... батылы барады. Саудалық огород шаруашылығында қандай көлемдегі шаруашылықтың жалдама жұмысшылар көмегін керек ететіндігі туралы *ол мәлімет бермейді.*

Ғалым Давид статистикаға осылайша қарайды. Оның монографияларға қарау үлгісі — сол баяғы, Булгаков, Герц, Чернов мырзалар сүйенетін, атышулы Гехт болып отыр (қараңыз жоғарыда, 203—207-беттер **). Давид өз «еңбегінде» Гехтті екі бетте (394—395-беттерде) қайталап айтады. Қайталағанда да *қалай* қайталайды десеңізші? *Жалдама еңбек туралы ләм демейді.*

* Қараңыз: осы том, 232-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 167—176-беттер. *Ред.*

Гехттің, жұмысшыларды ауқатты шаруаларға қосып шатастыра отырып, ұлтарақтай жері бар фабрикалық жұмысшының *«отырықшылығын»* әсірелейтіндігі туралы ләм демейді. Азын-аулақ ауқатты шаруалар «гүлденген» кезде бұқараның мынадай жағдайда болатындығы туралы — керек десе сүтті сата отырып, оны неғұрлым арзанырақ маргаринмен алмастыруға тура келетіндігі туралы ләм демейді.

Давид бұл туралы үндемей ғана қоймайды, ол керек десе — «бұл шаруалардың жоғары өмірлік қажеттері туралы Гехт аса қызықты мәліметтер келтіреді» дейді (395-бет). Мұнан гөрі дөрекі буржуазиялық апологетизмді көзге елестету қиын.

Реті келгенде, неғұрлым арзан маргарин сатып алу үшін шаруалардың сүт сататыны туралы Гехттің осы көрсетуі жөнінде айта кетейік. Мұның өзі — экономист үшін жұртқа барынша мәлім факт сияқты. Капитализм халықтың ішіп-жемін осындай нашарлататыны туралы Маркс 1847 жылы-ақ «Философия қайыршылығында» көрсеткен болатын [99]. Россияда Энгельгардтың [100] тұсынан (70-жылдар) бастап-ақ бұл құбылысты капитализмнің сүт шаруашылығындағы прогресін азды-көпті дұрыстап зерттеген адамдардың бәрі әлденеше рет көрсеткен болатын. «Ғалым» Давид мұны байқамаған. Социалистердің мұндай көрсетулерін ол тіпті сықақ қылады.

Жиынды сүт шаруашылықтары шаруалардың сүт сатуын дамыта отырып, олардың ішіп-жемін нашарлатады деген Каутскийді Давид кітабының 427—428-беттерінде күлкі еткенін оқимыз. Неміс халықшылы Давидті оқушы бар келбетінде бағалай алуы үшін біз оның өз сөздерін келтіреміз:

«...Басқа адамдардың барлығында да, егер көп табыс табатын болса, оның біразын өз қарнының пайдасына жұмсау әдеті бар. Адамның жаратылысы, айталық, сондай, егер оның бұл үшін аз-маздап ақшасы болса-ақ ол жақсы бірдемені бар ықыласымен жейді. Ал барынша адам таңырқарлық нәрсе — серіктіктің арқасында өзінің сүті мен өзінің шошқалары үшін, жалпы жұрттың айтуы бойынша, бұрынғыға қарағанда, көп ақша алған, тек шаруа ғана басқа пенделердің істегенін тіпті де істемейді» т. т., т. т., т. т.

Реакцияшыл мещанның бұл сияқты сайқы мазақ қылжағы, әрине, жауап беруге тұрмайды. Оны оқушы қауымға көрсетудің өзі жеткілікті, оны 550 бетте қаптап жүрген мән-мағынасыз агрономиялық цитаттардың үйіндісі астынан жасағанның жарығына алып шығудың өзі жеткілікті. Мынаны атап көрсетсе жеткілікті: *Давид цитат алып отырған* буржуазияшыл апологет Гехттің өзі де сатылатын сүтті арзан маргаринге алмастыру салдарынан ішіп-жемнің нашарлағанын *факт ретінде* мойындайды. Мұның өзі оңтүстік Германияға, ұсақ шаруалар шаруашылығы басым облысқа қатысты. Біз басқа облыстан — Шығыс Пруссиядан — Klawki-дің (қараңыз, жоғарыда, 213 және 214-беттер *) ұсақ шаруалар «сары май мен қаймағы алынбаған сүтті өте аз тұтынады» деп дәл осыған ұқсас айтқанын білеміз.

Давидтің буржуазиялық апологетизмін оның қозғаған мәселелерінің тіпті барлығынан да көруге болады. Мәселен, ол Германия мен Данияның сүт серіктіктерін кітабының ондаған беттерінде (413—435 және басқа беттер) мадақтайды. Ол статистиканы да келтіреді... тек серіктіктер санының өсуі туралы мәселе жөнінде ғана келтіреді! «Серіктік» сүт өндірісінің капиталистік ірі шаруашылықтардың қолында шоғырлануы (қараңыз, жоғарыда, 242-бет **) жөнінде неміс статистикасының мәліметтерін ол *келтірмейді.* Өздерінің пайдаланып отырған статистикасындағы мұндай мәліметтерді Давидтер байқамайды!

«Серіктіктерге ұйымдасқан Дания шаруалары,— дейді Давид,— тіпті ірі жер иелерінің жеке иеліктегі фермаларынан да асып кетті». Бұдан соң мысал келтіріледі: сынау лабораториясының 46-баяндамасынан помещиктің сары майынан серіктіктердің сары майының сапасы артық екендігі туралы цитат келтіріледі. Сонан кейін Давид былай дейді:

«Бір кезде өздерінің кішкентай шаруашылығында тек сапасы төмен сары май ғана дайындап, онысына ірі иелердің алатын бағасының жартысын әрең алатын шаруалар осындай нәтижеге жетті. Оның бер жағында *бұл арада, шынында, орта және ұсақ*

---

* Қараңыз: осы том, 186—189-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 233—235-беттер. *Ред.*

шаруалар туралы сөз болып отыр (курсив Давидтікі). 1898 жылы Данияда 179 740 сиыр қорасы болған; мұның ішінен тек 7544-нің, яғни 4 процентінің ғана 30-дан және одан да көп сиырлары болған; 49 371-нің, яғни 27,82 процентінің әрқайсысында 10-нан 29-ға дейін сиыр болған. Сиыр қорасының 122 589, яғни 68,97 процентінің 10-ға жетпейтін малы болған. Осы соңғылардың жартысынан көбірегінің, атап айтқанда 70 218 сиыр қорасының,— мұның өзі барлық сиыр қорасының 39,85 проценті болады. 1—3 бас малы болған, яғни ұсақ шаруашылыққа жатқан. Ұсақ шаруа шаруашылықтарының недәуір көпшілігі серіктік ұйымдарға қатысатындығы мынадай факт арқылы дәлелденеді: 1900 жылы, Данияда сауын сиырлардың жалпы саны 1 110 000-ға таяу болып отырғанда, шамамен алғанда 900 000 сиырдың сүті серіктік сүт орындарына тапсырылған» (424-бет).

Ғалым Давид осылайша дәлелдейді. Сиырлар санының әр түрлі топтардағы шаруашылықтарға бөлінуі туралы дәл мәліметтерден ол қашқақтайды, ол бұларды келтіруді жаратпайды. Алайда оның шындықты мүлде бұрмалап отырғандығы оның келтірген үзік-үзік цифрларынан-ақ көрініп тұр. Сиырдың жалпы санын сиыр қораларын олардағы малдың санына қарай болумен салыстырғанда, біз мынадай — *шындығында мөлшерлі* *, бірақ жалпы және тұтас алғанда, шындыққа сөзсіз дәл келетін — жағдайды көреміз:

Дания	Шаруашылықтардың саны мың есебімен	Олардағы сиыр саны мың есебімен	1 шаруашылыққа келетін сиыр
1—3 сиыры бар шаруашылықтар	70	100	1,43
4—9 » » »	52	250	4,81
10—29 » » »	49	550	11,22
30 және одан көп сиыры бар шаруашылықтар	8	200	25,00
Барлығы	179	1 100	6,14

* Бұл цифрлардың мөлшерлі болатын себебі, 1-ден, сиыр саны 1900 жыл бойынша беріліп, ал шаруашылық саны 1898 жыл бойынша берілген; 2-ден, шаруашылықтардың топтары бойынша сиыр санын мөлшермен анықтауға тура келген, өйткені Давидте дәл цифрлар жоқ. Ірі шаруашылықтардың үлесін біз іс жүзіндегіден кем алып отырмыз: 7544 шаруашылықтың әрқайсысының 30-дан және одан да көп сиырлары бар. Мұның өзі, тіпті minimum алғанда да, яғни шаруашылық

1-ден, бұл цифрлардан Данияда сауын малы шаруашылығының шоғырлануы *орасан зор* екені көрінеді. 1100 мың сиырдың 750 мыңы, яғни *жалпы санының үштен екісінен көбірегі, ірі шаруашылықтарға,* 179 мыңның 57 мыңына, яғни қожайындардың жалпы санының үштен бірінен азырағына жатады. Мұндай шаруашылықтар, әрқайсысының 10-нан және одан көп сиыры болғандықтан, сірә, жалдама еңбексіз тұра алмайтын болуы керек. Демек, мал өсіруші шаруашылықтың көлемі бұл арада тіпті де ұсақ емес екенін Давид «байқамаған»; жердің көлеміне қарап Дания қожайындары туралы пікір айтуға болмайды. Капиталистік егіншілікте үнемі және барлық жерлерде болатыны сияқты, мұнда да ұсақ шаруашылықтардың орасан көпшілігі жалпы өндірістің болмашы үлесіне ғана ие болып отырғанын Давид «байқамаған». Ұсақ қожайындар 70 мың, яғни 40 процентке жуық, ал оларда сиырлардың жалпы санының $^1/_{11}$ бар.

Екіншіден, келтірілген цифрлар мынаны көрсетеді: Германиядағы сияқты, Данияда да *серіктіктердің игілігін негізінен капиталистер* көреді. Егер 1100 мың сиырдың ішінен 900 мың сиырдың сүті сүт орындарына тапсырылатын болса, демек, 200 мың сиыр серіктік арқылы өткізудің «игілігінен» *тыс* қалады. Бұлар негізінен алғанда ең ұсақ қожайындардың сиыры, өйткені біз Германия жөніндегі мәліметтерден мынаны көрдік: 2 hа-ға дейін жері бар шаруашылықтарда барлық шаруашылықтардың тек 0,3 проценті ғана сүт серіктіктеріне қатысады, ал 100 және одан да көп hа жері бар шаруашылықтарда — 35,1 проценті қатысады. Демек, осының бәрі ұсақ қожайындар (100 мың сиыры бар 70 мың қожайын) серіктік арқылы өткізудің пайдасын неғұрлым аз көреді деп ұйғаруға мәжбүр етеді.

Данияның мысалы сүт өнімдерін өндіруде атап айтқанда ұсақ және орта шаруашылықтар басым болмай,

---

басына 30 сиырдан алғанда да, 7544×30=226 320 сиыр болады. Біз *кемдеу* цифрды алдық, өйткені бұлай етпесе, ұсақ шаруашылықтардың көлемі топтардың максималдық шегіне емес, минималдық шегіне тым жақындап кетеді.

қайта ірі шаруашылықтардың басым болатынын дәлелдей отырып, Давидті бүтіндей жығып беріп отыр.

Бұл жансыз цифрлар мен кестелерді біраз жандандыру үшін, буржуазиялық егіншіліктің таптық сипатын көрсету үшін (топас мещан Давид мұны мүлде елемей отыр) Даниядағы жұмысшы қозғалысының тарихынан өте бір көрнекті факт келтірейік. 1902 жылы Дания кеме иелері кочегарлардың ақысын кеміттi. Кочегарлар оған стачкамен жауап берді. Барлық порт жұмысшыларының Одағы да жұмысты тоқтатып, бұларды қолдады. Бірақ... стачканы жаппай стачка ете алмады, Данияның барлық порттарына жая алмады. «Дания ауыл шаруашылық өнімдерін шетке шығаруда соншама орасан зор маңызы бар Эсбьерг портын (Данияның батыс жағалауында, Англиямен сауда жасауда аса маңызды) стачкаға тарту мүмкін болмады, себебі Дания ауыл шаруашылық серіктіктері — кемелерге жүк тиеу жұмысына керегінше біз өз мүшелерімізді дереу жібереміз; өз өнімдерін шетке шығару ісін тоқтатуға Дания шаруалары жол бере алмайды деп мәлімдеді» *.

Сөйтіп, Дания серіктіктері жұмысшыларға қарсы қожайындардың-кеме иелерінің жағына шығып, стачканы жеңіліске ұшыратты. Әрине, 10 және одан көп сиыры бар капиталист-фермерлердің жұмысшыларға қарсы нақ капиталистерді қолдағаны әбден түсінікті. Тек, Давид сияқты, тап күресін бүркемелейтін жазушылардың өздерін социалистерміз деп атайтындығы ғана түсініксіз.

Селолық шаруашылықтарды техникалық өндірістермен (қант қайнату, арақ жасау, т. т.) біріктіру туралы мәселе жөнінде Давид *нақ сол* Булгаков мырза жасаған қатеге ұрынып отыр. Россия профессоры сияқты, немістің «ғалым» оппортунисі, бұл шағын кестелердің не нәрсеге қатысы бар екенін ойламастан, неміс анкетасындағы шағын кестелерді *жайдан-жай көшіре* салған!

---

* *Emil Helms*. «Die socialdemokratische und gewerkschaftliche Bewegung in Dänemark». Lpz. 1907, S. 138 (*Эмиль Гельмс*. «Даниядағы социал-демократиялық, және кәсіподақ қозғалысы». Лейпциг, 1907, 138-бет. *Ред.).*

Каутский қант өндірісі *ірі* ауыл шаруашылық индустриясының үлгісі болып табылады деп дәлелдейді. Давид мұны бекерге шығару үшін, Булгаков сияқты, техникалық өндірістермен біріккен ұсақ шаруашылықтардың ірі шаруашылықтардан көп екенін көрсететін цифрлар келтіреді (Давидте 406, 407, 410-беттер). Жалпы алғанда ірі шаруашылықтардан ұсақ шаруашылықтардың көп екенін ғалым статистик ұмытып кеткен. Техникалық өндірістермен біріккен шаруашылықтардың сол топқа жататын шаруашылықтардың барлық санына қарағанда қанша процент болатындығын анықтаудың орнына, ол мұндай шаруашылықтардың топтар бойынша олардың жалпы жиынтығына қарағанда қанша процент болатындығын беретін шағын кестені көшіріп алған. Булгаков мырзаның бұл қатесін жоғарыда мен толық көрсетіп өттім (қараңыз: 237 және 238-беттер *). Осыншама ғылыми-әділ Э. Давидтің капиталистер қолындағы қызылша егілетін *жердің үлесі туралы* мәліметтерді қарастыруға ешбір еңбектенбегендігін көрсете кету керек.

Неміс оппортунисі мен орыстың либерал профессорының жаратылысының бірдейлігі қандайлық адам күлерлік шекке жететіндігі олардың екеуі бірдей статистиканы ұқыпсыз және олақ пайдаланатынынан ғана емес, сонымен қатар олардың екеуі бірдей Маркстен цитатты ұқыпсыз келтіретінінен де көрінеді. Давид, Булгаков сияқты, «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» мойындайды. Рас, ол мұны ерекше шек қойып баяндауға, ерекше шарттар қоюға тырысады, бірақ бұдан іс ешқандай жақсармайды. Мәселен, 476-бетте Давид былай дейді: «бұл заңның ғылыми-техникалық сатының біреуінен екіншісіне өту кезіндегі өнімділіктің ауытқуы туралы мәселеге жалпы қатысы жоқ. Бұл заң тек белгілі бір ғылыми-техникалық сатыдағы өнімділіктің ауытқуымен ғана айналысады». Мұның өзі атышулы заңның, нақ сол, Булгаков мырзаға қарсы мен көрсетіп өткен, *шектелуі* болып табылады (қараңыз: жоғарыда, 165, 166-беттер **), қала берді мен сол жерде-ақ былай

* Қараңыз: осы том, 225—227-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 106—108-беттер. *Ред.*

деп қосымша айтқан болатынмын: мұның өзі относительді «заң», «мұның относительдігі сонша, ешқандай «заң» туралы және *тіпті егіншіліктің ешқандай түбегейлі өзгешелігі туралы әңгіме болуы да мүмкін емес».*

Оның бер жағында Давид бұл заңды егіншіліктің ерекшелігі етіп көрсетумен болып отыр. Мұнысы адам айтқысыз былық, өйткені «ғылыми-техникалық» жағдайлардың өзгермей отырған кезінде капиталдың қосымша жұмсалуы өнеркәсіпте де өте шектеулі болады.

«Ауыл шаруашылығының артта қалуы,— дейді Давид қорытынды тарауда,— 1-ден, *табиғаттың органикалық күштерінің консервативтілігінен* болады, мұның өзі егін шығымының төмендей беру заңы арқылы көрінеді» (501). «Заңның» жоғары техникалық сатыға өту ісіне қатысы жоқ деп жаңа ғана айтылған қағиданы осы қорытындының өзі-ақ түкке тұрғысыз етіп тастап отыр! «Табиғат күштерінің консервативтілігі» деген әсіресе, ауыл шаруашылығының дамуына бөгет жасайтын *қоғамдық* жағдайларды түсінуге қабілеті жетпейтін реакцияшыл мещандықтың тек сөз жүзіндегі бұлтаруы болып табылады. Давид бұл *қоғамдық* жағдайларға: біріншіден, егіншіліктегі феодализм қалдықтары, батырақтардың тең праволы болмауы, т. т. және т. с. жататынын, ал, екіншіден, бағаны шығандата қымбаттатып, *жер бағасында* қымбат ренталарды *тұрақтандыратын жер рентасы* жататынын түсінбейтіндігін көрсетіп отыр.

«Біз,— деп жазады Давид,— қазіргі уақытта герман егіншілігі астықты қажетті мөлшерде, мұхиттың ар жағындағы өндірістің арқасында дүние жүзілік шаруашылықтың тұрғысынан қалыпты саналатын өнімділікпен өндіре алмаған болар еді деп ойлаймыз. Егін шығымдылығының төмендей беру заңы өнімділікті төмендетпейінше шектеулі жер көлемінде өнімнің санын шексіз көбейтуге мүмкіндік бермейді» (519 — Давидте соңғы сөйлемнің асты сызылған).

Осы экономиске қарап көрсеңіздер қайтеді! Ол былай дейді: егін шығымдылығының төмендей беру «заңы» нақ сол белгілі бір ғылыми-техникалық сатыдағы өнімділіктің *тек* ауытқуымен *ғана* айналысады (476).

Ал қорытынды былай дейді: «заң өнімнің санын «шектеусіз» көбейтуге мүмкіндік бермейді» (519)! Егер жерге жеке меншіктілік бөгет болмаса, егер тым көтеріліп кеткен рента бөгет болмаса, егер батырақтың правосыздығы, жаншылғандығы және езілгендігі бөгет болмаса, егер юнкерліктің жабайы орта ғасырлық пұрсаттылықтары бөгет болмаса, герман егіншілігін келесі «ғылыми-техникалық сатыға» *көтеруге болмас еді* деген қорытынды қайдан келіп шығады??

Буржуазияшыл апологеттің кінәны «табиғат күштерінің консервативтілігіне» және «топырақ құнарлылығының кеми беру заңына» аудара салып, егіншіліктің артта қалуының қоғамдық және тарихи себептерін елеусіз қалдыруға тырысатындығы табиғи нәрсе. Бұл атышулы заңда апологетика мен топас ойлылықтан басқа ештеңе де жоқ.

Өзінің буржуазиялық экономияның ескі соқыр сенімдеріне қарай масқара шегінуін бүркемелеу үшін Давид, нақ сол Булгаков сияқты, бізге өңін айналдырып Маркске сүйенгенін көрсетеді. Давид «Капиталдың» III томының *нақ сол,* Булгаков мырза да келтірген *бетін* (III. B., II. Theil, S. 277) цитат етіп келтіреді! (Давидтің 481-бетін және жоғарыда Булгаков мырзаны талдаған жерді, қараңыз: 171 және 172-беттері *).

Булгаков мырзаның *ғылыми әділеттілігі* туралы менің айтқандарым *бүтіндей* Давидке де қатысты. Булгаков мырза Маркстен алынған цитатты бұрмалады. Давид нақ сол цитаттың: «Капиталды дәйекті жұмсағанда топырақ өнімділігінің кеми беруі туралы Либихтен қараңыз» («Das Kapital», III. B., II Theil, S. 277) [101] деген алғашқы сөздерін келтірумен ғана тынды. Булгаков сияқты, Давид Маркстi бұрмалады, ол оқушыға — бұл Маркстің бірден-бір корсетуі дегендей етіп көрсетті. Қайталап айтамыз, «Капиталдың» III томын (және екінші томның екінші бөлімін «Theorien über den Mehrwert»-ті [102]) оқыған адамның қай-қайсысы болса да іс жүзінде мұның керісінше екенін біледі. Капиталдың қосымша жұмсалуы өнімділігінің *төмендеу* жағдайын капиталдың қосымша жұмсалуы өнімділігінің *жоғары-*

* Қараңыз: осы том, 115—120-беттер. *Ред.*

лау жағдайы сияқты, толық тең праволы, екеуі де мүмкін нәрсе деп санайтынын Маркс *ондаған рет* көрсеткен болатын.

481-беттегі ескертуде Давид келешекте бұл заңның рентамен байланысын қарастырамын, сонымен қатар «Мальтус пен Рикардо жасаған негіздерді бекерге шығара отырып, рента теориясын дамытып, кеңейту жөніндегі Маркстің әрекетін сын көзімен қарап шығамын» деп уәде береді.

Давидтің сын көзімен қарауы á la Булгаков мырзаның немесе... á la Маслов жолдастың буржуазиялық соқыр сенімдерін қайталау болады деп алдын ала айта аламыз.

Давидтің тағы да бір түбірінен теріс қағидасын талдауға көшейік. Оның апологетикасын немесе статистиканы бұрмалауын бекерге шығару тым арзымайтын-ақ жұмыс. Өзіміз көшкелі отырған мәселе жөнінде бізде кейбір жаңа мәліметтер бар, олар шындықтың *нақтылы* көрінісін қазіргі замандағы мещандықтың теорияларына қарсы қоюға мүмкіндік береді.

XI

ҰСАҚ ЖӘНЕ ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚТАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«Сыншылар» немесе бернштейншілдер аграрлық мәселеде ұсақ өндірісті қорғай отырып, мына жағдайға ерекше жиі сүйенеді. Ұсақ егіншілер ірі егіншілерге қарағанда жер көлемінің белгілі бір өлшемінде малды анағұрлым көп ұстайды. Демек,— дейді олар,— ұсақ егіншілер топырақты жақсы тыңайтады. Олардың шаруашылығы техникалық жағынан жоғары, өйткені қазіргі замандағы егіншілікте тыңайтқыш шешуші роль атқарады, ал шаруашылықта ұстап отырған малдан алынатын тыңайтқыш жасанды тыңайтқыштардың барлығынан және қандайынан болса да әлденеше есе артық.

Эд. Давид өзінің: «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітабында бұл дәлелге шешуші маңыз береді (орысша аудармасының 326, 526, 527-беттері). Ол:

«көң — егіншіліктің жаны» (308-бет) деген сөзді курсивпен жазып, бұл ақиқатты өзінің ұсақ егіншілікті жақтауының басты негізі етеді. Ол ірі шаруашылықтарға қарағанда ұсақ шаруашылықтарда жердің белгілі бір өлшемінде мал анағұрлым көп ұсталады деп көрсететін неміс статистикасын келтіреді. Давид бұл мәліметтер егіншіліктегі ірі және ұсақ өндірістің артықшылығы туралы мәселені біржолата өз пайдасына шешеді деп сенеді.

Бұл теорияға және ауыл шаруашылығының көңдік жанына жақынырақ үңіліп көрейік.

Давидтің және оның буржуазиялық экономистер арасындағы толып жатқан жақтаушыларының басты дәлелі — статистикалық дәлел. Әр түрлі көлемді шаруашылықтардағы малдың саны (жердің белгілі бір өлшеміне қарай) салыстырылады. Бұл ретте өз-өзінен біртектес шамалар салыстырылады деп, яғни белгілі бір түлік малдың тең санының, айталық, ауыл шаруашылық құны ірі шаруашылықтарда да, ұсақ шаруашылықтарда да тең болады деп іштей ұйғарым жасалады. Малдың бірдей саны бірдей мөлшерде көң береді, ірі және ұсақ шаруашылықтардағы малдың ерекшелігі сол — ол сапа жағынан азды-көпті бірдей болады және т. с. деп ұйғарым жасалады.

Осы қарастырылып отырған дәлелдің дәлелдік маңызы тұтастай алғанда бұл әдеттегі іштей ұйғарым жасаудың дұрыстығына байланысты екені айқын. Бұл қағида дұрыс па? Егер жалаң және қарадүрсін беталды алына салған статистикадан тұтас алғанда ұсақ және ірі егіншілік өндірістің қоғамдық-шаруашылық жағдайларына талдау жасауға көшетін болсақ, онда біз бірден — бұл қағиданың нақ дәлелденуге тиісті нәрсені дәлелденген нәрсе деп танитынын көреміз. Марксизм былай деп тұжырымдайды: ұсақ өндірісте мал ұстау жағдайлары (сонымен қатар, біз көріп өттік, жерді күту және қызметкер-егіншіні ұстау жағдайлары) ірі шаруашылықтағы мұндай жағдайлардан *нашар.* Буржуазиялық саяси экономия, ал оның ізімен бернштейншілдер керісінше дәлелдейді: ұсақ егінші *ұқыпты* болғандықтан, мал ұстау жағдайлары ірі шаруашылыққа

қарағанда ұсақ шаруашылықта анағұрлым артық дейді. *Бұл* мәселені анықтайтын статистика мәліметтерін табу үшін керегі тіпті де Давидтің қолданып отырған статистикасы емес. Керегі — көлемі әр түрлі шаруашылықтардағы малдың саны туралы емес, қайта оның сапасы туралы статистикалық зерттеу. Немістің экономикалық әдебиетінде мұндай зерттеу бар, бар болғанда, тіпті жалғыз-жарым болмауы да мүмкін. Аса бір айрықша тән нәрсе мынау: алуан түрлі агрономиялық шығармалардан іске қатысы жоқ қаптаған цитаттармен өз кітабын лық толтырған Давид егжей-тегжейіне жете зерттеу негізінде ұсақ және ірі шаруашылықтардың ішкі жағдайларын ашу жөнінде әдебиеттегі бар әрекеттердің өзіне жұмған аузын ашпастан соқпай өтіп отыр. Давид әділетсіз соқпай өткен осы еңбектердің бірімен біз оқушыны таныстырмақпыз.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі белгілі неміс жазушысы Дрекслер, бір монографиялық «ауыл шаруашылық статистикалық зерттеудің» нәтижелерін басып шығарды, бұл жөнінде ол әділеттікпен былай дейді: «нәтижелерінің дәлдігі жағынан бұған ештеме тең келе қояр ма екен». Ганновер провинциясында 25 қонысқа (22 деревня мен үш помещиктік экономияға) зерттеу жүргізілген, оның бер жағында әрбір шаруашылық бойынша өз алдына жердің көлемі мен малдың саны туралы ғана емес, *сонымен қатар малдың сапасы туралы да* мәліметтер жиналған. Малдың сапасын анықтау үшін ерекше дәл тәсіл қолданылған: «әрбір малды мүмкіндігінше дәл бағалау негізінде,— білгір адамдардың бағалауы негізінде» әрбір малдың *тірідей салмағының* * қанша килограмм екені анықталған. Әр түрлі көлемді шаруашылықтардағы малдың әр сортының тірідей салмағы туралы мәліметтер алынған. Сонымен қатар зерттеу екі рет: біріншісі 1875 жылы,

* Агрономдардың бұл тәсілін — әрбір малдың тірідей салмағын анықтау тәсілін Давид өте жақсы біледі. Ет беретін, сүт беретін, жұмысқа жегілетін, т. б. ірі қара малдың *әр түрлі тұқымдарының* тірідей салмағы қандай екендігі туралы ол 367-бетте егжей-тегжейлі айтып береді. Мұндай мәліметтерді ол агрономдардан көшіріп алады. Жалпы экономиске, әсіресе социалиске, мал тұқымының әр түрлілігі емес, ұсақ және ірі шаруашылықта, «шаруа» шаруашылығында және капиталистік шаруашылықта *малды күту жағдайларының* әр түрлілігі маңызды екендігі оның ойына да кірмейді.

екіншісі 1884 жылы болған. Дрекслер * мәліметтерді үш имениенің әрқайсысы бойынша және деревнялардың үш тобы бойынша өңделмеген күйінде бастырып шығарған, оның бер жағында деревнялардағы шаруа шаруашылықтары жердің көлеміне қарай жеті топқа бөлінген (50 гектардан аса жері барлар, 25—50, 12,5—25, 7,5—12,5, 2,5—7,5, 1,25—2,5 және 1,25 гектарға дейін жері барлар). Егер, Дрекслердің мәліметтері малдың әрқилы 11 түріне жататынын еске алатын болсақ, онда бүкіл осы кестелердің қандай күрделі екені оқушыға айқын болады. Жалпы және негізгі қорытындыларды шолып өтуге мүмкіндік беретін жиынтық мәліметтер алу үшін *барлық* шаруашылықтарды біз басты-басты *бес* топқа бөлеміз: а) ірі имениелер; б) 25 һа-дан (гектардан) аса жері бар шаруа шаруашылықтары; в) 7,5 һа-дан 25 һа-ға дейін; г) 2,5—7,5 һа және д) 2,5 һа-дан кем жері барлары.

Бұл топтарда шаруашылықтар саны мен олардағы жер көлемі 1875 және 1884 жылдары мынадай болған:

	1875 жылы			1884 жылы		
	Шаруашылықтар саны	Олардың жері	1 шаруашылыққа келетін жер	Шаруашылықтар саны	Олардың жері	1 шаруашылыққа келетін жер
	(Гектар есебімен=һа)					
а) Имениелер	3	689	229	3	766	255
б) 25 және одан көп һа жері бар шаруашылықтар	51	1 949	38	58	2 449	42
в) 7,5—25 һа » » »	274	3 540	13	248	3 135	12
г) 2,5—7,5 һа » » »	442	1 895	4,3	407	1 774	4,3
д) 2,5 һа-ға дейін » »	1 449	1 279	0,88	1 109	1 027	0,92
Барлығы	2 219	9 352	4,2	1 825	9 151	5,0

* 1875 жыл бойынша «Schriften des Vereins für Sozialpolitik», Band XXIV, S. 112 («Bäuerliche Zustände», B. III), ал 1884 жыл бойынша «Thiel'slandwirtschaftliche Jahrbücher», Band XV (1886) («Әлеуметтік саясат одағының еңбектері», XXIV том, 112-бет («Шаруалардың жағдайы», III том), ал 1884 жыл бойынша «Тильдің ауыл шаруашылық әржылдықтарында», XV том, (1886). *Ред.*).

Бұл цифрларды түсіндіру үшін ең алдымен әр түрлі көлемдегі шаруашылықтардың экономикалық типіне тоқталайық. $7^1/_2$ және одан көп гектар жері бар шаруашылықтардың бәрі жалдама еңбексіз тұра алмайды, деп есептейді Дрекслер. Сонда 325 шаруа шаруашылығы жұмысшылар жалдайтын (1875 жылы) болып шығады. $2^1/_2$ ha-ға дейін жері бар шаруашылықтардың бәрі өздері жалдануға тиіс. Дрекслердің есебі бойынша, 2,5 ha-дан 7,5 ha-ға дейін (орта мөлшері = 4,3 ha) жері бар шаруашылықтардың жартысы жалдама жұмыссыз-ақ тұра алады, ал екінші жартысы жалдама жұмысшыларды қоя беруге тиіс. Демек, барлық шаруа шаруашылықтарының 325-і капиталистік, 221-і жалдамайтын және жалданбайтын, ұсақ «еңбекші» (біздің халықшылдар қалай дер еді) шаруашылық және 1670-і жартылай пролетарлық, жалданатын шаруашылықтар.

Амал не, Дрекслердің топқа бөлуі, 5 ha-дан 20 ha-ға дейін жері бар қожайындарды орта шаруа деп есептейтін жалпы герман статистикасының топқа бөлуімен бір жерден шықпайды. Бірақ сонда да күмәнсыз факт болып қалатын нәрсе — осы орта шаруалардың көпшілігі жұмысшы жалдамай тұра алмайды. Германиядағы «орта» шаруалар — ұсақ капиталистер. Ал жалдамайтын және жалданбайтын шаруалар болмашы азшылық саналады: 2216-ның 221-і, яғни оннан бір бөлегі.

Сөйтіп, бізде алынып отырған шаруашылықтардың топтары өздерінің экономикалық типі бойынша былайша сипатталады: а) ірі капиталистік; б) орташа капиталистік («гроссбауэрлер»); в) ұсақ капиталистік; г) ұсақ шаруалық және д) жартылай пролетарлық шаруашылықтар.

Олардағы шаруашылықтардың жалпы саны және жердің жалпы көлемі 1875 жылдан 1884 жылға дейін азайған. Бұл азаюшылық ең алдымен ұсақ шаруашылықтарға жатады: $2^1/_2$ ha-ға дейін жері барлары 1449-дан 1109-ға дейін, яғни 340 шаруашылыққа, төрттің біріне жуық кеміген. Мұның керісінше, аса ірі шаруашылықтардың саны (25 ha-дан көп жері барлары) 54-тен 61-ге дейін өскен, ал олардағы жердің көлемі 2638

һа-дан 3215 һа-ға дейін, яғни 577 гектар көбейген. Демек, белгілі бір жерде шаруашылықтың жалпы жақсаруы мен мәдениеттің өсуі, Дрекслер осыған мәз-мәйрам болады, саны *азайып келе жатқан* меншік иелерінің қолына ауыл шаруашылығының шоғырлануы болып табылады. «Прогресс» 2219 қожайынның 400-ге жуығын егіншіліктен ығыстырып шығарып тастап отыр (1884 жылға дейін 1825 қожайын қалған), ал қалғандарының жерін шаруашылық басына орта мөлшермен 4,2 гектардан 5 гектарға дейін көбейтіп отыр. Бір жерде капитализм егіншіліктің белгілі бір саласын шоғырландырып, ұсақ қожайындардың бірсыпырасын пролетариат қатарына ығыстырып шығарады. Екінші бір жерде сауда егіншілігінің өсуі бірқыдыру жаңа ұсақ шаруашылықтар құрады (мәселен, қала маңындағы деревнялардағы және шетелге өнімдер шығарып тұратын, Дания сияқты, тұтас елдердегі сүт шаруашылығы). Үшінші бір жерлерде орта шаруашылықтардың ұсақталуы ұсақ шаруашылықтардың санын көбейтеді. Беталды алына салған статистика осы процестердің бәрін бүркемелеп жібереді, ал бұларды білу үшін егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізу қажет.

Осы суреттеліп отырған жердегі ауыл шаруашылығының прогресі, әсіресе мал шаруашылығының жақсаруынан байқалады. Бұл ретте малдың жалпы саны азайып шығып отыр. 1875 жылы 7208 мал болған (ірі қараға шаққанда), 1884 жылы — 6993 мал болған. Беталды алына салған статистика үшін мал санының бұл азаюы мал шаруашылығының төмендеу белгісі болып көрінер еді. Іс жүзінде малдың сапасы жақсарды, сөйтіп, егер малдың санын алмай, қайта олардың жалпы «тірілей салмағын» алатын болсақ, онда 1875 жылы 2 556 872 килограмм және 1884 жылы 2 696 107 кг болып шығады.

Мал шаруашылығының капиталистік прогресі тек, кейде тіпті мал санының көбеюінен ғана емес, қайта оның сапасының жақсаруынан, нашар малды жақсы малға ауыстырудан, мал азығының көбеюінен, т. т. айқын көрінеді.

Бір шаруашылыққа келетін малдың орта саны мынадай болған:

	1875 жылы			1884 жылы		
	Ірі мал	Ұсақ мал	Барлығы	Ірі мал	Ұсақ мал	Барлығы
	(Ірі малға шаққанда)					
а) Имениелер	105	69	174	110	41	151
б) 25 және одан көп hа жері бар шаруашылықтар	13,2	11,0	24,2	13,7	10,5	24,2
в) 7,5—25 hа » » »	5,4	3,8	9,2	4,9	4,2	9,1
г) 2,5—7,5 hа » » »	2,2	1,4	3,6	2,2	1,8	4,0
д) 2,5 hа-ға дейін » »	0,3	0,6	0,9	0,4	0,7	1,1
Барлығы	1,7	1,5	3,2	2,0	1,8	3,8

Аса ірі шаруашылықтарда мал саны азайған. Ең ұсақтарында мал саны көбейген және шаруашылық неғұрлым ұсақ болған сайын, соғұрлым тез көбейген. Ұсақ өндіріс ілгері басып, ірі өндіріс кері кеткен сияқты болып көрінгені ме? яғни Давидтің теориясын дәлелдейтін болып көрінгені ме?

Бірақ малдың *орта салмағы* туралы мәліметтерді алса болғаны, сонда елес жойылады.

	Жеке малдың орта салмағы (килограмм есебімен)					
	1875 жылы			1884 жылы		
	Ірі мал	Ұсақ мал *	Барлығы	Ірі мал	Ұсақ мал	Барлығы
а) Имениелер	562	499	537	617	624	619
б) 25 және одан көп hа жері бар шаруашылықтар	439	300	376	486	349	427
в) 7,5—25 hа » » »	409	281	356	432	322	382
г) 2,5—7,5 hа » » »	379	270	337	404	287	352
д) 2,5 hа-ға дейін » »	350	243	280	373	261	301
Орта есебі	412	256	354	446	316	385

* Әр түрлі ұсақ мал әдеттегі норма бойынша ірі малға шағылған. 11 түрлі малдың бір-бір түрінен жеке басының саны бір жыл бойынша шамамен анықталған: тек салмағы туралы ғана мәліметтер бар, ал жеке басының саны туралы мәлімет жоқ.

Бұл мәліметтерден шығатын бірінші қорытынды: шаруашылықтың көлемі неғұрлым ірі болса, малдың сапасы да соғұрлым жақсы болады. Бұл жөнінде капиталистік шаруашылықтар мен ұсақ шаруалық немесе жартылай пролетарлық шаруашылықтардың арасындағы айырма орасан зор болып шығады. Мәселен, ең ірі және ең ұсақ көлемді шаруашылықтардың арасында бұл айырма 1884 жылы *жүз проценттен* асып отыр: орташа әр малдың орта салмағы ірі капиталистік шаруашылықтарда 619 килограмм, ал жартылай пролетарлық шаруашылықтарда — 301 килограмм, яғни екі еседен де аз! Ірі және ұсақ шаруашылықтарда малдың сапасы бірдей болады деп ұйғарғанда Давид пен оның пікірлестерінің қаншалықты үстірт ойлайтынын осыдан да көруге болады.

Ұсақ шаруашылықта малдың күтімі жалпы нашар екенін жоғарыда біз көрсетіп өткен болатынбыз. Енді бізде мұның нақты дәлелі бар. Малдың тірідей салмағы туралы мәліметтер мал күтімінің *барлық* жағдайлары туралы мейлінше дәл түсінік береді: мал азығы, қора, жұмыс, күту — осының барлығы, айталық, Дрекслердің монографиясында статистикалық түрде бейнеленген нәтижелерде жинақталады. Бақсақ, ұсақ шаруаның мал күтудегі барлық «ұқыптылығы» — біздің В. В. мырза мен немістің Давиді мадақтаған ұқыптылығы,— сапасы екі есе жақсы өнім беретін ірі өндірістің тиімділігіне тіпті шамалап болса да тең келе алмайтын көрінеді. Капитализм ұсақ шаруаны өмір бойы ауыр жұмысқа, еңбекті босқа ысырап етуге душар етеді,— өйткені құрал-жабдықтар жеткіліксіз болып отырғанда, мал азығы жеткіліксіз, малдың сапасы нашар, мал қора, т. с. нашар болып отырғанда малды барынша мұқияттап күту дегеніңіз — еңбекті босқа ысырап етумен бірдей. Буржуазиялық саяси экономия өзінің баға беруінде бірінші қатарға капитализмнің шаруаны мұндай күйзелтіп, езушілігін қоймайды, қайта еңбекшінің (канаудың ең нашар жағдайында *капиталға* еңбек ететін) «ұқыптылығын» қояды.

Келтірілген мәліметтерден шығатын екінші қорытынды мынау: көрсетілген он жылдың ішінде малдың сапа-

сы орта есеппен алғанда жақсарған және шаруашылықтың барлық разрядтарында да жақсарған. Бірақ бұл жалпы жақсарудың нәтижесінде мал шаруашылығы жағдайының ірі және ұсақ шаруашылықтағы айырмашылығы азайған жоқ, қайта *негұрлым* көбейді. Жалпы жақсару ірі және ұсақ шаруашылықтарды теңеген жоқ, қайта олардың арасындағы тұңғиықты тереңдете түсті,— өйткені жақсарудың бұл процесінде ірі шаруашылық ұсақ шаруашылықты басып озады. Топтар бойынша орташа әр малдың 1875 және 1884 жылдардағы орта салмағын салыстырғанда мынадай болып шығады:

	Орташа бір малдың килограммен алғандағы орта салмағы		Салмағының өсуі	Процент бойынша өсуі
	1875	1884		
а) Имениелер	537	619	+82	+15,2
б) 25 және одан көп һа жері бар шаруашылықтар	376	427	+51	+13,6
в) 7,5—25 һа » » »	356	382	+26	+ 7,3
г) 2,5—7,5 һа » » »	337	352	+15	+ 4,4
д) 2,5 һа-ға дейін » »	280	301	+21	+ 7,5
Орта есебі	354	385	+31	+ 8,7

Жақсару ірі капиталистік, сонан соң орташа капиталистік шаруашылықтарда бәрінен көп, ұсақ шаруа шаруашылықтарында мүлде болар-болмас қана және қалғандарында өте аз. Ауыл шаруашылығы экономиясы мәселелері жөнінде жазып жүрген агрономдардың басым көпшілігі сияқты, Дрекслер де істің тек бір ғана техникалық жағын көріп отыр. 1875 және 1884 жылдарды салыстырудан шығарған өзінің бесінші қорытындысында ол былай дейді: «Мал шаруашылығында өте әжептәуір прогресс байқалады *: мал саны азайып, сапасы жақсарған; деревнялардың ** үш тобының әрқай-

* Дрекслер бұл арада жұмыс көлігінен (Nutzvieh дейтін) басқа барлық мал туралы айтып отыр. Біз төменде жұмыс көлігі туралы деректерді жеке келтіреміз. Біз малдың қандай түрлерін немесе мал түрлерінің қандай топтарын алсақ та, жалпы қорытынды сол күйінде қалады.

** Дрекслер 22 деревняны географиялық жағдайы бойынша және шаруашылықтың басқа жағдайлары бойынша үш топқа бөледі. Мақа-

сысында да әр малдың тірілей орта салмағы едәуір артқан. Мұның өзі *азды-көпті барлық жерлерде де* (ziemlich allgemein) мал өсіруде, мал азығында және малды күтуде елеулі жақсарғандық бар екенін көрсетеді».

Біз көрсеткен: «азды-көпті барлық жерлерде де», деген сөздер автордың мәселенің нақ қоғамдық-экономикалық жағын елеусіз қалдырғанын дәлелдейді; «көпті» деген сөз ірі шаруашылықтарға, «азды» деген сөз ұсақ шаруашылықтарға жатады. Дрекслер мұны байқамаған, өйткені ол әр түрлі типтегі шаруашылықтардың топтары туралы мәліметтерге көңіл бөлмей, деревнялардың топтары туралы мәліметтерге ғана көңіл бөлген.

Енді жұмыс көлігі туралы мәліметтерге көшейік, бұл мәліметтер сөздің нағыз өз мағынасында айтқанда егіншілік шаруашылығының жағдайларын ашық айқындайды. Біз қарастырып отырған шаруашылықтар жұмыс көлігінің саны жағынан мынадай цифрлар арқылы сипатталады:

	Орта есеппен 1 шаруашылыққа келетін жұмыс көлігінің саны	
	1875	1884
а) Имениелер	27	44
б) 25 және одан көп ha жері бар шаруашылықтар	4,7	5,5
в) 7,5—25 ha » » »	2,1	2,4
г) 2,5—7,5 ha » » »	1,3	1,5
д) 2,5 ha-ға дейін » »	0,07	0,16
Орта есебі	0,7	1,0

Демек, жартылай пролетарлық шаруашылықтардың (2,5 ha-ға дейін жері барлар — 1884 жылы 1825 шаруашылықтың 1109-ы осындай шаруашылық болған) орасан көпшілігінде жұмыс көлігі мүлде жоқ. Бұл шаруашылықтарды сөзсіз нағыз өз мағынасында айтқанда егіншілік шаруашылықтары деп есептеуге де болмайды. Қалай дегенмен де, жұмыс көлігін қолдану жағ-

ланы цифрлармен толтырып жібермеу үшін, біз тек жиынтық мәліметтерді ғана алдық. Біз деревнялардың қандай топтарын алсақ та, қорытындылар өзгермейді.

дайы бойынша, 93 процент немесе 84 процент жұмыс көлігін мүлде қолданбайтын шаруашылықтарды ірі шаруашылықтармен салыстыруға болмайды. Ал егер біз бұл жөнінде ірі капиталистік шаруашылықтар мен ұсақ шаруа шаруашылықтарын салыстыратын болсақ, онда мынаны көреміз: біріншілерде (а тобы) 766 ha жерге 132 жұмыс көлігі келеді, соңғыларда (г тобы) 1774 ha жерге 632 жұмыс көлігі келеді (1884 жыл), яғни біріншілерде шамамен алғанда *алты* гектар жерге 1 жұмыс көлігі келеді, соңғыларда — шамамен алғанда *үш* гектар жерге 1 жұмыс көлігі келеді. Ұсақ шаруашылықтардың жұмыс көлігін күтуге *екі есе* көп шығын шығаратыны айқын. Ұсақ өндіріс дегеніміз шаруашылықтың техникалық құрал-жабдықтарын бытырату және бұл бытыратудың салдарынан еңбекті ысырап ету болып табылады.

Бір жағынан мұндай бытыратуға себеп болатын нәрсе ұсақ шаруашылықтардың *сапасы нашар* жұмыс көлігін пайдалануына тура келеді, атап айтқанда жұмыс көлігі ретінде сиырларды пайдалануына тура келеді. *Жұмыс* көлігінің жалпы санында сиырлар мынадай процент болған:

	1875 жылы	1884 жылы
а) Имениелер	—	—
б) 25 және одан көп ha жері бар шаруашылықтар	—	2,5%
в) 7,5—25 ha » » »	6,3%	11,4%
г) 2,5—7,5 ha » » »	60,7%	64,9%
д) 2,5 ha-ға дейін » » »	67,7%	77,9%
Орта есебі	27,0%	33,4%

Дала жұмыстарына сиырларды пайдалану көбейіп келе жатқандығы, жартылай пролетарлық және ұсақ шаруалық шаруашылықтарда сиырлар негізгі жұмыс көлігі болып табылатындығы осыдан айқып көрінеді. Давид мұны прогресс деп санауға бейім болып отыр, — оның мұнысы бүтіндей буржуазиялық көзқараста тұрған нақ Дрекслердің істеп отырғаны сияқты, ал Дрекс-

лер өз қорытындыларында былай деп жазады: «Ұсақ шаруашылықтардың көбі *өздері үшін неғұрлым тиімді* болатын нәрсеге — сиырларды жұмыс көлігі ретінде пайдалануға көшті». Мұның ұсақ қожайындарға «тиімді» болатын себебі — ол *арзан.* Ал арзан болатын себебі — жақсы жұмыс көлігі нашар жұмыс көлігімен ауыстырылады. Дрекслерлер мен Давидтерді шаттандыратын ұсақ шаруалар прогресі жоғалып бара жатқан қол тоқымашыларының, барған сайын нашар материалға, фабрика өндірісінің қалдықтарына көшетін тоқымашылардың прогресіне бүтіндей тең.

Жегін сиырлардың орта салмағы 1884 жылы 381 килограмм * болған, ал жұмыс аттарының орта салмағы — 482 kg, жұмыс өгіздерінің орта салмағы — 553 kg болған. Жұмыс көлігінің бұл соңғы, неғұрлым күшті түрі, 1884 жылы ірі капиталистік қожайындардың барлық жұмыс көлігінің жартысынан көбі болған; — орта және ұсақ капиталистерде төрттен біріне жуық болған; — ұсақ шаруаларда бестен бірінен азырақ болған және жартылай пролетарлық шаруашылықтарда онның бірінен азырақ болған. Демек, шаруашылық неғұрлым ірі болған сайын жұмыс көлігінің сапасы да соғұрлым жоғары болмақ. Жұмыс көлігінің орташа бір малдың орта салмағы мынадай:

	1875 жылы	1884 жылы
а) Имениелер	554	598
б) 25 және одан көп ha жері бар шаруашылықтар	542	537
в) 7,5—25 ha » » »	488	482
г) 2,5—7,5 ha » » »	404	409
д) 2,5 ha-ға дейін » » »	377	378
Орта есебі	464	460

Демек, жалпы және тұтас алғанда жұмыс көлігі *нашарлаған.* Іс жүзінде, ірі капиталистік шаруашылықтарда біз едәуір жақсартушылықты көреміз, басқа ша-

* Дала жұмыстарына пайдаланылмайтын сиырлардың орта салмағы — 421 kg.

руашылықтардың барлығында тоқыраушылық немесе нашарлаушылық болып отыр. Жұмыс көлігінің сапасы жағынан ірі және ұсақ өндірістің арасындағы айырмашылық та 1875 жылдан 1884 жылға дейін *өсіп* отыр. Ұсақ шаруашылықтардың сиырларды жұмыс көлігі ретінде пайдалануға көшуі Германияда * жалпы құбылыс болып табылады. Ал біздің мәліметтеріміз де бұл көшудің ауыл шаруашылық өндірісі жағдайларының нашарлауы болып табылатынын, шаруалар мұқтаждықтарының артуы болып табылатынын қолмен қойғандай дәлелдеп отыр.

Дрекслердің монографиясының мәліметтеріне шолуымызды аяқтау үшін, енді бүкіл малдың саны мен салмағының жер көлемінің өлшеміне қаншадан келетін есебін, яғни жалпы герман ауыл шаруашылық статистикасының мәліметтері бойынша Давидтің жасаған есебін келтіреміз:

	1 ha жерге келетіні			
	Барлық мал саны (ірі малға шаққанда)		Барлық малдың салмағы килограмм есебімен	
	1875	1884	1875	1884
а) Имениелер	0,77	0,59	408	367
б) 25 және одан көп ha жері бар шаруашылықтар	0,63	0,57	238	244
в) 7,5—25 ha » » »	0,71	0,72	254	277
г) 2,5—7,5 ha » » »	0,85	0,94	288	328
д) 2,5 ha-ға дейін » » »	1,02	1,18	286	355
Орта есебі	0,77	0,76	273	294

Бұлар — 1 гектар жерге келетін мал саны туралы мәліметтер, ал Давид осы мәліметтермен ғана шектеледі. Біздің мысалымызда, тұтастай алғанда герман ауыл шаруашылығындағы сияқты, бұл мәліметтер ірі шаруашылықтардағы жер көлемінің өлшеміне келетін мал са-

* Бұл жайында жоғарыда, «Немістің ауыл шаруашылық статистикасының жалпы мәліметтері» дейтін VIII тарауды қараңыз. (Қараңыз: осы том, 207—221-беттер. *Ред.)*

ның *азайғанын* көрсетеді. 1884 жылы, мәселен, жартылай пролетарлық шаруашылықтарда 1 ha жерге келетін малдың саны ірі капиталистік шаруашылықтардағыдан тура екі есе көп (0,59-ға 1,18). Алайда біз енді мұндай есепте салыстыруға келмейтін нәрселер салыстырылып отырғанын білеміз. Малдың салмағы туралы мәліметтер шаруашылықтардың шын арасалмағын көрсетеді: ірі өндіріс бұл жөнінде де жақсы жағдайға қойылған болып шығады, жер көлемінің өлшеміне салмағы жағынан шаққанда малдың *maximum*-ына, демек тыңайтқыштың да *maximum*-ына ие болатын көрінеді. Сонымен Давидтің, жалпы және тұтас алғанда, ұсақ шаруашылықтар тыңайтқышпен жақсы жабдықталған деген қорытындысы шындыққа мүлдем қарама-қарсы келеді. Мұның өзінде де, біріншіден, біздің мәліметтеріміздің жасанды тыңайтқыштарға қатысы жоқ екендігін еске алу керек, ал мұндай тыңайтқыштарды сатып алуға тек ауқатты қожайындардың ғана күші жетеді, ал, екіншіден, малдың санын салмағына қарай салыстыру ірі мал мен ұсақ малды теңестіретіндігін, мәселен, ірі шаруашылықтағы 68 малдың 45 625 kg салмағы мен ұсақ шаруашылықтардағы 1786 *ешкінің* 45 097 kg салмағы (1884 ж.) теңестірілетіндігін еске алу керек. Мал көңі тыңайтқышымен қамтамасыз етілуі жөнінде ірі шаруашылықтар біздің цифрлардың көрсеткенінен іс жүзінде едәуір басым *.

Қорытынды: «көң — ауыл шаруашылығының жаны» деген бос сөздер арқылы Давид арнаулы мал шаруашылығындағы қоғамдық-экономикалық қатынастарға соқпай өтіп, істі мүлде бұрмалап көрсетіп отыр.

Жалпы малдың сапасы жағынан, жекелеп алғанда жұмыс көлігінің сапасы жағынан, мал ұстау, оны жақсарту және жер тыңайтуға пайдалану жағдайлары жағынан капиталистік егіншілікте ірі өндіріс ұсақ өндірістен орасан зор басым болады.

---

* Klawki-дің жоғарыда келтірілген (VI тарау) (қараңыз: осы том, 180—181-беттер. *Ред.)* мынадай көрсетуін еске саламыз: «ұсақ қожайындарда малдың көңі нашар: олардың егіндерінің сабаны қысқа болады, сабанның көбі малдың азығына пайдаланылады (демек тағы да, мал азығының сапасы нашарлайды), сөйтіп малдың астына төсеуге сабан аз жұмсалады».

XII
МАРКСИЗМНІҢ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕДЕГІ ДҰШПАНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША «ТАМАША ЕЛ» *

Даниядағы егіншілік қатынастары мен тәртіптері экономист үшін ерекше аса қызықты. Біз көріп өткендей **, аграрлық мәселе жөнінде жазылған қазіргі әдебиеттегі ревизионизмнің басты өкілі ретінде Эд. Давид Дания ауыл шаруашылық одақтары мен Данияның «ұсақ шаруашылық» (солай болыпты-мыс) мәдениетінің мысалын мықтап пайдаланады. Еңбегін Э. Давид пайдаланып отырған Генрих Пудор Данияны «ауыл шаруашылығы серіктіктерінің тамаша елі» деп атайды ***. Біздің Россияда да либерал-халықшылдық көзқарастардың өкілдері Данияны марксизмге қарсы жиі-жиі «бетке ұстайды», оны ұсақ шаруашылықтың егіншілікте өмір сүру қабілеттілігі туралы теорияларды жақтауға пайдаланады,— тіпті либерал Герценштейннің I Думадағы сөзі мен халықшыл Караваевтың II Думадағы сөзін көрсетсек те болады.

Европалық басқа елдермен салыстырғанда, біз Данияда «ұсақ шаруа» шаруашылығының шынында да өте-мөте көп тарағанын және рыноктың жаңа талаптары мен жағдайларына икемделе білген егіншіліктің өте-мөте көбірек гүлденгенін көреміз. Егер товар өндірісі бар елдерде ұсақ егіншіліктің «гүлденуі» мүмкін болса, онда, әрине, барлық европалық елдердің ішінде Дания бұл жөнінде ең жақсы жағдайда тұр. Сондықтан Данияның аграрлық құрылысымен толығырақ таныстыру-

* Бұл мақала автордың — оның таяуда шыққан «Аграрлық мәселе», I бөлім (СПБ. 1908), деген кітабына кірген — «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің бір тарауы (XII) болып табылады. Тек бұл тарауды жеткізу кездейсоқтан кешігіп қалғандықтан ғана оған көрсетілген кітаптан орын беруге мүмкіншілік болмады. Сондықтан да қазір басылып отырған үзіндідегі сілтемелердің бәрі де осы еңбекке қатысты.

** Вл. Ильин, «Аграрлық мәселе», I бөлім, «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген мақала, X және XI тараулар. (Қараңыз: осы том, 240—266-беттер. *Ред.)*

*** Dr. Heinrich Pudor. «Das landwirtschaftliche Genossenschaftswesen im Auslande», I B. Lpz. 1904, S. V (Доктор Генрих Пудор. «Шетелдегі ауыл шаруашылық серіктіктері», I том, Лейпциг, 1904, V бет. *Ред.)*. Пудор — марксизмнің қас жауы.

дың екі түрлі маңызы бар. Біз тұтас бір елдің мысалынан ревизионизмнің аграрлық мәселедегі тәсілдері қандай екенін және «тамаша» капиталистік елдегі капиталистік аграрлық тәртіптердің шын негізгі сипаттарының қандай екенін көреміз.

Данияның ауыл шаруашылық статистикасы европалық басқа елдердің үлгісі бойынша ұйымдастырылған. Алайда кейбір жағдайда бұл статистика мәселенің әдетте көмескі қалатын жақтарын еске алуға мүмкіншілік жасайтын, неғұрлым толығырақ мәліметтер мен жақсы талданған цифрлар береді. Шаруашылықтарды жер көлемінің мөлшеріне қарай топтарға бөлу туралы жалпы мәліметтерден бастайық. Даниядағы қалыпты жер өлшемі «гарткорнды» біз гектарға (ha) аударамыз, Дания ауыл шаруашылық статистикасының көрсетулері негізінде 1 гарткорнде 10 гектар бар деп есептейміз *.

Данияның ауыл шаруашылық статистикасы шаруашылықтардың 1873, 1885 және 1895 жылдардағы бөлінуі туралы мәліметтер береді, оның бер жағында бүкіл шаруашылықтар 11 топқа бөлінеді: жері жоқтары, 0,3 ha-ға дейін (дәлірек айтқанда: $^1/_{32}$ гарткорнге дейін жері барлары), 0,3—2,5 ha, 2,5—10 ha, 10—20, 20—40, 40—80, 80—120, 120—200, 200—300, 300 және одан көп жері барлары. Оқушының назарын тым шашыратпау үшін біз бұл топтарды бұдан гөрі ірірек 6 топқа біріктіреміз. [269-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Ең алдымен бұл мәліметтерден шығатын негізгі қорытындыны буржуазиялық саяси экономия және оның ізіне еретін де отыратын ревизионистер үнемі есінен шығарып жібереді. Бұл қорытынды мынау: Даниядағы жердің орасан көпшілігі капиталистік жолмен қожайындық ететін егіншілердің қолында. 120 және одан көп гектар жері бар қожайындар ғана емес, сонымен қатар 40 және одан көп гектар жері бар қожайындар да шаруашылығы жалдама еңбектің көмегімен жүргізетініне күмәндануға болмайды. Бұл ең жоғарғы екі

* «Danmarks Statistik. Statistik Aarbog» 8-de aargang, 1903, p. 31 («Данияның статистикасы. Статистикалық әржылдық». 8-жыл басылуы, 1903, 31-бет. *Ред.*), ескерту. Төменде келтірілетін мәліметтердің бәрі, сөздің өз мағынасында айтқанда, яғни Борнхольмсіз алғанда, Данияға жатады.

	1873				1885				1895			
	Шаруашылықтар саны	%	Жер ha	%	Шаруашылықтар саны	%	Жер ha	%	Шаруашылықтар саны	%	Жер ha	%
Жері жоқтары	31 253	13,3	—	—	35 329	13,6	—	—	32 946	12,4	—	—
2,5 ha-ға дейін жері барлары	65 490	27,9	54 340	1,5	82 487	31,8	62 260	1,7	92 656	34,8	63 490	1,8
2,5—10 »	65 672	27,9	333 760	9,1	67 773	26,2	345 060	9,5	66 491	25,0	341 020	9,4
10—40 »	41 671	17,7	928 310	25,5	43 740	16,9	966 850	26,5	44 557	16,8	981 070	26,8
40—120 »	29 288	12,5	1 809 590	49,6	27 938	10,8	1 722 820	47,1	27 301	10,3	1 691 950	46,4
120 және одан көп ha	1 856	0,7	522 410	14,3	1 953	0,7	551 530	15,2	2 031	0,7	568 220	15,6
Барлығы	235 230	100,0	3 648 410	100,0	259 220	100,0	3 648 520	100,0	265 982	100,0	3 645 750	100,0

топ 1895 жылы шаруашылықтардың жалпы санының 11 проценті ғана болды, бірақ барлық жер көлемінің 62 проценті, яғни бес бөліктің үш бөлігінен көбірегі, осылардың қолына жинақталды. Дания ауыл шаруашылығының негізінде ірі және орта *капиталистік* егіншілік жатыр. «Шаруалар елі» туралы және «ұсақ егіншілік мәдениеті» туралы айтылып жүрген сөздер — барып тұрған буржуазиялық апологетика, капиталдың әр түрлі атағы бар және атақ алмаған идеологтарының фактілерді бұрмалауы.

Бұл ретте мынаны көрсете кету қажет, ауыл шаруашылығының толық қалыптасқан капиталистік құрылысы бар европалық басқа да елдердегі сияқты, Данияда жоғарғы, капиталистік топтардың ұлттық шаруашылықтың жалпы жиынындағы үлесі уақыт бойынша өте баяу өзгереді. 1873 жылы капиталистік фермалардың 13,2 процентінде барлық жердің 63,9 проценті болған; 1885 жылы фермалардың 11,5 процентінде жердің 62,3 проценті болған. Әр түрлі жылдардың мәліметтерін салыстыру туралы сөз болған кезде ірі егіншіліктің бұл тұрақтылығын әрқашан есте ұстау керек, өйткені *ұсақ-түйектердің* өзгеруіне қатысты болып отырған бұл сияқты салыстырулар арқылы белгілі қоғамдық-экономикалық укладтың *негізгі* белгілерін бүркемелеп жіберушілікті әдебиетте өте жиі көруге болады.

Европалық басқа да елдердегі сияқты, Даниядағы ұсақ шаруашылықтардың көпшілігі ауыл шаруашылық өндірісінің жалпы жиынында болмашы ғана роль атқарады. 10 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтардың жалпы саны 1895 жылы бүкіл шаруашылық санының 72,2 проценті болды, ал олардағы жер тек 11,2% қана болды. Бұл арақатынас негізінен алғанда 1885 жылы да, 1873 жылы да тұрақты күйінде қалады. Ұсақ шаруашылықтар көбіне жартылай пролетарларда болады,— неміс статистикасы мұны 2 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтар жөнінде сөзсіз дәлелдегенін, ал 5 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтар жөнінде де ішінара дәлелдегенін біз көріп өттік. Әр түрлі топқа жататын шаруашылықтардағы мал саны туралы мәліметтер келтіре отырып, төменде біз «ұсақ егіншілік мәдениетінің» бұл

атышулы өкілдерінің көпшілігі жөнінде шын мәнінде дербес және азды-көпті тұрақты егіншілік туралы сөз болуы да мүмкін емес екенін көреміз. Шаруашылықтардың 47,2 проценті, яғни тең жартысы дерлігі — пролетарлар мен жартылай пролетарлар (жері жоқтар және 2,5 һа-ға дейін жері барлар); 25 проценті, яғни шаруашылықтардың тағы да төрттен бірі (2,5 — 10 һа жері барлары) мұқтаждықтағы ұсақ шаруалар,— Даниядағы ауыл шаруашылық капитализмінің «гүлдену» *негізі* осындай. Әрине, жердің мөлшеріне қатысты мәліметтер бойынша саудалық мал шаруашылығы күшті дамыған ел туралы мейлінше жалпылап қана, жалпы жиын бойынша ғана пікір айтуға болады. Бірақ мал шаруашылығы туралы біз төменде толық талдап отырған мәліметтер жасалған қорытындыларды тек *күшейте түсетінін,* оқушы көретін болады.

Енді Данияда жердің ірі және ұсақ шаруашылықтардың арасында бөлінуі 1873 жылдан 1895 жылға дейін қалай өзгергенін қарап көрейік. Екі жақтағы шеткергілердің нағыз капиталистік күшеюі мен орташа шаруашылықтардың әлсіреуі бұл арада бірден біздің көзімізге түседі. Егіншілік шаруашылықтар санының проценттік үлесі (яғни жері жоқ шаруашылықтарды санамағанда) 2,5 һа-ға дейін жері бар ең ұсақ шаруашылықтарда *көбейеді:* 1873 жылы — 27,9%, 1885 жылы — 31,8% және 1895 жылы — 34,8%. Бұдан әрі бұл үлес *барлық* орташа топтарда *азаяды, тек* 120 және одан көп һа жері бар ең жоғарғы топта *ғана* өзгермейді (0,7%). Бүкіл жердің проценттік үлесі 120 және одан көп һа жері бар ең ірі шаруашылықта *көбейеді*: жоғарыда көрсетілген үш жылда — 14,3%—15,2%—15,6% болған, сонан соң орташа шаруа шаруашылығында, бұл топтағы шаруашылықтардың бүкіл санының үлесі азаюмен қатар, шамалы ғана *көбейеді* (10 һа-дан 40 һа-ға дейін жері барларында: 25,5%—26,5%—26,8%); сонан кейін 2,5—10 һа жері бар шаруашылықта теріс *өседі* (9,1%—9,5%—9,4%) және ең ұсақ шаруашылықта *үдайы көбейіп отырады* (1,5—1,7—1,8). Осының нәтижесінде ең ірі және ең ұсақ шаруашылықтардың өсуге барынша бейім екені көрінеді. Бұл құбылысты анығырақ көру

үшін шаруашылықтардың әр жылдардағы орта мөлшерін топтар бойынша алу керек. Мұндай мәліметтер мынау:

	Шаруашылықтардың орта мөлшері (гектар есебімен)		
	1873	1885	1895
2,5 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтар	0,83	0,75	0,68
2,5— 10 » » »	5,08	5,09	5,13
10 — 40 » » »	22,28	22,08	22,01
40 —120 » » »	61,00	61,66	61,97
120 және одан көп ha	281,40	282,30	279,80
Орта есеппен	15,50	14,07	13,70

Біз бұл мәліметтерден шаруашылықтардың көлемі топтардың көпшілігінде ерекше тұрақты екенін көреміз. Ауытқу болмашы ғана: 1—2% (мәселен, 279,8—282,3 ha немесе 22,01—22,28 ha, т. т.). *Тек* ең ұсақ шаруашылықтар ғана бұған жатпайды, олар, сөзсіз, *бөлшектенеді:* мұндай шаруашылықтардың (2,5 ha-ға дейін) орта мөлшерлерінің азаюы 1873 жылдан 1885 жылға дейін 10% (0,83 ha-дан 0,75 ha-ға дейін), 1885 жылдан 1895 жылға дейін де осындай. Данияда шаруашылықтардың барлық саны жалпы өскенде, бүкіл жер көлемі өзгеріссіз дерлік қала береді (1885 жылдан 1895 жылға дейін жердің жалпы көлемі тіпті біраз азайған). Соның өзінде өсудің дені ең ұсақ шаруашылықтар жағында болып отыр. Мысалы, 1873 жылдан 1895 жылға дейін шаруашылықтардың барлық саны 30 752 шаруашылыққа артқан; ал 2,5 ha-ға дейін жері бар шаруашылықтар саны 27 166 шаруашылыққа өскен. Мұндай жағдайда Даниядағы жалпы шаруашылықтардың барлығының орта мөлшерінің азаюы (1873 жылы — 15,5 ha, 1885 жылы — 14,1 ha және 1895 жылы — 13,7 ha) іс жүзінде *тек қана ең ұсақ* шаруашылықтардың *бөлшектенуі* болып табылатыны түсінікті.

Топтардың неғұрлым ұсақталып бөлінуін алатын болсақ, біз көрсеткен құбылыс бұдан да гөрі айқындала түседі. Данияның 1895 жылғы егіншілік статистикасына жазылған алғы сөзде («Danmarks Statistik etc. Danmarks Jordbrug». 4-de Raekke, Nr. 9, litra C *) құрастырушылар топтар бойынша шаруашылықтар санындағы өзгеріс жөнінде мынадай есеп береді:

	Көбею немесе азаю проценті	
	1885 жылдан 1895 жылға дейін	1873 жылдан 1885 жылға дейін
300 және одан көп ha жері бар шаруашылықтар	+ 4,2	+ 5,0
200 —300 ha жері бар шаруашылықтар	0	+ 6,1
120 —200 » » »	+ 5,2	+ 5,1
80 —120 » » »	— 1,5	— 2,1
40 — 80 » » »	— 2,4	— 5,0
20 — 40 » » »	+ 1,0	+ 3,6
10 — 20 » » »	+ 2,8	+ 6,5
2.5— 10 » » »	— 1,9	+ 3,2
0.3— 2.5 » » »	+ 2,1	+17,8
0 — 0,3 » » »	+25,1	+37,9

Демек не арнаулы дақылға арналған, не *жалдама жұмысшылардың* «шаруашылығы» болып табылатын ұлтарақтай шаруашылықтар ғана көбейеді.

Бұл қорытынды атап көрсетуге тұрады, өйткені апологетикалық профессорлық «ғылым» жалпы барлық шаруашылықтардың орта мөлшерінің азаюынан егіншілікте ірі өндірісті ұсақ өндірістің жеңгені туралы қорытынды жасауға бейім. Іс жүзінде біз ең ірі егіншіліктің прогресін көреміз, ең ұсақ топтан басқа барлық топтарда шаруашылықтар көлемінің тұрақтылығын және ең ұсақ топта шаруашылықтардың *бөлшектенуін* көреміз. Бұл бөлшектенуді ұсақ егіншіліктің құлдырауына және қайыршылыққа ұшырауына жатқызуға тура келеді: басқадай мүмкін боларлық түсіндірушілікті,

* — «Данияның статистикасы, т. т. Дания егіншілігі». 4 серия. № 9, G литері. *Ред.*

егіншіліктен нағыз мағынасындағы мал шаруашылығына көшушілікті, ең ұсақ шаруашылықтардың барлығы жөнінде қабылдауға болмайды, өйткені бұл көшу топтардың *барлығында* болып отыр, мұны қазір көреміз. Дания сияқты елде, егіншілер шаруашылықтарының көлемі туралы пікір айту үшін жердің көлемі туралы мәліметтерден гөрі, мал шаруашылығы туралы мәліметтер анағұрлым маңызды, өйткені мал шаруашылығы мен сүт шаруашылығы ерекше тез дамып отырғанда, нақ сол бір жер көлемінде әр түрлі мөлшерлі шаруашылықтардың болуы мүмкін.

Жұртқа мәлім, Данияда нақ осы құбылыс байқалады. Дания ауыл шаруашылығының «гүлденуі» негізінен сүт өнімдерін, ет, жұмыртқа, т. т. Англияға жеткізіп отыратын саудалық мал шаруашылығының тез табысқа жетуіне байланысты. Бұл арада біз Пудордың Дания *«өзінің сүт шаруашылығының орасан зор көтерілуі жөнінде атап айтқанда өз мал шаруашылығының және мал өсіру шаруашылығының ыдыраушылығына борышты»* (l. c., 48-бет, курсив Пудордікі) деген салтанатты мәлімдемесін кездестіреміз. Өз көзқарастарының бүкіл жүйесі бойынша нағыз жалдап болып отырған Пудордың капиталистік қайшылықтарды түсінудің қандайынан болса да мүлдем мақрұм қалып, фактілерді осындай бұрмалауға барып отырғаны таңқаларлық нәрсе емес. Алайда, ерекше аса тән нәрсе мынау: жаңылыстан социалистер қатарында саналып жүрген мещан Давид те Пудордың соңынан сынсыз сүйретіліп жүр!

Капиталистік елде мал шаруашылығының *шоғырлануын* іс жүзінде бізге нақ Дания ерекше айқын көрсетеді. Пудор өзінің мейлінше надандығының арқасында ғана және өзінің кітапсымағында келтіріп отырған статистика *үзінділерін* бұрмалау арқасында ғана бұған керісінше қорытындыға келіп отыр. Данияның мал өсіруші шаруашылықтарының бүкіл саны мал санына қарай бөлінуін көрсететін цифрларды Пудор келтіреді де, ал Давид оны құлша шұлғып қайталайды. Пудордың айтуынша — *малы бар* шаруашылықтардың бүкіл санының 39,85 процентінде тек 1—3 малдан ғана бар, сонан кейін 29,12 процентінде 4—9 малдан бар, т. т. Демек,

деп қорытады Пудор, шаруашылықтардың көпшілігі — «ұсақ»; «ыдыраушылық», т. т.

Біріншіден, Пудор *теріс* цифрларды келтіріп отыр. Мұны атап көрсетуге тура келеді, өйткені бұл Пудор дегеніңіз — менің еңбегімнен барлық «ең жаңа» статистикалық мәліметтерді табуға болады деп мақтанады, ал ревизионистер буржуазиялық надан дарынсыздарға сүйеніп, «марксизмді бекерге шығарады». Екіншіден, мұның өзі басты нәрсе,— Пудорлар мен Давидтердің дәлелдеу *тәсілін,* мұнымен тоқтап қалмау үшін, біздің кадеттер [103] мен халықшылдар тым жиі қайталап жүр. Пікір білдірудің *мұндай* тәсілі бойынша ең алдыңғы қатардағы капиталистік елдерде *өнеркәсіптің* «ыдыраушылығы» туралы сөзсіз қорытынды жасауға тура келеді, өйткені *қайда және қашан* болса да ең ұсақ және ұсақ кәсіпорындардың проценті көп болады, ал ірілерінің проценті — болмашы ғана. Пудорлар мен Давидтер «ұсақ» нәрсені: бүкіл өндірістің басым бөлегінің аз ғана ірі кәсіпорындардың қолында шоғырланатынын ұмытады.

Данияда бүкіл ірі қара малдың нақты бөлінуі 1898 жылғы 15 июльдегі соңғы санақ бойынша мынадай болған *: [276-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Данияның жалпы мал шаруашылығында толып жатқан ұсақ шаруашылықтардың және азғантай ірі шаруашылықтардың қандай роль атқаратынын, «тамаша елде» өндірістің атышулы «ыдыраушылығының» қандай екенін біз осыдан көреміз. 1—3 ірі қара малы бар ұсақ шаруашылықтар 68 292, яғни жалпы санының 37,9 проценті; оларда 140 730 ірі қара мал бар, яғни жалпы санның 8 проценті ғана. 783 ең ірі қожайындардың, қожайындардың жалпы санының 0,4 процентінің, осыған таяу дерлік, 133 802 ірі қара малы бар, яғни 7,7%. Біріншілердің орта есеппен 2-ден аз-ақ асатын ірі қара малы бар, яғни бұл мүлде жеткіліксіз, мұндай малмен саудалық мал шаруашылығын ұстап, сүт пен ет өнімдерін сатып отыру үшін тек өз ішіп-жеміне нұқсан кел-

* — Danmarks Statistik. Statistik Tabelvaerk». Femte Rackke, litra C. № 2. Kreaturholdet d. 15 juli 1898. Kobenhavn. 1901 («Данияның статистикасы. Статистикалық кестелер». 5 серия, C литері, № 2. 1898 жылғы 15 июльге дейінгі мал шаруашылығы. Копенгаген, 1901. *Ред.*).

	Шаруа-шылық-тар	%	Ірі қара мал саны	%
1 ірі қара малы барлар	18 376	10,2	18 376	1,0
2 » » » »	27 394	15,2	54 788	3,1
3 » » » »	22 522	12,5	67 566	3,9
4— 5 » » » »	27 561	15,2	121 721	7,0
6— 9 » » » »	26 022	14,4	188 533	10,8
10— 14 » » » »	20 375	11,3	242 690	13,9
15— 29 » » » »	30 460	16,9	615 507	35,3
30— 49 » » » »	5 650	3,1	202 683	11,6
50— 99 » » » »	1 498	0,8	99 131	5,7
100—199 » » » »	588	0,3	81 417	4,7
200 және одан көп »	195	0,1	52 385	3,0
Барлығы	180 641	100,0	1 744 797	100,0

тіргенде ғана мүмкіншілік бар (белгілі фактілерді еске түсірейік: сары май сатып, өзіне неғұрлым арзан маргарин сатып алады және т. с.). Екіншілердің орта есеппен 171-ден ірі қара малы бар. Бұлар — ең ірі капиталистік фермерлер, сүт пен еттің «фабриканттары», техникалық прогрестің және алуан түрлі ауыл шаруашылық одақтарының «көсемдері»; «әлеуметтік татулықтың» мещандық бас июшілері осыларға мәз болады.

Егер біз ұсақ және ортаηа қожайындарды бірге қоссақ, онда 9-ға дейін ірі қара малы барлардың жалпы саны — 121 875 қожайын келіп шығады, яғни қожайындардың жалпы санының үштен екісі (67,5%) болады. Оларда 450 984 ірі қара мал бар, яғни жалпы қара малдың төрттен бірі (25,8%). 30 және одан артық ірі қара малы бар қожайындардың нақ осындай дерлік, атап айтқанда 435 616 малы бар (25%), оның бер жағында бұл қожайындардың саны 7931, яғни қожайындардың барлық санының 4,3 проценті. «Ыдыраушылық» жақсы-ақ екен.

Дания статистикасының жоғарыда келтірілген ұсақ бөлулерін үш ірі топқа қосқанда мынадай болып шығады:

	Шаруашылық саны	%	Ірі қара мал саны	%	1 шаруашылыққа орта есеппен келетіні
1—3 ірі қара малы бар шаруашылықтар	68 292	37,9	140 730	8,0	2,1
4—9 » » » »	53 583	29,6	310 254	17,8	5,8
10 және одан көп »	58 766	32,5	1 293 813	74,2	22,0
Барлығы	180 641	100,0	1 744 797	100,0	9,7

Сонымен, Данияның бүкіл мал өсіруші шаруашылығының *төрттен үші* 58 766 қожайынның, яғни қожайындардың жалпы санының *үштен бірінен* азырағының қолына жиналған. Данияның ауыл шаруашылығындағы капитализмнің бүкіл «гүлденуінен» түсетін пайданың орасан зор бөлегін қожайындардың осы үштен бір бөлегі иемденеді. Бұл ретте ауқатты шаруалар мен бай капиталистердің проценті мұндай жоғары (32,5%, яғни үштің біріне жуық) болуының себебі, барлық *малсыз қожайындарды* шығарып тастап, есепті әдейі теріс жүргізу тәсілінің нәтижесінде болып отырғанын еске алу қажет. Іс жүзінде мұның проценті анағұрлым төмен. Біздің көргеніміздей, Данияның селолық қожайындарының барлық саны 1895 жылғы санақ бойынша 265 982 болған, ал 1898 жылғы 15 июльдегі мал санағы бойынша қожайындардың жалпы саны 278 673 деп есептеледі. Селолық қожайындардың барлық санының осы іс жүзіндегі қорытындысымен салыстырғанда, 58 766 ауқатты және бай қожайындар бар болғаны 21,1%, яғни *бестен бір бөлігі* ғана болады. Егер жерсіз «қожайындар» Данияның селолық қожайындарының барлық санының 12,4 проценті болса (1895 жылы: 265 982-нің 32 946-сы болған), онда малсыз * қожайындар *Данияның селолық қожайындарының барлық саны-*

* Дәлірек айтқанда, ірі қара малы жоқ қожайындар, өйткені, амал не, Дания статистикасы *ешқандай* малы жоқ қожайындардың санын бермейді. Бұл статистикадан біз малдың әрбір жеке түлігіне ие болғандардың ғана санын білеміз. Алайда, ірі қара малдың Данияның бүкіл мал шаруашылығының басты негізі болып табылатыны күмәнсыз.

ның 35,1 проценті, *яғни үштің бірінен көбірегі* болады (1898 жылы — 278 673-тің 98 032-сі болған). Дания ауыл шаруашылығының капиталистік гүлденуі село халқын *жаппай пролетарға айналдыруға*, «селолық қожайындар» *бұқарасын* өндіріс құрал-жабдықтарынан айыруға негізделетінін көрмейтін Давид мырзалардың «социализмінің» қандай сортты екенін осыған қарап бағалауға болады.

Енді Данияның егіншілігін де, бүкіл мал шаруашылығын да тұтас суреттейтін мәліметтерге көшейік. 1898 жылғы 15 июльдегі санақ белгілі бір мөлшерде жері бар селолық қожайындардың әр түрлі топтарындағы мал саны туралы толық мәліметтер береді. Мұндай топтардың саны Дания статистикасында ерекше көп (14 топ: жері жоқтар, $^1/_{32}$ гарткорнге дейін жері барлар, $^1/_{32}$—$^1/_{16}$, $^1/_{16}$—$^1/_8$, $^1/_8$—$^1/_4$, $^1/_4$—$^1/_2$, $^1/_2$—1, 1—2, 2—4, 4—8, 8—12, 12—20, 20—30, 30 және одан да көп гарткорн жері барлар), сөйтіп біз мәліметтерді өзіміз қабылдаған алты ірі топқа жинақтаймыз:

1898 жылы 15 июльдегі санақ бойынша

Шаруашылық топтары	Шаруашылық саны	%	һа жер	%	Жылқы	%
Жері жоқтары	13 435	4,8	—	—	1 970	0,5
Жерінің колемі белгісіздері	45 896	16,5	?	?	28 909	6,4
2,5 һа-ға дейін жері барлары	80 582	28,9	55 272	1,5	24 540	5,5
2,5— 10 » »	63 420	22,8	323 430	8,9	54 900	12,2
10 — 40 » »	45 519	16,3	984 983	27,0	133 793	29,8
40 —120 » »	27 620	9,9	1 692 285	46,4	168 410	37,5
120 және одан көп һа жері барлары	2 201	0,8	588 318	16,2	36 807	8,1
Барлығы	278 673	100,0	3 644 288	100,0	449 329	100,0

Ескерту. Шаруашылықтарды жердің көлеміне қарай бөлу жөніндегі бойынша болған өзгерістерге және мәліметтер жинау тәсілінің біраз арасалмақ сол бұрынғы күйінде қалады. 1895 жылғы санақ, 3 645 750 һа «Жерінің көлемі белгісіз» шаруашылықтар тобы (1898 жыл) көпшілі-

Бұл мәліметтерден біз ең алдымен Данияда *бүкіл* мал шаруашылығы шоғырлануының қаншалықты зор екенін көреміз. 40 ha-дан артық жері бар ірі капиталистік қожайындар бар болғаны қожайындардың жалпы санының *оннан бір бөлігі* ғана (10,7%) болады, сонымен қатар оларда бүкіл жердің *бестен үшінен көбірегі* (62,6%) және бүкіл малдың *жартысына таяуы:* бүкіл жылқы санының 45,6 проценті, бүкіл ірі қара мал санының 48,4 проценті, бүкіл қой санының 32,7 проценті, бүкіл шошқа санының 44,6 проценті шоғырланып отыр.

Егер бұл капиталистік қожайындарға ауқатты шаруаларды, яғни 10—40 гектар жер иелерін қосатын болсақ, онда қожайындардың жалпы санының төрттен бірінен аз-ақ асатын (27,0%) болып шығады, оларда бүкіл жердің оннан тоғызы, бүкіл жылқы санының төрттен үші, бүкіл ірі қара мал жиынының бестен төрті, бүкіл шошқа санының оннан жетісі, бүкіл үй құстары-

Даниядағы егіншілік пен мал шаруашылығы

Сиыр	%	Барлық ірі қара мал	%	Қой	%	Шошқа	%	Үй құстары	%
3 707	0,3	4 633	0,3	8 943	0,8	8 865	0,8	220 147	2,5
28 072	2,6	42 150	2,4	42 987	4,0	42 699	3,7	780 585	8,9
66 171	6,2	88 720	5,1	99 705	9,3	94 656	8,1	1 649 452	18,8
175 182	16,4	247 618	14,2	187 460	17,5	191 291	16,4	1 871 242	21,4
303 244	28,5	515 832	29,6	383 950	35,7	308 863	26,4	1 957 726	22,3
361 669	33,9	639 563	36,6	310 686	28,9	409 294	35,0	1 998 595	22,8
129 220	12,1	206 281	11,8	40 682	3,8	112 825	9,6	289 155	3,3
1 067 265	100,0	1 744 797	100,0	1 074 413	100,0	1 168 493	100,0	8 766 902	100,0

1898 жылғы мәліметтер 1895 жылғы мәліметтерден басқаша. Мұның уақыт өзгешелігіне байланысты болуы мүмкін. Бірақ топтар арасындағы жалпы бөлінген жерден өзге, тағы — 45 860 ha бөлінбеген жер бар деп есептейді, гінде төменгі топтарға жатады, мұны мал саны дәлелдеп отыр.

ның жартысына таяуы шоғырланып отыр. «Селолық қожайындардың» арасап көпшілігінің, төрттен үші дерлігінің (73%) әрқайсысында 10 гектарға жетпейтін жер бар, олар жалпы және тұтас алғанда пролетарға және жартылай пролетарға айналған бұқара болып табылады, бүкіл елдің егіншілік және мал шаруашылығының жалпы жиынында болмашы ғана роль атқарады.

Сонап соң, малдың әр түрлі түліктерінің бөліпуіне келетін болсақ, онда бұл жөнінде, әсіресе қой шаруашылығы мен шошқа шаруашылығына көңіл бөлуге тұрады. Мұның біріншісі мал шаруашылығының құлдырап бара жатқан, рынок жағдайларының, мұхиттың ар жағындағы елдердің бәсекесі салдарынан қазіргі уақытта европалық елдердің копшілігі үшін тиімсіз болып отырған саласына жатады. Халықаралық рыноктың жағдайлары қой шаруашылығын мал шаруашылығының басқа түрлерімен ауыстыруды талап етеді. Мұның керісінше, шошқа өсіру Европадағы етті мал шаруашылығының ерекше тиімді және тез дамып келе жатқан салаларына жатады. Статистика бізге Данияда да қой шаруашылығының төмендеп, шошқа өсірудің ерекше тез дамып келе жатқанын көрсетеді. 1861 жылдан 1898 жылға дейін Данияда қойдың саны 1,7 миллионнан 1,1 миллионға дейін азайды. Ірі қара мал саны 1,1 миллионнан 1,7 миллионға дейін өсті. Шошқа саны 0,3 миллионнан 1,2 миллионға дейін өсті, яғни төрт есе дерлік көбейді.

Сөйтіп, қой мен шошқаның ұсақ және ірі шаруашылықтарда бөлінуін салыстыра келіп, біріншінің неғұрлым кертартпа екенін, оның рынок талаптарына икемділігінің неғұрлым аз екенін, жаңа жағдайларға сәйкестіре шаруашылықты қайта құруы баяу екенін біз айқын көреміз. Ірі капиталистік шаруашылықтар (40—120 ha, 120 және одан көп ha жерлері барлар) тиімсіз қой шаруашылығын басқаның бәрінен де көп қысқартты (малдың басқа түліктері 33—37% және 8—12% болса, қой 28,9% және 3,8%). Ұсақ шаруашылықтар бұған аз икемделген: олардың қолындағы қойлар әлі де көп; мәселен, 2,5 ha-ға дейін жерлері бар шаруашы-

лықтардың қолында малдың басқа түліктері 6—5% болса, қойдың барлық саны 9,3% болып отыр. Оларда шошқа 8,1% — қойға қарағанда *аз*. Капиталистерде — 35% және 9,6%, яғни шошқа қойға қарағанда *көп*. Капиталистік егіншілік халықаралық рыноктың талаптарына анағұрлым жақсы икемделе алады. Ал шаруа туралы қазірде де Маркстің сөзімен былай деуге тура келеді: шаруа нағыз көпес және өнеркәсіпші бола алатын жағдайларсыз-ақ көпеске және өнеркәсіпшіге айналады[104]. Рынок *қандай* қожайыннан болса да, сөзсіз қажеттілік ретінде, жаңа жағдайларға бағынуды және оларға тез икемделуді *талап етеді*. Бірақ *капитал* болмайынша мұндай тез икемделу мүмкін емес. Сөйтіп, ұсақ шаруашылық капитализм тұсында көбірек кертартпалыққа, артта қалушылыққа, рынокқа неғұрлым аз бейімделушілікке сөзсіз душар болады.

Осы мұқтаждыққа ұшыраған бұқара мен аз ғана ауқатты азшылықтың нағыз шаруашылық бейнесін көзге нақты елестету үшін, әр түрлі топтардағы шаруашылықтардың жері мен малының орта саны туралы мәліметтер келтіреміз. Буржуазиялық саяси экономия үшін (және ревизионист мырзалар үшін де) капиталистік қайшылықтарды бүркемелеу табиғи нәрсе; социалистік саяси экономия шаруашылық *типтерінің* айырмасын және гүлденіп келе жатқан капиталистік қожайындар мен мұқтаждыққа ұшыраған ұсақ қожайындардың тұрмыс дәрежесінің айырмасын анықтауға тиіс. [282-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл мәліметтер шаруашылықтардың барлық санының жартысы болатын төменгі үш топтың барлығы да — *кедейлер* екенін айқын көрсетеді. Басым көпшілігі — аты жоқ және сиыры жоқ «қожайындар». Тек 2,5 һа-ға дейін жері бар топта ғана ірі қара мал, қой және шошқа *тұтас* бір-бірден келеді. Әлбетте, сүт және ет беретін мал шаруашылығынан пайда табу туралы шаруашылықтардың барлық санының бұл *жартысында* сөз болуы да мүмкін емес. Дания ауыл шаруашылығының гүлденуі шаруашылықтардың бұл жартысы үшін ірі қожайындарға тәуелді болу, «қосымша табыс» іздеу, яғни қайткен күнде де өзінің жұмыс күшін сатуға

Шаруашылық топтары	Орта есеппен 1 шаруашылыққа келетіні						
	Һа жер	Жылқы	Сиыр	Барлық ірі қара мал	Қой	Шошқа	Үй құстары
Жері жоқтары	—	0,1	0,3	0,3	0,7	0,7	16,4
Жерінің көлемі белгісіздері	?	0,6	0,6	0,9	0,9	0,9	17,0
2,5 һа-ға дейін жері барлары	0,6	0,3	0,8	1,1	1,2	1,2	20,4
2,5— 10 » » »	5,1	0,9	2,7	3,9	2,9	3,0	29,5
10 — 40 » » »	21,6	2,9	6,6	11,3	8,4	6,8	43,0
40 —120 » » »	61,3	6,1	13,8	23,1	11,2	14,9	72,4
120 және одан көп һа »	267,3	16,7	58,7	93,7	18,5	51,2	131,3
Орта есеппен	13,1	1,6	3,8	6,3	3,9	4,2	31,5

мәжбүр болу, мәңгі мұқтаждықта және жартылай күйзелген шаруашылық күйінде қалу болып табылады.

Әрине, бұл қорытынды осы өте кедей шаруашылықтардың бүкіл *бұқарасы* жөнінде ғана дұрыс болады. Жер көлемі шағын шаруашылықтардың арасында шаруашылығы ірі мал өсірушілер, темекі, т. б. егушілер бар екепін біз герман, француз, орыс ауыл шаруашылық статистикасының мәліметтері бойынша көрсеткен болатынбыз. Дания статистикасының мәліметтері бойынша біздің біле алатынымыздан гөрі жіктелу тереңірек болып отыр. Бірақ бұл жіктелу, әрбір топта арнаулы дақылдар егетін шаруашылықтардың болмашы аздығын бөліп шығара отырып, аса кедей топтардағы қожайындар *көпшілігінің* қайыршылығы мен мұқтаждығын тек *күшейте түседі.*

Сонан соң, $2^1/_2$ гектардан 10 гектарға дейін жері бар ұсақ шаруалар тобының да азды-көпті қамтамасыз етілген және экономика жағынан берік нығайған болып санала алмайтыны да келтірілген мәліметтерден көрініп отыр. Бұл топта — 63 мың шаруашылық бар екенін, яғни шаруашылықтардың жалпы санының 22,8 проценті болатынын еске сала кетейік. Бұл топта да әр шаруашылыққа орта есеппен 0,9 аттан келеді. Аты жоқтар, сірә, жегуге сиырларды пайдаланатын болуы керек, олар мұнымен егіншілік шаруашылығының да (жерді саяз жыртып), мал шаруашылығының да (ірі қара малды әлсіретіп) жағдайларын нашарлатады. Әр шаруашылыққа орта есеппен 2,7 сиырдан келеді. Ал егер өз семьясында сүт пен ет өнімдерін тұтынуды қысқартатын болса, ал мұндай қысқарту барып тұрған қатты мұқтаждықтың тікелей белгісі болып табылады, онда сиырлардың мұндай санынан өнімдердің мейлінше мардымсыз бөлегін ғана сатуға шығарып отыруға болады. Үй басына орта есеппен 2,7 сиыры және 3,0 шошқасы бар мұндай шаруашылықтардың Англияға «ұлттық» сүт пен ет сату ісінің «гүлденуіне» қатысуы мейлінше мардымсыз *болмауы мүмкін емес.* Шаруашылық көлемі осындай болып отырғанда сауда егіншілігі мен сауда мал шаруашылығы ішінара семьяға керекті нәрседен қол үзу, ішіп-жемді нашарлату, мұқ-

таждықты күшейту болып табылады, ал ішінара ұсақ-түйектен айрылу, яғни барынша тиімсіз жағдай үстінде айрылу және сөзсіз болатын төтенше шығынға жұмсайтын ақша қорын сақтауға мүмкіншіліктің болмауы болып табылады. Ал ұсақ шаруаның натуралдық шаруашылығы, қазіргі замандағы капиталистік елдердің жағдайында, ешқандай гүлдене алмайды, тек қайыршылықпен күн кешеді және қиналып барып құриды. Буржуазиялық және ревизионистік саяси экономияның барлық «фокусы» сол — ол «орташадан» төмен тұрған (Данияның «орташа» қожайынында — 1,6 жылқы және 3,8 сиыр бар) және қожайындардың барлық санының *орасан көпшілігі* болып отырған ұсақ шаруашылықтардың нақ осындай типінің жағдайларын ерекше зерттемейді. Шаруашылықтың бұл типінің ерекше зерттелмегені былай тұрсын, қайта ол бірыңғай «орта есеппен» алынған мәліметтерге, «өндіріс» пен «өткізудің» жалпы өсуіне сүйену арқылы, болмашы азшылық болып отырған ауқатты шаруашылықтардың ғана тиімді түрде өткізе *алатыны* туралы үндемеу арқылы бүркемеленеді.

«Гүлденуге» *мүмкіншілік* беретін мал саны тек 10—40 hа жері бар қожайындарда ғана болатынын көреміз. Бірақ мұндай шаруашылықтар жалпы санның бар болғаны 16 проценті ғана. Және де орта есеппен 21,6 гектардан жері болып отырған олар толығынан жалдама еңбексіз тұра ала ма, жоқ па, бұл әлі күмәнды нәрсе. Данияда егіншіліктің интенсивтілігі жоғары болып отырғанда, мұндай мөлшердегі кәсіпорын, сірә, батырақтардың немесе күндікшілердің қатысуынсыз тұра алмайтын болуы керек. Амал не, Дания статистикасы да, Дания егіншілігі туралы жазып жүрген жазушылардың көпшілігі де бүтіндей буржуазиялық көзқараста болып отыр, олар жалдама еңбек туралы, оны қолдануды талап ететін шаруашылықтардың мөлшері туралы және т. с. мәселені зерттемейді. Даниядағы кәсіптердің 1901 жылы болған санағынан біз тек мынаны білеміз: «күндікшілердің» және сондайлардың тобында 60 мың еркек және 56 мың әйел бар делінеді, яғни өндірістегі жағдайына қарай бөлінген 972 мың село тұрғындары-

ның 116 мыңы. Бұл ондаған мың жалдама жұмысшылар (ал олардан басқа ұсақ шаруалар да «қосалқы жұмыс» ретінде жалданып жұмыс істейді) тек қана 30 мың капиталистік ірі қожайындарда (40 һа-дан 120 һа-ға дейін жері барлары — 27 620 және 120 һа-дан артық жері барлары — 2201) ғана істей ме немесе сонымен қатар ішінара 10 гектардан 40 гектарға дейін жері бар ауқатты шаруаларда да істей ме,— бұл туралы бізде мәліметтер жоқ.

Ең басты екі топ туралы, Дания ауыл шаруашылығының жоғарғы «30 мыңы» туралы, көп айтудың қажеті жоқ: олардың егіншілігі мен мал шаруашылығының капиталистік сипаты ілгеріде келтірілген цифрлар арқылы айқын суреттелген болатын.

Ақырында, Дания ауыл шаруашылығы статистикасында қозғалып, ішінара талданған, жалпы ынта туғызатын соңғы мәліметтер біздің «тамаша ел» «гүлденуінің» осы басты негізінің дамуына қарай мал шаруашылығы жекелендіріле ме немесе шоғырландырыла ма деген мәселеге жатады. Біз осыған дейін цитат келтірген 1898 жылдың статистикасы 1893 жылмен салыстырғанда да өте қызықты мәліметтер береді, ал малдың бір түрі жөнінде, расында, ең басты түрі, атап айтқанда бүкіл ірі қара мал жөнінде біздің 1876 және 1898 жылдардың мәліметтерін де салыстыруымызға болады.

1893 жылдан 1898 жылға дейінгі кезеңде Данияда мал шаруашылығының барлық салаларының ішінде шошқа шаруашылығы басқаның бәрінен де гөрі күшті алға басты. Бұл уақыттың ішінде шошқа саны 829 мыңнан 1168 мыңға дейін, яғни 40% өсті, ал жылқы саны бар болғаны 410 мыңнан 449 мыңға дейін, ірі қара мал саны 1696 мыңнан 1744 мыңға дейін өсті, ал қой саны тіпті азайып кетті. Сонда Данияның қисапсыз көп серіктіктерге біріккен қожайындарының мұндай орасан зор прогресін ең алдымен кім пайдаланды? 1898 жылғы статистиканы құрастырушылар бұған 1893 және 1898 жылдардағы мәліметтерді салыстыра отырып жауап береді. Барлық шошқа иелері төрт топқа бөлінеді: 50 және одан көп шошқасы бар ірі иеліктер; 15—49 шошқасы бар орташа-ірі; 4—14 шошқасы бар орташа-

ұсақ және 1—3 шошқасы бар ұсақ иеліктер. Статистиканы құрастырушылар осы төрт топ бойынша мынадай мәліметтер береді:

Шаруашылық топтары	1893 Саны Шаруашылықтар	1893 Саны Шошқалар	1898 Саны Шаруашылықтар	1898 Саны Шошқалар	Процент бойынша көбеюі немесе санының азаюы Шаруашылықтар	Процент бойынша көбеюі немесе санының азаюы Шошқалар	Шошқа санының процент бойынша бөлінуі 1893	Шошқа санының процент бойынша бөлінуі 1898
50 және одан көп шошқасы барлары	844	79 230	1 487	135 999	76,2	71,7	9,6	11,6
15—49 » »	20 602	350 277	30 852	554 979	48,2	58,4	42,3	47,5
4—14 » »	38 357	211 868	50 668	282 642	32,1	33,4	25,5	24,2
1— 3 » »	108 820	187 756	108 544	194 873	0,3	3,8	22,6	16,7
Барлығы	168 623	829 131	191 551	1 168 493	13,6	40,9	100,0	100,0

Бұл мәліметтер бізге мал шаруашылығының тез *шоғырланып* келе жатқанын айқын көрсетеді. Шаруашылықтар неғұрлым ірі болған сайын олар мал шаруашылығының «прогресінен» соғұрлым көп ұтты. Ірі шаруашылықтар мал санын 71,7 процент көбейткен, орташа-ірілері 58,4 процент, орташа-ұсақтары 33,4 процент, ал ұсақтары не бары 3,8 процент көбейткен. Байлықтың көбеюі негізінен алғанда «жоғарғылардың» кішкене азшылығында болып отыр. Шошқа санының барлық өсімі бес жылда 339 мың болған; мұның 261 мыңы, яғни *төрттің үшінен көбірегі* саны 32 мың (шаруашылықтардың 266—277 мың барлық санынан!) болған ірі және орташа-ірі шаруашылықтарға келеді. Мал шаруашылығының бұл түріндегі ұсақ өндірісті ірі өндіріс *ығыстыруда:* бес жылдың ішінде ірі шаруашылық (9,6 проценттен 11,6 процентке дейін) пен орташа-ірі шаруашылықтың (42,3 проценттен 47,5 процентке дейін) үлесі *өсті,* орташа-ұсақ шаруашылықтың үлесі

(25,5 проценттен 24,2 процентке дейін) *азайды* және ұсақ шаруашылықтың үлесі бұдан да көп (22,6 проценттен 16,7 процентке дейін) азайды.

Егер *жер көлемінің* қарадүрсін статистикасының орнына, мал санының мал шаруашылығының мөлшерін көрсететіндігі * сияқты нақ өндірістің өзінің мөлшерін дәл көрсететін егіншілік шаруашылығының статистикасын алуға болса, онда біздің бұл арада да, буржуазияшыл профессорлар мен оппортунистер бекер деп отырған *шоғырлану* процесі бар екенін көретініміз күмәнсыз.

Барлық ірі қара мал саны жөніндегі тиісті мәліметтер бұдан да гөрі қызықты, оның бер жағында 1898 жылғы статистиканы құрастырушылардың 1893 және 1898 жылдарды салыстыруын біз 1876 жылы 17 июльде болған санақ мәліметтерімен салыстыру арқылы толықтыра аламыз («Danmarks Statistik. Statistik Tabelvaerk», 4-de Raekke, litra C. Nr. 1. Kreaturholdet d. 17 juli 1876. København, 1878 **). Осы үш жыл ішіндегі тиісті мәліметтер мыналар: (288-беттегі кестені қараңыз. *Ред.)*

Бұл мәліметтер неғұрлым ұзақ уақыт бойына және малдың неғұрлым маңызды түрі жөнінде, жоғарыда келтірілген мәліметтер сияқты, *капиталистік шоғырлану* процесін бізге сондайлық айқын көрсетеді. Данияның мал шаруашылығының өсуі, мал өсірушіліктің өсуі — *бірыңғай дерлік* ірі капиталистік шаруашылықтың прогресі. Малдың 1876 жылдан 1898 жылға дейінгі бүкіл өсімі 424 мың бас болған. Бұл өсімнің 76 мыңы 50 және одан көп малы бар шаруашылықтарға келеді және 303 мыңы 15—49 малы бар шаруашылықтарға келеді, яғни барлығы осы жоғарғы дәрежедегі 38 мың шаруашылыққа өсімнің 379 мыңы, *бүкіл өсімнің* $^{9}/_{10}$ *дерлігі келеді.* Капиталистік шоғырланудың бұдан да гөрі айқын суретін көзге елестету мүмкін емес.

---

* Жоғарыда біз, Дрекслердің мәліметтері бойынша, ірі шаруашылықтарда малдың ірі екенін көрсеттік. Демек, жалпы статистика бұл арада да шоғырлануды азайтып көрсетеді.

** «Данияның статистикасы. Статистикалық кестелер», 4-серия, С литері, № 1. 1876 жылғы 17 июльге дейінгі мал шаруашылығы. Копенгаген, 1878. *Ред.*

Шаруашылық топтары	1876		1893		1898		Процент бойынша көбеюі немесе азаюы				Ірі қара мал санының процент бойынша бөлінуі		
	Саны		Саны		Саны		1876 жылдан 1893 жылға дейін (Саны)		1893 жылдан 1898 жылға дейін (Саны)				
	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	1876	1893	1898
50 және одан көп малы барлары	1 634	156 728	2 209	221 667	2 281	232 933	35,2	41,4	3,3	5,1	11,8	13,0	13,4
15—49 » » »	24 096	514 678	35 200	793 474	36 110	818 190	46,1	54,1	2,6	3,1	39,0	46,8	46,8
4—14 » » »	64 110	504 193	72 173	539 301	73 958	552 944	12,5	6,9	2,5	2,5	38,2	31,8	31,7
1— 3 » » »	78 156	144 930	70 218	141 748	68 292	140 730	10,2	2,2	2,7	0,7	11,0	8,4	8,1
Барлығы	167 996	1 320 529	179 800	1 696 190	180 641	1 744 797	7,0	28,4	0,5	2,9	100,0	100,0	100,0

Ірі қара малы бар шаруашылықтардың барлық саны 1876 жылдан 1898 жылға дейін 12 645 шаруашылыққа (180 641 — 167 996) артты, яғни 7,5% көбейді. Ал Данияның бүкіл халқы 1880 жылдан 1901 жылға дейін (яғни тіпті бұдан шамалы аз кезеңнің ішінде) 1 969 039 адамнан 2 449 540 адамға дейін *, яғни 24,4% көбейген. «Дәулеттілердің», яғни малы барлардың салыстырмалы саны *қысқарғаны* айқын. Халықтың *азшылық* бөлегі меншік иелерінің қатарына жатады. Ең ұсақ иелердің (1—3 малы барлардың) саны өне бойы мүлде азайып келеді. Орташа-ұсақ иелердің (4—14 малы барлардың) саны, халықтың өсуінен артта қалып, мейлінше баяу дәрежеде өседі (1876 жылдан 1893 жылға дейін +12,5%, 1893 жылдан 1898 жылға дейін +2,5%). Нағыз және тез өсушілік тек ірі капиталистік мал шаруашылығында ғана байқалады, соның өзінде 1876 жылдан 1893 жылға дейін орташа-ірі шаруашылықтар ірі шаруашылықтардан тез өседі, ал 1893 жылдан 1898 жылға дейін ең ірі шаруашылықтар басқалардың бәрінен де тез өседі.

Егер біз 1876 және 1898 жылдардағы мәліметтер бойынша шаруашылықтардың ең ірі тобын, 200 және одан көп ірі қара малы бар иелерді алатын болсақ, онда — 1876 жылы бұлардың 79 (мал иелерінің барлық санының 0,05 проценті) болып, 18 970 ірі қара малы (ірі қара малдың барлық санының 1,4 проценті) болғанын көреміз, ал 1898 жылы — екі еседен де көп — 195 (жиынының 0,1 проценті) болып, 52 385 ірі қара малы (барлық жиынының 3,0 проценті) болғанын көреміз. Ең ірі қожайындар сан жағынан екі еседен де артқан және өз өндірісін үш есеге жуық көбейткен.

Ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруы 1876 жылдан 1898 жылға дейін үздіксіз болып отырды. Ұсақ шаруашылықтың жалпы жиындағы үлесі үздіксіз азайып отырады: 1876 жылғы 11,0 проценттен 1893 жылы 8,4 процентке дейін және 1898 жылы 8,1 процентке дейін азайған. Орта шаруашылықтың үлесі де, біраз

* Қала халқының проценті 1880 жылы — 28%, 1901 жылы — 38% болды.

баяу болғанымен, үздіксіз кеміп келеді (38,2%—31,8%—31,7%). Орташа-ірі шаруашылық өз үлесін 1876 жылдан 1893 жылға дейін 39,0 проценттен 46,8 процентке дейін көбейткен, ал 1893 жылдан 1898 жылға дейін сол күйінде қалған. Тек ең ірі шаруашылық қана, басқа топтардың бәрін ығыстыра отырып, үздіксіз өсіп отырған (11,8%—13,0%—13,4%).

Мал шаруашылығы үшін жағдайлар неғұрлым қолайлы болған сайын саудалық мал шаруашылығының дамуы және оның прогресі соғұрлым тез болады, сонымен қатар капиталистік шоғырлану процесі де соншалықты күшті болады. Мәселен, 1880 жылы 234 мың және 1901 жылы 378 мың халқы болған Копенгаген округінде сүт пен ет өнімдерін өткізу, әрине, барынша қамтамасыз етіліп отырды. Бұл округтің селолық қожайындары, Данияның басқа қожайындарына қарағанда, 1876 және 1898 жылы да ірі қара малға бай болды, бүкіл елде 7,9 және 9,7 малдан келген болса, оларда орта есеппен 8,5 және 11,6 малдан болды. Мал шаруашылығын дамытуға неғұрлым қолайлы жағдай болып отырған бұл округте де біз шоғырланудың неғұрлым күшті процесі бар екенін көреміз.

Бұл округ жөнінде жоғарыда қабылданған топтар бойынша 1876 және 1898 жылдардағы мәліметтер мынадай:

	1876		1898	
	Саны		Саны	
	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы	Шаруашылықтар	Ірі қара мал басы
50 және одан көп малы барлары	44	4 488	86	9 059
15—49 » »	1 045	22 119	1 545	35 579
4—14 » »	2 011	16 896	1 900	14 559
1— 3 » »	2 514	4 468	1 890	3 767
Барлығы	5 614	47 971	5 421	62 964

Мұнда тіпті меншік иелерінің абсолюттік саны 22 жылда азайып шығып отыр! Мал байлығы қожайындардың азғантай бөлегінің қолына жиналған. Ұсақ қожайындар да, орташа қожайындар да 22 жылдан кейін *азайып* қалып отыр және малдарының саны да *азайып* отыр. Орташа-ірі қожайындар өз иелігін бір жарым есе көбейткен (22 мың және 35 мың). Ірілері — *екі еседен аса* көбейткен. 200 және одан да көп ірі қара малы бар ең ірі қожайындардың 437 ірі қара малы бары 1876 жылы *екеу* еді, ал 1898 жылы — 2896 ірі қара малы бар қожайын саны 10 болды.

Еркімен болсын, еріксіз болсын капиталдың малайы болып отырған әр түрлі Пудорлардың, Давидтердің және басқалардың өнім өткізу жағдайларын жақсарту туралы, қожайындардың одақтасып бірлесуін дамыту туралы және мал шаруашылығы мен егіншіліктің техникалық прогресі туралы әрекеттерінің тек бір ғана мән-мағынасы болуы мүмкін: бүкіл елде және ауыл шаруашылығының барлық салаларында Копенгаген округіндегідей тәртіптердің орнауын, яғни өндірістің капиталистер қолында ерекше тез шоғырлануын, халықтың экспроприацияланып, пролетарға айналуын, халықтың жалпы санында меншік иелері бөлегінің азаюын, капитализм деревнядан қалаға ығыстырып шығаратындар бөлегінің көбеюін, т. с. жақындату жөнінде мән-мағынасы болуы мүмкін.

Қорытынды: марксизмнің аграрлық мәселедегі дұшпандарының көзқарасы бойынша «тамаша ел» бізге (әлеуметтік-экономикалық статистика дәрежесінің әлі де төмен екеніне және зерттелмегеніне қарамастан) капиталистік аграрлық құрылысты, егіншілік пен мал шаруашылығындағы ерекше көзге түсетін капиталистік қайшылықтарды, ауыл шаруашылық өндірісінің өсіп келе жатқан шоғырлануын, ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығаруын, село халқының орасан көпшілігінің пролетарға айналуын және мұқтаждыққа ұшырауын мейлінше айқын көрсетеді.

РСДРП ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ „БІРІГУ“ СЪЕЗІ

21—22 СЕНТЯБРЬ (4—5 ОКТЯБРЬ), 1901 ж.[105]

1
21 СЕНТЯБРЬДЕ (4 ОКТЯБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(ПРОТОКОЛДА ЖАЗЫЛҒАНЫ)

Жолдастар!

Біз съезді табысқа жеткізе алатын мәселеден бастайық.

Мен «Искраның» өкілі ретінде басқа ұйымдарға біздің көзқарасымыздың тарихына соға кетуді қажет деп санаймын. «Искра» Россия социал-демократиясымен идеялық байланысты ғана мойындай отырып, алғашқы күннен мүлдем дербес болды және Россиядағы көп жолдастардың тапсырулары бойынша әрекет жасады. «Искра» «Орыс социал-демократтары одағында»[106] болған ұйымдық мәселелердегі алауыздықтарға араласпайтынын және өзінің принциптік позициясына аса зор мән беретінін өзінің бірінші номерінде-ақ мәлімдеген болатын *.

«Одақ» мүшелерінің бір бөлігі шетелдегі ұйымдармен келісімге келу үшін бізге конференция шақыруды ұсынды. Біз бұл ұсынысты «Одақтың» ішінде біз қойған принциптерге қосылатын топ бар екен, сондықтан сол принциптерді, демек, «Одақ» та мойындайды деп үміт етуге болады ғой деген мағынада түсіндік. Революцияшыл «Социал-демократ»[107] ұйымы, принциптік алауыздықтардан да басқа, ұйымдық мәселелер жөнінде де алауыздықтары бар екеніне қарамастан, келісім білдірді. Амал не, келіссөз жүргізуден «Одақ» бас тартты. Инициаторлардың жаңа тобы[108] пайда болған соң

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 415—416-беттер. *Ред.*

«Одақ» келіссөз жүргізуге өзінің ризалығын білдірді. «Одақтың» бет-бейнесі тіпті тұрақты болмағандықтан, «Одақтың» ішінде революциялық марксизмге іш тартатын жаңа ағым пайда болғандықтан, принципті келісім жасау мүмкін ғой деп үміттенуге болатын еді. «Искра» мен «Социал-демократ» қайтадан өздерінің ризалығын берді, сонан кейін Женева конференциясы болды. Круглов жолдас біздің мәжілісіміздің бас кезінде конференцияның қарарын, ешқандай ескерту жасамастан, оқып шықты. Қарарға қарсы пікір айту үшін «Одақ» тарапынан сөз алып сөйлеген ешкім болған жоқ.

Біз «Рабочее Дело» өзінің 10-номерінде революциялық марксизмнің дәстүрінен біржола қол үзді деп және Женева конференциясында жасалған принциптік келісімге қарсы шықты деп көрсетеміз, конференцияның тенденциясымен, сірә, «Одақ» келіскен болуы керек.

Міне, осыларға байланысты менің сыным бүкіл «Одаққа» қарсы емес, «Р. Д.» редакциясына қарсы бағытталады.

Женева қарарын «Р. Д.-ның» 10-номеріндегі мақалалармен салыстырып көрейік.

Женева қарары өзінің керемет толықтығымен және жалпыға мәлім деп саналатын пункттерді атап көрсетуімен таңқалдырады.

Принциптік келісімнің 1-пунктінде былай делінген: «Ғылыми социализмнің негізгі принциптерін мойындап және халықаралық революциялық социал-демократиямен ынтымақта әрекет ете отырып, біз оппортунизмді пролетариаттың тап күресіне енгізуге тырысқан әрекеттің,— экономизм, бернштейншілдік, мильеранизм және т. с. деп аталатын ағымдар түрінде көрінген әрекеттердің қандайына болса да қарсымыз». Мұнда, сірә, әлденеге меңзеп отыр, сірә, оппортунизм мен революциялық марксизмнің арасында күрес болған тәрізді. «Р. Д.-ның» 10-номерінің мазмұны қандай болғанмен де, Женева конференциясы өткізілгені, онда қабылданған қарар бірігудің негізі бола алатыны жөніндегі тарихи фактіні ол әйтеуір жоққа шығара алмайды. Женева қарары, мәселен, өзінің 3-пунктінде демократия жолындағы күресте социал-демократияның гегемония-

ны өз қолына алуға тиіс екенін мойындайды. Тегінде бұл пункт жөнінде де бұрын алауыздық болған тәрізді. Оппортунизмнен іргесін бөлуге тырысқан қарар тіпті күлкі боларлықтай жағдайға жетеді. (5-параграфтағы «д» пунктін қараңыз.) Демек, осы сияқты ұсақ-түйек оп-оңай мәселелер жөнінде де алауыздық болған. Енді осы қарарды «Р. Д.-ның» 10-номеріндегі мақалалармен салыстырып көрейік. Амал не, олармен көз жүгірте танысып шығу үшін менің 3-ақ күн уақытым болды.

Бұл мақалалар біздің көзқарасымыздағы айырмашылықты жете айқындайды; оларда «Заря» мен «Искраға» әділетті айтылған нұсқаулар бар, оларды біз пайдалана жатармыз, бірақ қазір бізге керегі бұл емес. Бізге керегі — осы мақалалардың негізіне алынған принциптер. «Р. Д.-ның» 10-номерінің принциптік позициясы Женева конференциясында «Одақ» делегаттарының ұстаған позициясын іске жаратпай тастайды. Бұл позициялардың өзара ымыраға келуі мүмкін емес. «Одақтың» сүйенетін негізі қандай екенін білу үшін, идеялық бірігудің мүмкіндігі бар ма, жоқ па, соны білу үшін,— мұнсыз ұйымдық жағынан бірігудің мәні жоқ,— бұлардың араларындағы алауыздықтардың басын ашып алу керек: біз мұндай бірігуді іздеген жоқпыз, іздейтін де ретіміз жоқ еді. «Р. Д.-ның» 10-номеріндегі 32 және 33-беттерде мақаланың авторы халықаралық социал-демократияның ішінде Гора мен Жиронданы [109] қарама-қарсы қоюға наразылық білдіреді. Женева конференциясына қараңыздаршы, оның өзі Гора мен Жиронданың қақтығысуы емес пе? «Искра» дегеніміз Гора емес пе? «Искра» өзінің алғашқы редакциялық мәлімдемесінің өзінде-ақ идея жағынан іргені ашып алмай тұрып, ұйымдық жағынан ешқандай бірігуді тілемейтінін айтқан жоқ па еді? «Р. Д.-ның» 10-номерінде барып тұрған бернштейншілдердің өзі таптық мүдделерді қорғау жолында тұр делінген. Қарарда бернштейншілдер туралы ерекше айтылған, бернштейншілдікті теріске шығару үшін конференция мүшелері көп еңбек жұмсаған болатын, ал енді қазір «Р. Д.-ның» 10-номеріндегі мақалаларда бұрынғы айтылғандар қайталанып отыр. Бұл не, айтысқа шақырғаны ма әлде келеке қылғаны ма? Бұ-

лай болғанда несіне босқа әуре-сарсаң болдық?! Теориялық базис жасап алу үшін сіңірген еңбегімізді жұрт нақ бір күлкі еткен тәрізді. Идеялық ортақ базис болмайынша бірігу туралы мәселе де болуға мүмкін емес екенін ұмытпауға тиіспіз. Одан соң сол мақалада біздегі алауыздықтардың шеңберін кеңейте түспек болған уәдені көріп отырмыз. Мәселен, 33-бетте автор былай дейді: «мүмкін біздегі алауыздықтар марксизмді түрліше ұғынуымыздан туып жүрген болар». Тағы да қайталап айтайын, несіне босқа әуре-сарсаң болдық?!

Женева қарарының 4-параграфының «в» пункті революциялық марксизмнің барлық дұшпандарына қарсы күресудің қажеттігі туралы айтады, ал енді келіп бізге марксизмді біз жалпы түрліше ұғынатын шығармыз, дейді.

Мен мынаны да айта кетейін: осының бәрі ой-пікірді бұғаулаудың және т. б. зияндылығы туралы пікірлермен, яғни нақ бернштейншілдердің бәрі айтатын пікірлермен қоса айтылып жүр. Бұл туралы бұрын Любектегі партейтагта да [110] айтылған, жоресшілдер [111] де осы туралы қақсауда; ал келісімнің пункттерінде бұл туралы тіпті де айтылмайды, себебі келісімнің өзі нақ революциялық марксизмнің негізінде болған. Тіпті критицизмнің болмашы көріністерінің өзі біржола бөлінуге әкеп соқтырар еді. Біз пікір бостандығы туралы емес, пікірлердің мазмұны туралы сөйлескелі жиналғанбыз. Француздар мен немістердің үлгілеріне сүйену мүлдем ретсіз. Біз қазір не үшін күресіп жүрсек, оған немістердің қазірдің өзінде қолы жетіп отыр. Олардың саяси күресте гегемонияға ие болып отырған бірыңғай социал-демократиясы бар. Ал бізде социал-демократия революциялық топтарға әлі басшы бола қойған жоқ, ол ол ма, қайта бізде басқа революциялық тенденциялардың жандануы байқалып отыр. «Р. Д.-ның» 10-номеріндегі мақалаларда оппортунизмнен принцип жағынан толық қол үзгендік байқалмайтыны былай тұрсын, тіпті онан да сорақы бірдеңе: стихиялық қозғалыстың басымдығын мадақтау бар. Менің кейбір сөздерге мін таққым келіп отырған жоқ. Біз бәріміз де, «Искра» мен «Социал-демократтағы» жолдастар және менің өз басым

да, мақалалардың тек негізгі тенденцияларына ғана назар аударып отырмыз, бірақ жаңағы сөздердің, немістер айтқандай, ins Gesicht schlagen *. Ал бұл пункттер жөніндегі Женева қарары мейлінше айқын ғой. Осы жуырда ғана пайда болған «Россияны саяси азат ету жұмысшы партиясы» [112] да осы басылымдардың әуенін қайталап отыр.

Мақаладағы тактика-жоспар мен тактика-процестің әйгілі айырмашылығына назар аударыңыздаршы. Автор тактика-жоспар революциялық марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді дейді, сондықтан тактика-«процесс» туралы сөз болу керек деп ойлайды, мұны ол партияның өсуімен бірге өсіп отырған партия міндеттерінің өсуі деп түсінеді. Меніңше, бұл — тек сөйлескісі келмегендік. Біз белгілі бір саяси міндеттерді тұжырымдауға қаншама уақыт пен еңбек жұмсап едік, бұл туралы Женева конференциясында көп айтылған болатын. Міне, енді ойда жоқта бізге тағы да «тактика-жоспар» және «тактика-процесс» туралы айтып отыр. Бұл, меніңше, тек мүмкін болатын күресті жүргізу керек, бірақ тек бар нәрсе ғана мүмкін болады дейтін «Рабочая Мысльдің» бернштейншілдігінің өрісі тар ерекше жолына қайта түскендік. Ал біз марксизмді бұрмалаушылық қана өсіп келеді дейміз. Женева қарары саяси үгітке көшу үшін ешқандай сатының керегі жоқ дейді, ал осыдан кейін ойда жоқта «әшкерелеуші әдебиетті» «пролетарлық күреске» қарсы қоятын мақала пайда болады. Мартынов студенттер мен либералдар жайында жазады, демократиялық талаптар жөнінде олар өз қамын өздері ойлай алар дейді. Ал біздің ойымызша, орыс социал-демократиясының барлық ерекшелігі саяси күрестің инициативасын либералдық демократияның қолына алмағандығында болып отыр. Егер либералдар не істейтіндерін өздері жақсы білетін болса және өздері істей алатын болса, оған біздің әуре болатын жөніміз жоқ. Мақаланың авторы нақты және әкімшілік шараларды үкіметтің өзі істейді деп жорамалдауға дейін барған.

* — нісі жүрек айнытады. *Ред.*

Террор туралы мәселе бойынша Женева конференциясында кейбір алауыздықтардың болғаны бәрімізге мәлім. Онан кейін «Одақтың» бір бөлігі, Бунд [113], өзінің съезінде терроръа батыл түрде қарсы шықты. Ал 23-бетте автор біз «террорлық ниетке кедергі жасағымыз келмейді» деп жазады. Бұл барып тұрған оппортунистік мәлімдеме...*

Бірінші рет 1946 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 5-томында басылған

Протоколда жазылғаны бойынша басылып отыр

---

* Протоколда жазылғаны осы жерден үзілген. *Ред.*

2

«БІРІГУ» СЪЕЗІНДЕ 1901 ж. 21 СЕНТЯБРЬДЕ (4 ОКТЯБРЬДЕ) «ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫ ОДАҒЫНА» ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Барлық үш ұйым июнь конференциясының қарарларын негізінен мойындай ма екен?

2. «Орыс социал-демократтары одағының» әдеби қызметті адамдарды адастыратын, біздің қозғалысымызға соншалықты қауіпті принципсіздікпен және оппортунистік жолмен революцияшыл марксизмнен ауытқуды жоя алатындай,— жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның қолшоқпарына айналуына сөзсіз әкеп соқтыратын бернштейншілдіктің ашық түріне де, жасырын түріне де жарамсақтануды және қозғалыстың жай формалары мен стихиялылығы алдында құлдық ұруды жоя алатындай қызмет болуын қамтамасыз етуге ниеті бар ма және қамтамасыз ете ала ма?

Бірінші рет 1901 ж. декабрьде ««Бірігу» съезінің документтері» деген кітапшада басылды. Женева, «Орыс революцияшыл социал-демократиясы лигасының» баспасы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

АШЫҒУШЫЛАРМЕН КҮРЕС

Біздің үкімет ашығушыларға қандай ғажап қамқорлық көрсетіп отыр! Ішкі істер министрі күйзеліске ұшыраған губерниялардың губернаторларына қандай сала құлаш нұсқау (17 августа) берді! Бұл — көлемі кәдуілгі баспа табақтан үлкен тұтас бір әдеби шығарма, мұнда Сипягин мырзаның лебізі арқылы үкіметтің азық-түлік жөніндегі бүкіл саясаты түсіндіріледі. Сірә, бұл шығарманы жариялау арқылы: міне, біз қандай қамқоршымыз, көмек шараларын біз қалай тез қолданамыз, азық-түлік мекемелерін ұйымдастыруды және бұлардың қызметінің барлық түрлері мен барлық жақтарын біз қалай күнілгері ойластырамыз деп, «қоғамға» әсер етпек болса керек. Шынында да ішкі істер министрлігінің нұсқауы көлемі жағынан ғана емес, сондай-ақ (егер ақырына дейін оқып шығуға төзіміңіз жетер болса) өзінің мазмұны жағынан да әсер ететінін мойындамауға болмайды. Үкімет программасының ашық баяндалуы қашан да болса патша үкіметіне қарсы үгіт жүргізу үшін қолға түсе қалған жақсы құрал, сондықтан, Сипягин мырзаға ілтифатпен алғысымызды айта отырып, жалпы жұртқа естірту үшін жариялайтын нұсқауларыңызда өз программаларыңыз туралы жиі айтып тұрғайсыздар деп басқа министр мырзаларға да ұсыныс жасауға біздің батылымыз барады.

Біз егер Сипягин мырзаның нұсқауын ақырына дейін оқып шығуға төзіміңіз жетер болса дегенбіз. Бұған төзімді жеткізу оңай емес, өйткені нұсқаудың төрттен

үші...— ол ол ма! тіпті оннан тоғызы кәдуілгі ресми бос сөздермен толтырылған. Ежелден белгілі және тіпті «Заңдар жинағында» [114] жүздеген рет қайталанғандарды мыжу, бір нәрсенің төңірегін айналсоқтап шықпау, қытай төрелерінің өзара жолыққанда біріне бірі тәкаппарсына салтанат құруын егжей-тегжейін қалдырмай баяндау, әр түйдегі 36 жолдан тұратын керемет кеңсе стилі және өзіңнің ана тіліңе жаныңды ашытқандай «сөзуарлық» — міне, осы тамаша дүниені оқи түскен сайын өзіңді көңірсі исі аңқыған, айналаңнан сасығы қолқаны атқан орыс полиция учаскесінде тұрғандай сезінесің, чиновниктерінің бір ғана сыйқы және кісімен сөйлесуі адам төзіп болмайтын әурене салушылықтың кейпін көрсетеді, терезеден көрінген қора ішіндегі үйлер дереу түрмені есіңе түсіреді.

Үкіметтің жаңа программасының, әсіресе басты-басты үш пункті көңіл аударғандай: біріншіден, чиновниктердің дербес әкімшілік билігін күшейту, заң және қызмет тәртібінің рухын нығайту және оны қандай да болсын таза ауаның лебінен сақтаудың қамын жеу; екіншіден, ашығушыларға берілетін жәрдемнің мөлшерін белгілеу, яғни «мұқтаж» семьяға берілетін астық мөлшерін қаншадан және қалай есептеу туралы нұсқау; үшіншіден, халықты үкіметке қарсы айдап сала алатын «сенімсіз» адамдардың ашығушыларға жәрдем көрсетуге ұмтылуынан жаны түршіге шошитынын білдіру және бұл «үгітке» қарсы күн ілгері шара қолдану. Осы пункттердің әрқайсысына толығырақ тоқталайық.

Үкіметтің азық-түлік істерін басқаруды земстволардан алып, оны земство бастықтары мен уездік съездердің қарамағына бергеніне (1900 жылғы 12 июньдегі заң) не бары бір жыл өтті. Міне енді, бұл заң іс жүзінде қолданылмай жатып,— ол жай ғана нұсқау арқылы бұзылып отыр. Заңның жарамсыз екеніне көз жеткізу үшін губернаторлардың бірнеше хабары-ақ жеткілікті болып шықты! Бұл — өз мақсатын дұрыс қанағаттандыратын тәртіп жасауға шынымен ниет қоймайтын заңдардың, іске жетік және өзіндік пікірін айта алатын адамдардың айтарлықтай талқылауынсыз, тек көзге түскісі келетін және өзінің ізгі ниетін тезірек білдіре

қойғысы келетін, қайдағы бір баққұмар алаяқ-министрдің айтуымен Петербург департаменттерінде бейне шелпек тәрізді пісіре салынатын заңдардың маңызы қандай болатынын өте-мөте айқын көрсетеді. Земство ізгі ниетте емес — азық-түлік ісі оның қолынан алынсын! Бірақ әлі алынып болмай жатып-ақ,— бақсақ, земство бастықтары, тіпті кілең чиновниктерден құралған уездік съездер әлі де болса өте көп пікір айтатын сияқты: земство бастықтарының ішінен ақымақтықпен аштықты аштық деп атаған, аңқаулықпен ашығушыларға шынымен жәрдемдескісі келетіндермен емес, аштықпен күресу керек деп ойлаған адамдар кездескен тәрізді; уездік съездердің ішкі істер министрлігінің ведомствосына кірмеген кейбір чиновниктері де «ішкі саясаттың» шын мәніндегі міндеттерін, дәл жаңағыларша, түсінбейтінін көрсеткен тәрізді. Міне енді келіп, министрдің жай ғана нұсқауы бойынша жаңадан «уездік орталық...», иә, солай, бұл баспа қатесі емес: «азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарма» құрылғалы отыр, оның барлық міндеті азық-түлік ісіне ізгі ниеттегі емес адамдарды, сенімсіз пікірлерді, жөнсіз қылықтарды жолатпау. Мәселен, министр мұқтаж адамдардың тізімін «күні бұрын» (яғни, тап астық бөлердің алдында емес) жасауды жөнсіз деп тауып, бұған тыйым салады: бұл халықта «шектен тыс үміттер» туғызады екен! «Азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарма» *бір адамның* қолында шоғырланады, ал министрлік бұған *уездік дворяндар жетекшісін* ұсынады. Шынында да: оның губернатормен тығыз байланысы бары соншалық, оның полицейлік міндетті көп орындап жүргені соншалық, ол азық-түлік саясатының шын рухын түсіне алатын болар. Қала берді ол — жергілікті ірі жер иеленуші, барлық помещиктердің құрметпен сенім артқан адамы. Мұндай адам онсыз да «күнелте алатын» адамдарға берілетін жәрдемнің «азғындатқыш» әсері туралы министрдің терең ойын басқалардан гөрі жақсы ұғатын болар. Ал губернатордың уәкілдігіне келетін болсақ, бұл жөнінде министр бәріне де губернатор жауапты, губернаторға бәрі бағынуға тиіс, губернатор «ерекше» шаралар қолдана алатын болуға тиіс және т. т. деп,

салған жерден ескертіп, сан рет қайталап айтып отыр. Егер губернатор бұған дейін де орыс провинциясының нағыз әміршісі болған болса, «қол астындағы» губернияның қандай мекемесінің болсын, тіпті қандай адамның болсын тағдыры соның шапағаты түсуіне байланысты болған болса, енді бұл жөнінде нағыз «соғыс жағдайы» жасалып отыр. Ашығушыларға жәрдем беру жөнінде қаталдық шектен тыс күшейтіліп отыр! Мұнысы нағыз орысша екен!

Ал қаталдықты күшейту, бақылауды көбейту — осының бәрі чиновниктер тобын ұстауға жұмсалатын шығынды көбейтуді керек етеді. Министр де мұны ұмытпаған: «азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарманы» меңгеретін уездік дворяндар жетекшісі мырзаларға және басқа адамдарға бұлардың шығынын өтеу үшін «ерекше сома» босатылады, «оның мөлшері туралы мәртебелі сіздердің — деп жазылған нұсқауда өзіне тән «ерекше» сөздермен — маған тиісті ұсыныспен кірулеріңізге болады». Одан соң уездік советтердің «іс жүргізу жөніндегі шығынына» бір рет — 1000 сомнан, губерниялық мекемелердің кеңсе қаражатына 1000—1500 сомнан бөлінеді делінген. Жұмысты бәрінен де кеңселер көп істейді, жұмыстың бәрі де кеңсешілдікте болып табылады — осы себепті кеңсе қаражаттарының қамы қалайша ойластырылмасын? Ең алдымен кеңсеге, ал қалғаны ашығушыларға жұмсалмақ.

Ашығушыларға берілетін жәрдемді *азайтудың* шарасын іздегенде Сипягин мырза ғажап табандылық және тапқырлық көрсетеді. Бәрінен бұрын ол губернаторлардан қандай уездерде «егін шығымы нашар екенін» талқылауды талап етеді (бұл мәселені түбегейлі шешетін министрліктің өзі болады: өйткені губернаторлардың өздері де «асыра көрсетуден» аулақ болады деп, оларға сенуге болмайды!). Міне, сол үшін қандай жағдайда уездің халі нашар деп табуға *болмайтыны* туралы нұсқау беріледі: 1) болыстардың зиянға ұшырағаны үштен бірінен аспаса; 2) астықтың жеткіліксіздігі әдеттегідей болып, астықты жыл сайын табыстарына сатып алып отырған болса; 3) жәрдем беруге жергілікті қаражат жетпейтін болса. Біз бұл жерде азық-түлік мәселесін

чиновниктерше шешудің кіші-гірім үлгісін көріп отырмыз: бәріне бір өлшем қолданылмақшы! Болыстардың үштен бірінде халық қандайлық көп, олар қандайлық ауыр зардапқа ұшырады, аса күшті өнеркәсіп дағдарысы болған жылы әдеттегі «табыс» төмендеп кетті ме,— мұның бәрі министрліктің тұжырымды «жөн-жобасынан» кейін жай ерікkeннен қойылған сұраулар! Бірақ бұл әлі шешегі ғана, түйнегі ілгеріде жатыр. Мәселенің барлық мәні — кімді мұқтаж деп санап, қаншадан жәрдем беруде болып отыр. Сипягин мырза мынадай «шамамен алынған есеп» ұсынады, мұнысынан «қанша болса да едәуір мөлшерде асыра есептеу сирек кездеседі» (біз бәрінен де асыра есептеуден қорқамыз; асыра дәмелендіріп жіберуден қорқамыз, аса көп қарыз беруден қорқамыз! Ашаршылық та, жұмыссыздық та — мұның бәрі де «асыра айтылғандық»: министрліктің ой-толғауларының бәрінің айқын мәні осындай). Біріншіден, байқау үшін бастырылған астықтың түсімі арқылы «әрбір селода әр десятинадан түсетін астықтың *орта* мөлшері», сонан соң әрбір қожайынның барлық егісінің мөлшері анықталады. Сондай-ақ ауқаттылығы әр түрлі дәрежедегі қожайындардың егін шығымының мөлшерін неге анықтамасқа? Кедей шаруалар егінінің шығымы төмен, ал «орташа» түсімді анықтау нақ осы мұқтаж шаруаларға тиімсіз. Екіншіден, семья басына жылына 48 пұттан кем астық келмейтін болса (үш ересек адамға 12 пұттан, екі балаға 6 пұттан есептегенде), ол мұқтаж емес деп саналады. Бұл ең сараң кулактың есебі: жайшылық жылда тіпті 5—6 жаны бар өте кедей шаруа семьясының өзі жылына 48 пұттан емес, 80 пұттан астық жұмсайды, бұл — шаруалардың шаруашылығы туралы жазылған мәліметтен белгілі: семьясында 5 жаны бар орта шаруа жылына 110 пұт астық жұмсайды. Демек, патша үкіметі шынында азық-түлікке керек астықтың мөлшерін *тең жартысына* кемітіп отыр. Үшіншіден, «халықтың жұмысшы элементтері 50 процентке жуық болғандықтан» «бұл мөлшердің» (яғни семья басына 48 пұт) — делінген жарлықта — «тең жартысы кемітіледі». Үкімет халықтың жұмысқа жарайтындары жәрдем алмауға тиіс, өйткені олар өздері табыс таба

алады деген ережесінен танбай отыр. Бірақ министр әдеттегі табысы бар уездерді халі нашар деп санамау жөнінде бір рет нұсқау беріп еді ғой. Енді жұмысшы халықты жәрдем берілетіндердің есебінен неге *екінші рет* шығарып тастайды? Биыл дағдарысқа байланысты ерекше табыс былай тұрсын, әдеттегі табыстың өзі төмендеп кеткені жұрттың бәріне мәлім ғой. Үкіметтің өзі қалалардан он мыңдаған жұмыссыз жұмысшыларды деревняға көшіріп жіберді емес пе! Жұмысшы халықты есептен шығарып тастау — жеткіліксіз жәрдем астықты балалар мен үлкендердің бөлісіне әкеліп түсіреді, мұны өткен ашаршылық жылдардағы тәжірибе көрсеткен еді ғой! Жоқ, жұмысқа жарайтындардың бәрін мұқтаждардың қатарынан екі рет шығарып тастап отырған ішкі істер министрлігіне «бір өгізді қанша сой — терісі екеу болмайды» деген мәтелдің өзі де тым аздық етер еді! Төртіншіден, «өткен жылдан қалған қоры бар немесе әйтеуір бір материалдық мүмкіндігі бар әлді шаруалардың санын еске ала отырып», тіпті жеткіліксіз жәрдемнің осы екі есе кемітілген мөлшері тағы да $^1/_3$—$^1/_5$—$^1/_{10}$ есе *кемітілмек!!* Бұл бір өгізден алынып отырған үшінші тері! Семьясына 48 пұттан аспайтын астық жинап алған шаруаның енді қандай «байлығы» немесе «қоры» болмақ? Қалған табыстарының бәрі екі қайтара есепке алынып та қойылған, ал оның үстіне үкіметтің саясатынан, капитал мен помещиктердің езгісінен қайыршылық халге түскен орыс шаруасының өзі де бір ғана нанмен күнелте алмайды. Астықтан да басқа, отынға да, үйін жөндеуге де, киінуге де, тамаққа да қаражат керек. Шаруалар шаруашылығын ғылыми жолмен пайымдаған мәліметтерден белгілі: жайшылық жылдардың өзінде аса кедей шаруа өз табысының *жартысынан артығын* астықтан басқа мұқтаждарына жұмсайды. Осылардың бәрін еске алатын болсақ, көмек көрсетудің мөлшерін министр шын қажеттен *төрт есе немесе бес есе кем* белгілеп отырған болып шығады. Бұл — ашаршылықпен күресу емес, ашығушыларға шынымен жәрдемдескісі келетіндерге қарсы күресу болып отыр.

Сөйтіп, нұсқау жәрдем көрсетуші жеке адамдарға қарсы тікелей шабуыл жасаумен аяқталады. Кейбір жәрдем көрсетушілердің халық арасында «осы күнгі тәртіпке наразылықты және үкіметке қатысы жағынан ешбір негізсіз талап қоюшылықты қоздыруға тырысатыны», «үкіметке қарсы үгіт» жүргізетіні және басқалары екінің бірінде біліціп қалып отырды,— деп зіркілдейді Сипягин мырза. Бұл кінәлауы, шындығына келгенде, көріне *жалған*. 1891 жылы «шаруалар қамқоршыларының»[115] прокламациялары, халыққа оның нағыз дұшпанын әділ көрсететін прокламациялар таратылғаны мәлім; үгіттің ашаршылықтан туған басқа да әрекеттері жасалған болуы ықтимал! Бірақ игі ниетті қамқоршы болуды бетке ұстап, революционерлердің ешбір үгіт жүргізген фактісі болған емес. Қамқоршылардың көпшілігі — бұл шүбәсыз факт — *тек* қамқоршылар болды, ал егер Сипягин мырза олардың көбі «бұрын саяси өмірінде міні жоқ адамдар емес» дегенге сүйенетін болса, онда бізде қазір «өткен өмірінде міні жоқ» кім бар? Тіпті «жоғары дәрежелі адамдардың өзі» жас шағында жалпы демократиялық қозғалысқа елігуді екінің бірінде өз бастарынан кешірген! Біз, әрине, ашаршылық негізінде үкіметке қарсы үгіт жүргізуге болмайды немесе қажеті жоқ дегіміз келмейді. Қайта, үгіт әрқашан да және, әсіресе, ашаршылық кезінде қажет. Біз тек Сипягин мырза өзінің қорқынышы мен қаупін тәжірибе нәтижесі етіп көрсету үшін *қайдағы жоқты ойлап шығарады,* дегіміз келеді. Біздің айтайын дегеніміз — Сипягин мырзаның сөздері ежелден келе жатқан бір ақиқатты дәлелдейді: полициялық үкімет азды-көпті тәуелсіз және өждапы таза интеллигенцияның халықпен қандай да болса, жақындасуынан қорқады, тікелей халыққа арналған шын және батыл сөздің қандайынан болсын қорқады, мұқтаждықты шын (жалған емес) қанағаттандырудың қамын ойлаудың өзі ғана үкіметке қарсы үгітпен бара-бар болады деп сезіктенеді,— бұл сезіктенуі өте дұрыс та,— өйткені жеке көмек көрсетушілер шын ниетімен жәрдемдескісі келетінін, ал патша чиновниктері бұған кедергі жасайтынын, жәрдемді кемітіп, мұқтаждықтың мөлшерін азайтатынын,

асханалар ашуды қиындататынын және т. т. халық көріп отыр. Жаңа нұсқау енді жәрдем берушіліктің және жәрдем беруге шақырушылықтың бәрін, асхана ашу атаулыны тікелей «өкімет бақылауына бағындыруды» талап етеді; келушілердің бәрі губернаторға «көрінуін», өздеріне көмекшіні соның рұқсатымен ғана іріктеп алуын, өзінің қызметі жөнінде соған есеп беріп отыруын талап етеді!! Кімде-кім жәрдем көрсеткісі келсе, ол полиция қызметкеріне және жәрдемді қалай да азайтудың не жәрдемді арсыздықпен қысқартудың полициялық жүйесіне бағынатын болсын! Кімде-кім бұл пасықтыққа бағынғысы келмесе,— ол жәрдем көрсете алмайды: үкімет саясатының барлық мәні, міне, осында. Сипягин мырза ашаршылықты «саясат жағынан сенімсіз адамдар жақын-жуыққа жәрдемдескен болып, өздерінің қылмысты мақсаттары үшін құлшына пайдаланады» деп даурығады, ал оның ізінше бүкіл реакцияшыл баспасөз (мысалы, «Московские Ведомости») бұл даурықпаны іле жөнеледі. Неткен сұмдық! «Саясат» үшін халықтың мұқтаждығын пайдаланып отыр! Шындығына келгенде, қайта, Россияда кез келген қызмет, *тіпті* саясаттан ең аулақ филантроптық (қайырымдылық) қызметтің өзі тәуелсіз адамдарды полицейлік жүгенсіздікпен және «тыйым салу», «тежеп тастау», «шек қою», тағы сондай шаралармен қақтығысуға сөзсіз әкеп соқтыратыны сұмдық қой. Үкіметтің жоғары саясат тұрғысы дегенді бет перде етіп ұстап, өзінің иудушкалық ниетін [116]— ашығушылардың бір жапырақ несібесін тартып алу, жәрдем мөлшерін бес есе қысқартып тастау, полиция қызметкерлерінен басқаның бәрін аштан өлгелі жатқандардың маңына жолатпау ниетін — бүркемелеп отырғаны сұмдық қой! Сондықтан біз «Искраның»: полицейлік үкіметтің азық-түлік жөніндегі науқанына қарсы оны әшкерелеу науқанын ашу, цензурасыз еркін баспасөз бетінде жергілікті сатраптардың барлық жолсыздығын, жәрдемді азайту жөніндегі пайдақорлық тактикасының бәрін, көмектің бүкіл мардымсыздығы мен жеткіліксіздігін, ашаршылықтың көлемін қасақана кішірейтіп көрсетуді және ашығушыларға жәрдемдескісі келетіндерге қарсы масқаралық

күресті әшкерелеу керек деген ұранын тағы да қайталап айтамыз! Біз халықтың жоқшылыққа ұшырап отырғанына аз да болса жаны ашитындардың бәріне министр нұсқауының шын мәні мен маңызын халыққа түсіндіру жөнінде қолдан келгенді істеу керек деп кеңес береміз. *Ондай* нұсқаулардың бүкіл жұрттың ашуызасын табан астында тудырмай отырғанын халықтың шексіз қараңғылығынан ғана деп білу керек. Сондықтан шаруаларға және қаланың сана-сезімі төмен бұқарасына бәрінен де жақын тұратын саналы жұмысшылар үкіметті әшкерелеу ісін өздері бастайтын болсын!

«Искра» № 9, октябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

С.-ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНЕ ЖАУАП

СПБ. комитеті (Күрес одағы) [117] «Рабочая Мысльдің» 12-номерінде шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» жікке бөлінуі туралы «Искраның» 1-номеріне басылған мақалаға қарсылық жариялапты. Амал не, бұл қарсылық талас мәселенің нағыз мәніне қасақана *соқпай өткен:* мұндай жағдайда айтыс істің мәнін ашып алуға еш уақытта жеткізе алмайды. Шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағында» нақ жікке бөліну болғанын, мүшелердің едәуір азшылығы және соның ішінде «Одақты» құрушы әрі оның барлық басылымдарының бұрын редакторы болған «Еңбекті азат ету» тобы [118] 1900 жылы съезден кетіп қалғаннан кейін, «Одақ» екіге *бөлінгенін* біз айтқанбыз және солай деуден танғанымыз жоқ. Жіктелуден кейін бұл бөліктердің еш те бірі «Одақтың» тұтас күйіндегі орнын баса алмайды. СПБ. комитеті «Социал-демократ» ұйымы туралы емес, бір ғана Плеханов туралы әңгіме қылғанда (неге екені белгісіз) бұл пікірді теріске шығаруға *тырыспайды,* тек СПБ. Күрес одағы, тегінде, *жікке бөліну фактісін* бекер дейді және бұрынғы «Одақтың» бір бөлегін бұрынғы тұтас «Одаққа» балай береді дегенді оқушыға жанамалай түсіндіреді.

Шын мәніне келгенде қарсы жақтың пікірі қандай екенін ашып алу және өз пікірін тура айту ниеті болмаған соң, айтысқа түсудің қажеті не?

Сонан соң. Жікке бөлінуге себеп болған (сылтау емес, себеп болған) принциптік талас, атап айтқанда: рево-

люциялық социал-демократия мен оппортунистік социал-демократияның арасындағы алалық дегенбіз және солай деуден танбаймыз. Бір ғана осының өзінен, былайша айтқанда, шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» ішінде болған оқиғаға бұрынғы «Одақтың» жікке бөлінуінен басқа еш нәрсе деп қарауға болмайды. Бұл мәселеге СПБ. комитеті қалай қарайды екен? — деген сұрақ туады. Бұрынғы «Одақтың» екі бөлігінің арасында терең принциптік келіспеушіліктің бар екенін бекер деуге оның батылы бара ма екен? Белгісіз, өйткені СПБ. комитеті «қарсылық» жазғансып, бұл негізгі мәселе туралы *жұмған аузын ашқан да жоқ*. Сондықтан біз петербургтік жолдастардан және тек бір ғана петербургтік жолдастардан емес: істің мәніне соқпай өтетін айтыс нағыз ұнамсыз ұрыс-керіске айналып кетпес пе екен? — деп сұраймыз. Егер, шын мәніне келгенде, мәселенің басын ашып алуға және өз пікірін айдан анық етіп, ешбір күмілжімей айтуға ниет болмаса немесе ол мезгілсіз деп танылса, онда жалпы айтыс бастаудың қажеті бар ма еді?

«Искра» № 9, октябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДІК ІСТЕР

«Искра» ұйымының шетелдік бөлімі шетелдегі революциялық ұйым «Социал-демократпен»: «Орыс революцияшыл социал-демократиясының шетелдік лигасы» [119] болып бір ұйымға бірікті. Жаңа ұйым, өзінің жариялаған мәлімдемесіне қарағанда, насихат және үгіт сипатында бірсыныра кітапша бастырып шығаруға кіріспекші. Лига «Искраның» шетелдегі өкілі болып табылады. Сойтіп, «Еңбекті азат ету» тобы басқаратын революцияшыл социал-демократтардың шетелдік ұйымы біздің газетіміздің маңына топталған ұйыммен біржола бірікті. «Еңбекті азат ету» тобы біздің басылымдарымыздың жарық коруі ісіне редакциялық тұрғыда бұрынғысындай қоян-қолтық атсалысып отырады.

Шетелдегі орыс революциялық социал-демократиялық ұйымдардың бірігуі осы ұйымдардың «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағымен» («Рабочее Делоны» шығарушы) қосылу талабы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін ғана іске асты. Жаздың бас кезінде барлық үш ұйым өкілдерінің конференциясы бұлардың өзара келісу жобасын жасады. Келісімнің негізіне «Одақтың» «экономизм» мен бернштейншілдікке жарамсақтанудан толық бас тартатыны және революциялық социал-демократияның принциптерін мойындайтыны айтылған бірқатар принциптік қарарлар алынды. Бірігу ісі жүзеге асады деп үміттенуге болатын еді, өйткені бұған дейін жақындасуға «Одақтың» және оның органы — «Рабочее Делоның» — принциптік тұрақсыздығы ғана бөгет бо-

лып келген-ді. Бұл үміт ақталмады: «Рабочее Делоның» жуықта шыққан 10-номерінде «Одақтың» делегаттары қатынасқан конференцияда алынған қарарларға тікелей қарсы бағытталған редакциялық мақалалар басылды. Тегінде, «Одақ» тағы да біздің қозғалысымыздың оңшыл қанаты жағына бет бұрса керек. Шынында, барлық үш ұйымның съезінде «Одақ» жоғарыда аталған қарарларға өзінің бұрынғы адасушылығына қайта оралғанын айқын көрсететін «түзетулер» енгізді. Қалған ұйымдардың съезден кетіп қалуына тура келді, олар солай етті де. Тегінде, «Одақтағы» жолдастарымыз өз ұйымының революциялық социализмнің және либералдарға жарамсақтанатын оппортунизмнің ортасында аралық позицияда болуының қауіптілігін әлі де болса жете түсінбеген болса керек. Өз тактикасының қателігіне уақыт пен өкінішті тәжірибе олардың көздерін жеткізер деп сенеміз. Партия ішінде біздің қозғалысымызды кеңінен дамыту жөнінде ғана емес, сонымен қатар қозғалыстың сапасын арттыру жөнінде де жұмыс істеуге талпыну барлық жерлерде байқалып отыр, бұл жағдай барлық күшімізді біріктірсек екен деген тілегіміздің біздің газет қызмет етіп отырған революциялық социал-демократияның туы астында іске асатынына ең жақсы кепіл болады.

«Искра» № 9, октябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАТОРГАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ КАТОРГАЛЫҚ ҮКІМ

Тағы да бір «уақытша ережелер»!

Бұл жолы іс бағынбағаны үшін жазықты студенттер туралы емес, аштыққа ұшырағаны үшін жазықты шаруалар туралы болып отыр.

15 сентябрьде патшаның өзі бекітіп, соның ізінше дереу «Құрғақшылықтан зардап шеккен жерлердің халқын қатынас жолдары, егіншілік және мемлекеттік мүліктер ведомстволарының жарлығы бойынша жүргізілетін жұмыстарға қатыстыру жайындағы уақытша ережелер» жарияланды. Орыс мужигі бұл ережелермен (әрине, газетте жарияланғанынан емес, өз тәжірибесі бойынша) таныса келіп, помещиктер мен чиновниктерге ғасырлар бойы құл болудан зердесіне сіңіп қалған ақиқаттың жаңа айғағын көреді: егер ұлықтар мужиктің үлкенді-кішілі іске, ашаршылықпен байланысты помещик жерлерін сатып алуға немесе қоғамдық жұмыстарға «қатысуына мүмкіндік берілетінін» салтанатпен жариялайтын болса, мұнан тағы да бір египеттік жаза күту керек.

Шынында да, 15 сентябрьдегі уақытша ережелер, өзінің барлық мазмұнына қарағанда, жазалау туралы заңдар жинағына қосымша ереже ғой, жазалау заңының жаңа бір түрі ғой деген ой тудырады. Ең алдымен іс ашығушылар жөнінде емес, қайдағы бір көтерілісшілер жөнінде немесе каторгаға айдалғандармен қарым-қатынас қандай болу керек екендігі жөнінде болып отырғандай, жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу асқан

«сақтықпен» және төрешілдікпен жасалған. Былай қарағанда, жұмысты ұйымдастыру оп-оңай-ақ тәрізді: земстволық және басқа мекемелер қаржы алады да, тас жол салу, ормандарды тазарту және т. с. үшін жұмысшылар жалдайды. Әдетте бұл сияқты жұмыстар осылай істеледі. Ал енді ерекше тәртіп орнатылмақшы: земство бастығы жұмыстарды белгілейді, губернатор өзінің қорытындысын жасап, оны ішкі істер министрі орынбасарының председательдік етуімен түрлі министрліктердің өкілдерінен тұратын ерекше «азық-түлік істері жөніндегі мәжіліске» С.-Петербургке жібереді. Оның үстіне, жалпы басқару министрге жүктелген, сондықтан ол ерекше өкіл де тағайындай алады. Петербург мәжілісі жұмысшыларға төленетін ақының мөлшерлі шамасын да белгілеп отыратын болады — яғни, мужиктердің тым жоғары ақымен «аздырып» жіберілмеуін бақылап отыруға тиіс! Тегінде, Сипягиннің 17 августағы нұсқауы ашығушыларға жәрдем беруді қалай *қиындатса,* 15 сентябрьдегі уақытша ережелер қоғамдық жұмыстардың кең қолданылуын нақ солайша *қиындатуды* көздейді.

Бірақ шаруаларды жұмысқа жалдаудың тәртібі туралы ерекше қаулылар мұнан әлдеқайда маңызды, әлдеқайда зиянды.

Егер жұмыс «олардың мекендерінен тысқары аудандарда» жүргізілетін болса (өте көп реттерде осылай болатыны табиғи нәрсе), онда жұмысшылар *земство бастығының бақылауында болатын* ерекше артельдер құрады, тәртіпті бақылайтын старостаны да сол земство бастығы бекітеді. Әдетте, старостаны жұмысшылардың өздері сайлайтын болса, ашығушы шаруалар олай ете алмайды. Дүре соғар «земствошыны» бұларға бастық етіп қояды! Артель мүшелері ерекше тізімге тіркеледі, бұл *сол жерде тұруға...* заң бойынша белгіленген *куәлік қағаздың орнына жүреді.* Демек, жеке паспорттың орнына артель тізімдері болады. Бұл айырбас неге керек? Бұл тәртіп жеке паспорт кезінде өзінің қалауынша басқа жерге барып орналаса алатын және ұнамаған күнде жұмысты тастап оп-оңай кетіп қалатын мужикке *тұсау салу* үшін керек.

Онан әрі. «Жол бойында тиісті тәртіпті сақтау және алып келінген жұмысшы топтарын жұмысты басқарушыларға тапсыру ішкі істер министрлігінің әдейі жіберілген қызметкерлеріне жүктеледі». Ерікті жұмысшыларға жол қаражатына задаток береді, крепостнойларды — тізім бойынша «топ-тобымен» «алып келіп», арнаулы қызметкерге «табыс» етеді. Шаруалардың «қоғамдық» және қазыналық жұмыстарға крепостнойлық правоның жаңа бір түрі деп қарауы дұрыс емес пе?

Шындығына келгенде, 15 сентябрьдегі заң ашығушы шаруаларды тек олардың жүріп-тұру еркін жойғандығы жөнінде ғана крепостнойларға ұқсатып отырған жоқ. Егер жұмысшылардың «семьялары қалған жерлердегі губерниялық бастықтар» қажет деп табатын болса, *жалақының бір бөлігін* олардың семьясына жіберу үшін *ұстап қалып отыруға* заң чиновниктерге право береді. Жұмысшылардың тапқан ақшаларына олардың өздерінің ризалығынсыз қожалық етеді! Мужик ақымақ: ол өз семьясының қамын өзі ойлай алмайды. Мұның бәрін бастықтар анағұрлым артық жайластырады: шынында да, әскери қоныстарда [120] мужиктердің семьясына бастықтардың қандай жақсы қамқорлық істегенін кім білмейді?

Бір жаман жері: қазір мужиктер, айтар болсақ, әскери қоныстар кезіндегідей оншама момын емес. Олардың кәдуілгідей паспорт берілуін де, тапқан тиын-тебендерін өздерінің ризалығынсыз ұстап қалмауды да талап етуі мүмкін-ау? Сол себептен қаталдықты күшейту керек, заң арнаулы статьяда: «жұмыс жүргізілетін жерлерде жұмысшылардың тиісті тәртіпті сақтауын бақылау ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша жергілікті земство бастықтарына, жандармдардың жеке корпусы офицерлеріне, полиция чиновниктеріне немесе әдейі осы үшін тағайындалған адамдарға жүктеледі» деп тауып отыр. Барлық орыс жұмысшыларының үстінен бүкіл россиялық полицияның жалпы бақылау жасауымен қоса, аса қатаң арнаулы бақылау қойғанына қарағанда, үкімет, сірә, ашығушы шаруаларға *күні бұрын* «бүлікшілер» деп қарайтын болса керек. Ашаршылықты «асыра көрсетуге» батылы барып (өзінің нұсқауын-

да Сипягин айтқандай), «үкіметке қатысы жағынан ешбір негізсіз талаптар» қойғаны үшін мужикті *күні бұрын* қатаң қыспаққа алуды ұйғарған.

Ал жұмысшылардың арасынан қандай да бір наразылық туа қалған күнде, оларды сотқа тартып әуре болып жүрмеу үшін, уақытша ережелер чиновниктерге тыныштықты бұзған, жұмысты адал істемеген, бұйрықты орындамаған жұмысшыларды *ерекше сот кесімінсіз* үш күнге *дейін* тұтқынға алуға право береді!! Ерікті жұмысшыны бітістіру сотына тарту керек, ол сот алдында қорғана алады және үкімі үстінен шағым ете алады,— ал ашыққан мужикті ешқандай сотсыз-ақ абақтыға жауып қоюға болады! Ерікті жұмысшыны жұмыс істегісі келмегені үшін тек жұмыстан шығарып жіберуге болады,— ал ашыққан мужикті жаңа заң «жұмыстан қасарысып бас тартқаны үшін» ұрылармен және қарақшылармен бірге *туған жеріне этаппен айдап жөнелтуге* жарлық етеді!

Жаңа уақытша ережелер дегеніміз ашығушылар үшін нағыз каторгалық ережелер, жәрдем сұрап, бастықтардың мазасын алуға батылы барғаны үшін оларды праволарын жойып, жұмысқа салу туралы ережелер. Үкімет азық-түлік ісін басқаруды земстводан тартып алып, жеке адамдардың полицияның рұқсатынсыз асханалар ашуына тыйым салу мен мұқтаждықтың шын мөлшерін бес есе кемітіп көрсетуге бұйрық берумен шектелген жоқ,— үкімет оның үстіне шаруаларды толық праволы емес деп жариялап, оларға сотсыз-ақ жаза қолдануға бұйырып отыр. Өмір бойы аштықпен және ауыр бейнетпен өтетін мәңгілік каторгаға енді қазыналық жұмыстар каторгасының қаупі қосылып отыр.

Шаруалар жөніндегі үкімет шаралары осындай. Жұмысшыларға келетін болсақ, оларды жазалау Обухов заводында май күндерінде болған толқулар туралы іс жөнінде газетіміздің бұдан бұрынғы номерінде басылған «Айыптау актіде» аса айқын сипатталады. «Искра» оқиғаның өзі жайында июньдегі және июльдегі номерлерінде жазған болатын. Сот туралы біздің жария баспасөзімізләм-мим деген жоқ, тегінде, тіпті ең бір ізгі ниеттегі «Новое Времяның» осы тақырыпта жазамын

деп «бәлеге қалғанын» ескерген болар. Газеттерде соттың сентябрьдің аяқ кезінде болғаны туралы бір-екі жол хабар басылды, одан кейін оңтүстіктегі газеттердің бірінде: екі адам *каторгалық жұмысқа* кесілді, сегіз адам ақталды, қалғандарына 2 жылдан $3^1/_2$ жылға дейін түрме және тұтқындар бөлімінде жүріп түзелу жазасы кесілді деген үкім кездейсоқ басылып кетіпті.

Сонымен, «Жаңа қырғын» деген мақалада («Искра» № 5)* біз орыс үкіметінің кекшілдігін оншa жете бағалай алмаппыз. Сотқа тартуға қорыққандықтан үкімет әскери күшпен жазалауды күрестің ең ақырғы түрі деп тапқан шығар деп ойлап едік. Бақсақ, оны да, басқасын да қабат қолданған екен: топ-топ адамдарды сабап, үш жұмысшыны өлтіргеннен кейін, бірнеше мың адамның ішінен 37 адамды ұстап алып, оларға қатал жаза қолданыпты.

Қалай ұстағаны және қалай соттағаны туралы айыптау актісінен біраз түсінік алуға болады. Бүлікті бастаушылар деп тапқандары — Ан. Ив. Ермаков, Ефр. Степ. Дахин және Ап. Ив. Гаврилов. Айыптау актіде Ермаков үйінде прокламация ұстаған (қазыналық шарап дүкенінде қолғабысшы болып істейтін Михайлованың айтуы бойынша, бірақ ол *куә ретінде сотқа шақырылмапты*), саяси бостандық жолындағы күрес туралы айтқан, 22 апрельде қызыл жалау алып Нева көшесіне барған деп көрсетілген. Одан әрі Гавриловте де 22 апрельде демонстрация жасауға шақырған прокламация болған және соны таратқан деп атап көрсетілді. Айыпталушы Яковлева туралы, ол да әлдебір жасырын жиындарға қатысқан делінген. Сонымен тыңшы полицияның саяси қайраткерлер деп күдіктенген адамдарын прокурордың бүлікті нақ бастаушылар деп көрсетуге тырысқаны күмәнсыз. Істің саяси сипаты болғаны топ-топ адамның: «бізге саяси бостандық керек!» деп айқай салғанынан да және бірінші маймен байланысты болғанынан да көрініп тұр. Жақшаның ішінде айталық: бірінші майда «жұмысқа шықпай қалғаны» үшін 26 кісіні жұмыстан шығарып жіберу өрттің тұта-

* Қараңыз: осы том, 14—20-беттер. *Ред.*

нып кетуіне себеп болған, бірақ прокурор жұмыстан бұлай шығарып жіберудің *заңсыздығы* туралы, әрине, жұмған аузын ашпаған!

Істің жайы айқын. Кімді саяси жау деп күдіктенсе, соларды сотқа тарту үшін ұстап алған. Тыңшы полиция тізім түсірген. Ал полицейлер, әрине, оларды топтың ішінде болды және тас лақтырып, басқалардан ерекше көзге түскен осы адамдар деп «дәлелдеген».

Саяси кек алудың (қырғыннан кейінгі) екінші жолын сот құрумен бүркеген. Жауыздықпен бүркеген: кінәсын ауырлату үшін саяси жағын бетке ұстаған, бірақ барлық оқиғаның саяси жағдайын түсіндіруге жол бермеген. Заңның 263-статьясы бойынша қылмысты ретінде, яғни «үкімет белгілеген өкімет орындарына қарсы ашық көтеріліс жасағаны» үшін және көтерілісті қарулы (?) адамдар жасағаны үшін соттаған. Айыптау *бұрмаланып көрсетілген:* полиция судьяларға істің тек бір жағын қарауға бұйырған.

Айта кету керек, Заңның 263—265-статьялары бойынша қыр көрсетудің *қандайын болса да:* «үкімет бекіткен бұйрықтар мен шаралардың орындалуына жол бермеу ниетімен жасалған ашық көтеріліс» үшін де, мұнда «көтерілісшілер» қаруланған болмаса да және ешқандай көріне күш жұмсамаған болса да бәрібір, каторгаға кесіп жіберуге болады! Орыс заңдары каторгаға жомарт-ақ! Міне, сондықтан үкімет өзінің саяси кегін қылмыстылық комедиясымен бүркей алмайтын болуы үшін бізге мұндай процестердің әрқайсысын айыпталушылардың өздері саяси процеске *айналдыруының* қамын ойлайтын кез жетті!

Сот құрудың өзінде, мәселен, 1885 жылмен салыстырғанда, қандай «прогресс» бар десеңізші! Онда Морозов тоқымашыларын присяжныйлар соттаған еді, газеттерде толық есеп беріліп, сотта жұмысшылар арасынан шыққан куәлар фабриканттардың барлық бассыздығын әшкерелеген еді. Ал қазір ше — жасырын сословие өкілдерінен құрылған чиновниктер соты, сот жабық түрде жүргізіледі, баспасөз де жұмған аузын ашпайды, куәлар да көңілден шыққан: завод бастықтары, завод

күзетшілері, халықты сабаған полицейлер, жұмысшыларды атқан солдаттар. Неткен пасық комедия!

Жұмысшыларды жазалаудың 1885 және 1901 жылдардағы бұл «прогресін» ашығушыларға қарсы күрестің 1891 және 1901 жылдардағы «прогресімен» салыстырып көріңіздерші,— халық пен қоғам ішінде ашу-ызаның қаншалықты тез кеңейе де кеулей өсіп бара жатқанын, үкіметтің жекелеген қайырым жасаушыларды да, шаруаларды да «қыса түсіп», жұмысшыларды каторгалық үкіммен үрейлендіріп, қаншалықты жанталасып алас ұра бастағанын байқайтын боласыздар. Жоқ, каторга жұмысшыларды қорқыта алмайды, жұмысшылар жетекшілері патшаның жендеттерімен көше бойында қолма-қол айқасу үстінде өліп кетуден қорықпаған! Өлтірілген және түрмеде азап шеккен батыр жолдастарының есімдері жаңа күрескерлердің күш-қайратын еселеп арттырады және оларға жәрдемге мыңдаған көмекшілерді тартады, олар 18 жасар Марфа Яковлева сияқты: «біз бауырларымызды жақтаймыз!» деп ашық айтатын болады. Үкімет қыр көрсетушілерді полицейлік және әскери жолмен жазалаудың үстіне, оларды көтеріліс үшін тағы да соттамақшы; — біз бұған барлық революцияшыл күштерді біріктірумен, патша озбырлығынан езгі көргендердің бәрін өз жағымызға тартумен, сөйтіп жалпы халықтық көтерілісті жүйелі түрде әзірлеумен жауап береміз!

«Искра» № 10, ноябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ІШКІ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

1901 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет 1901 ж. декабрьде «Заря» журналының 2—3 номерінде басылған
Қол қойған: Т. Х.

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

I. АШТЫҚ[121]

Тағы да аштық! Соңғы он жыл ішінде орыс шаруалары күйзеліп қана қойған жоқ, олар адам айтқысыз қарқынмен мүлде қырылып та жатыр, сірә, ең ұзақ, ең қатал деген соғыстың өзінде де тап осындай көп адам шығыны болмаған шығар. Осы заманның ең қуатты күштерінің бәрі: мұхиттың арғы жағынан бәсеке тудырып отырған және өмір сүру жолында жанталасқан күресте аман шыға алатын саны аз село қожайындарын нағыз кемеліне келген өндіріс әдістерімен, құралдарымен жабдықтап отырған барған сайын шапшаң қарқынмен дамып келе жатқан капитализм және өз иелігіндегі отарларында, Қиыр Шығыс пен Орта Азияда, пәле іздеу саясатын жүргізетін, осындай қыруар ақшаға түсетін саясаттың барлық өлшеусіз көп ауыртпалығын жұмысшы бұқарасының мойнына артатын және, оның үстіне, сол бұқараның барған сайын өрши түскен наразылығы мен ашу-ызасына қарсы қолданылатын полицейлік «тыйым салу», «ауыздықтау» шараларының жаңа түрлерін халық қаражаты есебінен үсті-үстіне жасай беретін әскери мемлекет — бәрі бірігіп мужикке қарсы шығып отыр.

Бізде аштық үйреншікті құбылысқа айналып алғаннан кейін, үкімет те азық-түлік ісіндегі өзінің кәдуілгі саясатын жасап, бекітіп алуға тырысады деп күтудің жөні бар еді. Егер 1891—1892 жылдары үкімет қапыlыста қалып, ә дегенде недәуір сасқалақтаған болса, енді оның бай тәжірибесі бар және қайда (және қалай)

бет алу керек екенін жақсы біледі. «Тап осы шақта,— деп жазды июльде «Искра» (№ 6),— халыққа түсетін ауыртпалықтың қара бұлты ел үстіне төніп келеді, ал үкімет аш халықты бір үзім наннан қағатын, әкімдердің көздегенінен тысқары жолмен аш адамдарға қамқорлық «көрсетудің» қандайын болса да жазалауда мейірімсіз күштің жексұрындық ролін тағы да атқаруға әзірленіп жатыр».

Үкіметтің әзірлік жүргізуі өте тез және өте батыл болды. Бұл әзірлік қандай рухта жүргізілгенін Елисаветград оқиғасы жеткілікті түрде ашып берді. Елисаветградтағы аштық туралы жазуға немесе айтуға, ашығушыларға жәрдем беруге жұртшылықты шақыруға, жеке үйірмелер құрып, осы жәрдемді ұйымдастыруға жеке адамдарды шақыруға сонпалық батылы барғандардың бәріне де Херсон губерниясының бастығы князь Оболенский бірден соғыс жариялады. Земство дәрігерлері газеттерге уезде аштық бар екенін, халық ішінде дерт, өлім-жітім бар екенін, халықтың жеп отырған «наны» тіпті нан деп атауға болмайтын, адам айтқысыз бірдеңе екенін айтып жазды. Губернатор земство дәрігерлерімен айтысқа түсті, ресми тойтарыс беріп жауап жариялады. Кімде-кім біздің баспасөзіміздің жалпы жағдайымен азды-көпті таныс болса, кімде-кім соңғы кезде өте баяу органдар мен онан да өткен баяу әдебиетшілердің айта қалғандай қуғынға ұшырағанын естен шығармаған болса,— ол губерния бастығының әлдеқандай бір земство дәрігерлерімен, тіпті мемлекет қызметін атқармайтын дәрігерлермен «айтысқа» түсуі дегеннің не екенін түсінеді! Бұл нағыз ауызға құм құю болды, үкімет аштық туралы шындыққа төзбейді деп қымсынып жатпастан, ашықтан-ашық жасалған мәлімдеме болды. Мәлімдеме ғана ма! «Өктемдікті қолдануға» мүмкіндік барында тек мәлімдеме жасаумен ғана шектеледі деп, басқаны қайдам, нақ орыс үкіметін кінәлауға бола қояр ма екен. Князь Оболенский де соғыс майданына — аштарға қарсы және кімде-кім ведомствоның ешқайсысында болмай-ақ, аштарға *шындап* жәрдем көрсетпек болса, соларға қарсы соғыс майданына — өзі шықты да, аштарға жәрдемге жетіп үлгерген бірне-

ше жеке адамның (соның ішінде Успенская ханымның) *асханалар ашуына тыйым салып,* дереу өктемдігін жүргізді. Юлий Цезарь сияқты, князь Оболенский келді, көрді, жеңді,— ал телеграммалар оның бұл жеңісін бүкіл Россияның хат танитын жұртшылығына дереу хабарлады. Мұндағы бір таңырқарлық нәрсе мынау: оның бұл жеңісі, барлық орыс адамдарына, зәредей болса да адамшылығы сақталған, аз да болса азаматтық намысы қалған адамдарға осылайша арсыздықпен қыр көрсетуі, егер бұлай деп айтуға болса, неғұрлым мүдделі адамдар тарапынан ешқандай тойтарыс көрмеді. Сөз жоқ, Херсон губерниясында бұлайша аштықты бүркемелеудің және аштарға жәрдем көрсетуге қарсы күресудің барлық ішкі астарын өте көптеген адамдар білді және біледі де, бірақ мұндай ғибрат аларлық істің мазмұнын, не соған қатысты документтерді, не ең болмағанда асханалар ашуға қатыгездікпен тыйым салуға қарсылық білдірілген жай ғана үндеу жариялаған ешкім болмады. Бірінші май күні «жұмысқа шықпаған» жұмысшылар жұмыстан қуылады деген қорқытуын үкімет іске асырса, жұмысшылар стачка жасайды; ал интеллигенттер қауымы өз өкілдерінің аштарға жәрдем беруіне... тыйым салынса, жұмған аузын ашпайды.

Аштарға жәрдем көрсетуге батылы барған «бүлікшілермен» бірінші қақтығыста табысқа жеткеніне мастанған үкімет көп ұзамай жаппай шабуылға көшті. Князь Оболенскийдің айбынды ерлігі басшылық негізіне алынды, бұдан былайғы жерде азық-түлік ісіне қатысы болған адамдардың бәріне барлық әкімдердің көзқарасын реттеп отыратын заң дәрежесіне көтерілді (дұрысында, «қатысы» деген сөз қылмысты істерге байланысты, біздің жазалау туралы заңымызға жататын арнаулы термин, ал енді біз қазіргі уақытта рұқсат етілмей отырған аштарға жәрдем көрсету ісі бүтіндей қылмысты істер ұғымына кіретінін көрдік, төменіректе тағы да көреміз). Мұндай заң кешікпей жарыққа да шықты — бұл жолы «1901 жылы құрғақшылыққа ұшыраған губерниялардың бастықтарына ішкі істер министрінің нұсқауы» деген жай формада шықты (1901 жылғы 17 август, № 20).

Халыққа түскен сұраныл ауыртпалықтан, аштардың өздеріне жәрдем беруші «интеллигенттермен» жақындасуынан туған полицияның қорқынышы, сонымен қоса аштық жайындағы «шудың» қандайын болса да тұншықтыруға және берілетін жәрдемді тым болмашы мөлшермен шектеуге біржола бел байлау қандай Геркулес бағаналарына дейін жеткізетініне[122] бұл нұсқау көп уақытқа дейін ескерткіш болып қалады деп ойлау керек. Бірақ бір өкініштi жері, бұл нұсқау көлемінің шамадан тыс үлкендігі және кеңсе тілімен жазылған сөздерінің ауырлығы, сірә, мейлінше кең жұртшылықтың онымен танысуына бөгет болатын шығар.

Жұртқа мәлім, 1900 жылғы 12 июнь заңы азық-түлік ісін земство қарамағынан алып, оны земство бастықтары мен уездік съездердің қолына берді. Сөйтіп жандары жай тапқан сияқты еді: сайлау элементі жойылды, бастықтарға аз да болса тәуелсіз адамдар енді іс басында болмайды, олай болса, шу да көтермейді. Бірақ князь Оболенскийдің жорығынан кейін, осының бәрі аз көрініпті: барлық істі министрлікке және тікелей соның бұйрықтарын орындайтын чиновниктерге қатаңырақ бағындыру керек, қандай да болса асырып көрсету мүмкіндігін біржола жою керек. Сондықтан бұдан былайғы жерде қандай уездердің «егін шығымы жақсы емес» екені жайындағы мәселені тек министрліктің* өзі ғана *шешетін* болады, сірә, аштарға қарсы соғыс қимылдарын жүргізетін бас штаб осы министрлікте болатын шығар. Сонымен бұл штаб «азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарманы» ұстап отырған адамдардың (ең алдымен уездік дворяндар жетекшілерінің) қызметте-

* Министрліктің бұл мәселені қалай шешіп отырғанын Пермь губерниясының мысалынан көруге болады. Соңғы газеттердің хабарларына қарағанда, бұл губерния әлі күнге дейін «егіннің шығымы жақсы» деп саналатын көрінеді, ал солай бола тұрса да, бұл губернияда құрғақшылық (10 октябрьде шұғыл шақырылған губерниялық земство жиналысының мәліметтері бойынша) 1898 жылғыдан да *күштірек болып отыр.* Астық түсімі орташа түсімнің тек 58 проценті ғана, ал Шадринск және Ирбит уездерінде тек 36 және 34 проценті ғана болады. 1898 жылы үкімет (жергілікті қаржыларды есептемегенде) $1^1/_2$ миллион пұт астық және $^1/_4$ миллион сомнан астам ақша берді. Ал қазір земствоның қаржысы жоқ, земствоның праволары шектеулі, құрғақшылық 1898 жылғыдан анағұрлым күштірек, астық бағасы *1 июльден бастап-ақ* қымбаттай бастады, шаруалар қазірден бастап *малдарын сатып* жатыр,— ал үкімет соның өзінде де губернияның жағдайын «жақсы» деп есептеуден танбай келеді!!

ріне губернатор мырзалар арқылы бағыт беріп отыратын болады. Аштарға қарсы соғыс қимылдарын бастаушы князь Оболенскийге тоқтату, ауыздықтау және қысқарту үшін жергілікті жерлерге өзінің баруына тура келді. Қазір бұл мәселе «тәртіпке келтіріліп», енді «билеп-төстеу үшін» «уездік орталық» басқарма мен Петербургтегі орталық басқарманың арасында жай телеграммалар алысудың өзі-ақ жеткілікті (кеңсе шығыны үшін уезд басына мың сомнан бөлінгеніне де шүкір). Тургенев сипаттаған мәдениетті помещик ат қораға аттап баспағаны былай тұрсын, тіпті фрак пен ақ қолғап киген малайы арқылы: «Федор жөнінде... жарлық берілсін!» [123]— деп есітілер-есітілмес ескерту жасаумен ғана шектелген. Міне, енді бізде де тап осы сияқты аш халықтың шамадан тыс аранын ашуына тыйым салу жайында «шу көтермей», жайбарақат-сыпайы ғана «жарлық берілетін» болады.

Ал енді аш мужиктің арапы шамадан тыс ашылғанына Сипягин мырзаның көзі жеткеп,— мұның өзі нұсқаудың «асырып көрсетуден» сақтандырып қана қоймай, тіпті сол асырып көрсетудің болуына тікелей жол бермейтін жаңа ережелерді қайсарлықпен үсті-үстіне шығарудан да көрінеді. Мұқтаждыққа ұшырағандардың тізімін жасауға асықпаңыздар: мұның өзі халықтың «дәмесін арттырады» деп министр ашық айтады және тізімді тек астық үлестірудің дәл алдында ғана жасауды тапсырады. Одан әрі, қай уақытта уезді егінінің шығымы жақсы емес деп санау *керек* екені туралы айтып жатуды нұсқау қажет деп таппайды, ал оның есесіне қандай кездерде уезде жақсы емес деп санауға *болмайтынын* дәл белгілеп береді (мысалы, болыстардың зардап шеккендері үштің бірінен аспайтын болса, әдеттегі табыс кемімесе және т. т.). Ақырында, аштарға берілетін жәрдемнің нормасы жөнінде министр мынадай ережелер ұсынады, осы ережелер үкіметтің *қайткен күнде де* бұл жәрдемді ауыз жарытпастай етіп кеміткісі келетінін, сөйтіп халықты құрып кетуден ешбір сақтай алмайтын қайыр-садақамен ғана құтылғысы келетінін айдан айқын көрсетіп отыр. Шынында да: норма — бір семьяға 48 пұт астық (сол селодағы орташа

түсімнің шамасы бойынша есептегенде); қолындағы астығы осыдан кем болмаса,— ол мұқтаждық көргенге жатпайды. Бұл цифрдың қандай жолмен алынғаны мәлімсіз. Тек жұртқа мәлім бір нәрсе сол, аштық *емес* жылдары тіпті ең кедей деген шаруаның тұтынатын астығы бұдан екі есе артық болады (шаруа бюджеттерін зерттеген земство-статистика зерттеулерін қараңыз). Демек, тойып тамақ ішпеу, министр мырзаның әмірі бойынша, қалыпты құбылыс деп саналады. Бірақ, біріншіден, халықтың тең жартысына жуықтайтын жұмысшы элементі қарыз ала алмайтын болуы үшін бұл норманың өзі де екі есе кемітіледі, ал, екіншіден, «өткен жылдан қалған қоры бар не әйтеуір бір (дәл осылай делінген: «не әйтеуір бір»!!) материалдық мүмкіндігі бар әлді қожайындардың шамамен алынған санына қарай» *тағы да* — $^1/_3$—$^1/_5$—$^1/_{10}$ бөлікке кемітіледі. Осыған қарап халыққа шынымен жетіспей отырған, сөйтіп үкіметтің қарыз ретінде бермекші астығының мөлшері қандайлық мардымсыз болып шығатынын байқауға болады! Ал Сипягин мырза, бейне бір өзінің арсыздығына сүйсінген сияқты, осы адам айтқысыз қысқарту жүйесін баяндай келіп, мұндай долбар есептің «шамадан недәуір асып кетуі сирек болады» деп мәлімдейді. Түсіндіріп жатудың қажеті шамалы болар.

Орыс үкіметінің ресми мәлімдемелерінде, егер оларда жалаң әмірлерден басқа сол әмірлерді түсіндіруге әйтеуір бір талап жасалған болса, ол әрдайым дерлік екі негізгі дәлелден немесе дәлелдің екі негізгі үлгісінен тұрады,—бұл біздің заңдарымыздың көпшілігіне қарағанда анағұрлым тұрақты өзінше бір заң. Бір жағынан, мұнда сіз бастықтардың қамқорлығы туралы, заманның талаптарымен және жұртшылықтың тілектерімен оның санасуға ниет еткені туралы көпсітіп айтылған бірнеше жалпылама сөздерді ұшыратпай қалмайсыз. Мысалы, онда «село халқы арасында азық-түлік мұқтаждығын туғызбау жөніндегі маңызды жұмыс» жайында, «жергілікті халықтың әл-ауқаты үшін адамгершілік жағынан жауапты болу», т. т. жайында айтылады. Бұл сияқты жалпылама сөздердің, тегінде, түкке де татымайтыны, ешбір жөні түзу іске міндеттемейтіні

өзінен өзі-ақ белгілі; бірақ, оның есесіне бұл сөздер мәңгі өлмес Иудушка Головлевтің өзі тонап отырған шаруаларды балағаттаған мәңгі өшпес сөздерімен егіздің сыңарындай. Жақшаға алып айта кетелік, осы сияқты жалпылама сөздерді әрдайым (ішінара аңқаулығынан, ішінара «қызмет бабымен») цензура бақылауындағы либералдық баспасөз пайдаланып жүр, ондағы ойы — өздерінің көзқарастарын үкіметтің принцип жағынан қостайтынын көрсету.

Бірақ сіздер үкімет әмірлерінің оншама жалпылама да емес, көрер көзге оншама судырақ та емес басқа бір сырларына үңіліп қарасаңыздар, қашан да болса біздің баспасөзіміздің ең барып тұрған реакцияшыл органына (мысалы, «Московские Ведомостидің») әбден үйреншікті болып алған дәлелдерді *тұтасынан қайталайтын* нақты түсініктерді кездестіресіздер. «Московские Ведомостимен» үкіметтің бұл ынтымағын әрбір жеке реттерде қадағалап, атап көрсетіп отыру, біздің ойымызша, пайдасыз жұмыс болмас еді (тіпті жария қайраткерлердің өздеріне де бұл тым қолдан келмейтін жұмыс болмас еді). Әңгіме етіліп отырған нұсқауда біз, мысалы, мұқтаж адамдар тізімінің алдын ала жасалуы «кейбір ауқатты үй қожайындарының бар запастарын, басы артық заттары мен құрал-саймандарын сатып жіберіп, шаруашылықтарын кедейленген шаруашылықтың түріне келтіруге тырысуына» дем береді дейтін, нағыз «тағы помещиктер» шығарып жүрген, барып тұрған арамзалық айыптаудың тағы да қайталанып отырғанын көреміз. Министр мұны «бұдан бұрынғы азық-түлік науқандарының тәжірибесі дәлелдеген» дейді. Олай болса? Олай болса, министр өзінің саяси тәжірибесін барып тұрған крепостниктердің өсиетінен алып отыр, ондай крепостниктер бұдан бұрынғы аштық жылдары шаруалар алдайды деп шу көтерген болатын, қазір де шулап жүр, олар ашаршылықтан туған сүзек індеті жөнінде «шу» көтергенге өте-мөте ызалы.

Азғындау туралы айтуды да Сипягин мырза тап сол крепостниктерден үйренген: «жергілікті мекемелердің... бөлінген қаржыларды үнемдеп ұстауға ықпал етуі өте

қажет,— деп жазады ол,— ал ең бастысы (sic!! *) — үкімет жәрдемдерін күйлі адамдарға орынсыз беруден жұрттың пиғылын аздыратын зиянды әсерді болдырмау». Міне, осы сияқты қаржыны үнемдеу ісіне ықпал ету деген арсыз әмірдің үстіне тағы мынадай принципті ақыл беріледі: «...азық-түлік жәрдемінсіз-ақ күн көре алатын семьяларға (жылына 24 пұт астықпен күн көретін семьяларға ма?) мұндай жәрдемнің жаппай берілуінің» зияндылығы «бұл реттерде қазына шығындарының өнімсіз қалатынын (!) былай қойғанда, егер мемлекет пайдалары мен мұқтаждары тұрғысынан қарасақ, мұндай жүйенің келешектегі өте зиянды салдары жөнінен, шын мұқтаж адамдарды тиісті жәрдемсіз қалдырғанның зияндылығынан кем түспейді». Ерте заманда көңілі түсіп кеткен монархтар: «бір жазықсызда жазалағанша, он жазықтыны ақтап жіберген артық» деген екен. Енді патшаның ең жақын көмекшісі: жылына 24 пұт астықпен күн көре алатын семьяға жәрдем берудің зияны «шын» мұқтаж семьяны жәрдемнен мақрұм қалдырудың зиянынан кем емес деп отыр. «Мемлекет пайдалары мен мұқтаждары» жөніндегі бұл сияқты бүкпесіз айтылған тамаша «көзқарасты» қалың жұртшылықтан тым ұзақ және іш пыстыратын нұсқаудың бүркемелеп тұрғаны өкінішті-ақ! Бір үміт бар: мүмкін, социал-демократиялық баспасөз бен социал-демократиялық ауызша үгіт халықты министр нұсқауының мазмұнымен жақынырақ таныстырар.

* *
*

Бірақ нұсқау жекелеген қайырымдыларға ерекше батыл «шүйіледі»: аштарға қарсы соғыс жүргізуші әкімдер жеке көмек көрсету үйірмелерін, жекеше асханаларды, тағы сондайларды «жаудың» неғұрлым маңызды позициясы деп санайтыны барлық жағынан да көрініп тұр. Обалына не керек, бұл жеке қайырымшылдықтың ішкі істер министрлігіне неліктен көптен бері маза бермей жүргенін Сипягин мырза ағынан жарыла айтып

* — солай!! *Ред.*

түсіндіреді. «1891 және 1892 жылдарда егін шықпай қалғаннан бастап, сонан бері қарай болған тап сондай ауыртпалықтардың бәрінде де,— делінген нұсқауда,— кейбір қайырымдылардың күйзеліске ұшыраған жерлердің тұрғындарына материалдық көмек көрсетумен бірге, олардың ішінде қазіргі тәртіпке наразылық тудырып, үкіметке мүлдем орынсыз талаптар қойдырғысы келетіні жиі аңғарылды. Мұның үстіне толық қанағаттандырылмаған мұқтаждық, мұндай реттерде болмай қоймайтын аурулар мен шаруашылық күйзелістері үкіметке қарсы үгіт жүргізу үшін өте қолайлы жағдай туғызады, ал мұндай жағдайды саяси сенімсіз адамдар, жақындарына жәрдемдесу дегенді сылтауратып, өздерінің қылмысты мақсаттарына қуана-қуана пайдаланады. Әдетте егіннің едәуір көлемде шықпай қалғаны туралы алғашқы хабарлар алынғаннан кейін-ақ зардап шеккен жерге өткендегі саяси жолы күдіксіз емес адамдар жан-жақтан ағыла бастайды, олар қайырымдылар қоғамдары мен мекемелерінің астаналардан келген өкілдерімен жақындасуға тырысады, сонан барып бұл өкілдер білмегендіктен оларды жергілікті жерлердегі қызметке алады, осының себебінен тәртіп пен басқару ісінің мүдделеріне недәуір қиыншылықтар туады».

Алайда, орыс үкіметіне орыс жері тарылып-ақ барады. Тек оқушы жастар ғана ерекше қоруға алынатын орта деп саналған кез болған: оларға ерекше қатты бақылау қойылатын, өткендегі саяси жолы күдіксіз емес деген адамдардың олармен қатынас жасауы зор айып болып тағылатын, ең әрісі материалдық көмек көрсетуді ғана көздейтін үйірмелер мен қоғамдардың кез келгеніне үкіметке қарсы мақсатта деген және тағы сондай күмән келтірілетін. Ол кездерде — тіпті осы жақын кездерде де — үкімет көзімен қарағанда, халықтың «үкіметке қарсы үгіт жүргізуге өте қолайлы ошақ» болатындай басқа бір *тобы*, ал, оның бер жағында, табы болған жоқ еді. Ал 90-жылдардың орта шенінен бастап сіздер үкіметтің ресми хабарларының өзінен-ақ халықтың ерекше аңдуды қажет ететін басқа бір, саны анағұрлым көп табының — фабрика-завод жұмысшыларының бар екенін көресіздер. Жұмысшы қозғалысының

өсуі жаңадан пайда болған сотқар элементті бақылау үшін тұтас бір мекемелер жүйесін құруға мәжбүр етті; саяси жағынан күдікті адамдардың тұруына тыйым салынған жерлердің тізімінде астаналармен, университетті қалалармен қатар, фабрикалы орталықтар, поселкелер, уездер және тұтас губерниялар * пайда бола бастады. Европалық Россияның үштен екісі сенімсіз адамдардан ерекше қорылатын жер болып шықты, ал қалған үштен бірін «өткендегі саяси жолы мінсіз деуге болмайтын адамдардың» жаппай жайлап алғаны соншa, тіпті ең меңіреу түкпірдегі провинцияның өзі де тынышсыз ** бола бастады. Енді келіп, ішкі істер министрі мырза сияқты хабары мол адамның беделді пікірі бойынша, ең меңіреу *деревняның* өзі де үкіметке қарсы үгіт жүргізу үшін «қолайлы ошақ» болып шығып отыр, себебі онда толық қанағаттандырылмаған мұқтаждық, ауру-сырқау мен шаруашылықтың кері кетуі орын алып отыр. Ал бұл сияқты «оқиғалар» ұдайы орын теппеген орыс деревнялары көп пе? Бізге, орыс социал-демократтарына, бұл сияқты «қолайлы» ошақ жөніндегі Сипягин мырзаның ғибратты нұсқауын дереу пайдалану керек емес пе екен? Атап айтқанда нақ қазір, бір жағынан, қала пролетариатының және интеллигент жастардың үкімет әскерлерімен февраль мен марттағы қақтығысулары туралы ара-тұра, еміс-еміс келіп жеткен сыбыстарға деревня құлақ тігіп отыр, ал екінші жағынан, мужиктің «мүлдем орынсыз талаптары» және т. т. жайындағы осындай бос сөздердің қайсысы да барынша кең және жан-жақты үгітке аса бай программа болмай ма?

Сипягин мырзаның пайдалы нұсқауларын біз пайдаланып қалуға тиіспіз, ал енді оның аңқаулығына күлу-

---

* Мысалы, С.-Петербургтен жер аударылған адамдар, негізінен әдебиетшілер туралы «Исқраның» 6-номерінде басылған құпия нұсқауды салыстырыңыз, бұл адамдардың көпшілігі жалпы айтқанда ешқандай саяси іске, атап айтқанда, «жұмысшылар» ісіне еш уақытта қатыстырылған емес. Солай бола тұрса да олардың университетті қалаларда ғана емес, «фабрикалы жерлерде», ал кейбіреулерінің *тек* фабрикалы жерлерде ғана тұруына тыйым салынған.

** Мысалы, «Исқраның» 6 және 7-номерлеріндегі Пенза, Симферополь, Курск және т. с. сияқты құдай сақтап тұрған қалалардың өзінде де жұртшылықтың желігуі мен үкіметке қарсы «әрекеттер» пайда болғаны туралы корреспонденцияларды қараңыз.[124]

ге болады. Жеке қайырымдылықты губернатордың назары мен бақылауына бағындыру «сенімсіз» адамдардың деревняға ықпал ету мүмкіндігін қиындатады деп ойлау — бұл, шынында да, кісі күлгендей аңқаулық. Нағыз қайырымдылар еш уақытта да саяси мақсаттар қуған емес, сондықтан тыйым салу және ауыздықтаудың жаңа шаралары көбінесе үкімет үшін қаупі кемірек адамдардың басына түседі. Жаңа шаралардың маңызы мен үкіметтің аштыққа жалпы көзқарасы қандай екеніне шаруалардың көздерін жеткізгісі келген адамдар Қызыл крест өкілдерімен байланыс жасауды не губернатор мырзаларға барып көрінуді, сірә, енді қажет деп таппас. Міне, мысалы, фабрика-завод ортасы «қолайлы ошақ» болып шыққан соң, бұл ортамен жақындасқысы келгендер фабрика тәртіптерін біліп алу үшін фабрика басқарушыларымен байланыс жасаған жоқ қой, жұмысшылар жиналыстарын шақыруға рұқсат алу үшін фабрика инспекторлары мырзалардың алдарына барып, иілген жоқ қой. Біз, әрине, шаруалар арасында саяси үгіт жүргізу өте қиын іс екенін ешбір ұмытпаймыз, себебі тіпті бәрін былай қойғанда, бұл іске қалалардағы революцияшыл күштерді тартудың мүмкіндігі де, орны да жоқ, бірақ жеке қайырымдыларға қысым жасау сияқты үкіметтің істеп отырған ерліктері бұл қиыншылықтардың тең жартысын жоятынын және біздің жұмысымыздың жартысын мойнымыздан алатынын естен шығармауымыз керек.

* *
*

Біз қайырымдылық жасау мақсатында қойылатын концерттерге, ойындарға және басқаларға бақылауды күшейту жайындағы тағы сол министрдің нұсқауы сияқты — жоғарыда біршама талданған нұсқауға — «ұсақ-түйек» нәрсеге тоқталып жатпаймыз. (Салыстырыңыз: «Искра» № 9, «Жаңа кедергілер».)

Қазір үкіметтің халыққа жаңа ережелер бойынша тағайындалып, бөлініп отырған көмегі шын мұқтаждықтың мөлшеріне қандай шамада сәйкес келетінін байқап көрейік. Рас, бұл жөніндегі мәліметтер тіпті мардым-

сыз. Қазір баспасөз адам айтқысыз ауыздықталған, қызметтеріне «тыйым салынуымен» бірге өз бетімен жеке асхана ашпақшы болғандардың үндері де шықпай қалды, ал жаңа қатал шаралардан қорғалақтап қалған Россия жұртшылығын хабарландырып отыруға тек азық-түлік науқанының тым тәуір жүріп жатқаны жөніндегі қазыналық-полицейлік мәліметтер ғана қалды, тағы «Московские Ведомости» газетінің тап сол мағынадағы мақалалары ғана қалды және еріккен репортердің қайсыбір помпадурмен [125] жүргізген, «қала бастығының бір өзінің ойы жайында, сол сияқты қала бастығының жеке билігі жайында, тағы басқалары жайында» [126] маңғазданып баяндайтын, оқтын-оқтын беріліп тұратын әңгімесі ғана қалды. Мысалы, «Новое Время» 9195-номерінде Саратовтың (бұрынғы Архангельскінің) губернаторы А. П. Энгельгардт жергілікті газеттің қызметкерін қабылдап, оған, айтар болсақ, ол, губернатор, жергілікті жерде-ақ дворяндар жетекшілерінің, земство басқармалары өкілдерінің, земство бастықтарының және Қызыл крест өкілдерінің кеңесін өзі өткізіп, оларға «жұмыс бөліп бердім» деп айтқанын хабарлайды.

«Менің Архангельск губерниясында көргенімдей,— деген А. П. Энгельгардт,— құрқұлақ ауруы бұл жерде жоқ: ол жақта ауруға бес қадам жер жуықтауға болмайды; ол жақта бұл ауру шынымен-ақ «шірік» ауру,— ал мұнда бәрінен гөрі үй тұрмысының сұмдық нашарлығынан күшейіп отырған өте-мөте қанның азаю салдары көбірек. Мұнда құрқұлақ тектес аурудың бірден-бір дерлік белгісі — еріннің, тістің қызыл етінің ағарып кетуі... Мұндай ауру, дұрыс тамақтанса, бір аптаның ішінде жазылып кетеді. Қазір тап солай тамақтандырылып та жатыр. Тіркелген өте мұқтаж адамдардың саны 400-ден аспағанымен, күніне жалпы алғанда 1000 порция тамақ беріледі.

Құрқұлақ тектес аурулардан басқа, бүкіл осы тарапта үш рет қана сүзек ауруы байқалды. Енді бұл іс мұнан әрі ұлғаймас деп сенуге болады, өйткені қай жерде болса да қазір қоғамдық жұмыстар ашылды, сөйтіп, халықтың табыс табуы қамтамасыз етіліп отыр».

Бұл неткен сәттілік: бүкіл Хвалынск уезінде (помпадур мырзаның әңгімелеп отырған уезінде) өте мұқтаждардың саны тек 400 ғана екен (ал қалғандары, сірә, Сипягин мен Энгельгардт мырзалардың ойынша, жылына әрбір семья 24 пұт астықпен-ақ «күнелте алатын» болар!), ал халық қазірдің өзінде-ақ қамтамасыз етілген және аурулар да бір аптадан кейін сауығып кетеді. Осыдан кейін «Московские Ведомостиге» қалай нанбассың, бұл газет арнаулы бас мақаласында (№ 258) бізді былай деп сендірмек болады: «құрғақшылықтан зардап шеккен 12 губерниядан түскен соңғы хабарларға қарағанда, *оларда көмек көрсету жөніндегі әкімшіліктің белсенді жұмысы қызу жүріп жатыр.* Көптеген уездердің азық-түлік жағынан халдері жақсы емес екені зерттеліп болып, енді азық-түлік бөлімінің *уездік меңгерушілері тағайындалуда* және т. т. Шамасы, дер кезінде, жеткілікті көмек көрсету үшін үкімет қызметіндегі адамдар қолдан келгеннің бәрін істеп жатса керек».

«Жұмыс қызу жүріп жатыр» және... «тіркелген өте мұқтаждардың саны 400-ден аспайды»... Хвалынск уезіндегі село халқының саны 165 мың, ал берілетін порция бір мың. Биылғы жылы бүкіл оңтүстік-шығыс ауданда (соның ішінде Саратов губерниясында да) қара бидайдың түсімі 34% кем. Саратов губерниясында шаруалар жеріндегі ($1^1/_2$ миллион десятина) жалпы егістің толық шықпай қалғаны 15% (губерниялық земство басқармасының мәліметі бойынша [127]), нашар шыққаны — 75%, ал Хвалынск уезі Камышин уезімен бірге Саратов губерниясының ең қатты зардап шеккен уездеріне жатады. Демек, Хвалынск уезінің шаруалары астықтың жалпы түсімін кемінде 30 проценттей аз алды. Бұл кем алынған астықтың тең жартысы ауқатты шаруаларға тиесілі астық еді, бірақ бұдан олар аштыққа ұшырай қойған жоқ делік (ал дұрысында бұлай деудің өзі де тым екіталай нәрсе, өйткені ауқатты шаруалардың жері жақсырақ болады және оны жақсырақ өңдейді, сондықтан олар кедейлерге қарағанда құрғақшылықтан әрдайым азырақ зиян шегеді). Тіпті осылай деп ұйғарғанның өзінде де аштардың саны 15 процент,

яғни 25 мыңға тарта болуға тиіс. Ал бізде Хвалынск құрқұлағы Архангельск құрқұлағының маңына да бармайды, сүзек ауруымен ауырған тек үш-ақ адам болды (өтірік айтқан соң, ебін тауып айтса екен-ау!) және бір мың порция тамақ беріліп отыр деп (сірә, асырып көрсетумен күресу... жөніндегі Сипягиннің жүйесі бойынша есептеліп, мөлшерленген болар) жұбатпақшы.

Асырып айтудан аулақ болу үшін Сипягин мырза өзінің нұсқауында *үш* рет (бір ретінде — әрқашан да әдетте табыстары мол уездер халі нашар уездердің санына қосылмасын деп әмір етіп, екінші ретінде — 48 пұттық мөлшер жартысына кемітілсін, өйткені жұмысшы халықтың 50 проценті табыс табуға «тиіс» деп әмір етіп және үшінші ретінде — бұл соңғы цифрдың өзі де жергілікті жағдайларға қарай $^1/_3$—$^1/_{10}$-ге кемітілсін деп әмір етіп) есепке алмақ болған «табыстарға» келетін болсақ, бұл табыстарға келер болсақ, онда Саратов губерниясында егіншіліктегі табыстар былай тұрсын, тіпті егіншіліктегі емес табыстар да төмендеп кетті. «Құрғақшылықтың салдары,— деп хабарлайды бізге басқарманың жоғарыда аталған баяндамасы,— майдагерлердің өнім өткізуін нашарлату арқылы оларға да әсерін тигізді. Осы жағдайлардың себебінен майдагерлік кәсіпшіліктер өте-мөте дамыған уездерде *дағдарыстар байқалып отыр*». Мұндай уездердің санына неғұрлым зардап шеккен Камышин уезі де кіреді, мұнда, бір айтатын нәрсе, сан мыңдаған кедейлер атақты сарпинка тоқу кәсібімен шұғылданады. Бұл сияқты шалғай түкпірдегі деревняда жатқан кәсіпшіліктегі тәртіптер тіпті жайшылық жылдардың өзінде де адам айтқысыз нашар болатын: мысалы, 6—7 жасар балалар күніне 7—8 тиын ақы алып жұмыс істейтін. Онда аса күшті құрғақшылық жылдарында және майдагерлік кәсіптің ерекше дағдарысты жылдарында не боларын көзге елестетуге болады.

Саратов губерниясында (әрине, құрғақшылыққа ұшыраған барлық губерниялардағы сияқты) мал азығының жетіспеуі егін шықпай қалуымен қабаттасып келіп отыр. Соңғы айлардың ішінде (яғни, жаздың екінші жартысының өзінде ғана!) мал өлімін көбейте-

тің түрлі індеттердің тым етек алғаны байқалды. «Хвалынск уезіндегі мал дәрігерінің хабары бойынша (бұл мәліметті де губерниялық земство басқармасының жоғарыда айтылған баяндамасының мазмұнын бастан-аяқ жазған сол газеттің өзінен алып отырмыз), өлген малдың ішін жарып қарағанда, олардың ішінен топырақтан басқа еш нәрсе шықпаған».

Айта кеткен жөн, азық-түлік науқанын одан әрі жүргізу туралы «ішкі істер министрлігі земство бөлімінің хабарында» мынадай мәлімдеме жасалған: жағдайлары жақсы емес деп жарияланған уездердің ішінен «тек Хвалынск уезінде ғана июль айынан бері екі селода құрқұлақ дертінің бірсыпыра өріс алғаны байқалды, жергілікті дәрігерлердің күш-жігері осы дертті тыюға бағытталды, оның үстіне жергілікті күштерге көмек көрсетуге Қызыл крест қоғамының екі отряды жіберілді, бұл отрядтар, губернатордың,— (сол баяғы өзімізге таныс А. П. Энгельгардттың өзі),— берген хабарына қарағанда, аса жемісті іс істеп жатыр; ал қалған азық-түлік жағдайы жақсы емес деп жарияланған уездердің бәрінде, осы 12 сентябрьге қарай министрліктің қолында болған мәліметтерге қарағанда, қанағаттандырылмай қалған тым қатты азық-түлік мұқтаждығы болған жоқ, жеткіліксіз тамақтанудың себебінен ауру-сырқаудың белең алуы да байқалмайды».

Бейне бір қанағаттандырылмай қалған *тым қатты* мұқтаждық болған жоқ (ал *арылмас* мұқтаждық болды ма?) және ауру-сырқаудың белең алуы да байқалмайды деген сөздерге қаншалықты сенуге болатынын көрсету үшін біз тағы да екі губернияның мәліметтерін салыстырып қана көрелік.

Уфа губерниясында Мензели және Белебей уездерінің жағдайлары жақсы емес деп жарияланған, сонымен ішкі істер министрлігінің земство бөлімі былай деп хабарлайды: «губернатордың мәлімдеуі бойынша», «тек азық-түлікке деген» үкімет қарызы 800 000 пұт мөлшерінде керек болады. Оның бер жағында құрғақшылықтан зардап шеккендерге жәрдем беру туралы мәселені талқылау үшін 27 августа шақырылған төтенше губерниялық земство жиналысы бұл уездердің азық-түлік

мұқтажын 2,2 миллион пұт астық деп, ал оған қоса қалған уездердің мұқтажын 1 миллион пұт астық деп есептеді, тұқымға деген қарыз астық (губернияға 3,2 миллион пұт) және мал азығы (600 000 пұт) бұған кірмей отыр. Олай болса, министрліктің белгілеген азық-түлік қарызы земствоның белгілегенінің *төрттен бір бөлігіндей* ғана.

Тағы бір мысал. Земство бөлімі өзінің хабарын жариялаған кезде Вятка губерниясында жағдайы жақсы емес деп жарияланған уезд болған жоқ, ал сол бөлім азық-түлік қарызының мөлшерін 782 000 пұт деп белгіледі. Бұл сома, газеттердің хабарлары бойынша, кезінде Вятканың азық-түлік жөніндегі губерниялық мекемесі өзінің 28 августағы мәжілісінде есептеп шығарған (18 августан бастап 25 августқа дейінгі болған уездік съездердің қаулыларына сәйкес есептеп шығарған) сома. *Тап сол* съездердің өздері *12* августың *шамасында* қарыздың мөлшерін басқаша белгілеген еді, атап айтқанда: азыққа 1,1 млн. пұт, тұқымға 1,4 млн. пұт деп белгілеген еді. Бұл айырмашылық қайдан шығып отыр? 12 август пен 28 августың арасында не болып қалды? Болған оқиға сол — аштарға қарсы күресу туралы Сипягин мырзаның 17 августағы нұсқауы шықты. Демек, нұсқау табан астында әсер еткен болып шықты, көп емес, тек 230 мың пұт астық есептен шығарылып тасталды, есеп болғанда — естеріңізде болсын — уездік съездердің, яғни сенімсіз деген земствоның орнына келген (1900 жылғы 12 июньдегі заң бойынша) мекемелердің, өңкей чиновниктерден және әсіресе земство бастықтарынан... құралған мекемелердің жасаған есебінен шығарылып тасталды. Земство бастықтары да либерализммен айыпталатын күнге шынымен-ақ жететін болғанымыз ба? Пәлен деп болмайды. Қалай дегенмен де, біз жақын арада «Московские Ведомости» газетінен Ом. деген бір мырзаға қала істері жөніндегі губерниялық мекемелер мәжілісінің протоколдары газеттерге басылып отырсын (егер бұл мәжілістерге баспасөз өкілдерін жіберуге болмаса) деп, «Приазовский Крайдың» [128] бетінде ұсыныс жасауға батылы барғаны үшін айып тағылғанын оқыдық:

«Мақсаты тым айқын: *орыс чиновнигі көбіне либерал болып көрінбей қалармын деп қорқады,* ал істің жария жүргізілуі оны, кейде тіпті өзінің ожданына қарсы, қалапың не земствоның әлдеқандай бір либералдық-фантастикалық әурешілігін қостауға соқтырып отыруы мүмкін. Жаңылыс есеп деуге болмайды».

Вятканың земство бастықтарын ерекше бақылауға алу керек емес пе екен, себебі олар — бәлки, либералшыл емес болып көрінуден қорыққанынан — азық-түлік мұқтаждығын «асыра көрсетіп», кешірілместей жеңілтектік жасаған болар? *

Оның бер жағында, Вятка земствосының «либералдық-фантастикалық әурешілігі» (егер орыстың дана үкіметі оны азық-түлік ісін басқарудан тайдырмаған болса) мұқтаждық мөлшерін онан да зор етіп көрсетуге барды. Қалай дегенмен, 30 августан бастап 2 сентябрьге дейін болған губерниялық төтенше жиналыс тұтынуға қажетті астықтың 17 процентінің, ал мал азығының 15 процентінің жетпейтінін анықтады. Ал осы тұтынуға қажет астықтың мөлшері 105 миллион пұт болады

* Вятка губернаторының асырып көрсетуге қарсы жүргізіп жатқан күресінің тағы бір үлгісі мынандай:

Вятка губернаторы болыстық басқармаларға жіберген «хабарландыруында» үкімет пен земство беріп отырған азық-түлік қарызына шаруалардың өте сақтықпен абайлап қарайтынын айтады. «Губернияны аралаған кезімде,— дейді Клингенберг мырза,— мен шаруалардың қазіргі жағдайларға қаншалықты ойланып, сақтықпен қарайтынына, өте қажет болмаса, борыштар болуға қорқатынына, сондықтан қиын жағдайдан өз күштерімен шығуға тырысып, алдағы жылдан құдайдың рақымын күтуге мықтап бел байлағанына көзім жетті». Мұның өзі «үкімет пен земствоның тегін жәрдемі жайындағы, борыштар мен берешілерді кешіру мүмкіншілігі жайындағы, сондай-ақ құрғақшылықтың асыра көрсетілген мөлшерлері жайындағы сыбыстардың ешқайсысы да Вятка губерниясының сабырлы да саналы халқын айныта алмайтындығына» Вятка губерниясының бастығын әбден сендіреді. Губернатор шаруа халыққа былай деп ескертіп қоюды қажет деп санайды: «үкімдерді тексерген кезде үй қожасының ешбір астық қоры болмай шыққанына қарамастан биылғы жылы ол семьясын асырауға және егіс тұқымына жетерліктей астық жиып алған болса, бірақ ол астықты сатып жіберіп, онан түскен ақшасын басқа қажеттерге жаратып қойған болса, онда ол қарыз аламын деп дәмелене алмайды. Беріліп қойған қарыздар, жаңа заң бойынша, жаппай кепілдік [129] жолын қолданбай, кәдімгі окладтық алымдарды өндіргендегі қолданылатын ережелер бойынша өндіріледі. Сондықтан қарыз сұрап, қарыз алған үй қожасы бұл қарызды тек бір өзі ғана қайырып беруі керек екенін, оған ешкім көмектеспейтінін, өндіріп алу тәртібі өте қатаң болатынын, соның үшін берешісі көбейіп кеткен жағдайда барлық қозғалатын мүлкі сатылып, ал қозғалмайтын мүлкі тартып алынатынын естен шығармауы керек».

Губернатордың мұндай хабарландыруынан кейін болыстық билептөстеушілер қарыз сұраушы аш, берешілі адамдармен қалай сөйлесетінін түсіну қиын емес!

(әдеттегі түсім — 134 млн. пұт, ал үстіміздегі жылы — 84 млн. пұт). Олай болса, жетпей қалғаны *21 миллион пұт*. «Губерниядағы 310 болыстың биылғы жылы астық түсімімен қамтамасыз етілмегені — 158. Олардың халқы — еркегі бар, әйелі бар 1566 мың». Расында да, сөз жоқ, мұқтаждықтың шын мөлшерін азайтып көрсету жөнінде және аштарға жәрдем беру жұмысының бәрін құны бір тиындық қайыр-садақаға сайып, тәсілқойлықпен жымын білдірмей жіберу жөнінде «әкімшіліктің белсенді жұмысы қызу жүріп жатыр».

Тегінде, Сипягин нұсқауының туы астына топтасқан әкімдер үшін «қайырымды тәсілқойлар» деген атақ өте зор мақтан болар еді. Бұлардың қайырымды тәсілқойларға ұқсас жері — жәрдемдерінің болмашылығы және көрсеткен көмектерінің мөлшерін асырып көрсетуге тырысатындықтары. Бірақ қайырымды тәсілқойлар өздерінің қайырым көрсететін адамдарын, ең әрі кеткенде, өздерінің мақтаншылық сезімдерін қытықтайтын ойыншық сияқты көреді, ал Сипягиннің әкімшілігі оларды жау сияқты, бір нәрсеге заңсыз қол сұғатын («үкіметке қатысы жағынан ешбір негізсіз талап қою»), сондықтан ауыздықталып ұсталуға тиіс адамдар сияқты көреді. Бұл көзқарас 1901 жылғы 15 сентябрьде патшаның өзі бекіткен тамаша «Уақытша ережелерден» мейлінше айқын көрініп отыр.

Мұның өзі — 20 статьядан құралған тұтас бір заң, оның тамаша жерлерінің көптігі сондай, тіпті біз оны XX ғасырдың бас кезіндегі аса маңызды заң актілерінің санына қосудан тартынбас едік. Атынан басталық: «құрғақшылықтан зардап шеккен жерлердің халқын қатынас жолдары, егіншілік және мемлекеттік мүліктер ведомстволарының жарлығы бойынша жүргізілетін жұмыстарға *қатыстыру* жайындағы уақытша ережелер». Сірә, бұл жұмыстар түрлі жеңілдіктерді үйіп-төгіп бере салатын бірдеңе болар, сондықтан оған «қатысудың өзі» ерекше бір рақым көрсеткендік болатын шығар? Мүмкін, әйтпесе жаңа заңның бірінші статьясында да: «құрғақшылықтан зардап шеккен жерлердің село тұрғындарының жүргізілетін жұмыстарға *қатысуына мүм-*

кіндік беріледі» және т. т. деп қайталап айтылмас еді ғой.

Бірақ бұл «жеңілдіктер» туралы заң тек өзінің екінші бөлегінде ғана сөз қылады, ең алдымен бүкіл істің *ұйымдастырылуы* белгіленеді. Тиісті басқармалар «неғұрлым лайықты жұмыстарды тағайындайды» (2-статья), мұның өзінде «заңда көрсетілген тәртіпке бейімделеді» (3-статья, мұны Диккенстің кейбір романдарындағы тараулардың аттарына үйлестіре айтқанда: «жаңа заңның ескі заңдарға бейімделуінің қажеттігі жайында айтылатын статья» деп атауға болады). Бұл жұмыстар не смета қаражаттарымен, не ерекше кредиттермен ашылады, мұнда жалпы жұмыс жүргізу ісін меңгеретін ішкі істер министрлігі, ол арнаулы өкілдер тағайындай алады, бұған қоса оның орынбасарының председательдігімен түрлі министрліктердің өкілдері енетін «азық-түлік ісі жөніндегі арнаулы кеңес» құрылады. Бұл кеңестің міндеті: а) белгіленген тәртіптен шығуға рұқсат беру, б) қаржылардың не үшін берілетіндігі туралы ұйғарындыларды талқылау, в) «жұмысшыларға төленетін ақының ең жоғары мөлшерін белгілеу, сондай-ақ айтылған жұмыстарға халықты қатынастырудың басқа да шарттарын белгілеу, г) жұмыс аудандары бойынша жұмысшы топтарын бөлу және д) бұл жұмысшы топтарын жұмыс жүргізілетін жерлерге көшіру ісіне басшылық ету». Кеңестің қорытындыларын ішкі істер министрі, сондай-ақ, «қажет болған жағдайда» басқа ведомстволардың министрлері де бекітеді. Мұнан соң, жұмысты көрсету мен жұмысқа мұқтаж халықтың санын анықтау ісі земство бастықтарына жүктеледі, бұлар осы мәліметтердің барлығын губернаторларға, губернаторлар өздерінің қорытындыларын қоса ішкі істер министрлігіне хабарлайды, «сөйтіп, осы министрліктің нұсқауы бойынша, олар земство бастықтары арқылы жұмыс істелетін жерлерге жұмысшыларды жөнелту ісін басқарады...»

Уһ! Жаңа істің барлық «ұйымдастырылуын» әрең дегенде ұқтық-ау! Енді, бұл сияқты тым ебедейсіз, таза орыс әкімшілік алыбының барлық доңғалақтарын қозғалысқа келтіру үшін қаншама жағар май керек болар

екен? — деген сұрау туады. Осы істің нақты түрін көзге елестетіп көріңізші: аштардың жанында тікелей земство бастығы ғана болады. Демек, инициатива көрсететін де сол. Ол қағаз жазады — кімге? Губернаторға, делінген 15 сентябрьдегі уақытша ережелердің статьясында. Бірақ 17 августағы нұсқаудың негізінде арнаулы «азық-түлік бөлімі жөніндегі уездік орталық басқарма» құрылған еді ғой, мұның міндеті «уезд бойынша *бүкіл* азық-түлік бөлімін меңгеруді бір ғана қызмет адамының қолына қарату» болатын (17 августағы нұсқау бойынша, бұл қызметке уездік дворяндар жетекшісінің тағайындалғаны жөн). «Дау» туып қалады, әрине, бұл даулар «мекемелер мен қызмет адамдары арасындағы... дау-шарды шешу тәртібін» белгілейтін «жалпы губерниялық мекеменің» 175-статьясының алты пунктінде баяндап жазылған тамаша айқын және түсінікті «негіздер» арқылы тез шешіледі. Ең ақырында келіп, қағаз әйтеуір губернатордың кеңсесіне барып түседі, сол жерде ғана «қорытынды» жасау қолға алынады. Сонан кейін бәрі Петербургке жіберіледі де, арнаулы кеңестің қарауына түседі. Бірақ кеңеске қатысқан қатынас жолдары министрлігінің өкілі, мысалы, Бугуруслан уезіндегі жолдарды түзеу сияқты жұмыстың дұрыс немесе дұрыс емес екені туралы мәселені шеше алмайды,— міне, сөйтіп жаңа қағаз Петербургтен провинцияға қарай және кері қарай сапар шеге бастайды. Ал ақырында келіп, жұмыстың дұрыстығы және тағысын-тағылар туралы мәселе негізінен шешілетін болғанда ғана Петербург кеңесі Бузулук пен Бугуруслан уездеріне «жұмысшы топтарын бөлумен» шұғылданады.

Ал мұндай сергелдең не үшін жасалған? Жаңа іс болғандығынан ба? Тіпті олай емес. 15 сентябрьдегі уақытша ережелерге дейін қоғамдық жұмыстар «қолданылып жүрген заңды тәртіптер негізінде» әлдеқайда оңай жүргізіле алатын еді, сондықтан 17 августағы нұсқаудың өзі де земстволардың, еңбек сүйгіштер үйлерін қарайтын қамқорлық мекемелерінің және губерниялық өкімет орындарының жүргізетін қоғамдық жұмыстары туралы айта келіп, ешқандай ерекше ұйымды қажет

деп таппайды. Көріп отырсыздар, үкіметтің «азық-түлік науқаны» дегенінің мәні мынада: Петербург департаменттерінің ай бойы (17 августан 15 сентябрьге дейін) ойлана-толғана келіп тапқаны, ақыры, таусылмас сүйретпеге салу ғана болды. Оның есесіне Петербург кеңесі қалай дегенмен ендігі жерде асырып көрсету қаупіне ұрынбайтын болар, ал «либерал емес болып көрінуден қорқатын» жергілікті чиновниктер бұл қауіптен қауіпсіздендірілмеген...

Бірақ жаңа шыққан «Уақытша ережелердің» нағыз түйінді жері — жұмысқа жалданатын «село тұрғындары» туралы заң. Жұмыс «өздері тұратын аудандардан тысқары жерлерде» жүргізілсе, жұмысшылар, біріншіден, «земство бастығының бақылауымен» ерекше артельдер құрады, тәртіпті бақылайтын старостаны да земство бастығы бекітеді; екіншіден, мұндай артельге кірген жұмысшыларға ерекше тізім жасалады, бұл тізім «оған (заңның өз сөзімен айтқанда, «соған») кіргізілген жұмысшыларға — бір жерден екінші жерге қоныс аударғанда және жұмысқа қатысқан кездерінде — заң бойынша белгіленген қоныстану куәлігінің *орнына жүреді* және баратын жеріне жеткенше бұл тізім жұмысшыларды бастап баратын чиновниктің қолында сақталады немесе, ол жоқ болса, артель старостасының қолында, ал сонан соң — жұмыс жүргізу ісін меңгеретін адамның қолында сақталады».

Ал әрбір кеткісі келген шаруаның тегін алуына болатын кәдуілгі паспорттардың орнына бұл сияқты ерекше тізім қолдану не үшін қажет болды? Бұл, сөз жоқ, жұмысшыға көрсетілген қысым, өйткені өзінің дербес паспортымен тұрған жұмысшы өзіне пәтер таңдап алуда да, өз уақытын бөлуде де, бір жұмысты өзіне тиімдірек және қолайлырақ басқа бір жұмысқа ауыстыруда да анағұрлым еркінірек болады. Мұның әдейі істелгендігінің күмәнсыз екенін, онда да тек қазынашылдыққа әуестіктен ғана емес, атап айтқанда, жұмысшыларға қысым көрсетіп, оларды «қаттау» бойынша, өзінше бір «статьялық тізім»[130] бойынша тасымалданатын крепостнойлар топтарына жуықтату үшін істеліп отырғанын біз кейініректе көреміз. Мысалы, «жолшыбай тиісті

тәртіптің сақталу камын ойлау және жеткізілген жұмысшылар топтарын жұмыс меңгерушілеріне табыс ету (sic!) ісі ішкі істер министрлігінің арнайы жіберген қызметкерлеріне тапсырылады» екен. Орманға бойлай берсең — отын да көп. Паспорттың орнына тізімнің қолданылуы еміп-еркін жүріп-тұрудың орнына «жұмысшылар тобын алып барып, қолма-қол табыс етудің» қолданылуын туғызады. Бұл не, тегі әңгіме каторгаға кесіліп, жер аударылғандардың топтары жайында болып отыр ма? Әлде, өзіне паспорт алып алған шаруаның қайда барам десе де, қалай барам десе де еркі бар деген заңдардың бәрі де жойылғаны ма? (Мүмкін, аштықты «асырып» көрсетудің айыбына осылай істеліп отырған болар?) Тасымалдың қазына есебіне алынуы қалайша азаматтық праволардан айыруға жеткілікті негіз бола алады?

Онан әрі. Жұмысшыларды бөлу, ақы беру істерінің меңгерушілері және жұмыс жүргізетін ведомстволардың басқа да қызмет адамдары «жұмысшылардың семьялары қалған жерлердегі губерния бастықтарының хабарлауы бойынша, мүмкін болған реттерде, жалақының бір бөлігін ұстап қалып, оны сол семьяларға көмек үшін жіберіп отырады» екен. Бұл да праводан айыру. Жұрттың тапқан ақшасын чиновниктердің ұстап қалуға қандай хақы бар? Жұмысшылардың үй ішіндік істеріне араласуға, сөйтіп крепостнойларға істегендері сияқты, олардың атынан кімге және қаншалықты көмек беру керек екенін шешуге бұл чиновниктердің қандай хақы бар? Оның үстіне жұмысшылар өздері тапқан ақшаларын өздерінің ризалығынсыз ұстап қалуға жол бере қояр ма екен? Бұл мәселе, сірә, жаңа «каторгалық ережелерді» құрастырушылардың да ойларына келсе керек, өйткені заңның жоғарыда айтылғаннан кейін жалғаса келген статьясында былай делінген: «Жұмыс жүргізілетін жерлерде жұмысшылардың тиісті тәртіпті сақтауын бақылау ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша жергілікті земство бастықтарына, жандармдардың жекелеген корпусы офицерлеріне, полиция чиновниктеріне немесе әдейі осы үшін тағайындалған адамдарға жүктеледі». Дұрысында, бұл арада әңгіме

аштықты «асырып көрсеткендері» үшін, «үкіметке қатысы жағынан ешбір негізсіз талаптар қойғаны» үшін шаруаларды праволарынан айыру арқылы *жазалау* жайында болып отыр! Жалпы полиция да, фабрика полициясы да, тыңшылық полициясы да барлық орыс жұмысшыларының онсыз да ізін баққаны аз болғандай, бұл арада тағы да *ерекше* бақылау орнатуға әмір беріліп отыр. Бұл сияқты мың-сан сақтықпен жөнелтілетін, жеткізілетін және табыс етілетін ашыққан шаруалар топтарынан зәресі ұшып, үкімет мүлде есінен айырылған ба? — деп ойлауға болады.

Онан әрі. «Қоғамның тыныштығын бұзып, мазасын ала берген реттерде, жұмысқа көпе-көрінеу адал қарамаған реттерде немесе жұмыс жүргізу ісін меңгеруші не сол жұмыстардағы тәртіпті бақылаушы адамдардың заңды талаптарын орындамаған реттерде бұған айыпты жұмысшылар *ерекше сот кесімінсіз-ақ*, 16-статьяда (біз әлгіде ғана келтірген статьяда) айтылған қызметкерлердің жарлығы бойынша, *үш* күнге дейін тұтқынға алынуы мүмкін; жұмыстан қасарысып бас тартқаны үшін олар, сол баяғы қызметкерлердің жарлығы бойынша, өздерінің түпкілікті тұратын жерлеріне *этаппен айдап жөнелтілуі* мүмкін».

Осыдан кейін 15 сентябрьдегі уақытша ережелерді уақытша-каторгалық ережелер демей басқаша атауға бола ма? Сотсыз жазалау,— этаппен айдап жөнелту... Орыс шаруасының қараңғылығы мен көрген қорлығы көп, өте көп, бірақ ненің болса да шегі бар ғой. Оның үстіне жұмысшылардың үздіксіз аштыққа ұшырауы да, қалалардан үздіксіз жер аударыла беруі де ізсіз қала қоймайды. «Уақытша ережелер» * арқылы басқару жанына сондай жаққан біздің үкіметтің де тұмсығы тасқа тиюі анық.

Ал біз үшін 15 сентябрьдегі «Уақытша ережелер» жұмысшылар үйірмелері мен шаруалар арасында жүр-

---

* Қоршау жағдайы арқылы басқару кез келген ақымақтың да қолынан келетіні баяғыда-ақ айтылған. Қоршау жағдайы Европаға керек болсын делік, ал біздің жалпы жағдайымыздың өзі де қоршау жағдайы, мұның өзі әлсін-әлі уақытша ережелермен толықтырылып отырады. Өйткені Россияда саяси істердің бәрі де уақытша ережелер негізінде жүргізіледі ғой.

гізетін үгітіміздің өте кең өріс алуына себеп болсын; *келіңіздер,* осы ережелердің текстерін және оларды түсіндіретін листоктарды *таратальиқ,* үкіметтің бүкіл «азық-түлік» саясатына байланысты осы заңды оқып, оның мазмұнын түсіндіру үшін жиналыстар ашайық. Аз да болса санасының саңылауы бар әрбір жұмысшының әлдеқалай бір деревняға бара қалғанында, «уақытша-каторгалық ережелер» жайында нақты ұғымы болуына және мұның мәнісі не екенін, аштықтың, озбырлықтың, правосыздықтың каторгасынан құтылу үшін не істеу керек екенін барлық жұртқа және әрбір адамға айтып бере алатын болуына жетейік.

Ал әр түрлі артельдерді және сол тәрізді үкімет рұқсат ететін не қостайтын жария қоғамдарды жер-көкке сыйғызбай дәріптеп жүрген жайсаң жанды Россия интеллигенттеріне осы *жұмысшы артельдері* туралы уақытша ережелер өшпес мін болып тағылсын және қатал ескерту болсын: мін болғанда — «халық еңбегін дамыту», т. т. деген бет перденің тасасынан нағыз сұрқия крепостниктік пиғылды көрмей, үкіметтің рұқсат етуі мен қостауының шынайылығына сенген аңқаулығы үшін мін болсын. Ескерту болғанда,— олар мұнан былайғы жерде, Сипягин мырзалардың артельдері мен басқа да рұқсат еткен қоғамдары туралы айтқанда, 15 сентябрьдегі уақытша ережелерге сай жұмысшы артельдері туралы айтуды және барлық шындықты айтуды ешқашан ұмытпайтын болсын немесе егер олар *мұндай* артельдер туралы айта алмайтын болса, онда олардың мүлдем үндемегені жақсы.

II. ДАҒДАРЫС ПЕН АШТЫҚҚА КӨЗҚАРАС

Жаңа болған аштықпен қатар, жұмыс таба алмаған ондаған мың жұмысшыны көшеге қаңғыртып жіберген ескі, әбден созылып кеткен сауда-өнеркәсіп дағдарысы да әлі бітер емес. Жұмысшылар арасында мұқтаждық адам айтқысыз күшті, соған қарамастан үкіметтің де, оқымыстылар «қоғамының» да бұл мұқтаждық пен шаруалар мұқтаждығына мүлде әр түрлі көзқараста болуы айрықша көзге түседі. Мұқтаж жұмысшылардың санын

анықтауға және шаруалар мұқтаждығын анықтайтын шамамен болса да мұқтаждық дәрежесін анықтауға қоғамдық мекемелер тарапынан да, баспасөз тарапынан да ешбір әрекет жасалмай отыр. Ашыққан жұмысшыларға жәрдем ұйымдастыру жөнінде қолданылған ешқандай жүйелі шаралар жоқ.

Көзқарастың бұл алалығы неге байланысты? Біздің ойымызша, жұмысшылар мұқтаждығының сырт көзге оншалықты байқала қоймайтындығына, бадырайып көзге де түспейтін формада көрінетіндігіне оншалықты байланысы аз. Рас, жұмысшы табына жатпайтын қала халқы қазір фабрика жұмысшыларының жертөлелерге, үйлердің шатырына, итарқаларға бұрынғыдан да бетер сығысып, жайшылықтағыдан да бетер ашыға түсіп, үй ішінің ескі-құсқы соңғы қалдықтарын өсімқорларға өткізіп, қандай азапқа түсіп жүргенін біле бермейді; рас жалаңаяқтар мен қайыршылар санының, түнеп шығатын үйлерге келіп тұратындар мен түрмедегі және ауруханадағы адамдар санының көбеюі өзіне айрықша назар аудара қоймайды, өйткені үлкен қалада түнеп шығатын үйлердің лық толып, нағыз күдері үзілген қайыршылықтың әр алуан қордалары болатынына «барлық» жұрттың көзі әбден үйреніп кеткен; рас, жұмыссыз қалған жұмысшылар шаруалар сияқты бір жерге мүлдем матаулы емес, сондықтан жұмыс іздеп, мемлекеттің әр түкпіріне не өздері бытырап кетеді, не жұмыссыздардың шоғырлапуынан қауіптенген әкімшілік оларды «туған жерлеріне» жер аударып жібереді. Бірақ осының бәріне қарамастан, жұмыссыздықтың барған сайын өсіп келе жатқанын өнеркәсіп өмірімен жанасымы бар әр адам өз көзімен көріп отыр, қоғам өмірін қадағалайтын әр адам газеттерден біліп отыр.

Жоқ, бұл айтылған айырмашылықтың себептері тереңіректе жатыр, мұның себебін мынадан іздеу керек: деревнядағы ашаршылық пен қаладағы жұмыссыздық елдің шаруашылық өмірінің мүлде әр түрлі укладтарына жатады, қанаушы тап пен қаналушы таптың мүлде әр түрлі арақатынастарынан туады. Деревняда бұл екі таптың арасындағы қатынастар жалпы алғанда өте-мөте шым-шытырық және егін шаруашылығының біресе

өсімқорлықпен, біресе жалдама жұмыспен және т. т. бірігіп кететін неше алуан өткінші формаларымен бытысып жатады. Және де соның өзінде мүдделері помещиктер мен ауқатты шаруалардың мүдделеріне қарама-қарсы екені жұрттың бәріне де, сондай-ақ едәуір дәрежеде жұмысшылардың өздеріне де әбден айқын ауыл шаруашылығының жалдама жұмысшылары ашығып отырған жоқ, жұрттың ойынша (және өздері де солай деп санайды), дербес қожайын болып саналатын, тек кей-кейде әлдеқалай бір «уақытша» кіріптарлыққа ұшырайтын ұсақ шаруалар ашығып отыр. Аштықтың ең таяу себебі — құрғақшылық — бұқараның түсінуінше, тек стихиялық, алланың әмірімен болған апат. Ал аштықпен қосарлана жүретін бұл сияқты құрғақшылықтар ежелгі заманнан бері қарай келе жатқандықтан, заң да мұнымен көптен бері-ақ есептесуге мәжбүр болды. Халық азық-түлігінің тұтас бір «шаралар» жүйесін белгілейтін тұтас бір уставтары көптен-ақ (негізінен қағаз жүзінде) бар. Ал көбісі крепостниктік право заманынан және патриархтық натуралды шаруашылық басым болған заманнан ауысып келе жатқан бұл шаралар қазіргі дәуірдің мұқтаждарына қаншалықты аз сәйкес болғанымен, соның өзінде де әрбір аштық тұтас бір әкімшілік және земстволық механизмді іске қосады. Ал дәулетті адамдардың өктемдігі қаншама тілегенімен, «шу» көтеруге тырысқан сол бір жексұрын «үшінші адамдардың», интеллигенттердің, жан-жақты көмегінсіз бұл механизмнің іске қосылуы қиын және мүмкін емес деуге болады. Екінші жағынан, аштықтың құрғақшылыққа байланысты болуы және үкімет пен помещиктердің тонаушылық саясатына байланысты күшейе түскен капиталдың аяусыз езгісі ғана өзін осындай күйзеліске түсіріп отырғанын түсінбейтін (немесе мейлінше көмескі түсінетін) шаруаның езіп-жаншылғандығы ашығушылардың өзін мүлде дәрменсіз сезініп, шамадан тыс «талап» қою түгіл, тіпті ешқандай да талап қоймауына әкеп соқтырады.

Ал езілуші таптың өзінің езілу халін сезу дәрежесі және езушілерге талап қою дәрежесі неғұрлым төмен болса, дәулетті тап ішінде қайырым жасауға бейім

адамдар соғұрлым көбірек пайда болады, шаруаның қайыршылыққа түсуіне тікелей мүдделі жергілікті помещиктер тарапынан мұндай қайырым жасауға біршама қарсы шығушылық соғұрлым кемірек болады. Егер осы күмәнсыз фактіні ескеретін болсақ, онда помещиктер қарсылығының күшеюі, мужиктің «азғындауы» туралы айқай-шудың күшеюі және, ақырында, үкіметтің аштарға қарсы және қайырымдыларға қарсы әлгіндей рухта «жаман-жасқалған» бірыңғай әскери соғыс шаралар қолдануы,— осының бәрі де барып тұрған славянофилдер, неғұрлым саналы реакцияшылдар және ата-баба жолын ұстанып келе жатқан неғұрлым аңқау «халықшылдар» дәріптеген ежелгі, патриархтық, ғасырлар бойы құрметтеліп келген және бейне бір жеңілуді білмейтін бұлжымас деревня тұрмысының толық құлдырап, ыдырағанын айқын дәлелдейді. Бізді, социал-демократтарды, халықшылдар тап күресі ұғымын үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жерлерге күштеп қолданады деп, ал реакцияшылдар бізді таптық өшпенділікті қоздырып, «халықтың бір бөлігін екінші бөлігіне қарсы» айдап салады деп үнемі айыптап келді. Бұл сияқты жазғыруларға бұдан бұрын ондаған рет берілген жауапты қайталап жатпай-ақ, біз тек тап күресінің тереңдігін бағалау жағынан және мұндай бағалаудан туатын шараларды жүргізудегі жігері жағынан орыс үкіметінің *біздің бәрімізден де озып* келе жатқанын ескертеміз. Аштық жылдарында шаруаларды «азықтандыруға» бет бұрған жұртпен әйтеуір бір жақындығы бар кез келген адам,— ал ондай жұртты біздің қайсысымыз жақып тартпадық? — мынаны біледі: ол жұртты шаруаларды «азықтандыруға» тек қана адамның адамға деген аяушылық көрсету, жаны ашу сезімі итермеледі, бұл жұрт қандай да бір «саяси» мақсаттардан мүлдем аулақ болды, тап күресінің идеяларын насихаттау бұл жұртты тіпті елең де еткізбеді, халықшылдардың деревняға көзқарастарына қарсы жүргізілген қызу шайқастардағы марксистердің дәлелдері бұл жұрттың миына да кіріп-шықпады. Бұған тап күресінің не қатысы бар? — деді олар. Бар болғаны шаруалар ашығып жатыр, оларға көмектесу керек десті.

Бірақ марксистердің дәлелдері сендіре алмаған адамдарды, мүмкін, ішкі істер министрі мырзаның «дәлелдері» сендірер. Жоқ, бұлар «жай ашығып жүрген» жоқ,— дейді ол қайырымдыларға,— сондықтан бастықтардың рұқсатынсыз «жай ғана» көмектесуге болмайды, өйткені бұл азғындауды және ешбір негізсіз талаптар қоюды күшейтеді. Азық-түлік науқанына көлденеңнен қол сұғу — помещик мырзаларға тегіннен-тегін дерлік жұмыс істеуге көнетін жұмысшылар тауып беретін, ал қазынаға сығып алу жолымен жиналатын алым-салықтардың түсуін қамтамасыз ететін, құдайдың және полицияның бұйрықтарына қол сұққандық болады. Сонымен, Сипягиннің нұсқауының мәнісін зер салып ойлап қараған адам өзіне-өзі былай деп айтуға тиіс: иә, біздің деревнямызда әлеуметтік соғыс жүріп жатыр, сонық үшін, барлық соғыстағы сияқты, бұл арада да бейтарап елдің жалауымен болса да, жау жағының порттарына бара жатқан кемелердің жүктерін тексеру жөніндегі соғысушы жақтардың праволарын теріске шығаруға болмайды! Басқа соғыстардан мұның айырмасы мынау ғана: мұнда қарсыластардың бірі мәңгі жұмыс істеуге және мәңгі ашығуға міндетті және мүлде шайқаспайды, қайта әзірше... тек соққыға ұшыраумен ғана болады.

Фабрика-завод өнеркәсібі саласында бұл соғыстың бар екендігіне көптен-ақ ешбір күдік келтірілмейді, сондықтан өткелін білмей (яғни, бастықтардан және фабрикант мырзалардан рұқсат алмай) су кешпе дегенді «бейтарап» қайырымдыларға нұсқауда түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. 1885 жылдың өзінде-ақ, жұмысшылар арасында ауызға аларлықтай социалистік үгіт жүргізу жайында сөз болуы да мүмкін емес кезде, жұмысшылар астанадағыдан гөрі шаруаларға жақынырақ тұратын орталық ауданның өзінде де өнеркәсіп дағдарысы фабрика атмосферасын шиыршық аттырғаны соншалық, тіпті бірде ол жерден, бірде бұл жерден үздіксіз дүмпу шығып жатты. Мұндай жағдайда қайырымшылдық көрсету дегеннің түкке аспай қалатыны күн ілгеріақ белгілі, сондықтан ол ешбір қоғамдық маңыз алмас-

тан, белгілі бір адамның жеке басының ісі, кездейсоқ іс болып қала береді.

Жұртшылықтың аштыққа көзқарасындағы тағы бір ерекшелікті корсетіп өтелік. Орыстың бүкіл экономикалық құрылысы, тіпті мемлекет құрылысының өзі де тек жер иеленген және жерге дербес қожайындық еткен шаруалар *бұқарасына* сүйеніп қана тұр деген пікір бізде соңғы уақытқа дейін үстем болып келді десек ешбір асырып айтқандық болмас еді. Ресми тәтті тілдің қармағына түспес-ау деген ойлы адамдардың алдыңғы қатарлы топтарын да бұл көзқарастың қаншалықты баурап алғанын Николай — онның 1891—1892 жылдардағы аштықтан кейін шыққан әйгілі кітабы [131] өте айқып корсетті. Аса көп шаруалар шаруашылықтарының күйзеліске ұшырауы жұрттың бәріне өте бір мағынасыздық, өте бір мүмкін емес ғайып дүниеге секіру болып көрінгені соншалық, шынымен-ақ «жарақатты жаза» алатын нағыз кең өріс алған көмектің қажеттігі жалпыға бірдей дерлік ұранға айналды. Міне, тап осы жерде келіп тағы сол Сипягин мырза бос қиялдардан біржола арылту жұмысын өз мойнына алды. «Россияны» ұстап тұрған, егіншілік және сауда-онеркәсіп таптарын асырап отырған халықтың күйзелісі мен кедейлігі емей не? *Бұл* «жарақатты» қағаз жүзінде емес, шынымен емдеймін деп әуреленү — мұның өзі мемлекеттік қылмыс қой!

Бүкіл капиталистік құрылысқа қарсы революцияшыл пролетариаттың тап күресі болмаса, не жұмыссыздық пен дағдарыстарға қарсы, не ұсақ өндірушілерді экспроприациялау процесінің бізде орын алып отырған азиялық-тағылық және қатал формаларына қарсы басқа ешқандай құрал жоқ екені және болуы да мүмкін емес екені жайындағы ақиқаттың таралуына және нығаюына Сипягин мырза, сөз жоқ, өзі-ақ көмектеседі. Паровоздың өз жолында кімді басып кеткенімен жұмысы аз болатыны тәрізді, аштық пен дағдарыстардың жаппай құрбандықтарымен капиталистік мемлекет қожайындарының да жұмысы аз. Өлі дене доңғалақты айналдырмай тастайды, поезд тоқтайды, паровоз тіпті (машинистер тым алаңғасар болса) рельстен де шығып

кетуі мүмкін, бірақ ол қалай дегенмен де, азын-аулақ кідірістен соң, сапарын жалғастыра береді. Сіз ондаған және жүздеген мың ұсақ қожайындардың аштан өлгені мен күйзеліске ұшырағаны туралы естіп жатасыз, бірақ сонымен қатар еліміздегі егіншіліктің прогресі туралы да, Англияға орыстың село қожайындарының экспедициясын жөнелткен Россия помещиктерінің шетел рыноктарын ойдағыдай билеп алғаны туралы да, жақсартылған құрал-саймандарды өткізудің ұлғайғаны, шөп егудің өрістегені және басқалары туралы да естіп жатасыз. Күйзеліс пен аштықтың күшеюі дегеніміз орыс егіншілігінің қожайындары үшін (сондай-ақ барлық капиталист қожайындар үшін де) бар болғаны тек шамалы ғана уақытша кідіріс, егер аштар өздеріне көңіл бөлуге *мәжбүр* етпесе, бұлар оған оншалық назар аудара да қоймас еді. Бәрі де, керек десе, ауқатты шаруалардан құралатын *қожайындардың* жер сату жөніндегі алыпсатарлығы да өз ретімен жүріп жатады.

Міне, мысалы, Самара губерниясының Бугуруслан уезі «егін шығымы мардымсыз» деп жарияланып отыр. Ендеше, бұл — мұндағы шаруалар *бұқарасының* күйзелуі мен аштығы ең жоғары сатыға жетті деген сөз. Бірақ бұқараның қайыршылыққа түсуі шаруалардың буржуазиялық азшылығының шаруашылықтағы позициясының нығаюына кедергі болмай, қайта көмектесетін тәрізді. Бұл уезд туралы «Русские Ведомостидің» [132] (№ 244) сентябрьдегі корреспонденциясынан біз мынаны оқимыз:

«Самара губерниясындағы Бугуруслан уезі. Бізде жер бағасының қайда болса да шапшаң өсуі мен осы өсудің нәтижесінде жермен сауда жасаудың күшеюі бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі болып отыр. Бұдан бас-аяғы 15—20 жыл бұрын мұнда тамаша жер алқабының десятинасы *10—15 сом* болатын: темір жолдан аулағырақ бір жерлер болды, бұларда не бары үш жыл бұрын ғана жердің әрбір десятинасының 35 сом болуы қымбат деп саналатын еді, тек тамаша усадьбасы бар және базары жақын ең жақсы деген жердің ғана десятинасына бірде 60 сом төленген болатын. Қазір нашар жердің десятинасы *50—60 сом*, ал жақсы жердің деся-

тинасының бағасы 80 сомға, тіпті 100 сомға дейін артты. Жер бағасының мұндай өсуі тудырған саудагерлік екі түрлі: бірінші түрі — іле-шала қайыра сатып жіберу үшін жер сатып алу (жердің десятинасы 40 сомнан сатып алынып, бір жылдан кейін жергілікті *шаруаларға 55 сомнан* қайыра сатылған реттер болды); әдетте жерді шаруаларға Шаруа банкі арқылы жер сатудың машақатымен және ресми тәртіптерімен әуре болып жүргісі келмейтін немесе бұған уақыты жоқ помещиктер сатады, ал оны көпес-капиталистер сатып алады да, *баяғы сол жергілікті мужиктерге қайыра сатады.* Екінші түрі — толып жатқан әр алуан делдалдар алыс губерниялардан (көбінесе малороссия губернияларынан) келген шаруаларға алуан түрлі жарамсыз жерлерді тықпалаумен болады, мұнысы үшін олар имение иелерінен едәуір *проценттер* (әр десятинаға *1 сомнан 2 сомға дейін*) алады. Жермен сауда жасаудың басты объектісі *шаруа* екені осы айтылғаннан-ақ көрініп тұр, ал бүкіл осы адам айтқысыз және жай ғана экономикалық себептермен түсіндіруге болмайтын жер бағасының көтерілуі шаруаның жерге құмарлығынан болып отыр; әрине, бұған темір жолдардың да әсері болды, бірақ бұлардың әсері тап жаңағыдай бола қойған жоқ, өйткені бізде жер сатып алушылар әлі де негізінен шаруалар болып отыр, ал бұлар үшін темір жол дегеніміз бірінші дәрежелі фактор болудан алыс жатыр».

Өздерінің «жиған-тергендерін» (және талап алғандарын) жер сатып алуға ындыны ашылып жүрген пысық «шаруақор мужиктер» қазіргі аштықтан әлі де аман қалып отырған оншалықты тақыр кедей емес шаруалардың да түбіне жететіні сөзсіз.

Егер буржуазиялық қоғамда тақыр кедей шаруалардың күйзеліп, ашығуына қарсы қолданылатын амал ауқатты шаруалардың жер сатып алуы болса, ал дағдарысқа қарсы, рыноктарды өнеркәсіп өнімдерінің жайлап алуына қарсы қолданылатын құрал — жаңа рыноктар іздеп табу болады. Құрдай жорғалайтын баспасөз («Новое Время», № 9188) Персиямен жаңадан жүргізілген сауданың табыстарына масайрауда, Орта

Азиядағы және әсіресе Маньчжуриядағы сауда мүмкіншіліктерін қызу талқылауда. Темір бұйымдарын жасау өндірісінің және басқа да өнеркәсіптің шонжарлары, темір жол құрылысының күшейе бастағанын есітіп алып, алақандарына құлшына түкіріп отыр. Петербург — Вятка, Бологое — Седлец, Оренбург — Ташкент арасында үлкен-үлкен жолдар салынбақ болып шешілген, 37 миллион сомдық темір жол қарызына (Москва-Қазан, Лодзь және Оңтүстік-Шығыс жолдары қоғамдарының қарызына) үкімет кепілдік берді, Москва — Кыштым, Камышин — Астрахань және Қара теңіз жолдары салынатын болып ұйғарылды. Ал шаруалар мен жұмыссыз жұмысшылардың шүкіршілік етуіне болады: әлбетте, қазынаның ақшасы (онда да қазынаның қолына ақша түсе қойса) жәрдемге деп «өнімсіз» (Сипягиннің нұсқауын салыстыр) жұмсалып кетпейді, жоқ, бұл ақша Нижнийде Сормово бөгетін салған кезде көп жылдар бойы ұрлаумен келген, енді қазір ғана (ерекшелік ретінде) Нижний Новгородта Москваның сот палатасының [133] сессиясы соттап отырған * асқан шебер

* Бір өкінетін жері, бұл процеске біздің толығырақ тоқтауымызға орынның тапшылығы мүмкіндік бермейді, бұл процесс инженерлердің де, мердігерлердің де қалайша қожайындық ететінін тағы, тағы да көрсетті. Біздер, орыстар, үшін, бұл — мәңгі жаңа оқиға болып қала беретін, нақ сол ескі оқиға. Инженер Александров қатынас жолдары министрлігінің Қазан округі Нижний Новгород бөлімшесінің бастығы Шнакенбургпен және бұл іске тартылған алты мердігермен серіктесіп алып, *үш жыл ішінде* (1893—1895), ешқашан да болып көрмеген жұмыстар мен жеткізілген жүктер жөнінде қазынаға есеп қағаздарын, ведомостілерді, куәландыру актілерін, т. б. түсіру арқылы, өзі үшін де, басқалар үшін де мыңдаған сом капитал «салған». Бұлардың жұмыстары ғана емес, тіпті мердігерлердің өздері де жалған болып шыққан: жай хатшы мердігер үшін қол қойған! Бұл өңшең құлардың қанша соманы жалмап қойғандарын мынадан байқауға болады. Инженер Александров *екі жүз* мың сомнан *артығырақ* сомаға есеп қағазын түсірген (айыпталып сотқа тартылған «мердігерлердің» атынан), ал бұл есеп қағаздарында, мысалы, шын жұмсалған 400 сомның орнына 4400 сом деп жазылған. Бір куәның көрсеткеніндей, инженер Александров біресе бикештермен, біресе өзінің тікелей бастықтарымен, жол салушы инженерлермен қосылып, бір мезгіл тамақтың өзіне 50—80 сомдап шашқан.

Бірақ ең қызығы — бұл істің қалай жүргізіліп, немен тынғаны. Тыңшы полицияның агентінен хабар алған полицеймейстердің «іс қозғағысы келмеді» (!). «Біздің жұмысымыз емес, қатынас жолдары министрлігінің жұмысы» деді, сонымен агенттің прокурорға баруына тура келді. Сонан соң, істің беті ашылған себебі — ұрылар өзді-өзі дауласып қалыпты: Александров хатшы мердігерлердің біреуімен олжаны «бөліспепті». Істің жүргізілуі *алты жылға* созылды, сөйтіп куәлардың көбі өліп те үлгерді, ал былайғыларының бәрі дерлігі ең маңызды айғақтарды ұмытып та қалған. Тіпті айта берсеңіз, Қазан қатынас жолдары округінің бұрынғы бастығы Лохтин сияқты куә *таптырмай*

ұрылар тәрізді инженерлер мен мердігерлердің қалтасына құйылады.

III. ҮШІНШІ ЭЛЕМЕНТ

«Үшінші элемент» немесе «үшінші адамдар» деген сөз, жаңылмасақ, «әкімшілікке де, сословиелер окілдерінің санына да қосылмайтындарды» атау үшін 1900 жылы Самара губерниялық земство жиналысын ашқан кездегі сөзінде Самараның вице-губернаторы Кондоиди мырзаның аузынан шыққан болатын. Земствода дәрігер, техник, статистик, агроном, педагог, т. т. болып қызмет істейтін мұндай адамдардың саны мен ықпалының өсуі көптен бері-ақ біздегі реакцияшылдардың назарын аударған болатын, олар өздері жек көретін осы «үшінші адамдарды» «земство бюрократиясы» деп те атады.

Дұрысын айтқанда, біздегі реакцияшылдар,— ал соның ішінде, әрине, бүкіл жоғары дәрежелі бюрократия да,— жақсы саяси сезімталдық көрсетіп отыр. Олардың оппозициямен, халықтың «бүліктерімен», сектанттармен, көтерілістермен, революционерлермен күресуде неше алуан тәжірибелерге әккіленіп алғаны соншалық, олар әр уақыт «сақадай сай» тұрады және *қандай да болса* пікір дербестігімен, пікір адалдығымен, пікір тәуелсіздігімен, шын білімді мақтан етумен самодержавиенің *ешбір* ымыраға келмейтінін аңқау әңгүдіктердің

қойды (sic!): ол, Қазанда ма әлде Енисейскіде ме, командировкада жүрсе керек! Мұны оқушы әзіл екен деп ойлап қалмасын, бұл сот тергеуінің есебінен көшіріп алынды.

Бұл іске шатылғандар, сірә, тек осы айыпталушылар ғана емес екенін төмендегі 2 фактіден-ақ көруге болады: біріншіден, баяғы істі қозғап, адамгершілік істеген полиция агенті қазір полицияда қызмет істемейді, үй сатып алып, сонан түсетін кірістермен күн көреді. Екіншіден, *Қазан округі қатынас жолдарының бастығы* (Сормово бөгетін салған кезде бастықтың жәрдемшісі болған) инженер Макаров сотта Александровты қорғаштап, әбден қаратер болған; ол тіпті — беті бүлк етпестен — егер, 1894 жылдың көктемінде бөгетті су басып кеткен болса, *«ол солай болуға тиіс еді»* деді. Сол Макаровтың жүргізген тексеруі бойынша Александровтың ісінде ешбір жөнсіздік болмаған, қайта Александров тәжірибелілігімен, ынталылығымен, іждағаттылығымен көзге түсіпті!

Мұнан шыққан нәтиже: Александровты бір жылға қамау; Шнакенбургке — қатаң сөгіс (1896 жылғы манифестің себебінен бұл үкім орындалмай қалды!); қалғандары ақталып кетті. Қазынаның ақы талап етуі қабыл алынбады. Табылмай қалған Лохтиндердің де, қызметте жүрген Макаровтардың да қандай риза болғаны өзінен-өзі түсінікті ғой.

және «имиген ақжүректердің» қай-қайсысынан да әлдеқайда жақсы түсінеді. Бұлар, Россиядағы чиновниктер иерархиясының өн бойына жайылған жарамсақтанып құлдық ұру және іске қағаз жүзінде ғана көңіл бөлу әдетін бойларына тамаша сіңіріп, Гогольдің Акакий Акакиевичіне [134] немесе, неғұрлым жаңа теңеу қолданып айтсақ, қундақтаулы адамға [135] ұқсамайтындардың бәріне де күдікпен қарайды.

Шынында да: егер белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын адамдар, өздерінің қызмет жағдайларына қарай емес, білімдері мен қасиеттеріне қарай бағаланатын болса, онда мұның өзі әлгі айтылған білім мен қасиеттер жайында жұртшылық пікірінің және жұртшылық бақылауының еркіндігіне логикалық жағынан сөзсіз әкеп соқтырмай ма? Мұның өзі самодержавиелік Россияның бірден-бір тірегі болып отырған сословиелер мен лауазым пұрсаттылығының түп негізін қаза түспей ме? Тағы да сол Кондоиди мырза өз наразылығын немен дәлелдейтінін тыңдап қараңызшы:

«Сословие өкілдері,— дейді ол,— кей-кейде дәлелдерін жете тексермей-ақ, тек ғылымға немесе газет, журнал жазушыларының айтқан ақылына сүйеніп отыр екен деп, интеллигенттердің сөзіне құлақ қояды, ал бұлар, әрі кеткенде, басқарманың өз еркімен жалданатын қызметшілері ғана емес пе». Қалай? Жай ғана «еркімен жалданатын қызметшілер», сөйте тұрып «сословие өкілдеріне» ақыл үйретпекші! Оның бер жағында: вице-губернатор мырза айтып отырған земство мүшелері шынына келгенде сословиеден тыс мекеменің мүшелері; бірақ бізде не нәрсеге де болса сословиешілдік әбден сіңіп алғандықтан, жаңа ереже бойынша земстволар өзінің бүкіл сословиеден тысқарылығының көбінен айрылып отырғандықтан, қысқартып айтқанда, Россияда билеуші екі «тап» бар деп айтуға әбден болады, олар: 1. әкімшілік және 2. сословиелер өкілдері. Сословиелік монархияда үшінші элементке орын жоқ. Ал, егер ырыққа көнбейтін экономикалық даму капитализмнің өсуінің өзімен-ақ сословие негіздерін барған сайын бұза беретін болса, сөйтіп барған сайын саны артып отырған «интеллигенттерге» деген қажеттілікті ту-

дыратын болса, онда үшінші элемент өзіне тарлық етіп отырған шеңберді кеңейтуге қалай да тырысады деп күту керек.

«Әкімшілікке де, земстводағы сословиелер өкілдеріне де жатпайтын адамдардың тәтті армандары,— дейді сол Кондоиди мырзаның өзі,— тек фантастикалық сипатта ғана болады, бірақ оларының негізінде саяси тенденция болса, зиянды жағы болуы да мүмкін».

«Саяси тенденциясы» бар болса деп топшылау — ол тенденцияның бар екеніне көзі жеткендігінің дипломатиялық көрінісі ғана. Керек десеңіз, бұл арада дәрігер үшін дәрігерлік ісінің мүдделерінен туатын, статистик үшін статистика істерінің мүдделерінен туатын және билеуші сословиелердің мүдделерімен санаспайтын ұйғарындылардың бәрі «тәтті арман» деп аталып отыр. Тегінде бұл тәтті армандар тек қиял тектес нәрсе, бірақ қарай қойыңыз, бұлар саяси наразылық та туғызады екен.

Ал, енді тағы бір әкімнің, орталық губерниялардың біреуінің бастығының, үшінші элементке өзінің наразылығын басқаша дәлелдемек болған түрін қараңыздар. Оның сөзіне қарағанда, *өзіне қарасты* губерниядағы земствоның қызметі «земство мекемелері туралы Ереже [136] сүйенетін түпкі негіздерден жылдан-жылға аулақтап барады». Бұл Ереже бойынша жергілікті пайдалар мен мұқтаждықтар жайындағы істерді жергілікті халық меңгеруге тиіс; ал оның бер жағында, өздеріне берілген правоға жер иеленушілердің көпшілігі немқұрайды қарауы салдарынан «земство жиналыстары тек *формальды* сипат алып, істің тағдырын көп жақтары жетіспейтін басқармалар шешетін болып отыр». Мұның өзі «басқармалар жанынан үлкен кеңселердің құрылуына және земство қызметіне *мамандардың,*— статистиктердің, агрономдардың, педагогтардың, санитарлық дәрігерлердің, т. т.,— шақырылуына әкеп соқтырды, бұлар земство қайраткерлеріне қарағанда өздерінің *білімі жағынан,* ал кейде *ақылы жағынан да артықшылығын* сезіп, *барған сайын көбірек дербестік* көрсете бастады, бұлар мұны негізінен губернияда түрлі *съездер,* ал басқармалар жанынан советтер ашу жолымен істеп отыр.

Осының нәтижесінде бүкіл земство шаруашылығы *жергілікті халықпен ешқандай байланысы жоқ* адамдардың қолына өтіп кетіп отыр». «Бұл адамдардың ішінде мейлінше адал ниетті және толық құрмет тұтуға болатын адамдар өте көп» болса да, «олар өздерінің қызметтеріне күн көру жолы деп қана қарайды, ал жергілікті жерлерге пайдалы істерге және олардың мұқтаждықтарына тек осыдан өз бастарының қаншалықты пайда көретініне қарай көңіл бөледі».— «Губерния бастығының ойынша, земство жұмысына *жалданушы кісі меншік иесінің орнын баса алмайды»*. Қай тұрғыдан бағалауыңа қарай бұл дәлелдемені өте айлакерлік деп те, өте бүкпесіз айтылған деп те карауға болады. Мұның өте айлакерлік болатын себебі, саяси тенденциялар жөнінде еш нәрсе айтылмайды және өз пікірлерінің негіздерін түгелдей жергілікті пайдалар мен мұқтаждықтардың мүдделеріне апарып тірегісі келеді. Бұл айтарлықтай бүкпесіз, себебі «жалданушыны» *меншік иесіне* тікелей қарама-қарсы қояды. Бұл — Россия Кит Китычтерінің [137] ежелгі көзқарастары, бұлар әлдеқандай «мұғалімсымақ» біреуді жалдаған кезінде, ең алдымен және көбінесе нақ осы кәсіптік қызметтің рыноктағы бағасына қарайды. Бәрінің де шын қожайыны — меншік иелері, өкіметі ешкімге тәуелсіз, берік және таптардың мүдделерінен биік тұрған Россияны және, құдайға шүкір, парламентшілдікпен азғындаған батыс елдерінде кездесетіндей, өз құлқынының мүдделері халық өміріне үстемдік етуінен құтылған Россияны үнемі мадақтайтын лагерьдің өкілі осылай деп жар салады. Ал, меншік иесі — қожайын екен, онда ол дәрігерлік «істің» де, статистика «ісінің» де және оқу-ағарту «ісінің» де қожасы болуға тиіс: біздің помпадур дәулетті таптардың саяси басшылық ететінін тікелей мойындайтын осындай қорытынды жасаудан қысылып-қымтырылмайды. Ол ол ма: бұл «мамандар» өздерінің білімдері, ал кейде ақылдары да земство қайраткерлерінен басым екенін сезеді дегенді мойындаудан да қашпайды, мұнысы тіпті өрескел. Рас, ақылдың артықтығына қарсы, әлбетте, қатал шаралардан басқа ешқандай құрал жоқ...

Міне, сонымен жақында біздің реакцияшыл баспасөзіміздің осы қатал шаралар қолдануға шақыруды қайталауына тым қолайлы жағдай туды. Интеллигенттердің өздерін әншейін ғана жалданушы деп, өздерінің жұмыс күштерін сатушы (белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын азамат емес) деп кемсітуге жол бергісі келмегені басқарма биліkшілерін біресе коллективті түрде отставкаға шығаруды талап еткен дәрігерлермен, біресе техниктермен, т. б. оқтын-оқтын жанжалдасуға үнемі әкеліп соқтырды. Ал соңғы кезде басқармалардың статистиктермен дау-жанжалдары тікелей жұқпалы сипат алды.

Жергілікті өкіметтердің (Ярославльде) статистика жұмысына көптен-ақ қырын қарап жүргені және С.-Петербургтегі март оқиғаларынан кейін ақыры бюроға «тазалау» жүргізгені, сөйтіп меңгерушіге «студенттерді мұнан былай қатаң іріктеп алуды, алғанда, олар бірде болмаса бірде сенімсіз болып шығар-ау деген ойға да келмейтіндей етіп алуды» ұсынғаны май айында-ақ «Искрада» (№ 4) айтылған болатын. «Клязьмадағы Владимирде болған саяси бүлік» деген корреспонденцияда («Искра» № 5, июнь) шүбәлы статистиканың жалпы жағдайы мен оны губернатордың, фабриканттардың және помещиктердің жаратпау себептері суреттелген болатын. Владимир статистиктерінің Анненскийге (4 мартта Қазан алаңында таяқ жегеніне) аяушылық білдіріп телеграмма бергендері үшін қызметтен шығарылуы іс жүзінде бюроның жабылуына әкеліп соқтырды, ал өз қызметшілерінің мүдделерін қорғай алмаған земствода басқа қалалардың статистиктері қызмет істеуден бас тартқандықтан, жергілікті жандармерияның қызметтен шығарылған статистиктер мен губернатордың арасында делдалдық роль атқаруына тура келді. «Жандарм кейбір статистиктердің пәтерлеріне келіп, қызметке алу туралы олардың бюроға қайтадан өтініш беруін ұсынды», бірақ оның бұл миссиясы мүлдем іске аспай қалды. Ақырында, «Искраның» августағы номерінде (№ 7) «Екатеринослав земствосында болған бір шатақ іс» жайында айтылды, мұнда «паша» Родзянко мырза (губерниялық земство басқармасының

председателі) күнделік дәптерлер жүргізу жайындағы «әмірді» орындамағаны үшін статистиктерді қызметтен шығарған, ал бұл шығаруының аяғы барып бюроның барлық былайғы мүшелерінің отставкаға шығып кетуіне және Харьков статистиктерінің наразылық білдірген хаттарына («Искраның» нақ сол номерінде келтірілген) әкеліп соқты. Орманға бойлай берсең — отын да көп. Харьков пашасы Гордеенко мырза (бұл да губерниялық земство басқармасының председателі) келіп килігіп, «өз» земствосының статистиктеріне: «басқарма ішінде қызмет міндеттеріне қатысы жоқ мәселелер жөнінде ешбір кеңестердің жасалуына» төзбейтінін мәлімдеді. Мұнан кейін, Харьковтың статистиктері өздерінің ішінен шыққан шпионды (Антоновичті) қызметтен шығаруды талап ету ниеттерін орындап та үлгере алмады, осы екі арада басқарма статистика бюросының меңгерушісін қызметтен шығарып жіберді, бұл тағы да барлық статистиктердің қызметті тастап кетуіне әкеліп соқтырды.

Бұл оқиғалардың статистика жұмысындағы бүкіл земство қызметшілері бұқарасын қандай дәрежеде қобалжытқаны, мысалы, Вятка статистиктерінің хатынан көрінеді, Вятка статистиктері өздерінің қозғалысқа қосылғысы келмегенін жете дәлелдемекші болған, міне, сол үшін «Искрада» (№ 9) олар «Вятка штрейкбрехерлері» деп дұрыс аталған.

Бірақ, әрине, «Искра» болған дау-жанжалдардың тіпті бәрін емес, тек кейбіреулерін ғана атап өтті, бұдан басқа осындай дау-жанжалдар, жария газеттердің мәліметтері бойынша, Петербург, Олонец, Нижегород, Таврия, Самара губернияларында болған (дау-жанжалдар дегенге біз бұл арада статистиктердің бірден бірнешелеп қызметтен шығарылу оқиғаларын да қосамыз, өйткені бұл оқиғалар қатты наразылықтар мен толқулар туғызды). Губерниялық өкіметтердің күдікшілдігі мен арсыздығы қандай дәрежеге жеткені, мысалы, мынадан көрінеді:

«*Таврия бюросының меңгерушісі С. М. Блеклов* басқармаға «1901 жылғы май және июнь айларында Днепр уезін зерттеу жөніндегі есебінде» бұл уезде жұмыстың

бұрын болып көрмеген жағдайда өткенін айтады: өз міндеттерін атқаруға губернатордан рұқсат алғанына, тиісті документтері бар екеніне және губерния бастықтарының бұйрығы бойынша жергілікті өкімет орындары тарапынан көмек алуға праволары болғанына қарамастан, зерттеушілер уездік полицияның *шектен асқан күдікшілдігінен аяқ алып жүре алмады,* полиция *оларды ізінен қалмай* бақылап жүрді, өте *дөрекі формада* сенбестік көрсетті, тіпті, бір шаруаның айтуынша, бір урядник статистиктердің ізімен жүріп отырып, «статистиктер мемлекетке және отанға қарсы зиянды идеялар насихаттамай ма?» деп шаруалардан сұраған көрінеді. Блеклов мырзаның сөзіне қарағанда, статистиктерге «жұмысқа бөгет жасағанымен қоймай, тіпті *кісінің адамшылық сезімін* қатты жәбірлеген әр түрлі кедергілер мен қиындықтарды да кездестіріп отыруға...» тура келген. «Статистиктер әлдебір *тергеудегі адамдардың* жағдайына жиі ұшырап отырған, бұлар туралы бір құпия тергеу, дұрысында, жұрттың бәріне әбден аян тергеу жүргізілген және бұл адамдар жайында жұртты сақтандырып қою қажет деп саналған. Олардың көбінесе көңіл-күйлері бұзылып, қатты зәбірленгені осының өзінен-ақ әркімге түсінікті болар»».

Земство-статистика дау-жанжалдарының тарихына және жалпы «үшінші элементті» бақылау ісін сипаттауға мұның өзі таптырмайтын мысал!

Реакцияшыл баспасөздің жаңа «бүлікшілерге» дүрсе қоя бергеніне таңырқауға болмайды. «Московские Ведомости» «Земство статистиктерінің стачкасы» деген айбарлы бас мақала (№ 263, 24 сентябрь) мен Н. А. Знаменский мырзаның «Үшінші элемент» деген арнаулы мақаласын (№ 279, 10 октябрь) басып шығарды. «Үшінші элемент» «дандайсып» кетті,— деп жазды газет,— «қажетті қызмет тәртібін» енгізу әрекетіне ол «әрдайым оппозициямен және стачкамен» жауап береді. Осының бәріне кінәлы — қызметшілерді бетімен жіберіп отырған земство либералдары.

«Өздерінің қарамағындағы *басқармаларында, тіпті либералшыл*-оппозицияшылдық туды жамылып *бетімен кетушілікке* де жол бергілері келмеген неғұрлым ақыл-

ды және көзі ашық земство қайраткерлерінің земстводағы баға қою-статистика жөніндегі жұмыстарда бірсыпыра тәртіпке келтіру шараларын қолданғанына еш күмән жоқ. *Бір губерниядан екінші губернияға қаңғырып,* әлде статистикалық зерттеулермен, *әлде жергілікті жастарға әлеуметтік-демократиялық рухта тәлім-тәрбие берумен* шұғылданып жүрген *ой еңбегі пролетариаты* арқылы олардың кіммен істес болып отырғанына оппозиция да, *стачкалар* да сайып келгенде олардың көздерін жеткізуге тиіс.

Қалай дегенмен де, «земстволарда болған статистика дау-жанжалдары» формасында земство қайраткерлерінің саналы бөлігі өздеріне пайдалы сабақ алады. Земство мекемелері *«үшінші элемент»* деп қандай әбжыланды өздерінің бауырына тартқандарын олар енді әбден айқын аңғаратын болар деп ойлаймыз» *.

Самодержавиенің қорасын күзеткен адал төбеттің («Моск. Ведомости» газетіне ұзақ уақыт кетпейтін етіп өз рухын «сіңірген» Катковтың «өзі» өзін осылай деп атағаны мәлім) бұл сияқты ұлуы мен қыңсылауы қоғам дамуы мүдделерімен, жалпы интеллигенция мүдделерімен, қазынаны ұрлауға және опасыздыққа жатпайтын әрбір нағыз қоғамдық іс мүдделерімен самодержавиенің тіпті ымыраға келмейтінін әлі де толық түсінбейтін көптеген адамдардың «көзін ашатынына» біз де, өз тарапымыздан, күмән келтірмейміз.

Біз, социал-демократтар, үшін «үшінші элементке» қарсы жүргізілген жорық пен «земство-статистика дау-жанжалдарының» бұл сияқты кішкене ғана көрінісі маңызды сабақ болуға тиіс. Біз алдыңғы қатарлы революцияшыл таптың толқуы қоғамның басқа таптары мен топтарына да тарағанын, мұның осы уақыттың өзінде тек студенттердің революцияшыл рухын бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге көтеріп қана қоймай **, со-

---

* «М. В.», № 263.

** Біз мұны жазып отырған кезімізде студенттер арасындағы толқудың жаңадан күшейе түскені туралы, Киевте, Петербургте және басқа қалаларда жиындар болғаны туралы, Одессада студенттердің революцияшыл топтарының құрылғаны туралы және басқа да хабарлар жан-жақтан келіп жатыр. Мүмкін, шешуші ұрыста да тарих мұрындық болу ролін студенттерге жүктер? Ол жағы қалай болғанда да, бұл шайқаста жеңіп шығу үшін пролетариат бұқарасының бас көтеруі ке-

нымен қатар деревняның ояна бастауына да, осы уақытқа дейін еш нәрсеге елікпей келген қоғамдық топтарда (топтар ретінде) өзіне деген сенімнің және күреске әзірліктің күшеюіне де жеткізгенін көріп, өзіміз басшылық етіп отырған жұмысшы қозғалысының құдіреттілігіне сенімімізді онан сайын нығайта түсуге тиіспіз.

Россияда бүкіл халық ішінде, оның барлық таптарының ішінде жұртшылық толқуы күшейіп келеді, сондықтан біздің борышымыз, революцияшыл социал-демократтардың борышы — барлық күш-жігерді осы толқуды пайдалана білуге, алдыңғы қатарлы жұмысшы интеллигенцияға оның жалпы шаруалар ішінен, студенттер ішінен және жалпы интеллигенция ішінен қандай одақтас табатынын түсіндіруге, жұртшылық қарсылығының біресе ол жерде, біресе бұл жерде лап етіп жатқан жалынын пайдалана білуді оған үйретуге жұмсау. Революциялық айбынды партия бастаған жұмысшы табы осы заманның қоғамындағы өзінің ерекше жағдайын және адамзатты экономикалық құлдықтан азат ету жөніндегі өзінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи ерекше міндеттерін бір минут та естен шығармай, сонымен бірге *бостандық* жолындағы күрестің жалпы халықтық туын көтеріп, қазіргі уақытта Сипягин, Кондоиди мырзалар және солардың бүкіл бас бұзарлары жанын сала қоғамның барлық неше алуан топтарының ішінен наразылардың қатарына итермелеп әкеліп қосып жатқан адамдардың бәрін осы тудың астына тартқанда ғана біз бостандық жолындағы алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алатын боламыз.

Бұл үшін бізге тек мынау керек: біз европалық ой-пікірдің ғасырлар бойы дамуынан туған нағыз революциялық теорияны ғана емес, сонымен бірге өзімізге Батыс Европадан және орыстан шыққан ізашарларымыз өсиет етіп қалдырған революциялық жігер мен революциялық тәжірибені де өз қозғалысымызға дарытуымыз керек, ал оппортунизмнің неңдей формаларын болса да құлдық ұрып қабылдай бермеуіміз керек: оппортунизм

рек, соның үшін біз олардың саналылығын, рухтануын және ұйымшылдығын арттырудың қамын мейлінше тез ойластыруымыз керек.

формаларынан біршама аз зардап шеккен батыстық жолдастарымыз қазірдің өзінде онан бойларын аулақ сала бастады, ал оппортунизмнің қай формасы болсын біздің жеңіске жетуімізді тым едәуір баяулатып отыр.

Қазір орыс пролетариатының алдында мейлінше қиын, оның есесіне мейлінше қасиетті революциялық міндет тұр, ол міндет — көп жапа шеккен орыс интеллигенциясының әлі келмеген жаудың тас-талқанын шығару, сөйтіп социализмнің халықаралық армиясының қатарынан орын алу.

IV. ЖЕТЕКШІЛІК ЕКІ СӨЗ

«Мұның өзі жаманшылығымен ғана дабыра болған, бұған дейін көз көріп, құлақ естімеген масқара факт, біздегі әлеуметтік азғындау өте тереңдеп кеткенде ғана орын алатын мұндай фактілердің Россияны әлі талай-талай небір сұмдық пәлеге ұшыратары хақ...» «Московские Ведомости» Орелде болған миссионерлер съезінде (бұл съезд 24 сентябрьде аяқталды) Орел губерниялық дворяндар жетекшісі М. А. Стаховичтің сөйлеген сөзі жөнінде өзінің 268-номеріндегі (29 сентябрь) бас мақаласында осылай деп жазды... Ал, егер дворяндар жетекшілерінің, уезде бірінші, губернияда екінші деген адамдардың арасына «әлеуметтік азғындау» тарала бастаған болса, онда «Россияны жайлап бара жатқан рухани індет» шынында да қай уақытта жойылмақ?

Істің мәні неде? Ол мынада: осы Стахович мырза (бұл баяғы ішкілік заттар монополиясынан Орел дворяндарына жинаушылар орнын тауып бермек болған Стахович: «Заряның» 1-номеріндегі «Кездейсоқ заметкалар» * дегенді қараңыз) ождан бостандығын қорғап, қызу сөз сөйлеген, мұның үстіне «арсыздық дегенмен, ұстамсыздық көрсетіп, тіпті мынадай ұсыныс жасауға дейін барған» **:

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 429—460-беттер. *Ред.*

** «Московские Ведомости», бұл да сонда, «Московские Ведомости» газетін аузыма ала бергенім үшін оқушылардан кешірім сұраймын. Не істе дейсіз енді! Қалай дегенмен де, меніңше, бұл — Россиядағы нағыз қызықты, нағыз дәйекті және *нағыз іскер* саяси газет. Онды-солды «даналық етудің» орнына ең әрі дегенде болар-болмас қызығы бар

«*Ождан бостандығының қажеттігін,* православиеден шығып, басқа дінді ұстанғаны үшін нендей де болса қылмыс жазасын беруді жою қажеттігін *жариялау міндеті Россияда миссионерлер съезінде болмаса, басқа ешкімге де жүктелмейді. Сонық үшін мен Орелдің миссионерлер съезіне тура осылай деп пікір білдіріп, осы өтінішті жарамды жолын тауып жолдауды ұсынамын!...*»

Әрине, Стахович мырзаны Робеспьер деп атау (өзім көптен білетін жайдары М. А. Стахович — Робеспьер! деп жазды «Новое Времяда» Суворин мырза, ал оның «қорғампаздық» сөзін күлмей оқу да қиын болды) «Московские Ведомости» тарапынан қандай аңқаулық болса, ождан бостандығы туралы «жарамды жолын тауып» өтініш жолдауды поптарға ұсынған Стахович мырзаның ісі де, өзінше, тап сондай аңқаулық. Бұл өзі становой приставтардың съезінде саяси бостандық туралы өтініш жасаумен бірдей!

«Әрі баяндаманың мәніне қарай, әрі жергілікті миссионерлер съезінің міндеттеріне оның лайық еместігіне қарай» Орел епископы хазірет Никанордың, Қазан діни академиясының профессоры Н. И. Ивановскийдің, «Миссионерское Обозрение» [138] журналының редактор-шығарушысы В. М. Скворцовтың, осындай миссионер-священниктердің және университет кандидаттары В. А. Тернавцев пен М. А. Новоселовтардың тарапынан «елеулі қарсы пікірлер» тыңдалғаннан кейін, «архипастырь бастаған діни қауым» Стахович мырзаның ұсынысын қабылдамай тастағанын оқушыларымызға айтып

дүмбілез фактісымақтарды теріп алып, сарыуайымға түскен әдебиетті, шын мәнісінде, «саяси әдебиет» деуге де болмайды ғой. Мұның өте пайдалы да болуы мүмкін екеніне таласпаймын, бірақ бұл саясат емес. Тап сол сияқты, тым саясатшылдығына қарамастан (яки дұрысы соның салдарынан) «Новое Времядағы» тектес әдебиетті де, сөздің шын мәнісінде, саяси әдебиет деуге болмайды. Бұл әдебиеттің ешқандай белгілі саяси программасы және ешқандай берік көзқарасы жоқ, ол тек қазіргі кездің ыңғайы мен әуеніне икемделуді ғана, өкімет иелерінің нендей әміріне болса да бас иіп, солардың алдында құрдай жорғалауды ғана, жұртшылық пікірін айтқансып, жарамсақтануды ғана біледі. Ал «Московские Ведомости» өз жолын жүргізіп, үкіметтің алдына түсуден қорықпайды (оның қорқатын реті де жоқ!), нағыз қытыққа тиетін мәселелерді қозғаудан, қозғағанда, кейде өте ашық түрде қозғаудан да қорықпайды. Пайдалы газет, революцияшыл үгіттің таптырмайтын қолқабысшысы!

жатудың қажеті де болар ма екен. Мұны «ғылым» мен шіркеудің одағы деуге болады!

Бірақ Стахович мырза бізге, әрине, саяси ой-пікірі айқын және дәйекті адамның үлгісі болғандығынан емес, қазына дүниесіне қол салып, үзіп-жұлып алуға әрдайым әзір тұратын нағыз «жайдары» орыс дворянсымағының үлгісі болғандықтан қызықты. Егер тас екеш тасты да зарлатып отырса, онда полиция озбырлығы мен сектанттықтың инквизиторлық қуғынының жалпы орыс өміріне және әсіресе біздің деревнямыздың өміріне енгізіп отырған «азғындатуы» бұдан артық қандай дәрежеге жету керек! Егер дворяндар жетекшілері ождан бостандығы туралы қызу сөйлей бастаған болса, ол қандай дәрежеге жетуі керек!

Ақыр аяғында ең «жайдары» деген адамдардың өздеріп де ызаландырған тәртіптер мен сорақы құбылыстардың Стахович мырзаның сөзінде келтірілген тым кішкене мысалдары, міне, мынадай.

«Миссионерлер қауымының кітапханасынан қазір заңдар туралы анықтама кітапшаны алып қараңыздаршы,— дейді шешен,— онда сіздер II томның I бөліміндегі сол 783-статьядан дуэльдерге, пасквильдерге, маскүнемдікке, аңшылық тәртібін бұзуға, сауда моншаларында еркектер мен әйелдердің бірге түсуіне тыйым салу жайындағы шаралармен қоса, православие дінінің догматтарына қарсы сөз сөйлеп таласқандарды және православие діндегілерді азғырып, басқа дінге иландырушыларды немесе жік салушыларды бақылау міндетін де становойларға жүктейтінін оқисыздар!» Заңның мұндай статьясы бары да рас, бұл статья становойларға шешеннің әлгі келтірген тізіміндегіден басқа да тап сондай көптеген міндеттер жүктейді. Қала тұрғындарының көпшілігіне бұл статья, әрине, күлкілі жай ғана болып көрінуі мүмкін, оны Стахович мырза да солай деп атаған. Бірақ мужиктер үшін бұл күлкілі жайдың астарында құдай болса биікте, патша болса алыста дегенді мықтап есінде ұстаушы төменгі полицияның бейбастақтығы жайындағы bitterer Ernst — өзек тілетін шындық бар.

Ал, енді «Орелдің православиелік Петропавл қауымының советі мен Орелдің епархиялық миссионерлер съезінің председателі протоиерей Петр Рождественскийдің» ресми түрде теріске шығаруымен қоса біздің келтіретін нақты мысалдарымыз мынандай (*«М. В.»* № 269, *«Орловский Вестниктің»* [139] 257-номерінен):

«а) Баяндамада (Стахович мырзаның баяндамасында) Трубчевск уезінің бір селосы жайында былай делінген:

«Священниктің де, бастықтардың да мақұлдауымен және соларға білдіріле отырып, штундист деп күдік келтірілген адамдар шіркеуге қамалды, стол әкелінді, оған таза дастарқан жабылды, оның үстіне икона қойылды да, олар бір-бірлеп кіргізіле бастады.— Табын!

— Пұтқа табынғым келмейді...— Солай ма! *табанда дүре соғылсын.* Әлсізіректері бірінші рет дүре соғылғаннан кейін-ақ православиеге қайта кірді. Ал, кейбіреулері *4 ретке* дейін *шыдады»*.

Әйтседе, Орелдің православиелік Петропавл қауымының берген есебінде 1896 жылы-ақ басылып шыққан ресми мәліметтер бойынша және священник Д. Переверзевтің съездегі ауызша хабары бойынша, бұл айтылған Трубчевск уезіндегі Любец селосының сектанттарына православиеге қараған халықтың жаза тарттыруы *селолық жиынның қаулысы бойынша, бір селода болыпты, бірақ ол кездегі жергілікті священниктің ешбір келісімімен болмапты және тіпті де шіркеуде болмапты;* ал бұл өкінішті шатақтың өзі де мұнан *18—19 жыл бұрын,* Орел епархиясындағы миссия туралы сыбыстың мүлдем жоқ кезінде болыпты».

«Московские Ведомости» осыны көшіріп баса отырып, Стахович мырза өзінің сөзінде *тек екі-ақ факт* келтірді дейді. Мүмкін. Бірақ оның есесіне бұл факт ғой! Православие қауымының берген есебінің «ресми мәліметтеріне» (становойдан шыққан!) сүйеніп теріске шығарудың өзі тіпті жайдары дворянды да ызаландырған оңбағандықтардың орын алғанын *тек қана растайды.* Дүре соғу шіркеуде болды ма әлде «бір селода» болды ма, жарты жыл бұрын болды ма әлде 18 жыл бұрын болды ма,— мұнан істің мәні ешбір өзгермейді

(дұрысында, мұның бір-ақ мәні болуы мүмкін: соңғы кездерде сектанттарды қуғындау ісі бұрынғыдан да айуандық сипат алғаны бәрімізге мәлім, ал миссиялардың құрылуы осыған тікелей байланысты!). Ал протоиерей әпенді, бұл сияқты *қара шекпен киген инквизиторлардан* жергілікті священниктің аулақ тұруға *шамасы келді* деп баспасөз жүзінде жазбай-ақ қойғаны дұрыс болар еді *. Жұрт күлкі қылуы анық! Әрине, жазаланарлық қылмыс саналатын бұл сияқты таяқ жұмсауға, ешқашан өз қолымен жазаламаған, «ризалығын» бермеген, тек азаматтық өкіметтің қолына ұстап беріп, еш уақытта да қан төкпей, тек өртеуге ұсыныс жасап отырған нағыз ізгі инквизиция сияқты «жергілікті священник» те өзінің «келісімін» бермеген.

Екінші факт:

«б) Баяндамада былай делінген:

«Тек сонда ғана біз өзіміз осы жерде естіген жауап миссионер-священниктің аузынан шықпас еді, мысалы: — *Сіз, хазірет, олар әуелі 40 семья болды, енді төртеу-ақ қалды дейсіз.* Ал, қалғандары не болды? — Құдайдың рақымымен *Закавказьеге және Сибирьге жер аударылды*».

Шынында да, осы ретте сөз болып отырған Трубчевск уезінің Глыбочка деревнясында, қауымның мәліметтері бойынша, *1898 жылы* болған штундистердің саны *40 семья* емес, 21 жаң балаларын қосып есептегенде, еркек-әйелі бар *40 жан;* ал басқаларды азғырып штундағаерткені үшін сол жылы округтік соттың қаулысы бойынша, пе бары 7 адам Закавказьеге жер аударылды. Жергілікті священниктің *«құдайдың рақымымен жер аударылды»* деген сөзіне келетін болсақ, *онда бұл сөз съездің жабық мәжілісінде, съезд мүшелерінің өзара емін-еркін пікір алысуында әлдеқалай айтыла салған,* солай болғанымен, бұл священник бұрыннан-ақ барлық жұртқа белгілі және съезде өзін *ең бір лайықты* пастырь-миссионерлердің бірі екенін көрсетті».

Бұл теріске шығарушылық тіпті жөнсіз! Емін-еркін пікір алысуда әлдеқалай айтылыпты! Ең қызық жері де осы, өйткені біз бәріміз де ресми адамдардың ресми түрде айтқан сөздері неге баланатынын өте жақсы білеміз. Ал егер бұл сияқты «шын көңілден» шыққан

* Стахович мырза ресми түзетулерге қарсы сөзінде былай деп жазды: «Қауымның берген ресми есебінде не айтылғанын мен білмеймін, бірақ айтатыным мынау: священник Переверзев, барлығын да баяндап айтып бергеннен кейін және шығарылған үкім туралы азаматтық өкімет орындарының хабардар (sic!!!) болғанын ескерткеннен кейін: Ал сіз біліп пе едіңіз, хазірет? — деген менің сұрауыма: — Иә, мен де білгенмін — деп жауап берді». Мұны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

сөздерді айтушы хазірет — «ең бір құрметті пастырь-миссионерлердің бірі» болса, онда бұл сөздер онан да бетер маңызды. «Құдайдың рақымымен Закавказьеге және Сибирьге жер аударылды» — осы бір тамаша сөздер, митрополит Филареттің дін кітаптарына сүйеніп, крепостниктік правоны жақтағанына қарағанда, өзінше бір атышулы сөз болуға тиіс.

Айтпақшы, Филаретті ауызға алған соң, «ғалым либералдың» Харьковтың архиепископы Амвросий хазіретке жазған, 1901 жылы «Вера и Разум» [140] журналына басылып шыққан хатын сөз қылмай кету әділетсіздік болар еді *. Автор «бұрынғы құрметті діни азамат Иероним Преображенский» деп қол қойыпты, ал «ғалым (!) либерал» деген атақты бұған, сірә, «шексіз даналығынан» қорыққан болса керек, редакция беріпті. Бұл хаттың саяси ой-пікір мен саяси қарсылық көзге түспейтін жолмен кейде біз ойлағанымыздан гөрі анағұрлым қалың топтардың ішіне таралып жүргенін үсті-үстіне көрсетіп беретін кейбір жерлерін қайталап айтумен ғана шектелмекпіз.

«Мен енді қартпын, жасым 60-қа таяп қалды, маған өз өмірімде шіркеу міндеттерін орындаудан тартынушылықты көп байқауға тура келді, бірақ, шынымды айтайын, барлық реттерде де бұған өзіміздің діни адамдарымыз себеп болып келді. Ал *«соңғы оқиғалар»* үшін біздің осы күнгі діни адамдарымызға шын пейілден зор алғыс айтуға тура келеді, олар көп жұрттың көзін ашып отыр. Қазір тек болыстық хатшылар ғана емес, тіпті кәрі де, жас та, білімділер, шала сауаттылар, ежіктеп әрең оқи алатындар — бәрі де орыс елінің ұлы жазушысының шығармаларын оқуға құлшынып отыр. Оның шығармаларын (дүние жүзінде Россиядан басқа елдердің бәрінде де халыққа еркін таралып жүрген, шетелдегі «Свободное Слово» [141] баспасынан шыққан) жұрт қымбат бағаға сатып алады, оқиды, талқылайды, ал сондағы келетін тоқтамдары, әрине, діни адамдарға пайдалы емес. Жұрттың қалың көпшілігі қазір-ақ қайсысы өтірік, қайсысы шындық екенін ұға бастады, сөйтіп біздің діни адамдарымыздың айтатыны бір басқа да, істейтіні бір басқа екенін және онымен тұрмай көбіне өз сөзіне өзі қайшы келетінін көріп

* Бізге осы журналдың жеке бір данасының оттискісін жіберген тілшіге реті келгенде рақмет айталық. Біздің билеп-төстеуші таптарымыз арнаулы түрмелік, шіркеулік және тағы сол сияқты басылымдарда au naturel (натуралдық күйінде. *Ред.*) жиі көзге түсіп отырудан қысылып-қымтырылмайды. Бізге, революционерлерге, бұл сияқты саяси ағартудың «мол қазынасын» үнемі пайдаланып отыру ісін қолға алатын уақыт әлдеқашан жетті.

отыр. Талай шындықты айтуға болар еді, бірақ діни адамдармен ашық сөйлесуге болмайды ғой, себебі олар жазалау, аттырып-астырып жіберу... үшін дереу жеткізе қоюдан тайынбайды. Ал Христос жұртты күшпен және жазалаумен емес, ақиқатпен және сүйіспеншілікпен... тартқан ғой.

...Сіз сөзіңіздің қорытындысында: «бізде күреске керек ұлы күш бар, ол — дініне адал патшаларымыздың самодержавиелік өкіметі» деп жазыпсыз. Тағы да бұрмалау, соның үшін біз тағы да Сізге иланбаймыз. Сіздер, *оқымысты* діни адамдар, «самодержавиелік өкіметке ежелгі кезден-ақ берілгенбіз» (осы күнгі викарийдің эпископ атын алған кезіндегі сөзінен) деп бізді сендірмек боласыздар, бірақ біздер, *білімсіз* адамдар, бір жасар бала (тіпті келешекте эпископ болса да) басқару тәртібі туралы пікір айтып, самодержавиені жақтайды дегенге сене алмаймыз. Батыста діни өкімет пен жоғарғы қауым басшылығын бір қолда ұстаған Рим папаларының ролін Россияда ойнамақ болған патриарх Никонның әрекеттері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін біздің шіркеу, оның ең жоғарғы өкілдері — митрополиттер патшалардың кейде, Ұлы Петр кезіндегі сияқты, өздеріне әмірін орындатып отырған озбыр өкіметіне түгелдей және біржола мойынсұнды. (Патшазада Алексейді соттау ісіндегі Ұлы Петрдің дін басыларына қысым жасауы сияқты.) XIX ғасырда біз Россиядағы жоғарғы қауым өкіметі мен шіркеу өкіметінің толық жарасып кеткенін көреміз. I Николайдың қаһарлы заманында, қоғамның ояна бастаған сана-сезімі, Батыстағы ұлы әлеуметтік қозғалыстың әсерімен, бізде де жай халықты адам айтқысыз құлдыққа салуға қарсы бірен-саран күрескерлерді шығарған кезде, біздің шіркеу халықтың жапа шегуіне мүлде қалай болса солай қарады және, адам баласының бір-бірімен туыстығы, жақынға мейірімді болу жайындағы Христостың ұлы өсиетіне қарамастан, бейшаралық халге түскен халықты помещиктердің рақымсыз зорлығынан қорғау үшін дін басылары тарапынан бірде-бір үн шықпады, ал бұған бір-ақ себеп бар: үкімет крепостниктік правоға қол салуға батпады, ал крепостниктік правоның өмір сүруін Москва Филареті ескі інжілден алынған қасиетті сөздермен ашықтан-ашық ақтап шықты. Бірақ сонан соң нажағай түскендей болды: Россия Севастополь түбінде жеңіліс тауып, саяси қорлыққа ұшырады. Бұл тас-талқан жеңіліс біздің реформаға дейінгі құрылысымыздың барлық кемшіліктерін айқын ашып берді, сонда бәрінен бұрын жас, ойшыл (өзінің рухын және жігерін тәрбиелеу жағынан ақын Жуковскийге борышты) патша ғасырлар бойы қалыптасқан құлдық бұғауын бұзды, бірақ, бейне бір тағдырдың сұрқия мазағымен, 19 февральдағы ұлы актінің тексті христиандық көзқарас тұрғысынан редакциялау үшін сол баяғы Филаретке берілді, ал бұл екі арада Филарет, сірә, замананың рухына сәйкес, өзінің крепостниктік право жөніндегі көзқарасын тез өзгерте қоюға асыққан болуы керек. Ұлы реформалар заманы біздің дін басыларымызға да әсерін тигізбей қалған жоқ, ол Макарий (кейіннен митрополит) кезінде біздің діни мекемелерімізді қайта құру жөнінен

олардың ішінде жемісті жұмыс істелді, сөйтіп бұл мекемелердің үйлеріне де жариялылық және сәуле енгізу үшін, кішкене де болса, саңлау жасалды. 1881 жылғы 1 марттан кейін болған реакция дін басылары ішінде де Победоносцев пен Катков тәрізді тиісті қайраткерлер элементін ала келді, ал еліміздің земстводағы және қоғам ішіндегі алдыңғы қатарлы адамдар урыпсоғу жазасының қалдықтарын жою жөнінде петициялар беріп жатқан кезде шіркеу дүре соғуды,— құдайдың өзіне ұқсастырып, бейнелеп жасалған, адамды әбден қорлаудың осы құралын қолдаушыларды айыптау жөнінде тіс жарып, тіл қатпай отыр. Осыған қарағанда, өздерінің өкілдері арқылы біздің барлық дін басыларымыз қазірде самодержавиелік патшаны мадақтап отырғаны сияқты *тәртіп жоғарғы жақтан өзгере қалған күнде* конституцияшыл патшаға мақтау сөзін айтатын болады деп ұйғарсақ, әділетсіздік бола қояр ма екен. Сонымен, екіжүзділік неге керек, өйткені күш самодержавиеде емес, монархта ғой. I Петр де құдайға сенген патша болатын, алайда дін басылары оны күні бүгінге дейін оншалықты жақтырмайды, біздің дін басыларымыздың шашын қырқып, оларды тәрбиелемекші болған III Петр де тап сондай патша еді,— не керек, оған екі-үш жыл патшалық құруға мұрсат бермеді. Бәрін былай қойғанда, егер осы күнгі патшалық құрып отырған II Николай патша зор даңқты Лев Николаевичке өзінің рақымын түсірген болса,— сонда сіздер өздеріңіздің қаскүнемдіктеріңізбен, қорқыныштарыңызбен және қорқытуларыңызбен қайда барып тығылар едіңіздер? Сіздер дін басыларының патшаны дәріптейтін дұғаларының текстін бекерге-ақ келтіресіздер,— бұл сияқты бәлдір-батпақ, мағынасыз сөздердің жиынтығы ешкімді еш нәрсеге сендіре алмайды. Өйткені бізде самодержавие ғой: егер бұйрық берілсе, мұнан үш есе ұзағырақ және анағұрлым әсерлі дұғалар да жазып бересіздер».

* *
*

Жетекшілік екінші сөз, біздің білуімізше, баспасөзімізге іліге алмай қалды. Бізге бұл сөзді гектографқа басылған күйінде редакцияға белгісіз бір тілші август айында-ақ жіберген болатын, үстінде қарындашпен былай деп жазылған: «Студенттердің істері жөнінде болған дворяндар жетекшілерінің жеке жиналысында бір уездік дворяндар жетекшісінің сөйлеген сөзі». Бұл сөзді тұтас келтірейік:

«Уақыттың аз болуы салдарынан, өзіміздің дворяндар жетекшілерінің жиналысы жөніндегі пікірлерімді тезис түрінде айтамын:

Қазіргі тәртіпсіздіктер неден болып отырғаны шамамен бел-

гілі: олар, біріншіден, бүкіл мемлекет құрылысында орын теуіп отырған жалпы былықтан, чиновниктік корпорациялардың олигархиялық басқарылуынан, яғни чиновниктік диктатураның салдарынан болып отыр.

Чиновниктік үкімет диктатурасының бұл сияқты былығы бүкіл орыс қоғамында, басынан бастап аяғына дейін, жалпыға бірдей наразылық түрінде көрінеді, бұл наразылық сырттай қарағанда жалпыға бірдей саясатшылдық, бірақ саясатшылдық болғанда, уақытша, үстірт емес, терең, созылмалы саясатшылдық түрінде көрініп отырады.

Бүкіл қоғамға тән ауру ретінде саясатшылдық оның барлық көріністеріне, қызметтеріне, мекемелеріне әсерін тигізеді, сондықтан ол оқу орындарында және олардың бюрократиялық диктатура тәртібінің қыспағындағы өте жас, сол себепті өте сезімтал халқына да, сөз жоқ, әсерін тигізеді.

Студенттер тәртіпсіздігіндегі пәленің түп-тамыры жалпы мемлекеттік былықта екенін және осындай былықтан пайда болған жалпы оралымсыздықта екенін білгенмен де — тікелей сезгендіктен және жергілікті пәленің өрістей беруін тоқтату керек болғандықтан — бейне бір, бүкіл денені жаппай дерт жайлаған кезде, оны бірте-бірте, мүлде жазып шығару үшін, бұл дерттің жайылып кете қоймаған, өршіп келе жатқан, насырға шабатын асқынуларын жоюға жедел шаралар қолданылатыны сияқты, бұл тәртіпсіздіктерге назар аудармасқа, сөйтіп тым болмаса бұл жағынан болса да жалпы пәленің сұрапыл күшті көрінісін кемітуге тырыспасқа болмайды.

Орта және жоғары оқу орындарындағы чиновниктік тәртіптің зияны, негізінен, адамның (жас өспірімдердің) дамуының, оқуының орнына адамның жеке басы мен адамшылық қасиеттерін үнемі аяққа басатын чиновниктік тәртіптің қолданылуынан көрінеді.

Осының салдарынан жастар арасында бастықтар мен тәрбиешілерге сенбеушілік, ерегіс, өшігу гимназиялардан университеттерге көшеді, мұнда да жастар, амал не, университеттердің қазіргі жағдайында, баяғы сол зорлық-зомбылыққа, адамның жеке басы мен адамшылық қасиеттерінің аяққа басылуына тағы кездеседі.

Қысқасын айтқанда, жастар университетте ғылымның ордасын кездестірмейді, адамшылық қасиетін жойған студенттер бұқарасынан мемлекетке қажет чиновник түріндегі товар жасап шығаратын фабрикаға тап болады.

Бұл сияқты, ұдайы, ұзаққа созылған қысым, адамның жеке басына тән қасиетіне, адамшылығына лайық дегеннің бәрін қудалау, ал көбіне тұрпайы қара күш жұмсау арқылы жеке адамдарға бұлайша қысым көрсету (студенттерді айтқанға көніп, айдауға жүретін селсоқ жандарға айналдыруда) барлық студенттер толқуының негізі болды, бұл толқулар ондаған жылдар бойы созылып келеді, барған сайын күшейіп, орыс жастарының ең таңдаулы күштерін соңынан ерте отырып, бұдан былай да созыла беру қаупін тудырып отыр.

Біз осының бәрін білеміз,— бірақ осындай жағдайда біздің не істеуіміз керек? Ерегісі көп, қайғысы мен қасіреті көп қазіргі күннің осы, шиеленіскен жағдайына қалай көмектесе аламыз? Еш әрекет жасамай, қолды бір-ақ сілтесек пе екен? Біздің жастарымызға ешқандай көмек көрсетпей, оларды тағдырдың, чиновниктердің және полицияның тырнағына тастап, түк көрмегендей теріс айналып кете беруіміз керек пе? Меніңше, басты мәселе осы, яғни дерттің жалпылама сипатын біле тұрып, оның қазіргі асқынуына қалай көмек көрсету керек? деген мәселе.

Біздің мәжілісіміз, меңіреу тайғаны тазарту үшін келіп, жұмыстың бір ғана бөлігін қолға алудың орнына, шамасы жетпейтін жалпы жұмыстың ұшы-қиырсыздығынан әбден есінен танып, не қыларын білмей, аңырып тұрып қалған ізгі ниетті адамдардың тобырын есіме салады.

Сырттан болатын әр түрлі, зияны мол, тек саяси ғана емес, тіпті полицейлік те әсерлердің бүлінген студенттерге ықпал өтуін айта келіп, профессор К. Т. бізге университеттің және студенттердің осы заманғы және қазіргі жағдайларының жалпы тамаша суретін жайып салды;— бірақ осының барлығы, мұндай айқын болмағанымен, бізге бұрыннан-ақ азды-көпті дәрежеде белгілі еді.

Бірден-бір мүмкін шара ретінде ол бізге жалпы оқу орындары атаулының бүкіл осы заманғы құрылысын солайымен қиратып, оны жаңа, жақсырақ құрылыспен ауыстыру керек деп көрсетті; бірақ мұның үстіне профессор бұл істің өте көп уақыт керек етуі мүмкін екенін ескертті; ал егер кез келген басқа мемлекеттердегі сияқты, орыс мемлекетінде де әрбір жеке құрылыс жалпы құрылыспен табиғи байланысты екенін ескерсек, онда бұл уақыттың, шынын айтсақ, шет-шегі де көрінбейді.

Ең болмағанда, бұл дерттің қазіргі уақытта жанға батып отырған ауруын бәсеңдету үшін енді не істеу керек? Мұның бетін бері қарататын дәрі-дәрмектер қандай? Өйткені, аурудың уақытша болса да бетін қайтаратын дәрі-дәрмектер де әр кезде қажет деп танылмай ма? Бірақ, бұл сұраққа біз жауап бергеніміз жоқ; қайта, жауап орнына, айтар болсақ, жалпы оқушы жастар жөнінде, мәселені бұрынғысынан да әрі көмескілейтін, күңгірт, қиюы қашқан пікірлер ұсынылды; бұл пікірлерді тіпті ойға түсірудің өзі де қиын, әйтсе де тырысып көрейін.

Курста оқитын қыздар туралы, қарай көріңдер — біз оларды курстарға да, лекцияларға да қатыстырып отырмыз, ал олар бізге не жақсылық көрсетті:— студенттік тәртіпсіздіктерге қатысулары арқылы! — деді.

Егер біз тамаша жынысқа кәделеп беретін гүлдесте не бір қымбат әшекей болса, онда мұндай кінә тағу түсінікті болар еді; бірақ әйелдер курстарының құрылуы — бұл сый-құрмет емес, қоғамдық қажетті өтеу; олай болса, әйелдер курсы — жай әуестік емес, жынысына қарамай жастарға жоғары тәрбие беруге арналған университеттер, т. б. сияқты, қоғамға қажет жоғары оқу орны,— міне, сондықтан да әйелдерге арналған және ер-

лерге арналған оқу орындарының арасында әрі қоғамдық, әрі жолдастық толық ынтымақ бар.

Менің ойымша, жастардың толқуы әйелдер оқу орындарының оқушыларын да қамтитыны тап осы ынтымақтан деп түсіну керек; мейлі қандай киім кисін, мейлі еркек киімін, мейлі әйел киімін кисін, оныcына қарамастан, оқушы жастар атаулының бәрі толқиды.

Онан соң тағы да студенттердің толқулары сөз болды, студенттерді қолдай бермеу керек, олардың бұзақылығын күшпен басу керек деген сөздер айтылды; бұған, менің ойымша, былай деп қарсы дәлел келтірудің әбден орны бар: бұл бұзақылық та шығар, бірақ, қалай айтқанмен де ол әлдеқалай нәрсе емес, ұзаққа созылған, себептері тереңде жатқан нәрсе, сондықтан оларға құр ғана жазалау шараларының әсері жеткіліксіз болады, бұған біздің өткендегі тәжірибеміз айғақ. Ал менің өз ойымша, біздің оқу орындарымызды толқытып, қырсыққа ұшыратып отырған барлық осы сияқты бұзақылық пен тәртіп бұзушылықтардың ең бастысы қай жақтан болып отырғаны өте күмәнды мәселе; үкімет хабарларына мен сенбеймін.

Расы да сол, бізде екінші жақтың сөзін ешкім тыңдамайды, тіпті тыңдауға да болмайды; оның аузына қақпақ қоюлы (бірақ менің сөзімнің, атап айтқанда, әкімшіліктің беретін хабарлары өтірік және барлық бұзақылық көбінесе соның өзінен, оның бұзақы шараларынан дегенімнің растығы толық дәлелденбеді).

Оқушы жастарға сырттан түрлі революциялық күштердің әсер ететіні көрсетілді.

Рас, мұндай әсер бар, бірақ оның маңызы өте өсіре көрсетіліп жүр: мысалы, осындай әсер көп сезіліп отыратын фабрикалардың иелері барлық пәлені осыдан көреді, осы болмаса, олардың фабрикаларында қой үстіне бозторғай жұмыртқалар еді дейді, бірақ бұл жерде жұмысшыларды құралақан қалдыратын, олардың ішінде паразылық, ал сонан соң тәртіпсіздік туғызатын әр алуан заңды-заңсыз қанау атаулыны қағыс қалдырып, ауызға алмайды; егер осы қанау болмаса, онда революцияшыл сыртқы элементтердің фабрика істеріне оп-оңай қол сұғуына осы күнгідей көптеген дәлелдер мен себептер де болмас еді,— менің ойымша, біздің оқу орындарымыздың ғылым ордасынан чиновник болатын материал әзірлеу фабрикасына айналғаны жөнінде де тап осыны айтуға болады.

Барлық оқушы жастардың бойын жаздырмай еңсесін басқан қысым, бұл қысымның барлық оқу орындарындағы жастар арасында ашу-ыза сезімін туғызуы профессор мырза айтқан саны аз, бірақ саналы бір топ жастарға күш берді, бұлар тегінде тәртіпсіздік жасауға ешбір зауқы жоқ жастардың тұтас бір топтарын желіктіріп әкете алады, сөйтіп оларды тілеген жағына, ереуілге, түрлі тәртіпсіздікке бағыттай алады.— Барлық фабрикаларда да тап осылай болады!

Сонан соң, есімде бар, студенттердің шашбауын көтермеу керек; тәртіпсіздік жасаған кездерінде оларға тілектестік білдірмеу керек деген сөздер айтылды; бұлайша тілектестік білдіру

оларды жаңадан тәртіпсіздіктер жасауға ынталандырады деп, мұның өзі мысалдармен, яғни түрлі оқиғалармен де дәлелдеп корсетілді; — бұл жөнінде, біріншіден, менің айтатыным мынау: тәртіпсіздік кезінде алуан түрлі оқиғалардың не қилы шатағының және шым-шытырығының ішінен мынаны дәлелдеуге болады деп ешқайсысын атап көрсетуге болмайды, өйткені әрбір оқиғаны айтқанда оған қайшы келетін басқа да көптеген оқиғаларды тауып келтіруге болады,— сондықтан тек жалпы белгілеріне ғана тоқтау мүмкін, мен енді осыларды қысқаша талдауға тырысамын.

Бәрімізге мәлім, студенттерді еркімен кеткен деуге тіпті де болмайды, оның ешкім шашбауын көтермегені былай тұрсын (мен 40-жылдар туралы айтып отырған жоқпын), қоғам тарапынан оншалық жанашырлық та білдірілген емес; ал тәртіпсіздік жасаған кездерінде қоғам оған не мүлде немқұрайды қарады, не жазғыра қарады, тек соларды ғана айыптады, ал бұл тәртіпсіздіктерді туғызған себептерді білмеді, тіпті білгісі де келмеді (үкіметтің студенттерге дұшпандық хабарларына ғана сенім корсетіліп, дұрыстығына шек келтірілмеді; қоғам бұған әуелінде шек келтірген тәрізді еді),— сондықтан қандай да бір шашбау көтеру жайында сөз қозғаудың орны жоқ.

Интеллигенттік қоғам ішінен де, профессорлар мен университет бастықтарының ішінен де өздеріне ешбір сүйеніш таппай, ақыры, студенттер өздеріне жақтастарды халықтың түрлі элементтерінің ішінен іздей бастады, ал біз студенттердің бұл ойлары, ақырында, азды-көпті іске асқанын да көріп отырмыз; оларға халық тобыры аз-аздап іш тарта бастады.

Бұған көз жеткізу үшін Охотный Рядтың бойындағы ұрыпсогу кезіндегі және қазіргі кездегі студенттерге деген халық тобырының көзқарасындағы айырманы ғана еске түсірсе болады. Ал пәленің басы да тап осында: пәле тек іш тартқанда ғана емес, бұл іш тартудың бір жақтылығында, оның демагогикалық белгісі барлығында және мұның сондай түр алып бара жатқанында.

Оқушы жастарға байсалды интеллигенция тарапынан ешқандай іш тарту және көмек жоқ, сондықтан болып отырған сенбестік еркімен болсын, еріксіз болсын, біздің жастарымызды демагогтар мен революционерлердің құшағына итеріп тастайды; жастар олардың қолшоқпарына айналады, сөйтіп барып олардың өздерінің ішінде, тағы да, еркімен болсын, еріксіз болсын, демагогиялық элементтер барған сайын үдемелеп дами береді, бұл элементтер жастарды бейбіт мәдени дамудан және қазіргі күнгі тәртіптен (тек мұны тәртіп деп атауға болса) аулақтатып, дұшпан қосынына қосады.

Егер жастар бізге сенуден қалса, оны біз өзімізден көруіміз керек; біз оның сенімін ақтай алмадық!

Жиналғандардың ішінде айтылған пікірлердің басты-бастылары осы тәрізді; қалғандарын (олар да аз болған жоқ) еске алуға да тұрмайтын сияқты.

Сонымен, сөзімді аяқтаймын. Жиналғанда біз қазіргі күннің қиыншылығын жеңілдету үшін, күндердің күнінде емес, тап күні бүгін — жастарымыздың ауыр халін жеңілдету үшін бір нәрсе істеуді көздегенбіз, бірақ тауымыз шағылды,— сонымен жастар бұрынғы сияқты, тап бүгінгі күні де, орыстың бейбіт, байсалды интеллигенциясының өздеріне еш қандай көмек көрсетуге, ара түсуге, жағдайын ұғып, азабын арылтуға мүмкіндігі де, ықыласы да жоқ деп тағы да айтуға праволы және айтады да.— Жастар мен біздің арамыздағы жік онан әрі ұлғая түседі, сөйтіп ол бізден онан сайын аулақтап, өзіне қол созып отырған әр алуан демагогияның қатарына қосылады.

Патшаға хат жолдау жөніндегі біз ұсынған шара қабылданбағандықтан, тауымыз шағылған жоқ; мүмкін бұл шара шынында да іске аспайтын шара шығар (бірақ, меніңше ол да қаралмаған сияқты),— ал тауымыздың шағылу себебі: біздің жәбір-жапа көруші жастарымызға пайдалы қандай шараның болса да барлық мүмкіншілігі біздің арамызда-ақ жойылды, біз өзіміздің шарасыздығымызды мойындап, бұрынғымызша тағы да қараңғыда қала бердік.

Ал енді не істеу керек?

Түк көрмегендей теріс айналып кете береміз бе?

Орыс өмірінің саңлауы жоқ қорқынышты қайғылы халі дәл осы қараңғылықта болып отыр».

Бұл сөзге көп түсінік беріп жатудың қажеті жоқ. Бұл да, сірә әлі де айтарлықтай «жайдары» орыс дворянының сөзі болу керек, ол дворян әлде доктринерлігінен бе, әлде өз құлқынын ойлауынан ба, әйтеуір «осы күнгі тәртіптің» «бейбіт мәдени дамуы» алдында бас иіп, «революционерлерге» қарсы қаһарын тігеді және оларды «демагогтармен» шатастырады. Егер жақынырақ үңіліп қарасақ, бұл қаһарын тігу кәрі (жас жағынан емес, көзқарас жағынан кәрі) адамның күңкілімен, айтар болсақ, өзі күңкілдеген нәрсесін жақсы екен деп білуге де әзір тұрған адамның күңкілімен шектеседі. «Осы күнгі тәртіп» туралы айтқанда ол: «тек мұны тәртіп деп атауға болады десек» деп ескерте кетпей тұра алмайды. «Чиновниктер диктатурасының» былығы, «адамның жеке басының қасиетіне, адамшылығына лайық дегеннің бәрін ұдайы және дамылсыз қудалау» оның әбден жанына тиіп болған, бұзақылықтың бәрі негізінен әкімшіліктен екенін көрмеске оның амалы жоқ, өзінің шарасыздығын, бүкіл елдің басына түскен ауыртпалыққа «теріс айналып кетудің» дұрыс емес екенін мойындауға оның туралығы да жетеді. Рас, ол

әлі де «тобырдың» студенттерге іш тартуының «бір жақтылығынан» қорқады; оның аристократтық-нәзік ойына «демагогия» қаупі елестейді, мүмкін, тіпті социализм қаупі де елестейтін болар (оның тура айтқанына орай біз де тура айтайық!). Бірақ россиялық пасық қазынақұмарлықтан жалыққан дворяндар жетекшісінің көзқарастары мен сезімдерін социалистік тезге салып сынау жөн болмас еді. Біздің оған да, онан басқаға да қулық жасайтын еш нәрсеміз жоқ: мысалы, орыс помещигі *фабрика* жұмысшыларын заңсыз қанаушыларға, құралақан қалдырушыларға қаһарын төккен кезде, біз оған, сөз арасында, «достым, балтам таптың аяғы өзіңе соқпасын!» дегенді ескертпей тұра алмаймыз. Біз одан осы заманғы қоғамның «қожайындарына» қарсы бітіспес тап күресін жүргізу көзқарасында екенімізді және осындай көзқараста бола берстінімізді бір минут та жасырмаймыз. Бірақ саяси топтар тек түпкі мақсаттармен ғана емес, таяудағы мақсаттармен де, жалпы көзқарастармен ғана емес, тікелей іс жүзіндегі қажеттің әсерімен де белгіленеді. Елдің «мәдени дамуы» мен «бой жаздырмай басып тұрған бюрократиялық диктатура тәртібінің» арасындағы қайшылықты айқын көрген әрбір адамды самодержавие құрытылмай, бұл қайшылық құрымайды деген қорытындыға, ерте ме, кеш пе, өмірдің өзі-ақ әкеледі. Осындай қорытындыға келген соң-ақ, ол самодержавиеге қарсы айбынды (тек оның өзі ғана емес, барлық жұрт және әрбір адам айбынды деп білетін) күшті қозғай алатын партияға көмектеседі, мүмкін біраз қиқаңдар да, бірақ көмектеседі. Осындай партияға айналу үшін социал-демократия, қайталап айтайық, оппортунистік пәлекеттің қандайынан болса да арылуы керек, сөйтіп революциялық теорияның туы астында, нағыз революцияшыл тапқа сүйене отырып, өзінің үгіт және ұйымдастыру қызметін халықтың барлық таптарына бағыттауға тиіс!

Ал дворяндар жетекшілерімен қоштасарда біз оларға былай дейміз: сау болыңыздар, біздің ертеңгі одақтас мырзалар!

««БІРІГУ» СЪЕЗІНІҢ ДОКУМЕНТТЕРІ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

«Искраның» 9-номерінде (1901 жылғы октябрь) «Заря» мен «Искра» ұйымының шетелдік бөлімін, революциялық «Социал-демократ» ұйымын және шетелдік «Орыс социал-демократтарының одағын» біріктіруге жасалған әрекеттің сәтсіздікке ұшырағаны туралы айтылған болатын *. Шетелдік ұйымдарды біріктіру үшін жасалған әрекеттердің сәтсіздікке ұшырау себептері туралы барлық орыс социал-демократтарының дербес өз пікірі болуы үшін біз «бірігу» съезінің протоколдарын жариялауға ұйғардық. Өкініштісі сол, «Одақ» сайлаған съезд секретары съезд протоколдарын құрастыруға қатысудан бас тартты (бұл оның төменде, 10—11-беттерде келтірілген басқа екі ұйым секретарьларының шақыруына жазған жауап хатынан көрініп тұр).

«Одақтың» өзі қазіргі уақытта «Бірігу» съезі туралы әңгімені бастырып шығарып отырғандықтан («Екі съезд», Женева, 1901) оның бұл бас тартуы онан бетер ерсі көрінеді. Демек, «Одақ» орыс жолдастарды съездің нәтижелерімен таныстырмақ болса да, оларды съездегі жарыс сөздермен таныстырғысы *келмеген* **. Мұ-

* Қараңыз: осы том, 313—314-беттер. *Ред.*

** Съездегі регламент бойынша протоколдарды съездің өзі бекітуге тиіс болған, атап айтқанда, әрбір мәжіліс өткен мәжілістің протоколдарын бекітуден басталатын болған. Бірақ съездің екінші күні, председатель мәжіліс басталардың нақ алдында бірінші күнгі екі мәжілістің протоколдарын бекіту туралы ұсыныс жасағанда, үш секретарьдың үшеуі де бірауыздан протоколдарды тапсыра алмайтынын мәлімдеді. Стенограф болмағандықтан, жарыс сөздердегі сөйленген сөздердің жазылуы мүлдем қанағаттанғысыз болып шықты. Сондықтан, егер съездің бірінші және екінші күнінің аралығындағы түнде секретарьлар

нымен таныстырғысы келмеудің мүмкін және ықтимал себептері туралы төрелік айтуды оқушылардың өздеріне қалдырамыз.

Біз, өз тарапымыздан, «Одақ» бас тартқаннан кейін, секретарьлар түгел қатыспай жасалған жарыс сөздердің мазмұнын бастырып шығаруды ыңғайсыз деп таптық, сондықтан да біз съездің *бюросына енгізілген барлық* документтер мен мәлімдемелерді жариялаумен қанағаттануға мәжбүр болдық. Съездің бюросына үш ұйымның үшеуінен де председательдер мен секретарьлар қатынасты, ал мәлімдемелердің бәрі де тек жазбаша түрде беріліп отырды, демек, съезді документтер мен мәлімдемелерге сүйеніп сипаттаудың әділ сипаттау екеніне күмән болуға тиіс емес.

Екінші жағынан, «Одақ» протоколдарды жасасудан өзінің ерсі түрде бас тартуын съезд туралы есеп берудің онан да бетер ерсі әдісімен тәмәмдауы себепті, бюроға енгізілген *барлық* документтер мен мәлімдемелерді жариялау қазіргі уақытта өте-мөте қажет болып отыр. Мәселен, съездің *бюросына* «Искраның» шетелдік бөлімінің және «Социал-демократ» ұйымының атынан «Искра» өкілінің (Фрейдің) қойған сауалын «Одақ» *келтірген* жоқ, бірақ бюроға ұсынылмаған және тіпті съезде оқылмаған жауапты, тек «Одақтың» өзі «жасаған» жауапты («Екі съезд» деген кітапшаның 26-беті) келтірген. «Сауал» қайтарып алынған болатын деп, «Одақ» қателесіп отыр. Сауал Фрейдің екі ұйымның атынан «Одаққа» берген екі сұрағынан тұратын (төмендегі 6-бетті қараңыз) *. Бұл сұрақтардың ешқайсысы да *қайтарылып алынбаған болатын,* тек сұрақтың формасы өзгертілген, өзгертілгенде, сұрақтар дауысқа

протоколды жасай алмаған болса, онда екінші күні кешке, біз съезден кетіп қалғаннан кейін, протокол туралы сөз болмауға да тиіс екені түсінікті ғой. Протоколдардың дайын болмағанын бәрі де жақсы білетін. Ендеше, «съездің протоколын бекітуді күтпестен» біздің председатель «қашып кетті» деп («Екі съезд» деген кітапшаның 29-беті) «Одақтың» кеюі тек сынықҡа сылтау іздегендіктен басқа түк те емес. Протокол стенограммасы болмаған соң үш секретарьдың өздері жиналып, жарыс сөздің барысын ең болмаса қысқаша болса да пайымдап шығудан басқа жол қалған жоқ-ты. Біз осы ұсынысты жасапық та, бірақ «Одақ» мұнан бас тартты. Толық демеген күнде де, қысқаша протоколдардың болмауына жауапкершілік «Одақтың» мойнына артылатыны анық.

* Қараңыз: осы том, 301-бет. *Ред.*

салуға болатын қарар күйіне келтіріліп өзгертілген-ді («июнь конференциясының қарарын принципі жағынан «Одақ» мойындай ма?» дегеннің орнына былай делінген: «барлық үш ұйым да принцип жағынан июнь конференциясының қарарын мойындайды» және т. б.), сонан соң «Одақ» «Күрес» тобының *бюроға жасаған* мәлімдемесін келтірген жоқ (төмендегі 6—7-беттерді қараңыз).

Июнь конференциясының қарарларына «Одақ» түзетулер енгізгеннен кейін «Күрес» тобының бір мүшесінің сөйлеген сөзінің мазмұнын «Одақтың» келтірмегені былай тұрсын, тіпті бұл сөз туралы ескерткен де жоқ *. Июнь конференциясына қатынасқан «Күрес» тобының мүшесі өзінің осы сөзінде «Одақтың» енгізген түзетулеріне қарсы шығып сөйлеген еді. Оның есесіне «Одақ» түзетулерге съезде Б. Кричевскийдің сөзінде айтылған, бірақ бюроға ұсынылмаған «дәлелдерді» бастырып шығарыпты. Бір сөзбен айтқанда, жарыс сөздерде айтылғандардың бәрін бірлесіп жазып шығу жөніндегі біздің ұсынысымызды қабылдамай тастап, «Одақ» өзіне тиімді дегендерді ғана айтып, керек десе бюроға енгізілгендердің өзінің бірсыпырасы жөнінде үндемей кетуді жөн көрген.

Біз бұл үлгіге еліктемек емеспіз. Біз бюроға енгізілген барлық мәлімдемелер мен документтерді бастырумен және съезге қатысқан *барлық* ұйымдардың шешендері қай мағынада сөйлегенін ғана көрсетіп өтумен шектелеміз. «Рабочее Делоның» 10-номеріндегі мақалалар және «Одақтың» *түзетулері* июнь конференциясында жасалған келісімнің принциптік негізін бұза ма, жоқ па — мұның төрелігін оқушылардың өздері айтсын. Сондай-ақ, бізді «жала» жабады деп немесе біз кетіп қалғандықтан съезд «болмай қалды» деп айыптауға дейін барып, «Одақтың» кітапшасында үйіп-төгіп келтірілген ашулы сөздерді біз, әлбетте, жауапсыз қалдырамыз. Бұлай деп айыптау тек күлкі келтіреді: үш ұйым бірігу туралы мәселені талқылау үшін бас қосты; екі ұйымның үшінші ұйыммен біріге алмайтынына көзі

* «Екі съезд» деген кітапшаның 28-беті.

жетті. Сондықтан тек өз пікірін айтып, кетіп қалудан басқа бұлардың амалы қалмағаны табиғи нәрсе ғой. Мұны съезді «болдырмай тастағандық» деу, ал «Одақтың» принцип жөнінен тұрлаусыздығы жайындағы пікірді «жала» деу — өздерінікі жөнсіз болған соң ғана ашуланатын кісілерден шығатын қылық.

Ал енді орыс социал-демократиясының талас мәселелері туралы біздің пікірімізге келетін болсақ, біз мұны съезд туралы мәліметтерді объективті түрде баяндаумен араластырмаған жөн деп білеміз. «Искра» мен «Заряда» басылған және әлі де басылатын мақалалардан басқа, біздің қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелеріне арналған арнаулы кітапша әзірленіп жатыр және ол жуық арада жарық көрмек.

1901 ж. ноябрьде жазылған

1901 ж. декабрьде Женевада «Орыс революцияшыл социал-демократиясының лигасы» шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

ФИНЛЯНДИЯ ХАЛҚЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

I Александрдан II Николайға дейінгі барлық патшалардың салтанатпен берген *антын* бұзып, Финляндияның конституциясына қол сұққан және қол сұғуын қоймай отырған үкімет саясатына Финляндия халқы өзінің батыл наразылығын білдірген, қалың бұқара қол қойып жазған жаңа хатын біз төменде толық келтіріп отырмыз.

Бұл хат 1901 жылы 17(30) сентябрьде патшаға табыс ету үшін Финляндия сенатына берілген. Хатқа еркек, әйелі бар және қоғамның барлық топтарынан 473 363 финляндтық, яғни *жарты миллиондай* азамат қол қойған. Финляндияның барлық халқы $2^{1}/_{2}$ миллион, олай болса, бұл хат шынында *бүкіл халықтың үні* болып табылады.

Бұл хаттың толық тексті мынандай:

«*Құдіреті күшті, рақымы мол патша ағзам император және ұлы князь!* Ұлы мәртебелі император тақсыр Сіздің Финляндияның әскери міндеткерлігі туралы заңды өзгертуіңіз өлкенің барлық жерлерінде жаппай үрей туғызып, ауыр қайғы орнатты.

Ұлы мәртебелі император тақсыр Сіз осы жылы 12 июльде (29 июньде) бекіткен әскери міндеткерлік туралы әміріңіз, манифесіңіз бен заңыңыз ұлы князьдіктің негізгі заңдарын және фин халқы мен осы өлкедегі азаматтардың өзінің заңдарына тән аса қымбатты праволарын түбірімен бұзғандық болып табылады.

Өлкені қорғау жөніндегі азаматтардың міндеттері туралы ережелер, негізгі заңдар тұрғысынан алғанда земство қызметкерлерінің келісімі болмайынша, басқа жолдармен шығарылмауға тиіс. Әскери міндеткерлік туралы 1878 жылғы заң да осы тәр-

тіппен император II Александрдың және земство қызметкерлерінің келіскен шешімі бойынша шығарылған болатын. Император III Александр патшалық құрған дәуірде бұл заңға көптеген жеке өзгерістер енгізілді, бірақ әрбір ретте де земство қызметкерлерінің келісімімен енгізіліп отырған-ды. Осыған қарамастан, енді келіп земство қызметкерлерінің келісімінсіз, 1878 жылғы заң жойылады деп жариялапып отыр, ал бұл заңның орнына шыққан жаңа қаулылар 1899 жылғы Төтенше сейм земство қызметкерлерінің шешімінен бүтіндей алшақ жатыр.

Финляндияның әрбір азаматына тән ең маңызды праволардың бірі — Финляндия заңдарының панасында өмір сүріп, әрекет ету. Қазір Финляндияның сан мыңдаған азаматтары бұл праводан жұрдай болып отыр, өйткені әскери міндеткерлік туралы жаңа заң бұларды орыс әскерінде қызмет етуге міндеттейді, сөйтіп тілі, діні, мінез-құлқы мен әдет-ғұрпы жат әскерге еріксіз алынатын біздің өлкеміздің перзенттері үшін әскери міндеткерлігін орындау азапқа айналдырылмақшы.

Жаңа қаулылар жылма-жылғы контингентке заң бойынша белгіленген шектеуді жояды. Мұның үстіне бұл қаулыларда земство қызметкерлерінің негізгі заңдарда айтылған соғыс бюджетін белгілеу ісіне қатысу праволары ешқандай мойындалмайды.

1878 жылғы заңның негізгі қағидаларына қарамастан, тіпті жасақтың өзі де түгелдей әскери министрдің ұйғарымына тәуелді етіп қойылған.

Манифесте жарияланған жеңілдіктер әзірше анықталып болмаған өткінші уақыттың ішінде мұндай нұсқаулардың әсерін жеңілдете алмайды, өйткені әскерге шақырылатындардың санын уақытша азайтудың артынан орыс әскерінде қызмет атқаруға шақыру шексіз көбейеді.

Финляндия халқы қазіргі уақытта өз мойнымен көтеріп отырған соғыс ауыртпалығын әйтеуір бір жеңілдетуді сұраған емес. Финляндия мекемелері ретінде фин әскерінің праволық жағдайлары сақталатын болса, Финляндия тарапынан мемлекет қорғау ісіне қатысу үлесін мүмкіндігінше көбейте беруге әзір екенін халық пікірін білдірген земство қызметкерлері дәлелдеді.

Осыған қарама-қарсы жаңа қаулыларда фин әскерлерінің көпшілік бөлігі жойылады, орыс офицерлері сақталып қалатын азын-аулақ әскери бөлімдерге қызметке кіре алады деп белгіленген; бұл әскери бөлімдерде тіпті унтер-офицерлердің өзі орыс тілін білуі керек, міне осының салдарынан Финляндияда туған көбінесе шаруа сословиесінен шыққандар осы аталған лауазымдардан мүлде шеттетілмек; бұл әскерлер орыс басқармаларының қарауына кіреді және олар бейбіт уақыттың өзінде де Финляндиядан тыс жерлерде орналасуы мүмкін.

Қандай да болсын бір реформа емес, Финляндияның ұлттық әскерін жоюды ғана көздейтін бұл әмірлер сенімсіздік жасалып отырғанын көрсетеді; ал Финляндия халқы өзінің Россиямен қосылған жүз жыл дерлік дәуірінің ішінде мұндай сенімсіздік көрсетуге сылтау боларлық ешқандай мінез көрсеткен жоқ.

Әскери міндеткерлік туралы жаңа қаулыларда Финляндия халқының өз алдына отаны бар екенін, ал бұл өлкеде туғандардың — Финляндия азаматы деген правосы бар екенін теріске шығаратын сөздер де кездеседі. Бұл сөздердің астарында Финляндия халқының саяси жағдайын сақтап қалу жөніндегі сөзсіз правосымен сыйыса алмайтын мақсаттың ұшығы көрінеді, ал бұл жағдай 1809 жылы Финляндияға пайдалы түрде мықтап куәландырылған болатын.

Соңғы жылдары өлкеміздің еңсесін ауыр қайғы баса бастады. Ішінара заң шығару шараларынан, ішінара маңызды қызмет орындарына Россияда туған адамдарды қоюдан өлкенің негізгі заңдарының қағидалары елеусіз қалдырылып отырғанына бірден-бірге көзіміз жете бастауда. Өлке әкімшілігінің міндеті тыныштық пен тәртіптің қаймағын бұзу, жалпыға пайдалы талпыныстарға кедергі жасау, орыстар мен финляндықтардың арасында ала көздік тудыру секілді — өлке әкімшілігіне осындай бағыт беріліп отыр.

Алайда өлкенің басына қонған ең ауыр бақытсыздық — әскери міндеткерлік туралы жаңа қаулылардың енгізілуі.

Өздерінің 1899 жылғы 27 майда Ұлы мәртебелі тақсырдың қарауына жолдаған жауап хатында земство қызметкерлері әскери міндеткерлік туралы заң шығарарда Финляндияның негізгі заңы бойынша сақталуға тиісті тәртіпті толық баяндап жазған еді. Олар сол жолы: егер әскери міндеткерлік туралы жаңа заң басқаша тәртіппен шығарылатын болса, онда мұндай заң, күштеудің арқасында енгізілген күнде де, правоға сыйымды заң болып танылуға тиіс емес, ал Финляндия халқына күштеп әмір беру ғана болып көрінеді деп көрсеткен болатын.

Земство қызметкерлері айтқанның бәрі Финляндия халқының право жөніндегі бұлжымас түсінігі болып қала береді, оны күшпен өзгертуге болмайды.

Өлкенің заңдарымен үйлестірілмеген әмірлерден келіп туатын өте-мөте ауыр зардаптардан қауіптенбей болмайды. Чиновниктер мен үкімет мекемелерінің өз борышын сезінуіне азапты алалық туады, өйткені олардың ожданы мұндай әмірлерді басшылыққа алмауға итермелейді. Жарияланған қаулылар іске асырылатын болса, өзгеріс қатерінен қорқып бұрынырақ қоныс аударуға мәжбүр болған еңбекке жарамды адамдардың саны бұрынғыдан да көбейе бермек.

Финляндия халқының өз алдына саяси және ұлттық өмір сүру правосына қарсы бағытталып отырған басқа шаралар сияқты, әскери міндеткерлік туралы жаңа қаулылар да монарх пен халықтың арасындағы сенімді, сөз жоқ, бұзады, сондай-ақ наразылықты барған сайын күшейте түседі, жұрттың жаппай езілуде екенін сезініп, болашағына сенімсіздікпен қарауын тудырады, өлкенің игілігі жолындағы жұмыста қоғам үшін де, оның мүшелері үшін де орасан зор қиыншылықтар пайда болады. Осыларды болдырмау үшін жоғарыда айтылған әмірлерді земство қызметкерлерінің қатысуымен шығарылған әскери міндеткерлік туралы заңмен ауыстырғаннан басқа, ал өлкенің өкімет

орындары негізгі заңның нұсқауларын түгелдей дәлме-дәл басшылыққа алғаннан басқа жол жоқ.

Финляндия халқы өз алдына халық болып өмір сүруден қала алмайды. Тарихи тағдырының, заң ұғымдарының және мәдени жұмысының ортақ болуы арқасында біріккен біздің халқымыз өзінің финляндиялық отанына және өзінің заңды бостандығына сүйіспеншілігін ілгеріде де сақтайды. Халық өзінің халықтар арасындағы тағдырдың өзі оған бөлген қарапайым орнына лайықты түрде ие болуға ұмтылудан ауытқымайды.

Қоғамдық өміріміздің тірегі болып отырған өзіміздің правомызға сенетініміз және өзіміздің заңымызды құрметтейтініміз тәрізді, Россиямен қосылып отырғанына бақыттымын, тыныштықтамын деп сезіну үшін, егер мұнан былай да Финляндия 1809 жылы белгіленген негізгі ережелерге сәйкес басқарылып отыратын болса, онда құдіретті Россияның бірлігіне келер зиян жоқ екеніне де біз берік сенеміз.

Отаны алдында өзінің борышын сезе келіп, қоғамның барлық қауымдарындағы адамдар мен барлық топтар Сіздің императорлық ұлы мәртебеңізге істің жайын әсірелемей шын күйінде баяндап шығуға мәжбүр болып отыр. Жоғарыда біз ұлы князьдіктің салтанатпен куәландырылған негізгі заңдарына қайшы келетін әскери міндеткерлік туралы жуырда жарияланған қаулылар правоға сыйымды заң болып танылмайтынын айтқанбыз. Финляндия халқы үшін сондайлық маңызды болып отырған право жөніндегі берік ережелерден және бұл осыншама маңызды мәселе жөнінен заңмен қамтамасыз етілген тыныштықтан айрылуға қарағанда, соғыс шығындарының ауыртпалығы өзін ғана алғанда оншама маңызды емес екенін қоса айтуды өзіміздің борышымыз деп санаймыз. Солай болған соң да, осы хатта елеулі мәнінен туып, қозғалып отырған мәселелерді Сіздің императорлық ұлы мәртебеңіздің рақымшылдықпен қарауын шын жүректен өтініш етеміз. Құзырыңызға құлдық».

Негізгі заңдарды бұзушы орыс чиновниктері шайкасына құрылған нағыз халық соты болып табылатын бұл хатқа біздің қосарымыз аз.

«Финляндия мәселесі» жөнінде басты мәліметтерді естеріңізге салалық.

Финляндия Россияға 1809 жылы, Швециямен соғыс кезінде қосылды. Швед королінің қол астында болған финляндықтарды өз жағына тарту үшін, I Александр Финляндияның ескі конституциясын тануға және оны бекітуге ұйғарды. Бұл конституция бойынша, *сеймнің, яғни барлық сословиелер өкілдері жиналысының келісімі болмайынша*, ешбір негізгі заң шығарылуға, өзгертілуге, түсіндірілуге немесе жойылуға тиіс емес еді. Сондықтан I Александр бірнеше манифесте *«өлкенің*

ерекше конституциясын қасиеттеп сақтау туралы уәдесін» «салтанатты түрде» қайталап айтқан болатын.

Антпен бекіген осы уәдені кейін орыс патшаларының бәрі, соның ішінде, II Николай да, 1894 жылдың 25 октябріндегі (6 ноябрь) манифесінде: «...оларды (негізгі заңдарды) бұзылмайтын және айнымайтын күшінде және қолданып отырарлық күшінде сақтау туралы уәде» беріп, растаған болатын.

Енді, міне, арада бес жыл өтпей жатып, орыс патшасы *ант бұзған* адам болып шығып отыр. Сатылғыш, мәймөңке баспасөздің Финляндияға қарсы ұзақ уақыт бойы өшіктіруінен кейін 1899 жылдың 3(15) февралындағы «манифест» шықты, бұл «манифесте»: «егер жалпы мемлекеттік қажеттіліктен туатын болса немесе империяның заңдарымен байланысты болса», *сеймнің келісімінсіз-ақ* заңдар шығаруға болады,— деген жаңа тәртіп белгіленді.

Мұның өзі конституцияны сорақы түрде бұзу, нағыз *мемлекеттік төңкеріс* болды, өйткені кез келген заң жөнінде ол заң жалпы мемлекеттік қажеттіліктен туды деуге болады ғой!

Ал бұл мемлекеттік төңкеріс *күштеп* жасалды: генерал-губернатор Бобриков, егер сенат манифест жариялаудан бас тартатын болса, Финляндияға әскер кіргізбек болып қорқытты. Финляндияда тұрған орыс әскерлеріне (орыс офицерлерінің-ақ айтуы бойынша) оқтаулы патрондар таратылып қойылды, аттар ерттеліп әзір тұрды және т. б.

Алғашқы күштеуден кейін тағы да сансыз күштеулер болып жатты: Финляндия газеттері бірінен соң бірі жабылды, жиналыс бостандығы жойылды, халықты көтеріліске еліктіртен орыс шпиондары мен жексұрын арандатушыларды Финляндияға қаптатып жіберді және т. т. т. б. Ақырында, *сеймнің келісімінсіз,* 29 июньде (12 июльде), хатта толық талданған, әскери міндеткерлік туралы заң шығарылды.

1899 жылдың 3 февралындағы манифест те, 1901 жылдың 29 июніндегі заң да *заңсыз,* бұл — патша үкіметі деп аталатып баскесерлер шайкасымен бірлескен ант бұзған патшаның зорлығы. Екі жарым миллион

финляндықтардың көтеріліс туралы ойлауға, әрине, амалы да жоқ, бірақ біздер, орыс азаматтары, бізді ұятқа қалдырып отырған масқаралық жөнінде ойлануымыз керек. Біздің әлі де құлдық дәрежеде екеніміз соншалық, басқа тайпаларды құлдыққа түсіру үшін біздің өзімізді пайдаланып отыр. Біз Россияның бостандыққа талпыну әрекетінің қандайын болса да қанішерлік қаталдықпен басып тастап қана қоймай, оның үстіне орыс әскерлерін басқаның бостандығына қол сұғу үшін пайдаланып отырған үкіметке әлі күнге дейін төзіп келеміз.

«Искра» № 11, 20 ноябрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«СВОБОДА» ЖУРНАЛЫ ТУРАЛЫ

«Свобода» [142] журналсымағы тіпті нашар-ақ. Оның авторы — бұл журнал басынан аяғына дейін бір адам жазып шыққан ғой деген ой тудырады — «жұмысшылар үшін» ұғымды тілде жазған болып көрінгісі келеді. Бірақ бұл ұғымдылық емес, беталды ұғымды болғансу. Бірде-бір қарапайым сөз жоқ, бәрін көлгірсіп айтады... Автор қылымсусыз, «халық» теңеулерін, «ихний» деген тәрізді «халық» сөздерін келтірмей бір ауыз сөз айтпайды. Жаңа мәлімет, жаңа мысалдар келтірмей-ақ, жаңадан қайта өңдемей-ақ әдейі тұрпайыланған социалистік ерғашты пікірлерді осындай мүгедек тілмен мылжыңдай береді. Көпшілікке ұғымды ету тұрпайыландырудан, ұғымды еткенсуден көп аулақ жатыр дер едік біз авторға. Көпшілікке ұғымды жазушы, ең қарапайым, жұртқа ең мәлім мәліметтерге сүйене отырып, ойға жеңіл пікірлердің немесе аса ыңғайлы мысалдардың көмегімен осы мәліметтерден шығатын негізгі *қорытындыларды* көрсете отырып, ойланып оқитын оқушыны алдағы мәселелерге ұдайы итермелей отырып, оқушыны терең пікірлерге, терең ілімге жетелейді. Көпшілікке ұғымды жазушы ойланбайтын, ойлангысы келмейтін немесе ойлана білмейтін оқушыға жазып отыр екенмін деп санамайды,— қайта жетілмеген оқушының ойлап істеуге шын ниеті бар екен деп санайды да, осы байсалды, ауыр жұмысты істеуде оған *көмектеседі,* оған алғашқы адымды жасауға көмектесіп, өздігімен ілгері басуға *үйретіп,* оны алға жетелейді.



В. И. Лениннің ««Свобода» журналы туралы» қолжазбасының бірінші беті.— 1901 ж.
Кішірейтілген

Тұрпайы жазушы ойланбайтын және ойлана алмайтын оқушыға жазып отырмын деп санайды, ол оқушыны нағыз ғылымның бастапқы негізіне жетектемейді, қайта әзіл-қалжыңмен және жаңылтпаштармен тұздықталған тұрлаусыз-тұрпайы түрде белгілі ғылымның *барлық* қорытындыларын «даяр» күйінде ұсынады, сөйтіп оқушыға шайнарлық та ештеңе қалмайды, тек әлгі ботқаны қылқылдатып жұта беруге ғана тура келеді.

1901 ж. күзде жазылған

Бірінші рет 1936 ж. «Большевик» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭКОНОМИЗМДІ ҚОРҒАУШЫЛАРМЕН ӘҢГІМЕ

Біздің бір өкіліміздің бізге жіберген хатын толық келтірелік:

«Орыс социал-демократиялық органдарына хат.

Айдауда бірге болған біздің жолдастардың «Искра» жөнінде пікір айтыңыздар деген ұсынысына жауап ретінде біз бұл органмен өзіміздің қосыла алмайтынымыздың себептері туралы мәлімдемек болып ұйғардық.

Саяси күрес мәселелеріне әдейілеп арналған социал-демократиялық ерекше органның мейлінше дер кезінде пайда болғанын мойындай отырып, біз осындай міндетті мойнына алған «Искра» оны қанағаттанарлық етіп шешті деп ойламаймыз. Газеттің өн бойынан өзекті орын алып отырған және оның басқа да барлық ірілі-уақты қателеріне себепші болып отырған негізгі кемшілігі мынау: «Искра» қозғалыстың белгілі бір бағытына қозғалыс идеологтарының ететін әсері мағынасында алғанда оларға аса көрнекті орын беріп отыр. Сонымен бірге «Искра» қозғалыстың материалдық элементтерімен және материалдық ортамен аз есептеседі, ал қозғалыстың материалдық элементтері мен материалдық ортаның өзара әсерінен жұмысшы қозғалысының белгілі типі туады және оның жолы белгіленеді, идеологтарға келетін болсақ, ең жақсы теориямен және ең жақсы программамен рухтанған болса да, бұлар өздерінің барлық күшін жұмсағанымен де қозғалысты осы жолдан басқа жолға түсіре алмайды.

«Исқраның» бұл кемшілігі оны «Южный Рабочиймен»[143] салыстырғанда көзге айрықша түседі, бұл газет «Искра» тәрізді саяси күрестің туын көтере отырып, осы күресті оңтүстік орыс жұмысшы қозғалысының бұрынғы өткен сатыларымен байланысты алып қарайды. Мәселені бұлай қою «Искраға» мүлде жат. «Ұшқыннан үлкен өрт тудыруды» өзінің мақсаты етіп қоя отырып, бұл үшін қолайлы жанғыш материал және қолайлы сыртқы жағдайлар қажет екенін «Искра» ұмытады. «Экономис-

тердеи» ат-тонып ала қашады да, «Искра» өзі ерекше баса көрсетіп отырған және сыңайына қарағанда асыра бағалап отырған февральдағы және марттағы оқиғаларға жұмысшылардың қатысуын әзірлеу экономистер қызметінің нәтижесі екенін естен шығарады. 90-жылдардың аяғындағы социал-демократтардың жұмысына теріс қарап, «Искра» ол кезде ұсақ талаптар үшін күресуден басқа жұмысқа жағдай болмағанын және бұл күрестің зор тәрбиелік маңызы болғанын елемей отыр. Бұл кезеңді және орыс социал-демократтары қызметінің бұл бағытын мүлдем теріс және тарихи жағынан мүлдем қате бағалап, «Искра» бұлардың тактикасын Зубатовтың тактикасына балайды, жұмысшы қозғалысын кеңейте, тереңдете түсетін «ұсақ талаптар үшін күрес» пен қандай да болсын күресті және қандай да болсын қозғалысты жансыздандыруды мақсат ететін «ұсақ жеңілдіктердің» арасындағы айырманы көрмей отыр.

Әлеуметтік қозғалыстың нәресте кезіндегі идеологтарға соншалықты тән сектанттық төзімсіздік әбден бойына сіңген «Искра» өзімен алауыздықтың бәрін де социал-демократиялық принциптен ауа жайылушылық деп қана емес, тіпті жау лагеріне оту деп айып тағуға әзір тұрады. Оның «Рабочая Мысльға» қарсы мейлінше қатал және аяусыз айыптауға лайық дәмесіз қылығы осындай, «Рабочая Мысльға» өзінің Зубатов туралы мақаласын арнап, «Искра» жұмысшылардың кейбір топтары арасындағы Зубатовтың табыстарын осы «Рабочая Мысльдің» әсерінен көреді. «Искра» орыс жұмысшы қозғалысының барысы мен міндеттеріне өзінен гөрі басқаша қарайтын басқа социал-демократиялық ұйымдарға теріс көзқараспен қарап, олармен айтыстың қызуы үстінде ақиқатты көбінесе ұмытып кете береді және шынында да орынсыз шыққан кейбір сөздерге жармасып, өзінің қарсыластарына олардың ойында жоқ көзқарастарды таңады, алауыздықтың оншалық мәні жоқ жерлерін баса көрсетеді де, көзқарастың көптеген ортақ жерлеріне келгенде қасарысып үндемей қояды; біздің айтып отырғанымыз — «Искраның» «Рабочее Делоға» көзқарасы.

Оның осы тым айтысқұмарлығы ең алдымен «идеологияның» (программалардың, теориялардың...) қозғалыстағы ролін асыра бағалауынан туады, ол ішінара Батыста орыс эмигранттарының арасында қыза түскен озара қиян-кескі айтыстың сарыны болып табылады, бұлар өздерінің бірқатар айтыс кітапшалары мен мақалаларында бұл қиян-кескі айтыс туралы дүниеге мәлімдеп те үлгерді. Біздіңше, олардың осы алауыздықтарының бәрінің де орыс социал-демократиялық қозғалысының іс жүзіндегі барысына ешқандай дерлік әсері жоқ; тек Россияда әрекет етуші жолдастардың арасына көңілсіз жарықшақ салып, бұл қозғалысқа осы тұрғыда ғана зиян келтіреді, сондықтан біз «Искраның» айтысқұмарлығына, әсіресе оның өзі сыпайыгершіліктің шеңберінен шығып кеткен кездерінде, теріс көзқараста болмай тұра алмаймыз.

«Искраның» нақ сол негізгі кемшілігі — социал-демократияның түрлі қоғамдық таптар мен бағыттарға көзқарасы туралы

мәселеде оның дәйекті болмауының себебі. Теориялық есептер арқылы дереу абсолютизмге қарсы күреске көшу туралы міндетті шешеді де, «Искра», сірә, істің қазіргі жағдайында жұмысшылар үшін бұл міндеттің бүкіл қиындығын сезіп, бірақ осы күрес үшін бұлардың мұнан да былай күш жинауын күтіп отыруға шыдамы жетпей, либералдар мен интеллигенцияның қатарынан одақтастар іздей бастайды және өзінің осы ізденістері кезінде тап қайшылықтарын бүркемелеп, «одақтастардың» үкіметке наразылығының себептері мен дәрежесі мейлінше әр түрлі болса да, үкіметке ортақ наразылықты бірінші қатарға қойып, таптық көзқарас тұрғысынан шығып кетуі жиі кездеседі. Мысалы, «Искраның» земствоға көзқарасы осындай. Көбінесе өнеркәсіпке қарағанда земствошы мырзалардың аграрлық ниеттерін үкіметтің жеткіліксіз қорғайтынынан туып отыратын земствоның қиқарсыған қылықтарын «Искра» саяси күрестің өртіне айналдырмақ болады, сөйтіп үкімет садақасымен қанағаттанбай қалған дворяндарға жұмысшы табының көмегін көрсетпек болып уәде береді де, халықтың бұл топтарының таптық араздықтары туралы түк айтпайды. Біз земствошылар ояна бастады деуге және земство үкіметпен күресуші элемент деп тануға бармыз, бірақ біздің бұл тәрізді элементтермен жасауымыз мүмкін келісіміміздің сипаты туралы еш күмән қалдырмайтындай етіп айқын да анық формада тануға болады. Ал «Искра» земствоға көзқарас туралы мәселені, біздіңше, таптық сананы тек көмескілеп тастайтындай етіп қойып отыр, өйткені «Искра» бұл жерде либерализмді уағыздаушылармен және түрлі мәдени бастамалармен қатар, социал-демократиялық әдебиеттің негізгі міндетіне, буржуазиялық құрылысты сынау міндетіне және таптық мүдделерінің антагонизмін көмескілеу емес, қайта оларды ашу міндетіне қарсы қояды. «Искраның» студенттер қозғалысына да көзқарасы дәл осындай. Оның бер жағында, «Искра» өзінің басқа мақалаларында «мәмлеге келудің» бәрін қатты мінейді де, мәселен, гедистердің адам төзіп болмайтын тәртібін қорғап шығады.

«Искраның» мұнан гөрі маңызсыздау басқа кемшіліктері мен қателеріне тоқталып жатпастан, біз қорытындыда төмендегіні ескерте кетуді борышымыз деп санаймыз: біз оны сынағанда «Искраның» ие бола алатын маңызын тіпті де азайтқалы отырғанымыз жоқ және оның қасиетін көрмейді емеспіз. Біз оны Россиядағы социал-демократиялық саяси газет ретінде құттықтаймыз. Террор туралы мәселеге дер кезінде бірнеше мақала арнап, бұл мәселені ойдағыдай анықтағанын біз оның зор еңбегі деп санаймыз. Ақырында, біз «Искраның» жасырын баспаларда соншалықты сирек кездесетін, үлгі боларлықтай әдеби тілін, оның үздіксіз шығып тұратынын және тың, қызғылықты материалдарды мол жариялап отыратынын атап өтпей тұра алмаймыз.

Сентябрь, 1901 ж.

Жолдастар».

Бұл хат жөнінде біздің ең алдымен айта кететініміз, бұл хат авторларының туралығын және ашық айтқанын құптаймыз. Өзінің «экономикалық» «credo»-сын * жасырып («саясатшылары» бөлініп шыққан Одесса комитетінің бір бөлігінің істеп отырғанындай) немесе, ақиқатты бейне бір мазақ еткендей, қазіргі уақытта «тіпті бірде-бір социал-демократиялық ұйым «экономизмнің» кінәсын арқалап отырған жоқ» («Рабочее Дело» бастырған «Екі съезд» деген кітапша, 32-бет) деп, жасырынбақ ойнағанды қоятын кез әлдеқашан жетті.— Ал енді іске көшелік.

Хат авторларының негізгі қатесі — «Раб. Делоның» (әсіресе 10-номерін қараңыз) жасап отырған қатесінің дәл өзі. Бұлар қозғалыстың «материалдық» («Рабочее Делоның» сөзімен айтқанда, стихиялық) элементтері мен идеологиялық («жоспар бойынша» әрекет ететін саналы) элементтерінің араларындағы өзара қатынас туралы мәселеде шатысып жүр. Олар «идеолог» стихиялы қозғалысқа жол көрсетіп, соның *алдында* жүріп отыратын болса ғана, қозғалыстың «материалдық элементтері» стихиялы түрде кездесіп отыратын барлық теориялық, саяси, тактикалық және ұйымдық мәселелерін басқалардан бұрын шеше алған кезде ғана, міне сонда ғана идеолог деген атақты ақтай алатынын түсінбейді. «Қозғалыстың материалдық элементтерімен» шындап «есептесу» үшін бұларға сын көзбен қарау керек, стихиялық қозғалыстың қауіп-қатерлері мен кемшіліктерін көрсете білу керек, стихиялылықты саналылық дәрежесіне *көтере* білу керек. Идеологтар (яғни, саналы басшылар) қозғалысты орта мен элементтердің өзара әсері белгілейтін жолдан басқа жолға сала алмайды деу,— осы өзара әсерлерге және осы анықтамаға саналылықтың *қатысатынын*, ақиқаттың осы әліппесін ұмытқандықты көрсетеді. Европадағы католиктік және монархиялық жұмысшы одақтары — бұларда орта мен элементтердің өзара әсерінің қажетті нәтижесі, бірақ бұл өзара әсерге социалистердің саналылығы емес, поптар мен Зубатовтардың саналылығы қатысқан.

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

Хат авторларының («Рабочее Делоның» да) теориялық көзқарастары марксизм емес, марксизмге жасалған келемеж; стихиялы эволюцияны саналы революциялық қызметпен қалай байланыстыруды түсінбейтін, біздің «сыншыларымыз» бен бернштейншілдер осындай келемежді кәсіп етеді.

Осы қазіргі кезеңде бұл теориялық терең адасушылық орыс социал-демократиясына сансыз зиян шектірген және зиян шектіріп отырған орасан зор тактикалық қателерге соқтырады. Әңгіме мынада, жұмысшы бұқарасының да, (оның ықпалымен) басқа да қоғамдық топтардың да стихиялық өрлеуі соңғы жылдарда таңқаларлықтай жылдам болып отыр. Тіпті 1898 жылмен салыстырғанда да қозғалыстың «материалдық элементтері» орасан зор өсті, бірақ *саналы басшылар* (социал-демократтар) *бұл өсуден артта қалып отыр.* Орыс социал-демократиясының бастан кешіріп отырған дағдарысының негізгі себебі, міне, осында. Жаппай (стихиялық) қозғалысқа солқылдақтықтың қандайынан болсын аулақ болуды қамтамасыз етерліктей, теориялық жағынан әзірлігі мол «идеологтар» жетіспей отыр, жаңа қозғалыстың негізінде айбынды саяси партия құру үшін саяси ой өрісі кең, революциялық қажыры мен ұйымдастыру таланты күшті басшылар жетіспей отыр.

Алайда, мұның бәрі ештеңе етпес еді-ау. Теориялық білім де, саяси тәжірибе де, ұйымдастыру ісіндегіептілік те, мұның бәрі де үйрене келе пайда болатын нәрсе. Тек үйренуге, өз бойына қажетті сананы дарытуға ықылас болсын деңіз. Бірақ 1897 жылдың аяғынан бастап, әсіресе 1898 жылдың күзінен бері қарай орыс социал-демократиясында бұл кемшілікті көргісі келмегені былай тұрсын, тіпті осының өзін айрықша бір игілік деп жариялаған, стихиялыққа бас июді, құлдық ұруды теория дәрежесіне көтерген, социал-демократтар алда жүрмей, қозғалыстың *соңынан* сүйретіліп отыруы керек деп уағыз айта бастаған адамдар мен осындай органдар бас көтерді. (Бұл органдарға «Рабочая Мысль» ғана емес, «сатылар теориясынан» бастап, стихиялықты, «қазіргі уақыттағы қозғалыстың толық праволылығын»,

«тактика-процесті» және басқаларды принцип жағынан қорғаумен аяқтаған «Рабочее Дело» да жатады).

Нағыз сор, міне, осы. Мұның өзі экономизм (осы сөздің кең мағынасында) деп аталып кеткен және өзінің негізгі белгісі *артта қалушылықты,* яғни жоғарыда түсіндіргеніміздей, бұқараның стихиялық өрлеуінен саналы басшылардың артта қалуып түсінбеу ғана емес, соны тіпті *қорғау* болып табылатын *ерекше бағыттың* пайда болуы еді. Бұл бағыттың сипаты мынау: принцип жағынан — марксизмнің қадірін кетіру, оппортунизмнің қазіргі замандағы ең жаңа бір түрі болып отырған «сынның» алдындағы дәрменсіздік; саяси жағынан — саяси үгіт пен саяси күрестің өрісін тарылтуға немесе оны ұсақтатуға тырысу, жалпы демократиялық қозғалысқа басшылықты өз қолына алмайынша, социал-демократияның самодержавиені құлата алмайтынын түсінбеу; тактика жағынан — мейлінше тұрақсыздық («Раб. Дело» көктемде террор туралы «жаңа» мәселеге келгенде аңырып тұрып қалды, тек жарты жылдан кейін ғана, бірсыпыра қобалжудан соң, өзінің қашаннан бергі әдеті бойынша, қозғалыстың соңынан сүйретіле жүріп, оған мейлінше екі ұшты мағынада қарсы пікір білдірді); ұйымдық жағынан — қозғалыстың жаппай сипатта болуы әзірлік күресіне де, ойламаған жерден болатын кез келген дүмпуге де және, ақырында, ең соңғы шешуші шабуылға да басшылық ете алатын революционерлердің берік, бір орталыққа бағынған ұйымын құру жөніндегі міндетімізді әлсіретпек түрсын, қайта күшейте түсетінін түсінбеушілік.

Біз бұл бағытпен ымырасыз күрес жүргізіп келдік, бұл күресті мұнан былай да тоқтатпаймыз. Ал хат авторларының өзі де осы бағыттың адамдары болса керек. Олар бізге экономикалық күрес жұмысшылардың демонстрацияға қатысуын дайындады дейді. Иә, 1900 жылдың декабрінде-ақ (№ 1) сатылар теориясына * қарсы шыққанымызда, февральда (№ 2) студенттерді солдаттыққа бергеннің артынша және демонстрация

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 401—407-беттер. *Ред.*

басталғанға дейін-ақ жұмысшыларды студенттерге * көмектесуге шақырғанымызда бұл дайындықты басқалардан гөрі бұрын және басқалардан гөрі тереңірек бағалаған нақ біз болатынбыз. Февраль мен март айларындағы оқиғалар «Искраның» «қорқынышы мен қауіптенушілігі бекер» (осылай деп істің мәнін мүлде түсінбейтінін көрсеткен Мартыновтың ойлағанындай — «Рабочее Дело», № 10, 53-бет) емес екенін көрсетті, қайта оны түгелдей растады, өйткені басшылар бұқараның стихиялық өрлеуінен *артта қалып* қойған болып шықты, олар басшылар ретінде өздерінің міндеттерін орындауға әзір емес болып шықты. Бұл әзірлік қазірде де әлі жетілдірілмеген, сондықтан да стихиялық қозғалысқа қарағанда «идеологияның ролін» немесе саналы элементтің ролін «асыра бағалайды» және т. с. деген пікірлердің бәрі де біздің партияға практика жүзінде мейлінше зиянды әсер етуде.

Таптық көзқарастың мүддесін көздесең, халықтың түрлі топтарының үкіметке қарсы наразылығының ортақ екенін баса айта бермеу керек дейтін пікірлер де соншама зиянды әсер етеді. Керісінше, «Искраның» халықтың *барлық* топтарының ішінде саяси наразылықты оятатынын біз мақтан етеміз және біз осыны мұнан да гөрі кең көлемде істей алмағанымызға өкінеміз. Бізді бұл жерде таптық көзқарасты бүркемелейді деу дұрыс емес: хаттың авторлары мұндай бүркемелеудің бірде-бір нақты мысалын келтірген жоқ, келтіре де алмайды. Бірақ демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ретінде социал-демократия — «Рабочее Делоның» 10-номерінің 41-бетінде айтқан пікіріне қарамастан — түрлі оппозицияшыл топтардың белсенді ісіне басшылық етуі керек, бұлардың жекелеген және кәсіби тұрғыда үкіметпен қақтығысуларының жалпы саяси маңызын өздеріне түсіндіруі керек, бұларды революцияшыл партияны қолдауға тартуы керек, оппозицияшыл топтардың бәріне және кез келгеніне саяси ықпалын жүргізе алатын көсемдерді өз ортасынан әзірлеп шығаруға тиіс. Мұндай рольден бас тартудың қандайы

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер. *Ред.*

болса да, бұл бас тартуды пролетариаттың күресімен тығыз және біте қайнасқан байланысы және т. с. туралы қандай бір лепірме сөздермен әкеліп дәлелдесе де, социал-демократтардың «артта қалушылығын», жалпы халықтық демократиялық қозғалыстың өрлеуінен артта қалушылығын тағы да «қорғаумен» бірдей, басшылық рольді буржуазиялық демократияның қолына беріп қоюмен бірдей. Осы көктемдегі оқиғалар, социал-демократияның беделін және қадірін күшейтудің орнына, неліктен социал-демократиялық *емес*, революциялық бағыттардың жандануын тудырғанын хат авторларының өздері ойлансыншы!

Эмигранттардың арасындағы айтыстар мен бірін-бірі балағаттауы жөніндегі мәселеде хат авторларының көрсеткен, кісі таң қалғандай саңлаусыздығына біз қарсы шықпай тұра алмаймыз. Олар «Рабочая Мысльдің» Зубатов туралы арнаулы мақала жазуының «лайықсыздығы» туралы түкке тұрғысыз ескі әңгімені қайталап отыр. Бұлар «экономизмнің» таралуы Зубатов мырзалардың міндетін жеңілдететінін бекерге шығарып жүрмес пе екен? Экономистердің тактикасы мен Зубатовтың тактикасын тіпті де «бірдей» демей-ақ, мұны айтып жүрген біздер ғана. Ал енді «эмигранттарға» келетін болсақ (орыс социал-демократиясында идеялардың сабақтастығы жөнінде хаттың авторлары кешіруге болмайтындай тым бейғам болмаса, «эмигранттарды», атап айтқанда, «Еңбекті азат ету» тобын «экономизм» жөнінде сақтандыру сондайлық тамаша түрде ақталғаны оларға мәлім болар еді!), онда 1852 жылы Рейн жұмысшыларының арасында жұмыс жүргізген Лассальдің Лондон эмиграциясындағы айтыстар туралы не деп төрелік айтқанын тыңдаңыздар:

«Сенің,— деп жазды ол Маркске,— «ұлы адамдарға», Кинкельге, Ругеге және басқаларға... қарсы шығармаңның басылып шығуына полиция тарапынан кедергі бола қояр ма екен... Менің шамалауымша, үкімет мұндай шығармалардың пайда болуына қайта қуанар, өйткені ол «революционерлер бірін-бірі түтіп жейді» деп ойлайды. Партиялық күрес партияға күш беретінін, оның өміршеңдігін арттыратынын, партияның әлсіздігінің ең

зор айғағы оның болбырлығы, ап-айқын іске мән бермей жауырды жаба тоқитыны екенін, партия өзін тазарта отырып нығаятынын,— муны чиновниктік логика аңғармайды, мунан қауіптенбейді» (Лассальдің 1852 жылғы 24 июньде Маркске жазған хатынан) [144].

Бетің бар, жүзің бар демей қатты кетушілікті, ымырасыздықты, қызу айтысты, тағы басқаларын жақтырмайтын және бул күнде өздерінің саны да көбейіп кеткен биязы жандардың есінде болсын!

Сөзіміздің соңында айтарымыз, біз бул арада талас мәселелерді атүсті ғана шолып өте алдық. Буларды толық талдауға ерекше кітапша арнаймыз, ол кітапша шамасы бір жарым айдан кейін жарық көрер деген үміттеміз.

«Искра» № 12, 6 декабрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Г. В. ПЛЕХАНОВТЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛДЫҒЫНА

«Искра» редакциясы Г. В. Плехановтың революциялық қызметінің 25 жылдығын мерекелеуге шын ниетімен қосылады [145]. Бұл мереке пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік азаттық күресіне жетекшілік етуге және мәңгі ескі бола тұрса да, өзіне жаңаша ат қойып алып дүрсе қоя беретін оппортунизмнің тегеуріне төтеп беруге бір өзінің ғана қабілеті бар революциялық марксизмді нығайта түсетін болсын. Бұл мереке өзінің барлық күшін практикалық ауыр жұмысқа түгел жұмсап отырған мыңдаған жас орыс социал-демократтары мен қозғалыс үшін сондайлық қажет болып отырған: теориялық білімнің мол қорын, кең саяси ой өрісін, революциялық бай тәжірибесін беретін «Еңбекті азат ету» тобы арасындағы байланысты нығайтатын болсын.

Революциялық орыс социал-демократиясы жасасын, халықаралық социал-демократия жасасын!

1901 ж. декабрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

Бұдан екі апта бұрын біз 1876 жылғы 6 декабрьде Петербургтің Қазан алаңында болған Россиядағы ең бірінші әлеуметтік-революциялық демонстрацияның 25 жылдығын атап өттік және үстіміздегі жылдың басында демонстрациялық қозғалыстың орасан зор өрлегенін көрсеттік. Демонстранттар «жер және ерікке» (1876 ж.) [146] қарағанда неғұрлым айқын саяси ұран көтеруге тиіс,— «Уақытша ережелердің жойылуын» (1901 ж.) талап етуге қарағанда неғұрлым кең талап қоюға тиіс дедік. Мұндай ұран — *саяси бостандық ұраны,* мұндай бүкіл халықтық талап — *халық өкілдерінің жиналысын шақыру талабы* болуға тиіс.

Міне, енді демонстрациялар түрлі себептермен Нижнийде де, Москвада да, Харьковта да жаңадан көтеріліп жатқанын көріп отырмыз. Толқу жер-жердің бәрінде де көбейіп келеді, сондықтан оны барлық жерде озбырлықтың, езгінің және зорлық-зомбылықтың ұрығын себуші *самодержавиеге қарсы* бір арнаға салып, біріктірудің қажеттігі күшейіп келеді. Нижнийде 7 ноябрьдегі шағын болса да жақсы өткен демонстрация Максим Горькийді шығарып салумен байланысты болды. Нижегород демонстрациясында сөйлеген шешеннің тауып айтқанындай — Европаға әйгілі, барлық құралы еркін сөзінде болған жазушыны самодержавиелік үкімет сотсыз және тергеусіз өзінің туып-өскен қаласынан жер аударды. Баскесерлер оны бізге теріс ықпал жасады деп кінәлайды,— деді шешен жарыққа, бостандыққа аз

да болса ұмтылу талабы бар барлық орыс адамдарының атынан,— ал біз онысы дұрыс ықпал еді дейміз. Патшаның жендеттері озбырлықты құпия жүргізсе, біз олардың бұл озбырлығын жұртқа әйгілейміз, жария етеміз. Бізде жақсы өмір сүруге өз правосын қорғаған жұмысшыларды ұрып-соғады, озбырлыққа қарсылық көрсеткен студенттерді ұрып-соғады, бізде адал, батыл сөздің бәрін тұншықтырады! — Жұмысшылар қатысқан демонстрация студенттің: «озбырлық жойылады, ерікті, күшті, алып халық бас көтереді!» деген салтанатты сөзімен аяқталды.

Москва вокзалында Горькийді қарсы алуға жүздеген оқушылар шықты, бұдан үрейі ұшқан полиция Горькийді Москваға соқтырмай, жол үстінде (алғашқы берілген ерекше рұқсатқа қарамай), вагонда *тұтқынға алып,* Нижегород жолынан тура Курск жолына түсіп кетуге мәжбүр етті. Горькийдің жер аударылуына байланысты демонстрация болмай қалды, бірақ қайтыс болғанына 17 ноябрьде 40 жыл толған Н. А. Добролюбовты еске түсіруге арналған кешті өткізуге тыйым салынуына байланысты ешбір дайындықсыз айдың 18 күні генерал-губернатордың үйі алдында студенттер мен «бөгде адамдардың» (біздің министрлер айтқандай) шағын демонстрациясы болып өтті. Жиылған жұрт патша өкіметінің Москвадағы өкілін ысқырып масқаралады, өйткені озбырлықты шексіз жек көрген, «ішкі түріктерге» — самодержавиелік үкіметке — қарсы халық көтерілісін ынтығып күткен жазушы барлық оқыған және ойлы Россияға қандай қымбат болса, бұл жұртқа да сондай аса қымбат еді. Москвадағы студенттік ұйымдардың атқару комитеті өзінің 23 ноябрьдегі бюллетенінде дайындықсыз жасалған осы демонстрация наразылықтың және қарсылықтың айқын көрсеткіші деп дұрыс айтқан.

Харьковта студенттердің ісіне байланысты туған демонстрация нағыз көше бойындағы төбелеске айналды және бұған тек студенттер ғана қатысып қойған жоқ. Өткен жылдың тәжірибесі студенттер үшін босқа кетпеді. Тек халық қуаттаса, әсіресе жұмысшылар қолдаса ғана өздерінің табысқа жетуі қамтамасыз етілетінін

олар көзімен көрді, ал осындай қолдаудың болуы үшін олар тек академиялық (студенттік) бостандық үшін күресін қоймай, *барлық халықтың бостандығы үшін, саяси бостандық үшін,* күреске шығуға тиіс. Харьковтағы студенттер ұйымының одақтық советі мұны өзінің октябрьдегі прокламациясында-ақ ашып айтты. Сондай-ақ, Петербургтің, Москваның, Киевтің, Риганың және Одессаның студенттері де, халық меңіреу құлдықта отырғанда, академиялық бостандық туралы «армандаудың мағынасыз» екенін ұға бастады, бұл олардың листоктары мен прокламацияларынан көрініп отыр. Москвада генерал Ванновскийдің бір уақытта бір нәрсе жөнінде өзінің уәде бергені жайындағы «лақапты» жалғанға шығарған жексұрын сөзі; Петербургтегі тыңшының (Электротехника институтындағы бір студентті ұстап алып, оның хат тасушы арқылы алған хатын тартып алмақ болған) адам айтқысыз арсыздығы; Ярославль студенттерін көшеде және учаскеде полицияның айуандықпен ұрып-соғуы,— міне осылардың бәрі және мыңдаған басқа фактілер бүкіл самодержавиелік құрылысқа қарсы күрескен үстіне күресу туралы жар салып шақырады. Харьковтағы мал дәрігерлерінің оқиғасы шыдамның шегінен шыққан жері болды. 1 курстың студенттері проф. Лагермарктың іске көңілсіз қарайтынын, программаны студенттердің бетіне лақтыруға дейін барған адам төзіп болмайтын дөрекілігін айтып шағым жасады, оны аластау туралы петиция берді! Үкімет бұл істі тексерместен, бүкіл курсты институттан шығарып жіберді, сонымен қабат үкімет өзінің хабарлауында студенттер профессорларды өздері тағайындау правосын талап етеді деп жала жапты. Осыдан кейін Харьковтың барлық студенттері көтеріліп, ереуіл және демонстрация жасамақшы болды. 28 ноябрь — 2 декабрь арасында Харьков осы жылы екінші рет самодержавиенің озбырлығына наразылық көрсеткен халық пен «ішкі түріктердің» шайқасқан майданына айналды. Бір жағынан: «самодержавие жойылсын! жасасын бостандық!» — деген ұран. Екінші жағынан — қылыштау, қамшымен сабау, халықты атпен бастырмалату. Не жынысына, не жасына қарамай, барлық халықты және ар-

бір жеке адамды аямай сабаған полиция мен казактар қарусыз елді жеңіп, масайрауда...

Біз оларды шынымен-ақ масайратып қоямыз ба?

Жұмысшылар! Орыс халқын қорлап отырған жаудың күші сіздерге әбден таныс. Жаудың осы күші өздеріңіздің жақсы тұрмыс үшін және адамшылық ождан үшін қожайындармен күнделікті күресіңізде сіздердің қол-аяқтарыңызды матап отыр. Осы жау күші сіздердің жүздеген, мыңдаған ең абзал жолдастарыңызды ұстап әкетіп, түрмеге жауып, жер аударып отыр және онысымен қоймай әдейі қорлап, оларды «тәртібі жаман адамдар» деп жариялап отыр. Осы жау күші 7 май күні Петербургте: «бізге бостандық керек!» — деп ұран салып көтерілген Обухов жұмысшыларына оқ атты,— сонан соң оның үстіне оққа ұшпай аман қалған батырларды каторгада шіріту үшін сот комедиясын жасады. Осы жау күші бүгін студенттерді сабаса, ертең одан бетер құтырынып сіздерді, жұмысшыларды сабайды. Уақытты өткізіп алмаңыздар! Естеріңізде болсын, сіздер самодержавиелік үкіметтің баскесерлеріне қарсы әрбір наразылық пен күресті қуаттауға тиістісіздер! Демонстрант-студенттермен ынтымақтасуға барлық күш-мүмкіншіліктеріңізді жұмылдырыңыздар, мәліметтерді тез жеткізіп, үндеулерді тез тарату үшін үйірмелер құрыңыздар; бүкіл халықтың бостандығы үшін күреске шығып отырғандарыңызды жұрттың бәріне, әрбір адамға түсіндіріңіздер.

Халық ызасының, ашық күрестің оты ол жерден де, бұл жерден де тұтана бастаған шақта,— бұл оттар жалындап, лаулап жану үшін ең алдымен және бәрінен де бұрын оны дүрілдетіп әкетер өкпінді леп керек!

«Искра» № 13, 20 декабрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ОҢТҮСТІКТЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ» ХАТЫ ТУРАЛЫ

Біз «Оңтүстіктегі жұмысшылардың» хатын алдық, олар орыс социал-демократиясында революциялық бағыттың күшеюін құттықтаған және өздерінің құттықтауын «Орыс революцияшыл социал-демократиясының шетелдік лигасына» жеткізуді бізге тапсырған. Амал не, орын жеткіліксіз болғандықтан бұл хатты толық баса алмай отырмыз. Хат авторларының «қалың бұқараға революциялық идеяларды тарату үшін біздің Россияда қолданылып отырған прокламациялық әдіс бұқараны саяси саналы етіп тәрбиелей алмайды», «орыс пролетариатына саяси тәрбие беру үшін арнаулы әдебиет жасау қажет» дегенін біз толық қуаттаймыз. Бірақ хат авторларының осы мақсатпен көпшілікке арналған 3—4 беттік кітапшалар шығарып, оларды «бір мезгілде бүкіл Россияға» тарату керек деген жобасы іс жүзінде қолайлы бола қояр ма екен. Біздің ойымызша, орыс пролетариаты басқа барлық таптар пайдаланып жүрген әдебиетті, яғни газетті қазірдің өзінде де оқи алатын дәрежеге жетті. Саяси газет қана бұқараны шын мәнісінде саяси саналы етіп тәрбиелей алады және, хаттың авторлары айтқандай, «төртінші сословиеден бастап ірі буржуазияға дейінгі біздің барлық қоғамдық өмірімізді» көрсетіп жаза алады. Жалпы орыстық газет қана, оны барлық комитеттер мен жергілікті үйірмелер белсене қолдайтын болса, азды-көпті дәрежеде «бір мезгілде бүкіл Россияға» тарай алады және газеттің атағына сай мейлінше жиі шығып тұратын болады.

Осындай революциялық органды берік құру ғана біздің қозғалысымыздың «орыстың самодержавиелік үкіметіне қарсы стачкалық-экономикалық күрес жүргізуден кең революциялық күреске» түбегейлі көшуін көрсетеді.

«Искра» № 13, 20 декабрь, 1901 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің «Анархизм және социализм» деген тезистері қолжазбасының бірінші беті.— 1901 ж.

Кішірейтілген

АНАРХИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМ

Тезистер:

1) Анархизм (Бакунин және *Интернационал*[147] 1866 —) өзінің 35—40 жыл бойы (ал Штирнерден бастасақ, бұдан да көп жыл бойы) өмір сүруінде *қанауға* қарсы жалпылама құрғақ сөзден басқа ештеңе берген жоқ.

Бұл құрғақ сөздер 2000 жылдан бері айтылып келеді. Мұнда (α) қанаудың *себептерін* түсіну; (β) социализмге қарай бастайтын қоғам *дамуын* түсіну; (γ) *тап күресін* социализмді жүзеге асыратын творчестволық күш деп түсіну жетіспей отыр.

2) Қанаудың *себептерін* түсіну. *Жеке меншік — товар* шаруашылығының негізі. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік. Анархизмде Nil *.

Анархизм — өңі айналдырылған буржуазиялық *индивидуализм*. Индивидуализм — анархизмнің бүкіл дүниеге көзқарасының негізі.

{ Жерге ұсақ меншікті және *ұсақ шаруашылықты* қорғау.
Keine Majorität **.
Өкімет билігінің біріктірушілік және ұйымдастырушылық күшін мойындамау. }

3) Қоғам дамуын — ірі өндірістің ролін — капитализмнің социализмге қарай дамуын түсінбеу.

* — Nihil — түк те жоқ. *Ред.*

** — Ешқандай көпшілік (яғни анархистердің азшылықтың көпшілікке бағынуын мойындамауы). *Ред.*

(Анархизм — *торығудың* туындысы. Пролетардың емес, өмірден соққы көрген интеллигенттің немесе жалаң аяқтың психологиясы.)

4) Пролетариаттың *тап* күресін түсінбеу.

Буржуазиялық қоғамдағы саясатты қисынсыз түрде мойындамау.

Ұйымның және жұмысшыларға тәрбие берудің ролін түсінбеу.

Сыңаржақ, байланыс атаулыдан ада нәрселерден жасалған ішіртки.

5) Роман елдерінде бір кезде үстем болған анархизм Европаның жаңа тарихында не берді?

— Ешқандай доктринасы, революциялық ілімі, теориясы жоқ.

— Жұмысшы қозғалысын бытыратып жіберді.

— Революциялық қозғалыс тәжірибелерінде толық fiasko-ға * ұшырады (прудонизм 1871, бакунизм [148] 1873).

— Саясатты мойындамағансып, жұмысшы табын *буржуазиялық* саясатқа бағындыру.

1901 ж. жазылған

Бірінші рет 1936 ж. «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде басылган

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — фиаско, сәтсіздік. *Ред.*

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМЫНЫҢ УСТАВЫ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР [149]

УСТАВ

Устав жобасының тексті	В. И. Ленин редакциялаған текст
1. Революциялық «Социал-демократ» ұйымы және ««Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымы» мынаған бірігеді	1. Революциялық «Социал-демократ» ұйымы және ««Искра» мен «Заря» ұйымының шетелдік бөлімі» *«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік ұйымы (лигасы?)»* деген атпен бір ұйымға бірігеді.
2. Ұйым осы күнгі ғылыми социализм принциптері негізінде қимыл жасайды. Саяси программасы жағынан ұйым РСДРП Манифесімен ынтымақтас. Жұмысшы қозғалысының таптық сипатын жақтауды, осы қозғалыстағы қандай да болсын оппортунистік және буржуазиялық ағымдармен күресуді өзіне міндет етіп қоя отырып, ұйым патша өкіметімен күресу мақсатын бірінші кезекке қояды.	
3. Ұйымның әдеби қызметін меңгеретіндер: 1) «Заря» мен «Искраның» редакциясы және 2) «Рабочая библиотека» редакциясы, сондай-ақ 3) «Еңбекті азат ету» тобы.	3. Ұйымның әдеби қызметін: 1) «Заряның» [[және «Искраның»]] редакциясы «Еңбекті азат ету» тобымен бірлесе отырып басқарады.

Ескерту. Ұйымдардың редакциялары уақытша қызмет атқару үшін өз құрамын ұйым мүшелерімен толықтыруға праволы.

Ескерту. Ұйым редакциясының уақытша қызмет атқару үшін өз құрамын ұйым мүшелерімен толықтыруға правосы бар.

4. Ұйым «Заря» және «Искра» органдарын және кітапшалар шығарады.

Ескерту. Жаңа органдар шығару мәселесі ұйымның жалпы съезінде шешіледі.

5. «Искра» редакциясы Россиядан келіп түскен мәліметтерді әрбір 2 апта сайын әкімшілік арқылы ұйымның барлық мүшелеріне жіберіп отырады *.

5. Редакция [«Исқраның»] айына екі рет шетелдік әкімшілікке «Лиганың» («ұйымның») мүшелеріне хабарлау үшін мәлімет тапсырып отырады.

I. Жалпы әкімшілік
II. Шетелдік әкімшілік

1) Шетелде ақша жинау.
2) Насихатты ұйымдастыру.
3) Әдебиеттерді сату мен таратуды ұйымдастыру.

I Жалпы әкімшілік.
«Искра» редакциясы Лига өкілдігін, ортақ кассаны, әдебиеттерді шығару мен тасымалдауды басқарады.

4) Көмектесу топтарын ұйымдастыру.
5) Бюллетеньдер таратуды ұйымдастыру.
6) Съезде қарауға енгізу үшін ұсыныстарды, тілек-талаптарды және шағымдарды алдын ала қарау.
7) Съезді ұйымдастыру.
8) Бүкіл шетел жөнінде 3 айлықты құрастыру.

6. «Социал-демократ» ұйымы және «Заря» мен «Искра» ұйымы өз қоймаларын, ағымдағы счеттарын, баспаханаларын («За-

* 4 және 5-пункттерді Ленин сызып тастаған. Жеке парақтарға ол бұдан кейін келетін 5-пункттің текстін жазған. *Ред.*

ряның», сондай-ақ «Еңбекті азат ету» тобының) әкімшіліктің қарамағына береді *.

7. Ұйымның жалпы істерін меңгеретіндер 1) Мүшелердің жалпы съезі, 2) «Заряның» редакциясы тағайындаған секретарьдан және ұйым екі жылға сайлаған екі мүшеден тұратын әкімшілік *.

8. Ұйымның жалпы съездері екі жылда бір рет өткізіледі.

8 а) Съезд редакцияның нұсқауларын белгілейді *.

9. Съездер барлық істі ұйымның барлық мүшелерінің жай ғана көпшілік даусымен шешіп отырады.

10. Әкімшілік жалпы съездердің өтетін уақыты мен орнын тағайындайды және күн тәртібін белгілейді **.

11. Әкімшілік өз инициативасымен немесе ұйым мүшелерінің $^1/_3$ бөлігінің талап етуімен төтенше съездерді тағайындайды **.

12. Әкімшілік әдебиеттерді тасымалдауды ұйымдастырады және бұл іске басшылық етеді **. } 3

13. Әкімшілік әрбір екі ай сайын ұйымның барлық мүшелеріне транспорт ісінің жағдайы туралы, ұйымдық кассаның жайы, басып шығарылған және Россияға жөнелтілген әдебиеттің саны мен түрлері жөніндегі есепті, сондай-ақ орыс ұйымынан келіп түскен мәліметтерді жіберіп тұрады **. } ?

14. Әкімшілік әдеттегі съездерге ұйымның өткен екі жылдағы қызметі жөніндегі есепті жеткізіп береді. }}

15. Әкімшілік көмектесу топтарын әдебиеттермен және рефераттармен жабдықтайды, сондай-ақ ұйым мүшелеріне олардың қызметінде әр алуан көмек көрсетеді. } Соңы

* Бұл пунктті Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** Бұл пункт белгісіз біреудің қолымен сызылған. *Ред.*

16. Әкімшілік барлық істі жай ғана көпшілік дауыспен шешіп отырады *.

17. Ұйым мүшелері революциялық іс үшін алатын барлық ақша ортақ кассаға түседі.

18. Барлық келіп түсетін қаражат 1) жалпы әкімшілікке, 2) «Искраны» шығаруға, 3) «Рабочая библиотеканы» шығаруға, 4) «Заряны» шығаруға жұмсалады.

19. Жаңа мүшелер ұйымның 5 мүшесінің кепілдемесі бойынша және ұйымның барлық мүшелерінің 2/3 бөлігінің көпшілігінің келісуімен қабылданады.

20. Мүшелер ұйымнан оның барлық мүшелерінің 2/3 бөлігінің көпшілігімен шығарылады.

21. Ұйымның бірнеше мүшесі бар қалаларда олардың бүкіл қызметі, тек әкімшілік арнайы тапсырма бергенде ғана болмаса, коллективтік түрде жүргізілуі тиіс.

22. Ұйым тараған жағдайда баспаханалар мен қоймалар бастапқы иелеріне қайтарылады **.

1901 ж. 24 апрель (7 май) мен 11(24) июль аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұл пунктті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

** 19—22-пункттер белгісіз біреудің қолымен бөлек қағазға көшіп жазылған. *Ред.*

«ЖАҢА ҚЫРҒЫН» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

* 11 март	8.	СПБ	11. III	№ 3 [150]
	8.	Киев	11. III	№ 3
1. V	8.	Бат. Спб.	11. III	№ 4
7. V	8.	Қазан	11. III	№ 3
	8.	Ярославль	9—10. III жиындар	№ 4

1. 200 адам жұмысты тастады және «орынсыз талаптар» қойды.
   α. |Тіпті орыс заңдары бойынша да «жұмысты тастау» — тек соттық айып іс қана.|
   β. «Орынсыз» талаптар жайында төрелік айтып отырған кім? *Завод бастығының көмекшісі.*
2. Машиналарды *күшпен* тоқтата бастады, ал «сол шақта», полицияның айтқанындай, *«барлық жұмысшылар жұмысты тастады».*
   |Сонда, *бұл арада* күштеу деп отырғаны не? Егер бәрі кеткен болса, машиналарды тоқтатпағанда қайтеді? Кетіп бара жатып тоқтатқан,— сонда «күшпен» тоқтатудың қандай қатысы бар? Schutz der Arbeitsstillegung?? **|
3. 2 *эскадрон* (150??×2=300)+*бөлімше* (100—150???)+*200* городовой шақырылған |Ergo ***, сірә > 500 адам|.

* Бұл абзацты қолжазбада Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** — Жұмыстың тоқтатылуын күзету ме (қорғау ма)?? *Ред.*
*** — Демек. *Ред.*

4. Жұмысшылар (3600) көшені бақылауға алып, конканы тоқтатқан.
5. Полицияның шабуылын (тарап кетуін талап еткен) тас лақтырып тойтарып тастаған.

|Дуалдардың тасасынан және көпшіліктің ішінен. Бұршақтай жауған тас. Жұмысшылар жақсы шайқаса алатынын дәлелдеді.|

6. Қарулы команда шақырылған — топ ішінен бірнеше рет оқ атылған.
7. 3 дүркін оқ атылған — 1 өлген + 8 жараланған (1 өлген).
8. Омбы жаяу әскер полкінің роталары. |Қоралардан тас лақтырылған.|

«Новое Время» мақаласы (№ 9051, 11. V).

Бұл мақала орыстың мемлекет қайраткерлерінің «шегіне жеткен» даналығын *көрсетеді:* салыстыр: 1886 жыл (Катков), 1896—1897 (2. VI).

«Көлденеңнен қосылғаны»

1. Ішінара болса да — «мемлекетке қарсы және қоғамға қарсы идеяларды насихаттау» (!)
   — «зиянды жалған ілімдер»
   — «қара түнек идеялар мен үміттер».
2. Бірақ — «қазіргі жағдайлар қолайлы әсер етеді»
   — «наразылықты туғызады және қолдайды».
3. (Сонда бұл қандай жағдайлар?).
4. «Бір өкініштісі, біз тым аз білеміз».

|«Өкініш»...|

5. (α) «Жұмысшылар өздерінің деревнядағы мекен-жайынан қол үзеді»... «*қоғамдық жанды мүдделермен емес,* машиналардың ортақтығымен өзара байланыста болатын бұқара-

ның шоғырлануы... арқасында... пайда болатын... ерекше *қоғамдық-этикалық атмосферада*... өмір сүреді».

(β) «Село тұрғыны селоның *қарапайым, бірақ дербес* қоғамдық экономикалық мүдделерімен және қарым-қатынастарымен бірге селодан қол үзеді».

6. *Бұратаналарға* қарсы жиіркенішті әрекет.

‖«дөрекі және қомағай»‖

7. (γ) Капитализм: мейлінше көп жұмсалған еңбекке мейлінше аз жалақы... жұмыссыздық кезіндегі дәрменсіздік.

Ergo (1) деревнядан бөліну (α).
(2) «қарапайым» қатынастардан бөліну (β).
(3) капиталға құл болу (γ).

8. *Программа: «мемл. қамқорлық».*
«Талап ету».

9. «Нақ»... 1861 ж. (!!)
«Даналық сенім».

1901 ж. майдың аяғында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

„ЗЕМСТВОНЫ ҚУУШЫЛАР МЕН ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ АННИБАЛДАРЫ“ ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

ЗЕМСТВОНЫ ҚУУШЫЛАР МЕН ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ АННИБАЛДАРЫ [151]

Земствоның қалдықтары туралы либералдық ойлар *

Журналымыздың редакциясы «Самодержавие және земство» деген тақырыппен земствоның мәні туралы және оны шет аймақтарда қолданбау керектігі туралы финанс министрі С. Ю. Виттенің құпия жазбасын басып шығарды. (Stuttgart, Verlag Dietz. 1901.) Мұның өзі земствоның конституциялық сипатын және оның самодержавиемен сыйыспайтынын дәлелдейтін ой-пікірлер мен фактілердің жүйелі жиынтығы болып табылатын өте көлемді еңбек (212 бет). Құпия документтің өзін және оны жариялауға керекті қаражатты бізге жеткізіп берген Р. Н. С. мырза жазбаны либералдық рухта жазылған аумақты алғы сөзбен (44 бет) қамтамасыз етті. Біздің бұл алғы сөзге толығырақ тоқталуымызға тура келеді, өйткені оның қосылғанынан бүкіл басылымның ұтқанынан гөрі ұтылғаны көбірек болды.

Ал жалпы алғанда басылым әжептәуір көңіл аударарлық ** . . . .
негұрлым қызғылықты пункттер ** . . . . . .
маңызы біршама азырағы: шетелдік бақылаушылар мен ғалымдардың қарапайым пікірлерінен басталады. Мәселен, Россия туралы белгілі (орыс жұртшылығы үшін белгілі емес, әрине) ағылшын кітабының авторы Мэкензи Уоллэс земство туралы былай дейді: «Бұл ме-

* Бұл бастапқы тақырыпты Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** Текст сақталмаған. *Ред.*

кеме — өзінің формасы жағынан таза парламенттік мекеме, яғни ол халық сайлайтын адамдардың жиналысынан тұрады». Ал мынау мемлекеттік право мәселелері жөніндегі француз жазушысы Демомбиннің (Démombynes) пікірі: «земстволық, губерниялық және уездік жиналыстардың құрылуын заң шығаратын өкіметті де қамтымай қоймайтын реформалар заманының бастамасы деп қарау керек болады». Ал мынау Пруссия тарихынан анықтамалар. Мұнда қалалық өзін өзі басқару ісі сонау 1808 жылдың өзінде-ақ енгізілген болатын, ал осы реформаны жүргізген Штейн оны болашақта енгізілетін конституциямен байланыстырған. Қалалық өзін өзі басқарудан бірте-бірте провинциялық сеймдерге көшуге тура келді. Ақсүйектік құрамына қарамастан, бұл сеймдер 1842 жылдан бастап жалпы мемлекеттік өкілдіктің шақырылуын өтіне бастады. Берлинде бұл сеймдердің барлығынан комитеттердің бірлескен мәжілісін тағайындауға тура келді, бұлар оздеріне үкімет ұсынатын мәселелер бойынша тек кеңесші дауысқа ғана ие болды. «Бұл бірлескен ландтаг өзінің кеңесшілік мәнін қанағат тұтпай, әуелі алғыс айтып хат жолдап, өте сыпайы түрде, ал содан кейін корольдің тілегі мен еркіне турадан-тура қарсы шығу арқылы жоғарғы басқару ісіне өктемдікпен қатысуға күш сала бастады». Сөйтіп, өзі шақырылғаннан соң үш жылдан кейін бұл кеңесші ландтаг 1848 жылғы конституциялық парламентке айналды» *.

* Сөз арасында айта кетелік, Штейннің Пруссиядағы реформаларының мәнін суреттей отыра және тарихшы Трейчкенің көзқарасын келтіре отыра жазбаның авторы Витте мырза Драгомановтың астыртын шығармасын, *оның атын да атамастан,* бүтіндей көшіріп шығады (салыстырыңыз: «Жазба», 36—37-беттері және Драгомановтың «Самодержавие, жергілікті өзін өзі басқару және тәуелсіз сот» деген мақаласы, 55—56-беттер). Тек бірнеше беттен кейін ғана жазбаның авторы Драгомановтан цитат келтіреді (өзінің оны тиімді түрде «пайдаланып қалғанын» айтпастан) және 1889 жылы самодержавиенің жергілікті өзін өзі басқарумен сыйысуы жөніндегі мәселе бойынша «Русский Вестник» [152] пен «Вестник Европы» [153] арасындағы айтысқа араласқан және ақиқат шын мәнінде алғашқы орган жағында, «қазір Россияда шынында да жергілікті өзін өзі басқару монархиялық самодержавиемен сыйыспайды,— өйткені монархиялық самодержавиенің енді бюрократиясыз күні жоқ» деп мәлімдеген кезде дұрыс істеді деп мойындайды. Жазбаның авторы Витте мырзаға астыртын кітапшалардан *талай рет* көшіріп алуға және олар *шындықты* айтты, олардың көзқарасы әділ деп ашықтан-ашық мойындауға тура келіп жүрді. (Қолжазбада ««Вестник Европы» арасындағы» деген сөздерден бастап абзацтың аяғына дейінгі тексті Ленин сызып тастаған. *Ред.)*

Қарапайым әрі турасын айтқанда: *«Рабочая Мысль» жұмысшылардың қалың бұқарасының саяси соқыр сенімдерімен қалай лайықсыз ойнаған болса,* Р. Н. С. мырза да *земство либералдары қалың бұқарасының саяси соқыр сенімдерімен нақ солайша лайықсыз ойнайтынын* ашық мойындау керек. Ал революциялық социал-демократия тарапынан мұндай әрекетке жол беру бірінші жағдайда да, сондай-ақ екінші жағдайда да нақ сондай ақылсыздық әрі қылмысты іс болар еді. Ұлы реформалар бюрократияның мейлінше салтанат құруы үшін ойлап табылмаған-мыс деу,— земствоның ірі саяси маңызы бар-мыс деу,— земствоның өмір сүруі елге орташа конституция беру үшін таптырмас жағдай-мыс деу,— «праволар мен билігі күшті бүкіл россиялық земство» деген ұран Россиядағы саяси бостандық жолындағы күрестің туы бола алады-мыс деу — соқыр сенім.

2

МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Кіріспе ескертулер	1—3	
Шетелдіктердің пікірі	4—5 *	
60-жылдардағы либералдық қозғалыс	I 6—18	— революциялық қозғалыс
	II 19—23	— земстволық реформаның жартыкештік сипаты
Реакция	24—29	— Реакция
	III	
70-жылдардағы революциялық қозғалыс және жаңа заман	30—41	
	IV	
Реакция	42—56	
	V	
Р. Н. С.-тің алғы сөзі	57—78	
	VI	
Земствоның маңызы туралы мәселе	79—92 90 бет	

* Бұл жолды Ленин сызып тастаған. *Ред.*

3

«ВОЛЬНОЕ СЛОВО» ЖУРНАЛЫНАН КӨШІРМЕ [154]

З. С. Чиновниктердің земствомен он сегіз жыл бойғы шайқасы. «Вольное Слово», № 53 — (20. I. 1883)

[жеке кітапша болып та шықты]

...1864 жылғы земстволық мекемелер туралы ереженің жұртшылық пікірі талап еткеннің көпшілігін бермегені,... жұртқа мәлім...

...Үкімет — өзінің ресми органдары — «Северная Почта» арқылы және тіпті губернаторлардың айтуымен де жаңа мекемелер тек тәжірибе ғана, бейнебір уәкілдік мектебі сияқты деп көрсетіп, орын алған қауіптенушілікті * жуып-шайды және оларды кеңейтетін ниеті барын сездірді... («Вольное Слово» № 53, 6-бет).

...Орталық 8 губернияда 119 880 шаршы шақырым жерді иемденуші 93 900 адамның атынан өкіл болып отырған жеке меншік иелерінен 1817 адам жергілікті думаның мүшесі, ал 181 440 шаршы шақырым жері бар 5 800 000 шаруа халқынан ондай өкіл не бары 1597 адам ғана... (№ 55, 6-бет).

57-номерде (мақаланың VI параграфы) *З. С.* помещиктерден алым-салық борыштарын өндіріп алу ісінде земствоның дәрменсіздігін егжей-тегжейлі баяндайды және жеке меншіктегі жер мен шаруа жеріне салынатын салықтың біркелкі емес екепін көрсетеді:

* З. С. реформаның жартыкештігі жайындағы жұртшылықтың қауіптенуін айтады.

Ярославль губерниясының Ростов уезі — шаруалардың қарамағындағы жер 12 сомға бағаланған (13 тиын төлемі бар), үлесті жер — 16 сом (20 тиын), помещиктердің жері — 10 сом (11 тиын!).

			Шаруа	помещ.
Владимир губерниясының	Владимир	уезі	18,2	9,4
—	Суздаль	—	16,9	4,7
—	Ковров	—	12,3	3,6
—	Вязников	—	12,8	5,9
—	Гороховец	—	13,3	6,2
—	Муром	—	14,1	6,7
—	Покровск	—	10,3	2,8
—	Александр	—	10,4	4,0

(Бір десятина жердің орташа бағасы, сом есебімен.)

және т. б. Калуга губерниясында земстволар тіпті шаруаларға жан басына салық салуды да енгізген.

«Әйткенмен, бұл қаулыға губернатор қарсылық білдірген, сөйтіп мұның өзі бюрократияның халық бұқарасын земство өкілдігінің әділетсіздігінен қорғаушы болып көрінуіне дәлел болған — нақ осы бюрократияның ойлап тапқан заңдары мен айла-шарғысының арқасында земство өкілдігі тар сословиелік сипат алса да осылай болған» (6-бет, № 57).

§ VII (№ 59) — халық ағарту ісі жайында:

Халық училищелері туралы 1864 жылғы ереже — «бюрократиялық принцип, клерикалдық арам ой мен земство мектебі мүдделерінің арасындағы таң қаларлық ымыраласудың өзі,— бірақ одан кейін шығарылған заңдармен, әсіресе 1874 жылғы Ережемен салыстырғанда земство енді оны өкінішпен еске алып отыр» (8-бет).

«1869 жылы әр губернияға бір-бірден халық училищелерінің инспекторы белгіленді. 1871 жылы халық ағарту министрлігі халық мектептеріне осы жаңадан белгіленген инспекторларға нұсқау беру арқылы» — айтар болсақ, инспекторға мұғалімді қызметтен шығару правосын беру арқылы — «1864 жылғы Ережеге ор қаза бастайды» (№ 59, 8-бет)... *«Мектеп урядниктерінің жаңа қызметі* көп кешікпей-ақ өзін істе көрсете бастады — солардың бірі Дружинин мырзаның көрсетуі бойынша, Дружинин мырза шеттеткен» [Sic? *. Мұның мағынасын мен біле алмадым] «оқушыларды оқудан шығару жөніндегі қамқоршының талабын земство басқармасының орындамағаны үшін, 1873 жылы-ақ Ржев қаласында земстволық техникалық мектеп жабылды».

* — солай? *Ред.*

|З. С. мырзаның сөз саптауындағы (одан әрі көрініп отырғанындай) шеттеткен деп отырғаны жаман ат тағылған дегені екен: «саяси сенімсіз адамдар ретінде шеттеткен»|

№ 60 (соңы).

25. XII. 1873 жылғы рескриптің «мектеп қайраткерлерінің сыртынан арыз беруді кейбір қолпаштағаннан басқа» ешқандай дерлік нәтижесі («біздің дворяндар жетекшілерінің мүлде самарқаулығы» салдарынан) болмады (11-бет).

«Бір айта кететін нәрсе, қалай дегенмен де земство элементі болуы себепті дворяндар жетекшілері полициялық элемент екені айдан-анық халық мектептері инспекторларының маңызын жояр деген сеніммен жұртшылық ішінде осы рескрипті құттықтап қарсы алған үндер болды».

1874 жылы шыққан Халық училищелері туралы ереже *«бұл үмітті де үзді»* — ол Ереже мектептерді басқарудың бар билігін директорлар мен инспекторлардың қолына берді.

Инспекторлар тарапынан полициялық жүгенсіздіктің үлгілері (ең тәуір дегенде — кілең кеңсешілдік).

З. С. келген қорытынды — *м е м л е к е т т і к* өзін өзі басқарудың қажеттігі...

1901 ж. июньде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

„КРЕПОСТНИКТЕР ӘРЕКЕТ ЖАСАУДА“ ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1
ПОМЕЩИКТЕРДІ ӨРБІТУ

Ізгі тектес дворяндарға жаңа садақа

1901 ж. 8. VI заңының негіздері.

А) сату }
Б) аренда } Тобольск, Томск губерниялары, *Степное, Иркутск және Приамурье генерал-губернаторлықтары (1-статья).*

Ergo *, Сибирьдің барлық шұрайлы жерлері

А) 1) Саудадан (8-статья)
2) еркін бағамен фабрика, завод, ауыл шаруашылық к ә с і п о р ы н д а р ы үшін (9-статья)

(α) 3000 десятинаға дейінгі мөлшерде (!) (5-статья) — ал айрықша рұқсатпен одан да көп (6-статья)

және

(β) **шаруа жерлерімен аралас** (4-статья)

(γ) Бұратаналарға *б ұ д а н б ы л а й* беріле де, *с а т ы л а д а а л м а й д ы* (7-статья).

* — Демек. *Ред.*

{Орыс азаматтығында жоқтар да.}
|IX том, 762-статья [155]
ergo, және *еврейлер.*|

Негіздер:

1. Дворяндық үлесті жерлер туралы ерекше кеңес.
2. Көлемі: 3000.
   Мерзімі — 99 жыл.
3. Жеңілдік беріп сату (37 жыл).
   Аренда ақысы=5 жылда 0.
4. Қолынан алу |>3000; еркін бағамен; >1 жылда; аренда|;

Ad *1? 5. Тек дворяндарға — бұратаналарға *емес.*

6. «Аралас».
   1 рет егу үшін аренда.

«Русские Ведомости», 1 август.
Уфа губерниясында (1 уезд!!!) [156].
Қазына жерлерін оны жеке иеленушілер былай сатады

$$\begin{array}{r} 587.696 \text{ сом} \\ -\ 63.426\ \text{—} \\ \hline +524.270 \text{ сом.} \end{array}$$

| 9 |
| 1 |

54 000 десятинадан 2 жылдан кейін сатылатыны 39.683=72,5%.

Б) Мерзімі 99 жылға дейін (13-статья).
Тек дворяндарға... (11-статья) («үкіметтің пікірінше лайықты...»).
Аренда ақысы шаруалардың оброк салығынан төмен емес (16-статья).
» » алғашқы 5 жыл бойына *алынбайды* (16-статья).
Аренда ақысын төлемегені үшін өсім (айына 1/2%), ал бір *жылдан* кейін — жер тартып алынады... (18-статья).

* — Пунктте. *Ред.*

Бірақ «ерекше себебі болған жағдайда» 3 жылға дейін мәулет беруге рұқсат етіледі (19-статья).

Аренданы беру |«1 рет егіс егуден көп мерзімге» NB, NB*| — рұқсат бойынша (20-статья).

Арендаға алынған жерде жүргізілген жұмысты егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінің қызметкерлері растайды (21-статья).

Ақысының 5 процентіпе сату және 37 жылда төлеп бітіру (25-статья).

|Ал сату бағасы = аренда ақысы × 20| (23-статья).

Ақы төлеу 1 жылға дейін (мемлекеттік мүліктер басқармасы) — 3 жылға дейін (министр) кейінге қалдырыла алады.

|Заң дворяндар сословиесінің істері жөніндегі ерекше кеңестің қарауынан өткен.|

---

* — Nota bene — байқап қойыңыз. *Ред.*

2
ПОМЕЩИКТЕРДІ ӨРБІТУ

Ізгі тектес дворяндарға жаңа садақа *

1. Сибирьде жеке адамдарға жер бөліп беру туралы заң шықты — ол шыққан уақыты бойынша да, сипаты бойынша да өте маңызды (болуы мүмкін салдарынан да маңыздырақ) және көңіл бөлуге тұрарлық.
2. Біздің үкімет дворяндарға көптен бері-ақ барынша қарасып келеді — дворяндар банкі де, қант нормасы да, земство бастықтарына жылы орын да, шарапты қазынаға өткізу де, тағы басқалары да соларға қарасу — ал енді осы садақаға халықты помещиктерге *бағындыру* да қосылып отыр.
3. Жаңа заң қанаушылардың — мыңдаған және миллиондаған жарлы-жақыбайлардың есебінен күн көретін арамтамақтардың жаңа табын *тудырады.*
4. Заңның негіздері.
   Дворяндық үлесті жерлер (Ерекше кеңес).
   Тек дворяндарға (бұратаналарға емес) сату және арендаға беру.
5. Мөлшері — 3000 (!). Мерзімі 99 жыл.
6. Жеңілдікпен сату (37 жыл) және арендаға беру (5 жылға тегін).

* Бұл бастапқы тақырыпты Ленин сызып тастаған. *Ред.*

7. Жерді қайтарып алудың ерекше жайлары (алым-салық борыштарын кейінге қалдыру; >3000 десятина еркін бағамен etc.).
8. «Аралас» және 1 рет егіс егуге.
9. Қайта сату мүмкіндігі. Сыйлық ретінде. (Уфа губерниясының мысалы.)

Бағалауға

10. — (4).
11. — (1).
12. — (2).
13. — (3).
14. — (5) және (6).
15. Дағдарыс пен аштық заманында — үкіметтің бәрінен бұрын мүдделі болған ісі осы. Мұнысымен үкімет өзінің бүкіл ішкі сырын, крепостниктік кескінін ашып көрсетеді.

Көрсету керек:

(1) Аштықпен салыстыру. Бірнеше миллиондық садақа.

(2) Қоныс аударумен байланысы. (Қоныс аударудың салдарынан Россияда жұмыс қолы қымбаттайды деп қорқу.) Сибирьде жалдама жұмысшылардың *тұ р а қ т ы* табының құрылуы.

|«аралас»| *

(3) *Саяси* «пікірлермен» байланыс: Сибирьдегі «жер аударылған» интеллигенцияға қарама-қарсы Сибирьде «земстволық» элемент құру.

(4) Заңның нақ темір жол салынғаннан және жер аудару жойылғаннан *кейін* шығарылуы *.

(5) Сибирьдегі біршама ауқатты және дербес шаруаларды жартылай крепостной шаруа дәрежесіне дейін құлдырату.

(6) Орыс үкіметінің ірі жер меншігін зорлық-зомбылық пен тонаушылық тәртіптің ең жақсы тірегі деп, жұмысшы халық бұқарасын ең жақсы жүгендеуші деп санайтын шын бет пердесі ашылады.

---

* Бұл пунктті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

3
МАҚАЛА СОҢЫНЫҢ НҰСҚАСЫ

Үкімет пен оның жақтаушылары, дворяндық бағыттағы публицистер (дворяндар мүддесін қорғаушы газетшілер), әлбетте, бұл ашықтан-ашық талаушылықты әр қилы лепірме сөздермен бүркемелеуге тырысады: үлгілі шаруашылықтарда мәдениетті өркендету туралы айтады. Мәдениетті өркендету деп мұнда іс жүзінде баяғыдағыдай барщинаны өтеуге мәжбүр болатын қайыршыланған шаруалардың кіріптарлық жағдайымен қоса жартылай крепостниктік тәртіптерді Россиядан Сибирьге әкелуді айтады. Үлгілі шаруашылықтар кеңсе жарлықтары, қазынаны ұрлау арқылы құрылмайды, ал жер бөліп беру не дворяндардың өздері де сонша лықты жиіркене қарайтын кулактардан, өсімқорлардан, т. т. асып түсетін арсыздықпен жерді қайта сату арқылы байып, кәдімгі делдалдық істеуіне бастайды. Егер жер қайта сатылмайтын болса, мұндай жағдайда үлгілі шаруашылықтың орнына — шаруаларды құлдыққа салу арқылы, әр алуан өсімқорлық әрекеттер арқылы (қарызға ақша беру, жұмыспен өтеуі үшін астық беру, т. т.) болатын шаруашылық, яғни нағыз кулак шаруашылығы келіп шығады. Дворяндық-поместьелік элементтің саяси маңызы туралы: жергілікті интеллигенцияның көбі жер аударылғандар болып табылатын Сибирьде мемлекеттік өкіметтің сенімді тірегін, земстволық элемент құрудың қажеттігі жайында да айтылып жүр. Ал ірі жер иеленушілердің саяси маңызы туралы мұндай сөздерде бұл дәлелді келтірушілердің ойлағанынан әлдеқайда көбірек және әлдеқайда тереңірек шындық бар. Мұндай пайымдау полициялық мемлекеттің қандай тірекке сүйеніп, өмір сүре алатынын айқын көрсетіп береді: оған мемлекетке өзін барлық жа-

ғынан борыштымын деп есептейтін, оған әрқашан тәуелді болатын (мысалы, қазына жерін арендаға алушылардан белгілі бір жағдайларда үкімет жерді қайтып алып қоя алады), барып тұрған азғындық жолмен (кулактық, делдалдық, өсімқорлық) өздеріне пайда табатын, сол себепті озбырлық пен езушіліктің қандайының болса да әрдайым сенімді жақтаушысы болатын ірі қанаушылар табын құру керек. Үкіметтің азиялық саясаты азиялық ірі жер иеленуде «имениелер үлестірудің» (егер қазір өткен ғасырдағыдай крепостнойлар *қоныстанған* имениелерді үлестіруге болмаса, оның есесіне енді мұқтаждық айдап нақ сондай барщинаға баруға мәжбүр болатын шаруа-халқымен *аралас* жер үлестіріп береді) крепостниктік жүйесінде өзіне таяныш болуын керек етеді. Сондықтан біз «Московские Ведомостимен» және «Гражданинмен» келісуге әзірміз, өйткені помещиктерді өрбіту шынында да патша үкіметінің саяси жоспарларына *қажет-ақ:* шексіз билік жүргізетін патша қазіргі уақытта крепостниктік құралдарсыз etc. тұра алмайды. Шет аймақтардағы бос жерлер жөніндегі буржуазиялық (*moderne* *) саясаттың мәні: мұндай жерлерді жеткілікті мөлшерде адамдардың басын қосатын (Америкадағыдай) буржуазиялық өнімдерге аса зор көлемде сұранымды туғызатын, бүкіл өнеркәсіп өмірін бұрын болып көрмеген дәрежеде жандандыратын фермерлер мен шаруаларға сатуда. Крепостниктік саясаттың мәні — қоныс аударуға қысым жасау, халықтың қандай да болсын жүріп-тұруына бюрократтықпен қамқорсыну, кіріптар ету арқылы кіріс келтіретін ірі жер иеленушілерге қазына жерін (үлестіріп немесе сатқансып және арендаға бергенсіп) үлестіріп беру.

Ал жаңа заңның, әсіресе ерекше маңызы мынада, ол... **

1901 ж. августа — сентябрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XIX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — *қазіргі заманғы. Ред.*

** Осы арадан қолжазба үзіледі. *Ред.*

РЯЗАНОВТЫҢ «ЕКІ ШЫНДЫҚ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТУЛЕР [157]

Беттері

1. Автор Маркстің шын мәнінде шартты түрде және *төтенше* жағдайларға байланысты айтқан сөздеріне (2 жол жайында) айрықша мән беріп қарайды. 2 жол жайындағы мәселенің *қойылуының өзін* нақ Маркске таңуымен автор істі бұрмалап отыр.

7. 70-жылдардағыларды (тарих тегершігінің бұрылуы) «күлкі» ету «тек тарихи көзқарас тұрғысында болуға сөзсіз қабілетсіздікті» *ғана* дәлелдеп қоймайды,— ол 40 және 60-жылдардағы адамдарға қарағанда 70-жылдардағы адамдарды теориялық тұрғыдан *кемсітушілікті* де дәлелдейді.

7а. Михайловскийдің В. В.-мен әлдеқайда жиірек және әлдеқайда көбірек ынтымақта болғаны жайында үндемей, тек Михайловский В. В.-ға қарсы шықты деп атап көрсете отырып, автор Михайловскийді әсірелеп көрсетеді.

8. *«Народная Воляның»* жойылу *трагедиясын* және «халыққа баруды» нақ Михайловскийге байланыстыру — барып тұрған шикі өтірік. Мақала Михайловскийге арналған, оның Untergang-ы * нақ сол *persönlicher* ** ісі болып табылады және оның тағдырындағы «трагедиясының» құны со-

---

* — құлдырауы. *Ред.*

** — *жеке басының. Ред.*

қыр тиын, ал күлкілі жайларының құны бір сомдық.

9. Михайловскийдің *сөгіс сөздерін* «70-жылдардың революцияшыл социалистері ұрпағына күйе жағумен» шатастыру — *ақымақтық*.

9. NB революцияшыл көпшіліктің жария әдебиетте бейнеленуіне көз жіберуден «бас тартады».

9—10. Наданның сөзіне барлық «Gekreuzigte und Verbannte *» құнығa құлақ түреді ??
(70-жылдардағы) ?

13. «Қоғамдық мәселелер жеке бастың мәселелерімен алмастырылады» (NB *бетінің аяғына дейін осылай).* | ??
(Писаревшілдік.)

15. ...(Писарев) «Жеке бастың бақытын» — — — «дарашылдық мұраттарды» «шаттана уағыздау». | ??

18. » » «жеке бастың өзін өзі жетілдіру мәселелерін қарастыруды біржола күйттеп кеткендер».

24—25. (§ III) Михайловскийдің бағытымен шатастырылған *революционерлердің* (70-жылдардағы) утопиялық социализмі сипатталады.

28—29. Михайловский шындықтардың бірін жиі-жиі «құрбандыққа шалды». *Бірақ* оның қызметінің «ең соңғы кезеңі» бізді қызықтырмайды. Михайловский 70 және 80-жылдардағы *жастар* арасындағы белгілі бір ағымды білдіруші ретінде ғана назарымызды аударады.

31. «Ақылға табиғат» қандай «шек» қойған? (Таным теориясы.)

29—35. «Шындық жүйесін» баяндау.

35. ...Бұл жүйе «шынында мұраттың іске асырылуына мүдделі болатын қоғамдық элементті іздеп табуға тырысады».

41. Юзовпен және оның сыбайластарымен айтыстан

* — «креске керілгендер мен қуғынға ұшырағандар». *Ред.*

(құр қайталап айтып беру) — Яковенкоға (1886 ж.) аттап өту.

46—48. Pendant * = *Т к а ч е в.*

Одан әрі *Аксельрод*

және с.-д.-ға көшу.

Осының бәрі іш пысарлықтай түрде баяндалған және «осының алдындағы 2-еу» мен *М и х а й - л о в с к и й г е* қатысы мүлдем аз.

Және Н.— он (52)!! — одан Михайловский шығарған қорытындыларды қоса (53).

§ V, 57-беттен — 77 бет. (78—80 «сыншылар» жайында) — марксизмнің тууы. Өлердей іш пыстырарлық, тек *82*-бетте ғана *«е с к і ш ы н д ы қ қ а»* қайта оралады.

— 85 — Біз дүниені нумендер мен феномендерге [158] болуды теріске шығарамыз.

1901 ж. сентябрь — октябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Осыған ұқсас бірдене. *Ред.*

«АШЫҒУШЫЛАРМЕН КҮРЕС» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

17 августағы нұсқаудан *басты-басты үш жағдай көзге түседі:*

А) Бюрократиялық ұйым: губернаторлар, уездік дворяндар жетекшілері, земство бастықтары.

Б) Мұқтаждық пен қарыз беруді белгілеудегі нормалар.

[5 және *10*-пункттер] («Тек өлмесе болғаны».) («Ашыға бер, бірақ өлме».)

В) «Үкіметке қарсы үгіт».

[16-п.] | Бұл өтірік қой, өйткені жәрдемді бүлік шығару үшін, демонстрациялар etc. үшін пайдалану оқиғасы болған жоқ. |

Бұл аштықпен күрес емес, қайта ашығушылармен күрес, ең бастысы *ашығушыларға берілетін көмекпен күрес.*

(Ad * А.) (1) мұның бәрі кеңседегі және ең *басты-сы* полициялық міндеттері басынан асып жатқан чиновниктер. Жағдайды қанша % ауыр деп табу мәселесін *министрлік* түпкілікті шешеді.

(2) губернаторлар: олардың қамқорлығының табысты болуының «ең басты шарты»... басқа чиновниктердің бәрі солар-

* — Пунктіне. *Ред.*

ға бағындырылған; Қызыл крестің жәрдемі солардың нұсқауымен жіберіледі; жеке адамдар соларға көрінуі керек; асханалар etc. ұйымдастырған кезде көмекшілерді таңдап алуға солар рұқсат береді.

(3) уездік дворяндар жетекшілері уездерде жер иелену жағын басқарады

> «азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарма»

(4) земство бастықтары — тізім жасайды — учаскедегі қоғамдық жұмыстарды басқарады (14-п.).

(5) Кеңсе шығындары көзделген (7 және 8-пункттер).

(6) Жалпы тапсырма: бөлінген қаржыны сақтау және «азғындау», «шектен тыс үміттер»...

17. VIII. нұсқауындағы өзгешелік

1. Апат мөлшері (12 губерния).
2. Жаңа ұйымның азық-түлік ісін атқармауы (12. VI. 1900).
3. «Барлық» (!) шаралардың табысты болуының «ең басты шарты» — губернаторлардың «ерекше» шаралар қолдануында (etc.)
(ал осы 322-статья «қалалар мен селолардың әлауқатын арттыру» жайында да айтады, ал 323-статья: халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету шараларын «жалпы» және «ерекше» етіп бөлу керек дейді).
4. Қай уездің «егін шығымы нашар екенін» талқылау. «Бұл мәселені түпкілікті шешу министрліктің карауына жатады» (!!)

(5) Халі нашар деп саналмайды —

1. болыстардың зиянға ұшырағаны $< ^1/_3$ болса

2. астықтың жеткіліксіздігі «әдеттегідей» болса және «жыл сайын» «табысына» қоса сатып алып отырған болса

3. жергілікті ресурстармен амалдауға болатын болса.

(6) «Егін шығымы нашар уездер» туралы «Правительственный Вестникте» жарияланатын болады.

(7) Уездерде азық-түлік ісін басқаратын арнайы адамдар — *«уездік дворяндар жетекшілері»*

Шығынға — арнайы сома.

+ «азық-түлік ісін жүргізуге» бір рет 1000 сомнан (sic! *).

[= «азық-түлік жөніндегі уездік орталық басқарма»].

(8) Губернияларда (уездерінің көпшілігі зардап шеккен) «губерниялық мекемелердің кеңсе қаражатына» + 1000 — 1500 сом.

(9) Тізімдерді күні бұрын әзірлеудің зияны: *«шектен тыс үміттер»* etc.

(10) Норма: (a) десятинадан түсетін астықтың орта мөлшері — азық-түліктің орта нормасы

(b) семья басына 48 пұт

(c) 48 : 2.

(d) 48 : 2=24. 24—(33%—10%)...

«...қаншама болса да асыра есептеу сирек кездеседі...»

(11) 3 жанның үлесті жеріне [шаруалар жағдайы бойынша] тұқымға >$^1/_2$ емес.

Оның үстіне: (a) бөлінген қаржы сақталсын;

(b) күйі барларға жәрдем беріп, оларды «азғындатып» алмау керек.

(12) «Күнелте алатындарға» жәрдем берудің зияны «мемлекет пайдасы мен мұқтажы тұрғысынан алып қарағанда» — шын ашығушыларды жәрдемсіз қалдырғаппан (!) «әсте кем емес».

---

* — солай! *Ред.*

(13) Қоғамдық жұмыстар... ең әуелі — жол капиталдарынан, олар... $>2^1/_2$ миллион (!!) [сол-ақ па!]

(14) Қоғамдық ұсақ-түйек жұмыстар земство бастықтарының жарлығы бойынша («мүмкін болған және пайдалы жұмыстар») жүргізіледі және ақша солардың қарамағында болады.

(15) «Әдетте» Қызыл крест тарапынан «өте кең көлемдегі» жәрдем.

(16) «Үкіметке қарсы үгіт» («жиі-жиі», «әдетте») «наразылық пен талап қоюшылықты туғызады» («мұқтаждық толық мөлшерде өтелмеген», «шаруашылықтың сөзсіз күйі кететіні» etc.).

Шығарып салма сөздер, қамқорлық жөніндегі заңға сілтемелер («жұрттың бәрінің және әркімнің маскүнемдікке салынуына тыйым салатын» заңмен бір мағыналас), әр түйдегін 18 жолдан (36 жолдысы да (!!) бар) алып, баршаға белгілі жайларды кеңсе тілімен мыжу, лепірме сөздер etc. «Түсіндірілген мақсат» etc.

Мысалы, мынаны еске салу керек — «қолдан келер көмек көрсетілуі қажет екеніне барлық тиісті мекемелердің айрықша назарын аудару қажет» etc.

1901 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Май — декабрь, 1901)

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ НОБАЙЫ

Бұл документті Ленин 1901 ж. майдың басында Г. В. Плехановқа ол Мюнхенге келгенде берген. 1901 жылғы 12 июльде В. И. Ленинге жазған хатында П. Б. Аксельрод былай дейді: «Енді программа жайында. Сіз жазған нобайды Сізден туыстың [Плеханов] алғаны және осы істі оның өз мойнына алғандай болғаны есімде». Одан әрі ол нобайды оқыдым және «оқып шыққан соң ол... кіріспе ретінде жарамды болар деген әсер алдым» деп хабарлайды (Лениннің III жинағы, 199-бет).

«ЗЕМСТВОНЫ ҚУУШЫЛАР МЕН ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ АННИБАЛДАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА СОҢҒЫ СӨЗ

1901 жылғы 30 июльде Г. В. Плехановқа жазған хатында В. И. Ленин былай дейді: «Р. Н. С.-қа қарсы мақаламды, бірқатар қатты айтылған жерлерін жұмсартып, баспаға жібердім. Оған тағы соңғы сөз жаздым, онда Драгомановтың бір мақаласы («Толците и отверзется») мен Р. Н. С.-ты салыстырып, біріншінің артық екенін көрсеттім» (Шығармалар, 34-том, 64-бет). Бұл соңғы сөз баспасөзде жарияланған жоқ.

РОССИЯДАҒЫ ИСКРАШЫЛ ҰЙЫМДАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫ

Бұл документтің мазмұны Н. К. Крупская мен В. И. Лениннің 1901 жылдың 31 июлі мен 12 августы аралығында Л. И. Гольдманға жазған хатында баяндалады. Онда былай делінген: «Біз былай етпекпіз: ұйымның өзіміз талдап жасаған жобасын Россияға 2—3 адамның талқылауына жібереміз, солардың көмегімен ұйымның уставын жасап шығамыз». Жоба-

ның мазмұны сондай-ақ, Н. К. Крупскаяның 1901 жылғы августа Л. И. Гольдман мен С. О. Цедербаумға жазған хатында да баяндалады (қараңыз: Лениннің VIII жинағы, 191, 196—197-беттер).

М. Т. ЕЛИЗАРОВҚА ХАТ

1901 жылғы 6(19) майда М. И. Ульяноваға жазған хатында Ленин былай дейді: «Мен қазір Маркке хат жазып, «режимді» қайткенде жақсы ұстауға болатынын оған барынша толық баяндадым...» (Шығармалар, 37-том, 264-бет).

А. И. ЕЛИЗАРОВАҒА ХАТТАР

1901 жылғы 4 августа П. Б. Аксельродқа жазған хатында В. И. Ленин бір хат жайында айтады: «осының бәрін жақсырақ айқындауым үшін * дәл қазір апайыма хат жазамын...» (Лениннің III жинағы, 232-бет).

Мария Александровна Ульяноваға жазған хаттарына қарағанда В. И. Ленин ол кезде шетелде жүрген А. И. Елизаровамен хат жазысып тұрған (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 269, 270, 271, 273-беттер).

Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА ХАТ

Бұл хат жайында Р. С. Землячка өзінің естеліктерінде былай дейді: «1901 жылы мен Владимир Ильичтен менің «Искраның» агенті болып тағайындалғанымды және дереу Одессаға жүріп кетуім қажеттігін айтып жазған хат алдым» (қараңыз: «Правда» № 213, 1938 жылғы 4 август).

Е. Д. СТАСОВАҒА ХАТТАР

Бұл хаттар жайында Е. Д. Стасова өзінің естеліктерінде былай дейді: Владимир Ильичпен мен 1905 жылғы күзде Женевада жүзбе-жүз таныстым, бірақ біздің арамыздағы хат алысу одан едәуір көп бұрын — 1901 жылы басталған-ды. Ол кездегі жазысқан хаттарымызда қызу пікір алысатынбыз және олар тек іскерлік қана емес, сондай-ақ нағыз достық сипатқа да толы болды». (қараңыз: «Смена», 1940, № 4).

---

* Әңгіме А. Ю. Финн-Енотаевский жайында болып отыр. *Ред.*

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«С.-ПЕТЕРБУРГ» ДЕГЕН ЗАМЕТКА («ИСКРА» № 7, АВГУСТ, 1901 ж.).

Заметка «Искра» редакциясы Петербург жұмысшысының «Искраның» 4-номері мен В. И. Лениннің «Неден бастау керек?» деген мақаласына дән риза болған пікірін білдірген және Петербург жұмысшыларының көңіл ауанын хабарлаған хатын алуына байланысты жазылған. Заметканың аяқ жағында былай делінген: «Бізге былай деп жазады: бірінші стачканың айыпкері — жұмыстан шығарылды деген директордың көмекшісі Ивановтың қайтадан заводқа келуіне байланысты 7 июль күні Обухов заводы тағы да ереуіл жасаған». В. И. Лениннің «Жаңа қырғын» деген мақаласы (қараңыз: осы том, 14—20-беттер) Обухов заводындағы осы оқиғаға арналған.

«ЖАҢА КЕДЕРГІЛЕР» («ИСКРА» № 9, ОКТЯБРЬ, 1901 ж.).

Тақырыбы мен мазмұны жағынан бұл заметка В. И. Лениннің «Ашығушылармен күрес», «Каторгалық ережелер және каторгалық үкім», сондай-ақ «Ішкі жағдайға шолу» атты мақалаларымен үндес, «Ішкі жағдайға шолуда» В. И. Ленин осы мақалаға сілтеме жасайды: «Біз қайырымдылық жасау мақсатында қойылатын концерттерге, ойындарға жəне басқаларға бақылауды күшейту жайындағы тағы сол министрдің нұсқауы сияқты — жоғарыда талданған нұсқауға қарағанда — «ұсақ-түйек» нəрсеге тоқталып жатпаймыз. (Салыстырыңыз: «Искра», № 9, «Жаңа кедергілер».)» (Қараңыз: осы том, 335-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«Искра» № 4 — май, 1901 ж.
«Искра» № 5 — июнь, 1901 ж.
«Искра» № 6 — июль, 1901 ж.
«Искра» № 7 — август, 1901 ж.
«Искра» № 8 — 10 сентябрь, 1901 ж.
«Искра» № 9 — октябрь, 1901 ж. («Иваново-Вознесенск жұмысшыларын қорғау үшін» деген қосымшасымен).
«Искра» № 10 — ноябрь, 1901 ж.
«Искра» № 11 — 20 ноябрь, 1901 ж.
«Искра» № 12 — 6 декабрь, 1901 ж.
«Искра» № 13 — 20 декабрь, 1901 ж.

«Заря» журналы № 2—3, декабрь, 1901 ж.

Кітапша: ««Бірігу» съезінің документтері». «Орыс революциялық социал-демократиясы лигасының басылымы, Женева, 1901.

Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының мәлімдемесі. 1901 ж. аяғында жеке листок болып шығарылған.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] В. И. Лениннің «Искра» газетінің 4-номерінде бас мақала орнына басылған *«Неден бастау керек?»* деген мақаласында Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың сол кездегі аса маңызды мәселелері: саяси үгіттің сипаты мен негізгі мазмұны туралы, жалпы орыстық айбынды маркстік партияны құрудың ұйымдық міндеттері мен жоспары туралы айтылған.

Мақала революциялық социал-демократия үшін программалық документ болды және Россия мен шетелде кең таралды. Жергілікті социал-демократиялық ұйымдар оны «Искра» газетінен оқып, жеке кітапша етіп қайта басып шығарды. Сибирь социал-демократиялық одағы кітапшаны 5 мың дана етіп басып шығарып, бүкіл Сибирьге таратты. Сондай-ақ кітапша Ржевте де шығарылып, Саратовта, Тамбовта, Нижний Новгородта, Уфада және басқа қалаларда таратылды.

Лениннің «Неден бастау керек?» деген мақалада ұсынған және 1902 жылдың мартында шыққан «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітабында өзі толық дамытқан ұйымдық және тактикалық идеялары Россияда маркстік партияны құру жөніндегі күнделікті практикалық қызметте басшылыққа алынды.— *1.*

[2] *«Экономикалық» бағыт* немесе *«экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы орыс социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары — Россияда «Рабочая Мысль» (1897—1902) газеті және шетелде «Рабочее Дело» (1899—1902) журналы болды.

1899 жылы — «Credo» — экономистердің Е. Д. Кускова құрастырған манифесі жарияланды. «Credo»-ны айдауда жүрген кезінде алып, оған Ленин «Россия социал-демократтарының наразылығын» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—190-беттер) жазды, онда «экономистердің» программасын қатаң сынға алды. Наразылық саяси жер ау-

дарылуда жүрген 17 марксистің Минусинск округінің Ермаковское селосында өткізілген кеңесінде талқыланып, бір ауыздан қабылданды. «Экономистер», саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санай отырып, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия тек қозғалыстың стихиялы процесіне көз салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін бекерге шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялық қозғалыстан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізудің қажеттігін теріске шығарды және сол арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашты. Экономистер жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, жекелеген үйірмелердің бытыраңқылығы мен майдагерлігін қорғады, социал-демократиялық қозғалыстағы ауажайылушылық пен ауытқушылықты қолдады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Экономизммен күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды. В. И. Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады.— *5.*

3 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы Ісі») — «экономистердің» журналы, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мерзімді емес органы. Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, А. С. Мартыновтың, П. Тепловтың, ал кейін В. П. Иваншиннің редакциялауымен шығып тұрды. 12 номері (тоғыз кітабы) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» («рабочеделошылардың») шетелдік орталығы болды. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау бостандығы» дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады, «сатылар теориясын» ұсынды, терроршылдық пиғылдардың өрлеуіне қарсы әрекет жасамау керек деп мәлімдеп, жеке-дара террор туралы мәселеде солқылдақтық көрсетті. «Рабочее Дело» партияны құрудың искралық жоспарына қарсы ашық күрес жүргізді, тред-юнионшылдық саясатқа шақырды, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін мойындамады, т. т. «Рабочее Дело» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) ашық «экономистердің» «Рабочее Дело» қолдап отырған органы — «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты. РСДРП-ның II съезінде «рабоче-делошылар» партияның әсіре оңшыл, оппортунистік қанаты болды.— *5.*

4 *«Листок «Рабочего Дела»»* (««Жұмысшы Ісі» Листогы») — «Рабочее Дело» журналына мерзімді емес қосымша,

1900 жылдың июнінен 1901 жылдың июліне дейін Женевада шығып тұрды; барлығы 8 номері шықты.—*5*.

5 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде басылды; 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Варшаваға көшірілді; соңғы, 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

«Рабочая Мысльдің» көзқарастарын В. И. Ленин «Искра» газетінде жарияланған бірқатар мақалаларында және «Не істеу керек?» деген кітабында сынады.— *5*.

6 В. И. Ленин бұл арада өзінің 1900 жылғы декабрьде «Искра» газетінің 1-номерінде бас мақала ретінде басылған «Біздің қозғалысымыздың көкейтесті міндеттері» деген мақаласын айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 401—407-беттер).

«Искра» («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық астыртын маркстік газет.

Полицияның қуғындауы себепті Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ оны шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған еді. Айдау мерзімі біткеннен кейін (1900 жылдың январы) Ленин дереу өз жоспарын жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылғы февральда Петербургте Ленин шетелден астыртын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының газет шығаруға қатысуы туралы келіссөз жүргізді. 1900 жылғы марттың аяғы—апрельдің басында В. И. Ленин, Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум), А. Н. Потресов, С. И. Радченко және «жария марксистер» — П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский қатысқан «Псков кеңесі» деп аталған кеңес болды, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакциясының осы басылымдардың программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің лениндік жобасы талқыланды. Ленин 1900 жылдың бірінші жартысында Россияның бірқатар қалаларын (Москва, Петербург, Рига, Смоленск, Нижний Новгород, Уфа, Самара, Сызрань) аралап шықты, социал-демократиялық топтармен және жекелеген социал-демократтармен байланыс орнатты, олармен болашақ «Искраны» қолдау жөнінде келісті. Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, 1900 жылғы августа, В. И. Ленин мен А. Н. Потресовтың «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңесі болды, онда газет пен журналдың программасы мен міндеттері, болашақ қызметкерлер туралы, редакцияның құрамы және оның орны туралы әңгіме болды; бұл келіс сөздер ажырасумен аяқтала жаздады.

(В. И. Лениннің ««Искра қалай өше жаздады?» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), алайда келіс сөздің аяғына қарай барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте жарық көрді, кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден Лондонда, ал 1903 жылдың көктемінен Женевада шықты. Газетті жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орыс шрифтілерін табуға, т. т.) К. Цеткин, А. Браун, т. б. герман социал-демократтары, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искраның» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Ю. О. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Редакцияның секретары алғашқыда И. Г. Смидович-Леман, ал кейін 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, Крупская сондай-ақ «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды. Ол «Искраға» партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері бойынша мақалалар жазып, халықаралық өмірдің аса маңызды оқиғаларына үн қосып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинау мен тәрбиелеудің орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искрашыл бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылғы январьда искрашылдардың Самарадағы съезінде «Искраның» орыс ұйымының негізі қаланды. Искрашыл ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері және серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқаларының тікелей басшылығымен пайда болып, жұмыс істеді.

Лениннің инициативасы бойынша және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және 1903 жылғы июль — августа болған РСДРП-ның II съезін әзірледі. Съезд шақырылған уақытқа дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдап, оны өзінің басшы органы деп таныды. Арнаулы қаулысында съезд «Искраның» партия үшін күресте ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде редакция бекітілді, оның құрамына Ленин, Плеханов және Мартов енді. Партия съезінің шешіміне қарамастан, Мартов редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-

номерлері Лениннің және Плехановтың редакциялауымен шықты. Бұдан кейінгі жерде Плеханов меньшевизм позициясына көшті де, съезд шығарып тастаған бұрынғы меньшевик-редакторлардың бәрін «Искра» редакциясының құрамына енгізуді талап етті. Ленин мұнымен келісе алмады, сөйтіп 1903 жылғы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шығып кетті, Орталық Комитетке кооптация жолымен енді де, сол жерден оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. 52-номер жалғыз Плехановтың редакциялауымен жарық көрді. 1903 жылғы 13(26) ноябрьде Плехановтың бір өзі съездің шешімін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына бұрынғы меньшевик-редакторларды қайта кіргізді. 52-номерінен бастап меньшевиктер «Искраны» өз органына айналдырды.— *6.*

[7] Бұл арада студенттер мен жұмысшылардың жаппай революциялық бас көтерулері: 1901 жылғы февраль — мартта Петербургте, Москвада, Киевте, Харьковта, Қазанда, Ярославльде, Варшавада, Белостокта, Томскіде, Одессада және Россияның басқа қалаларында болған саяси демонстрациялары, жиындары, ереуілдері жайында әңгіме болып отыр.

Студенттердің 1900—1901 оқу жылындағы академиялық талаптар негізінде пайда болған қозғалысы самодержавиенің реакциялық саясатына қарсы революциялық саяси бас көтеруге айналды, ол алдыңғы қатарлы жұмысшылар тарапынан қолдау тапты, орыс қоғамының барлық топтары оған үн қосты. 1901 жылғы февральдағы және марттағы демонстрациялар мен стачкаларға Киев университетінің 183 студентін студенттер жиынына қатысқаны үшін солдатқа беру тікелей себеп болды. Бұл жөнінде В. И. Лениннің «183 студентті солдатқа беру» деген мақаласын (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер) қараңыз. Үкімет революциялық қимылға қатысушыларды тарпа бас салды: полиция мен казактар демонстрацияларды қуып таратып, оған қатысушыларды соққыға жықты, жүздеген студенттер тұтқынға алынып, жоғары оқу орындарынан шығарылды; әсіресе 1901 жылдың 4(17) мартында Петербургтің Қазан соборы жанындағы алаңда болған демонстрацияға қатысушылар өте қатты жазаланды. 1901 жылғы февраль — март оқиғалары Россиядағы революциялық өрлеудің өршіп келе жатқанын көрсетті; жұмысшылардың саяси ұранмен өткен қозғалысқа қатысуының зор маңызы болды.— *9.*

[8] Әңгіме В. И. Лениннің «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітабы жайында болып отыр. Кітапты 1902 жылдың мартында Штутгарттағы Дитцтің баспасы шығарды.— *9.*

[9] Әңгіме «Искраның» 1901 жылғы июньдегі 5-номерінде, «Жұмысшы қозғалысының хроникасы және фабрикалар мен за-

водтардан хаттар» деген бөлімде басылған «Россиядағы Бірінші май» деген корреспонденция жайында болып отыр.— *16.*

10 Әңгіме К. Маркстің «1848 жылдан 1850 жылға дейінгі Франциядағы тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельстің «Кіріспесі» туралы болып отыр. 1895 жылы, «Кіріспе» «Vorwärts» («Алға») газетінде жарияланғанда, пролетариаттың тап күресі туралы аса маңызды тұжырымдардың бәрі Энгельстің рұқсатынсыз одан алып тасталған және текст бұрмаланып басылған. Бұл туралы Ф. Энгельстің 1895 жылғы 1 және 3 апрельдегі хаттарын қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 517-бет).

Герман социал-демократиясының оппортунист лидерлері бұл документті революциядан бас тартудың, пролетариаттың қарулы көтерілісі мен баррикадалық шайқастарының қажеттігін теріске шығарудың өздері ұстап отырған бағытын ақтау мақсатына, ымырашылдық тактиканы қорғауға пайдаланды.

«Кіріспенің» толық тексті бірінші рет СССР-де: К. Маркс. «1848—1850 жылдардағы Франциядағы тап күресі» деген кітапта (М.— Л., 1930) жарияланды. «Кіріспе» сондай-ақ мына кітапта да басылды: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 95—115-беттер.— *19.*

11 Ленин Петербургтегі Нева заставасы сыртындағы Максвель фабрикасы жұмысшыларының 1898 жылғы декабрьдегі ереуіл кезінде полициямен қақтығысуын айтып отыр. Ереуілді басу үшін полиция ереуілді ұйымдастырушы негұрлым белсенді жұмысшыларды тұтқынға алуға ұйғарды. 16 декабрьге қараған түнде жаяу және атты городовойлардың отрядтары Шлиссельбург трактысының бойындағы № 63 үйде орналасқан фабрика казармасын қоршап алды. Полиция үйдің ішіне басып кіруге әрекет еткенде қарусыз жұмысшылардың, олардың әйелдері мен балаларының бірнеше сағат бойы ерлікпен қорғанған табан тірескен қарсылығына кездесті. Бұл оқиға жұмысшылардың өз праволары үшін күрестегі табандылығын, ерлігі мен батылдығын дәлелдеді.—*19.*

12 1901 жылы 4 (17) мартта Петербургтегі Қазан соборы жанындағы алаңда Киев университетінің 183 студентін революциялық қозғалысқа қатысқаны үшін солдаттыққа беруге қарсы наразылық білдірген демонстрация болды. Бірнеше мың студенттер мен жұмысшылар қатысқан бұл демонстрацияны патша үкіметі қуып таратты. Мұның үстіне казактар, полицейлер мен жандармдар демонстрацияға қатысқан жүздеген адамды аяусыз сабады, бірнеше адам өлді, көптеген адам жараланды және жарымжан болды. Осы демонстрация туралы толық хабар 1901 жылы апрельде «Искраның» 3-нөмірінде басылды.— *20.*

13 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; «Искраның» редакциясы Штутгартта 1901—1902 жылдары жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы): 1-номері 1901 жылғы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта), 2—3-номері 1901 жылғы декабрьде, 4-номері 1902 жылғы августа шықты.

Журналдың міндеттері «Искра» мен «Заря» мәлімдемесінің В. И. Ленин Россияда жазған жобасында белгіленді. «Еңбекті азат ету» тобымен бірлесе отырып, бұл органдарды шетелде басып шығару туралы мәселені талқылаған кезде «Заряны» жария түрде шығаруға, ал «Искраны» астыртын шығаруға ұйғарым жасалғандықтан, «Искра» редакциясының жарияланған мәлімдемесінде енді «Заря» туралы ештеңе айтылмады. Бірінші номерге арнап «Заря» редакциясының мәлімдемесін жазу П. Б. Аксельродқа тапсырылды. Алайда онда астыртын «Искраға» сілтемелер болғандықтан бұл мәлімдемені Дитцтің баспасы қабылдамады. «Заряның» 1-номері «Оқушыларға» деген қысқаша үндеумен ашылды; жариялылықты сақтау мақсатында «Заряның» мұқабасында журнал Г. В. Плехановтың, В. И. Засуличтің және П. Б. Аксельродтың қатысуымен шығып тұрады деп көрсетілді; «Заряны» редакциялау ісін «Искраның» редакциясы жүзеге асыратыны айтылмағаны сияқты, Лениннің есімі де аталмады. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде алауыздық және жанжал туған кезде Плеханов («Заряны» редакциялауды өзіне қалдыру үшін) журналды газеттен бөлудің жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп бұл органдардың редакциясы барлық уақытта да ортақ редакция болып қала берді.

«Заря» журналы халықаралық ревизионизм мен орыс ревизионизмін («жария марксизм» мен «экономизмді») сынап, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. Лениннің «Зарядa» басылған: «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалардың аграрлық мәселе жөніндегі пікірлері» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың: «Біздің сыншылардың сыны, 1-бөлім. П. Струве мырза әлеуметтік дамудың маркстік теориясын сынаушы ролінде», «Gant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген еңбектері, т. б. осы мәселеге арналды.— *21.*

14 *«Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары»* деген мақаланы В. И. Ленин 1901 жылы, Р. Н. С.-тің (П. Б. Струвенің) алғы сөзі мен ескертулері бар «Самодержавие мен земство. Финанс министрі статс-секретарь С. Ю. Виттенің құпия жазбасы (1899 ж.)» деген кітаптың жарыққа шығуына байланысты жазған; бұл жазбада патша үкіметінің земство жөніндегі саясатын әшкерелейтін және Россиядағы

либерализмнің буржуазиялық мәнін ашып көрсететін материал болды. П. Струвенің жазғанындай, Римге қарсы күресті өмір бойы тоқтатпауға ант берген Карфаген қолбасшысы Аннибал сияқты, самодержавиеге қарсы күресуге ант берген орыс либералдарын Ленин әжуалап либерализмнің Аннибалдары деп атады.

Бастапқыда Ленин бұл мақаланы «Искра» газетінде басуды ұйғарған, бұл туралы газеттің 5-номерінде, «Құпия документ» деген заметкада (қараңыз: осы том, 21-бет) хабарланған. Бірақ мақала көлемді болғандықтан оны «Заря» журналында басуға ұйғарылады.

Мақаланы «Искра» мен «Заряның» редакциясында талқылау бір жарым айға дерлік созылды. Талқылаудың барысында маркстік партияның буржуазиялық либерализм жөніндегі тактикасының мәселелері жайында редакцияның ішінде елеулі алауыздықтар барын көрсеткен қызу хат жазысулар болды. Редакция мүшелерінің бір бөлігі: Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич либерализмді Лениннің әділ сынағанын мойындай отырып, мақаланың қатты әшкерелегіш сарыны мен полемикалық сипатын жұмсартуды және либерализмге айтылған сынның жұмсартылуын талап етті. Маңызы кемдеу деген бірқатар тұжырымдарды өзгертуге келіскенімен, Ленин мақаланың полемикалық сарынын, бағыты мен сипатын өзгертуден үзілді-кесілді бас тартты. Мақала сол қалпында 1901 жылы декабрьде «Заря» журналының 2—3-номерінде басылды. Мақаланың бастапқы тексті сақталмаған.— *23.*

15 *«Колокол»* («Қоңырау») — журнал, оны «Vivos Voco!») («Тірілерді шақырамын!») деген ұранмен А. И. Герцен мен Н. П. Огарев 1857 жылғы 1 июльден 1865 жылғы апрельге дейін Лондонда және 1865 жылдан 1867 жылғы июльге дейін Женевада ай сайын, ал біраз уақыт айына екі реттен шығарып тұрды. 245 номері шықты. 1868 жылы журнал француз тілінде шықты; кейбір номерлеріне орыс тілінде қосымшалар басылды. «Колокол» 2500 данаға дейін тиражбен басылып, бүкіл Россияға кең таралды. Самодержавиенің озбырлығын, чиновниктердің айуандығы мен қазынаны ұрлауын, помещиктердің шаруаларды аяусыз қанауын әшкерелей отырып, «Колокол» революциялық ұрандар тастады және бұқараның патша үкіметі мен үстем таптарға қарсы күреске шығуға оянуына көмектесті.

«Колокол» Россияда жұмысшы баспасөзі пайда болғанға дейінгі цензурасыз революциялық баспасөздің жетекшісі болды, жалпы демократиялық және революциялық қозғалысты дамытуда, самодержавие мен крепостниктікке қарсы күресте маңызды роль атқарды.— *29.*

16 *«La Revue des deux Mondes»* («Көне және Жаңа Дүниеге Шолу») — француздың ай сайын шығып тұрған буржуазия-

лық-либералдық журналы; 1829 жылдан 1940 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Әуелі әдеби-көркем журнал болып шыға бастады, кейіннен философия мен саясат мәселелеріне көбірек орын беретін болды. Журналға әр кездері аса көрнекті жазушылар: В. Гюго, Жорж Санд, О. Бальзак, А. Дюма және басқалары қатысты. 1948 жылдан бастап журнал «La Revue. Littérature, histoire, arts et sciences des deux mondes» («Шолу. Көне және жаңа дүниенің әдебиеті, тарихы, өнері мен ғылымы») деген атпен шығып келеді.— *29.*

[17] Әңгіме патша самодержавиесінің езгісіне қарсы бағытталған 1863—1864 жылдардағы поляк ұлт-азаттық көтерілісі жайында болып отыр. Революцияшыл пиғылдағы жастарды қалалардан жаппай аластау мақсатында патша үкіметі мен Польша билеуші топтарының оларды әскерге рекрутқа алмақ болған әрекеті көтерілістің шығуына тікелей себеп болды. Бастапқы кезде көтеріліске 1862 жылы «қызылдардың» ұсақ шляхта партиясы құрған Орталық ұлттық комитеті басшылық етті. Оның Польшаға ұлттық тәуелсіздік беруді, елдің барлық еркектеріне діні мен шыққан тегінің қандай екеніне қарамастан тең право берілуін, шаруалар өңдейтін жерді ешқандай сатып алу төлемінсіз олардың толық меншігіне беруді, барщинаны жоюды, жер үшін помещиктерге ақыны мемлекет қаржысынан төлеуді және басқаларын талап еткен программасы поляк халқының алуан түрлі топтарын: қолөнершілерді, жұмысшыларды, студенттерді, шляхта интеллигенциясын, шаруалардың бір бөлігін, дін басыларын көтеріліске тартты.

Көтерілістің барысында оған көтерілісті өз мүдделеріне пайдалануға және Англия мен Францияның көмегіне сүйеніп патша үкіметімен пайдалы келісім жасауға тырысқан «ақтар» партиясының (ірі жер аристократиясы мен ірі буржуазия партиясының) төңірегіне біріккен элементтер келіп қосылды.

Россияның революциялық демократиясы көтерілісшілерге асқан тілектестік көзқараста болды. Н. Г. Чернышевскиймен байланысты болған «Жер және ерік» астыртын қоғамының мүшелері оларға әр алуан көмек көрсетуге тырысты. «Жер және еріктің» Орталық Комитеті «Орыс офицерлері мен солдаттарына» деген үндеу шығарды, бұл үндеу көтерілісшілерді жаныштауға жіберілген әскердің арасында таратылды. А. И. Герцен мен Н. П. Огарев «Колоколда» поляк халқының күресіне арналған бірқатар мақалалар басты, көтерілісшілерге материалдық көмек көрсетті.

Революциялық инициативадан айырылып қалған «қызылдар» партиясының дәйексіздігі салдарынан көтеріліске басшылық ісі оған опасыздық істеген «ақтар» партиясының қолына көшті. 1864 жылдың жазына қарай патша әскері көтерілісті аяусыз басып-жаныштады.

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1863—1864 жылғы поляк көтерілісін прогрестік көтеріліс деп бағалады және оған зор тілектестікпен қарады, поляк халқына ұлт азаттығы жолындағы күресте жеңіске жетуді тіледі. Лондондағы неміс эмиграциясы атынан Маркс поляктарға көмектесу туралы үндеу жазды. Сол уақыт үшін поляк көтерілісінің прогрестік сипаты болғанын атап көрсете отырып, Ленин былай деп жазды: «Россияның және славян елдерінің көпшілігінің халық бұқарасы әлі шырт ұйқыда жатқан кезде, бұл елдерде өз алдына дербес, бұқаралық, демократиялық қозғалыстар *болмаған* кезде, Польшадағы *шляхталық* азаттық қозғалысының, жалпы россиялық, жалпы славяндық демократияның көзқарасынан ғана емес, сонымен қатар жалпы европалық демократияның көзқарасынан алып қарағанда да орасан зор, бірінші дәрежелі маңызы болды» (қараңыз: Шығармалар, 20-том, 447—448-беттер).— *30.*

18 *«Жас Россия»* — П. Г. Заичневскийдің Москвадағы революциялық студенттер үйірмесінің 1862 жылы майда шығарған прокламациясы. Прокламация Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылыстың бет пердесін ашты, либералдардың келісімпаздығын әшкереледі, монархияны құлату және облыстардың ерікті федерациялық одағы негізінде «орыс социал-демократиялық республикасын» құру жолында күресуге шақырды. Маркс атап көрсеткендей, онда «елдің ішкі жағдайы, әр түрлі партиялардың халі, баспасөздің жағдайы айқын да дәл суреттелді және, коммунизмді жариялай отырып, әлеуметтік революцияның қажеттігі туралы қорытынды» жасалды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, 2-бөлім, 1940, 642-бет). Прокламацияда әйелдерге тең право беру, сотты сайлап қою, салықтарды әділдікпен салу, қоғамдық фабрикалар мен магазиндер ұйымдастыру, балаларға қоғамдық тәрбие беру, Польша мен Литваға тәуелсіздік беру, тұрақты армияны ұлттық гвардиямен алмастыру және т. б. жөнінде талаптар қойылды. Революциялық төңкеріс жасауға үгіттей отырып, «Жас Россия» революциялық элементтерге ескі әдет-ғұрыпты ұстанушылар, шаруалар, білімді офицерлер арасынан өздеріне тірек іздестіруге кеңес берді, бірақ прокламация революциялық әр текті интеллигенцияны қозғалыстың басты күші деп жариялады.

Прокламация Москвада, Петербургте және Россияның көптеген провинциялық қалаларында таратылды.— *30.*

19 *«Даңқты орында»* — халықшылдардың идеологтарының бірі Н. К. Михайловскийдің әдеби және қоғамдық қызметіне қырық жыл толуы (1860—1900) мерекесінің құрметіне халықшылдар шығарған әдеби жинақ. Жинақта Н. Анненскийдің, Н. Карышевтің, П. Милюковтың, Н. Михайловскийдің, П. Мокиевскийдің, В. Мякотиннің, А. Пешехоновтың, М. Ра-

фаиловтың, Н. Рубакиннің, В. Семевскийдің, В. Черновтың, А. Чупровтың, С. Южаковтың және басқаларының мақалалары басылды.—*31.*

[20] *«Современник»* («Замандас») — А. С. Пушкин негізін қалаған, ай сайынғы ғылыми-саяси, әдеби журнал; 1836 жылдан 1866 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналды 1847 жылдан 1862 жылға дейін Н. А. Некрасов пен И. И. Панаев, ал 1863 жылдан бастап Н. А. Некрасовтың бір өзі шығарды. Журналдың жұмысына В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, Н. В. Шелгунов, М. Е. Салтыков-Щедрин, М. А. Антонович және басқалар қатысты. «Современник» өз заманында революциялық демократияның мақсат-арманын бейнелеген және орыс қоғамының прогрессшіл элементтеріне, әсіресе революциялық пиғылдағы жастарға зор ықпал жасаған таңдаулы журнал болды. Шаруалар реформасы кезеңінде журнал революциялық демократияның органы болды, революцияның, бұқараның патша үкіметін құлату жолындағы күресінің идеяларын уағыздады, шаруалардың мүддесін қорғады. 1866 жылы патша үкіметі журналды жауып тастады.— *31.*

[21] *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі») — ай сайынғы әдеби-саяси журнал, 1859 жылдан 1866 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Оған Д. И. Писарев, Н. В. Шелгунов және басқалар қатысты. Журнал революциялық демократизм идеяларын уағыздаған прогрессшіл, беделді органдардың бірі болды және 60-жылдардағы алдыңғы қатарлы жастарға зор ықпал жасады. 1866 жылы патша үкіметі журналды жауып тастады.— *31.*

[22] *«День»* («Күн») — И. С. Аксаков шығарған славянофилдік бағыттағы апталық газет; 1861 жылдан 1865 жылға дейін Москвада шығып тұрды.— *31.*

[23] *«Әдеби қор» («Мұқтаждық көрген әдебиетшілер мен ғалымдарға және олардың семьяларына жәрдемдесуге арналған әдеби қор қоғамы»)* — Н. Г. Чернышевскийдің қатысуымен 1859 жылы Петербургте негізі қаланған жария түрдегі ерікті қоғам. Қоғамды ұйымдастырушылар мұқтаждық көрген әдебиетшілер мен ғалымдарға көмек көрсету деген сылтаумен интеллигенцияның алдыңғы қатарлы, революциялық пиғылдағы бөлігін топтастыруға тырысты. 1862 жылы апрельде студенттердің жария ұйымын құруға әрекет жасалды. «Кедей оқушыларға жәрдемдесуге арналған бөлімше» («Әдеби қор» жанындағы 2-бөлімше) құрылды. Бөлімшені студенттер комитеті басқарды. Комитет мүшелерінің едәуір бөлігі революциялық астыртын «Жер және ерік» ұйымымен байланысты болды. 1862 жылы июньде патша үкіметі «Бөлімшені» жауып тастады.— *31.*

24 *Шахмат клубы* Н. Г. Чернышевский мен оның ең жақын достарының инициативасы бойынша 1862 жылы январьда Петербургте құрылды. Клубтың басшыларының қатарында Н. А. Некрасов, ағайынды А. А. және Н. А. Серно-Соловьевичтер, ағайынды В. С. және Н. С. Курочкиндер, П. Л. Лавров, Г. Е. Благосветлов, Г. З. Елисеев, Н. Г. Помяловский болды. Клуб мүшелерінің құрамына революциялық астыртын «Жер және ерік» ұйымына қатысушылар кірді. Шахмат клубы іс жүзінде әдебиетшілердің клубы, Петербургтің революциялық пиғылдағы алдыңғы қатарлы интеллигенциясының саяси және қоғамдық өмірінің орталығы болды. 1862 жылы июньде патша үкіметі клубты жауып тастады.— *31.*

25 Әңгіме крепостниктік правоның жойылғанын жариялаған Манифеспен бірге 1861 жылғы 19 февральда II Александр қол қойған «Крепостниктік тәуелділіктен шыққан шаруалар туралы жалпы ереже» жайында болып отыр.

Патша үкіметі 1861 жылғы *«Шаруалар реформасын»* крепостник-помещиктердің мүддесін көздеп жүргізді. Реформаның қажеттігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанауға қарсы бұқаралық шаруалар қозғалысының өсуінен туды. Формасы жағынан «шаруалар реформасы» крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформа болды. «Шаруалар жері неғұрлым *аз* кесіліп алынса, олардың жері помещиктердің жерінен неғұрлым *толық* бөлектелсе, крепостниктерге төленетін алымның мөлшері неғұрлым *аз* болса...» реформаның буржуазиялық «мазмұны соғұрлым күштірек айқындала түсті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 105—106-беттер). «Шаруалар реформасы» Россияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы қадам болды.

Барлығы 22,5 миллион шаруа «азат етілді». Алайда помещиктік жер иеленушілік сақталып қалды. Шаруалардың жері помещиктің меншігі деп жарияланды. Шаруа үлесті жерді заңда белгіленген норма бойынша ғана (оның өзінде де помещиктің келісімі бойынша) сатып ала алатын болды. Шаруалар жер ақысын патша үкіметіне төлейтін, ал патша үкіметі белгіленген соманы помещиктерге төлеген еді. Шамамен шығарылған есептерге қарағанда, реформадан кейін дворяндардың 71,5 миллион десятина, шаруалардың 33,7 миллион десятина жері болды. Реформаның арқасында помещиктер шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен астамын, тіпті $^2/_5$ бөлігін өздеріне кесіп алды.

Реформа шаруашылықтың ескі, барщиналық жүйесінің іргесін ғана сөкті, бірақ жойған жоқ. Шаруалардың үлесті жерінің ең жақсы бөлегі («кесіп алынған жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалары) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Жерді сатып алу туралы келісім жасасқанға дейін шаруалар «уақытша мін-

деттілер» болып есептелді де, оброк пен барщина түрінде помещиктің пайдасына жұмыс істеді. Шаруалардың өз үлесті жерін меншігіне сатып алуы оларды помещиктер мен патша үкіметінің тікелей тонауы болды. Шаруалардың патша үкіметіне борышын төлеуіне 6% төлеммен 49 жылға мәулет берілді. Сатып алу бойынша төленбей қалған борыш жылдан жылға өсіп отырды. Шаруаларға көшкен жердің рыноктағы бағасы 544 миллион сомнан аспаса да бұрынғы помещик шаруалары ғана патша үкіметіне сатып алу бойынша 1,9 миллиард сом төледі. Іс жүзінде шаруалар өз жері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруа шаруашылықтарының күйзелуіне және шаруалардың жаппай қайыршылыққа ұшырауына әкеп соқтырды.

Н. Г. Чернышевский бастаған орыс революцияшыл демократтары «шаруалар реформасын» оның крепостниктік сипаты үшін сынады.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға тұңғыш рет жаппай зорлық-зомбылық жасау, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалау» деп атады.

1861 жылғы реформа туралы Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 252—254-беттер) деген мақаласын және В. И. Лениннің «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруа революциясы» деген еңбектерін қараңыз (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер).— *31.*

26 *Бітістіруші төрешілер* — 1861 жылғы «шаруалар реформасын» жүргізу кезінде патша үкіметі енгізген әкімшілік лауазым. Губернатор жергілікті дворяндардан тағайындайтын бітістіруші төрешілерге шаруаларды азат ету туралы «Ережелерді» іске асыру кезінде помещиктер мен шаруалардың арасында туған жанжалдарды қарап, шешуге уәкілдік берілді және олар іс жүзінде помещиктердің мүдделерін қорғауға тиісті болды. Бітістіруші төрешілердің негізгі қызметі «уставтық грамоталар» дейтінді жасау болды, оларда шаруалардың үлесті жерінің көлемі мен орны және шаруалардың міндеткерлігі, сондай-ақ шаруалардың өзін өзі басқаруын бақылау дәл белгіленді. Бітістіруші төрешілер шаруалар басқармасының сайланып қойылатын қызмет адамдарын бекітіп отырды, шаруаларға жаза қолдануға, оларды тұтқынға алуға немесе штраф салуға, сондай-ақ шаруалар жиындарының қаулыларын бұзуға праволы болды.

В. И. Ленин Тверь губерниясының «Ережелерді» іске асырудан бас тартқан либералдық пиғылдағы бітістіруші төрешілері жайында айтып отыр. Олар оздерінің қызметінде өз губерниясының дворяндар жиналысының шешімдерін басшы-

лыққа алатыны туралы қаулы алды, бұл жиналыс 1862 жылы февральда «Ережелер» қанағаттандырмайды, шаруалардың үлесті жерін мемлекет жәрдемімен дереу сатып алу және бірқатар демократиялық институттарды енгізу қажет деп таныған болатын. Патша үкіметі Тверьдің бітістіруші төрешілерін тұтқынға алды және олардың әрқайсысы екі жылдан астам уақыт тұтқында ұстауға сотталды.— *32.*

27 Әңгіме Петербург гарнизоны әскерінің бір бөлегінің дворян революционерлер басқарған 1825 жылғы 14 декабрьдегі («декабристер» деген атау осыдан шыққан) көтерілісі жайында болып отыр.

Декабристер үш құпия қоғам: Петербургте — Н. М. Муравьев, К. Ф. Рылеев, С. П. Трубецкой басқарған «Солтүстік»; Украинада — П. И. Пестель, С. И. Муравьев-Апостол, М. П. Бестужев-Рюмин және басқалар басқарған «Оңтүстік» және ағайынды А. И. және П. И. Борисовтар басқарған «Біріккен славяндар» қоғамын құрды. Бұл қоғамдардың бәрінің өз программасы болды, крепостниктік правоны жою және патша самодержавиесіне шек қою талабы бұл программалардың негізіне алынды. Декабристер қалың халық көтерілісін туғызудан қорқып, бұл талаптарды халық бұқарасын қатыстырмай, әскери төңкеріс жасау жолымен жүзеге асырмақ болды.

Жаңа император I Николайға ант беретін күні, 1825 жылғы 14 декабрьде таңертең «Солтүстік қоғамның» мүшелері өздеріне сенімді әскери бөлімдерді Сенат алаңына алып шықты, бұл әскери бөлімдер ант қабылдаудан бас тартты, бірақ шабуылға шығуға олардың батылы бармады. Сол күннің кешінде-ақ көтеріліс жанышталып тасталды. Бұған ілесе, 1825 жылы 29 декабрьде, «Оңтүстік қоғам» мүшелерінің басқаруымен болған Чернигов полкінің көтерілісі 1826 жылғы 3 январьда басып жанышталды.

Патша үкіметі көтерілісшілерді қатаң жазалады. Жүздеген офицерлер мен 4 мыңнан астам солдат тұтқынға алынды. Декабристердің көрнекті қайраткерлері: Пестель, Рылеев, Муравьев-Апостол, Бестужев-Рюмин, Каховский дарға асылды, жүзден астам адам Сибирьге каторгаға және қоныстануға жер аударылды, офицерлердің бір бөлегі солдат дәрежесіне төмендетіліп, Кавказда соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан армияға жіберілді; 188 солдатқа саптан өткізіп, дүре соғылды, үш мыңнан астам солдат шекарадағы әскерге жіберілді.

Ленин революциялық астыртын ұйымдар құрып, самодержавие мен крепостниктікке қарсы қарулы көтеріліс жасаған тұңғыш революцияшыл күрескерлер ретінде декабристердің қызметін жоғары бағалады. Ленин декабристердің таптық тар өрістілігін көрсете келіп, олардың жанқиярлығын, жоғары патриотизмі мен революцияшылдығын, олардың қозғалысының Россиядағы революциялық-демократиялық қозға-

лысты ояту ісіндегі маңызын атап айтты. «Бұл революционерлердің тобы аз,— деп жазды ол.— Олар халықтан тым алыс. Бірақ олардың ісі жоғалған жоқ. Декабристер Герценді оятты. Герцен революциялық үгітті өрістетті» (Шығармалар, 18-том, 16-бет).— *33.*

28 Әңгіме Батыс Европа елдеріндегі революциялық ұлт-азаттық қозғалысты басуға орыс патшасы I Николай әскерінің қатысуы туралы болып отыр. 1848 жылы патша Румынияға, Польшаға, Прибалтикаға, Оң жағалаудағы Украинаға әскер кіргізді, Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін Австрия императорына алты миллион сом қарыз берді. 1849 жылы патша әскерінің көмегімен Венгриядағы революция жаныншталды.— *33.*

29 1901 жылы мартта халық ағарту министрі болып тағайындалған генерал Ванновский студенттердің толқуларын тыныштандыру мақсатында оқушы жастарға деген «сүйіспеншілік» және оларға «шын жүректен қамқорлық» туралы либералдық лепірме сөздер айтты. Ағарту саласында бірқатар болмашы реформалар жүргізе отырып, Ванновский революцияшыл студенттерге қарсы күресте жазалау шараларын: тұтқынға алуды, жер аударуды, университеттерден шығаруды және т. с. қолдана берді.— *36.*

30 *«Северная Почта»* («Солтүстік Почтасы») — күнделікті газет, патша үкіметі ішкі істер министрлігінің ресми органы; 1862 жылғы 1 январьдан 1869 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Газеттің бас редакторларының ішінде жазушылар А. В. Никитенко мен И. А. Гончаров болды. 1869 жылдан бастап «Северная Почтаның» орнына «Правительственный Вестник» шыға бастады.— *39.*

31 *«Вольное Слово»* («Еркін Сөз») — 1881—1883 жылдары Женевада апта сайын, ал 37-номерінен бастап екі аптада бір рет шығып тұрған басылым; барлығы 62 номері шықты. «Вольное Слово» оппозициялық элементтерді біріктіруді мақсат етті және Россияның қоғамдық құрылысын «жеке бастың бостандығы мен өзін өзі басқару негізінде» қайта құру қажеттігі туралы либералдық идеяларды уағыздады. Іс жүзінде оны «Қасиетті жасақтың» (помещик-дворян басқарушы топтары мен патшаның ірі әкімдерінің князь П. Шувалов және басқалар басқарған құпия ұйымының) мүшелері арандату мақсатында охранка бөлімшесінің рұқсатымен құрған болатын. Басылымды полиция агенті А. П. Мальшинский редакциялады.

1882 жылдың аяғында «Қасиетті жасақ» тарап кетті, сөйтіп 52-номерінен (1883 жылғы 8 январьдан) бастап М. П. Драгомановтың редакциялауымен шыға бастаған «Вольное Слово» өзін іс жүзінде тұрақты және қалыптасқан

ұйым ретінде өмір сүрмеген Земство Одағының органы деп жариялады.— *43.*

32 *«Правительственный Вестник»* («Үкімет Хабаршысы») — күнделікті газет, патша үкіметінің ресми органы, 1869 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *43.*

33 1880 жылы мартта Москваның 25 земство қайраткері (профессорлар, жазушылар, адвокаттар) ішкі істер министрі Лорис-Меликовқа петиция жолдады. Петицияның авторлары земство жиналыстарының праволарын ұлғайтуды және олардың өкілдерін мемлекеттік басқару ісіне қатыстыруға рұқсат етуді ұсынды.— *44.*

34 *«Листок «Народной Волидің»»* (««Халық Еркі» Листогы») 1880 жылғы 20 августағы 2-номері жайында айтылып отыр, онда «Лорис-Меликовтың мінездемесі жөнінде» деген мақала басылған болатын.

«Листок «Народной Волиді»» Россияның түрлі қалаларында (Петербургте, Тулада) «Халық еркі» партиясы 1880 жылдан 1886 жылға дейін астыртын шығарып тұрды. Жеті номері шықты.— *44.*

35 *États généraux (Бас штаттар)* — XIV—XVIII ғасырларда Францияда дворяндардың, дін басылардың және қала тұрғындарының (үшінші сословиенің) өкілдерінен құралған сословиелік-өкілдік мекеме; оның мәжілісін әкімшілік-финанс мәселелерін шешу үшін король шақырып отырған. Бас штаттар 175 жыл бойы (1614—1789) жиналған жоқ. 1789 жылы XVI Людовик финанс дағдарысын шешу үшін Бас штаттарды шақырды. Үшінші сословиенің депутаттары халық бұқарасының қысымымен өздерін Ұлттық жиналыс деп жариялады. Басталып кеткен буржуазиялық революцияның барысында оған Құрылтай жиналысы деген ат берілді.— *45.*

36 *Нотабльдер жиналысын* (notables — мәртебелі, атақты адамдар) Францияда аса маңызды мәселелерді, негізінен алғанда финанс мәселелерін талқылау үшін феодал ақсүйектердің, дін басыларының өкілдері мен қаланың бірнеше бай тұрғындарынан король шақырып отырған. XVI Людовиктің тұсында нотабльдер жиналысы елдегі финанс дағдарысын шешу үшін 1787 және 1788 жылдары шақырылды. Жиналыс пұрсатты сословиелерге салық салу туралы қаулы қабылдаудан бас тартты, содан кейін XVI Людовик Бас штаттарды шақыруға мәжбүр болды.— *46.*

37 *«Жүрек диктатурасы»* 1880 жылы әуелі «бүлікке» қарсы күресу жөніндегі «Жоғарғы жарлық беруші комиссияның» бастығы, кейіннен ішкі істер министрі болып тағайындалған патша сановнигі Лорис-Меликовтың либералдармен аз уақыт

жүргізген көңіл алдау саясаты кекесінді түрде осылай аталды.— Лорис-Меликов өз саясатында либералдарға «кеңшілік» жасауға уәде беруге және революционерлерге қарсы аяусыз жазалау шараларын қолдануға сүйенуге тырысты. 1879—1880 жылдардағы революциялық жағдай туғызған осы бұлталақтау саясатының көздеген мақсаты революциялық қозғалысты әлсірету және оппозициялық пиғылдағы либерал буржуазияны патша өкіметі жағына тарту болды. 1879—1880 жылдардағы революциялық толқын тойтарылғаннан кейін патша үкіметі «жүрек диктатурасы» саясатынан бас тартты да, самодержавиенің «мызғымастығы» туралы манифест шығаруға асықты. 1881 жылғы апрельде Лорис-Меликов орнынан түсуге мәжбүр болды.— *47.*

38 *«Социал-Демократ»* — әдеби-саяси шолу; «Еңбекті азат ету тобы» 1890—1892 жылдары шетелде (Лондон — Женева) шығарып тұрды, Россияда марксизм идеяларын таратуда үлкен роль атқарды; барлығы төрт кітабы шықты. «Социал-Демократқа» негізінен Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич қатысты.— *47.*

39 1881 жылы 1 мартта халық ерікшілері II Александрды өлтірді.

«Халық еркі» — халықшыл-террористердің құпия саяси ұйымы, бұл ұйым халықшылдардың «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылғы августа пайда болды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский, т. б. енді. Халықшылдық утопиялық социализм позициясында қала отырып, халық ерікшілері саяси күрес жолына түсті, самодержавиені құлатып, саяси бостандықты жеңіп алуды аса маңызды міндет деп санады. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» құруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына беру жөнінде шаралар белгілеуді көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым алға басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар, 8-том, 61-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы ерлік күрес жүргізді. Бірақ белсенді «қаһармандар» мен енжар «тобыр» жөніндегі қате теорияға сүйенген олар қоғамды халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке-дара террор, үкіметті қорқытып, берекесін кетіру жолымен қайта құрмақ болды. 1881 жылғы 1 марттан кейін (II Александр өлтірілгеннен кейін) үкімет аяусыз қудалап, жаза қолдану және арандату арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. 80-жылдардың бойында «Халық еркін» қайта құруға тырысқан

талай әрекеттер нәтижесіз болды. Мәселен, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев басқарған және «Халық еркінің» дәстүрлерін қолдаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрға қастандық жасамақ болған сәтсіз әрекеттен кейін топ әшкереленді де, оның белсенді мүшелері дарға асылды.

Халық еріктілерінің қате, утопиялық программасын сынай отырып, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша үкіметіне қарсы жанқиярлық күресін зор құрметпен айтты, олардың құпиялықты сақтау техникасы мен қатаң бір орталыққа бағындырылған ұйымын жоғары бағалады.— *47.*

40 *«Порядок»* («Тәртіп») — баяу-либералдық саяси және әдеби газет. М. М. Стасюлевичтің редакциялауымен 1881—1882 жылдары Петербургте шығып тұрды.— *47.*

41 *«Страна»* («Ел») — баяу-либералдық саяси және әдеби газет. Л. А. Полонскийдің редакциялауымен Петербургте 1880—1883 жылдары бастапқыда аптасына екі рет, ал 1881 жылдан бастап үш рет шығып тұрды.— *47.*

42 *«Голос»* («Үн») — А. А. Краевскийдің редакциялауымен 1863 жылдан 1884 жылға дейін Петербургте шығып тұрған күнделікті баяу-либералдық саяси және әдеби газет; революциялық қозғалысқа дұшпандықпен қарады.— *47.*

43 Әңгіме III Александрдың самодержавиені нығайту және қорғау туралы Манифесі жайында болып отыр, Манифесті барып тұрған реакцияшыл көзқарасымен көзге түскен патша сановнигі К. П. Победоносцев әзірлеген болатын. Манифест III Александр тұсындағы тәртіптің ішкі және сыртқы саясатының реакциялық мәнін бейнеледі.— *48.*

44 *Макиавеллишілдік жоспар* — алдына қойған мақсатқа жету жолындағы күресте ешқандай құралды талғамаған, соның ішінде опасыздықты, сатқындықты, алдап-арбауды, кісі өлтіруді және т. с. қолданған Макиавеллидің (XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басындағы итальян саяси қайраткерінің) саясаты рухындағы жоспар.— *49.*

45 *«Екі жердегі екіні май шамға теңеу»* — И. С. Тургеневтің «Рудин» романынан алынған сөз; ойлау логикасының жоқтығын, пікірлер мен қорытындылар арасында ешқандай байланыстың жоқтығын көрсету үшін қолданылады.— *61.*

46 *««Рабочая Мысльге» жеке қосымша»* — «экономистердің» газеті — «Рабочая Мысльдің» редакциясы 1899 жылы сентябрьде шығарған кітапша. Кітапшада, әсіресе Р. М. деп қол қойылған «Біздегі өмір шындығы» деген мақалада ашықтан-ашық оппортунистік көзқарастар айтылған. Ленин «Орыс

социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер) және «Не істеу керек?» деген кітабында бұл кітапшаны сынады.— *62.*

[47] *Бернштейншілдік теория* (бернштейншілдік) — халықаралық социал-демократияда XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болған және герман социал-демократы Э. Бернштейннің атымен аталған оппортунистік ағым. Бернштейн герман социал-демократиясының ішіндегі ревизионизмді ашықтан ашық білдіруші болды, бұл жағдай 1895 жылы Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін ерекше айқын көрінді.

1896—1898 жылдары герман социал-демократиялық партиясының теориялық органы «Die Neue Zeit»-те («Жаңа Заман») Бернштейн «Социализм проблемалары» деген жалпы атпен марксизмді ашықтан-ашық ревизиялаған сериялы мақалаларын бастырды. Герман социал-демократиялық партиясының сол қанаты өз газеттерінің бетінде Бернштейнге қарсы күрес жүргізе бастады, бірақ партияның Орталық Комитеті Бернштейнге және бернштейншілдікке тойтарыс бермеді. «Die Neue Zeit» журналының бетіндегі айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен ашылды.

1899 жылы мартта Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Кітап герман партиясының оңшыл қанатынан және II Интернационалдың басқа да партияларының оппортунистік элементтерінен қолдау тапты. «Сын еркіндігі» деген бернштейншілдік ұранды россиялық «жария марксистер» мен «экономистер» де іліп әкетті. Орыс цензурасы Бернштейн кітабының үш рет басылуына мүмкіндік берді, ал Зубатов оны жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың қатарына қосты.

Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт (октябрь 1898), Ганновер (октябрь 1899) және Любек (сентябрь 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ лидерлерінің көпшілігі ымырашылдық позиция ұстауына байланысты, партия Бернштейннен іргесін бөліп тастай алмады. Бернштейншілдер өздерінің теориялық органы «Sozialistische Monatshefte»-де («Социалистік Әрайлық») және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашықтан-ашық насихаттай берді. Тек В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана бернштейншілдікке, оның жақтастары мен ізбасарларына қарсы батыл күрес жүргізді. В. И. Лениннің бірқатар шығармалары, соның ішінде «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер), «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (осы том, 392—400-беттер) деген шығармалары, «Не істеу керек?» деген кітабы т. б. бернштейншілдікті сынауға арналған.— *69.*

48 *«Листок»* — конституциялық-либералдық бағыттағы газет, князь П. В. Долгоруков шетелде астыртын шығарып тұрды. 1862 жылғы ноябрьден 1864 жылғы июльге дейін шықты, барлығы 22 номері жарық көрді. Алғашқы бес номері Брюссельде, қалғаны Лондонда шықты.— *72.*

49 *«Халық правосы» партиясы* — орыс демократиялық интеллигенциясының астыртын ұйымы, ол 1893 жылы жазда бұрынғы халық еріктілері О. В. Аптекманның, А. И. Богдановичтің, А. В. Гедеоновскийдің, М. А. Натансонның, Н. С. Тютчевтің және басқалардың қатысуымен құрылған. Халық правошылары саяси реформалар жолында күресу үшін барлық оппозициялық күштерді біріктіруді өздеріне міндет етіп қойды. Ұйым «Манифест» және «Көкейтесті мәселе» деген программалық екі документ шығарды. Ұйымды 1894 жылы көктемде патша үкіметі талқандады. Саяси партия ретінде халық правошыларына Ленин берген бағаны В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» және «Орыс социал-демократтарының міндеттері» (Шығармалар толық жинағы, 1-том, 129—366-беттер және 2-том, 471—510-беттер) деген еңбектерінен қараңыз. Халық правошыларының көпшілігі кейіннен эсерлер партиясына кірді.— *75.*

50 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «1848 жылдан 1850 жылға дейінгі Франциядағы тап күресі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 1956, 7-бет) деген еңбегінен алынған қағида жайында айтып отыр.— *76.*

51 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; газет түрлі бастырушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағытта болды, 1876 жылдан бастап, газеттің бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін, ол реакцияшыл дворян және чиновниктік-бюрократиялық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *77.*

52 Әңгіме ішкі істер министрлігінің баспасөз істері жөніндегі бас басқармасының газеттер мен журналдардың редакторларына 1901 жылы 11 майда жіберілген құпия нұсқауы туралы болып отыр. Нұсқау полиция департаментінің алдын ала мақұлдауынсыз фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылар-

дың революциялық қозғалысы туралы мәліметтерді басуға тыйым салды. Нұсқаудың мазмұны «Искраның» 6-номерінде (1901 жылғы июль), «С.-Петербург» деген заметкада («Біздің қоғамдық өмірімізден» деген бөлім) келтірілген.— *77.*

53 1885 жылғы стачка қозғалысы өнеркәсіпті Орталықтың Владимир, Москва, Тверь және басқа губернияларының көптеген тоқыма кәсіпорындарын қамтыды. Орехово-Зуевоның маңындағы Никольск мануфактурасы жұмысшыларының 1885 жылғы январьдағы стачкасының көлемі мен маңызы мейлінше зор болды, бұл мануфактураның иесі фабрикант Морозов еді («Морозов стачкасы» деген ат осыдан шыққан). Никольск мануфактурасының жұмысшылары мынадай негізгі талаптар қойды: штрафтарды азайту, жұмысқа жалдау шарттарын тәртіпке келтіру және т. с.; стачкаға алдыңғы қатарлы жұмысшылар П. Моисеенко, Л. Иванов және В. Волков басшылық жасады. 8 мыңға жуық жұмысшы қатысқан Морозов стачкасын патша әскерлері басып тастады; 600-ден астам жұмысшы тұтқынға алынды. 1885—1886 жылдардағы стачкалық қозғалыстың ықпалымен патша үкіметі 1886 жылдың 3 июніндегі заңды (штрафтар туралы заң) шығаруға мәжбүр болды; бұл заң штрафтардан түскен ақша фабриканттардың қалтасына түспей, жұмысшылардың өздерінің мұқтаждарын өтеуге жұмсалуға тиіс деп белгіледі (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 17—66-беттер).— *79.*

54 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — байырғы орыс газеті, оны Москва университеті бастапқы кезде (1756 жылдан бастап) шағын листок түрінде шығарған. 1863 жылдан бастап газет М. Н. Катковтың қолына көшті де, монархиялық-ұлтшылдық органға айналып, помещиктер мен дін басылардың мейлінше реакцияшыл топтарының көзқарастарын уағыздады. 1905 жылдан бастап қаражүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.

Газет өзінің беттерінде патша үкіметі саясатының мүдделері мен мәнін білдірді. Сондықтан Ленин газет басқан материалды көбінесе әшкерелеу мақсатында пайдаланып отырды, ол «Московские Ведомости» газетін «...революциялық үгіттің таптырмайтын қызметкері» деп атады.— *79.*

55 Ленин бұл арада 1895 жылғы және әсіресе 1896 жылғы Петербург жұмысшыларының, көбінесе тоқымашылардың стачкалары туралы айтып отыр. 1896 жылғы стачка 23 майда Калинкин мануфактурасында басталды; бұған II Николайдың таққа отыруына байланысты жұмыс істелмеген күндер үшін жұмысшыларға жалақыны толық төлеуден фабриканттардың бас тартуы сылтау болды. Стачка тез арада Петербургтің барлық негізгі мақта жіп иіру және тоқыма кәсіп-

орындарын қамтыды, ал содан кейін ірі-ірі машина жасау заводтарына, резина мануфактурасына, жазу қағаздары фабрикасына және қант заводына тарады. Петербург пролетариаты қанаушыларға қарсы тұңғыш рет кең майдан құрап бас көтерді. 30 мыңнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Стачка Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығымен өтті, «Күрес одағы» жұмысшыларды өз праволарын ұйымшылдықпен және табандылықпен қорғауға шақырған листовкалар мен прокламациялар шығарды. «Күрес одағы» стачкашылардың негізгі талаптарын: жұмыс күнін $10^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту, жұмыс нарқын өсіру, жалақыны мезгілінде төлеп тұру және т. б. талаптарын бастырып, таратты.

Стачка туралы хабарлар шетелде зор әсер туғызды. Стачка жайында «Vorwärts»-те («Алға») (Берлин) және «Arbeiter Zeitung»-те («Жұмысшы Газеті») (Вена) корреспонденциялар басылды. Барлық социалистік және кәсіптік ұйымдардың көсемдері қол қойған ағылшын жұмысшыларының хаты орыс тіліне аударылып, «Күрес одағы» оны Петербург жұмысшыларының арасында таратты. Лондон тред-юниондарының митингісінде стачка туралы В. И. Засуличтің хабары және К. Маркстің қызы Элеонора Маркс-Эвелингтің сөйлеген сөзі шабытпен қарсы алынды; қатысушылар стачкашыларға жәрдем ретінде ақша жинады, осындай ақша жинау тред-юниондарда да жарияланды. Сондай-ақ Германияда, Австрияда және Польшада жәрдем жиналды. II Интернационалдың 1896 жылғы июльде болған Лондон конгресі Г. В. Плехановтың 1896 жылғы стачка туралы хабарын қуанышпен қарсы алып, арнаулы қарар — «европалық реакцияның соңғы таяныштарының біріне» қарсы күрес жүргізіп жатқан орыс жұмысшыларына құттықтау қабылдады.

Петербург стачкалары Москвада және Россияның басқа да қалаларында жұмысшы қозғалысының дамуына ықпал жасады, үкіметті фабрикалық заңдарды тез арада қайта қарап, фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін $11^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту туралы 1897 жылғы 2(14) июньдегі заңды шығаруға мәжбүр етті. Кейін В. И. Ленин жазғандай, бұл стачкалар «сонан кейін үздіксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының,— біздің бүкіл революцияның осы ең күшті факторының заманын ашты» (Шығармалар, 13-том, 84-бет).— *79.*

56 Әңгіме Сибирь темір жолы жайында болып отыр, оның құрылысы 1891 жылы басталып, 1901 жылға қарай (Забайкалье темір жолының салынуымен) аяқталған болатын. Сибирь темір жолын салудың аяқталуымен байланысты Европалық Россиядан Сибирьге қоныс аударушылар тасқыны күшейді.— *95.*

57 Патша үкіметінің «Жер аударуды жою және ұдайы және уақытша тұруға жер аударуды басқа жазалармен алмастыру

туралы уақытша ережелерді бекіту туралы» указына патша 1900 жылғы 10(23) июньде қол қойды және указ уақытша ережелермен бірге 1900 жылғы 20 июньде (3 июльде) «Правительственный Вестникте» жарияланды. Бұл указ бойынша сотталғандарды Сибирь (оның шалғайдағы губернияларынан басқа) мен Закавказьеге жер аудару жойылды және оларды мұның орнына тұтқындар бөлімшелеріне беру немесе Сахалин аралына жер аудару белгіленді.— *95.*

58 *«Гражданин»* («Азамат») — реакциялық журнал; Петербургте 1872 жылдан 1914 жылға дейін шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап әсіре монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, қаржысын үкімет көтерді. Болмашы көлемде ғана тарады, бірақ чиновниктік-бюрократиялық топтарға ықпал жасады.— *96.*

59 *Маниловшылдық* — Н. В. Гогольдің «Өлі жандар» деген шығармасындағы кейіпкерлердің бірі — Маниловтың мінезіне тән қасиеттердің жиынтығы. «Жайсаң жанды» сезімтал помещик Маниловтың образы арқылы жазушы ынжық қиялшылға, көкіген кокезуге, қарекетсіз мылжыңға тән қасиеттерді жинақтап корсетті.— *100.*

60 *«Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»»* деген шығарма аграрлық мәселенің маркстік теориясын қорғауға және жұмысшы партиясының шаруаларға көзқарасы жөніндегі программасы мен тактикасы мәселелерін талдап жасауға арналған. Шығарманы Ленин екі бөліп: алғашқы тоғыз тарауын 1901 жылғы июнь — сентябрьде, соңғы үш тарауын 1907 жылдың күзінде жазған. Бұл еңбектің алғашқы төрт тарауы 1901 жылдың декабрінде «Заря» журналының 2—3-номерінде ««Сыншы» мырзалардың аграрлық мәселе жөніндегі пікірлері. Бірінші очерк» деген тақырыппен басылып, Н. Ленин деп қол қойылып шықты. Осыдан кейін бұлар 1905 жылы Одессада: Н. Ленин. «Аграрлық мәселе және Маркстің «сыншылары»» деген тақырыппен «Буревестник» кітап баспасында жария түрде жеке кітапша болып басылды.

V—IX тараулары жария шығатын «Образование» журналының 2-номерінде 1906 жылғы февральда бірінші рет жарияланды. Мұнда тарауларға тақырыпшалар берілген, ал «Заряда» және 1905 жылғы басылымда жарияланған I—IV тарауларында ондай тақырыпшалар берілмеген еді.

1908 жылы Петербургте: Вл. Ильин. «Аграрлық мәселе», I бөлім деген жинақ шығарылды, онда В. И. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі басқа да еңбектерімен бірге «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген тақырыппен он бір тарауы тұңғыш рет бірге басылып шықты. Бұл ретте I—IV тарауларға тақырыпшалар берілген, текстіге кейбір редакциялық өзгерістер енгізіліп, бірнеше ескертулер қосылған. Жинаққа кездейсоқ енбей қалған соңғы, он

екінші тарауы «Күнделікті Өмір» деген жинақта 1908 жылы жеке басылып шықты.

Лениннің бұл еңбекте дамытқан қағидалары оның «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегіндегі идеяларды одан әрі талдау болды және ол оны РСДРП-ның аграрлық программасының негізіне алды.

В. И. Ленин Шығармаларының бұдан бұрынғы 2, 3 және 4 басылуларында «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің тараулары бөлек-бөлек басылып, томдарға олардың жазылған уақыттарына қарай орналастырылған болатын. Мәселен, 4-басылуында алғашқы тоғыз тарау (I—IX) 5-томда басылған, қалған үш тарауы (X—XII) 13-томда басылған. Осы басылуында бүкіл еңбек түгелдей осы томда басылып отыр. Бұған дайындық материалдары басылымның аяғында жеке том етіп шығарылады.— *101.*

61 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — Петербургте 1876 жылдан 1918 жылға дейін ай сайын шығып тұрған журнал. 90-жылдардың бас кезінен Н. К. Михайловский басқарған либерал халықшылдардың қолына көшті; 1893 жылы Россия социал-демократтарына қарсы жорық ашқан басты халықшылдық орган. Марксизмнің өңін айналдырып және бұрмалай отырып, «Русское Богатство» батыс европалық ревизионистерге сүйенді. «Русское Богатствоның» төңірегіне кейіннен эсерлер, «халықтық социалистер» партияларының және Мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер топтасты. Журналдың әдебиет бөлімінде прогресшіл жазушылар — В. В. Вересаев, В. М. Гаршин, А. М. Горький, В. Г. Короленко, А. И. Куприн, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский және басқалары өз шығармаларын бастырып тұрды. 1906 жылдан бастап «Русское Богатство» жартылай кадеттік энестер («халықтық социалистер») партиясының органы болды.

«Русское Богатство» атын бірнеше рет өзгертті. («Современные Записки», «Современность», «Русские Записки»; 1917 жылғы апрельден бастап қайтадан «Русское Богатство»).— *105.*

62 *«Начало»* («Бастама») — ай сайынғы ғылыми және әдеби-саяси журнал, «жария марксистердің» органы, Петербургте 1899 жылдың бірінші жартысында П. Б. Струвенің, М. И. Туган-Барановскийдің және басқалардың редакциялауымен шығып тұрды. Журналға Г. В. Плеханов, В. И. Засулич және басқалар қатысты. Журналдың 4-номерінде Ф. Энгельстің 1848 жылға жататын «Парижден Бернге» деген жол жазбаларынан үзінді басылды; журналда: К. Каутскийдің «Аграрлық мәселе» дейтін кітабына В. И. Лениннің рецензиясы, «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың «Қазіргі орыс егіншілігінде барщиналық шаруашылықты капиталистік шаруашылықтың ығыстырып шығаруы» деген атпен III

тарауының алты бөлімі және Гобсонның «Қазіргі замандағы капитализмнің эволюциясы» деген кітабына рецензия басылды.— *106.*

63 *«Жизнь»* («Өмір») — әдеби, ғылыми және саяси журнал, Петербургте 1897 жылдан 1901 жылға дейін шығып тұрған. Журналға «жария марксистер» (М. И. Туган-Барановский, П. Б. Струве және басқалар), алдыңғы қатарлы жазушылар мен сыншылар (А. М. Горький, А. П. Чехов, В. В. Вересаев, С. Г. Скиталец, И. А. Бунин, Е. А. Соловьев) қатысып тұрды. «Жизньнің» беттерінде К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегі басылды. Журналда В. И. Лениннің «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» және «П. Нежданов мырзаға жауап» деген еңбектері басылды (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 101—162, 167—174-беттер). «Жизньді» үкімет 1901 жылы июньде жауып тастады; 1902 жылы апрельде социал-демократиялық «Жизнь» тобы (В. Д. Бонч-Бруевич, В. А. Поссе, В. М. Величкина, Г. А. және М. А. Куклиндер, т. б.) журналды шетелде қайтадан шығарды. Шетелде журналдың алты кітабы, ««Жизнь» Листогының» он екі номері және ««Жизнь» Кітапханасының» бірқатар жеке басылымдары шықты. «Жизнь» тобы социал-демократиялық дүние танудан және оның тактикасынан христиандық социализм мен анархизмге қарай ауытқушылыққа жол берді. 1902 жылғы декабрьде топ таратылды да, баспа жабылды.— *106.*

64 *Мальтусшілдік* — ағылшын буржуазиялық экономисі — священник Р. Мальтустің (1766—1834) реакцияшыл, адамды жеккөрушілік теориясы; бұл теория капитализмді қорғауға бағытталып, капитализмге байланысты әлеуметтік апаттардың бәрін табиғи тарихи себептермен түсіндіруге және осы арқылы еңбекшілер бұқарасының назарын капиталистік құрылысқа қарсы күресуден басқа жаққа бұруға әрекеттенді. Мальтус еңбекшілердің қайыршылыққа ұшырауының себептері — капитализм мен қанаушылық емес, қайта халық санының өсуінің күн көріс заттарын өндірудің өсуінен асып түсуі, сондықтан тек халық санының өсуін қолдан тежеу жолымен, яғни некелесу мен бала туудан тыйылу арқылы ғана барлық әлеуметтік апаттарды жоюға мүмкін болады деп дәлелдеді.

Россияда мальтусшілдік идеяларды П. Струве, М. Туган-Барановский, С. Булгаков, т. б. уағыздады; олар Россиядағы шаруалар бұқарасының қайыршылық пен күйзеліске ұшырауын халық санының артуынан деп түсіндірмек болды.

Жұқпалы ауруларды, соғыстарды халық санын азайтудың құралы ретінде ақтайтын мальтусшілдікті империализмнің идеологтары басқаның жерлерін басып алудың, халықтарды

ұлттық-отарлық езгіге салудың және империалистік жаңа соғыстар бастаудың адамзатқа өшпенділік саясатын ақтау үшін кеңінен пайдалануда.— *112.*

65 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 709-бет. Ленин Маркс «Капиталының» III томына сілтеме жасаған кезде оның 1894 жылғы немісше басылымын пайдаланды және барлық цитатты өзі аударып беріп отырды.— *117.*

66 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 803-бет.— *118.*

67 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 799—801, 801—803-беттер.— *119.*

68 *Қауым жерлері* (қауымдық жерлер) — қауымға жататын жер.

Қауым (жер қауымы) — шаруалардың жерді бірлесіп пайдалануының Россиядағы формасы; онда ауыспалы егіс тәртібі еріксіз енгізілді, ормандар мен жайылымдар бөлмей пайдаланылды. Жаппай кепілдік, жерді үнемі қайта бөліп отыру және жерден бас тарту правосының болмауы, қауымдық жерді сатып алуға және сатуға тыйым салынуы орыс жер қауымының аса маңызды белгілері болды.

Россияда қауым ежелгі заманнан бері-ақ мәлім. Тарихи дамудың барысында қауым біртe-біртe Россиядағы феодализм тіректерінің біріне айналды. 1861 жылғы реформадан кейін қауым крепостниктік құрылыстың басты сарқыншақтарының бірі ретінде сақталып қалды және патша үкіметі мен помещиктер оны полициялық және тыңшылық мақсаттар үшін, ең алдымен шаруалардан сатып алу төлемдерін, алым-салықтар мен басқа да борыштарды сыпырып алу үшін пайдаланды. В. И. Ленин қауым «шаруаларды пролетарланудан сақтап қала алмай, іс жүзінде ұсақ одақтарға және «өмір сүру мәнісін» бүтіндей жойған разрядтарға тура матап қойғандай болған, шаруаларды бытырататын орта ғасырлық кедергінің ролін атқарып отыр» (Шығармалар, 15-том, 68-бет) деп көрсетті.

Қауым проблемасы қызу айтыстар туғызып, қыруар экономикалық әдебиетті дүниеге келтірді. Қауымды Россияның социализмге қарай дамуының ерекше жолының кепілі деп білген халықшылдар оған ерекше көп көңіл бөлді. Фактілерді әдейі бір жақты іріктеп алып және бұрмалай отырып, «орташа цифрлар» дейтіндерді дәлелге келтіріп, халықшылдар Россиядағы қауымдық шаруалар ерекше «тұрақты» келеді және қауым шаруаларды өздерінің тұрмысына капиталистік қатынастардың енуінен қорғайды-мыс, шаруаларды күйзелуден және таптық жіктелуден «құтқарады-мыс» деп дәлелдеуге тырысты. XIX ғасырдың 80-жылдарында-ақ

Г. В. Плеханов «қауымдық социализмнің» халықшылдық бос елестерінің негізсіз екенін көрсетіп берді, ал 90-жылдары В. И. Ленин халықшылдардың теорияларын ақырына дейін талқандады. Орасан мол нақты және статистикалық материал негізінде Ленин орыс деревнясында капиталистік қатынастардың қалай дамығанын және капиталдың патриархтық село қауымына ене отырып, шаруаларды олардың өз ішінде антагонистік таптарға: кулактар мен кедейлерге қалай жіктегенін көрсетіп берді.

1902 және 1903 жылдардағы бұқаралық шаруалар көтерілістерінен, сондай-ақ 1905—1907 жылдардағы революциядан үрейі ұшқан патша самодержавиесі мен помещиктер қауым жөніндегі саясатын күрт өзгертіп, қауымды сақтаудан оны күшпен қирату, деревняда сансыз көп кулактар тобы (табы) түрінде жаппай тірек жасау саясатына көшті. Бұл саясат революцияны тұншықтырушы, патша министрі Столыпиннің есімімен байланысты. Соның инициативасы бойынша 1906 жылы 9 ноябрьде патшаның указы шықты, соған сәйкес қауымдық право бойынша үлесті жер иеленіп келген әрбір үй қожасы үлесті жерді жеке меншігіне алып, өзіне жерді бір жерден бөліп беруді және қауымнан еркін шығып кетуін талап ете алатын болды. Бұл указбен шаруалардың қауымдық жерлері кулактардың талапайына берілді. Деревнядағы қауымдық құрылыстың ресми жойылуына бастама болған және шаруалардың жіктелуін күшейткен осы заң шыққаннан кейінгі тоғыз жыл ішінде екі миллионнан астам үй қожасы қауымнан шықты.— *122.*

69 *Кландық меншік* — рулық жер меншігі.— *122.*

70 *Ипотека (ипотекалық кредит)* — банкілердің қозғалмайтын мүлікті: жерді, орманды, құрылыстарды және т. с. кепілдікке алып, беріп отыратын қарызы; капиталдың ауыл шаруашылығына енуі мен егіншіліктің жер иеленуден бөліну процесінің бір формасы болды. Ипотека жер меншігінің банкілер қолына шоғырлануына, ауыл шаруашылығының финанс капиталына бағынуына және онда капиталистік өндіріс әдісінің дамуына ықпал жасады. Ипотекалық берешегі өскен сайын шаруа өзінің жері мен мүлкінен айрыла берді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін ипотекалар жүйесі біржола жойылды, ал шаруалар ипотекалық борыштардан құтқарылды.— *123.*

71 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 1973, 698—699-беттер.— *125.*

72 Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 305—306-беттер.— *128.*

73 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Айлық») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықара-

лық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік бағыт ұстады.— *137*.

[74] *«Буридан есегінің кебіне душар болу»* деген сөз барып тұрған батылсыздықты, тепе-тең екі заттың, шешімдердің және т. б. арасынан таңдау жасаудағы солқылдақтықты бейнелеу үшін қолданылады. Бұл сөзді ерік бостандығы барып бекерге шығарған XIV ғасырдағы француздың схоластик-философы Иоанн Буридан қолданды деседі. Өз айтқанын дәлелдеу үшін ол бір-бірінен мүлдем айнымайтын екі мая шөптің немесе екі шелек судың арасында тұрып аштан және шөлден өлетін есекті мысалға келтірген; өйткені есекте екінің бірін таңдап алуға толық еркіндік болса да, ол бір заттан екінші затты артық бағалай алмаған болар еді.— *144*.

[75] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — герман социал-демократиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін (1890 жылдан бастап — апта сайын) Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылға дейін — К. Каутский, онан кейін — Г. Кунов редакциялады. 1885—1895 жылдары журналда К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірқатар мақалалары жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына өз кеңестерін беріп, үнемі көмектесіп отырды және оны марксизмнен ауытқығаны үшін қатты сынады. Журналда Ф. Мерингтің, П. Лафаргтың және халықаралық жұмысшы қозғалысының басқа да қайраткерлерінің мақалалары басылды. Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, журнал оппортунистік көзқарастарды таратушыға айналды, ревизионистердің мақалаларын үнемі басып отырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары (1914—1918) журнал центристік позицияда болып, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *145*.

[76] *Кепілдеме қағаздар* — капиталистік елдерде ипотекалық банктер жерге және қозғалмайтын мүлікке кепілдік ретінде шығаратын бағалы қағаздардың ерекше бір түрі. Еркін айналысқа түсе алады, биржадағы саудагерлікке қолданылады.— *154*.

[77] *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу үшін Германияда 1878 жылы Бисмарктың үкіметі енгізді. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылды. Алайда жазалау шаралары социал-демократиялық партияның сағын сындыра алмады, оның қызметі астыртын өмір сүру жағда-

йына бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері мерзімінде (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қайтадан қалпына келді, оларды астыртын Орталық Комитет басқарды. Бұқарамен байланысын нығайту үшін партия сонымен бірге жария мүмкіндіктерді де кеңінен пайдаланды. Партияның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстагқа сайлаулар кезінде социал-демократтарға берілген дауыстар саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен аса өсті.

Неміс социал-демократтарына К. Маркс пен Ф. Энгельс зор көмек көрсетті. Бұқаралық қозғалыстың және барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының қысымымен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *155.*

78 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; партияның Галль съезінің қаулысы бойынша 1891 жылдан бастап Берлинде «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1884 жылдан шығып келген «Berliner Volksblatt» («Берлиннің Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде шығып тұрды.

Ф. Энгельс газет беттерінде оппортунизмнің қандай да болсын көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тың редакциясы партияның оңшыл қанатының қолына түсті де, оппортунистердің мақалаларын үзбей басты. РСДРП ішіндегі оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ жазып, «Vorwärts» «экономистерді» қолдады, ал сонан соң партия жікке бөлінгеннен кейін, меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, Лениннің, большевиктердің бұл жаланы теріске шығарған және партиядағы істің жағдайын объективті тұрғыдан бағалаған мақалалар бастыруына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *156.*

79 Ворошиловтың бейнесі арқылы Тургенев дербес ой-пікір айтуға қабілетсіз жалған ғалымның, әріп кемірушінің типін жасаған (қараңыз: И. С. Тургенев. Шығармалар, 4-том, М., 1954, 5—187-беттер).— *157.*

80 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1955, 428-бет.— *161.*

81 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 73-бет.— *161.*

82 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», Қаз. мемл. баспасы, 1957, 290—295-беттер.— *162.*

83 *Прудонизм* — ұсақ буржуазиялық социализмнің ғылымға жат, марксизмге дұшпан ағымы, оның негізін қалаушы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынай отырып, Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгі-бақи қалдыруды арман етті, «халықтық» және «айырбас жасау» банкілерін ұйымдастыруды ұсынды, осы банкілердің көмегімен жұмысшылар бейнебір меншікті өндіріс құрал-жабдықтарына ие болады, қолөнершілерге айналып, өз өнімдерін «әділетті» түрде өткізуді қамтамасыз ете алады-мыс деді. Прудон пролетариаттың тарихи ролі мен маңызын түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революцияға және пролетариат диктатурасына теріс көзқараста болды; мемлекеттің қажеттілігін анархистік тұрғыдан жоққа шығарды. Маркс пен Энгельс Прудонның өз көзқарастарын I Интернационалға күштеп таңуға тырысқан әрекеттеріне қарсы дәйекті түрде күрес жүргізді. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизмге өлтіре соққы берілді. Маркс, Энгельс және олардың жақтастары тарапынан прудонизмге қарсы жүргізілген батыл күрес I Интернационалда марксизмнің прудонизмді толық жеңіп шығуымен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасын түсінуге қабілетсіз «тоғышар мен филистердің топастығы» деп атады. Буржуазиялық «теоретиктер» прудонизм идеяларын таптық ынтымақты уағыздау үшін кеңінен пайдаланады.— *165.*

84 *«Der Volksstaat»* («Халықтық Мемлекет») — газет, герман социал-демократиясының (эйзенахшылар партиясының) орталық органы; В. Либкнехттің редакциялауымен Лейпцигте 1869—1876 жылдарда әуелі аптасына екі рет, ал кейін, 1873 жылдан бастап аптасына үш рет шықты. Газетке К. Маркс пен Ф. Энгельс қатысып тұрды.— *166.*

85 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 60-бет.— *166.*

86 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1-бөлім, 1937, 276-бет.— *167.*

87 Інжілдегі аңыз бойынша, күн көріс қаражатынсыз қалған Руфь бөтен біреудің егістігінен масақ терген. «Руфьтің масақ теруі» деген сөз мұнда жеңіл, бейқам еңбекті білдіру үшін қолданылып отыр.— *178.*

88 *Дренаж* — топырақтың құнарлылығын арттыру мақсатымен жер астымен тартылатын құбырлар жүйесінің, ашық орлар-

дың немесе құдықтардың көмегімен топырақты құрғату әдісі.— *181.*

89 *Жерді мергельмен тыңайту* — мергельді (әк тастың саз балшықпен және топырақпен қосындысынан тұратын карбонатты жынысты) сіңіру арқылы жерді жақсартудың бір түрі.— *182.*

90 Мұнда, сірә, буылтық малалар жайлы айтылып отыруы мүмкін, өйткені К. Клавкидің В. И. Ленин цитат келтіріп отырған «Ұсақ ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі туралы» деген шығармасында барлық жерде «Ringelwalze» — «буылтық мала» деген термин қолданылады. Бұл термин малаларды сұрыптау терминологиясында жалпы жұрт қабылдаған термин болып табылады.— *183.*

91 *«Торгово-Промышленная Газета»* («Сауда-Өнеркәсіп Газеті») — «Финанс, өнеркәсіп және сауда хабаршысына» күнделікті қосымша. Петербургте 1893 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды. 1894 жылдан бастап газет дербес басылым ретінде шықты.

В. И. Ленин цитат келтірген үзінді «Жәрмеңкелер» деген бөлімде басылған «Каховкадағы Никольск жәрмеңкесі» деген хабардан алынған.— *185.*

92 *«Әлеуметтік саясат одағы»* («Verein für Sozialpolitik») — 1872 жылы Г. Шмоллер негізін қалаған неміс буржуазиялық экономистерінің бірлестігі. Одақтың программасы мен оның қызметі капиталистік құрылысты қорғауға, капитализмнің іргесін шайқалтпай, тап күресінің шиеленісін әлсіретуді көздейтін жарым-жарты реформалардың қажеттігін негіздеуге бағытталды. Одақ герман социал-демократиясына қарсы күрес жүргізді, жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүддесіне бағындыруға әрекеттенді, капиталистік монополиялардың үстемдігі мен герман империализмінің агрессиялық саясатын қорғады. 1936 жылы одақ өзінен өзі тарап кетті, ал 1948 жылы ол Батыс Германияда «Экономикалық және әлеуметтік ғылымдар қоғамы» деген атпен қайта қалпына келтірілді.— *191.*

93 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 1973, 869-бет.— *198.*

94 Қараңыз: Н. Щедрин (М. Е. Салтыков). Осы заманғы идиллия. Шығармаларының толық жинағы, XV том, 1940, 101—102-беттер.— *207.*

95 *Вагнер* — Гётенің «Фауст» трагедиясының кейіпкері. Вагнердің бейнесі арқылы өмір шындығынан қол үзген, ой-өрісі тар кеңсешіл қызметкердің типі жасалған.— *207.*

96 Бұл бағанадағы барлық цифрлар В. И. Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбекке арналған дайындық материалдарында жасаған есеп бойынша берілген (қараңыз: Лениннің XXXI жинағы, 1938, 107-бет).— *225.*

97 *Земство статистикасы* — земство мекемелері ұйымдастырған статистика. Губерниялық және уездік земство басқармаларының жанындағы статистика бөлімшелері, бюролары, комиссиялары статистикалық зерттеулер (шаруалар шаруашылықтары мен кәсіпшілік шаруашылықтарының үй басына санақ жүргізу, жердің табыстылығын анықтау, земство алымдары салынатын жер мен мүлікті қайта бағалау, шаруалардың бюджетін зерттеу және т. т.) жүргізіп, уездер мен губерниялар бойынша нақты материалға бай толып жатқан шолулар мен статистикалық жинақтар шығарып отырды.

В. И. Ленин земство статистиктерінің еңбектерін жоғары бағалады, сонымен қатар ол земство статистиктерінің статистикалық мәліметтерді өңдеу және топтау әдістерін сынға алды. «Жұмысының мұқияттылығы және оның толықтығы жағынан тамаша жақсы біздің земство статистикамыздың ең бір осал жері осында болып отыр» (Шығармалар, 20-том, 74-бет),— деп жазды Ленин. Земство статистиктерінің ішінде көптеген адамдар халықшылдық позицияда болды, олар статистикалық мәліметтерге екінің бірінде бір жақты қарады. Олар капитализмнің дамуы барысында пайда болған шаруалардың жеке топтарының елеулі айырмашылықтары мен белгілерін жыпырлаған цифрлардың тасасында қалдырды.

Ленин земство статистикасының деректерін зерттеді, тексерді, талдады. Ол есептерді өзі шығарды, мәліметтер мен кестелер жасады, шаруалар мен кәсіпшілік шаруашылықтары туралы алынған деректерге маркстік талдау жасап, ғылыми тұрғыдан топтады. Земство статистикасының бай материалын пайдалана отырып, Ленин халықшылдардың ойдан шығарған схемаларын әшкереледі және Россияның экономикалық дамуының шын бейнесін көрсетіп берді. Ленин земство статистикасының материалдарын өзінің еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында кеңінен пайдаланды. Земство статистикасы туралы В. И. Лениннің 1914 жылы жазылған «Земство статистикасының міндеттері туралы мәселе жөнінде» деген еңбегін қараңыз (Шығармалар, 20-том, 72—79-беттер).— *230.*

98 Бірінші рет «Образование» журналында жарияланған VII және IX тараулардың текстінен Лениннің бұл еңбекте француз ауыл шаруашылығы статистикасының мәліметтерін зерттеп қарастыруды және француз экономисі Мористің «сыншылдық» көзқарастарына талдау жасауды ұйғарғаны көрінеді. Бірақ бұл жоспар жүзеге асырылмай қалды да, Ленин 1908 жылғы басылымда өзінің бастапқы ұйғарымы туралы

дәлелдейтін текстің тиісті жерлеріне өзгертулер енгізді. Мәселен, «Шаруалардың пролетариатқа айналуы онан әрі болып жатыр,— мұны біз төменде неміс және француз статистикасының жаппай мәліметтері бойынша көрсетеміз...» деген сөйлемнен «және француз» деген екі сөз алынып тасталған. «Қалалардың тез өсуі мұндай «сүт фермерлерінің» санын үздіксіз көбейте береді... Гехттер, Давидтер, Герцтер және Черновтар (сондай-ақ,— Францияны да өкпелетпес үшін,— Мористер, ол туралы төменірек айтамыз) әрине, қашан да табылып тұрады», деген сөйлемнен жақша ішіндегі сөздер алынып тасталған. «Сондықтан, бұл процестерді шатастырып алса немесе бұлардың бірін елемесе, онда нағыз дөрекі қателерге ұрыну қиын емес, мұндай қателердің үлгісін төменірек, Булгаков мырзаның француз мәліметтерінен жасалған қорытындыларын талдаған кезде көретін боламыз» деген сөйлемнің соңы «мұндай қателердің үлгісі Булгаковтың кітабында қаптап жүр» деп жаңадан жазылған.— *239.*

99 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1955, 96—97-беттер.— *245.*

100 Ленин бұл арада халықшыл публицист А. Н. Энгельгардттың жұртқа кеңінен мәлім болған «Деревнядан» деген хаттары жайында айтып отыр. Он бір хат «Отечественные Записки» журналында 1872—1882 жылдарда жарияланған болатын; он екінші хат 1887 жылы басылды.— *245.*

101 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 1973, 802-бет.— *252.*

102 Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», II том, 2-бөлім, 1936, 5—154-беттер.— *252.*

103 *Кадеттер* — Россиядағы империалистік буржуазияның басты партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылғы октябрьде құрылды; оның құрамына либералдық-монархиялық буржуазияның өкілдері, шаруаларды өз жағына тарту мақсатымен жалған «демократиялық» жел сөздерді бүркемеленген помещиктерден шыққан земство қайраткерлері мен буржуазияшыл интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалары болды. Кадеттер монархиялық құрылыстың сақталуын жақтады, революциялық қозғалысқа қарсы күресуді олар өздерінің басты мақсаты деп есептеді, патшамен және крепостник-помещиктермен өкіметті бөлісуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны құтқарып қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте кадеттер американ-ағылшын-француз империа-

листеріне ұнайтын, халыққа қарсы, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің нағыз қас дұшпандары болды, контрреволюциялық қарулы қимылдар мен интервенттер жорықтарының бәріне қатысты. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда болған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық қызметін тоқтатпады.— *275.*

104 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, 1973, 875-бет.— *281.*

105 1901 жылдың көктемі мен жазында шетелдегі социал-демократиялық ұйымдардың арасында («Орыс социал-демократтарының одағы», Бундтың Шетелдік комитеті, революциялық «Социал-демократ» ұйымы, «Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымы) «Күрес» тобының араласуымен және инициатива көрсетуімен келісімге келу және бірігу жөнінде келіс сөздер жүргізілді. Бірігу болуға тиісті съезге әзірлену мақсатымен 1901 жылғы июньде, Женевада осы ұйымдар өкілдерінің конференциясы шақырылды (осыдан келіп ол «июнь» немесе «Женева» конференциясы деп аталып кетті). Бұл конференцияда қарар (принциптік келісім) әзірленді, ол «Искраның» революциялық принциптері негізінде Россияның барлық социал-демократиялық күштерін топтастыру және шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру қажеттігін таныды. Қарарда оппортунизмнің қандай да болсын көріністері мен түрлері: «экономизм», бернштейншілдік, мильеранизм және т. б. айыпталды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 35—37-беттер). Конференциядан кейін «Орыс социал-демократтарының одағы» мен оның органы — «Рабочее Дело» журналы оппортунизмді уағыздауды күшейтті (бұл жайында, ең алдымен, «Рабочее Делоның» 1901 жылғы сентябрьдегі 10-номеріндегі Б. Кричевскийдің «Принциптер, тактика және күрес» және А. Мартыновтың «Әшкерелеуші әдебиет және пролетарлық күрес» деген мақалалары және «Одақтың» III съезінің июнь конференциясының қарарына оппортунистік түзетулері дәлел бола алады), искрашылардың рабоче-делошылармен бірігуін мүмкін етпей тастады, «бірігу» съезінің күн ілгері сәтсіздікке ұшырауына себепкер болды.

РСДРП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезі 1901 жылғы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде) Цюрихте өтті. Съезде «Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымынан өкіл болып 6 мүше (В. И. Ленин, Н. К. Крупская, Ю. О. Мартов және т. б.), «Социал-демократ» ұйымынан 8 мүше (оның ішінде «Еңбекті азат ету» тобынан 3 мүше: Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич), «Орыс социал-демократтары

одағынан» 16 мүше (оның ішінде Бундтың Шетелдік комитетінен 5 мүше) және «Күрес» тобынан 3 мүше қатысты. Күн тәртібіндегі: «Принципті келісім және редакцияларға нұсқау» деген бірінші мәселе бойынша «Одақтың» оппортунистік әрекеттерін әшкерелеп, В. И. Ленин тамаша сөз сөйледі, Ленин бұл съезге «Фрей» деген бүркеншік атпен қатысқан болатын. Бұл В. И. Лениннің шетелдегі орыс социал-демократтарының арасында жұрт алдындағы тұңғыш сөйлеген сөзі еді. Съезде июнь қарарына «Орыс социал-демократтары одағының» III съезі қабылдаған оппортунистік түзетулер мен қосымшалар оқылғаннан кейін съездің революциялық бөлігі («Искра» мен «Заря», «Социал-демократ» ұйымдарының мүшелері) бірігудің мүмкін емес екені туралы мәлімдеме жариялап, съезді тастап кетті. В. И. Лениннің инициативасы бойынша бұл ұйымдар 1901 жылдың октябрінде «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» бірікті.— *293.*

106 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы Женевада «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша топтың программасын оның барлық мүшелерінің мойындауы шарт етіп қойылып құрылған болатын. Топқа «Одақтың» басылымдарын редакциялау жүктелді, сөйтіп 1895 жылғы мартта топ өзінің баспаханасын «Одақтың» пайдалануына берді. 1895 жылдың жазында, В. И. Лениннің шетелде болған кезінде, «Одақтың» «Работник» жинақтарын шығарып тұруы жөнінде шешім қабылданды, оның бер жағында бұл басылымды өздерінің ұсынысы бойынша іске асырған Россия социал-демократтары жинақтарды «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауын шарт етіп қойды. «Одақ» мерзімді емес алты «Работник» жинағын, ««Работник» Листогының» он номерін, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» деген және т. б. еңбектерін шығарды.

РСДРП I съезі 1898 жылғы мартта «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Одан арғы жерде «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер» немесе «жастар» деп аталатындар басым болып кетті. Олар съездің «Манифесімен» ынтымақтастық білдіруден бас тартты; ал «Манифест» саяси бостандықты жеңіп алу социал-демократияның ең таяудағы мақсаты деп жариялаған болатын.

1898 жылдың ноябрінде, «Одақтың» Цюрихтегі бірінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы «Одақтың» «Работниктің» 5—6-номері мен В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын басып шығаруды өз мойнына алып, оның басқа басылымдарын редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді. 1899 жылдың апрелінен бастап «Одақ» «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті, оның редакциясына «экономистер» Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин және басқалар енді.

«Одақ» Э. Бернштейннің, мильеранпылдардың және т. т. атына тілектестік білдірген мәлімдемелер жасады.

«Одақтың» ішіндегі күрес оның екінші съезіне дейін (1900 жылғы апрель, Женева) созылды және съезде де болды. Осы күрестің нәтижесінде «Еңбекті азат ету» тобы мен оның пікірлестері съезден кетіп қалды да дербес «Социал-демократ» ұйымын құрды.

1903 жылы РСДРП II съезінде «Одақтың» өкілдері («Рабоче-делошылдар») барып тұрған оппортунистік бағыт ұстады, ал съезд «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп таныған нан кейін олар съезді тастап кетті. Партияның екінші съезі «Одақтың» таратылғаны туралы жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 85-бет).— *295.*

107 *«Социал-демократ»* ұйымын «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері мен оның пікірлестері 1900 жылдың майында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» жікке бөлінгеннен кейін құрған болатын. «Социал-демократ» ұйымы листовка-үндеуінде өзінің мақсаттары туралы: «орыс пролетариатындағы социалистік қозғалысқа көмектесу» және марксизмді бұрмалауға тырысқан қандай да болсын оппортунистік әрекеттермен күресу деп мәлімдеді. Ұйым «Коммунистік партияның манифесін» және К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірқатар шығармаларын орысшаға аударып бастырды, сондай-ақ Г. В. Плехановтың және т. б. бірнеше кітапшаларын шығарды. 1901 жылдың октябрінде бұл ұйым В. И. Лениннің ұсынысы бойынша «Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымымен бірге «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» бірікті.— *295.*

108 Әңгіме 1900 жылдың жазында Парижде құрылған және 1901 жылдың майында «Күрес» деп аталған, құрамына Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов (Невзоров), Э. Л. Гуревич (В. Даневич, Е. Смирнов) кірген топ жайында болып отыр. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды бітістіруге тырысып, «Күрес» тобы шетелдегі социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру туралы ұсыныс жасады және бұл жайында «Искра» мен «Заря», «Социал-демократ», «Орыс социал-демократтарының одағы» ұйымдарымен келіс сөз жүргізді, Женева конференциясына (июнь 1901) және «бірігу» съезіне (октябрь 1901) қатысты. 1901 жылдың күзінде «Күрес» тобы дербес әдеби топ ретінде қалыптасты да, басылымдар шығаратыны жөнінде хабарландыру жасады. Өзінің басылымдарында («Партия программасын жасауға арналған материалдар», I—III кітап, «Летучий листок» № 1, 1902 және т. б.) «Күрес» тобы марксизмнің революциялық теориясын бұрмалады, орыс революциялық социал-демокра-

тиясының ұйымы мен тактикасының лениндік принциптеріне дұшпандықпен қарсы шықты. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан шегінгені, берекесіздік тудыруды көздеген әрекеттері үшін және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланысы болмауы себепті бұл топ РСДРП II съезіне жіберілмеді. II съездің шешімімен «Күрес» тобы таратылып жіберілді.— *295.*

109 *Гора мен Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезеңіндегі буржуазияның екі саяси тобының аты. Абсолютизм мен феодализмді жоюдың қажеттігін жақтаған, өз кезінің революциялық табы — буржуазияның неғұрлым батыл өкілдерін Гора — якобиншілдер деп атады. Жирондистердің якобиншілдерден өзгешелігі сол, олар революция мен контрреволюция арасында ауытқумен болды және монархиямен келісім жасау жолына түсті. Ленин революциялық социал-демократтарды «Гора» — пролетарлық якобиншілдер деп, социал-демократиядағы оппортунистік ағымды «социалистік Жиронда» деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып жікке бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп жиі-жиі атап көрсетті.— *297.*

110 *Любек партейтагы* — герман социал-демократиясының 1901 жылғы 9—15 (22—28) сентябрьде Любекте болып өткен съезі. Ревизионизммен күрес туралы мәселеге съезд баса назар аударды, ревизионизм бұл кезде өзінің программасы және «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») деген әдеби органы бар ағым ретінде толық қалыптасқан еді. Өзінің съезде сөйлеген сөзінде ревизионистердің лидері Бернштейн марксизмді «сынау еркіндігі» болуын талап етті. Съезд Бернштейннің жақтастары ұсынған қарардың жобасын қабылдамай тастады және Бернштейнге тікелей ескерту жасаған қарар қабылдады. Сонымен бірге съезд, лидерлердің көпшілігінің келісімпаздық позициясы салдарынан, ревизионистердің с.-д. партияның қатарында болуының мүмкін еместігі туралы принципті мәселе қойған жоқ.— *298.*

111 *Жоресшілдер* — 90-жылдарда А. Мильеранмен бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрған және француз социалистік қозғалысының оңшыл, реформистік қанатын басқарған француз социалисі Ж. Жорестің жақтастары. «Сын еркіндігі» деген талапты желеу етіп, жоресшілдер марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасады, пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымағын уағыздады. 1902 жылы олар реформистік позицияны ұстанған Француз социалистік партиясын құрды.— *298.*

112 *«Россияны саяси азат ету жұмысшы партиясы»* — халықшылдық бағыттағы шағын ұйым, 1899 жылы Минскіде құ-

рылды. Оның жекелеген топтары Екатеринославта, Житомирде, Белостокта және басқа кейбір қалаларда болды. Оны Х. А. Гальперин, Г. Гершуни, Л. М. Клячко (Родионова), Ш. Ш. Русанов, М. Д. Сладкопевцев, т. б. басқарды. 1902 жылдың жазында бұл ұйымның мүшелері эсерлер партиясына кірді.— *299.*

113 *«Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы» («Бунд»)* 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының Вильнодағы құрылтай съезінде ұйымдастырылды; негізінен алғанда Россияның батыс облыстарының еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес автономиялы ұйым ретінде» РСДРП құрамына енді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россияның жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. РСДРП II съезі Бунд өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп танытып болсын деген талабын қабылдамай тастағаннан кейін, Бунд партиядан шығып кетті. 1906 жылы IV («Бірігу») съезд шешімінің негізінде Бунд РСДРП құрамына қайтадан енді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) үнемі қолдап отырды, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарама-қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жауларын жақтап күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында бундшылдардың басшылары контрреволюция күштерімен бірігіп кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтас болу жағына қарай бет бұру байқалды. 1921 жылы Бунд өзін өзі таратты, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негіздерде РКП(б)-ға кірді.— *300.*

114 *«Россия империясы заңдарының жинағы»* — патшалық Россияда қолданылған заңдардың жинағы. 1833 жылы жария етіліп, 1835 жылы күшіне кірді; 15 томнан құралды, 1892 жылы 16-томы шығарылды.— *303.*

115 Ленин бұл арада «Ашығушы шаруаларға бірінші хат» деген прокламация жайында айтып отыр, бұл прокламацияны 1892 жылы «Халық ерікшілері тобы» «Мужик жанашырлары» деп қол қойып шығарған болатын. Прокламацияны Н. М. Астырев жазды, ол халық ерікшілері Петербургте ұйымдастырған астыртын Лахти баспаханасында басылып шықты.— *308.*

116 *Иудушканың әрекеті* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Головлев мырзалар» атты шығармасының кейіпкері — Иудушка Головлевтің атымен осылай деп аталған. Иудушканың бейнесі арқылы жазушы тарихи күні өткен, құрып бара жатқан крепостник помещиктер табының рухани және жаратылысы жағынан азғындауын, паразитизмін, жыртқыштығын, аярлығын, асқан екіжүзділігі мен сатқындығын көрсетті. В. И. Ленин бұл бейнені халыққа дұшпан әлеуметтік топтарға тән қасиеттерді әшкерелеу үшін талай рет қолданды.— *309.*

117 Бұл арада әңгіме «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» сол кезде «экономистер» қолында болған Петербург комитеті туралы болып отыр.

«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» 1895 жылдың күзінде Ленин ұйымдастырды, ол Петербургтің жиырмаға жуық маркстік жұмысшы үйірмесін біріктірді. «Күрес одағының» бүкіл жұмысы централизм және қатаң тәртіп принципінде құрылды. «Күрес одағын» Орталық топ басқарды, оған В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Ю. О. Мартов, М. А. Сильвин, В. В. Старков және басқалар енді. Барлық жұмысқа осы топтың Ленин бастаған бес мүшесі тікелей басшылық етті. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов, т. б.) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды. Заводтарда хабар жинау және әдебиеттер тарату жөнінде ұйымдастырушылар болды; ірі кәсіпорындарда жұмысшы үйірмелері құрылды.

«Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруды, марксизмді алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шағын тобы арасында үйірмелерде насихаттаудан пролетариаттың қалың бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізуге көшуді жүзеге асыра бастады. «Одақ» жұмысшы қозғалысына басшылық етті, жұмысшылардың экономикалық талаптар жолындағы күресін патша үкіметіне қарсы саяси күреспен ұштастырды. 1895 жылдың ноябрінде «Күрес одағы» Торнтонның шұға фабрикасында стачка ұйымдастырды. 1896 жылдың жазында «Одақтың» басшылығымен Петербург тоқымашыларының атақты стачкасы болды, оған 30 мыңнан астам жұмысшы қатысты. «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап листовкалар мен кітапшалар шығарды. «Күрес одағы» басылымдарының редакторы В. И. Ленин

болды, жұмысшылардың саяси газеті — «Рабочее Делоны» шығаруға дайындық та Лениннің басшылығымен жүргізілді. «Күрес одағы» өзінің ықпалымен Петербургтен тысқары жерлерді де қамтыды. Оның бастамасы бойынша Москвада, Киевте, Екатеринославта және Россияның басқа қалалары мен облыстарында жұмысшылар үйірмелерінің «Күрес одағына» бірігуі жүзеге асырылды.

1895 жылғы декабрьде патша үкіметі «Күрес одағына» елеулі соққы жасады: 1895 жылғы 8 декабрьден 9 декабрьге (20 декабрьден 21 декабрьге) қараған түнде «Одақ» қайраткерлерінің Ленин бастаған едәуір бөлігі тұтқынға алынды; теруге дайын тұрған «Рабочее Дело» газетінің номері де қолға түсті.

Тұтқынға алу әрекеттерінен кейін бірнеше күн өткен соң болған топтың алғашқы жиналысында Петербург социал-демократтарының ұйымын «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп атау туралы шешім қабылданды. Лениннің және «Күрес одағының» басқа да мүшелерінің тұтқынға алынуына жауап ретінде «Одақтың» тұтқыннан аман қалған мүшелері саяси тақырыпқа жұмысшылар жазған листокты жарыққа шығарды.

Түрмеде болғанымен В. И. Ленин «Одаққа» басшылық ете берді, оған кеңес беріп, көмектесті, тұтқындалудан аман қалған сырттағыларға шифрланған хаттар мен листовкалар жіберіп тұрды, «Стачкалар туралы» кітапшасын (осы уақытқа дейін табылған жоқ), «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» деген еңбегін жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер).

Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» маңызы мынада: ол, Лениннің айтқанындай, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның ұрығы болды.

1897 жылдың февралында, айдауға жүрер алдында, «Одақтың» түрмеден шыққан ескі басшылары «қарттар» мен «жастардың» бірлескен жиналысын ұйымдастырды, онда негізгі мәселе жөнінде — Россиядағы социал-демократияның міндеттері жөнінде алауыздық бар екені байқалды. «Қарттар» «Күрес одағын» жұмысшы табының саяси басшы ұйымы ретінде нығайтуды бар күшін салып жақтады, «жастар» тред-юниондық позицияда болды, жұмысшылардың стачкалық кассаларын және т. т. ұйымдастыруды жақтады. Сибирьде жер аудару мерзімін өтеп жүрген «Күрес одағының» негізін қалаушылардың және ең алдымен В. И. Лениннің ұзақ уақыт болмауы «жастардың» өз саясатын жүргізуін жеңілдетті. 1898 жылдың екінші жартысынан бастап «Күрес одағы» «экономистердің» қолына өтті, олар «Рабочая Мысль» газеті арқылы орыс топырағында тред-юнионизм, бернштейншілдік идеяларын өрбітті.— *311.*

118 *«Еңбекті азат ету»* тобы — 1883 жылы Женевада Г. В. Плеханов негізін қалаған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттау жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Ол К. Маркс пен Ф. Энгельстің: «Коммунистік партияның манифесі», «Жалдама еңбек және капитал», «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген және басқа еңбектерін орыс тіліне аударды, шетелде бастырып шығарып, Россияда таратты, сондай-ақ өз басылымдарында марксизмді насихаттады. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді тарату және социал-демократиялық қозғалысты дамыту жолында басты идеялық кедергі болған халықшылдыққа елеулі соққы берді. «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), т. б. еңбектерінде Г. В. Плеханов Россияның капиталистік емес жолмен дамуы туралы реакцияшыл халықшылдық теорияларды, революциялық қозғалыстағы пролетариаттың алдыңғы қатарлы ролін теріске шығаруды, халықшылдардың жеке адамның тарихтағы роліне субъективтік-идеалистік көзқарасын және т. б. маркстік тұрғыдан сынады. Г. В. Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы басып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885 жж) Россияда социал-демократиялық партия құруға дайындықтағы және оны құрудағы маңызды қадам болды. Әсіресе маркстік көзқарастарды таратуда, диалектикалық және тарихи материализмді қорғауда Плехановтың (Н. Бельтовтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбегінің зор маңызы болды, осы еңбекпен «орыс марксистерінің тұтас бір ұрпағы тәрбиеленіп шықты» (Ленин). Топ «Социал-Демократ» жинағының 4 кітабын, сондай-ақ жұмысшылар үшін көпшілікке арналған кітапшалар сериясын басып шығарып, Россияда таратты.

Ф. Энгельс «Маркстің экономикалық және тарихи ұлы теорияларын адалдықпен және ешқандай ескерту жасамай қабылдаған» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 461-бет) «Еңбекті азат ету» тобының пайда болуын құттықтады. Г. В. Плеханов пен В. И. Засулич Ф. Энгельспен жеке достық байланыста болды және көп жылдар бойы онымен хат алысып тұрды. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты және II Интернационалдың 1889 жылғы (Париж) бірінші конгресінен бастап, өзі өмір сүрген уақыттың он бойында оның барлық конгрестерінде Россия социал-демократиясының өкілі болды. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының елеулі қателіктері де болды, бұлар: либерал буржуазияның ролін асыра бағалау, пролетарлық революцияның резерві ретінде шаруалардың революцияшылдығын жете бағаламау еді. Бұл қателіктер Плехановтың және топтың басқа мүшелерінің болашақ-

тағы меньшевиктік көзқарасының негізі осы қателер болды. В. И. Ленин «Еңбекті азат ету» тобы «Социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет) деп көрсетті.

1903 жылғы августа РСДРП екінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтататынын мәлімдеді.— *311.*

119 *«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы»* В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1901 жылы октябрьде құрылды. Лигаға «Искра» мен «Заря» ұйымының шетелдік бөлімі және «Социал-демократ» ұйымы (оған «Еңбекті азат ету» тобы кірді) енді. Лиганың міндеті революциялық социал-демократияның идеяларын тарату және айбынды социал-демократиялық ұйым құруға ықпал жасау еді. Іс жүзінде Лига «Искра» ұйымының шетелдегі өкілі болды. Ол шетелдегі орыс социал-демократтарының ішінен «Исканың» жақтаушыларын топтастырды, оған материалдық жағынан көмек көрсетті, газеттің Россияға жеткізілуін ұйымдастырды және көпшілікке арналған маркстік әдебиет шығарды. Лига бірнеше «Бюллетень» мен кітапша шығарды. РСДРП II съезі Лиганы комитеттің уставтық правосымен пайдаланатын шетелдегі бірден-бір партия ұйымы ретінде бекітті және оны РСДРП Орталық Комитетінің басшылығымен және бақылауымен жұмыс істеуге міндеттеді.

II съезден кейін «Шетелдік лигаға» меньшевиктер орнығып алып, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес жүргізе бастады. Лиганың 1903 жылғы октябрьде болған екінші съезінде олар большевиктерге жала жауып сөз сөйледі, сонан соң Ленин мен оның жақтастары съездің мәжілісінен кетіп қалды. Меньшевиктер РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына қарсы бағытталған Лиганың жаңа уставын бекітті. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды; 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *313.*

120 *Әскери қоныстар* — Россияда әскерді арнайы ұйымдастыру; I Александр кезінде енгізілген. Патша үкіметі әскери қоныстарды ұйымдастыра отырып, армияны ұстауға жұмсалатын шығынды азайтпақ болды, соғыс бола қалған жағдайда әзірліктен өткен резерв болуын және халықтан оқшаулатылып құрылған әскери кастаны өсіп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы қоятын тірек етуді көздеді. Әскери қоныстардың бас бастығы болып әскери министр, барып тұрған реакционер А. А. Аракчеев (аракчеевтік қоныстар деген ат осыдан шыққан) тағайындалды.

Әскери қонысқа арналған жерлерде тұратын барлық шаруалар өмір бойы солдатқа айналдырылды. 18 бен 45 жас аралығындағы әскери қоныстанушылардан («қожайындардан») әскери бөлімшелер құрылды, ал әскери қызметке жарамды басқа шаруалар «қожайындардың көмекшілеріне» ай-

налды. Әрбір қоныстанушы — қожайын әскери қоныстарға орналастырылған үш солдатты өз еңбегімен асырауға тиіс болды. Барлық қоныстанушылар әскери киім киіп жүруге, үнемі әскери жаттығулардан өтіп отыруға міндетті еді. Олардың өмірі қатаң тәртіпке бағындырылды, тіпті үй-ішіндік мәселелер де белгіленген қатаң тәртіпке салынды. Әскери жаттығулар мен тәртіппен белгіленген әр түрлі әскери жұмыстар шаруашылықты жүргізуге уақыт қалдырмады, соның салдарынан шаруашылық барған сайын күйзеле берді.

Әскери қоныстардағы өмір мен жұмыстың каторгалық жағдайлары талай рет ірі-ірі көтерілістер туғызды, оларды патша әскерлері шектен шыққан жауыздықпен жаныштап отырды. 1857 жылы әскери қоныстар жойылды.— *317.*

121 Лениннің осы еңбегінің бірінші тарауы «Ашығушылармен күрес» деген атпен екі рет кітапша болып шыққан. Алғашқы басылуы «Заряның» 2—3-номерінен жеке оттиск түрінде шықты; екінші басылуы Кишиневте искралық астыртын баспаханадан үш мың дана болып басылып шықты.— *325.*

122 *«Геркулес бағаналарына (бигіне) дейін жету»* деген бейнелі сөз мүлдем шектен шығу, шамадан тыс әсірелеу дегенді білдіреді. Ертедегі грек мифологиясы бойынша, Геркулес бағаналарын Геркулес (Геракл) орнатқан және ертедегі гректердің ұғымы бойынша, дүниенің одан әрі өшқандай жол жоқ қиыр шеті сол бағаналар болған.— *328.*

123 Әңгіме И. С. Тургеневтің «Бурмистр» (қараңыз: Тургенев, И. С. Шығармалар жинағы, 1-том, М., 1953, 203-бет) деген әңгімесінің кейіпкері — Аркадий Павлыч Пеночкин жайында болып отыр.— *329.*

124 Сірә, «Искраның» номерлері В. И. Лениннің қолында болмаған, сол себепті ол «Искраның» 6 және 7-номерлеріне ойша сілтеме жасаған болуы керек. Шындығында Симферопольден келген корреспонденция (бірінші май демонстрациясы жайында) «Искраның» 7-номерінде, ал Курскіден келгені («Петербургтегі март оқиғаларына үн қосу және оқушылар мен шаруалар арасындағы толқулар жөнінде») «Искраның» 8-номерінде басылған болатын.— *334.*

125 *Помпадурлар* — М. Е. Салтыков-Щедрин «Помпадурлар мен помпадуршалар» деген шығармасында жасаған сатиралық жиынтық образ; орыстың ұлы сатирик жазушысы бұл шығармасында патшаның жоғары әкімшілігін, министрлер мен губернаторларды өлтіре масқаралаған болатын. Салтыков-Щедриннің бұл мірдің оғындай анықтамасы әкімшілік озбырлықты, есерсоқтықты білдіретін сөз ретінде орыс тіліне берік енді.— *336.*

126 Ленин М. Е. Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» (қараңыз: Н. Щедрин (М. Е. Салтыков). Шығармаларының толық жинағы, IX том, 1934, 427-бет) деген шығармасынан цитат келтіріп отыр.— *336.*

127 Ленин Саратов губерниялық земство басқармасының 1901 жылғы 29 августа шұғыл түрде ашылған губерниялық земство жиналысына тапсырған баяндамасын еске алып отыр. Баяндаманың мазмұны 1901 жылғы 29 августа «Саратовский Дневник» газетінің 187-номерінде баяндалған болатын. Баяндамадан Ленин келтіріп отырған үзінділер баяндаманың жекелеген қағидаларын өз сөзімен айтып беру болып табылады.— *337.*

128 *«Приазовский Край»* («Приазовье Өлкесі») — күнделікті газет, Дондағы Ростовта 1892 жылдан 1916 жылға дейін шығып тұрды; 1889 жылдан 1891 жылға дейін шыққан «Донское Поле» газетінің жалғасы болды.— *340.*

129 *Жаппай кепілдік* — барлық ақшалай төлемдерді дер кезінде және толық төлеп, мемлекет пен помещиктердің пайдасына деген алуан түрлі міндеткерлікті өтеуге (алым-салықтар, сатып алу төлемдері, рекрутқа адам беру және басқалары) әрбір селолық қауым шаруаларының коллективті түрде ықтиярсыз жауапты болуы. Шаруаларды бұғауда ұстаудың Россияда крепостниктік право жойылғаннан кейін де сақталып қалған бұл формасы тек 1906 жылы ғана жойылды.— *341.*

130 *Статьялық тізімдер* деп жергілікті губерниялық басқармалар жасайтын, Сибирьге жер аударылатын тұтқындар жайында толық мәлімет берілетін документтер аталған.— *345.*

131 В. И. Ленин Николай — онның (Н. Ф. Даниельсонның) 1893 жылы Петербургте шыққан «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын еске алып отыр.— *353.*

132 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан бастап шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский, т. б.) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан бастап газет кадет партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» өзіндік ерекшелігімен *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» ұштастырды (Шығармалар, 19-том, 120-бет) деп көрсетті.

1918 жылы «Русские Ведомости» басқа контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *354.*

133 *Сот палатасы* — 1864 жылғы сот реформасынан кейін құрылған патшалық сот мекемесі; айрықша азаматтық және қылмыстық істерді қарады, округтік соттарда қаралған істер жөнінде апелляция беретін орын болды. Сот палатасы бірнеше губернияға арналып құрылды.— *356.*

134 Әңгіме Н. В. Гогольдің «Шинель» повесінің кейіпкері *Акакий Акакиевич Башмачкин* жайында болып отыр.— *358.*

135 *Құндақтаулы адам* — А. П. Чеховтың осы аттас әңгімесінің кейіпкері. Әдебиетте өмірден артта қалған, жаңалық атаулыдан қорқатын, сіресіп қалған адамдарды сипаттау үшін қолданылады.— *358.*

136 Әңгіме 1890 жылғы 12 июньде III Александр бекіткен «Губерниялық және земстволық мекемелер туралы ереже» жайында болып отыр.— *359.*

137 *Кит Китыч* немесе *Тит Титыч* — А. Н. Островскийдің «Шелек жалаған тұтылады» комедиясының кейіпкері. Білімсіз, дөрекі, топас делқұлының жиынтық бейнесі.— *360.*

138 *«Миссионерское Обозрение»* («Миссионерлік шолу») — шіркеу топтары шығарып тұрған ай сайынғы діни журнал; 1896 жылдан 1898 жылға дейін Киевте, 1899 жылдан 1916 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Редактор-шығарушысы — В. М. Скворцов. Журнал дін басыларының қаратүнек ниетімен козге түскен және полициямен тығыз байланыста болған неғұрлым реакцияшыл топтарып біріктірді, сектанттарға қарсы күрес жүргізді.— *367.*

139 *«Орловский Вестник»* («Орел Хабаршысы») — баяу-либералдық бағыттағы, қоғамдық-саяси және әдеби күнделікті газет. 1876 жылдан 1918 жылға дейін Орелде шығып тұрды.— *369.*

140 *«Вера и Разум»* («Сенім және Ақыл») — 1884 жылдан 1916 жылға дейін Харьков діни семинариясы жанында шығып тұрған діни-философиялық журнал; айына екі рет шықты. Журнал барып тұрған реакциялық бағыт ұстады және демократиялық қозғалыс пен прогресшіл ақыл-ойға өршелене қарсы шықты.— *371.*

141 *«Свободное слово»* («Еркін сөз») — Л. Н. Толстойдың патша цензурасы тыйым салған шығармаларын, сондай-ақ патша үкіметінің сектанттарды қудалауына қарсы бағытталған кітапшаларды шетелдерде (Англия, Швейцария) жариялап тұрған баспа. Баспа 1899 жылдан 1901 жылға дейін «Свободная Мысль» журналын, ал 1901 жылдан 1905 жылға дейін «Свободное Слово» журналын шығарып тұрды.— *371.*

142 *«Свобода»* («Бостандық») — 1901 жылы майда пайда болған және өздерін «революциялық-социалистік топ» деп атаған «Бостандық» тобының 1901—1902 жылдары Швейцарияда шығарып тұрған журналы. Журналдың екі номері: 1901 жылы 1-номері және 1902 жылы 2-номері жарық көрді. «Бостандық» тобы сондай-ақ «Революция қарсаңы. Теория мен тактика мәселелерін мерзімді емес шолудың» 1-номерін, «Отклики» газет-журналының 1-номерін, Л. Надеждиннің «Россияда революционизмнің қайта тууы» кітапшасын және басқаларды шығарды.

«Бостандық» тобының «берік, елеулі идеялары да, программасы да, тактикасы да, ұйымы да, бұқара ішінде негіздері де» болмады (В. И. Ленин. Шығармалар, 20-том, 368-бет). Өзінің басылымдарында «Бостандық» тобы «экономизм» мен терроризм идеяларын уағыздады, Россиядағы «Искраға» қарсы топтарды қолдап отырды. Ленин «Бостандық» тобын «террористік бағыттағы экономистер» тобы деп атады (Шығармалар, 5-том, 521-бет). 1903 жылы топ өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *390.*

143 *«Южный Рабочий»* («Оңтүстік Жұмысшысы») — нақ осы аттас астыртын топ 1900 жылдың январынан 1903 жылдың апреліне дейін шығарып тұрған социал-демократиялық газет. 12 номері шықты. Әр кезеңде «Южный Рабочийдің» редакторлары және қызметкерлері И. Х. Лалаянц, А. Виленский («Илья»), О. А. Коган (Ерманский), Б. С. Цейтлин (Батурский), Е. Я. және Е. С. Левиндер, В. Н. Розанов және басқалар болды. Газеттің баспаханасы өз орнын үздіксіз ауыстырып, Екатеринославта, Смоленскіде, Кишиневте, Николаевта және басқа қалаларда орналасып отырды.

«Южный Рабочий» тобы «экономизм» мен терроризмге қарсы шықты, бұқаралық революциялық қозғалысты өрістетудің қажеттігін жақтады және Россияның оңтүстігінде үлкен революциялық жұмыс жүргізді. 1902 жылдың августында «Южный Рабочий» тобы бірлесіп жұмыс істеу жөнінде «Искрамен» келіссөз жүргізді «Искра» газетінің 1902 жылғы 1 ноябрьдегі 27-номерінде және «Южный Рабочийдің» 1902 жылғы декабрьдегі 10-номерінде жарияланған «Искрамен» ынтымақтастық туралы мәлімдеме осы келіссөздің нәтижесі болды. Сонымен бір мезгілде бұл топ партияны демократиялық централизм принципі негізінде құру жөніндегі искрашылдық ұйымдық жоспармен ақырына дейін келіскен жоқ және, Ленин атап көрсеткендей, ««Искраны» басшы орган деп сөзде ғана танып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын көздеп жүрген, принцип жағынан тұрақсыз болған» (Шығармалар, 7-том, 213-бет) ұйымдар санатына жатты.

РСДРП II съезі ««Южный Рабочий» тобының партияны біріктіру мен қалпына келтіру пайдасына істеген әдеби және ұйымдастыру жағынан жемісті қызметін» атап өтіп,

«Южный Рабочийді» шығаруды тоқтатып, барлық жекелеген дербес социал-демократиялық топтар мен ұйымдар сияқты «Южный Рабочийді» шығарып келген топты да таратуға қаулы алды.— *392.*

144 В. И. Ленин Ф. Лассальдың 1852 жылғы 24 июньде К. Маркске жазған хатынан өзі аударып, цитат келтіріп отыр. Бұл цитаттың бір бөлігін В. И. Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген еңбегіне эпиграф ретінде пайдаланды.— *400.*

145 Г. В. Плехановтың революциялық қызметінің жиырма бес жылдығын орыс социал-демократтары Петербургтегі Қазан соборы жанында болған демонстрацияның жиырма бес жылдығымен қоса 1901 жылғы 6(19) декабрьде Женевада атап өтті. Бұл демонстрацияны 1876 жылғы 6 декабрьде самодержавиенің озбырлығына қарсы наразылық ретінде жұмысшылар мен студенттер ұйымдастырған болатын. Демонстрацияда Г. В. Плеханов революциялық сөз сөйледі. Демонстрацияны полиция мен әскерлер қуып таратты, оған қатысқан көптеген адамдар тұтқынға алынып, түрмеге жабуға, жер аударуға және каторгалық жұмысқа жіберуге үкім етілді. Г. В. Плеханов шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.

Г. В. Плехановтың революциялық қызметінің жиырма бес жылдық мерекесіне арналған салтанатты жиналыстар орыс социал-демократтары эмиграцияда тұрып жатқан: Женевада, Бернде, Парижде, Цюрихте және басқа да қалаларда болып өтті.— *401.*

146 Ол кезде «Жер және ерік» деген ұранды Россияда 1876 жылы халықшылдар құрған, өзі де «Жер және ерік» деп аталған астыртын ұйым көтерді. «Жер және еріктің» көрнекті қайраткерлері А. Д. Михайлов, Г. В. Плеханов, О. В. Аптекман, А. А. Квятковский, С. М. Кравчинский (Степняк), С. Л. Перовская, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер және басқалар болды.

Жер ерікшілері шаруаларды Россиядағы негізгі революциялық күш деп есептеп, оларды патша өкіметіне қарсы көтеріліске шығармақ болды. Олар Россияның Тамбов, Воронеж және басқа бірқатар губернияларында революциялық жұмыс жүргізді. 1879 жылы «Жер және еріктің» өз ішінде террорды патша өкіметімен күрестегі басты құрал деп санаған терроршылар фракциясы құрылды. Нақ сол жылы Воронежде өткен съезде «Жер және ерік»: «Халық еркі» және «Қаралай бөліс» деген екі ұйымға бөлінді.— *402.*

147 Әңгіме I Интернационал («Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі») — пролетариаттың тұңғыш халықаралық ұйымы туралы болып отыр, оның негізі 1864 жылғы 28 сентябрьде Лондонда ағылшын және француз жұмысшылары шақырған халықаралық жұмысшы жиналысында қаланған болатын.

I Интернационалдың құрылуы — К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революциялық партиясын құру жолында жүргізген көп жылғы табанды күресінің нәтижесі. К. Маркс I Интернационалдың ұйымдастырушысы әрі басшысы, оның «Құрылтай манифесінің», Уставының және басқа да программалық, әрі тактикалық документтерінің авторы болды. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргетасын қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргетасын қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

I Интернационалдың орталық басшы органы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советі болды. К. Маркс Бас советтің үздіксіз тұрақты мүшесі болды. Ол кезде жұмысшы қозғалысында басым болған ұсақ буржуазиялық ықпал мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизм, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизм, Германиядағы лассальшылдық) жеңе отырып, Маркс Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жұмысшыларын ғылыми социализм принциптерінің төңірегіне топтастырды. I Интернационал түрлі елдер жұмысшыларының экономикалық және саяси күресіне басшылық етіп, олардың халықаралық ынтымағын нығайтты. I Интернационал марксизмді тарату ісінде, социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыруда орасан зор роль атқарды.

Париж коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін жұмысшы табының алдында I Интернационал алға қойған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті тұрды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,— деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— мен Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфия конференциясында I Интернационал ресми түрде таратылды.— *411.*

148 *Бакунизм* — анархизмнің идеологы, марксизм мен ғылыми социализмнің қас жауы М. А. Бакуниннің есімімен аталған ағым. Бакуниншілдер маркстік теорияға және жұмысшы қозғалысының тактикасына қарсы қасарыса күрес жүргізді. Мемлекет атаулыны, соның ішінде пролетариат диктатурасын да теріске шығару, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеу бакунизмнің негізгі қағидасы. Бакунин таптарды «теңестіру», «еркін ассоциацияларды» төменнен біріктіру идеясын ұсынды. Бакуниншілдердің пікірінше, «аса көрнекті» жеке адамдардан құралған құпия революциялық қоғам қолма-қол жасалатын халық бүліктеріне басшылық етуге тиіс. Мәселен, бакуниншілдер Россиядағы шаруалар дереу көтеріліске шығуға әзір отыр деп ойлады. Олар-

дың заговоршылдық, дереу бүлік шығару және терроризм тактикасы авантюристік тактика және көтеріліс туралы маркстік ілімге жат болды. Бакунизм күйзеліске ұшыраған ұсақ меншік иесінің идеологиясын бейнелеген ұсақ буржуазиялық ағым — прудонизмге жақын. Бакуниншілдердің Россиядағы өкілдерінің бірі С. Г. Нечаев болды, ол шетелде тұрған Бакунинмен тығыз байланыс жасады. Заговор жасаушылар қоғамының программасын олар «Революциялық катехизисте» баяндады. 1869 жылы Нечаев Россияда «Халық жазасы» атты шағын заговоршыл ұйым құруға тырысты. Алайда Нечаев Москвада тек бірнеше үйірме ғана құра алды. «Халық жазасы» көп кешікпей әшкереленіп, 1869 жылғы декабрьде патша үкіметі оны талқандады. К. Маркс пен Ф. Энгельс бакуниншілдердің теориясы мен тактикасын қатаң айыптады. В. И. Ленин бакунизмді «өзін сақтап қалудан үмітін үзген буржуаның көзқарасы» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) деп сипаттады. Бакунизм халықшылдықтың идеялық қайнар көзінің бірі болды. Бакунин мен бакуниншілдер туралы К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Социалистік демократияның альянсы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі» (1873), Ф. Энгельстің «Бакуниншілдер жұмыс үстінде» (1873), «Эмиграңттық әдебиет» (1875) деген еңбектерін, сондай-ақ В. И. Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» (1905) деген еңбегін және басқаларын қараңыз.— *412.*

149 1901 жылдың көктемінде Россиядағы революциялық қозғалыстың күшеюіне байланысты, эмиграцияда жүрген Россия социал-демократтарының арасында шетелдегі толып жатқан социал-демократиялық ұйымдарды біріктірудің және олардың қимылын үйлестірудің қажеттігі жөнінде мәселе талқыланды. Революциялық бағыттағы ұйымдарды оппортунистік ұйымдармен біріктіру принципті түрде мүмкін емес деп санаған Ленин революциялық социал-демократиялық ұйымдарды біріктіруді ұсынды. «Менде мынадай ой туып отыр,— деп жазды ол П. Б. Аксельродқа жолдаған хатында,— ұйымның мынадай жоспарын байқап көруге болмас па екен: «Социал-демократ» ұйымы, «Заряның» редакциясы және мынадай топтар... бір ұйымға айталық, *Лигаға* бірігеді десек» (Шығармалар, 34-том, 47-бет). Ленин нақ осы жерде осы ұйым жобасының негіздерін баяндап берді.

Шетелдік лига уставының бастапқы жобасын Мюнхенге келген Г. В. Плехановпен бірлесе отырып редакцияның мюнхендік бөлігі жасады және оны «Искра» мен «Заря» және «Социал-демократ» ұйымдарының барлық мүшелері талқылады. Ленин уставтың жобасына түзетулерді, сірә, осы кезде жазған болар.— *415.*

150 Осы арада және бұдан төменде Ленин «Искраның» Россияның әр түрлі қалаларында болған жұмысшы және студент

демонстрациялары жайында корреспонденциялар мен хабарлар басылған номерлерін тізіп шығады.— *419.*

151 Бұл документ, сірә, «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» атты мақаланың бас жағының бір нұсқасы болса керек.— *422.*

152 *«Русский Вестник»* («Орыс Хабаршысы») — саяси және әдеби журнал, 1856 жылдан 1906 жылға дейін шығып тұрды. Журнал өзінің шығатын орнын талай рет ауыстырды. 1856—1887 жылдары журнал Москвада шықты, редакторы әрі шығарушысы М. Н. Катков болды. Бастапқыда журнал либералдық бағыт ұстады, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап журнал крепостниктік реакцияның органына айналды. Катков қайтыс болғаннан кейін «Русский Вестник» 1887 жылдың аяғынан 1896 жылға дейін Петербургте, 1896—1902 жылдары — Москвада және 1902—1906 жылдары қайтадан Петербургте шығарылды.— *423.*

153 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шығатын, буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; Петербургте 1866 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы бағытталған мақалалар басылып тұрды.— *423.*

154 Бұл документ «Вольное Слово» журналының 53, 57, 59, 60-номерлерінде «З. С.» деп қол қойылып, басылған мақалаларды қысқаша конспектілеп баяндау болып табылады. Оны В. И. Ленин «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» атты мақаланы жазып жатқан кезінде істеген.— *426.*

155 Бұл арада «Россия империясының Заңдары жинағының» IX томындағы 762-статья айтылып отыр, онда былай делінген: «Россия империясын мекендейтін бұратаналардың қатарына жататындар: 1) Сибирь бұратаналары; 2) Архангельск губерниясының самоедтері; 3) Ставрополь губерниясының көшпелі бұратаналары; 4) Астрахань және Ставрополь губернияларындағы көшпелі қалмақтар; 5) Ішкі Орданың қырғыздары; 6) Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарының бұратаналары; 7) Закаспий облысының бұратана халқы; 8) еврейлер».— *430.*

156 «Русские Ведомости» газетінің 1901 жылғы 1 августағы 210-номерінде 1901 жылғы 8 июньдегі «Жеке адамдарға Сибирьдегі қазына жерінен жер бөліп беру туралы» заңды талқылауға арналған редакциялық заметка жарияланды. Заметкада Уфа губерниясын мысалға ала отырып, осы заңды қолданудың нәтижесінде дворяндардың шаш етектен пайда табатын, ал шаруалар бұқарасының қайыршыланып, күйзеліске

ұшырап жатқан фактілерін дәлелдейтін мәліметтер келтірілген. Осы заметкадағы кейбір деректерді Ленин көшіріп алған.— *430.*

157 Бұл документ Д. Б. Рязановтың «Заря» журналы үшін 1901 жылдың жазында жазған «Екі шындық» деген мақаласына В. И. Лениннің ескертулері. Мақаланы редакция қабылдамады да, ол журналда жарияланған жоқ.

Лениннің ескертулерінде көрсетілген беттер Рязановтың «Заря» редакциясына тапсырған қолжазбасының беттері болып табылады.— *436.*

158 *Нумендер (ноумендер) мен феномендер* — Канттың идеалистік философиясындағы қарама-қарсы ұғымдар.

Канттың айтуы бойынша, ноумен адамның санасынан тыс өмір сүретін және адам тапып біле алмайтын, табылмайтын «өзіндік зат». Феномен — адамның санасында ғана өмір сүретін және адамның танып білетін заты болып табылатын құбылыс.

Канттың субъективтік-идеалистік таным теориясының негізгі қағидаларының бірі болып табылатын: «өзіндік зат» — ноумендер мен құбылыстар — феномендерді қарама-қарсы қоюды империализм идеологтары мен ревизионистер өздерінің материализмге қарсы күресінде пайдаланып жүр.

Диалектикалық материализм бұл қарама-қарсы қоюды теріске шығарды және Кант теориясының ғылыми жағынан негізсіз екенін дәлелдеп берді.— *438.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Блеклов, С. М. Отчет по обследованию Днепровского уезда в течение мая и июня 1901 г. Август 1901. Гект. 53 стр.— *362—363.*

Ближайшие задачи земства.— «Вольное Слово», Женева, 1883, № 56, 1 марта, стр. 4—6.— *43.*

Бугурусланский уезд.— «Русские Ведомости», М., 1901, № 244, 4 сентября, стр. 2, в отд.: Внутренние известия.— *354—355.*

Булгаков, С. Н. К вопросу о капиталистической эволюции земледелия.— «Начало», Спб., 1899, № 1—2, стр. 1—21; № 3, стр. 25—36.— *106, 139, 156, 159, 160, 163, 167, 191, 213, 215, 224, 239.*

— *Капитализм и земледелие.* Т. 1—2. Спб., Тиханов, 1900. 2 т.— *105—137, 138—144, 146, 147, 148, 149, 163, 176, 177, 178—179, 185—186, 187—188, 189—190, 191, 192, 193, 195, 198, 202, 204—207, 210, 212—215, 222, 224—227, 234, 238—239, 240, 241, 244, 250, 251, 252.*

Бурцев, В. За сто лет (1800—1896). Сборник по истории политических и общественных движений в России. В 2-х ч. Сост. В. Бурцев при ред. уч. С. М. Кравчинского (Степняка). London, 1897, 267, 164 стр. (Изд. фонда ВРП. Вып. 23).— *30, 72.*

Велепольский, А. [*Докладная записка. 6 марта 1881 г.*] — В кн.: [Ковалевский, М. М.] Конституция графа Лорис-Меликова. Лондон, 1893, стр. 25—27.— *47—48.*

«Вера и Разум», Харьков, 1901, № 8, апрель, стр. 457—462.— *370—373.*

«Вестник Европы», Спб.— *423.*

— 1886, № 10, стр. 757—758.— *41—42.*

Витте, С. Ю. Самодержавие и земство. Конфиденциальная записка министра финансов (1899 г.), с предисл. и примеч. Р. Н. С. [П. Б. Струве]. Печ. «Зарей». Штутгарт, Дитц, 1901. XLIV, 212 стр.— *21, 27—30, 35—76, 422—424, 425.*

«Вольное Слово», Женева.— *43.*

— 1883, № 53, 20 января, стр. 5—7; № 54, 1 февраля, стр. 6—7; № 55, 15 февраля, стр. 5—8; № 56, 1 марта, стр. 6—8; № 57, 15 марта, стр. 4—6; № 59, 15 апреля, стр. 6—8; № 60, 1 мая, стр. 10—12.— *426—428.*

Документы «объединительного» съезда. Женева, изд. Лиги русской революционной социал-демократии, 1901. IV, 11 стр.— *296—297, 298, 299—300, 301, 313, 314, 380—383.*

[*Долгоруков, П. В.*] *Взгляд на основные положения судоустройства, судопроизводства и земских учреждений.*— «Листок», Брюссель, 1862, № 3, декабрь, стр. 17—19. Подпись: КПД.— *72.*

— Из статьи: *«Взгляд на основные положения судоустройства и судопроизводства и земских учреждений».*— В кн.: Бурцев, В. За сто лет (1800—1896). Сборник по истории политических и общественных движений в России. В 2-х ч. Сост. В. Бурцев при ред. уч. С. М. Кравчинского (Степняка). London, 1897, стр. 63—66.— *72.*

— Из статьи: *«О земских учреждениях».*— В кн.: Бурцев, В. За сто лет (1800—1896). Сборник по истории политических и общественных движений в России. В 2-х ч. Сост. В. Бурцев при ред. уч. С. М. Кравчинского (Степняка). London, 1897, стр. 66—67.— *72.*

— *О земских учреждениях.*— «Листок», Лондон, 1864, № 18, 25 февраля, стр. 137—139.— *72.*

Драгоманов, М. Земский либерализм в России (1858—1883).— В кн.: Драгоманов, М. Либерализм и земство в России. (Отд. оттиск из 1-го №-ра «Свободной России».) Genève, Georg, 1889, стр. 1—51.— *28—30, 42, 43, 50.*

— *Либерализм и земство в России.* (Отд. оттиск из 1-го №-ра «Свободной России».) Genève, Georg, 1889. 64 стр.— *28—30, 42, 43, 50, 423.*

— *Самодержавие, местное самоуправление и независимый суд.*— В кн.: Драгоманов, М. Либерализм и земство в России. (Отд. оттиск из 1-го №-ра «Свободной России».) Genève, Georg, 1889, стр. 52—64.— *29, 423.*

[*Ермолов, А. С.*] *Неурожай и народное бедствие.* Спб., Киршбаум, 1892. 270 стр.— *94.*

«Жизнь», Спб., 1900, № 1, стр. 84—110; № 2, стр. 59—68.— *106.*

— 1901, № 3, стр. 162—186; № 4, стр. 63—100.— *129, 144.*

З. С. Восемнадцать лет войны чиновничества с земством.— «Вольное Слово», Женева, 1883, № 53, 20 января, стр. 5—7;

[*Ковалевский, М. М.*] *Конституция графа Лорис-Меликова.* Лондон, 1893. [2], 43, VIII стр. (Изд. фонда ВРП. Вып. 7.)— *45, 47—48, 59—60.*

«Колокол», Лондон — Женева.— *31.*

— Лондон, 1862, № 126, 22 марта, стр. 1—2.— *29—30.*

Кондоиди, В. Г. Речь г. управляющего Самарской губернией [при открытии очередной сессии губернского земского собрания 11 января 1900 г.]—«Самарская Газета», 1900, № 9, 13 февраля, стр. 1—2.— *350—351, 357, 358—359, 362.*

Кошелев, А. Конституция, самодержавие и земская дума. Лейпциг, Вагнер, 1862, IV, 59 стр.— *33—34, 39.*

Крамола во Владимире на Клязьме.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 5, июнь, стр. 2—3, в отд.: Из нашей общественной жизни.— *361.*

Кричевский, Б. Принципы, тактика, борьба.— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36.— *296, 297—298, 299, 314, 382, 395, 396.*

Крылов, И. А. Зеркало и Обезьяна.— *379.*

— *Кот и Повар.*— *326.*

— *Любопытный.*— *123.*

[*Ленин, В. И.*] *Аграрный вопрос.* Ч. I. Спб., 1908, стр. 164—263. Перед загл. авт.: Вл. Ильин.— *267.*

— *Аграрный вопрос и «критики Маркса».* В кн.: [Ленин, В. И.] Аграрный вопрос. Ч. I. Спб., 1908, стр. 164—263. Перед загл. авт.: Вл. Ильин.— *267.*

— *Аграрный вопрос и «критики» Маркса.* [Гл. I—IV] Одесса, «Буревестник», 1905. 49 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *167.*

— *Аграрный вопрос и «критики» Маркса.* [Гл. V—IX.]—«Образование», Спб., 1906, № 2, стр. 175—226. Подпись: Н. Ленин.— *167—168, 244.*

— [*Вопросы, предложенные «Союзу русских социал-демократов» на «объединительном» съезде 21 сентября (4 октября) 1901 г.*]— В кн.: Документы «объединительного» съезда. Женева, изд. Лиги русской революционной социал-демократии, 1901, стр. 6.— *381—382.*

— *Заграничные дела.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 9, октябрь, стр. 8.— *380.*

— *Задачи русских социал-демократов.* С предисл. П. Аксельрода. Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898. 32 стр.— *75, 86—87.*

— *Капитализм в сельском хозяйстве (О книге Каутского и о статье г. Булгакова).*— «Жизнь», Спб., 1900, № 1, стр. 84—110; № 2, стр. 59—68. Подпись: Вл. Ильин.— *106.*

— *Насущные задачи нашего движения.*— «Искра», [Лейпциг], 1900, № 1, декабрь, стр. 1.— *6, 397.*

— *Новое побоище.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 5, июнь, стр. 1—2.— *319.*

— *От редакции.* [Заявление редакции «Искры».] Листовка. [Мюнхен], тип. «Искры», [октябрь 1900]. [2] стр. (РСДРП).— *297.*

— *Отдача в солдаты 183-х студентов.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 6.— *397.*

— *Раскол в заграничном Союзе русских социал-демократов.*— «Искра», [Лейпциг], 1900, № 1, декабрь, стр. [8], в отд.: Из партии.— *295, 311.*

— *Случайные заметки.*— «Заря», Штутгарт, 1901, № 1, апрель, стр. 247—270. Подпись: Т. Х.— *366—367.*

— *Что делать? Наболевшие вопросы нашего движения.*— *9, 383, 399—400.*

«Листок», Брюссель, 1862, № 3, декабрь, стр. 17—19.— *72.*

— Лондон, 1864, № 18, 25 февраля, стр. 137—139.— *72.*

«Листок «Народной Воли»», [Спб.], 1880, № 2, 20 августа, стр. 3—5.— *44, 51.*

«Листок «Рабочего Дела»», Женева, 1901, № 6, апрель, стр. 1—6.— *5—9, 13.*

Маркс, К. [*Письмо в редакцию «Отечественных Записок».* (Письмо Михайловскому.) Ноябрь 1877 г.] — «Юридический Вестник», М., 1888, октябрь, стр. 270—273, в ст.: «Письмо Карла Маркса».— *436.*

О закрытии нынешнего с.-петербургского губернского земского собрания и приостановлении в С.-Петербургской губернии действия Положения о земских учреждениях.— «Северная Почта», Спб. , 1867, № 13, 17(29) января, стр. 1.— *39.*

О надзоре за заведениями фабричной промышленности и о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих [3 июня 1886 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1886, № 68, 15 июля, ст. 639, стр. 1390—1405.— *79.*

О продовольствии скота в местностях, пострадавших от неурожая. [Изложение доклада Саратовской губернской земской управы.]— «Саратовский Дневник», 1901, № 187, 29 августа, стр. 3.— *337—339.*

О продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности [2 июня 1897 г.].— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1897, № 62, 13 июня, ст. 778, стр. 2135—2139.— *36, 79—80.*

Об изменении редакции ст. 9 и 11 Временных правил для земских учреждений, касательно обложения торговли и промышленности сборами на земские повинности. [Мнение Государственного совета. 21 ноября 1866 г.] — В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. Т. 41. Отд-ние 2-е. Спб., 1868, ст. 43874, стр. 258—259.— *39.*

Об отводе частным лицам казенных земель в Сибири. 8 июня 1901 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1901, № 167, 31 июля (13 августа), стр. 1.— *92—98, 429—431, 432—433, 434—435.*

Обвинительный акт [*по делу о майских волнениях на Обуховском заводе*].— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 9, октябрь, стр. 3—5.— *318, 319, 320—321.*

«Образование», Спб., 1906, № 2, стр. 175—226.— *244.*

Обуховский завод.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 6, июль, стр. 4—5, в отд.: Хроника рабочего движения и письма с фабрик и заводов.— *318—319.*

Ом. Необходимая гласность.— «Приазовский Край», Ростов-на Дону, 1901, № 236, 5 сентября, стр. 2.—*340—341.*

«Орловский Вестник», 1901, № 254, 25 сентября, стр. 2—3.— *366—367, 368.*

— 1901, № 257, 28 сентября, стр. 3.— *368—370.*

— 1901, № 259, 30 сентября, стр. 3.— *370—371.*

Островский, А. Н. В чужом пиру похмелье.— 360.

От земского отдела министерства внутренних дел.— «Правительственный Вестник», Спб., 1901, № 203, 16(29) сентября, стр. 2.— *338—339.*

От Союза Борьбы.— «Рабочая Мысль», [Варшава], 1901, № 12, июль, стр. 19. Под общ. загл.: Партийные дела.— *311—312.*

Ответное письмо секретаря «Союза русских социал-демократов»...— В кн.: Документы «бъединительного» съезда. Женева, изд. Лиги русской революционной социал-демократии, 1901, стр. 10—11.— *380.*

Отдельное приложение к «Рабочей Мысли». Пб., изд. петербургского «Союза», 1899, сентябрь, стр. 3—16.— *62—63.*

Пантелеев, Л. Из воспоминаний о 60-х годах.— В кн.: На славном посту. Литературный сборник, посвященный Н. К. Михайловскому. Ч. II. Б. м., [1900], стр. 314—326.—*31.*

Первое мая в России.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 5, апрель, стр. 4.— *16.*

Первое письмо к голодающим крестьянам. [Листовка. Спб.], тип. народовольцев, март 1892. [1] стр. Подпись: Мужицкие доброхоты.— *308.*

Печально-знаменательная речь.— «Московские Ведомости», 1901, № 268, 29 сентября (12 октября), стр. 1.— *366—367.*

По поводу рабочих беспорядков.— «Новое Время», Спб., 1901. № 9051, 11(24) мая, стр. 1.— *77—78, 80—84, 420—421.*

Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. Т. 39. Отд-ние 1-е. Спб., 1867, ст. 40457, стр. 1—14.— *30, 35—36.*

— Собрание 2-е. Т. 41. Отд-ние 2-е. Спб., 1868, ст. 43874, стр. 258—259.— *39.*

Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. Т. 42. Отд-ние 1-е. Спб., 1871, ст. 44690, стр. 896—898.—*40—41.*

— Собрание 2-е. Т. 44. Отд-ние 1-е. Спб., 1873, ст. 47456, стр. 67.— *41.*

— Собрание 3-е. Т. 10. Отд-ние 1-е. Спб., 1893, ст. 6927, стр. 493—511.— *51, 55, 99—100, 359.*

— Собрание 3-е. Т. 13. Отд-ние 2-е. Спб., 1893, ст. 9744, 9791, стр. 414—419, 448—456.— *52.*

Положение Комитета министров о порядке отправления, с 1 января 1870 года, частными лицами по почте всякого рода документов и бумаг, не подлежащих оплате страховым сбором. 19 сентября 1869 г.— В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. Т. 44. Отд-ние 1-е. Спб., 1873, ст. 47456, стр. 67.—*41.*

Положение о губернских и уездных земских учреждениях. 1 января 1864 года.— В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. Т. 39. Отд-ние 1-е. Спб., 1867, ст. 40457, стр. 1—14.— *30, 35—36.*

Положение о губернских и уездных земских учреждениях. 12 июня 1890 г.— В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 3-е. Т. 10. Отд-ние 1-е. Спб., 1893, ст. 6927, стр. 493—511.— *51, 55, 99—100, 359.*

Положение о начальных народных училищах. (25 мая 1874 г.)— В кн.: Андогский, И. Сборник узаконений, относящихся до земских учреждений (по Своду законов и продолжениям издания 1886 года), с включением решений правительствующего Сената и правительственных разъяснений и с прилож. Городового положения. Изд. 2-е, испр. и доп. Спб., Евдокимов, 1888, стр. 563—575.— *41, 428.*

Положения о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости. 19 февраля 1861 года. Спб., 1861. Разд. паг.— *31—32.*

Поправки к речи г. Стаховича. [Письмо П. Рождественского в редакцию «Орловского Вестника».] — «Московские Ведомости», 1901, № 269, 30 сентября (13 октября), стр. 2.— *368—370.*

«Порядок», Спб.— *47.*

Правила оценки недвижимых имуществ для обложения земскими сборами. 8 июня 1893 г.—В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 3-е. Т. 13. Отд-ние 2-е. Спб., 1893, ст. 9744, стр. 414—419.— *52.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1873, № 307, 27 декабря (8 января 1874), стр. 1.— *41, 428.*

— 1878, № 186, 20 августа (1 сентября), стр. 1.— *43.*

Рязанов, Д. Б. Две правды. Рукопись [1].— *436—438.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Благонамеренные речи.— 60.

— Господа Головлевы.— 309, 330—331.

— Дикий помещик.— 331—332.

— История одного города.— 336, 351—352.

— Повесть о том, как один мужик двух генералов прокормил.— 94.

— Помпадуры и помпадурши.— 336, 337, 360.

— Современная идиллия.— 207.

— Убежище Монрепо.— 187.

«Самарская Газета», 1900, № 9, 13 февраля, стр. 1—2.— *350—351, 357, 358—360, 362—363.*

С.-Петербург.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 2—4, в отд.: Из нашей общественной жизни.— *419.*

С.-Петербург по переписи 15 декабря 1890 года. Изд. городской управы по статистическому отделению под ред. Ю. Э. Янсона. Ч. I, вып. 1—2. Спб., 1891—1892. 2 т.— *236—237.*

«Саратовский Дневник», 1901, № 187, 29 августа, стр. 3; «Приложение к № 187», 1901, 31 августа, стр. 3.— *336—339.*

«Свобода», Женева, 1901, № 1.— *390—391.*

«Северная Почта», Спб., 1867, № 13, 17(29) января, стр. 1.— *39.*

Симферополь.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 7, август, стр. 5, в отд.: Хроника рабочего движения и письма с фабрик и заводов.— *334.*

Сипягин, Д. С.— қараңыз: Циркуляр министра внутренних дел начальникам губерний, пострадавших от неурожая 1901 года.

«Собрание узаконений и распоряжений правительства, изд. при правительствующем Сенате», Спб., 1886, № 68, 15 июля, ст. 639, стр. 1390—1405.— *79.*

[1] «Екі шындық» атты мақала «Н. Рязанов» деген қол қойылып, Ю. Невзоровтың [Стеклов, Ю.] «Біз мұрадан бас тартып отырмыз ба?» атты кітапшасына (Женева, 1902) қосымша ретінде басылып шықты.

Уложение о наказаниях уголовных и исправительных. Изд. 1885 г. со включением статей по продолжениям 1890 и 1891 гг. Спб., б. г. 683 стр.— *315, 320—321, 327.*

Устав лечебных заведений министерства внутренних дел. 10 июня 1893 г.— В кн.: Полное собрание законов Российской империи. Собрание 3-е, Т. 13. Отд-ние 2-е, Спб., 1893, ст. 9791, стр. 448—456.— *52.*

Фонвизин, Д. И. Недоросль.— 371.

Харитонов, А. Никольская ярмарка в Каховке.— «Торгово-Промышленная Газета», Спб., 1901, № 109, 16(29) мая, стр. 2, в отд.: Ярмарки.— *185.*

Циркуляр Главного управления по делам печати. 11 мая 1901 г.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 6, июль, стр. 2, в ст.: «С.-Петербург».— *77.*

Циркуляр Костромского губернатора гг. полицмейстеру г. Костромы, исправникам Костромской губернии. 19-го июня 1901 г. Секретно.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 6, июль, стр. 8, в отд.: Последние известия.— *334.*

Циркуляр Министерства внутренних дел. 8 октября 1867 г.— В кн.: Андогский, И. Сборник узаконений, относящихся до земских учреждений (по Своду законов и продолжениям издания 1886 года), с включением решений правительствующего Сената и правительственных разъяснений и с прилож. Городового положения. Изд. 2-е, испр. и доп. Спб., Евдокимов, 1888, стр. 136—137.— *40.*

Циркуляр министра внутренних дел гг. начальникам губерний от 6-го мая 1881 г.— «Земство», М., 1881, № 24, 13 мая, стр. 5.— *49.*

Циркуляр министра внутренних дел начальникам губерний, пострадавших от неурожая 1901 года. (17-го августа 1901 г.)— «Правительственный Вестник», Спб., 1901, № 182, 19 августа (1 сентября), стр. 2—3.— *302—310, 316, 317, 327—335, 336, 337—338, 340, 342, 344, 346, 350, 351—352, 356, 439—442.*

Циркуляр хозяйственного департамента. 22 октября 1870 г.— В кн.: Андогский, И. Сборник узаконений, относящихся до земских учреждений (по Своду законов и продолжениям изданий 1886 года), с включением решений правительствующего Сената и правительственных разъяснений и с прилож.

Городового положения. Изд. 2-е, испр. и доп. Спб., Евдокимов, 1888, стр. 439.— *40.*

Чернов, В. М. К вопросу о капиталистической и аграрной эволюции.— «Русское Богатство», Спб., 1900, № 11, стр. 232—248.— *164.*

— *Крестьянин и рабочий, как категории хозяйственного строя.*— В кн.: На славном посту. Литературный сборник, посвященный Н. К. Михайловскому. Ч. II. Б. м., [1900], стр. 157—197.— *105, 157, 163—165.*

— *Типы капиталистической и аграрной эволюции.*— «Русское Богатство», Спб., 1900, № 4, стр. 127—157; № 5, стр. 29—48; № 6, стр. 203—232; № 7, стр. 153—169; № 8, стр. 201—239; № 10, стр. 212—258.— *105, 151, 152—153, 155, 156, 157, 159, 165, 166, 168, 169—171, 198, 201—202, 231—232, 233, 240, 244.*

Чехов, А. П. Человек в футляре.— *358.*

Чичерин, Б. Н. [Докладная записка, поданная графу Милютину].— В кн.: [Ковалевский, М. М.] Конституция графа Лорис-Меликова. Лондон, 1893, стр. 21—24.— *47—48, 58—59.*

Шаховской, Н. Сельскохозяйственные отхожие промыслы. (Движение сельских рабочих. Условия найма. Отношения между нанимателями и рабочими. Меры к упорядочению рабочего движения.) М., Сытин, 1896. VII, 253, II стр.— *185.*

Щербачев, В. С. Обзор табаководства в России. Вып. II—III. (Малороссия и Туркестанский край.) Спб., Демаков, 1894. II, 192 стр.; 7 табл., 19 л. илл.— *231.*

Энгельгардт, А. Н. Из деревни.— *245.*

Энгельгардт, А. П. [Беседа с сотрудником «Саратовского Листка»].— «Новое Время», Спб., 1901, № 9195, 9(22) октября, стр. 4, в отд.: Внутренние известия.— *336—337, 338.*

«Юридический Вестник», М., 1888, октябрь, стр. 270—273.— *436.*

Ярославль.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 4, май, стр. 5, в отд.: Из нашей общественной жизни.— *361—362, 419.*

«Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik», Berlin, 1899, Bd. XIII, S. 710—734.— *156.*

— 1900, Bd. XV, S. 406—418.— *144—145, 147, 148.*

Auhagen, H. Über Groß- und Kleinbetrieb in der Landwirtschaft.— In: «Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XXV. Berlin, 1896, S. 1—55.— *177, 178.*

Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 1—3. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883. 1 Bd. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXII—XXIV.)—*191.*

— Bd. 1. S. 61—74, 273—294. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXII.) —*191—192, 193.*

— Bd. 2. S. 193—226. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIII.) —*192—193.*

— Bd.. 3. S. 59—112; 2 Tab. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIV.) —*255—266, 288.*

Bensing, F. Der Einfluss der landwirtschaftlichen Maschinen auf Volks- und Privatwirtschaft. Breslau, 1898. IX, 205 S.— *134—137, 241—242.*

Bibliothek Russischer Denkwürdigkeiten — қараңыз: Kawelin, K. und Turgeniew, I. Sozialpolitischer Briefwechsel mit A. I. Herzen.

Brauns Archiv — қараңыз: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik».

Bulgakoff, S. Рецензия на книгу: Kautsky, Karl. Die Agrarfrage. Eine Uebersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, 1899, Dietz, gr. 8°. VIII und 451 S.— In: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik», Berlin, 1899, Bd. XIII, S. 710—734.— *156.*

Danmarks Statistik. Statistik Aarbog. 8de aarg. 1903. Udgivet af Statens Statistiske Bureau. Kobenhavn, Bogtrykkeri, [1903]. XIV, 199 S.— *268.*

— *Statistik Tabelvoerk, 4-de Raekke, Litra C, N 1. Kreaturholdet den 17de Juli 1876.* Udgivet af det Statistiske Bureau. København, Bogtrykkeri, 1878. XXI, 136 S.—*285, 287—290.*

Danmarks Statistik. Statistik Tabelvoerk, 5-e Raekke, Litra C, N 2. Kreaturholdet den 15de Juli 1898. Udgivet af Statens Statistiske Bureau. København, Bogtrykkeri, 1901. 52, 144 S.— *275—283, 285—290.*

— *Statistik Tabelvoerk, 4-de Raekke, Litra C, N 9.* Danmarks Jordbrug, ordnede efter Storrelsen af deres Hartkorn den 1. Januar 1895. Udgivet af Statens Statistiske Bureau. København, Bogtrykkeri, 1896. 40, 183 S.— *268—269, 271—273, 277—279.*

David, E. Bäuerliche Barbaren.— In: «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1899, N 2, S. 62—71.— *137—138, 168, 170, 172, 231—232.*

Demombynes, G. Constitutions européennes. Résumé de la législation concernant les parlements, les conseils provinciaux et communaux et l'organisation judiciaire dans les divers etats de l'Europe avec une notice sur le Congrès des Etats-Unis d'Amérique. T. I. Paris, 1881. XXXV, 740 p.— *422—424.*

Die Deutsche Volkswirtschaft am Schlusse des 19. Jahrhunderts. Auf Grund der Ergebnisse der Berufs- und Gewerbezählung von 1895 und nach anderen Quellen bearbeitet im Kaiserlichen Statistischen Amt. Berlin, Puttkammer u. Mühlbrecht, 1900. VII, 209 S.— *231—232.*

Dittenberger. Die bäuerlichen Verhältnisse des Eisenacher Unterlandes (III. Verwaltungsbezirk des Großherzogtums Sachsen.) — In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 1. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883, S. 61—74. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXII.) — *191—192.*

Drechsler, H. Die bäuerlichen Zustände in einigen Teilen der Provinz Hannover.— In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 3. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883, S. 59—112; 2 Tab. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIV.) — *255—266, 287.*

— *Die Verteilung des Grundbesitzes und der Viehhaltung im Bezirke des landw. Kreisvereins Göttingen.*— In: «Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XV. Berlin, 1886, S. 753—811.— *255—266, 287.*

Engels, F. Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft Philosophie. Politische Ökonomie. Sozialismus. Leipzig, Genossenschafts-Buchdr., 1878. VIII, 274 S.— *161—162.*

— *Vorbemerkung* [zu: Der Deutsche Bauernkrieg]. 1. Juli 1874. In: F. Engels. Der Deutsche Bauernkrieg. Leipzig, 1875, S. 3—19.— *19.*

— *Vorwort* [zu: Zur Wohnungsfrage]. 10. Januar 1887.— In: F. Engels. Zur Wohnungsfrage. S.-Abdr. aus dem «Volksstaat» von 1872. Zweite, durchges. Aufl. Höttingen-Zürich, 1887, S. 3—10.— *167.*

— *Zur Wohnungsfrage.* S.-Abdr. aus dem «Volksstaat», von 1872. Zweite, durchges. Aufl. Höttingen-Zürich, 1887. 72 S. (Sozialdemokratische Bibliothek. XIII.) — *161—162, 166—167.*

— [*Zur Wohnungsfrage.*] — «Der Volksstaat», Leipzig, 1872, N 51, 26. Juni, S. 1—2; N 52, 29. Juni, S. 1—2; N 53, 3. Juli, S. 1—2; N 103, 25. Dezember, S. 1—2; N 104, 28. Dezember, S. 1—2; 1873, N 2, 4. Januar, S. 1—3; N 3, 8. Januar, S. 1; N 12, 8. Februar, S. 1; N 13, 12. Februar, S. 1—2; N 15, 19. Februar, S. 1; N 16, 22. Februar, S. 1. В NN 51—53 за 1872 г. загл.: Wie Proudhon die Wohnungsfrage löst; в NN 103—104 за 1872 г. и в NN 2—3 за 1873 г. загл.: Wie die Bourgeoisie die Wohnungsfrage löst; в NN 12—13, 15—16 за 1873 г. загл.: Nachtrag über Proudhon und die Wohnungsfrage.— *161—162, 166—167.*

Ergebnisse der Erhebungen über die Lage der Landwirischaft im Großherzogtum Baden 1883. [Karlsruhe, Braun, 1883.] 185 S., 8 Taf. (В изд.: Erhebungen über die Lage der Landwirtschaft im Großherzogtum Baden 1883, veranstaltet durch das Großherzogliche Ministerium des Innern. Bd. 4.) — *194—201.*

Erhebungen über die Lage der Landwirtschaft im Großherzogtum Baden 1883, veranstaltet durch das Großherzogliche Ministerium des Innern. Bd. 4. Karlsruhe, Braun, 1883. 185 S., 8 Taf.— *194—201.*

Goltz, T. Die ländliche Arbeiterklasse und der preußische Staat. Jena, Fischer, 1893. VI, 300 S.—*141—142.*

Hecht, M. Drei Dörfer der badischen Hard. Eine wirtschaftliche und soziale Studie. Leipzig, Wilhelm, 1895. 94 S.— *168—176, 196—197, 198, 203, 222, 231, 244—245.*

* *Helms, E. Die sozialdemokratische und gewerkschaftliche Bewegung in Danemark.* Leipzig, Hirschfeld, 1907. 200 S.— *249.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар жұлдызшамен белгіленді. Бұл кітаптар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

Hertz, F. O. Die agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus. Mit einer Vorrede von Ed. Bernstein. Wien, 1899. VII, 141 S.— *105, 132, 133, 137—138, 141—142, 151—154, 155, 156—157, 159—160, 168, 170, 171, 172, 177—178, 187, 191, 192, 194, 197, 204, 231, 233, 234—235, 240, 244.*

Huschke, L. Landwirtschaftliche Reinertrags-Berechnungen bei Klein-, Mittel- und Großbetrieb, dargelegt an typischen Beispielen Mittelthüringens. Jena, Fischer, 1902. VI, 184 S.— *190—191.*

* *Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *106, 132, 134, 137, 139, 142—143, 144, 147, 153—154, 158, 162—163, 164, 165, 168, 171, 177, 178, 202, 214—215, 243, 245.*

— *Die Elektrizität in der Landwirtschaft.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1900—1901, 19 J-g. Bd. I, N 18, S. 565—572.— *144—145.*

— *Tolstoi und Brentano.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1900—1901, 19 J-g, Bd. II, N 27, S. 20—28.— *159.*

— *Zwei Kritiker meiner «Agrarfrage».*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1899—1900, 18 J-g, Bd. I, N 10, S. 292—300; N 11, S. 338—346; N 12, S. 363—368; N 14, S. 428—463; N 15, S. 470—477.— *153, 155—156, 178.*

Kawelin, K. D. Briefe an A. I. Herzen. 6. August 1862.— In: Kawelin, K. und Turgenew, I. Sozial-politischer Briefwechsel mit A. I. Herzen. Mit Beil. und Erläut. hrsg. v. M. Dragomanow. Aut. Übers. aus dem Russischen v. B. Minzes. Stuttgart, 1894, S. 64—66. (Bibliothek Russischer Denkwürdigkeiten. Hrsg. v. Schiemann. Bd. 4.)— *33, 34—35, 38.*

Kawelin, K. und Turgeniew, I. Sozial-politischer Briefwechsel mit A. I. Herzen. Mit Beil. und Erläut. Hrsg. v. M. Dragomanow. Aut. Übers. aus dem Russischen v. B. Minzes. Stuttgart, 1894, S. 64—66. (Bibliothek Russischer Denkwürdigkeiten. Hrsg. v. Schiemann. Bd. 4.) — *33, 34—35, 38.*

Klawki, K. Über Konkurrenzfähigkeit des landwirtschaftlichen Kleinbetriebes.— In: «Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XXVIII. Berlin, 1899, S. 363—484.— *177, 178—190, 197, 212, 221, 246, 266.*

Laferté, V. Alexandre II. Détails inédits sur sa vie intime et sa mort. Bâle — Genéve — Lyon, Georg, 1882. 219 p.— *45—46.*

«Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XV. Berlin, 1886, S. 753—811.— *255—266, 287.*

— Bd. XXV. Berlin, 1896, S. 1—55.— *177, 178.*

— Bd. XXVIII. Berlin, 1899, S. 363—484.— *177, 178—190, 197, 212, 221, 246, 267.*

Langsdorff, K. Die bäuerlichen Verhältnisse im Königreich Sachsen.— In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Leipzig, 1883, Bd. 2. S. 193—226. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXIII.) — *192—193.*

Lassalle, F. Brief an K. Marx. 24. Juni 1852.— In: Lassalle, F. Briefe an K. Marx und F. Engels 1849 bis 1862. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 52—54. (In: Aus dem literarischen Nachlass von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. F. Mehring. Bd. 4.) — *400.*

Leroy-Beaulieu, A. Un homme d'état Russe (Nicolas Milutine) d'après sa correspondance inédite. Etude sur la Russie et la Pologne pendant le règne d'Alexandre II (1855—1872). Paris, Hachette, 1884. XI, 332 p.— *36.*

Mack, P. Der Aufschwung unseres Landwirtschaftsbetriebes durch Verbilligung der Produktionskosten. Eine Untersuchung über den Dienst, den Maschinentechnik und Elektrizität der Landwirtschaft bieten. Königsberg, 1900. 56 S.— *145, 147—148.*

Mackenzie, W. La Russie. Le pays — les institutions, les moeurs. Ouvrage trad. de l'angl. par H. Bellenger. Paris, Decaux e. Dreyfous, 1877. III, 431, 448 p.— *422.*

Marx, K. und Engels, F. Manifest der Kommunistischen Partei. Veröffentlicht im Februar 1848. London, gedr. in der Office der «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter» von J. E. Burghard, 1848, 23 S.— *161.*

Marx, K. Das Elend der Philosophie. Antwort auf Proudhouns «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorw. und Noten von F. Engels., Stuttgart, Dietz, 1885. XXXVII, 209 S.— *245.*

* — *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III, T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Pro-

duktion. Kap. XXIX bis LII. Hrgs. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.—*116—120, 124—125, 198, 252—253, 281.*

Marx, K. Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850. Abdr. aus der «Neuen Rheinischen Zeitung». Mit Einl. von F. Engels. Berlin, «Vorwärts», 1895. 112 S.— *76.*

— *Theorien über den Mehrwert.* Aus dem nachgelassenen Manuskript «Zur Kritik der politischen Ökonomie». Hrsg. v. K. Kautsky. Bd. II. David Ricardo. 2 T. Stuttgart, Dietz, 1905. IV, 384 S.— *127—128, 253—254.*

Mazade, Ch. de. La Russie sous l'Empereur Alexandre II. La crise de l'autocratie et la société russe.— In: «La Revue des deux Mondes», Paris, 1862, 15 Juin, p. 769—803.— *29—30.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1899—1900, 18 J-g, Bd. I, N 10, S. 292—300; N 11, S. 338—346; N 12, S. 363—368; N 14, S. 428—463; N 15, S. 470—477.— *153, 154—157, 178.*

— 1900—1901, 19 J-g, Bd. I, N 18, S. 565—572.— *144—145.*

— 1900—1901, 19 J-g, Bd. II, N 27, S. 20—28.— *159.*

Pringsheim, O. Landwirtschaftliche Manufaktur und elektrische Landwirtschaft.— «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik», Berlin, 1900, Bd. XV, S. 406—418.— *144—145, 147—148.*

Pudor, H. Das landwirtschaftliche Genossenschaftswesen im Auslande. Bd. I. Das landwirtschaftliche Genossenschaftswesen in den skandinavischen Ländern. Leipzig. Dietrich, 1904. VIII, 153 S.— *267—268, 274—275.*

Ranke, H. Die Verhältnisse von drei Bauerngemeinden in der Umgebung Münchens.— In: Bäuerliche Zustände in Deutschland. Berichte, veröffentlicht vom Verein für Sozialpolitik. Bd. 1. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883, S. 273—294. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXII.)— *193.*

«La Revue des deux Mondes», Paris, 1862, 15 Juin, p. 769—803.— *29.*

Richter, E. Sozialdemokratische Zukunftsbilder. Berlin, 1891, 48 S.— *156—157.*

Schriften des Vereins für Sozialpolitik. XXII—XXIV. Bäuerliche Zustände in Deutschland. Bd. 1—3. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1883. 1 Bd.— *191.*

— XXII. Bäuerliche Zustände in Deutschland. Bd. 1. S. 61—74, 273—294.— *191—192, 193.*

— XXIII. Bäuerliche Zustände in Deutschland. Bd. 2. S. 193—226.— *192—193.*

— XXIV. Bäuerliche Zustände in Deutschland. Bd. 3. S. 59—112; 2 Tab.—*255—266, 287.*

Seufferheld, A. Die Anwendung der Elektrizität im landwirtschaftlichen Betriebe, aus eigener Erfahrung mitgeteilt. Stuttgart, Ulmer, 1899. 42 S.— *145.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1889, N 2, S. 62—71.— *137 — 138, 168, 170, 172—173, 231—232.*

Sprenger. Die Lage der Landwirtschaft in Baden. Karlsruhe, 1884.— *199.*

Statistik des Deutschen Reichs. Hrsg. vom Kaiserlichen Statistischen Amt. Neue Folge. Bd. 112. Die Landwirtschaft im Deutschen Reich. Nach der landwirtschaftlichen Betriebszählung vom 14 Juni 1895. Berlin, 1898. VIII, 70, 500 S.— *112—114, 137—138, 149—150, 182, 204, 207—208, 239—240, 243, 244, 246—247, 265—266.*

Statistique agricole de la France. Résultats généraux de l'enquête décennale de 1892. Paris, 1897. 451, 365 p.— *111.*

«Thiel's Landwirtschaftliche Jahrbücher» — қараңыз: «Landwirtschaftliche Jahrbücher».

Tikhomirov, L. La Russie politique et sociale. Paris, Giraud, 1886. IV, 560 p.— *42.*

«Der Volksstaat», Leipzig, 1872, N 51, 26. Juni, S. 1—2; N 52, 29 Juni, S. 1—2; N 53, 3. Juli, S. 1—2; N 103, 25. Dezember, S. 1—2; N 104, 28. Dezember, S. 1—2; 1873, N 2, 4. Januar, S. 1—3; N 3, 8. Januar, S. 1; N 12, 8. Februar, S. 1; N 13, 12. Februar, S. 1—2; N 15, 19. Februar, S. 1; N 16, 22. Februar, S. 1.— *161—162, 166—167.*

«Vorwärts», Leipzig — Berlin.— *156.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аксаков, И. С. (1823—1886) — славянофилдердің көрнекті қайраткері, жазушы және публицист. Патша әкімшілік орындарының қызмет бабын пайдаланатынын әшкереледі, баяу-либералдық программаны — баспасөз бостандығын беруді, дворяндардың артықша жағдайда болуын жоюды, т. б. жақтады. Ол шығарып тұрған «Парус», «День», «Москва» газеттерін цензура талай рет қудалады. 1863 жылғы поляк көтерілісінен кейін Аксаков дворяндық-крепостниктік реакцияны жақтады, орыс монархиясының басшылығымен славян халықтарын біріктіру идеясын уағыздады. Кейбір жеке мәселелер бойынша үкіметті сынағанымен, Аксаков әрқашан монархизмнің жақтаушысы болды. Жергілікті жер өзін өзі басқаратын, елді патша билейтін мемлекет құру жөніндегі оның жоспарын патша үкіметі либералдарға іш тарту үшін кеңінен пайдаланды.— *31, 49.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі; 70-жылдары — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан бастап — «Искра» және «Заря» редакциясының мүшесі. РСДРП II съезінде — меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген «жұмысшы съезін» шақыру жөнінде оппортунистік идея ұсынды, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарсы қойды. Реакция жылдарында жойымпаздар басшыларының бірі, меньшевик-жойымпаздардың «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына енді, 1912 жылы антипартиялық «август блогына» қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде өзінің социал-шовинистік көзқарастарын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемелеп, центристік позиция ұстады. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оңшыл қанатқа қосылды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады.— *68, 437.*

Дрездендегі көтеріліске басшылық етті, тұтқынға алынып, дарға асуға кесілді, кейіннен бұл үкім өмір бойы тұтқында отырумен ауыстырылды. Саксония өкімет орындары оны Австрия үкіметіне ұстап берді, ал ол 1851 жылы оны патша үкіметіне табыс етті. 1851—1854 жылы Петропавл қамалының Алексеев равелинінде, одан соң Шлиссельбург қамалында отырды. Тұтқында отырғанында I Николайға «Тәубешілік» хат жазып, онда өзінің әрекеттері үшін өкінетінін білдірді және революциялық көзқарастардан бас тартты. 1857 жылы өмір-бақи Сибирьде тұруға жер аударылды, 1861 жылы онан Англияға қашты. «Колоколға» қатысуға әрекет жасап көрді, бірақ Бакуниннің көзқарастарымен келіспеген А. И. Герцен оның өтінішін қабыл алмады. 1868 жылдан бастап I Интернационалдың жұмысына қатысты, оның ішінен анархистердің астыртын одағын («Социалистік демократия альянсы») ұйымдастырды; бұл одақты Интернационалға қарама-қарсы қоюға және Бас Советке басшылық ісін өз қолына түсіріп алуға тырысты, бұл әрекетінде «қандай құралды болсын қолданудан, қандай зұлымдықтан болсын тартынған жоқ; өтірік-өсек, жалақорлық, қорқыту-үркіту, таса тұрып тап беру — оған осының бәрі бірдей тән нәрселер» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XIII том, 2-бөлім, 1940, 539-бет). Шыр бұзатын қылықтары үшін ол Маркстің талап етуі бойынша 1872 жылы Интернационалдан шығарылды.

«Бакуниннің ерекше теориясы бар,— деп жазды Энгельс,— прудонизмді коммунизммен араластыру...» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 297-бет). Бакунин өндіріс құрал-жабдықтарына коллективтік меншік идеясын индивидуумның анархиялық «абсолюттік бостандығымен» ұштастырды. Люмпен-пролетариат пен ұсақ буржуазияның мүдделерін білдіре отырып, ол мемлекетті құртуды талап етті, буржуазиялық қоғамның басты кеселі капиталда емес, мемлекетте деп білді. Пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін жоққа шығарғанда, Бакунин анархиялық әлеуметтік революция үшін неғұрлым қолайлысы — шаруалар басым артта қалған елдер болады деп есептеді. Революцияның нәтижесі «таптардың теңестірілуі», «еркін ассоциациялардың» бірігуі болуы тиіс. Маркс пен Энгельс өздерінің еңбектерінде бакунизмнің реакциялық мәнін әшкереледі, Лениннің анықтамасы бойынша, бакунизм «өзін сақтап қалудан үмітін үзген ұсақ буржуаның» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) көзқарасы болды.— *29—30, 411.*

Бакунин, Н. А. (1818—1901) (А. А. Бакуниннің ағасы, М. А. Бакуниннің інісі) — Тверь губерниясы дворяндарының либерал қайраткері. 1858 жылы шаруа мәселесі жөніндегі Тверь комитетінің мүшесі, 1861 жылдан Тверь губерниялық шаруа істері жөніндегі присутствиенің мүшесі болды. Тверь дворяндарының 1862 жылы сословиелік пұрсаттылықтарды жоюды, жария сот құруды, халықтан сословиесіне қарамай сайламшылар шақыруды талап етіп, патша үкіметіне жолдаған адресі ини-

циаторларының бірі. Адреске қол қойған басқа дворяндармен бірге тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды. Кешірім сұрау жөніндегі шағымға қол қоюдан бас тартты. Бір жыл тұтқында ұсталған соң, ол қоғамдық қызмет атқару правосынан айрылып босатылды.— *29—30.*

Бензинг (Bensing), *Август Франц* (1870 ж. туған) — немістің буржуазияшыл экономисі. Гейдельберг университетінің профессоры, 1897 жылы Бреславльде шыққан «Der Einfluß der Landwirtschaftlichen Maschinen auf Volks- und Privatwirtschaft» («Халық шаруашылығына және жеке меншік шаруашылыққа ауыл шаруашылық машиналарының ықпалы») деген кітаптың авторы.— *134—137, 241.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист және публицист. XIX ғасырдың 90-жылдарында халықшылдармен буржуазиялық либерализм позициясынан күрес жүргізді. 1901 жылы «Қоғамдық философиядағы субъективизм мен индивидуализм» деген кітап шығарып, онда марксизмге ашықтан-ашық қарсы шықты. 1905 жылы кадеттер партиясына қосылды. Реакция кезінде марксизмге дұшпан діни-философиялық құдай іздеғімпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін өскелең коммунизмнен құтылудың амалы есепті орта ғасырлық схоластиканың қорғаушысы ретінде әрекет жасады. 1922 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, дүниеге революциялық көзқарас пен социализмге қарсы бағытталған мистицизм мен идеализмнің нағыз қара ниет формасы басшыларының бірі болды.— *69, 129, 160.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — неміс социал-демократиясы мен II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. 1881 жылдан 1890 жылға дейін — герман социал-демократиясының астыртын органы «Der Sozial-Demokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген жалпы тақырыппен, кейін «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітабында жинақтаған мақалалар сериясын жариялап, онда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресінің маркстік теориясын, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. Бернштейн жөнінде айта келіп, В. И. Ленин: «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деді (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп

жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формула ұсынды.

Бернштейн мен оның ізбасарларының теориялық көзқарастары халықаралық ревизионизмнің негізін қалады, ал олардың практикалық оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқтырды, бұл сатқындық II Интернационалдың күйреуімен тынды.— *155, 207.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» деп аталған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас герман империясын құру Бисмарктің негізгі мақсаты болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты.

1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті.— *78.*

Блеклов, С. М. (1860—1913) — земство статистигі-халықшыл, Москва университетін бітіргеннен (1885) кейін Полтава, Тверь, Орел губернияларының земстволық мекемелерінде қызмет істеді. 1900—1901 жылдарда Таврия губерниясының бірқатар уездерін зерттеу ісіне басшылық етті. Ол өзінің еңбектері мен есептерінде патша әкімшілігінің көптеген қиянаттарын әшкереледі, 1902 жылы земстводағы қызметтен шығарылды. 1905—1906 жылдарда қоғамдық қозғалысқа қатысты, эсерлер партиясына қосылды. Бүкіл россиялық Шаруалар Одағын ұйымдастыруға қатысып, сол үшін тұтқынға алынды. Тұтқыннан кейін шетелге эмиграцияға кетті.—*362—363.*

Бобриков, Н. И. (1839—1904) — патша армиясының генералы, 1898 жылдан Финляндияның генерал-губернаторы; Финляндияда патша өкіметінің орыстандыру саясатын жүргізді: Финляндияның іс жүргізу жұмысында орыс тілін міндетті тіл етіп енгізді, іс жүзінде конституцияны жойды, кейбір фин әскерлерін таратып жіберді, ұлт-азаттық қозғалысының қандай болсын көріністерін қатал жаныштап отырды. 1904 жылғы 3(16) июньде фин террорисі өлтірді.— *388.*

сонымен қабат революциялық қимылдарды қатал жаныштап отырды. 1863 жылғы поляк көтерілісі басып жаншылғаннан кейін Велепольский орнынан түсіп, шетелге эмиграцияға кетті.— *47.*

Вест — қараңыз: Уэст, Э.

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссияның королі (1888—1918).— *78.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы орыстың мемлекет қайраткері; Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін қорғады, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қатал қуғынға салу арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август 1892), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (1905 жылғы октябрь — 1906 жылғы апрель) бола отырып, Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы, шетел капиталына мейлінше кең есік ашу салаларында қолданған шаралары арқылы Россияда капитализмнің дамуына және елдің империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне мүмкіндік жасады. «Министр-маклер», «биржа агенті» — В. И. Ленин оны осылай сипаттады.— *21, 27—29, 30, 36—37, 42, 43—44, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 52, 53—56, 58, 59, 66, 67, 68, 70, 73—74, 422, 423.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — орыс экономисі және публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдар идеологтарының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895), т. б. кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол Россияда капитализмнің дамуы үшін жағдайлар жоқ деп пайымдады, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. В. И. Ленин Воронцовтың көзқарастарын көптеген еңбектерінде аяусыз сынады.— *260, 436.*

Г

Гаврилов, А. И. (1869 ж. туған) — Обухов заводының жұмысшысы, осы заводта 1901 жылы майда болған ереуіл басшыларының бірі. Тұтқынға алынып, патша сотының үкімі бойынша 6 жылға каторгалық жұмысқа кесілді.— *319.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — неміcтің аса ірі философы — объективтік идеалист. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы

неміс идеализмінің шырқау шыңы болды. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі — идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап шешуі, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болды. Гегельдің пайымдауы бойынша, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үнемі қозғалыста болады, өзгеріп, қайта өзгеріп және дамып отырады; алайда Гегель объективтік дүниені, болмысты абсолюттік рухтың, абсолюттік идеяның жемісі деп қарайды. В. И. Ленин абсолюттік идеяны идеалист Гегельдің ойдан шығарған теологиялық өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен іс жүзінде дамуды тоқтатуды талап ететін консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән қасиет. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын елегінен өткізе отырып, объективтік дүние мен адам ойы дамуының негұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты-басты шығармалары: «Рух феномологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін шыққан еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар немесе өнер философиясы» (1836—1838).—*166.*

Гелльригель (Hellriegel), *Герман* (1831—1895) — немістің белгілі агрохимигі; ол бұршақ өсімдіктердің тамырында мекендейтін бактериялар ауадағы азотты ұстап қалатынын, ал оның өзі өсімдік үшін азотты коректік зат болатынын ғылыми тұрғыдан негіздеді. 1856—1873 жылдары Дамдағы (Пруссия) тәжірибе станциясын, ал 1882 жылдан Бернбургтегі тәжірибе станциясын басқарды.

Гелльригельдің негізгі еңбектері: «Beitrage zu den naturwissenschaftlichen Grundlagen des Ackerbaues mit besonderer Rücksicht auf die agrikulturchemischen Methoden der Sandkultur» («Егіншіліктің жаратылыс тану-ғылыми негіздері туралы, әсіресе құмайт топырақты жерді баптаудың агрохимиялық әдістері туралы материалдар»), «Untersuchungen über die Stickstoffnahrung der Gramineen und Leguminossen» («Шөп және қабықты өсімдіктердің азотпен қоректенуі жөніндегі зерттеулер»). Соңғы еңбекті ол Н. Вильфартпен бірлесіп жазды.—*158.*

Гельмс (Helms), *Эмиль* — дат катедер-социалисі; 1907 жылы Лейпцигте шыққан «Die sozialdemokratische und gewerkschaftliche Bewegung in Dänemark» («Даниядағы социал-демократия және кәсіподақ қозғалысы») деген еңбектің авторы.— *249.*

Герц (Hertz), *Фридрих Отто* (1878 ж. туған) — австриялық экономист, социал-демократ — ревизионист. «Die Agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus. Mit einer Vorrede von

Ed. Bernstein» («Социализм тұрғысынан алынған аграрлық мәселелер. Алғы сөзін Эд. Бернштейн жазған») (1899) атты кітапта аграрлық мәселе жөнінен марксизм іліміне қарсы шықты, сөйтіп, фактілерді бұрмалау арқылы, ұсақ шаруа шаруашылығының тұрақтылығын, ірі шаруашылықтың бәсекесіне оның қарсы тұра алатынын дәлелдеуге тырысты. Буржуазиялық апологеттер Булгаков, Чернов және басқалары өздерінің марксизмге қарсы күресінде Россияда аударылып басылған Герцтің кітабын кеңінен пайдаланды.—*105, 132, 133, 137, 138, 141, 151, 152—153, 154, 155—156, 157, 159—160, 168, 170, 171, 172, 177—178, 187, 191, 192, 194, 196—197, 204, 230, 231, 233, 234—235, 240, 244.*

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революцияшыл-демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристердің дәстүрін жалғастырған дворян революционері ретінде енді. 1829—1833 жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен утопист социалистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып-үйренген алдыңғы қатарлы, революциялық пиғылдағы жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа да мүшелерімен бірге қамауға алынып, 1835 жылы Пермьге, соңынан Вяткаға, Владимир мен Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып оралғаннан кейін Москвада тұрды. Герценнің бұл кезде жазған «Ғылымдағы дилетантизм» (1842—1843) және «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» (1844—1846) деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. В. И. Ленин Герценге диалектикалық материализмге әбден таяу келіп, тарихи материализмнің табалдырығында тоқтап қалған аса көрнекті ойшыл деген сипаттама берді. 1847 жылғы январьда патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен шетелге эмиграцияға кетті. Әуелі Парижде, Ниццада тұрды, ал 1852 жылы Лондонға көшіп келіп, мұнда орыс баспаханасын ашып, шетелде орыстың еркін баспасөзін құрды. Бірнеше революциялық прокламациялар, кітапшалар мен мақалалар бастырып шығарғаннан кейін, 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылдан бастап Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады. 1848 жылғы қозғалыс пен Маркске дейінгі социализмнің буржуазиялық-демократиялық мәнін түсінбей, Герцен орыс революциясының буржуазиялық табиғатын ұғына алмады, демократизм мен либерализм арасында ауытқумен болды. 60-жылдары Герцен либерализмнен батыл қол үзді, сөйтіп революцияшыл демократия жағына шыққан ол «өзінің назарын... *Интернационалға,* Интернационал болғанда, кәдімгі Маркс басшылық еткен Интернационалға... аударды» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 12-бет). Огаревқа жазған хатында Герцен Маркс еңбектерінің орыс тіліне аударылуын құттықтады.

В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (1912) Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихында атқарған роліне баға берді.— *34, 35, 65.*

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, I Мемлекеттік думаның мүшесі, орыс буржуазиясының басты партиясы — кадеттердің лидері және оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздікшілер өлтірді.— *267.*

Гехт (Hecht), *Мориц* — немістің буржуазияшыл экономисі және статистигі, буржуазиялық экономистердің капитализм тұсындағы ұсақ шаруашылықтың тұрақтылығы жөніндегі пайымдауларын қорғаған «Drei Dörfer der badischen Hard» («Бадендік Гардтың үш деревнясы») деген шаруа шаруашылығы туралы монографияның авторы. Бұл кітапты ревизионистер өздерінің марксизмге қарсы күресінде пайдаланды.— *169—170, 171—174, 175—176, 197—198, 222, 230, 231, 244, 245—246.*

Гольц (Goltz), *Теодор Александр* (1836—1905) — немістің буржуазияшыл экономисі және агрономы, Кёнигсберг, кейін Иена ауыл шаруашылық институттарының директоры. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, бұл еңбектерінде ірі жер иелерінің мүдделерін қорғады.— *142—143.*

Гордеенко, М. Е.— 1900—1901 жылдары Харьков губерниялық земство басқармасының председателі.— *362.*

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакцияшыл бюрократияның етене өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары ішкі істер министрі болып, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакцияшыл («контрреформалар» саясаты деп аталатын) саясат жүргізді; жұмысшы қозғалысын қатал жаныштады. 1906 жылғы апрельден авгусқа дейін, 1914 жылдың январынан 1916 жылдың январына дейін Министрлер советінің председателі болды.— *21, 27, 54, 55, 56.*

Горький, Максим (*А. М. Пешковтың* бүркеншік аты) (1868—1936) — пролетариаттың ұлы жазушысы, социалистік реализмнің негізін қалаушы, совет әдебиетінің атасы. Горькийге қаршадайынан жоқшылық пен мұқтаждықтың ауыр азабын басынан кешіруге тура келді, ол Россияны көп аралап көрді, революциялық жұмысшы қозғалысына қатысты, талай рет патша үкіметінің қудалауына да ұшырады. Горький өзінің шығармаларында Россия жұмысшы табының өмірін, оның патша өкіметі мен капитализмге қарсы, еңбекшілерді азат ету жолындағы қаһармандық күресін суреттеді. Ол патша әкімшілігінің озбырлығы мен деспотизмін ерекше күшпен әшкереледі, мещандық пен пасықтықты аяусыз соққылады, буржуазиялық интеллигенцияның ішкі дүниесінің бостығы мен бейімсіздігін ақтара ашты, еңбекші бұқараның ұлы жасампаздық күшін, революциялық күрес процесінде жаңа адамның қалыптасып келе жатқанын көрсетіп берді. Горький шығармаларының бәрі революциялық гуманизм идеяларына толы. М. Горький революцияшыл

пролетариаттың күресінде оған тілектес болды, социал-демократиялық партияға көмек көрсетті. В. И. Ленин Горькиймен жақын таныс болды, оның талантын жоғары бағалады, оған қателіктерін көрсетіп отырды және ол жөнінде ұдайы қамқорлық жасады. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Горький интеллигенцияны Совет өкіметінің төңірегіне топтастыру жөнінде зор көлемді және алуан түрлі жұмыс жүргізді. Ол совет жазушылары одағын құрудың инициаторы болды және өмірінің ақырына дейін осы Одақтың председателі болып істеді. Горькийдің советтік құрылыс мәселелері, бейбітшілікті қорғау жөніндегі айтқан сөздерінің орасан зор маңызы болды. Горький фашизммен күреске қажымай-талмай шақырды, екінші дүние жүзілік соғысқа дайындықты әшкереледі, соғысқа қарсы халықаралық конгрестерді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Ол бірқатар очерктері мен памфлеттерінде қазіргі замандағы империализмді, әсіресе американ империализмін батыл түрде, өлтіре сынады. Суреткер ретінде Горький орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің дамуын тәмәмдап, пролетарлық социалистік әдебиеттің негізін салушы болды. Горький — аса көрнекті сыншы және публицист; ол совет әдебиетінің дамуына, шетелдердегі көптеген озық ойлы жазушыларға және бүкіл дүние жүзінде демократиялық әдебиеттің өркендеуіне орасан зор ықпалын тигізді.— *402—403.*

Градовский, А. Д. (1841—1889) — орыс юрисі, право тарихшысы және публицист, Петербург университетінің профессоры, буржуазиялық либерализмнің өкілі. 80-жылдардың басында «Голос» газетіне революциялық қозғалысқа қарсы бағытталған мақалалар жазды, сонымен бірге самодержавиені еш нәрседен тежемейтін, бірақ сол кездегі озбырлық пен заңсыздық тәртіпті әлсіретуге тиіс баяу реформалардың қажеттігін қолдаған пікірлер айтты. «Голос» жабылғаннан (1884) кейін түгелдей ғылыми-оқытушылық қызметпен шұғылданды.— *47.*

Гроссман, Г. А. (Ковров, А.) (1863 ж. туған) — журналист, меньшевик, «Русское Богатство», «Образование», «Жизнь» журналдарына қатысып тұрды, Эд. Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітабын орыс тіліне аударды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, 1919 жылы Одессада советтерге қарсы меньшевиктік «Грядущий День» журналын шығаруға қатысты, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *242.*

Гушке (Huschke), *Лео* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Landwirtschaftliche Reinertrags-Berechnungen bei Klein-, Mittel- und Großbetrieb, dargelegt an typischen Beispielen Mittelthüringens» (1902) («Орта Тюрингияның қарапайым мысалдары арқылы анықталған ұсақ, орташа және ірі ауыл шаруашылық өндірісінің беретін кірістерін есептеу») деген еңбектің авторы.—*190—191.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оңшыл басшыларының бірі, ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналын құрушылардың бірі, кәсібі — экономист. Ол әзірлеген аграрлық программаның жобасында капитализм тұсында ұсақ жеке меншікті қамтамасыз ету және оны нығайту талабы басты талап ретінде қойылды (1895 жылы Бреславль съезі бұл жобаны қабылдамай тастады). 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. Давид бұл кітабында марксизмнің аграрлық мәселе жөніндегі ілімін бекерге шығаруға, сөйтіп ірі капиталистік шаруашылық алдында ұсақ шаруалар шаруашылығының «артықшылығы» мен «тұрақтылығын» дәлелдеуге тырысты. 1903 жылдан бастап Давид рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист, 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі, герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-дің және жұмысшы табының жауы. В. И. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер) адам деп сипаттады.—*137, 138, 168, 169, 170, 172, 196, 230, 231, 240—254, 255, 259, 260, 263—264, 265—267, 275, 277—278.*

Даниельсон, Н. Ф. (Н.—он, Николай — он) (1844—1918) орыстың экономист жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдық идеологтарының бірі; 60—70-жылдарда Даниельсон революцияшыл әр текті жастар үйірмелерімен байланысты болды. Даниельсон К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастап қолға алған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтап шықты. «Капиталды» аударып жүрген кезінде ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды, онда Россияның экономикалық дамуы проблемаларын да сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің түпкі мәнін ұқпады, сөйтіп кейінірек оған қарсы шықты. 1893 жылы «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды; бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықты теориялық жағынан негіздеу болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын аяусыз сынады.— *165, 353, 438.*

Дахин, Е. С. (1871 ж. туған) — Петербургтегі Александр заводының жұмысшысы, 1901 жылы майда Обухов заводында болған толқулар туралы іс бойынша айыпталғандардың бірі.— *319.*

Демомбин (Demombynes), *Габриель* (1840 ж. туған) — француз адвокаты, мемлекеттік право мәселелері жөніндегі маман,

«Constitutions européennes» («Европалық конституциялар») деген еңбектің авторы.— *422—423.*

Диккенс (Dickens), *Чарлз* (1812—1870) — ағылшынның аса көрнекті реалист жазушысы. Өзінің шығармаларында (олардың ішінде негұрлым елеулілері: «Пикквик клубының өлгеннен кейінгі жазбалары» (1837), «Оливер Твист» (1838), «Домби мен оның ұлы» (1848), «Қиын-қыстау замандар» (1854), «Кішкентай Доррит» (1857), «Біздің ортақ досымыз» (1865)) буржуазиялық Англияның өмірін суреттеді. Ол бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдің — байлық пен кедейліктің арасындағы ұлғайған тұңғиықты: байлардың сән-салтанатты молшылығын, еңбекшілердің қайыршылығы мен правосыздығын, Лондонның қараңғы түкпірлерін, түнеп шығатын үйлерін, кедей балаларының адам төзгісіз жағдайын көрсетіп берді. Капиталистік тәртіпті әшкерелей отырып, Диккенс бұл тәртіпке қарсы күресуге шақырған жоқ, ал меншік иелерін моральдық жағынан қайта тәрбиелеудің көмегімен буржуазиялық қоғамда әділеттілікке жетудің утопистік идеяларын уағыздады.

Маркс Диккенсті «айқын әрі тамаша жазылған кітаптарында дүние жүзіне саяси және әлеуметтік шындықты профессионал саясатшылардың, публицистердің және моралистердің бәрінің көрсеткенін қосқандағыдан көбірек ашып берген осы заманғы ағылшын романистерінің (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 10-том, 1958, 648-бет) тамаша ұрпағына жатқызды.— *343.*

Диттенбергер (Dittenberger) — экономикалық комиссар, Германияның жер өлшейтін орындарының чиновнигі; ол Эйзенахта шаруалар шаруашылығын тексеру жұмысын жүргізді.— *192.*

Дитц (Dietz), *Иоганн Генрих Вильгельм* (1843—1922) — герман социал-демократы, 1881 жылдан 1918 жылға дейін рейхстаг депутаты. Социал-демократиялық партияның баспасына басшылық етті, бұл баспа Маркс пен Энгельстің шығармаларын басып шығарды; Дитцтің баспаханасында орыстың большевиктік «Искра» газетінің алғашқы номерлері, «Заря» журналы, В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегі басылды.—*21, 28, 422.*

Добролюбов Н. А. (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және серігі. 1857 жылдың күзінен бастап Добролюбов «Современник» журналының сын-библиография бөлімін басқарды, кейіннен журналдың «Свисток» атты сатиралық бөліміне де басшылық етті. Добролюбов өзінің әдеби қызметінің төрт жылы ішінде айбынды әдеби сынның үлгісі болып саналатын бірқатар тамаша мақалалар жазды («Қараңғы патшалық», «Қараңғы патшалықтағы жарық сәуле», «Обломовшылдық дегеніміз не», «Жарық таң қашан атар екен» және т. б.). Добролюбов самодержавие

мен крепостниктік тәртіптің ымырасыз жауы болды, озбырлықты жан-тәнімен жек көрді, самодержавиелік үкіметке қарсы халықтық көтерілісті жақтады.

А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен бірге, Добролюбов Россиядағы революцияшыл марксизмнің ізашарларының бірі болды.— *403.*

Долгоруков, П. В. (1816—1868) — князь, жазушы және публицист, орыс қоғамының либералдық бөлігінің өкілі. Үкіметке шаруаларды құнын төлеткізіп жерімен босату қажеттігі туралы жазба табыс еткені үшін қуғынға ұшырады. 1859 жылы эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Эмиграцияда жүргенінде ол «Россия туралы шындық» деген кітап жазды, бұл кітабында Россияда ел билеудің конституциялық үлгісін енгізуді жақтаған пікір айтты. Баспахана ашып, оппозициялық бағыттағы журналдар, газеттер, кітапшалар шығарды: 1860—1861 жылдары — «Будущность» газетін, 1862 жылы — «Правдивый» журналын, 1862—1864 жылдары «Листок» газетін шығарып тұрды; «Колоколға» қатысты, Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік тәртіпті әшкереледі, сөйтіп, А. И. Герценнің айтуынша, ол «... орыс үкіметін тореадордың өгізді тынбастап, аяусыз ызаландырғаны секілді мазақ етті» (Герцен, А. И. Шығармалары мен хаттарының толық жинағы, 21-том, 1923, 89-бет). Патша үкіметі Долгоруковты князьдік атағы мен поместьелерінен айырып, өмір-бақи айдауда жүруге сырттай үкім шығарды.— *72.*

Драгоманов, М. П. (1841—1895) — украин тарихшысы, этнограф және публицист, буржуазиялық либерализм өкілдерінің бірі. Киев университетінің доценті болды; либералдық журналдарға қатысып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады, шетелге эмиграцияға кетті. Эмиграцияда жүріп публицистикалық қызметін тоқтатқан жоқ, патша өкіметінің саясатын әшкереледі, сонымен бірге социализм мен тап күресі теориясына батыл қарсы шықты, халық еріктілері мен социал-демократтарды сынады. Патша өкіметіне қарсы күресте земство қозғалысын тірек тұтты, 1883 жылы өзін земство оппозициясының органы деп жариялаған «Вольное Словоның» редакторы болды. Украин ұлт-азаттық қозғалысының баяу қанатының аса көрнекті басшыларының бірі болды, мәдени-ұлттық автономияны жақтады. 1889 жылы Женевада оның «Россиядағы либерализм және земство» деген кітапшасы шықты, Кавелин мен Тургеневтің Герценге жазған хаттары және Бакуниннің Герцен мен Огаревқа жазған хаттары соның редакциялауымен басылып шықты.— *29—30, 42, 43, 50, 423.*

Дрекслер (Drechsler), *Густав* (1833—1890) — неміс профессоры және Гёттингендегі өзі ашқан ауыл шаруашылық институтының директоры. В. Геннебергпен бірге «Journal für Landwirtschaft» («Ауыл Шаруашылығы Журналы») журналын шығарды, ауыл шаруашылығы жөніндегі: «Die Statik des Landbaues»

(«Егіншіліктің халі») (1869), «Die Entschädigungsberechnung exproprіierter Grundstücke» («Бөлінген жер учаскелері үшін сатып алу есептері») (1873) және басқа еңбектердің авторы. 1887 жылы рейхстагқа сайланды.— *255—258, 260, 265, 287.*

Дружинин — Тверь губерниясы халық училищелерінің инспекторы.— *427—428.*

Е

Ермаков, А. И. (1879 ж. туған) — Обухов заводының жұмысшысы, 1901 жылы майда осы заводта болған ереуіл басшыларының бірі. Патшаның соты оны 5 жыл каторгалық жұмысқа кесті.— *319.*

Ермолов, А. С. (1846—1917) — патша үкіметінің чиновнигі. 1893 жылы мемлекеттік мүліктер министрлігінің басқарушысы, 1894 жылдан 1905 жылға дейін егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрі, бұдан кейін Мемлекеттік советтің мүшесі болды. 1886—1888 жылдары—Ерікті-экономикалық қоғамның вице-президенті. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазып, крепостник помещиктердің мүдделерін бейнелеуші ретінде танылды. 1892 жылы ол «Егіннің шықпай қалуы және халықтың күйзелісі» деген кітап шығарды, онда патша өкіметінің ашаршылыққа ұшыраған шаруалар жөніндегі әрекеттерін ақтауға тырысты.— *94.*

З

З. С. — 1883 жылы «Вольное Слово» журналында жарияланған «Чиновниктердің земствомен он сегіз жылға созылған шайқасы» деген мақаланың авторы.— *426—428.*

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастаған, «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» ұйымдарының мүшесі болды. Шетелге эмиграцияға кеткен Засулич 80-жылдардың басында халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын ұйымдастыруға қатысты. 80—90-жылдарда Засулич К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың халықаралық қоғамы тарихының очеркін» және Ж. Ж. Руссо туралы еңбек жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына ат салысып, оларда бірқатар әдеби-сын мақалалар жариялады. 1900 жылы Засулич лениндік «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

РСДРП II съезінен кейін Засулич меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искра» газетінің редакциясына кір-

ұйым — «Қасиетті жасақты» құрушылардың бірі болды. Революция өрлеуі кезеңінде патша өкіметі тарапынан демократияға берілген жеңілдіктерді толық жоюды талап еткен реакцияшыл дворяндардың нағыз оңшыл тобын басқарды.— *49—50, 71.*

Ильин, Вл.— қараңыз: Ленин, В. И.

К

Каблуков, Н. А. (1849—1919) — экономист әрі статистик, халықшыл, Москва университетінің профессоры. 1885—1907 жылдары Москва губерниялық земство басқармасының статистика бөлімін басқарды, оның басшылығымен «Москва губерниясы жөніндегі статистикалық мәліметтер жинақтары» (1877—1879) құрастырылды. Бірқатар газеттер мен журналдарға қатысып тұрды. Экономикалық және статистикалық еңбектерінде ұсақ шаруалар шаруашылығының «тұрақтылығы» идеясын уағыздады, жер қауымын шаруалардың жіктелуіне бейнебір жол бермейтін форма ретінде қорғады. Тап күресінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде де марксизмге қарсы шығып, таптық ынтымақты уағыздады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Каблуковтың көзқарастарын қатты сынға алды. 1917 жылы Каблуков буржуазиялық Уақытша үкіметтің жанындағы жер жөніндегі Бас комитеттің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында (ЦСУ) жұмыс істеді, оқытушылық және әдеби жұмыстар атқарды. Басты-басты шығармалары мыналар: «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897), «Россияда шаруалар шаруашылығын өркендету жағдайлары туралы» (1899), «Саяси экономия» (1918) және басқалары.— *165.*

Кавелин, К. Д. (1818—1885) — тарихшы және юрист, Москва (1844—1848) және Петербург (1857—1861) университеттерінің профессоры, дворяндық-буржуазиялық либерализмнің өкілі. «Современникке», «Отечественные Запискиге», «Вестник Европыға» қатысып тұрды. 1861 жылғы 19 февральдағы реформаны әзірлеу және оны өткізу кезінде революциялық-демократиялық қозғалысқа қарсы шықты, самодержавиенің қудалау саясатын мақұлдады, үкіметтің революцияға қарсы күресін қолдады. Ленин оны «либералдық көргенсіздіктің жиіркенішті типтерінің бірі» деп атады.— *33, 34—35, 41.*

Караваев, А. Л. (1855—1908) — земство дәрігері, халықшыл, Шаруалар одағының көрнекті қайраткерлерінің бірі. Екатеринославтан 2-Мемлекеттік думаға сайланып, онда трудовиктер фракциясын басқарды, аграрлық комиссияның мүшесі болды, аграрлық және азық-түлік мәселелері жөнінде жазды. Шаруалар мәселесі жөніндегі бірқатар кітапшалардың («Партия мен

шаруалар Мемлекеттік думада», «Үкіметтің жер жөніндегі уәделері және шаруалар депутаттарының талаптары», «Жер жөніндегі жаңа заңдар») авторы. 3-Мемлекеттік думаға сайлаудың қарсаңында оны Екатеринославта қаражүздіктер өлтірді.— *267.*

Катков, М. Н. (1818—1887) — орыстың реакцияшыл публицисі, 1851 жылдан бастап монархиялық реакцияның қолшоқпары — «Московские Ведомости» газетін редакциялады. Барып тұрған монархист, қоғамдық прогресс атаулының дұшпаны болды, ол өзін «самодержавиенің байлаулы төбеті» деп атады. Катковтың есімі нағыз қараниет монархиялық реакцияның символына айналды.— *30, 48, 49, 51, 79, 364, 420.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, бастапқыда марксист, кейіннен марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Каутский 1874 жылдан былай социалистік қозғалысқа қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдік пен анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутский оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны талай рет қатты сынға алған болатын. 80—90-жылдары Каутский маркстік теорияның жекелеген мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды, олар: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) және басқалары; бұл еңбектер, жіберілген қателеріне қарамастан, марксизмді насихаттауда пайдалы роль атқарды.

Кейін революциялық қозғалыс кең қанат жайған кезде Каутский оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, ал соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы сөздермен бүркемелеп, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне көшті. Каутский әсіре империализм теориясын ұсынды, оның реакцияшылдық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әшкереледі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский советтік социалистік құрылысты, коммунизмді дұшпандық сынға алды.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар еңбектерінде каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қаупін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-

нан бастап Россияда социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты, 90-жылдардың басында шетелге эмиграцияға кетті, «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. Көп кешікпей «Еңбекті азат ету» тобынан қол үзді. 90-жылдардың аяғында оппортунистік «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі, «Одақтың» органы — «Рабочее Делоның» редакторы болды. РСДРП II съезінен кейін Кричевский социал-демократиялық қозғалыста ешқандай роль атқарған жоқ.— *297—299, 382.*

Круглов — қараңыз: Коган-Гриневич, М. Г.

Крузе, Н. Ф. (1823—1901) — орыс жазушысы және қоғам қайраткері. 1855 жылдан 1858 жылға дейін цензор болып істеді, 1865 жылы Петербург губерниясы земство басқармасының председателі болып сайланды; үкіметке қарсы оппозицияда болғаны үшін патшаның указы бойынша ол бұл қызмет орнынан алынып, Оренбургке жер аударылды (1867). Кейіннен әдеби қызметпен шұғылданды, «Вестник Европыға», «Русский Вестникке» және «Русская Старинаға» қатысып тұрды.—*39.*

Кутцлеб (Kutzleb), *В.*—немістің буржуазияшыл экономисі, «Ist der bauerliche Wirtschaftsbetrieb mit dem der großen Güter konkurrenzfähig?» («Шаруалар шаруашылықтары ірі имениелермен бәсекелесе ала ма?») деген еңбектің авторы; оның бұл еңбегі 1885 жылы «Landwirtschaftliche Jahrbücher»-де («Ауыл шаруашылық Әржылдықтарында») жарияланған болатын.—*133.*

Л

Лагермарк, Г. И. (1843 ж. туған) —Харьков университетіндегі органикалық химия профессоры, 1889—1901 жылдары ректор болып істеді, Харьков мал дәрігерлік институтында лекция оқыды, 1902 жылдың аяғында отставкаға шықты. Саяси көзқарасы жағынан — реакцияшыл, прогрестік қоғамдық қозғалыстың дұшпаны.— *404.*

Ланской, С. С. (1787—1862) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ішкі істер министрі (1855—1861). 1861 жылғы 19 февральдағы реформаны әзірлеу кезінде ол шаруалар ісі жөніндегі Құпия комитеттің мүшесі болды. 1857 жылы крепостниктік правоны жоюдың негізгі бастамаларының жобасын ұсынып, онда ол шаруаларды төлемін алып босатуды ұсынды. Реформаның тонаушылық, крепостниктік сипатта болуына Ланскойдың жобасы едәуір әсер етті.— *36.*

Лассаль (Lassalle), ***Фердинанд*** (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін салушы.

Лассаль «Жалпы герман жұмысшы одағын» құрушылардың бірі болды (1863). Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысына тиімді маңызы болды, алайда Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Өз мақсаттарын бейбіт парламенттік қызмет жолындағы күреспен шектей отырып, лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы жолында жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің жәрдемімен өндірістік жұмысшы серіктіктерін құру жолымен «халықтық еркін мемлекет» орнатуға жетпек болды. Лассаль Германияны реакциялық Пруссияның басшылығымен «жоғарыдан» біріктіру саясатын жақтады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационал қызметіне және Германияда шынайы жұмысшы партиясын құруға бөгет болды, жұмысшылардың таптық сана-сезімінің қалыптасуына кедергі жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси қателерін марксизм-ленинизм классиктері қатты сынады (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын», В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалары).— *399—400.*

Ленин, В. И. (Вл. Ильин, Фрей) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *75, 106, 250, 267, 268, 295, 381.*

Леруа-Болье (Leroy-Beaulieu), *Анатоль* (1842—1912) — француздың либерал публицисі, тарих профессоры. 1872 жылдан 1881 жылға дейін Россияда төрт рет болып, Россияның мемлекеттік және қоғамдық құрылысы жөнінде «L'Empire des Tsars et Russes» («Патшалар империясы және орыстар») деген кітап жазды. Ол европалық елдердің тарихы, экономикасы және халықаралық қатынастары мәселелері жөнінен бірқатар еңбектер жазды.— *36.*

Либих (Liebig), *Юстус* (1803—1873) — немістің аса көрнекті химигі, агрономиялық химия мен топырақтану ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі; ол топырақтағы органикалық және минералдық заттардың «қалпына келу заңын» ашты. Либихтың еңбектерін К. Маркс жоғары бағалады. Орыс тілінде оның мынадай кітаптары шықты: «Жасанды тыңайтқыштар немесе туктер», «Химия туралы хаттар», «Органикалық денелерді талдауға басшылық», «Химияны егіншілікте және физиологияда қолдану жөнінде» және басқалары.— *119, 162.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Герман социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, соңынан Лондонға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақын танысты. Маркс пен Энгельстің ықпалымен социалист болды, ал 1862 жылы Германияға қайтып оралғаннан кейін және

I Интернационал құрылғаннан кейін оның революциялық идеяларының неғұрлым қызу насихатшыларының бірі және Интернационалдың Германиядағы секцияларын ұйымдастырушы болды. 1875 жылдан бастап өмірінің аяғына дейін Германия социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның Орталық Органы «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік-герман рейхстагының депутаты болды, ал 1874 жылдан бастап Герман рейхстагының депутаты болып әлденеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакцияшыл сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент мінбесін шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеде отырды. II Интернационалды құруға белсене қатынасты. Маркс пен Энгельс Либкнехті жоғары бағалады, оның қызметіне бағыт беріп отырды, сонымен бірге Либкнехттің оппортунистік элементтер жөнінде жүргізген ымырашылдық саясатын қатты сынға алды.— *6.*

Лорис-Меликов, М. Т. (1825—1888) — граф, генерал, 1880 жылдың февралында «Мемлекеттік тәртіпті және қоғамдық тыныштықты қорғау жөніндегі Жоғарғы жарлықшы комиссияның» председателі болып тағайындалды, 1880 жылдың августынан — ішкі істер министрі. Ол өзінің реакцияшыл әрекеттерін либералдық көпірме сөздермен бүркемелей білуімен көзге түсті. Оның саясаты «азуға басу» және «бұлаң құйрық» саясат деп аталды, ал оның министр болып тұрған кезі баспасөзде кекесінді мәнде «жүрек диктатурасы» деп аталып кетті. Патша үкіметі амалдау саясатын тоқтатқан кезде, 1881 жылғы 1 марттан кейін, Лорис-Меликов отставкаға шықты.— *44—46, 47—49, 71.*

Лохтин, В. М. (1849—1919) — гидротехник және гидролог. 1892—1899 жылдары Қазан қатынас жолдары округінің бастығы болды. 1901 жылғы октябрьде Волга жолы инженерлерінің қызмет бабын пайдаланғаны туралы іс жөнінде куә ретінде сотқа қатысуға тиісті болды. Бірақ бұл қиянат істерге өзі де араласқандықтан, ол сотқа барған жоқ.— *356, 357.*

Любощинский, М. Н. (1817—1889) — шаруалар реформасын әзірлеу және өткізу кезінде Сенаттың бірінші департаментінің обер-прокуроры болды. Азаматтық істер жөніндегі сотты жүргізу уставының жобасына ол бірқатар ескертпелер айтты, мұны патша үкіметі ұнатпады. Өмірінің соңғы жылдарында түрме істері жөніндегі Советтің председателі болды.— *39.*

М

Мак (Mack), *П.*— Шығыс Пруссия помещигі, ауыл шаруашылығындағы машина техникасы мен электрлендірудің ролі туралы зерттеулердің авторы.— *145, 147—148.*

Макаров, В. А.— инженер-жолшы, 900-жылдардың басында Қазан қатынас жолдары округінің бастығы болды. 1901 жылдың

октябрінде Волга жолы инженерлерінің қызмет бабын пайдаланғаны туралы іс жөніндегі сотта куә ретінде сөз сөйледі.— *357.*

Мальтус (Malthus), *Томас Роберт* (1766—1834) — ағылшынның реакцияшыл буржуазиялық экономисі, халықтың өсіп-өнуі жөнінде адамға өшпенділік теорияның негізін салушылардың бірі. «Халықтың өсіп-өнуінің заңы туралы тәжірибе» (1798) деген еңбегінде Мальтус еңбекшілер қайыршылығының себебін капитализмнің экономикалық жағдайларынан емес, қайта табиғаттан, жер бетінде тіршілік құралдарының мүлдем тапшылығынан іздеу керек деп дәлелдеуге тырысты. Мальтустың «теория» — схемасы бойынша тіршілік құралдарын өндіру бейнебір арифметикалық прогрессия бойынша, ал халық геометриялық прогрессия бойынша өседі-міс. Осындай желеумен Мальтус соғыстар мен жұқпалы ауруларды халықтың санын азайту құралдары ретінде ақтады, еңбекшілерді некелесуден тартынуға шақырды. «Мальтустың ғылыми мәселелер жөніндегі қорытындылары,— деп жазды Маркс,— жалпы алғанда үстем таптарға, әсіресе осы үстем таптардың реакцияшыл элементтеріне *«жалтақтай қарап»* жасалған; ал бұдан мынадай мағына шығады: Мальтус осы таптардың мүдделеріне бола ғылымды *бұрмалайды»* (К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», II бөлім, 1957, 113-бет). Россияда Мальтустың көзқарастарын Струве, Булгаков және басқалары қолдады. Осы күнгі империалистік буржуазия мальтусшілдік теорияларды жандандырып, оларды еңбекшілерге қарсы күрестің құралы ретінде және империалистік саясатты ақтау мүддесіне сай пайдалануда.— *116, 119.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, кемеңгер ойшыл, революциялық ғылымның корифейі, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Қысқаша өмірбаяндық очерк және марксизмді баяндау)» деген мақаласын қараңыз — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер).—*76, 108, 113, 116—117, 118, 119, 120, 122, 123, 124—125, 126, 127, 128, 134, 136, 145—146, 161, 162, 164, 198, 245, 250, 252—253, 281, 399—400, 436.*

Мартынов, А. С. (1865—1935) — 80-жылдарда халық ерікшілерінің үйірмелеріне қатысушы; бірнеше рет қудалауға түскеннен кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда «экономизм» теоретиктерінің бірі және «Рабочее Дело» редакциясының мүшесі болды. РСДРП II съезінде ол меньшевиктер жағына шығып, меньшевиктік басшылардың біріне айналды. Реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде меньшевик-интернационалист. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен меньшевизмнен ажырасып, 1923 жылы партияның XII съезінде РКП(б) мүшелігіне қабылданды. Маркс-Энгельс институтында қызмет істеді, ал 1927 жылдың ян-

варынан бастап «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі болды.—*299, 398.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — орыс экономисі, социал-демократ, марксизмді ревизиялауға тырысқан аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысты. РСДРП жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерге қосылып, жерді «муниципализациялаудың» меньшевиктік программасын ұсынды. Реакция жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде— социал-шовинист. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен аулақтап, педагогтық және ғылыми жұмыспен айналысты. 1929 жылдан СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды.— *129, 144, 253.*

Милютин, Д. А. (1816—1912) — граф, генерал-фельдмаршал, орыстың аса көрнекті әскери және мемлекет қайраткері, 1861 жылдан 1881 жылға дейін — әскери министр; буржуазиялық әскери реформалар оның министрлік қызметімен байланысты. Әскери статистика мен әскери тарих жөніндегі ғылыми еңбектердің авторы.— *59.*

Милютин, Н. А. (1818—1872) (Д. А. Милютиннің інісі) — граф, 1861 жылғы 19 февраль Ережелерін әзірлеу ісіне басшылық етті, баяу-либералдық реформалар жүргізу жолымен патша өкіметін нығайтуға болады деп есептеді; революциялық қозғалысқа дұшпандықпен қарады, 1863 жылы Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы белсенді түрде әрекет жасады. Бірқатар статистикалық еңбектер жазды.— *36.*

Михайлов, М. И. (1826—1865) — орыс революционері, ақын, публицист және аудармашы, Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбовтың досы. 1861 жылы Лондонда «Жас ұрпаққа» деген прокламация басып шығарып, оны Россияға таратты. 1862 жылы ол арандатушының көрсетуімен тұтқынға алынып, каторгаға айдалды; каторгада туберкулезден қайтыс болды.— *30.*

Михайлова, П.— шарап дүкенінің қызметшісі, 1901 жылы майда Петербургте Обухов заводында болған оқиғалар туралы іс жөнінде куә ретінде сөйледі.— *319.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылы басталды; 1868 жылы ол «Отечественные Запискидің» қызметкері, кейін редакторларының бірі болды. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарып, оның беттерінде марксизмге қарсы кескілескен күрес жүргізді. В. И. Ленин ««Халық достары» деген не

және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген және басқа шығармаларында Михайловскийдің көзқарастарын сынға алды.— *157, 436—438.*

Мюльбергер (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — неміс дәрігері, тұрпайы социалист, Прудонның ізбасары, «Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде басылған және Ф. Энгельс қатты сынға алған тұрғын үй мәселесі жөніндегі мақалалардың авторы; герман социал-демократиялық партиясының оңшыл қанатының органы — оппортунистік «Die Zukunft («Болашақ») журналының қызметкері.— *166.*

Н

Н.— он, Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады, К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші Брюмері» деген еңбегі (К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 221—318-беттер) осы төңкеріске баға беруге арналған.— *78.*

Никанор (Каменский, Н. Т.) (1847—1910) — православие дінінің реакцияшыл топтары өкілдерінің бірі, шіркеу мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, 1901—1902 жылдары — Орел епископы.— *367—368.*

Никитенко, А. В. (1805—1877) — орыс әдебиетінің тарихшысы, академик. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен — баяу либерал. «Жазбалар мен күнделік. Менің өзім туралы және «өмірде көзбен көргендерім» туралы повесім» (СПБ, 1893) деген мемуарлардың авторы; бұл кітапта I Николай мен II Александр патшалық құрған дәуірлерді сипаттайтын көптеген құнды материал бар.— *40.*

I Николай (Романов) (1796—1855)—орыс императоры (1825—1855).— *33.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры (1894—1917); жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша 1918 жылы 17 июльде Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *52, 58—59, 60, 97—98, 384, 388.*

Новоселов, М. А.— дін ғылымдарының кандидаты.— *367—368.*

О

Оболенский, И. М. (1845—1910) — князь. 900-жылдардың басынан Херсонның, одан соң Харьковтың губернаторы болды, патшаның ашаршылыққа ұшырағандар жөніндегі саясатын жан-тәнімен жақтаушылардың және бұл саясатты іске асырушылардың бірі; халықтың күйзелісі жайында еш нәрсе айтқызбауға барынша тырысып бақты, жеке адамдардың шаруаларға көмек көрсетуіне тыйым салды. 1902 жылы Харьков губерниясында шаруалардың бұқаралық бас көтерулерін қатал жаныштауымен көзге түсті, тұтас селоларды айуандықпен жазалады. 1904 жылы Финляндияның генерал-губернаторы болып тағайындалды, 1905 жылдың октябрінде Гельсингфорстағы революциялық көтерілісті аяусыз басты, бұдан кейін отставкаға шықты.— *326—327, 328—329.*

Обручев, В. А. (1836—1912) — 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалысқа қатысушы, публицист, Н. Г. Чернышевскиймен және Н. А. Добролюбовпен бірге «Современник» журналына жазып тұрды. Астыртын «Великорусс» прокламациясын таратуға қатысты, бұл үшін 1862 жылы Сибирьге жер аударылды. Айдаудан оралған соң, Теңіз ведомствосында қызмет істеді, 1906 жылы отставкаға шықты.— *30.*

Ом — «Приазовский Край» газетінің қызметкері.— *340.*

П

Пантелеев, Л. Ф. (1840—1919) — орыс жазушысы, публицист және қоғам қайраткері, 60-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысушы; 1861—1862 жылдары «Жер және ерікке» қосылды, бұл үшін 6 жыл каторгаға кесілді, кейіннен бұл үкім Сибирьге қоныс аударумен ауыстырылды. Жазасын өтеген соң Петербургке қайтып келіп, бірқатар журналдарға қатысып тұрды. Әдебиетшілердің Қазан алаңында 4 мартта демонстрацияшыларды соққылауға қарсы жазған белгілі наразылығына қол қойғаны үшін 1901 жылы ол әкімшілік жолымен Петербургтен 3 жылға жер аударылды. Кейіннен кадеттер партиясына қосылды, баспа қызметімен шұғылданды. 60-жылдардағы қоғамдық қозғалыс туралы естеліктердің авторы.— *31.*

Переверзев, Д.— Орел губерниясындағы приход священнигі.— *369.*

Перельс (Perels), *Эмиль* (1837—1893) — неміс профессоры, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және мелиорация жөніндегі маман. Берлинде, Галльда және Венада бірқатар жоғары оқу орындарында оқытушы болып істеді; ауыл шаруашылығы машиналарын жасау жөніндегі ғылыми еңбектердің авторы.— *133.*

Писарев, Д. И. (1840—1868) — орыстың аса көрнекті революционер-демократы және әдебиет сыншысы, философ-материалист. 1861 жылы Петербург университетін бітіргеннен кейін сол кездегі алдыңғы қатарлы «Русское Слово» журналының іс жүзіндегі басшысы болды. Самодержавиені құлатуға шақырған мақаласы үшін 1862 жылы 2 июльде тұтқынға алынды. Писарев төрт жарым жыл Петропавл қамалында тұтқында болды, тұтқында отырған кезінде әдебиет, жаратылыстану және философия мәселелері жөнінен бірқатар мақалалар жазды. 1866 жылғы ноябрьде қамалдан шыққан соң, «Дело» және «Отечественные Записки» журналдарына қатысып тұрды. Писарев өзінің еңбектерінде крепостниктік тәртіпті де, сондай-ақ батыс европалық капитализмді де әшкереледі, қоғамды революциялық жолмен қайта өзгертуді жақтады, алайда мұнымен бірге халық бұқарасының ролін жете бағаламады, революциялық демократизмнен тайды. Әдеби еңбектерінде Писарев материализм позициясынан идеалистік философияны сынға алды, реакцияшыл эстетиканы, «таза өнерді» әшкерелеп, әдебиет пен өнердің қоғамдық маңыздылығын, өнердегі өмір шындығы мен оның халыққа қызмет етуінің маңызын атап көрсетті.

Писарев либерализмге қарсы дәйекті түрде күресті, оның уытты мақалалары орыс қоғамының алдыңғы қатарлы элементтерінің революцияшыл көзқарастарының қалыптасуына зор ықпалын тигізді.— *437*.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, Россиядағы марксизмнің тұңғыш насихатшысы, материалистік көзқарас жолындағы ымырасыз күрескер. 1875 жылы студент болып жүрген кезінде-ақ Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты. 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, 1879 жылы, әлгі ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» деген ұйымын басқарды. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кеткеннен кейін, Плеханов халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында Плеханов Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін дайындауға қатысты. Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болып табылады. Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897) және

т. б. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының бастамасы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; сөз жүзінде пролетариаттың гегемониясы идеясын мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал содан кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде тактиканың түбегейлі мәселелері бойынша Плехановтың большевиктермен аса зор алауыздықтары болды; кейінірек ол бірнеше рет меньшевиктерден қол үзіп, меньшевизм мен большевизм арасында ауытқумен болды. 1908—1912 жылдары Плеханов жойымпаздыққа қарсы шығып, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *311, 401.*

Преображенский, И. — Харьковтың архиепископы Амвросийге жазылған хаттың авторы; бұл хат 1901 жылы «Вера и Разум» журналының 8-номерінде басылды.— *371.*

Принсгейм (Pringsheim), *Отто* (1860 ж. туған) — немістің буржуазияшыл экономисі, ауыл шаруашылығында электротехниканы қолдану мәселелері жөніндегі маман.— *144—145, 147, 148.*

Пудор (Pudor), *Генрих* (1855 ж. туған) — немістің буржуазияшыл саяси қайраткері, бірқатар оңшыл, реакциялық журналдардың қызметкері және бастырушысы, В. И. Лениннің сипаттамасы бойынша — «марксизмнің қас жауы».— *267, 274, 275.*

Р

Р. М. — 1899 жылы сентябрьде ««Рабочая Мысльге» бөлек қосымшада» басылған «Біздегі өмір шындығы» деген оппортунистік мақаланың авторы.— *62—63.*

Р. Н. С.— қараңыз: Струве, П. Б.

Радищев, А. Н. (1749—1802) — орыстың аса көрнекті жазушысы, революцияшыл ағартушы, 1790 жылы құпия түрде 650

дана болып басылған «Петербургтен Москваға саяхат» деген әйгілі шығарманың авторы. Самодержавиелік-крепостниктік тәртіптерді және орыс халқының ауыр жағдайын әшкерелеген бұл кітап орыс әдебиетінде крепостниктік правоға тұңғыш рет ашықтан-ашық қарсы шыққан шығарма болды, ол халықтық революцияға, патша өкіметін құлатуға жалынды жігермен шақырды.

II Екатеринаның бұйрығы бойынша Радищев тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды, сөйтіп өлім жазасына кесілді, кейін бұл үкім 10 жылға Сибирьге (Илим абақтысы) айдауға жіберілумен ауыстырылды, ал оның кітабы өртеліп жіберілді. Айдауда жүргенінде Радищев «Адам туралы, оның өлетіндігі мен өлмейтіндігі туралы» деген философиялық шығарма және басқа еңбектер жазды. 1796 жылы Радищев кешірім бойынша айдаудан қайтарылып, полицияның аса қатал бақылауымен Калуга губерниясының Немцово селосында тұрды. 1801 жылы Радищевке Петербургке қайтып келуге рұқсат етілді, ол Заңдар жинағын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатыстырылды; бұл Комиссияда ол крепостниктік правоны дереу жою және заң алдында барлық сословиелердің тең екендігін жариялау туралы ұсыныс енгізді. Патша үкіметі тарапынан тағы да қуғындауға түсуден қауіптенген ол өзін өзі өлтірді.

Радищев өзінің ғылыми еңбектерінде ірі ғалым, ойшыл-материалист және Отанының жалынды патриоты ретінде танылды. М. В. Ломоносовпен бірге ол орыстың материалистік философиясының негізін қалаушы болды. Радищевтің еңбектері мен қызметі Россияда революциялық-азаттық қозғалыстың дамуында орасан зор роль атқарды.— *33.*

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) және басқа еңбектердің авторы, бұл еңбектерде классикалық буржуазиялық саяси экономияны аяқтап шықты. Феодализм қалдықтарымен күресінде буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналыс сферасында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын ашты.

Алайда Рикардоның таптық өрісінің тарлығы оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірі-

сін мәңгілік нәрсе және ол қоғамдық өндірістің табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастарына сын К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теориялары» кітабында және басқа шығармаларында берілген.— *116, 117, 119, 128.*

Рихтер (Richter), *Евгений* (1838—1906) — либерал буржуазияның көзқарастарын білдірген неміс «еркін ойлылар партиясы» басшыларының бірі; социализмнің қас жауы, пролетариат пен буржуазияның таптық мүдделерінің келісуі мүмкіндігін уағыздады. Социал-демократтарға қарсы бағытталған «Sozialdemokratische Zukunftsbilder» («Болашақтың социал-демократиялық суреттері») деген памфлеттің авторы. Бұл кітапта «ұқыпты Агнесса» туралы аңызды баяндай отырып, Рихтер еңбекшілер мен буржуазияның тең екендігін дәлелдеуге тырысты. Герман социал-демократтары Рихтердің антисоциалистік насихатымен ымырасыз күрес жүргізді.— *155—157.*

Робеспьер (Robespierre), *Максимильен Мари Изидор* (1758—1794) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы көсемдерінің бірі, феодалдық контрреволюцияға еңбекшілер бұқарасымен бірге қарсы шыққан революциялық-демократиялық буржуазияның өкілі болған якобиндік үкіметтің басшысы. Робеспьер халық бұқарасы арасында кеңінен белгілі болды, жеке басының қасиеттері үшін «сатылмайтын кісі» аталып кетті. 1794 жылғы 27 июльдегі (республикалық календарь бойынша 9 термидорда) контрреволюциялық төңкеріс кезінде якобиндік үкімет құлатылды. Робеспьер мен оның жақтастары тұтқынға алынып, сотсыз дарға асылды.— *367.*

Родзянко, М. В. (1859—1924) — ірі помещик, ірі сауда-өнеркәсіп және жер иеленуші буржуазияның партиясы («17 октябрь одағы») басшыларының бірі, монархист. 900-жылдардың басында Екатеринослав губерниялық земство басқармасының председателі болды, 3 және кейін 4-Мемлекеттік думалардың председателі; революциямен күресте патша үкіметін жақтады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Мемлекеттік думаның «Уақытша комитет» деп аталатын контрреволюциялық орталығын, одан соң Мемлекеттік дума мүшелерінің «Жекеше кеңесін» ұйымдастырды; корниловшылардың басшыларының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, сонан соң эмиграцияға кетті.— *361—362.*

Рождественский, П.— протоиерей, Орелдегі православиелік Петропавл пірәдарлық кеңесінің және Орел епархиялық миссионерлік съезінің председателі.— *369, 370.*

Рымаренко, С. (1839 ж. туған) — Петербургтегі дәрігерлік-хирургиялық академияның студенті, «Жер және ерік» қоғамының мүшесі, 1862 жылы Н. Г. Чернышевскиймен және Н. А. Серно-Соловьевичпен бірге тұтқынға алынды. Орталық қалаларда тұру правосынан айырылып, Петербургтен қуып жіберілді.— *31.*

Рябушинский, П. П. (1871 ж. туған) — Москваның ірі банкирі және өнеркәсіпші, контрреволюция басшыларының бірі. 1907 жылдан бастап ірі буржуазияның мүдделерін қорғаған «Утро России» газетін шығарды. 1917 жылдың августында революцияны «аштықтың арбиған қолымен» тұншықтырамын деп қоқанлоққы көрсетті, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Францияға эмиграцияға кетіп, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық жұмыс жүргізді.— *90.*

Рязанов, Д. Б. (Гольдендах) (1870—1938) — революциялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Одессада, Петербургте және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Шетелге эмиграцияға кетіп, ол искрашылдар мен экономистердің арасында әрісәрі позицияда болды. Шетелдегі оппортунистік «Күрес» тобын құрушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центрист, меньшевиктік-троцкийшіл «Голос» және «Наше Слово» газеттерінің қызметкері болды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келіп, кәсіподақ қозғалысына қатысты, РКП(б) қатарына алынды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктер мен эсерлер қатыстырылатын «бір тектес социалистік үкімет» құруды жақтады. Партия тарихы және халықаралық жұмысшы қозғалысы саласында ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды, К. Маркс және Ф. Энгельс институтының директоры болып істеді, 1931 жылы ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *436—438.*

С

Салтыков, М. Е. (Щедрин, Н.) (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, ұр да жық помещиктер, патша бюрократиясының өкілдері, қорқақ либералдар образдарының тұтас бір галереясын жасады және көркем әдебиетке тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін енгізді. Өзінің «Қайшылық» (1847) және «Шиеленіскен іс» (1848) деген алғашқы повестері үшін 1848 жылдың апрелінде Вяткаға жер аударылып, онда 7 жылдан астам уақыт болды. 1856 жылдың басында Петербургке қайтып келіп, Салтыков «Н. Щедрин» деген бүркеншік атпен «Губерния очерктерін» шығарды, ал кейін, 60—80-жылдары: «Бір қаланың тарихы» (1869—1870), «Ізгі ниетті сөздер» (1872—1876), «Головлев мырзалар» (1875—1880) және басқа бірқатар

ірі шығармалар жазды. «Головлев• мырзалар» романының бас кейіпкері — Иудушканың образын Ленин мәңгі жасайтын образ деп атады және, Салтыков шығармаларының басқа да образдары сияқты, Иудушка образын халыққа дұшпан әлеуметтік топтар мен саяси партияларды сынап, әшкерелеу үшін өз еңбектерінде талай рет пайдаланды. Салтыков шығармаларын К. Маркс жоғары бағалады. 1863—1864 жылдары Салтыков революциялық-демократиялық «Современник» журналының жетекші публицисі болды, ал 1868 жылдан бастап «Отечественные Записки» журналы редакциясының құрамына кірді. Некрасов қайтыс болғаннан кейін, 1878 жылы, журналдың жауапты редакторы және 60-жылдардағы революциялық демократияның ұлы дәстүрлерін жалғастырған демократиялық интеллигенцияның нағыз рухани көсемі болды.— *207.*

Серно-Соловьевич, Н. А. (1834—1866) — орыстың революционер-демократы. Шаруаларға бостандық беру жөніндегі реформаны әзірлеу мақсатымен құрылған «Селодағы жағдайды реттеу жөніндегі Бас комитеттің» жұмысына араласа жүріп, сол кездегі тәртіп тұсында шаруаларды шын мәнінде азат ету мүмкін еместігіне көзі жетті. 1860 жылдың басында ол қызметті тастап, шетелге кетті, онда А. И. Герценмен жақындасты. 1861 жылы Берлинде «Шаруалар мәселесін біржолата шешу» деген кітапша басып шығарып, онда «19 февральдағы ережені» өлтіре сынады, сөйтіп II Александрға табыс ету үшін конституцияның жобасын ұсынды. Сол жылдың өзінде-ақ ол Петербургке қайтып келіп, бұқараға білім беру және радикал интеллигенцияны біріктіру үшін кітап дүкенін және кітапхана ашты. «Жер және ерік» астыртын қоғамын ұйымдастыруға белсене қатысты, 1862 жылы Н. Г. Чернышевскиймен бірге Петропавл қамалына отырғызылды, 12 жыл каторгаға кесіліп, 1865 жылы 2 июньде Петербургте Мытнин алаңында «азаматтық дарға асу» ресімі істелгеннен кейін Сибирьге айдауға жіберілді де, сонда қайтыс болды.— *31.*

Сипягин, Д. С. (1853—1902) — патшалық Россияның өте реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі, крепостниктік тәртіпті жақтаушы. 1899 жылдан — ішкі істер министрі және жандармдар шефі; демократизмнің болмашы белгісінің өзін аяусыз құдалады, жұмысшылар, студенттер, шаруалар қозғалысымен қатал күрес жүргізді, қоғамдық және жекеше ұйымдардың ашаршылыққа ұшыраған шаруаларға жәрдемдесу жөніндегі әрекеттерінің бәріне үнемі тыйым салып отырды. 1902 жылы 2 апрельде эсер С. В. Балмашевтың қолынан қаза тапты.— *56, 99, 302, 304, 305, 306—307, 308, 309, 317—318, 329, 330, 331, 332—333, 334, 335, 337, 338, 340, 353, 365.*

Скворцов, А. И. (1848—1914) — буржуазияшыл экономист, агроном, Новоалександрийск ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы институтының профессоры; саяси экономия және

ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Скворцовтың буржуазиялық көзқарастарын әлденеше рет сынға алды. Скворцовтың басты еңбектері: «Бу транспортының ауыл шаруашылығына ықпалы» (1890), «Экономикалық этюдтер» (1894), «Саяси экономия негіздері» (1898) және басқалар.— *113.*

Скворцов, В. М. (1859 ж. туған) — шіркеу жазушысы, православиелік белсенді дін иелерінің өкілі, шіркеудің полициямен одақтасуын жүзеге асырды. «Миссионерское Обозрение» журналының бастырушы-редакторы болды. 1906—1917 жылдарда, арасында үзілістері бар, шіркеулік-саяси «Колокол» газетін шығарып тұрды.— *367—368.*

Стахович, М. А. (1861—1923) — баяу либерал, 1895—1907 жылдары — Орел губерниясы дворяндарының жетекшісі, земство қозғалысында көрнекті роль атқарды; I және II Мемлекеттік думалардың мүшесі. Кадеттер партиясына қосылды, сонан соң — октябристер («17 октябрь одағы») партиясын ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Финляндияның генерал-губернаторы, сонан соң Уақытша үкіметтің шетелдегі өкілі болып тағайындалды.— *366—368, 369.*

Столбовский, Р. З. (1867 ж. қайтыс болған) — патшалық Россияның полиция чиновнигі, 1862 жылы Петербургте сол жылы майда болған өрттердің себептерін анықтау үшін құрылған тергеу комиссиясының мүшесі болды.— *31—32.*

Струве, П. Б. (Р. Н. С.) (1870—1944) — орыстың буржуазияшыл экономисі, публицист, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағын» (1904—1905) ұйымдастырушылардың, теоретиктерінің бірі және оның астыртын органы «Освобождениенің» (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Струве қаражүздік ұлтшылдыққа қарай сырғыды; 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен — Россия империализмінің агрессияшыл идеологтарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эми-

грант.— *21, 28, 56—57, 58, 59, 60—61, 63—65, 66, 67—68, 69, 70, 71, 73—74, 109, 114, 123, 138—139, 159, 160—161, 207, 422, 424, 425.*

Суворин, А. С. (1834—1912) — реакцияшыл журналист және бастырушы. 1876 жылдан 1912 жылға дейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органы — буржуазиялық сатқын «Новое Время» газетінің бастырушы-қожасы. Ол журналистік қызметті провинциялық баспасөзде бастады, сонан соң Москваға, одан кейін Петербургке ауысты, «Отечественные Запискиге» және «Современникке» қатысып тұрды; 1876 жылдан бастап реакция жағына күрт бұрылды. В. И. Ленин Суворинге «өзінің өмір жолының бас кезінде кедей, либерал және тіпті демократ,— ал осы жолының ақырында миллионер, паң, буржуазияны ұятсыздықпен мақтаушы, дәулеттілер өкіметі саясатының әрбір бұрылысының алдында құрдай жорғалаушы» («Шығармалар, 18-том, 275-бет) деген сипаттама берді.— *367.*

Т

Тернавцев, В. А.— 1902—1917 жылдарда синод канцеляриясының қызметкері болды.— *368.*

Тиль (Thiel), *Гуго* (1839—1918) — немістің ірі помещигі, Дармштадт пен Мюнхендегі ауыл шаруашылық институттарының профессоры; 1897 жылдан бастап Пруссиядағы ауыл шаруашылық оқу орындарын басқарды. 1873 жылдан 1918 жылға дейін «Landwirtschaftliche Jahrbücher»-ді («Ауыл шаруашылық Әржылдығын») шығарып тұрды.— *178, 256.*

Тихомиров, Л. А. (1852—1923) — XIX ғасырдың 70 және 80-жылдарындағы революциялық қозғалыстың көрнекті қайраткерлерінің бірі, кейіннен ренегат болып кетті. «Жер және ерік» партиясының мүшесі және оның баспасөз органы редакторларының бірі болды. 1879 жылдан — «Халық еркі» партиясы Атқару комитетінің мүшесі, 1881 жылғы 1 марттан кейін осы Атқару комитеті патшаға жазған әйгілі хаттың авторы (қараңыз: осы том, 60-бет). 1883 жылы эмиграцияға кетіп, «Вестник Народной Волиді» басқарды. 1888 жылы Парижде «Мен неліктен революционер болуды қойдым» деген кітапша шығарып, бұрынғы революциялық көзқарастарынан бас тартты. 1889 жылы патшаға жазған өзінің тәубеге келген хатынан кейін Россияға қайтып келіп, белгілі монархист және реакционер болды, «Московские Ведомостиге», «Новое Времяға», «Русское Обозрениеге» қатысып тұрды. 1917 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзді.— *42.*

Ткачев, П. Н. (1844—1885) — революцияшыл халықшылдық идеологтарының бірі, публицист және әдебиет сыншысы. 1861 жылдан бастап студенттер қозғалысына белсене қатысты, біркатар журналдарға жазып тұрды, патша үкіметі тарапынан қу-

ғынға ұшырады. 1873 жылдан шетелде, эмиграцияда болды. Біраз уақыт П. Л. Лавровтың «Вперед!» журналына қатысып тұрды. 1875—1881 жылдары поляк эмигранттары тобымен бірлесіп, «Набат» журналын шығарды, 1880 жылы Л. О. Бланкидің «Ni Dieu, ni Maître» («Құдай да жоқ, мырза да жоқ») газетіне қатысып тұрды.

Ткачев революцияшыл халықшылдықтағы жаңа бағытты бастаушы болды, ол саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп білді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революцияшыл азшылық саяси өкімет билігін басып алып, жаңа мемлекет құруға және халық мүддесіне пайдалы революциялық қайта өзгерістер жасауға тиіс, сонда халыққа осы дайын нәтижелерді құттықтау ғана қалады. Ол қателесіп Россияда самодержавиелік мемлекеттің әлеуметтік негізі жоқ және ол қайсыбір таптың мүдделерін білдірмейді деп санады. Бланкизмнің ықпалы тиген Ткачевтің ұсақ буржуазиялық революцияшылдығын Ф. Энгельс «Эмиграттық әдебиет» деген мақалаларында сынады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 241—264-беттер). Ткачев өмірінің соңғы жылдарын Парижде психиатриялық ауруханада өткізіп, сонда қайтыс болды.— *438.*

Толстой, Д. А. (1823—1889) — граф, патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1865 жылы синодтың обер-прокуроры, ал 1866 жылдан оған қоса халық ағарту министрі болып тағайындалды; бастауыш және орта мектептерге бірқатар реакциялық реформалар жүргізді. 1882 жылдан ішкі істер министрі және жандармдар шефі болды, аса қатал «Уақытша ережелерді» енгізді, земстволық мекемелердің дербестігін мейлінше шектеді, еркін ойдың болмашы белгілерінің өзімен күресті.— *50, 51.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, дүние жүзіндегі асқан ұлы жазушылардың бірі; ол орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізді. Толстой өзінің творчествосында революцияға дейінгі Россияның өмірін суреттеді, реформадан кейінгі, бірақ революцияға дейінгі дәуірдегі орыс қоғамының әр түрлі таптары мен әр түрлі топтарының психологиясын, 1905—1907 жылдардағы революцияға олардың қалай қарауын белгілеген сол кездегі қайшылыққа толы күрделі жағдайларды бейнелейді.

Шыққан тегі және тәрбиесі жағынан Толстой Россияның үстем табы — помещик ақсүйектердің жоғарғы тобына жатады. Алайда ол өз ортасының көзқарастарынан қол үзіп, еңбекшілер бұқарасын езуге және қанауға негізделген мемлекеттік, қоғамдық-экономикалық тәртіптерді қатал айыптаушы болды; ол үстем таптарды ашу-ызамен соққылады, мемлекеттік правоның, соттың, буржуазиялық моральдың, т. т. әділетсіздігін әшкереле-

ді. Толстой самодержавиелік тәртіпті қастерлеп, езушілік пен қанаушылықты қолдап, жақтаған шіркеуді қатты сынады, бұл үшін ол шіркеуден аласталды. В. И. Ленин Толстойды «орыс революциясының айнасы» деп атады. Жазушының ұлылығын, оның данышпандық шеберлігін, орыс және дүние жүзі әдебиеті үшін оның аса көрнекті маңызын атай келіп, Ленин Толстойдың дүниеге көзқарасы шаруалардың буржуазиялық революциясы ретіндегі бірінші орыс революциясының ерекшелік белгілерін мейлінше айқын бейнелегенін, бұл революцияның қайшылықтарын, оның күшті және әлсіз жақтарын бейнелегенін атап көрсетті.

Самодержавиенің озбырлығын әшкерелей отырып, крепостниктік тәртіппен және самодержавиелік-полициялық мемлекетпен күресудің орнына, Толстой «Зорлыққа күшпен қарсылық жасамауды», саясаттан шеттеуді, революциядан бастартуды, адамның өзін өзі жетілдірумен шұғылдануын уағыздады; дінге қарсы күресудің орнына, ескі дінді жаңа дінмен ауыстыру қажеттігін уағыздады. Толстой жұмысшы қозғалысын да, революцияның себептерін де және революцияның болмай қоймайтынын да түсіне алмады. Оның ілімі — «толстойшылдық» утопиялық және реакциялық сипатта болды, бұл ілім революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді. Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» (Шығармалар, 15-том, 200—207-беттер), «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі кездегі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес» (Шығармалар, 16-том, 338—343, 346—349, 371—372-беттер) және басқалары.

Толстой орыс педагогикасының аса ірі өкілдерінің бірі болып саналады. Ол өзінің «Әліппесін» жасады, шаруалардың балаларына арнап өз қаржысына мектеп ашты және бұл мектепте өзі сабақ берді; «Ясная Поляна» деген педагогикалық журнал шығарып тұрды.— *159.*

Трейчке (Treitschke), *Генрих* (1834—1896) — неміс тарихшысы, публицист, реакцияшыл пруссияшылдықтың, шовинизмнің, нәсілшілдіктің идеологы және насихатшысы. 1866—1889 жылдары — реакцияшыл «Preussische Jahrbücher» («Пруссия Әржылдықтары») журналының редакторы. 1871—1884 жылдары рейхстагтың депутаты болды, Бисмарктың сыртқы және ішкі саясатын белсенді түрде қолдады, 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заңның енгізілуін құптап қарсы алды. 1886 жылдан — пруссиялық мемлекеттің ресми тарих зерттеушісі. 1895 жылы Берлин ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. Трейчкенің басты еңбегі — 5 томдық «19 ғасырдағы неміс тарихы». Герман империализмі идеологиясының қалыптасуында Трейчке елеулі роль атқарды. В. И. Ленин Трейчкені «немістің қазыналық-полициялық тарихшылары» (Шығармалар, 13-том, 8-бет) қатарына қосты.— *423.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдары — «жария марксизмнің» көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және т. б. журналдардың қызметкері. Бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, Украинаның буржуазиялық орталық радасының финанс министрі.

Туган-Барановскийдің негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі», I том (1898) және басқалар.— *109, 138—139.*

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы, ол орыс әдеби тілінің дамуына көп еңбек сіңірді, өткен ғасырдың 30—70-жылдарындағы орыс қоғамының идеялық ізденістері мен психологиясы көрсетілген бірқатар романдардың, повестердің, әңгімелер мен пьесалардың авторы. Тургенев өзінің творчествосында орыс қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды суреттеді; дворяндық құрылыстың құрып бітетінін түсінген, бірақ оны өзгерту үшін нендей бір шара қолдануға қабілетсіз, «артық адамдар» образының галереясын жасады; әдебиетте тұңғыш рет жаңа ұрпақтың өкілін—революцияшыл әртекті-демократты («нигилисті») көрсетті. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы қатты наразылығы баяу-либералдық талаптармен ұштасып жатты. Лениннің айтуынша, «... Тургенев Добролюбов пен Чернышевскийдің мужиктік демократизмінен жиреніп, монархиялық және дворяндық орташа конституцияға тартты...» (Шығармалар, 27-том, 267-бет).— *35, 329.*

У

Унковский, А. М. (1828—1893) — орыстың либералдық қоғам қайраткері. 1857—1859 жылдары Тверь губерниясы дворяндарының жетекшісі болды, шаруалар реформасын әзірлеуге қатысып, крепостниктік правоны жоюдың ең либералдық жобаларының бірін ұсынды. Дворян жиналыстарының шаруалар мәселесін талқылауына тыйым салуына қарсы Тверь дворяндарының наразылық білдіргені үшін 1860 жылы Унковский осы наразылықтың инициаторы ретінде орнынан алынып, Вяткаға жер аударылды. 1861 жылдан бастап Москвада адвокаттық қызметпен айналысты, шаруа және сот мәселелері саласында публицистикамен шұғылданды.— *65.*

Уоллэс (Wallace), *Дональд Мэкензи* (1841—1919) — ағылшын әдебиетшісі және журналист. Бірқатар елдерде, оның ішінде Россияда, «Таймс» газетінің тілшісі болды. 1891—1899 жылдары «Таймстың» шетел бөлімін басқарды, одан кейін Британ Энциклопедиясын шығаруға қатысты. Россия туралы жазылған «Russia» (1877) кітабының авторы.— *422.*

Успенская — ашаршылыққа ұшыраған шаруаларға көмек көрсету үшін 1901 жылы Херсон губерниясына келген жеке жәрдемшілердің бірі.— *327.*

Уэст (West), *Эдуард* (1782—1828) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономия өкілдерінің бірі. 1815 жылы «Essay on the application of capital to land» («Капиталды жер пайдалануға жұмсаудың тәжірибесі») деген кітап шығарып, онда жер рентасы заңын ол Рикардодан бұрын дамытты. Сонымен бірге Уэст капитализм тұсында еңбекшілердің қайыршылануы мен күйзелуін жердің өнімділігі төмендеуінің «табиғи заңдарымен» түсіндіруге тырысты, Мальтуспен және Рикардомен бір мезгілде жалған ғылыми заңды — «Топырақ құнарлылығының кему заңын» тұжырымдады.— *116, 119.*

Ф

Филарет (Дроздов, В. М.) (1782—1867) — орыс православиелік шіркеуінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерінің бірі, крепостниктік тәртіптің нағыз жақтаушысы. 1826 жылдан бастап — Москва митрополиті. II Александрдың тапсыруымен ол патша үкіметінің Россияда крепостниктік правоны жою туралы 1861 жылғы 19 февральдағы манифесін жазды.— *371.*

Фрей — қараңыз: Ленин, В. И.

Фюлинг (Fühling), *Иоганн Йозеф* (1823—1884) — экономика және ауыл шаруашылық машиналарын жасау жөніндегі неміс маманы. 1864 жылдан «Fühling's landwirtschaftliche Zeitung»-тің («Фюлингтің Ауыл шаруашылық Газетінің») редакторы болды. 1872—1880 жылдары — Гейдельберг университетінің профессоры болды. «Ökonomie der Landwirtschaft» («Ауыл шаруашылығының экономикасы») деген еңбектің авторы.— *133.*

Ц

Цезарь (Caesar), *Гай Юлий* (біздің заманымыздан бұрынғы 100—44-жылдар) — Рим империясының аса ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі, қолбасшы және жазушы.— *327.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы басшыларының және теоретиктерінің бірі, эсерлердің шетелде шығарылып тұрған орталық органы «Революционная Россияның» редакторы. «Русское Богатство» журналында Маркстің теориясы ауыл шаруашылығына қолдануға жарамайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысып, марксизмге қарсы бағытталған ревизионистік мақалалар жазды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін бірінші және екінші коалициялық Уақытша үкі-

метте егіншілік министрі болды, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларды қатал жазалауды ұйымдастырды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін эсерлердің антисоветтік бүліктерін ұйымдастыруға қатысты. 1920 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, онда антисоветтік әрекеттерін одан әрі жалғастырды.— *105, 132, 151, 152—153, 154—155, 156, 157, 159, 164, 165, 168, 169—170, 171, 188, 196, 198, 201—202, 230, 231—232, 233, 240, 244.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуді мүмкін деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруалар революциясы идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин, Шығармалар, 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар» реформасының крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, содан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек әбден қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы болды. Чернышевскийдің материализмі революциялық пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатты сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта жасауға ұмтылды.

Саяси экономия, эстетика, тарих саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің шығармаларын зерттеген К. Маркс оларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс тұрмысының артта қалуы себепті,— деп атап көрсетті Ленин,— Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық

материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Философия, саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында Чернышевскийдің қаламынан толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романынан тәлім-тәрбие алды.— *30, 31, 65.*

Чичерин, Б. Н. (1828—1904) — мемлекет туралы ғылымның маманы, юрист, тарихшы әрі философ, либералдық қозғалыстың көрнекті қайраткері. 1861 жылдан 1868 жылға дейін — Москва университетінің профессоры. 1882—1883 жылдары — Москва қаласының бастығы. Саяси көзқарастары бойынша — конституциялық монархияны жақтаушы. Философияда — кәнігі идеалист әрі метафизик. Негізгі еңбектері: «Меншік және мемлекет» (1882—1883), «Саяси ілімдер тарихы» (1869—1902), «Право философиясы» (1900) және басқалар.— *47, 58—59.*

Ш

Шаховской, Д. И. (1861 ж. туған) — князь, земство қайраткері, «Азаттық одағын» (1904—1905) ұйымдастырушылардың бірі. 1905 жылдан конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның депутаты және оның секретары. 1917 жылы майдан июньге дейін бірінші коалициялық Уақытша үкіметте мемлекеттік қамқорлық министрі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін советтік кооперация жүйесінде істеді.— *99.*

Шаховской, Н. В. (1856—1906) — князь, Петербург цензура комитетінің председателі, баспасөз жөніндегі бас комитеттің бастығы; «Ауыл шаруашылық шет кәсіптер» (1896), «Шаруалардың егіншілік шет кәсіпке кетуі» (1903) деген кітаптардың авторы.— *185.*

Шиманн (Schiemann), *Теодор* (1847—1921) — немістің буржуазияшыл тарихшысы, 1892 жылдан Берлин университетінің профессоры. Россияның XIX ғасырдағы тарихы жөнінен маманданды, орыс әдеби ескерткіштері кітапханасын шығарды.— *35.*

Шнакенбург, Р. Х.— инженер, қатынас жолдары министрлігінің Қазан округі Нижний Новгород бөлімшесінің бастығы, 1901 жылы мемлекет қаржысын талан-таражға салғаны үшін сотталды.— *356, 357.*

Шпренгер (Sprenger), *А. Е.* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Die Lage der Landwirtschaft in Baden» («Бадендегі ауыл шаруашылығының жайы») (1884) деген кітаптың авторы.— *199.*

Штейн (Stein), *Генрих Фридрих Карл* (1757—1831) — 1804 жылы Пруссияның финанс министрі болып тағайындалды. Наполеон армиясы Пруссияны талқандағаннан кейін 1807 жылы октябрьде үкімет басына келді. Елдің саяси, экономикалық және әскери қуатын қалпына келтіру, халықтың толқуларын болғызбау мақсатында ол қысқа мерзім ішінде бірқатар жарым-жарты буржуазиялық реформалар жүргізді: шаруаларға бостандық беруді бастады, қалалық басқару ісіне реформа жүргізді, армияны қайта құруға кірісті. Реформаларға наразы болған юнкерлердің тілегі бойынша және Наполеонның талап етуімен 1808 жылдың ноябрінде ол орнынан түсірілді, сөйтіп Прагаға қашуға мәжбүр болды, ал 1812 жылы Петербургке көшіп келіп, I Александрдың кеңесшісі болды. Германияны француз үстемдігінен азат ету жолындағы күресте Штейн зор роль атқарды.— *423.*

Штирнер (Stirner), *Макс* [Шмидт, Каспар (Schmidt, Kaspar)] (1806—1856)— герман философы, буржуазиялық индивидуализм мен анархизм идеологтарының бірі. Ол өзінің көзқарастарын 1844 жылы «Der Einzige und sein Eigenthum» («Жалғыз және оның меншігі») деген кітабында баяндады. К. Маркс пен Ф. Энгельс оны талай рет сынға алды.— *411.*

Штумпфе (Stumpfe), *Э.* (1866 ж. туған) — Германиядағы мемлекеттік мүліктер департаментінің ірі чиновнигі, Über die Konkurrenzfähigkeit des kleinen und mittleren Grundbesitzes gegenüber dem Großgrundbesitz» («Ұсақ және орташа жер иеленушілердің ірі жер иеленушілермен бәсекелесуге қабілеттілігі туралы») деген және басқа еңбектердің авторы; оның аталған еңбегі «Landwirtschaftliche Jahrbücher»-де, Bd. 25, 1896 («Ауыл шаруашылық Әржылдықтарында», 25-том, 1896) жарияланды. Ол өзінің еңбектерінде ұсақ шаруашылықтардың ірі шаруашылықтармен бәсекелесе алатынын дәлелдеуге тырысты.— *133—134.*

Шувалов, А. П. (1816—1876) — граф, 1872 жылдан бастап Петербург дворяндарының жетекшісі, баяу либерал, земство мекемелерінің тәуелсіздігін жақтады. Ауыл шаруашылығының экономикасы мәселелерімен шұғылданды, Ерікті-экономикалық қоғамның «Еңбектерінде» басылған бірқатар мақалалардың авторы.— *39.*

Щ

Щедрин — қараңыз: Салтыков-Щедрин, М. Е.

Э

Энгельгардт, А. Н. (1832—1893) — публицист, халықшыл, өзінің қоғамдық-агрономиялық қызметі және Смоленск губерниясындағы Батищево деген өз имениесінде тиімді шаруашылық

болды. Астық саудасын зерттеуге, майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу комиссиясына қатысты, астана халқының санағын және санитарлық статистиканы ұйымдастырушы болды. «Рикардоның рента теориясының маңызы туралы» (1864), «Россия мен Батыс Европа елдерінің салыстырмалы статистикасы» (1878—1880), «Шаруалардың үлесті жерлері мен төлемдері туралы статистикалық зерттеудің тәжірибесі» (1877) деген және басқа еңбектердің авторы.— *236—237.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1901 жылғы май — декабрь)

1901

Май — декабрь.	Ленин эмиграцияда, Мюнхенде тұрады, Россияның революциялық социал-демократиясының Россияда маркстік айбынды жұмысшы партиясын құру жолындағы күресін басқарады, «Искра» газетіне басшылық етеді.
5(18) май.	М. Г. Вечесловқа жазған хатында Ленин «Искра» редакциясының атынан Берлиндегі искралық топтың бюллетень шығаруына келіседі; егжей-тегжейлі жоспар жасап алуға және осымен байланысты туатын бірқатар мәселелерді шешуге кеңес береді.
6(19) май.	Түрмеде отырған қарындасы Мария Ильинична Ульянова мен М. Т. Елизаровқа жазған хаттарында Ленин қамауда жалғыз отырған жағдайда дұрыс режим ұстаудың маңыздылығын атап көрсетеді; ой еңбегімен айналысу жөнінде, шетел тілін үйренудің тиімді тәсілі туралы кеңес береді; күн сайын гимнастика жасауға ақыл қосады.
Ерте дегенде 6(19) май.	Ленин «Искра» газеті редакциясының 1901 жылғы 11 апрельден 19 майға дейінгі кірістері мен шығыстарын есептеп шығарады.
11(24) май.	Н. Э. Бауманға жазған хатында оған «кіріс пен шығыс тізімдерінің тиянақты әрі айқын жасалғаны үшін» алғыс айтады, оның жұмысы жөнінде толық мағлұмат жіберуін сұрайды, «Искраның» ақша қаражатынан қиындық көріп отырғаны туралы хабарлайды, жиналатын қаржыны үнемдеп жұмсаудың және «Искраны» Россияға жеткізудің маңыздылығын атап айтады; адресатқа шекараға жақын жерде орналасуға ақыл қосады.

11—17(24—30) май. Ленин және «Искра» редакциясының Мюнхендегі бөлігінің басқа мүшелері Д. Б. Рязановпен кездесіп, «Күрес» тобының «Искраға» қатысуының шарттары туралы және Россия социал-демократиясының шетелдік ұйымдарын біріктіру мәселесі жөнінде кеңеседі.

12(25) май. П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин РСДРП-ның шетелдік ұйымдарын біріктіру туралы келіссөздерді бастауға «Күрес» тобының тағы да әрекет жасап жатқанын хабарлайды, РСДРП-ның барлық топтары өкілдерінің алдын ала өткізілетін конференциясын шақыру жоспары және бұл конференцияны шақыруға өзінің келісетіні туралы айтады; Рязановтың келгені және «Күрес» тобын «Искраға» қатыстырудың шарттары жөнінде онымен болған келіссөздер жайында хабарлайды; «Социал-демократ» ұйымының конференцияны шақыруға келісетіні, яки келіспейтіні туралы жауапты жеделдетуді өтінеді; «Заря» журналының 2—3-номерінің жоспары туралы сұрайды.

13(26) майдан ертерек. Ленин «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітабын жазуға кіреседі.

13—15(26—28) май. «Искраның» 4-номерінде «Неден бастау керек?» деген мақала жарияланды; онда Ленин Россияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрудың нақты жоспарын баяндап берді. Бұл жоспар кейін «Не істеу керек?» атты кітапта дамытылған болатын.

Майдың бірінші жартысы. Ленин Мюнхеннің шеті — Швабингтегі басқа пәтерге көшеді.

15(28) май. Р. Э. Классонға жазған хатында Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясының атынан газетке ақша қаражаты жөнінен жәрдемдесуді сұрайды.

Астраханьға Л. М. Книповичке жазған хатында Ленин Россияда «Искраны» басу ісін ұйымдастыру жоспары туралы, оны жария баспаханаларда басудың мүмкіндігі туралы сұрайды; «Искраны» Россияға жеткізуге қаржы мен күшті үнемдеп жұмсау қажеттігін, мұ-

ның өзі орыс социал-демократиясының бүкіл жұмысы үшін маңызды екенін атап көрсетеді.

19 май (1 июнь). Ленин Псковқа П. Н. Лепешинский мен П. А. Красиковқа «Искраны» жеткізу және тарату мәселелері жөнінде хат жазады.

П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин 70-жылдардағы революционер Дебогорий-Мокриевичтің материалдары мен хаттарын алғанын хабарлайды және оның естеліктерін «Заря» журналының 2—3-номерінде басуға келісетінін білдіреді; «Заряның» қашан шығатынын, «Искраның» 5-номерінің мазмұны және газеттің қашан шығатыны туралы хабарлайды; РСДРП-ның барлық шетелдік ұйымдары өкілдерінің алдын ала өткізілетін конференциясын шақыруға «Социал-демократ» ұйымының келісетіні, яки келіспейтіні жөніндегі жауапты тездетуді өтінеді.

23 май (5 июнь). «Искраға» жәрдемдесуші Берлин тобына жазған хатында Ленин «Искраны» шекарадан құпия түрде алып өтуді ұйымдастыру мәселелері жөнінде егжей-тегжейіне дейін айтып нұсқау береді.

25 май (7 июнь). Ленин Подольскідегі апасы Мария Александровнаға хат жазып, жіберген газеттері үшін інісі Дмитрий Ильич Ульяновқа алғыс айтады және одан орыс газеттерінің қызықты деген номерлерін бұдан былай да шетелге жіберіп тұруын өтінеді; ақша алғанын, түрмедегі М. И. Ульянова мен М. Т. Елизаровқа хат жібергенін хабарлайды.

29 май (11 июнь). Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин «Заря» журналының 2—3-номерінің мазмұнына қосымша жайында хабарлайды.

Майдың аяғы. Ленин «Жаңа қырғын» деген мақаласын жазуға кіріседі, «Новое Время» газетінен қажет нәрселерді жазып алумен шұғылданады, мақаланың егжей-тегжейлі жоспарын жасайды.

Май — июнь. Ленин «Искра» газетін Россияға жеткізуді ұйымдастыруға басшылық етеді.

Ленин В. З. Кецховели ұйымдастыратын жергілікті астыртын баспаханада «Искраны» көшіріп басу туралы Бакудегі искралық топпен келіссөздер жүргізеді.

«Искраның» агенттеріне жазған хаттарында Ленин Кишиневтегі искралық баспаханада «Искраның» шыққан номерлерінен материалдар алып басу жөнінде нұсқау береді.

4(17) июнь. Ленин Н. К. Крупскаяның «Искраның» Орехово-Зуеводағы агенті И. В. Бабушкинге жазған хатына түзетулер мен қосымшалар енгізеді; бұл хатта оның корреспонденциясының «Искрада» басылғаны туралы хабарланады, «Русское Богатстводағы» Иваново-Вознесенск жұмысшылары жайында мақаланың терістігін айтып мақала жазу қажеттігі көрсетіледі; адресаттың «Искраның» жаңа номерлерін алған-алмағанын, табысы қалай екенін сұрайды.

Берлинге М. Г. Вечесловқа жазған хатында Ленин адресаттан болашақтағы жұмысы және жоспары жайында толық есеп жіберуді өте қатты талап етеді.

4(17) июньнен кешірек. Ленин «The Times» («Замана») газетінің 1901 жылдың 17 июніндегі 3683-номерінен С.-Петербургтегі жұмысшы толқулары жөнінде үзінді көшіріп алады.

5(18) июньнен ертерек. Россиядағы белгісіз бір адамға Л. М. Книпович арқылы жіберген хатында Ленин «Искра» үшін қаржы жинауды ұйымдастыруды өтінеді.

5(18) июнь. Бакудегі Л. Е. Гальперинге жазған хатында Ленин Вена арқылы Персияға «Искра» газетінің жіберілгенін хабарлайды; Кавказда «Искраны» басудың жоспары жайында сұрайды; «Искра» үшін қаржы жинаудың және оны шетелден жеткізудің жаңа жолдарын іздестірудің маңыздылығын атап көрсетеді.

11(24) июньнен кешірек. Ленин «Frankfurter Zeitung» («Франкфурт Газеті») газетінің 1901 жылдың 24 июніндегі 173-номерінен С.-Петербургтегі жұмысшы толқулары жөнінде үзінді көшіріп алады.

12(25) июньнен ертерек.	«Искраның» редакциясы Петербургтен Лениннің «Неден бастау керек?» деген мақаласы жөнінде және «Искраның» 4-номері туралы қуанған пікір білдірген жұмысшының хатын алды.
13(26) июнь.	Ленин «Искраны» және басқа жасырын әдебиетті Россияға жеткізу мәселелері жөнінде Москваға Н. Э. Бауманға хат жазады.
24 июньнен (7 июльден) ертерек.	Ленин «Искра» редакциясының Мюнхендегі бөлігімен бірге «Искра» мен «Заря», «Социал-демократ» ұйымдарын «Орыс социал-демократтары одағы» және басқаларымен біріктірудің жобасын әзірлеуге қатысады. Ленин «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақала жазады.
24 июнь (7 июль).	Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, онда РСДРП съезін шақыруға әрекет жасалғаны туралы Россиядан хабар алынғаны жайында баяндайды; партияның программасын әзірлеуді тездетудің маңыздылығын атап көрсетеді; «Искраның» 6 және 7-номерлерін әзірлеу жұмысы туралы айтады.
24 және 26 июнь (7 және 9 июль).	Ленин «Искра» редакциясының мүшелері алдына партия программасының жобасын әзірлеуді тездету туралы мәселе қояды.
24 июнь (7 июль) — 17(30) август.	Лениннің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласын талқылаған кезде «Искраның» редакциясында Ленин мен редакцияның басқа мүшелері арасында либералдарға көзқарас жөнінен пікір алалығы бар екені ашылады. Ленин мақаланың жалпы сарынын және либералдар жөніндегі принципті позицияны өзгертуден бас тартады.
26 июнь (9 июль).	Ленин «Искраның» агенттері ретінде Лондоннан Россияға бара жатқан В. П. Ногинмен және С. В. Андроповпен кездеседі; жергілікті жердегі жұмысты жолға қою жөнінде олармен әңгіме өткізеді. П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин «Искраның» 6-номерінің және «Заря» журна-

лының 2—3-номерінің мазмұны туралы, РСДРП съезін шақыру туралы Россиядан хабар алынғанын айтады; одан Г. В. Плехановпен бірлесіп РСДРП программасын әзірлеу жұмысына кірісуді өтінеді; өзінің К. Каутскиймен кездесіп, онымен әңгімелескені жөнінде, В. П. Ногин мен С. В. Андроповтың Мюнхенге келгені және олармен өзінің әңгіме өткізгені жайында хабарлайды.

29 июньнен (12 июльден) ертерек.	Ленин орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік ұйымы Уставының жаңа жобасын әзірлеуге қатысады.
30 июнь (13 июль).	Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген мақаласын жазуға кіріскенін хабарлайды және одан В. Либкнехттің «Zur Grund — und Bodenfrage» («Аграрлық мәселе жөнінде») атты кітабын жіберуді өтінеді.
Июнь.	Лениннің Обухов қорғанысына арналған «Жаңа қырғын» деген мақаласы «Искраның» 5-номерінде жарияланды.
Июнь — сентябрь.	Ленин ревизионистерді сынауға, аграрлық мәселенің маркстік теориясын қорғауға және РСДРП аграрлық программасының негіздерін жасауға арналған «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегін жазады.
8(21) июль.	П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин одан В. Либкнехттің «Zur Grund — und Bodenfrage» деген кітабын және Интернационал конгрестерінің протоколдарын немесе сол конгрестер туралы есептер басылған «Der Vorbote»-ні («Жаршыны») жіберуді өтінеді; бұлар оған «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген мақаласын жазу жұмысына байланысты қажет болған еді.
12(25) июль.	Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин жіберген кітаптары үшін оған алғыс айтады, өзінің аграрлық мәселе жөніндегі жұмысы туралы және ревизионистерді сынағалы отырғанын хабарлайды.

14(27) июль.	Н. К. Крупскаяның Х — ке жолдаған хатының соңына Ленин «Искра» агенттерінің жұмысы мәселелері жөнінде, газетті шекарадан өткізу ісін дұрыс жолға қою қажеттігі туралы қосымша жазады.
	«Искра» редакциясының Мюнхендегі бөлігінің мәжілісінде Лениннің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласын «Заря» журналында басу туралы мәселе шешіледі.
17(30) июльден ертерек.	Ленин «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласына соңғы сөз жазады.
17(30) июль.	Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин оның аграрлық мәселе жөнінде жіберген кітаптары үшін алғыс айтады, оған В. Кулеманның «Кәсіптік қозғалыс» атты кітабын жібергені туралы, Бердяевтің жазғандарымен әуестенушілік жайында Россиядан хабарлар түскенін хабарлай келіп, «оны күл-талқан еткенде тек арнайы философиялық салада ғана талқандамау» қажеттігін ескертеді; оның партия программасын әзірлеу жұмысына кіріскеніне өзінің қанағаттанғандық сезімін білдіреді.
	П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин оған «Vorbote» журналын және В. Либкнехттің «Zur Grund — und Bodenfrage» деген кітабын жібергені үшін алғыс айтады; өзінің шамамен августың 8-нен 12-не дейін Цюрихте Л. Надеждинмен кездесекші екенін, адресатпен де кездесіп, әңгімелескісі келетінін хабарлайды.
18 және 30 июль (31 июль мен 12 август) арасында.	Ленин Россиядан Н. К. Крупскаяның Кишиневтегі «Искра» баспаханасында басылған «Әйел — жұмысшы» деген алғашқы кітапшасын алады.
	Ленин Россиядағы искралық ұйымдар туралы ереженің жобасын әзірлеуге қатысады. Бұл жоба 1901 жылдың авгусында Россияға жіберілді.
	Ленин Н. К. Крупскаяның Кишиневке Л. И. Гольдманға жазған хатына Н. К. Крупскаяның жасырын баспаханада басылған

«Әйел — жұмысшы» деген кітабын Россиядан жібергені үшін алғыс айтатынын қоса жазып жібереді; Россиядағы жасырын баспаханаларда оның материалдарын басып шығаруға «Искра» редакциясының қалай қарайтыны туралы мәселе түсіндіріледі; редакция әзірлеген искралық ұйымдар туралы ереженің жобасы бірлесіп талқылау және уставтың жобасын әзірлеу үшін Россияға жіберілмекші екені хабарланады.

Ленин Н. К. Крупскаяның Бакуге Л. Е. Гальперинге жазған хатына түзетулер мен толықтырулар енгізіп, онда «Искраны» Бакуде басуға «Искра» редакциясының атынан келісім білдіреді; матрицадан басудың мүмкіндігі қандай екенін сұрайды; басудың бұл тәсілінің артықшылықтары мен оны тезірек қолданудың маңыздылығын түсіндіреді.

Июльдің екінші жартысы. С. О. Цедербаумға жазған хатында Ленин оның, С. В. Андроповтың және В. П. Ногиннің Петербургте орыстың «Искра» ұйымының аудандық органын құру және «Искра» редакциясы мүшелерінің Петербургке келіп орналасуы жөніндегі «Искраға» жіберген жоспарымен келіспейтінін білдіреді; бұл жоспардың тар өрістілігін, оның тиімсіз екенін және революциялық жұмыс үшін зияндылығын сынайды; «Искраны» Россияға жеткізу және оны тарату ісін жақсы ұйымдастырудың маңызын атап көрсетеді.

Июль. «Искраның» 6-номерінде Лениннің «Бағалы мойындау» деген мақаласы жарияланды.

11(24) август. П. Б. Аксельродқа жазған хатында Стекловтың «Сонымен, неден бастау керек?» деген мақаласын зиянды, опасыздық мақала деп тауып, соның өзінде оны «Заряда» басуға келісім берген Ю. О. Мартовтың, А. Н. Потресовтың, «Искра» редакциясының басқа мүшелерінің істеген ісінің қарама-қарсылық сипатына Ленин реніш білдіреді; олардың оппортунистерге «жол берушілік және оларды қолдаушылық» тактикасына ашынғандық білдіреді; партияның программасын тез арада әзірлеп бітірудің маңыздылығын атап көрсетеді; таяуда «Искраның» 7-номері шығатынын

айтады және «Заряның» 2—3-номері үшін редакцияда бар материалдар туралы хабарлайды.

13(26) августан ертерек. Ленин Г. В. Плехановқа оның «Заря» журналының 2—3-номерінде жариялануға тиісті «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейннің рухани өсиеті» деген мақаласына өзінің ескертпелерін жібереді. Г. В. Плехановтың өтініші бойынша, Ленин оның мақаласына түзетулер енгізіп, мақаланы тарауларға бөлудің жоспарын побайлады.

17(30) августан ертерек. «Искраның» 7-номерінде Лениннің «Дағдарыстың сабақтары» деген мақаласы жарияланды.

17(30) август. П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин «Искраның» 7-номерінің шыққаны туралы және 8-номерінің жобаланып отырған мазмұны туралы хабарлайды; өзінің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген мақаласын қалай жазып жатқанын айтады.

Ленин «Помещиктерді өрбіту» деген мақаласының жоспарын және оның варианттарын жазады. Мақала «Искраның» 1901 жылғы 10 сентябрьдегі 8-номерінде «Крепостниктер әрекет жасауда» деген атпен басылды.

18(31) август. Москваға М. А. Ульяноваға жазған хатында Ленин оған Петербургке барып қайтуға, онда М. И. Ульянова мен М. Т. Елизаровтың ісін қарауды кешеуілдетіп отырған заң орындарының заңсыз әрекеттеріне шағым беруге кеңес береді; өзінің Швейцарияға А. И. Елизароваға барып қайтпақшы екенін хабарлайды.

Август. Ленин «Искраның» Россиядағы агенттеріне жалпы россиялық «Искра» ұйымының жобасын жібереді, осы жобаны талқылап, өздерінің ескертпелері мен түзетулерін жіберуді өтінеді.

8(21) сентябрь. М. А. Ульяноваға жазған хатында Ленин оның жіберген ақшасы қолына тигенін, Швейцариядан А. И. Елизаровадан М. И. Ульянова мен М. Т. Елизаровтың ісі жөніндегі тергеу прокурорға тапсырылғаны туралы хабар алғанын айтады, Петербургке барып, олардың

	ісін қараудың кешеуілдетілуіне шағым беруге кеңес береді; Петербургке бара қалған күнде, ондағы аялдауға болатын таныстарының адрестерін айтады.
10(23) сентябрь.	В. И. Лениннің «Крепостниктер әрекет жасауда» деген мақаласы мен «Земство съезі» деген заметкасы «Искраның» 8-номерінде жарияланды.
16 және 19 сентябрьдің (29 сентябрь мен 2 октябрьдің) арасында.	Ленин Мюнхеннен Цюрихке РСДРП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезіне барады.
20 сентябрь (3 октябрь).	Ленин «Искра» мен «Заряның» және «Социал-демократтың» шетелдік ұйымдары өкілдерінің Цюрихтегі кеңесіне қатысады. Кеңес Ленинге РСДРП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезінде сөз сөйлеуді тапсырады.
21 сентябрь (4 октябрь).	«Бірігу» съезінің мәжілісінде Ленин Женева конференциясының қарарына «Орыс социал-демократтары одағының» атынан Кричевский енгізген түзетулердің текстін жазып алады. Ленин РСДРП шетелдік ұйымдарының («Искра» мен «Заря», «Социал-демократ», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы», Бунд және «Күрес» тобы) «бірігу» съезінде «Одақ» басшыларының оппортунизмін әшкерелеген сөз сөйлейді.
21 және 23 сентябрь (4 және 6 октябрь) арасында.	Ленин «Искра» мен «Заряны» шығару және біріккен ұйымды — «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік ұйымын» құру мәселелері талқыланған «Искра» редакциясының барлық мүшелерінің кеңесіне қатысады.
22 сентябрь (5 октябрь).	«Одақпен» біржолата ажырасу туралы декларация жарияланған соң, «Искра» мен «Заряның» және «Социал-демократтың» шетелдік ұйымдарының өкілдерімен бірге Ленин «бірігу» съезін тастап кетеді.
22 сентябрьден (5 октябрьден) кешірек.	Л. И. Аксельродқа (ол съезде секретарьлардың бірі болды) жазған хатында Ленин «бірігу» съезінің документтерін дереу көшіріп шығып, оған Мюнхенге жіберуді өтінеді; өзі-

	нің Цюрихтен Мюнхенге жүріп кеткенін хабарлайды.
	Ленин Цюрихтен Мюнхенге қайтып келеді.
Ерте дегенде 23 сентябрьде (6 октябрьде).	Мюнхенде Ленин Сибирьге жер аударылу мерзімі біткеннен соң Россияда «Искраның» орталық ұйымын құрудың жоспары жөнінде келісіп алу үшін оған келген Г. М. және З. П. Кржижановскийлермен әңгімелеседі.
Сентябрьдің аяғы — октябрьдің басы.	Ленин өзінің инициативасымен құрылуға тиісті «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» ұйымдастыруға қатысады; бұл лига «Искра» мен «Заря» және «Социал-демократ» ұйымын жақтаушыларды біріктірген еді.
8(21) октябрь.	Ленин «Искра» редакциясының жұмысы туралы мәселелер жөнінде Г. В. Плехановқа хат жазады, адресаттың партияның программасын әзірлеуі үшін қажет болған Ф. Энгельстің программа туралы мақаласы басылған «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының 1-номерін оған жібергенін, «Заряның» 2—3-номеріне арнап «Ішкі жағдайға шолу» атты мақала жазбақшы екенін, сондай-ақ «Не істеу керек?» деген кітабын жазу жұмысының барысы туралы хабарлайды.
8(21) октябрьден кешірек.	Ленин «Заря» журналына арналған «Ішкі жағдайға шолу» деген мақаласын жазу жұмысына кіріседі.
9(22) октябрь.	Л. И. Аксельродқа жазған хатында Ленин одан басып шығару үшін «бірігу» съезінің барлық документтерін Женеваға жіберуді өтінеді; оған С. Н. Булгаковтың және басқаларының мақалалары басылған «Новое Слово-ның» (1897) сегізінші кітабының жіберілгенін хабарлайды.
Октябрьдің екінші жартысы.	Ленин Ю. О. Мартовпен бірге Петербургтегі искралық топқа осы топтың жұмысы және оның «Искрамен» қарым-қатынасы туралы, үгіт жұмысының және Петербург социал-демократтарын «Искра» жағына тартудың маңыздылығы туралы, Петербургтегі істің жайы

	жөнінде «Искраға» хабарлап отыру туралы хат жазады.
20 октябрь (2 ноябрь).	Ленин «Искраның» 9, 10-номерлерін және «Заря» журналының 2—3-номерін басу мәселелері жөнінде Г. В. Плехановқа хат жазады; партияның программасын оның қашан жазып болатынын сұрайды; «Ішкі жағдайға шолу» атты мақаланы жазып болғанын хабарлайды.
21 октябрь (3 ноябрь).	Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин оған ақша жіберілгенін, «Искраның» редакциясына ақша түскенін, редакцияның финанс жағдайын хабарлайды.
Октябрь.	Лениннің «Ашығушылармен күрес», «С.-Петербург комитетіне жауап» және «Шетелдік істер» деген мақалалары «Искраның» 9-номерінде жарияланды.
6(19) ноябрь.	Ленин Г. В. Плехановқа «Заряның» 4-номерінің мазмұны туралы хат жазады; «бірігу» съезінің документтерін дереу басып шығаруға редакция мүшелерінің көпшілігі мен «Искра» әкімшілігінің келіскенін хабарлайды.
14(27) ноябрь.	Л. И. Аксельродқа жазған хатында Ленин адресаттың оған жіберген «Толстойдың дүниеге көзқарасы және оның дамуы» деген кітап үшін алғыс айтады; өзінің «Не істеу керек?» деген кітапты жазу жұмысы жөнінде хабарлайды.
18 ноябрь (1 декабрь).	Ленин «Искра» газетіндегі экономика және тарих бөлімдерінің мазмұны туралы мәселе жөнінде Г. В. Плехановқа хат жазады; программаны әзірлеу жұмысының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді; өзінің «Не істеу керек?» деген кітабын жазу жұмысы туралы хабарлайды.
20 ноябрьден (3 декабрьден) ертерек.	Лениннің «Каторгалық ережелер және каторгалық үкім» деген мақаласы «Искраның» 10-номерінде жарияланды.
20 ноябрь (3 декабрь).	Лениннің «Финляндия халқының наразылығы» деген мақаласы «Искраның» 11-номерінде жарияланды.

29 ноябрьден (12 декабрьден) ертерек. П. Б. Аксельрод пен Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин Халықаралық социалистік бюроның Брюссельде болатын мәжілісі туралы хабарлайды, Г. В. Плехановтың Брюссельге баруының қажеттігі туралы өзінің пікірін білдіреді; оларға «Заряның» 4-номері мазмұнының жоспары жіберілгенін хабарлайды.

Ноябрь — декабрь. Ленин «Не істеу керек?» деген кітабын жазып бітіруге күш салады.

Күз. Ленин ««Свобода» журналы туралы» заметка жазады.

5(18) декабрьден ертерек. Ленин Россиядағы искралық ұйымдарға жазған хатында таяу уақытта «Не істеу керек?» деген кітабының жарыққа шығатынын хабарлайды.

5(18) декабрь. «Искраның» агентіне жазған хатында Ленин Кишиневтегі искралық баспахананы «экономизмге» іш тартатын басылымдар басып шығару үшін пайдалануға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді.

И. Г. Смидовичке жазған хатында Ленин искралық баспахананың «экономикалық» бағыттағы «Вперед» газетін басып шығарғаны туралы хабар алғанын айтады; бұған өзінің қатты ызалы екенін білдіреді және осы хабардың өзі жаңсақ нәрсе емес пе екенін анықтауды сұрайды; Л. Н. Радченко мен С. О. Цедербаумнан дереу оған Мюнхенге келуді өтінеді.

6(19) декабрьден ертерек. Ленин Г. В. Плехановтың революциялық қызметінің жиырма бес жылдығымен байланысты «Искра» редакциясының атынан оған құттықтау жазады.

6(19) декабрь. Г. В. Плехановқа жазған хатында Ленин Брюссельге Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне бару қажеттігін атап көрсетеді; «Искраның» редакциясынан оған жолға ақша жіберілгенін хабарлайды; қайтар жолда партияның программасы туралы, «Заряның» 4-номері туралы, т. б. мәселелерді шешу үшін оны Мюнхенге келуге шақырады; «Искраға» арнап Халықаралық социалистік

	бюроның мәжілістері туралы заметка жазуды өтінеді.
	П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин Г. В. Плехановтың Брюссельге Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне жүргелі жатқанын, «Искра» редакциясының Мюнхендегі бөлігінің оны қайтар жолда Мюнхенге соға кетуге шақырғанын хабарлайды; партияның программасы туралы, «Заряның» 4-номері туралы, т. б. мәселелерді шешу үшін оны да сол уақытта Мюнхенге келуге шақырады.
	Лениннің «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген мақаласы «Искраның» 12-номерінде жарияланды.
6 және 10 (19 және 23) декабрь арасында.	«Заряның» 2—3-номерінде Лениннің «Земстволы қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласы, ««Сыншы» мырзалардың аграрлық мәселе жөніндегі пікірлері» деген тақырыппен «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінің алғашқы төрт тарауы (Н. Ленин деп қол қойылған алғашқы еңбегі) және «Ішкі жағдайға шолу» деген мақалалары басылды.
10(23) декабрь.	П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ленин одан «Не істеу керек?» деген кітабына көз жүгіртіп шығуға мүмкіндігі бар ма деп сұрайды.
Декабрьдің ортасы.	Россиядағы искралық ұйымдарға жазған хатында Ленин Россиядағы аса маңызды комитеттердің конференциясы ашылатыны туралы хабар алғанын жазады, сөйтіп осыған байланысты шаралар қолдану жөнінде комитеттер мен топтарға нұсқау береді.
20 декабрь (1902 жылғы 2 январь).	В. И. Лениннің «Демонстрациялардың басталуы» деген мақаласы мен ««Оңтүстіктегі жұмысшылардың» хаты туралы» деген заметкасы «Искраның» 13-номерінде жарияланды.
21 декабрь (1902 жылғы 3 январь).	Ленин «Искраның» Кишиневтегі астыртын баспаханасында басылып шыққан «Искраның» 10-номерінің бірінші данасын алады.
Декабрь.	Л. И. Гольдманға жазған хатында Ленин Россиядағы искралық ұйымдардың жұмысын жақсартудың, бұл жұмысты бір орталыққа

бағындырудың маңыздылығына тоқталады; ««Искраның» бүкіл болашағы оның жергілікті майдагерлікті және аудандық оқшаулықты жеңіп, оның іс жүзінде жалпы орыстық газет бола алатын-алмайтынына байланысты» екенін атап көрсетеді.

1901 жыл. Ленин «Анархизм және социализм» деген тезистерін жазады.

Ленин Россиядағы Е. Д. Стасовамен Мюнхеннен хат жазысып тұрады.

Ленин Швабингте (Мюнхен) Р. Люксембургпен кездеседі.

Ленин Р. Землячканы «Искраның» Одессадағы агенті етіп тағайындау туралы онымен хат алысады.

МАЗМҰНЫ

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.
Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1974.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 5. Май — декабрь 1901.

592 бет.

Томды баспаға дайындаған *А. П. Смирнова*

Дайындаушының көмекшісі *М. М. Вассер*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. А. Амплеев

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 6/XII 1973 г. Подписано 2/XII 1974 г.
Формат 84×108$^{1}/_{32}$ — 19,125=32,13 усл. п. л.+1 вкл. $^{1}/_{16}$ п. л.
(30,67 уч.-изд. л.). Тираж 15 000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 300. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.